



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ  
KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY NAMED AFTER ABAI



Академик Оразбекова Күләш Айтмолдақызының  
80 жас мерей тойына арналған  
**«АДАМЗАТТЫҢ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕ ҰЛТТЫҚ  
ПСИХОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ»** атты Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
**«РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПСИХОЛОГИИ В РЕШЕНИИ ГЛОБАЛЬНЫХ  
ПРОБЛЕМ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА»**  
посвященной 80-летию со дня рождения академика  
Оразбековой Куляш Айтмолдаевны

Алматы, 2021 ж

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

---

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ  
KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY NAMED AFTER ABAI**

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ  
INSTITUTE OF PEDAGOGY AND PSYCHOLOGY**

*Академик К.А.Оразбекованың  
80 жас мерейтойына арналған*  
**«АДАМЗАТТЫҢ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕ ҰЛТТЫҚ  
ПСИХОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ» атты**  
*Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының*  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

21 сәуір 2021 ж.

**МАТЕРИАЛЫ**  
*Международной научно-практической конференции*  
**«РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПСИХОЛОГИИ В РЕШЕНИИ ГЛОБАЛЬНЫХ  
ПРОБЛЕМ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА»**  
*посвященной 80-летию со дня рождения академика К.А. Оразбековой*

21 апреля, 2021

**MATERIALS**  
*of the international Scientific-practical conference*  
**«THE ROLE OF NATIONAL PSYCHOLOGY IN SOLVING GLOBAL  
PROBLEMS OF HUMANITY»**  
*sanctified to the 80 year from the day of birth of academician of Orazbekovoi K.A.*

21 april, 2021

Алматы, 2021  
Almaty

УДК 18979  
ББК 88.59  
А84

**БАС РЕДАКТОР:**

**Т. О. БАЛЫҚБАЕВ** - Абай атындағы ҚазҰПУ-ның ректоры, педагогика  
ғылымдарының докторы, профессор

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Абаева Ғ.А., Сатова А.К., Мажинов Б.М., Казахбаева Г.И., Акажанова А.Т., Жігітбекова Б.Д., Момбиева Г.А., Қуанәлі  
М.А., Садреймова А.Ж., Тукебаева С.А.

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**БАЛЫҚБАЕВ Т. О.** - ректор КазНПУ имени Абая, профессор,  
доктор педагогических наук

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Абаева Г.А., Сатова А.К., Мажинов Б.М., Казахбаева Г.И., Акажанова А.Т.,  
Жигитбекова Б.Д., Момбиева Г.А., Куанали М.А., Садреймова А.Ж., Тукебаева С.А.

**EDITOR**

**BALYKBAEV T.O.** - *Abai KazNPU rector, professor, Doctor of Pedagogical Sciences*

**EDITORIAL BOARD:**

Abaeva G.A., Satova A.K., Mazhinov B.M., Kazakhbaeva G.I., Akazhanova A.T., Zhigitbekova B.D.,  
Mombieva G.A., Kuanuli M.A., Sadreimova A.Zh., Tukebaeva S.A.

А84 «Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешуде ұлттық психологияның рөлі» атты *Халықар.*  
*ғыл.-практ. конф. матер 21 сәуір, 2021. – 706 б.* = «Роль национальной психологии в решении глобальных  
проблем человечества» Материалы межд., науч.-практ. конф., 21 апреля, 2021.- 706 с = *Materials of the*  
*international Scientific-practical conference «The role of national psychology in solving global problems of*  
*humanity» 21 april, 2021. – 706 page.*

**ISBN 978 -601 -198-505-4**

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағына жеті бағыт бойынша «Жалпы және психологиядағы іргелі және қолданбалы зерттеулер», «Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық аспектілері», «Ғылым мен тәжірибенің өзара әрекеттесу түрлері», «Қазіргі әлемдегі тұлғаның психологиялық денсаулығы мен әл-ауқаты», «Білім алушыларды психологиялық қолдау», «Қазақстандық психологтардың әлемдік ғылымға қосқан үлесі», «Қазіргі жағдайдағы отандық психология ғылымның даму болашағы» баяндамалары зерттеулер аумағындағы негізгі мәселелер мен ой-пікірлері енгізілді.

Жинақ жоғары оқу-орнының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттарға, педагогикалық, гуманитарлық мамандықтарда білім алушы студенттерге, білім беру саласындағы қызметкерлерге, психологтарға және көпшілік оқырман қауымға арналған.

В сборник включены доклады участников конференции по семи направлениям: «Фундаментальные и прикладные исследования в психологии», «Психологические аспекты педагогической деятельности», «Формы взаимодействия науки и практики», «Психологическое здоровье и благополучие личности в современном мире», «Психологическое сопровождение обучающихся», «Вклад казахстанских психологов в мировую науку», «Перспективы развития отечественной психологической науки в современных условиях».

Сборник адресован преподавателям, докторантам, магистрантам и студентам гуманитарных и педагогических специальностей высших учебных заведений, психологам, работникам системы образования, а также широкому кругу учителей.

The digest includes papers of conference participants in the seven areas of work: "Fundamental and applied research in psychology", "Psychological aspects of pedagogical activity", "Forms of interaction between science and practice", "Psychological health and well-being of the individual in the modern world", "Psychological support of students", "The contribution of Kazakh psychologists to world science", "Prospects for the development of domestic psychological science in modern conditions." It is addressed for teachers, undergraduates and students of the humanities and psychologists, and teaching specialties of higher educational institutions, educators educational system, as well as for a wide range of readers.

**ISBN 978 -601 -198-505-4**

УДК 18979  
ББК 88.59  
Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2021



# А л ы с х а т

Құрметті О Р А З Б Е К О В А

КҮНЭШ АЙТМОЛДАЙҚЫЗЫ

Отанымыздың қолінде Тәуелсіздік тұғырлы жұлдызы ұлы күннен бергі кезеңде 10 жыл уақыт өткен екен. Осы жылдар ішінде небір жасампаз, жарғын істер жүзеге асырылды, ал олардың орасан зор маңызы мен маңызы келер ұрпақ бейнесіне тиді.

Бүгін біздің Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы деп терек табиғаты әрі зор мақтаныш сезімімен айтуға хасшыға толық.

Тарихымыз маңызы біздің ұрпаққа түсті, құрға бетбұрыс кезеңде ел таңдырын жазу біздің ешкіміміз тиді. Біз өзімізге сендік, өзіміздің қайрат-жігерімізге сендік, іргелі мемлекеттің, көркейген демократиялық қоғамның ірсіні бекемдеу үшін білек сыбанын айнап еңбек еттік.

Сіз – қалайқысыз қажырлы еңбегі осындай беркі іргеде өрілген орелі жапыла берісі. Осынау қындығы қол жолда жанында өздеріңіздей замандастарымыз болғанын мейілінше мақтан етіміз.

Қазақстан халқының атынан еліміздің өміріндегі мерейлі оқиға – Қазақстан Республикасының 10 жылдығына байланысты Сізге алыс сөзімізді бидіреміз.

Адал қандымын. Сізге денсаулық, бақыт, отбасыңызға құт-береке тілейміні, туған еліміздің илти жолындағы ісінде табыстан-табысқа жете беріңіз.

Қазақстан Республикасының Президенті



Н. Назарбаев  
Нұрсұлтан Назарбаев

2001 жылғы 16 желтоқсан



**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ: «КҮЛӘШ – ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІНДЕ ӨЗ «ЖҮЛДЫЗЫ» БАР  
ҒАЛЫМДАРДЫҢ ІРГЕЛІСІ»**

«Адам бойындағы асылдың бәрі – ұстаздан. Тек жоғары білімді, дарынды, ақылды әрі ұлтжанды мұғалім ғана инабатты, лайықты ұрпақты тәрбиелей алады» деген Абай.

Орыстың педагогы К. Д. Ушинский: «Мұғалім – ерен тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі іспетті», – деген. Сондай мамандардың бірі емес, бірегейі, Мағжан Жұмабаевша айтқанда алты алаштың ең қадірлі орнына жайғасқан ғалым.

Күләш Айтмолдақызы ата-анасының ұстаздық жолын жалғап, қызметін Талдықорған өңіріндегі Ақсу орта мектебінен бастаған. Аудандық мектепте ұстаз бола жүріп, ауданда және облыста алғаш ашылған радиоторапта тұңғыш әйел дауысты диктор болған.

Телехабарларға қатысып, салт-дәстүрге байланысты тұщымды ой-пікірлерін ортаға салған. Өзінің білімділігімен, даусының әдемі дикциясымен көзге түскен Күләш Айтмолдақызын Қазақ теледидарындағы дикторлар тобының жетекшісі Әнуарбек Байжанбаев дикторлыққа қызметке шақырады. Бұл қызмет ол кезде көптеген адамның арманы болатын. Бірақ өз ісіне адал Күләш Айтмолдақызы ұстаздығын еш мамандыққа алмастыра алмайтындығын айтып, ол ұсыныстан бас тартады.

Кеңестік кезеңнің дүркіреп тұрған кезінде Мәскеуден келген ғалымдар ауыл ұстазының берген сабақтарына, баяндамаларына, қазақи қонақжайлылығына қызығып, таңдай қаққан. Содан Күләш Айтмолдақызының зерттеу жұмыстарының нәтижесіне риза болған мәскеулік ғалымдар сол кездегі республиканың Оқу-ағарту министрі Қ.Балахметовке алғыстарын білдіріп, жас ғалымға көмек қолын созып, оның мүмкіндігіне дұрыс жол ашуды нұсқайды. Мәскеулік комиссияның оң пікірінен кейін Күләш Айтмолдақызының 30 сабақ үлгісі Мәскеу, Тула, Ереван, Тбилиси қалаларында, Герман Демократиялық Республикасында апробациядан өтіп, сабақ кестесіне енгізілді. Бұл сабақтар Қазақстанда жеке оқулық болып басылып шығып, мектеп-интернаттарға дәріс ретінде енгізіліпті.

Ұстаздық қызметін ғылыммен байланыстырған ғалым талай оқулық жазып, шәкірттердің білім көкжиегін кеңейте түсті. Өзінің 62 жылға тарта ұстаздық ғұмырында отыздан аса оқулық, ғылыми кітаптар жазып, талай шәкірт тәрбиеледі.

Қоғамда өзінің айшықты орнын алған Күләш Айтмолдақызының білім саласына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Өзі білім алған Абай атындағы педагогикалық ұлттық университетіне 1992 жылы аштық жариялап, психологияны қазақ бөлімдерінде оқытудың методикасын жасап, лекцияларын ана тілінде оқытуды енгізген де Күләш Айтмолдақызы болатын.

Дәстүрімізден қол үзіп, ұмыт бола бастаған тұста «Өмір мектебі» деген атпен клуб ашып, салт-дәстүрді насихаттап, қолөнерге бет бұрып, клубқа жетекшілік еткен де ғалымның өзі еді.

Сабағында білім мен тәлім-тәрбиені ұштастырып, әр сөзін салмақтап дәлелді сөйлейтін, тағылым ұсынып, білім, өнеге тарататын Күләш Айтмолдақызы – адам тағдырын шешуші шынайы тәлімгер, нағыз ұстаз. Білімді маман өз мойнындағы жауапкершілікті жіті сезініп, өмір бойы осы жолда аянбай тер төгіп келеді.

Күләш Айтмолдақызының 2009 жылы жарық көрген үш томдық «Ұлттық психология» оқу құралы оқырман іздеп жүріп оқитын құнды кітапқа айналды. Ғалымның бұл кітабы жайлы пікір жазған ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Франц Кафка атындағы халықаралық Алтын медаль және Платина, Тарлан сыйлықтарының лауреаты, сыншы Ш.Сариев былай дейді: «Күләш Оразбекованың «Ұлттық психология» атты зерттеу еңбегі – ғалым ретінде алса да, танымдық ретінде бағаласақ та, қазақ ұлтына

қосылған ұлттық қазына, рухани байлық. Біздің жас жеткіншектерді тәрбиелейтін тәрбиеші педагогтар осы кітапты темірқазық етіп алса, ешқашан тура жолдан адаспайды. Ұрпақтарымыз бұл кітаптан тәлім алса – қазақ халқының келешегі бар, болашағы үстем деген сөз. Менің ақын ретінде де, ғалым ретінде де пайымдауымша, педагог-ғалым Күләш Оразбекова қыруар еңбек еткен, жан-жақты талдау жасаған, ұлттық психология ғылымына орасан зор рухани қазына-байлық сыйлаған ғұлама ғалым, дәуіріміздің бірегей тұлғасы деп танымын. Ұлттық қазынаға қосылған ұлағатты еңбек...»

Сонау кеңестік заманда оқу-ағарту саласында қызметін бастап тәуелсіздік туы желбіреген тұста ұлттық психология мен педагогикаға бет бұрған Күләш Айтмолдақызының еңбегі мемлекет тарапынан да, халықаралық ұйымдар тарапынан да ескерусіз қалған жоқ. Ғалым – педагогика және психология ғылымдарының профессоры, Нью-Йорк академиясының толық мүшесі және құрметті философия докторы, халықаралық психология ғылымдары академиясының толық мүшесі және академигі.

Адам құқығын қорғау бойынша Халықаралық Комитетінің “СiРОНс құрметті полковнигі” атағын алған, бұл атақ осы ұйымның арнайы киімін киіп жүруге рұқ-сат берді.

Ресейдің Екатерина II орденімен марапатталған. Бұл орденді әлемнің белгілі әйел тұлғалары В. Терешкова, И.Тэтчер, В.Матвиенко, С.Моргуновадан кейін алған қазақтың қызы Күләш Оразбекова...

Ғалым Францияның комплементарлық медицинасының профессоры, сондай-ақ бірнеше халықаралық ғылыми ұйымдардың мүшесі. «Құрмет» орденінің, Халықаралық «Ататүрк» орденінің иегері.

ҚР «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін медальдарымен, «Планета мира–Worldof Peace» алтын медалімен, халықаралық «Гиппократ», «Бейбітшілік көгершіні», отандық «Ұлт қайраткері», «Білім беру ісінің үздігі» сияқты т.б. ондаған медальдармен марапатталған. Алматы облысының құрметті азаматы.

Еңбегі өз елінен асып, талай жерге танылып, еңбегі бағаланған ғалым жайлы халқымыздың ерен тұлғаларының талайы қалам тербеді. Заманымыздың текті де, тегеурінді ақыны Мұхтар Шаханов ғалым жайлы былайша ой өрбітеді: «Ұмытпасам, 1987 жылы ҚазПИ-де Күләш Айтмолдақызы ұйымдастырған кездесуде алғаш рет таныстым. Ұлтымыздың кейбір көкейкесті мәселелері жайлы толғана сөйлегені сүйсіндірді. Шәкірттері өзін ерекше қадір тұтады екен. Күлекеңнің ұстаз ғана емес, адам психологиясы иірімдеріне еркін бойлай алатын ғалым екенін кейін еңбектері арқылы білдім», – дей келіп, «бүгінгі таңда қазақ әйелінің рухани тұлғасы ұлтымыздың сан ғасырлар салт-санасын, дәстүр-талғамын, әдеп-ибасын бойға жинай білгендігімен ғана емес, соны қолдай, қорғай білгендігімен де өлшенбек», – деп түйіндейді.

Сөз соңына қарай көрнекті зиялы қауым өкілдерінің Күләш Айтмолдақызы туралы айтқан пікірлерін келтіре кеткенді жөн көрдік.

Қадірменді ұстаз, өзі де көргенді ана мен әженің қастерлі атын арқалап жүрген Күләш Оразбекованың әр отбасының тәрбиелік құралы іспетті өміршең қағидалары мен ғибратты ғақлияларды алтын арқауы ететін, дәрістері мен әдістері де қамтылған кітап жазып-шығарып отырған нысаналы мұраты бар еңбегі дәріптей алғыстауға әбден лайық. Кітап баламыздың тәй-тәй басқан тәтті кезеңінен бастап, мектеп табалдырығына таяп келе жатқан жасындағы дайындық дағдыларын өзек етсе, осы жастағы ақыл-ой өресіне сай келетін түрлі-түсті суреттермен қызықты көркемделген.

*Жазушы Мұзафар Әлімбаев*

Күләштің арманы әйелдер сияқты емес, болашаққа ұмтылған. Лекция оқуға жолдамамен әр облыстарға жіберем, бармаймын демейді, бармаған жері, баспаған тауы аз шығар. Барған жерін риза етіп, оқыған лекциялары ұнады, тағы да жіберсеңіз деген өтініштер, мақтау хаттар көп келеді. Әсіресе қазақ психологиясын насихаттағаны құптарлық. Сол арманы орындалатынына мен сенемін.



*Белгілі қайраткері  
Ораз Жандосов*

«Күләш Оразбекова өзінің жүргізген хабарларында, ғасырлар бойы қазақ қандай ел болды, шаруашылығы, мәдениеті қалай дамып келді, жастарының ерте ержетуіне қандай амал-тәсілдер қолданып еді, әдемілік, көркемдік деген ұғымдары қаншалық болды т.б. осы сияқты қазақтың өзіне-өзін айқын таныта алатын мәселелерді батыл көрсетеді».

*Қазақ радиосының редакторы  
Әнуарбек Байжанбаев*

«Бұл «Ұлттық психология» кітабы ұрпақ игілігіне жарап, осы уақытқа дейін жіберген олқылықтардың орнын толтыру үшін ізгі ниетпен дайындалған құнды еңбек. Оразбекова Күләштың ұлттық психологияға байланысты ізденістері талдап тұрып оң бағасын беруге лайық».

*Жазушы Ақселеу Сейдімбек*

“Мекемтас мырза “Әділет жүректен шығады” дейді. Ал Күләш жүрек тәрбиесін ұсынып, Абайдың 30 түрлі жүрек үлгісін, Дулаттың 41 түрлі жүрек үлгісін береді. Мекемтас мырза “парасатты адам, кемел, толық жетілген, алғатартушы адам“ дейді. Оразбекова үшінші кітабында адамтануда Абайдың Сара жолдарын көрсетеді. “Абай – психолог”, – деп бірінші боп қорытынды жасап, адамдардың түр-түріне парасатты адам т.б. психологиялық анықтама береді.

Ең ғажабы, Абайдың қырық құбылып жүретін адамдардың мінезін, іс-әрекетін көрсетуі-асқан шеберлік және ол ешбір зерттеулерде кездеспейтін нәрсе. Бұл өркениетті елдердің ойшылдарын бүгін таң қалдыруда.

Жалпы Абайдың психологиялық көзқарасы зерттелген ғылыми еңбектерде ұлы атамыз қазақ азаматын қай тұрғыда көргісі келді екен деген мәселе назардан тыс қалып келеді. Сондықтан осыған Оразбекова назар аударады.

Яғни, «Абайдың аңсағаны қандай азамат?». Менің ойымша, ұлы ақынның ең алдымен көксегені, көрсем дегені – ойлы азамат. Ойында көзі, бойында қайраты бар азамат. Абайдың аңсағаны толық жетілген адам дейді автор.

Абайдың еңбегіндегі адам мәселесін зерттеу барысында әлеуметтік психологияға айналды. Мысалы: Абайдың шығармаларында өзінің қара басына жақсылық жасаудан, мал жинаудан қолы тимеген сараң адам сөз болады. Ол бүгінгі күннің мафиясы мен жемқорын жазды деп түсінуге болады.

500 беттен тұратын үш томды қарап Қазақстан журналистер одағының хатшысы Оразбекованы «Осы батырлығыңыз үшін журналистер одағына мүше етіп аламын» дегені дұрыс екен деп ойладым.

Маған көп күш жұмсаудың қажеті болмады. Жиналған мағлұматтар шындық дәлел болды. Төрт рет докторлықты қорғатпай, төрт рет жазу әркімнің қолынан келе бермейді. Байқұс қыз диссертацияны жазған. Біресе тақырыбын өзгертіп, біресе жетекшілерін өзгертіп, ақыры ақша талап еткен. Соңында талапқа сай емес деп. Оппоненттері жоғары баға берсе де, жемқор мен сыбайлас топ пікірлерін өзгертіп жазғызады. Ауруға шалдығып, жүйке ауруына шалдыққандар, тіпті мұндай қорлыққа шыдай алмай өліп кеткендерді де көз көрді.

Айт дегенді айтсаң арың төгіледі, айтпа дегенді айтсаң, басың кетеді, деген заман еді деген ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ еске түседі.

Осының бәріне ректордың көзін жеткізіп, “шара қолданып, әділеттілікті орнатпасаңыз осыларды түгел газетке басам” дегеннің өзінде ары тартып, бері тартып, ақыры жан керек. Әйтеуір қолдап, Күләш қорғау Советінде жоғары деңгейде қорғалған бірінші жұмыс деп баға алды. Бірақ қуанып, мақтаныш күйі білінбеді. Келіп аға сізді шаршаттым-ау деп қайта-қайта кешірім сұрап, көзіне жас алып, рақметін айтты.

Менде жеңілдеп, иығымнан бір үлкен жүк түскендей Әбіштің өтінішін тез орындадым-ау деп күлдірдім. Мені қайраған «күшің бар деп», сол ағаң, рахметінді соған айт. Енді осы жолыңнан таймай, біраз дем алып, ұлдарыңды қуант деп шығарып салдым.

*Жазушы Шерхан Мұртаза*

«К.А. Оразбекованың «Ұлттық психологиясы» өмірге құштар талай жанның жүрегінде бақытқа жетектейтін шырақ болып жанатыны рас. Ғалым болу еріккеннің ісі емес. Ғалым болып туылған-ау Күләш Оразбекова. Өйткені жазған шығармасынан ғалымның ғалымдық ауыртпашылығы мен азабына көне білгендігінен болашақ тәрбиесіне бар өмірін арнағаны көрінуде. «Әр ғалымның арманы еңбегі шыраққа ұқсауды қалайды» емес пе?! К.А. Оразбекованың сол арманы орындалған сияқты!

К.А. Оразбекова қазақ ғылымында: «әркім өзін балап данышпанға бір-бір құдай болып жүргендерден емес екенін «Ұлттар психологиясын» оқығанда аңғардық. Нағыз ғалым екеніне көз жеткіздік. Ғылым әлемінде өз «жұлдызы» бар ғалымдардың іргелісі» екен!

Ғалым-педагог Күләш Оразбекованың еңбегі – орасан үлкен ізденістің жемісі. «Тәрбие психологиясы да, психикалық құбылыстардың жіктелуі де, отбасы психологиясы, бәрі де ғалымның ұлағатты еңбегінен, жан-жақты ізденісінен туғандығын дәлелдейді. Тағы да қайталап айтуға тура келеді: ғалымның еңбегі – ұлттық қазынаға қосылған ұлағатты еңбек...»

*Жазушы Әбіш Кекілбаев*

### **Жұлдыз қажы БАЙНОЛЛА**

*Ғалымдар әлемі*

### **«ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ЕҢ БЕКТКЕ ҰСТАР МАҚТАНЫШЫ, КҮЛӘШ ҚАЖЫ»**

Мен осы «СТВ» телеарнасында 30 жылға жуық қызмет етемін. Осы уақыт аралығында мен Күләш Қажыны ол КазНУ университетінің журналистика факультетін бітіріп, алғаш рет осы «СТВ» телеарнасы бұрынғы «Рахат» телеарнасына келген күннен бастап білемін. Осының ғалымдығы жайлы көп адамдар айта береді. Ал мен Күләш қажының қасында жүргенімде көп үйренгенім, көп бақылағаным - ол кісінің адамгершілігі, Отанға жанашырлығы, қазақ халқынын бойындағы ізгі қасиеттерді, жас ұрпақтарды тәрбиелеуде қосқан орасан зор үлесі бар екендігін, сондай-ақ қайырымдылықпен айналысатынын айта кеткім келеді.

Ол кісінің өзінің туған жері – Талдықорған аймағы, Ақсу ауданы елдімекенінде, бір жолы бірге жол сапарға шыққан едік. Сол кезде сол ауылға барғанда өзінің туған бауырларының барлығына не қажет, соның барлығын қамтамасыз етіп, үйлерінің барлығын сапалы жөндеуден өткізіп, бір ауылда өзін күтіп алатын бір керемет, жанға шуақ ұялататын бауырларына сондай қамқорлық жасағанын көріп риза болдық. Сонда бауырлары Күләш қажы келе жатқанында олар өз әлемдерінде іспетті, ол кісінің қай жерінен қатеміз кетіп қалады екен деп, таң көзінен тұрып, есік алдын сыпырып, самаурын қойылып, қазан асылып, біз барған кезде ауыл өмірі дейміз ғой, керемет таң-тамаша болып таңғалыстық. Бұл да Күләш қажының баурларына деген қамқорлығы еді. Және де сол ауылдағы ақсақалдар Күләш қажының әкесін көз көргендер, Отан соғысының ардагерлеріне ескерткішінде Күләш қажының соғыста қайтыс болған әкесі, Оразбектің



атасы, сол кісінің де аты-жөні ескерткіш тақтасында жазылған. Сол үшін әр 9 майда жыл сайын Күләш қажы ауылына аттанады, сол ауылдағы ардагерлер Күләш қажыны күтіп отырады. Әр келген сайын бір мәшинені сыйлыққа, сый-сияпатқа толтырып және қаржылай да ардагерлеге көмек таратып, сыйлық таратып, барлығын қуанышқа кенелтетін. Сол ауылдың мектебінде де, бір сөзбен айтқанда, сол ауылдың аудандағы мектеп, әкімшілік, ардагерлер қауымы, туған-туысқандардың барлығы Күләш қажыны патшайымдай басына көтеріп құрметтеп, ерекше ілтипат көрсетеді.

Күләш қажы сол жерге барған кезде қайда барса да өзінің бойындағы ерекше адамгершілік, ізгілік қасиеттерін көрсетіп, тектіліктен текті туар дейді ғой, тектінің ұрпағы екендігін көрсетіп, барлық адамдарға әрбір сөйлеген сөзінен мән беріп, қателік – кемшіліктер болып жатса, қазақи салт дәстүрлерді ұстаныңыздар, былай сөйлеңіздер деп жас келіндерге, ұстаздарға, оқушыларына өздерін қалай ұстау керек, қалай тәлім-тәрбие беру керек, жүрген жерінің барлығында қазақтың рухани құндылықтарын таратып жүрген жандардың бірі.

Күләш қажыны біз қажылыққа барғанда Күләш қажы отызға жуық па, енді қаншама екенін есімде жоқ, бірақ осы зиялы қауымдардың ішінен қажылыққа ең көп барған ардагер қажылардың бірі.

Меккеге барғанда да бұл кісіні шейхтар, сол жақтағы арабтар, ғұламалар ерекше қарсы алып, құрмет көрсетеді. Ол кісінің Меккеде арнайы сәлем береді, арнайы қонақ етеді. Қазақ әйелдерінің ең бетке басар мақтанышы ретінде, тұлға ретінде Меккеде сол кісіні қарсы алатын.

Сондай-ақ қажылыққа сонау 1993 жылдан бастап Қазақстан мұсылмандары бара бастады. Жалпы қажылыққа баруда біздің мұсылмандардың печкасын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, киім кию үлгісін, сөз сөйлеу үлгісін және шетелде жүргенде өздерін ұстай білуі, өзге елдермен терезесін тең етіп, иық теңестіріп сөйлей алатындай дәрежеге жеткізуі өз үлесін қосып атыр Күләш қажы. Яғни барғанда, сол жерде жүрген адамдардың барлығын жинап, шәй ішіп жүрсе де, қажылықта бірге зират қылып жүрсе де сол әр уақытта өзінің бойындағы педагогикалық, психология дейді ғой, сол ізгі қасиеттерді, әсіресе қазақи тәлім-тәрбиені осы заманға лайықтап, бірлестіріп, адамның бойына, ойына сіңіре білген керемет ұстаз, педагог, психолог.

Сонымен қатар Күләш қажы Қазақстан халық емшілер қауымдастығы, бірнеше қауымдастық бар Қазақстанда, солардың барлығы керемет психолог ретінде, қоғам қайраткері ретінде бұл кісіге үнемі төрден орын беріп, төсбелгі тағып, марапаттап қарсы алады. Әсіресе қазақ халық медицинасының көшбасшысы, өмірден озып кеткен біздің керемет қоғам қайраткері, кезінде ел патшасы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа операция жасаған белгілі хирург, халық медицинасының докторы, профессор, академик Шәкен Хаджи Шынтаев үнемі Күләш қажысыз ешбір жиналысты, халықаралық дәрежедегі ғылыми-теориялық конференцияларды өткізген емес.

Шетелден келген ғалымдардың арасында қазақ әйелдерінен бізде осындай керемет ұлы ғұлама ғалым қыздарымыз бар деп Күләш қажының маңдайын жарқыратып, үнемі алдыға шығарып, баяндама жасатып, сол шетелдік қонақтарымен бірге төр басына отырғызамыз.

Күләш қажының киім кию әдісі өте ерекше. Өзіне лайықты, әдемі ұлттық киімінің бір нышаны бар әрбір киімінде ұлттық белгісі бар, қазақ екендігін көрсетіп тұратын. Әрі заманауи, әрі мұсылманша, үшеуін бірлестіріп ойлап тапқан небір әдемі, кейбіреулерін өзі тігіп алып, кейбіреулерін өзгелерге тіктіретін керемет киім, өзінің жүріс-тұрысы, өз-өзін ұстауы, айдаладан келе жатқанда, өтіп бара жатқан адамды жалт етіп қаратқызып қоятындай бір керемет мына киім кию үлгісі де осы біздің бүгінгі жас қыздарға, келіншектерге үлгі-өнеге болады.

Сондай-ақ Күләш қажы жалпы барымен бөліскен адам. Телеарнаға келсін, ауылға барсын, Меккеге барсын, қай жерге барса Күләш қажы құр қол келмейді. Ол кісі әр уақытта асып, тасып, дәулетінің барын елге шашып, сондай көппен бөлісіп жүрген көпшіл

адам. Күләш қажы келеді десе әр адам жалт етіп қарап, дайындалып, қашан келеді екен деп, ол кісіні қалай қарсы аламыз, көңілінен шықпай қаламыз ба деп аяқтың ұшымен жүріп, сол кісінің ақ батасын алып қалуға барлығы тырысады. Біз Күләш қажыға қарап, осы СТВ телеарнасында бағдарлама жүргізе жүріп, көп тәлім-тәрбие алдық.

Енді ғылыми жағынан алатын болсақ, ол кісінің бірнеше кітаптары бар, оны басқа замандастары айтады деп ойлаймын. Бүкіл шетелге танымал болған мұхиттің ар жағындағы Батыс Европаны бағындырған біздің ғұлама ғалымдарымыздың бірі, қала берсе Қазақстанда, бүкіл әлемге танымал ғалым десек артық айтқандық болмас.

Күләш қажы келе жатқанда ертеде бай патша, ханшайым, патшаларды көз алдыңызға елестетесіз. Ол кісінің жанында керемет, өзінің жанды еткен адамдары, керемет сән-салтанат жиналысқа киген киімдері, астына мінген темір тұлпарлары, оның артында керуен сияқты бір көлікте арнайы сый-сияпат сыйлықтары, сөйтіп үлкен кісі келгендей сыйлықты ерте замандағы үлкен бір керуен сияқты сауда жасайын, пайда табайын деген сияқты керуен емес, жиған-тергенін елге шашайын деп, елмен бөлісейін деп келе жатқан бір керуен басы. Біздің қазақ халқының ерте кездегі Домалақ ананы, Томирис ханым сияқты керемет бір бай патшасы, ханшайымы келе жатқандай әсер аласын. Сондай бір керемет, жаныма жақын керемет тұлға, әркімнің ойында із қалдыратын, көз алдында отырсаң, бір елестетсең ол кісімен жүрген жерлеріңізді, бір рухани демалыс аласыз. Мен Күләш қажыға әрдайым осы ғұмыры ұзақ болып, артында қалдырған, көпшілікке ұсынып отырған қаншама әдет-ғұрып, салт-дәстүрді ұстанудың жолдарын көрсеткен, не бір философиялық кітаптарын, осы барлық бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау қажет деп ойлаймын.

«Иман Инабат» атты оқулық жазды. Соның арқасында жастарға имандылық сабағын беріп иман нұрының шуағын шашты.

Алғашқы қажылығынан кейін-ақ Күләш Айтмолдақызы қайырымдылықпен де айналыса бастады. Талдықорған қаласыдағы балалар үйіне жыл сайын қамқорлық жасап, сыйлықтарын апарып көмек қолын созды. Сонымен қатар Ақсудағы Қ.Сәтбаев атындағы, Мамания т.б. мектептерінің ұстаздарын оқу құралдармен қамтамасыз етті. Талдықорған қалалық кітапханаларына кітаптарын ұсынып, ұстаздардың пайдалануына жағдай жасады.

Талай жыл «Балаларды қорғау күнінде», «Рамазан айында», «Білім күнінде» балалар үйіне барып, қажетті заттармен қамтып отырды. Жас буынмен жиі кездесіп, оң бағыт сілтеуде еш аянбайтын Күләш Айтмолдақызы ұстаз деген ұлы ұғымның иесі.

Күләш Айтмолдақызының 2009 жылы жарық көрген үш томдық «Ұлттық психология» оқу құралы оқырман іздеп жүріп оқитын құнды кітапқа айналды. Ғалымның бұл кітабы жайлы пікір жазған ақын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Франц Кафка атындағы халықаралық Алтын медаль және Платина, Тарлан сыйлықтарының лауреаты сыншы Ш.Сариев былай дейді: «Күләш Оразбекованың «Ұлттық психология» атты зерттеу еңбегі - ғалым ретінде алса да, танымдық ретінде бағаласақ та, қазақ ұлтына қосылған ұлттық қазына, рухани байлық. Біздің жас жеткіншектерді тәрбиелейтін тәрбиеші педагогтар осы кітапты темірқазық етіп алса, ешқашан тура жолдан адаспайды. Ұрпақтарымыз бұл кітаптан тәлім алса - қазақ халқының келешегі бар, болашағы үстем деген сөз. Менің ақын ретінде де, ғалым ретінде де пайымдауымша, педагог-ғалым Күләш Оразбекова қыруар еңбек еткен, жан-жақты талдау жасаған ұлттық психология ғылымына орасан зор рухани қазына-байлық сыйлаған ғұлама ғалым, дәуіріміздің бірегей тұлғасы деп танымын. Ұлттық қазынаға қосылған ұлағатты еңбек...».

Сонау кеңестік заманда оқу-ағарту саласында қызметін бастап тәуелсіздік туы желбіреген тұста ұлттық психология мен педагогикаға бет бұрған Күләш Айтмолдақызының еңбегі мемлекет тарапынан да, халықаралық ұйымдар тарапынан да ескерусіз қалған жоқ. Ғалым - педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессоры, Нью-Йорк академиясының толық мүшесі және құрметті философия докторы, халықаралық психология ғылымдары академиясының толық мүшесі және академигі.

Адам құқығын қорғау бойынша Халықаралық Комитетінің «СiPOHc құрметті полковнигі атағын алған, бұл атақ осы ұйымның арнайы киімін киіп жүруге рұқсат берген.

Ресейдің Екатерина II орденімен марапатталған. Бұл орденді әлемніі белгілі әйел тұлғалары В.Терешкова, И.Тэтчер, В.Матвиенко, С.Моргуновадан кейін алған қазақтың қызы Күләш Оразбекова болды.

Ғалым Францияның комплементарлық медицинасының профессоры, сондай-ақ бірнеше халықаралық ғылыми ұйымдардың мүшесі «Құрмет» орденінің Халықаралық «Ататүрк» орденінің иегері.

ҚР «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, «Планета мира WorldofPlanet» алтын медалімен халықаралық, «Гиппократ» «Бейбітшілік көгершіні», отандық «Ұлт қайраткері», «Білім беру ісінің үздігі» сияқты т.б. ондаған медальдармен марапатталған. Алматы облысының құрметті азаматы.

Еңбегі өз елінен асты, талай жерге танылып, еңбегі бағаланған ғалым жайлы халқымыздың ерен тұлғаларының талайы қалам тербеді. Заманымыздың текті де, тегеурінді ақыны Мұхтар Шаханов ғалым жайлы былайша ой өрбітеді: «Ұмытпасам, 1987 жылы ҚазПИ-де Күләш Айтмолдақызы ұйымдастырған кездесуде алғаш рет таныстым. Ұлтымыздың кейбір көкейкесті мәселелері жайлы толғана сөйлегені сүйсіндірді. Шәкірттері өзін ерекше қадір тұтады екен. Күлекеңнің ұстаз ғана емес, адам психологиясы иірімдеріне еркін бойлай алатын ғалым екенін кейін еңбектері арқылы білдім», - деп келіп, «бүгінгі таңда қазақ әйелінің рухани тұлғасы ұлтымыздың сан ғасырлар салт-санасын осы қазақи салт-дәстүрлерді зерттеп, оны университеттерге кіргізіп, бүкіл елге, бүкіл әлемге таратып жүрген бір ғана ғалым – ол Күләш қажы. Ол кісіге Халық Қаһарманы деген атақты беру керек деп ойлаймын. Нұрлардың нұрына бөлініп жүрген Күләш қажыға бақ көңілі дарыған керемет бір Алланың сүйген құлы деп есептеймін. Әр уақытта Күләш қажының жасаған еңбектері насихатталып, өзінің алар асулары бар әліде елге берері бар, жас студенттер дейміз ғой, жас балаларды тәрбиелеп жүрген ғұлама ғалымға тек жақсылық, сәттілік, ұзақ ғұмыр тілеймін. Алла разы болсын!

*Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы*  
*Педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

### **«ЖАҚСЫ АДАМ - ЖАН АЗЫҒЫ» КҮЛӘШ АЙТМОЛДАҚЫЗЫ ОРАЗБЕКОВА ЖАЙЛЫ**

«Еліміз бен жеріміздің түпкілікті иегері – қазіргі қазақтардың психологиясында осы этносқа ғана тән біртұтас ерекшелік бар деп айту қиын.

Өйткені қазақ этносының бүкіл тыныс-тіршілігінде, отбасындағы әдеп-ғұрып пен салт-санасында көрініс беріп жүр. Бірақ, кейбіреулер айтып жүргендей, бұрын жылқы мінез болып, енді қой мінез болған жуас, намыссыз халық емеспіз» деп тұжырымдайды.

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениет пен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса, ондай тұлға ұлт алдында мәңгүрт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік - мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақсталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттерінің ең басшысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл – парасаты мол, мәдени-ғылыми озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз – осы түбегейлі мәселелерді жоспарлы түрде жүзеге асырып, толықтай, жан-жақты, қазіргі заман талабына сай жастардың бойына дарытып жүрген ұстаз – ғалым Күләш Айтмолдақызы Оразбекова десен дәл айтқандай боламыз.

«Елдің елдігін оның тарихы, психологиялық ерекшелігі, әдебиеті, салт-дәстүрі сақтайды» - деген ұғымды негізге алып – тілді құрметтеу, ұлттық салт – дәстүрді зерделеу, елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу, ата-бабалар өсиетін орындау, жер байлығы мен табиғатты қасиеттеу бүкіл дәріс беру жолын осы бағытқа қойған ғалым.

Әлі есімде «Өнер, мәдениет және спорт» институтта директорлық қызметтемін, профессор-оқытушы құрамының дәріскерлерімен кездесуде ұлттық тәрбие жайлы әңгіме қозғағанымыз. Сол кезде Күләш Айтмолдақызының айтқаны: «Адам бойына патриоттық сезімнің қалыптасуына отбасы тәрбиесі басты әсер етеді. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» - деген ұлы жазушы М.Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжібиелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс – деп, суретші ән-күй, спорт мамандарын үлкен әңгіме дискуссияға тартқаны.

Қандай мемлекеттің де ертеңі еңселі, бала-шағаның баянды болуы жастарымыздың бойына елжандылық, азаматтық, жоғары ізгілік пен адамгершілік сезімдерін жан-жақты жетілгенде ғана Қазақстандық патриотизм сезімі асқақтай түсейеді.

Бала бидің дана сөзі бар :

«Жерден ауыр дегенім – ақыл – білім,

Судан терең дегенім – оқу – ғылым,

Оттан ыстық дегенім – адам өмірі,

Көктем биік дегенім – шәкірттің көңілі!»- осы ойды дамытуға ақиқат шындық пен іштей бірлік туып, үйлесімді жұмыс жүргізіп жүрген ұстаз апамыз сексеннің сеңгеріне шығыпты.

Қай кезде болмасын, төңірегіне ерекше бір сәуле шашып, бойындағы асып-төгіп жажатын нұрлы шуағын аямай, жан-жағына сыйлап жүретін асыл жандар болады.

Білімді де білікті, тәрбиелі, саналы ұрпақ қалыптастыра білген жеке басының үлгісі мен студенттерге де, ұстаз қауымға да үлгі бола білген Күләш Айтмолдақызы Оразбекова десек бекер болмас, оның айғағы менің төрт жылдай педагогика және психология институтында бірге қызметтес болғаным. «Ұстаз – ұлы мамандық» деген ұғымның тегін еместігін Күләш Айтмолдақызының парасатты, білімді, мәдениетті бейнесі көптеген шәкірттерінің жүрегінде орын алып, өмірде үлгі тұтатын ерекше тұлға болып қала беретіндігінің куәсі болудамыз. Ұстаз болу, шәкірт тәрбиелеу – екінің біріне бұйыра бермейтін қасиет.

Табиғатынан педагог боп жаратылған не жер жанаты Жетісудің әсерінен бе, айналасына білім мен біліктіліктің, нәрін іздеп тыным таппай дүние жүзін шарлауы, ерлік пен табандылықтың шуағын таратып, бүкіл саналы өмірін ұрпақ тәрбиесін арнағаны бүгінгі күні ел құметіне бөленіп көптеген атақтар мен медальдардың үстіне «Құрмет» орденінің иегері атануы. Ал ендігі кезде Күләш апайымыздың есімі еліміздің ұстаздар мен ғалымдар қауымына, өскелең ұрпаққа тағылымдық дүниелерімізбен психология кафедрасының педагогика және психология институтының дасап жатқан ауқымды жұмыстарының үлгісін дей ары қарай кеңінен таныстыру біздің парызымыз. Ұстаз беделі өздігінен келмейді, біреу сыйлық ретінде бермейді. Ол қажырлы еңбектің табысы, ұйқысыз түндердің тынымсыз күндердің нәтижесі деп білемін. Ұстаздар тірі жанның инженері деген баға болған. Әрбәр жанның жан дүниесіне еніп, жүрегіне жол тауып, мінез-құлқына, қабілетіне, ой-санасына, талап жігеріне ықпал ету, әрине, ұстаздардың міндеті. Бұл оңай шаруа емес.

Баршамызға айтарым, біздер мен сіздердің жұмыла көтеріп жатқан білім аласындағы еңбегіміз осы үлкен істің жалғасы деп біліңіздер. «Ұстазына қарай шәкірті» дегендей жұғымды болсын Күләш апамыздың қажымас еңбегі. Ана жүрегі теңізден терең жан ұяңыз бақытқа толы болсын. Алланың берген жасын жасағанға не жетсін, ұзақ ғұмыр тілеймін. Өткенге – салауат, жетістікке – шүкіршілік, барға – тәуба, қалғанға-береке, басқа-аман, денге –саулық.

## КАФЕДРА ҰЖЫМЫ

### ҰЛЫ ҰСТАЗ!

Күләш Айтмолдақызы - еліміздің білім беру жүйесінің дамуына айрықша үлес қосып келе жатқан айтулы тұлға. Күләш апайдың бүкіл өмірі өз халқына қызмет етуге арналып келе жатыр деп айта аламыз. Өз Отанының игілігі үшін, саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін, шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде күш-жігерін аямай қызмет жасап келе жатқанына бәріміз куәміз. Ол кісінің кез-келген шәкіртінен апай туралы сөз қозғап қалсаңыз, мықты және жігерлі адамның, әдемі және сезімтал мұғалімнің, талантты ұйымдастырушы мен көшбасшының бейнесін жеткізеді.

Күләш Айтмолдақызы өз өмірінде көптеген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыра алды. *Ұлттық құндылықтардың қаймағын бұзбай таза қалпында сақтауға тырысқан Күләш апайымыз қайсарлық танытып, әйел жыныстылығына қарамастан көптеген қиындықтармен жалғыз алысқанына әлі де болса таң қаламын. Күләш Айтмолдақызы сонау кеңес өкіметі заманында ауылдан келген, орыс тілін меңгермеген, тіпті ол тілді мүлдем түсіне де білмейтін қазақ жастарына, студенттеріне жаны ашып, алғаш қазақ аудиториясын жүзеге асыруды талап еткен мықты тұлға деп танимыз. Бұл, білім саласындағы үлкен революция іспеттес болған уақиға деп айтсақ, артық емес шығар деп ойлаймын. Күләш апайымыздың осындай үлкен ерлігінен, оның қазағына деген махаббаты, қазақ тіліне деген құрметін көреміз. Сондықтан да, өз ұлтының игі қасиеттерін бойына сіңірген ерекше жан деп есептейміз және де ұлт жанашыры деп бағалаймыз.*

Өзінің мағыналы-мәнді өмірін жастарды оқытуға, тәрбиелеуге және оларды дамытуға арнады, өз елінің дамуы үшін қоғамдық өмірге де белсенді атсалысты, жас ұрпаққа мәңгілік өнеге болардай жауһар дүниелер қалдырды. Жастардың тәрбиесі үшін ұлан-ғайыр еңбек сіңірді және сол еңбектері үшін бірнеше мәрте жоғары марапаттарға ие болды. Мықты ұстаз үшін адамзат алдында тұратын ұлы мұраты, міндеттерінің ең биігі – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені ұрпақ тәрбиесі – болашақ қоғам тәрбиесі. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында екенін үнемі алға тарта отырып, сол болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл – парасаты мол, мәдени-ғылыми озық етіп тәрбиелеуде бүкіл ғұмырында аянбағанын мақтанышпен, нақты айта аламыз.

Отбасындағы тәрбие, отбасы құрылымының қалыптасуы, ерлі-зайыптылардың арасында функциялардың (рөлдердің) бөлінуі, жалпы отбасылық құндылықтарды қалыптастыру, отбасындағы тұлғааралық қатынастар, тұлғаның дамуына ықпал ету тұрғысында отбасы ішіндегі қатынастар (олардың тұрақтылығы) заңдылықтарын зерттеу некеге дейінгі

кезенді, некелік серіктесті іздеу және таңдау ерекшеліктерін зерттеу, ерлі-зайыптылық қатынастардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, бала-ата-аналық қатынастардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, баланың әртүрлі жас кезеңдерінде дамуындағы отбасылық тәрбиенің ролін анықтау, отбасының қалыпты емес дағдарыстарын зерттеу және оларды жеңу стратегияларын жасау Күләш Айтмолдақызының отбасы психология ғылымындағы баға жетпес зерттеулерінен орын алады. Күләш апайымыздың *қазақ психологиясында ғылымға қызыға ден қойып, еліміздегі педагогика және психология ғылымының дамуы мен әлеуетінің жоғарылауында еңбектері ерен, жеткен жетістіктері ұшан-теңіз.*

*Қымбатты Күләш Айтмолдақызы!* Сізді туған күніңіздің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз!!

Сізді әрқашан кеңес, қолдау, көмек сұрай алатын адам ретінде, әрдайым қуанышпен және жанашырлықпен, ең бастысы, түсіністікпен жауап беретін мейірімді ана ретінде, жастардың психолог мамандығына деген сүйіспеншілігін ояту, ғылыми ізденіске шабыт беретін таптырмас білікті маман ретінде танимыз.

Біз сізді өте қатты жақсы көреміз! Сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір тілейміз! Отандық ғылымның игілігі үшін барлық істеріңізге сәттілік тілейміз!

*Тілеухан Мұқашев*

## **ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАҚСЫ АДАМ**

Ақылман ата-бабаларымыз «Қамшы сабындай ғана» деп бейнелеген осынау жалған дүниеде жақсы-жайсаң жандардың, ізгі ниетті, ақ пейілді, абзал адамдардың бар болғаны қандай ғанибет! Ондай адамдармен араласқаныңда көңілің марқайып, мерейің өсіп, рухани тұрғыда бір байып қаларың хақ.

Өзім үшін сондай қадірлі, тұла бойына парасат тұнған, үлкен жүректі һәм кең пейілді, бітім-болмысы бөлек адамның бірі – Күләш апа Ақмолдақызы Оразбекова.

Мен ол кісімен бұдан бірер жыл бұрын ғана таныс-біліс болдым. Дәлірек айтқанда, 2019 жылдың рамазан айында алматылық досым Төлеген деген азамат екеуіміз умра қажылыққа барғанда осы Күләш апамен бірге болудың сәті түскен.

Жақсының жақсылығын танып-білу үшін оны күнде көріп жүру немесе бүкіл өмір жолына қанық болу шарт емес. Кімнің кім екенін түйсіну үшін, кез келген жанның таным-түйсігі мен адами қасиеттерін аңғарып үлгеру үшін, тіпті, кейде бір мәрте жүздесудің өзі жеткілікті. Ал мен Күләш апамен он бес күндік сапарда бірге жүрдім және сол уақытта ол кісінің адами болмысын, кісілік келбетін анық танып үлгердім десем, артық айтқандығым емес.

Көңіл түпкіріндегі асыл арман-мұрат жетелеп сапар шеккен сол бір кезеңде біз ардақты апамыздың аналық жүрегінің лүпілін айқын сезініп, адамгершілігіне, парасатты пайымына, көл-көсір білім-білігіне тәнті болдық.

Ол кісінің қажылық парызын орындауға бұған дейін жиырма алты рет барғанын, бұл жиырма жетінші сапары екенін білгенде әрі таңғалып, әрі разы болып, сүйсіндік. Таңғалысымыз бен сүйінішімізді де жасыра алмадық.

Барша мұсылман баласы үшін аса қасиетті айдың соңғы жартысын Мекке, Мәдине қалаларында өткізіп, ғибадат жасағанда, қажылық парызды орындау жолындағы түрлі рәсімдерді өз деңгейінде, өзіндік жөнімен атқару барысында біз Күләш апаның айтқандарына құлақ қойып, ақыл-кеңесіне жүгініп отырғанымыз да рас. Көргені көп, түйгені мол апамыз бізге рухани демеу болды, білмегенімізді үйретті, білетінімізді одан әрі үстемелеп, молайта түсті.

Сол он бес күндік сапарда апамыз өзіне тән аналық мейірімі мен қамқорлығынан, тәлімгерлік ғұрпынан еш жаңылмады. Әр күні таң алдында өзі орналасқан бөлмеге шақырып алып, Төлеген екеуімізге сәресі беріп отырды. Тура өз анамыз секілді қамқор болды. Медина шаһарына барғанда, біздің қарсы болғанымызға қарамай, өз есебінен екеуімізге қонақүйден жайлы бөлме де алып берді. Ал мұндай істер шын мәнісінде жаны жомарт, тумысынан текті, дегдар, бекзат адамның ғана қолынан келері сөзсіз.

Күләш апаның бойындағы адами қасиеттердің молдығының сыртында, оның көл-көсір білім иесі екенін жоғарыда айтқам. Сөйтсем, олай болатын реті де бар болып шықты. Ол кісі педагогика-психология ғылымдарының докторы, профессор екен. Өз елімізді айтпағанда, бірталай шет елдердегі академиялардың академигі екен. Айтулы жоғары білім ордаларында дәріс оқып, ұстаздық етіпті. Педагогика және психология салаларынан оқулықтар жазыпты. Ал мұндай адамның телегей-теңіз білім иесі болуы, әрине, заңды. Апамыздың адал да тынымсыз еңбегі арқасында иеленген атақ-марапаттары да жетіп-артылады. Өз еліміздің «Құрмет» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, тағы басқа көптеген жоғары дәрежелі марапаттардың иегері. Тіпті, оның бәрін тізбелемей-ақ, тек бір ғана марапатын айрықша атап айтсам, меніңше, соның өзі-ақ көп жәйтті анық аңғартады. Күләш апа – әлемдегі ең абыройлы марапаттардың бірі саналатын «Екатерина II» орденінің иегері. Ал бұл марапаттың дәрежесі қаншалықты жоғары екенін мына деректен-ақ анық аңғаруға болады. «Екатерина II» орденімен бүкіл дүние жүзінде бүгінгі күнге дейін небары 5 адам ғана марапатталыпты. Алғашқы төртеуі – адамзат тарихындағы тұңғыш ғарышкер әйел В. Терешкова, Ұлыбританияның Премьер-министрі болған, «Темір леди» атанған әйгілі қайраткер М. Тетчер, есімдері көпке аян тұлғалар – В. Матвиенко мен Г. Мелованова. Бесінші – қазақ халқының перзенті, ұстаз, ғалым, қайраткер – Күләш Айтмолдақызы Оразбекова! Міне, біздің Күләш апа – осындай адам! Сөз соңында ол кісінің аса қажырлы, қайратты адам екенін де айта кеткенім жөн болар. Қажылық парыздарын өтеу барысындағы әр алуан құлшылық-рәсімдерді атқару кезінде еш шаршап-шалдықпай, өзімізбен бірге жүріп, бірге болды. Жолынан жығылмады, жөнінен жаңылмады.

Құдай берген сол қайратыңыз қайтпасын, қуат-күшіңіз кемімесін, Күләш апа! Аман болыңыз!

Сексеннің сенгіріне бүгін қаншалықты абыроймен көтерілсеңіз, мерей-мәртебеңіз болашақта бұдан да биіктей түсеріне кәміл сенімдімін!

*Владимир Питерцов - Композитор  
Лауреат Премии КазАК*

**Низкий поклон учителю**

### **ДОРОГАЯ КУЛЯШ АЙТМОЛДАЕВНА!**

Поздравляю Вас с юбилеем, желаю оставаться такой же радужной, светлой и красивой. Вы действительно Устаз-Ана казахской этнопсихологии. Вы смогли развернуть научную психологию лицом к казахской национальной традиции. Благодаря вашим усилиям стали преподавать наследие Ж. Аймауытова, М. Дулатова, М.Жумабаева. На кафедрах вузов стали глубже изучать психологические взгляды Абая и Шакарима.



Пусть Ваш добрый образ матери согревает своим светом всех нас - Ваших почитателей и друзей!

*Владимир Питерцов.  
Композитор  
Лауреат Премии КазАК*

**Күләш Айтмолдақызы Оразбектегіне арналады  
Әні Ерболат Андосовтікі  
Ұстаз-ана.  
В.Питерцев., Сөзі А.Қолбаева., Орн: Б.Ыскаков.  
«Күләш апай»**

Күләш- ана жібек мінез есілген,  
Шәкіртінің кетпес мәңгі есінен.  
Қиналса да, ашуланса, мұңайса,  
Шәкірті үшін тез жадырап шешілген.

Ұстаз ана мейірленген кең жүрек,  
Шәкірті үшін тұрар қашан елжіреп.  
Болашақтың бақыты үшін туылған,  
Қадіріңді әрқашан да ел білмек.

Бұл өмірдің ашысы көп балынан,  
Боталарым қателесіп жаңылман.  
Сендер үлкен азамат боп өсіндер,  
Арманым сол менің мәңгі сағынған.

Алға басқан аяғыңыз кейін де,  
Өмірдің-ай керісімен алыстыңыз.  
Талай-талай соқпақты басып өтіп,  
Ашылған-ай жаңалықпен жарыстыңыз.

Қайырмасы:

Қуанышың құтты болсын Күләш ана,  
Жадыраған күндей бол әрқашан да,  
Мейірімің үстем болып, жарқыраған,  
Биіктен де, биікте, күн қасында!

*Lento.* *Лтеуидай, назгыл.*

1. Ку-лай а-най жи-бек ми-нез  
 е-сия-ген, Шэ-кёр-ти-  
 ниг кет-пес маку-зи е-си-  
 нен. Би-нал-са-га,  
 а-му-лан-са, му-цай-са  
 Шэ-кёр-ти-шик тез жа-гор-  
 ан ме-шил-ген,  
 3) Байырмаса: 97  
 Үс-таз а-на ме-йр-лен-  
 ген кену жу-рек,  
 Шэ-кёр-ти-шук ту-пар-га-  
 шан ел-жи-рен.

Бо-ла-шау-тың да-уа-т(а)у-  
 шин ту-ыл-зан, ка-гир-и-  
 ги ар-га-шан-га ел-дин-  
 мек.

## **КӨҢІЛІМНІҢ ТӨРІНДЕГІ ТҰЛҒА**

Менің өз өмірімдегі ұстанған түсініктерімнің бірі – ешқашан кездейсоқтық деген болмайды. Ол жоғарыдан нәсіп етіліп, белгілі бір мезетте жүзеге асып, Жаратушының бұйрығымен адамға жіберіледі.

Осы кездейсоқтық туралы француз жазушысы Жак Анатоль Франсуа Тибо былай депті: «Случай – псевдоним Бога, когда он не хочет подписаться своим именем». Сондықтан өмір жолында жаныңа жалау болатын жақсы жандармен жолығу бір қарағанда кездейсоқтық болып көрінгенмен, ол да өте мейірімді, аса қамқор Құдайдың пендесіне жасаған бір сыйлығы сияқты көрінеді маған.

Күләш апайдың оқыста кездесуі, анамдай қамқор болып кетуі бұл ойларымның дұрыс екендігін дәлелдейді. Менің мамандығым есеп-қисап жағында. Педагогика мен психология мәселесінің қызметіме еш қатысы жоқ. Әрине, адам болған соң қиналған бір сәттерде не ішің пысып, еріккен кездерде қазіргі психология не деп жатыр деген ойлар келетіні сөзсіз, бірақ онда да қазақ ғалымдарынан гөрі орыс не шетел білгірлерін оқып қоясың. Сөйтіп мен Күләш Айтмолдақызы Оразбекова деген ғалым бар екендігін, оның «Отбасы психологиясы» атты кітабы барлығын естімеппін. Мүмкін білмей де кетер ме едім, кездейсоқтық деп аталатын алтын көпір мені дедектетіп әкеліп, анама айналған қамқор жанмен таныстыра салды.

2017 жылдың желтоқсан айында шет елге сапарға бардым. Қасымда Жамал тәтем бар. Қайтуға билет алып, асығып-аптығып жүріп, аэропорттың бизнес кластық жолаушыларды кіргізетін жағына өтіп кетіппін. Кезектің соңында толықша келген, әдемі киінген, келісті дөңгелек жүзінен нұр төгілген бір апай тұр. Мен амандаса кеттім, өйткені сыртқы түрі мен әсем жүзі жылы шырай шашып, мені өзіне еріксіз тарта берді.

- Қай баласың? Танымай жатырмын. Үлкейе бастаған шақта ондай-ондай болады. Мен сені танымын ба? – дейді апам күлімсіреп.

- Жоқ, - деп жатыр едім, артымнан келген Жамал тәтем:

- Күләш апай, қалыңыз қалай? – деп, көркем апайды құшақтай алды. Сөздерінен түсінгенім екеуі жерлес, Алматы облысы Ақсу ауданының аппақ айдай қос аққуы, белгілі қыздары екен. Екеуінің әңгімелері таусылар емес, біздің кезек экономайстер санатында болғандықтан, еріксіз Жамал тәтемді жетелеп, кете бардым. Жамал тәтем Күләш апайдың пионері, оқушысы екен,

Ұшаққа отырып, Қазақстанға бет алған сәтте қасымызға Күләш апай кеп тұр. Қолында екеуімізге арналған шкатулка сувенирі бар. Әңгіменің аяғы: мен Күләш апайды бірден ұнатқаным сонша, Талдықорғанға қонаққа шақырдым. Құр қонақ боп кету емес, біздің жетісулық қыз-келіншектерге психология, педагогика мәселелері жағынан лекция өткізіп, отбасы дәстүрлері мен әдет-ғұрыптар, жанұядағы татулық туралы сырласу кешін жасауды ұсындым. Сонымен Күләш апамыз 2018 жылдың наурыз айында бізге қонаққа келді. Жамал тәтенің ұйымдастыруымен қаламыздағы Достық үйінде үлкен кездесу өткіздік.

Сол күні ел де Күләш ғалымды таныды, мен де таныдым. Әрине, ол кісінің ғалымдығы жайлы талай білгірлер жазып жатыр ғой, мен бұл жерде Күләш апаймен араздағы етене жақындық, жылылық, тілектестік, бір-біріміздің жанымызды айтпай-ақ түсіну сияқты ерекше сезімдерді жазсам деймін. Аразда ана мен қызындай бір көзқарас бірлігі қалыптасқанын айтсам деймін. Тіпті ол менің балаларымның әжесіндей болып кетті. Шешем ерте қайтыс болып, балалар оның қамқорлығын сезіне алмады. Ал менің супер педагог, психолог Күләш апам Бекарыс ұлым мен Салтанат қызымның кішкене пәк

жүректерінің кілтін сырт еткізіп ашып, олардың туған әжесіне айналып жүре берді. Біз оған Алматы шаһарына қонаққа барамыз, ол бізге келеді, сағынысып отырамыз. Үйге келгенде тура анам сияқты: «Қызым, мынаны былай істе, бұның осылай болғаны дұрыс», - деп ақыл береді. Ақылы көңіліме қона қояды. Өйткені ол кісі менің көңілімнің төріне бірден қонақтай білді.

Сөйтіп жүргенде, Әсем қызым күйеуге шығатын болды, үйге сонау батыстағы Орал қаласынан құдалар келгелі жатыр. Күләш апай екі-үш күн ертерек келіп, ақылы мен қолғабысын тигізе бастады. Мен бейне анашым келгендей қуандым. Үйдің ішіндегі жиһаздардың орнын ауыстырып, әлдебір тазалық пен реттілікке қатысты нұсқауларын беріп, ыдыс-аяқтың жөнін бақылап, құда күтудің жол-жоралғыларын айтып, тіпті қазіргі қазақ тойы мен өткен ғасырдың сексенінші жылдарындағы тойларды салыстыра отырып, мазмұнды да бай, әсерлі әңгімесімен аузымды аштырды.

Жоғары сынып жасы – жыныстық жағынан жетіліп, физикалық жетілудің бастапқы кезеңі. Физикалық және ақыл ой дамуының дайын болған кезі. Физикалық дамудың жағымды сипаты балаларда спорт пен еңбекте қабілеттері мен дағдыларының жағымды қалыптасуы тұлғаның кей қасиеттерінің дамуына да ықпал етіп, осы жаста өзінің физикалық күші, денсаулығы мен сымбаттылығы жасөспірім қыз балалар мен ұл балалардың өзіне деген сенімділігіне, өмірлік әрекетіне ықпал етсе, ал керісінше өзінің физикалық тұрғыда әлсіздігі мен өзінің болмысына қанағаттанушылық кей балаларда тұйықтық, өз күшіне сенімсіздік, пессимизм туғызады. Жасөспірім балаларда сабақ оқуға деген қатынастың дамуы мотивтердің сипатымен анықталады. Бірінші орынға, өзін анықтау, болашағына қатысты өмірлік жоспарларымен байланысты мотивтері шыға бастайды. Жоғары сынып оқушыларының психикалық дамуы оның дамуының әлеуметтік жағына байланысты. Яғни, қоғам алдында өзіне мақсат қоюы, өзін кәсіби тұрғыда айқындау. Кей жоғары сынып оқушылары өмірдің бұл өтпелі кезеңінен байыппен өтіп, жаңа қатынастар жүйесіне еркін қосыла бастайды. Олар жалпы қабылданған құндылықтарға қызығушылық танытып, қоршған адамдардың, ересектердің бағасына бейімделе бастайды. Кей балаларда өзін басқаруы жақсы дағымғандықтан, белгілі өзгерістер дамуындағы күрделілі қиындықтарсыз өтеді. Бірақ, басым жоғары сынып оқушылары белгі іөмір тәжірибесіне орай ересектерге қарағанда алаңдаушылықтың белгілі күйін кешеді. Жеткіншек жастан жасөспірім жасқа өту болашаққа деген көзқарастардың өзгеруімен сипатталады: жеткіншек бала болашаққа бүгінгі көзқараспен қараса, ал жасөспірім бала болашақ тұрғысынан бүгінгі күнге көз салады. Мамандықты дұрыс таңдау, ЖОО орнын таңдау жасөспірім ұл балалар мен қыз балалардың өмірін дифференциациялап, жеке психологиялық айырмашылықтар мен әлеуметтік психологиялық айырмашылықтардың негізін қалайды.

Оқу әрекеті жасөспірім ұл балалар мен қыз балалардың кәсіби, тұлғалық талпыныстарын жүзеге асртын оқу кәсіби әрекетіне айналады. Жетекші орынды өзіндік өмір сүруге дайындық пен өзін анықтаумен байланысты мотивтер алады. Бұл мотивтер кейін олар үшін тұлғалық маңызды сипатқа ие болады.

Дәл осы кезеңде жоғары сынып оқушыларының алдында емтихандық стресс туындап, ол жоғары сынып оқушыларының психикалық қысымын шақыратын белгілі себептердің бірі.

Осыған байланысты В.М. Вергунова, А.В.Лейфа емтихандық күйзеліске тиіс төрт симптомды бөліп көрсеткен: физиологиялық топ (дене бөртпелері, қышу, жүрек айну, бастың ауыруы, қас қысымының түсуі немесе көтерілуі, бұлшықет қысымы); эмоционалды симптомдар (қорқыныш, алаңдаушылық, шашыраңқылық, депрессия, тітіркену, еңсесінің түсуі); когнитивті симптомдары (өзін шамадан тыс сынға алу, емтихандағы сәтсіздіктер салдарын елестету т.б.); әрекеттік симптомдар (емтиханға дайындалудан қашу, емтиханға дайындалудан басқа жұмыстармен айналасу, ұйқысы мен тәбетінің жоғалуы, темекі немесе өзге зиянды заттарға әуестенуі т.б) [2].

Жоғары сынып оқушыларында күйзеліс туғызатын факторларға:

- жоғары академиялық талаптар;
- оқу нәтижесіне қойылатын талаптар;
- отбасы қатынасының өзгеруі;
- мектептегі «әлеуметтік статусының өзгеруі» т.б

Әрине, келетін ақпараттардың түрлігі, түрлі интернеттік ақпараттардың қолжетімділігі, түрлі әлеуметтік, психологиялық жағдайлар жоғары сынып оқушыларына түрліше ықпал етеді. Бұндай психологиялық, педагогикалық жағдаяттарды тиімді шешу тұлғаны психикалық тұрғыдан қорғау бойынша білімді қажет етеді. Бұл білімдер тұлға мен қоғамның психологиялық мәдениетінің негізі саналады. Күйзелісті жеңіп, өзінің қорғаныштық әрекетін талдай алуы өзара қарым қатынастағы түсінушілікті де жоғарлатады. Жағымды тұлғааралық қатынастар мектепте де, отбасында, күнделікті өмірде де жағымды жағдайтуғызуға мүмкіндік береді.

Жасөспірім балалардың дамуы мен әрекетін нәтижелі басқару оның заңдылықтарын білмей мүмкін болмайды. Тұлғаның базалық қасиеттері туғаннан бастап жеке сипатта болады. Кейін бұл ерекшеліктер мінез құлықта көрініс тауып, өзара әрекеттесу барысында қалыптасады.

Психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді талдау барысы жоғары сынып оқушыларына ықпал ететін факторлардың түрлі екендігін, және олардың салдарының түрлі екендігін айқындайды. Осы орайда Селье, С. Розенцвейг, Тарабрина Н. В, Рогов Е. И, А.В. Петровский сияқты ғалымдардың күйзеліс пен фрустрация туралы түсініктері мен анықталары; Н.Д. Левитов, Л.А. Китаев-Смык, Кон И.С, Кроль тарапынан зерттелінген жасөспірім жастағы күйзеліс пен фрустрацияның психологиялық ерекшеліктері; укин С.Е, Старикова С, Шоттенлоэр Г, Копытин тарапынан қарастырған арттерапия құралдары мен әдістері арқылы күйзеліс пен фрустрацияны түзету жолдарын зерттеудің процессуальды сипаты зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындай түскендей [3].

Л. И. Божович, А.И. Жуков, А.И. Захаров, А.Г, Здравомыслова, В.А. Иванникова, Л. Е. Личко, Д.А. Леонтьева, С.С. Либих, М.С. Лебединский, В.Н. Мясищев, А.М. Прихожан, В. Е. Рожнов, Н.Н.Толстых, Г.А. Цукерман, Э.Г. Эйдемиллер сияқты ғалымдардың айтуы бойынша күйзеліске төтеп берушілік адам баласының жеке психологиялық ерекшеліктері мен тұлғаның мотивациялық бейімдеушілігімен анықталады. Күйзеліс жағдайлары балалардың кез келген орындайтын іс әрекетіне кері ықпал етеді. Атап өтетін маңызды жайт, жоғары сынып оқушылары ересектерге қарағанда күйзеліске бейім келеді және олардың көрініс табу сипаты да түрліше болады. Тіпті бірдей күйзеліс жағдайындағы екі баланың өзінде оның көрініс реакциясы түрліше болуы мүмкін. Біреулері депрессияға ұшырап, жолдастарынан, ата аналарынан алшақтап, сөйлеспейтін болса, ал өзгелері қозу, ашушандық білдіріп, өзін басқару қабілетін жоғалтуы мүмкін.

Ол түрлі факторлар туындауы мүмкін. Дегенімен, оның алдына алу шаралары, ал пайда болса оны түзету жолдарын айқындау маңызды. Рид Лоусон («Фрустрация. Развитие научной концепции» атты еңбегінде фрустрацияны түзетудің тиімді жолдарының бірі ретінде арт теорияны қарастырып, оны әр жастағы балалар үшін, соның ішінде «жоғары сынып оқушылары» үшін әмбебап екендігін атап өткен. Ғалымның пайымдауынша, жоғары сынып оқушыларындағы күйзеліс пен фрустрация аналитикалық, анықтаушы сипатқа ие болып, түзетудің кешенді сипатын қажет ететіндігін айтқан.

### **Әдебиеттер:**

1. Левитов Н.Д. Фрустрация как один из психических состояний // Вопросы психологии. -1967.-№6.-С.118-12
2. Дмитриева Е.В., Богомаз С.А. Методика рисуночных фрустрационных ситуаций А.Розенцвейга. - Томск, 2000.
3. Бодров В.А. Психологический стресс: развитие учения и современное состояние проблемы. М. Инт-т. Психологии РАН 1995

*Асқарқызы Б.<sup>1</sup>, Бердібаева С.Қ.<sup>2</sup>, Масимбаева А.А.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>ҚазҰУ жалпы және қолданбалы психология кафедрасының магистранты*

*<sup>2</sup>ҚазҰУ психология ғ.д. профессор*

*<sup>3</sup>ҚазҰУ педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы*

### **ЗАМАНАУИ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІКТІ ЗЕРТТЕУ**

Мақалада стрессті түсінудің негізгі тәсілдері, стресстің адамға физикалық және эмоционалды әсерінің мәні, теріс стрессті бейтараптандыру тәсілдері, сонымен қатар фрилансерлар мен ресми кеңсе қызметкерлері арасындағы стресс туралы статистика қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** стресс, стресске төзімділік, Г.Селье теориясы, психология, психологиялық денсаулық.

Бүгінде адамдардың эмоционалды сарқылуы әрдайым стресстен, мазасыздықтан тұрады. Бұл факт белгілі, бірақ проблеманың психологиялық мазмұны: бұл стрессті әрдайым біле бермейді, сондықтан адам өмірінің өнімділігін арттыру үшін стресстің жағдайын реттеу, сонымен қатар басқару мүмкіндігі азаяды. Сол себепті біз стресс мәселесін жалпы зерттеуді және адамның іс-әрекетіне байланысты осы мәселенің ерекшелігін қарастырамыз. Зерттеудің нысаны - стресс психологиялық құбылыс ретінде, ал тақырып – стресстің адамға әсері.

Зерттеудің мақсаты стресске қарсы әрекетті зерттеу болса, ал міндеттер келесі тармақтарды қамтиды: а) стресс әсерінің теориясын және салдарын зерттеу; б) стресске қарсы күрестің тәсілдерін зерттеу; в) фрилансерлар мен ресми қызметтегі адамдардың арасында тестілеу жүргізу және нәтижелерін талдау.

Біздің жұмысымыздың теориялық негізі Нобель сыйлығының лауреаты Г. Сельенің еңбектері болып табылады. Ганс Селье тұжырымдаған стресс тізбесі физиологиялық стрессті ағзаның өз-өзіне қойылған кез-келген талаптарға жауап ретінде қарастырады. Ганс Селье ағзаның жайлы өмір сүру жолында тұрған кез-келген қиындықты әрекеттердің екі түрімен шешуге болады деп санайды: белсенді – күрес, және өтпелі – қиындықтарға төтеп беруге дайын болу не болмаса олардан қашуға дайын болу. Шахмат ойнау немесе қарапайым құшақтың ең қалыпты түрі де денеге ешқандай зиян келтірместен айтарлықтай стрессті тудыруы мүмкін.

Г. Селье өз "Күйзеліссіз стресс" еңбегінде осы саладағы жұмысын қорытындылайды, сонымен қатар стресске келесідей анықтама береді: "стресс – бұл ағзаның кез-келген тітіркендіргіш факторға нақты емес жауабы" [3]. Кез-келген агрессивті факторлар белгілі-бір реакция тудырады. Мысалы, температураның жоғарылауымен терлеу, қан тамырларының тарылуы мен аязда жылу жоғалуының төмендеуі және т.б. алайда, агрессивті әсерлерге арнайы физикалық реакциялардан басқа, адам организмінде әр әсерге тән емес реакциялар пайда болады. Стресс неғұрлым күшті және ұзақ болса, оның денсаулыққа кері әсері соғұрлым көп болады, себебі стресс пен оның салдары құбылыстарға тікелей пропорционалды. Кері әсер бірден көрінбеуі мүмкін, бірақ ұзақ мерзімді әсері жиі өмірге қауіпті ауыр ауруға айналады. Бұл аурулардың қатарына инфекциялар, стенокардия, қандағы қанттың жоғарылауы, май қышқылдарының жоғарылауы, гипертония, гастрит, ұйқысыздық, невроздар, колит, асқазан жарасы, депрессия, холелитиаз және жалпы иммунитеттің төмендеуін жатқызуға болады.

Психоэмоционалды жағдайды түзетудің көптеген әдістері бар, басты қиындық, жеке тұлғаның жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін әдісті, екінші жағынан, нақты және қазіргі уақытта нақты жағдайларды таңдау болып табылады.

Стрессті азайтудың қарапайым физикалық әдістері - төмен немесе жоғары температуралармен әсер ету, әртүрлі спектрлік құрамның жарығы және т.б. стрессті реттеудің физиологиялық әдістері ағзадағы физиологиялық процестерге, атап айтқанда тыныс алу және бұлшық ет, жүрек-тамыр жүйелеріне тікелей әсер етуден тұрады. Стресс деңгейін өздігімен, не болмаса басқа адамдардың, техникалық құралдардың көмегімен де реттеуге болады.

Өндірістік күйзелістерге төтеп беру жағдайында стресске қарсы қорғаудың барлық әдістерін ұйымдастырушылық және психопрофилактикалық деп бөлетін функционалды жағдайларды оңтайландыру әдістерінің өзіндік жіктелімі бар.

Әдістердің бірінші тобы өндірістік орта факторларының "зияндылық" дәрежесін төмендетуге және олардың адамның (қызметкердің) психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігін арттыруға бағытталған. Бұл тәсілдің негізгі бағыттары:

1) еңбек процестерін оңтайландыру – жұмыстың оңтайлы алгоритмдерін құру, қолайлы уақыт шектеулерін қамтамасыз ету және т. б.;

2) жұмысшының психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес еңбек құралдарын жетілдіру;

3) қолайлы еңбек және демалыс режимдерін әзірлеу;

4) жұмыс орындарын ұтымды ұйымдастыру;

5) жұмыс коллективінде қолайлы климат құру;

6) жұмыскердің моральдық және материалдық уәждемесі.

Әдістердің екінші тобы тікелей қызметкердің психикасына, оның функционалды жағдайына бағытталған және оған келесі әдістер кіреді:

1) түс пен музыкаға әсер ету;

2) биологиялық белсенді нүктелерге әсер ету;

3) сауықтыру дене жаттығулары;

4) сендіру, ұсыну және өзін-өзі ұсыну;

5) медитация және тыныс алу жаттығулары.

Стресстің оңтайлы деңгейі – бұл екі шектің арасындағы тепе-теңдік. Әрбір жеке адам үшін оның белсенділігі жеткілікті тиімді және сонымен бірге стресс деңгейі күйзеліске ұшырамайтын оңтайлы активтендіру бар деген болжам бар. Алайда, мен жұмыс стресінің проблемаларына, сондай-ақ фрилансерлардың ықтимал стресске төзімділігі туралы практикалық мәліметтерге назар аударғым келеді. Біз фрилансер болып жұмыс істейтін адамдар арасында тестілеу өткіздік және олардың нәтижелерін ресми жұмыс жасайтын қызметкерлердің нәтижелерімен салыстырдық. Тестілеу үшін біз ВФ МГЭИ жалпы психология кафедрасының профессоры және биология ғылымдарының докторы Ю. Щербатых әзірлеген әдістемені таңдадық [4].

Ал таңдама бұл фрилансерлар, бақылау тобы ресми кеңсе қызметкерлері. Фрилансер (ағылш. freelancer, сондай — ақ еркін суретші [5]) - еркін жұмысшы. Фрилансер термині әдетте Уолтер Скоттқа қатысты ("Айвенго" романында (1819) ортағасырлық жалдамалы жауынгерді сипаттау үшін қолданылады. "еркін найза" (lance — Рыцарлық найза)[1][2].

Фрилансердің өзі көбінесе өз қызметтерін ұсынады — мамандандырылған онлайн-ресурстарда, газет жарнамалары арқылы немесе "ауызша радио", яғни жеке байланыстар арқылы. Фрилансинг әсіресе журналистика (және мәтінді жазуға байланысты басқа да қызмет түрлері), заң, компьютерлік бағдарламалау, сәулет, дизайн сияқты барлық салаларда кең таралған (жарнама, веб-дизайн, интерьер дизайны және т. б.), аударма, фото және видео түсіру, әр түрлі сараптамалық және кеңес беру қызметі, бірақ штаттан тыс жұмыстар құрылыс саласында да кең таралған. Мердігер фирмаларға жұмыс штатын ұстағаннан гөрі маусымға жұмысшыларды жалдау тиімдірек.

Фрилансинг нарығы қазіргі уақытта Батыс Еуропа мен АҚШ-та жеткілікті түрде дамыған және бүкіл әлемде қарқынды дамып келеді, өз қызметтерін ұсынатын орындаушылар тарапынан да, штаттан тыс ынтымақтастыққа дайын жеке тұлғалар мен ұйымдар тарапынан да жаңа қатысушыларды тартады (көбінесе қашықтан жұмыс жасау негізде) [1].

Зерттеу әдістемесі бойынша фрилансерлар берілген пікірлердің олардың өмір шындығына сәйкестігін бағалау керек болды. Біздің зерттеуіміздің гипотезасы ресми жұмыс істейтін мамандар фрилансер мамандарға қарағанда стресске төзімділік деңгейіне ие. Тест нәтижелері көрсеткендей (кесте. 1) фрилансерлардың көрсеткіштері ресми жұмыс жасайтын мамандардан алынған тестілеу көрсеткіші әлдеқайда жоғары.

#### Кесте 1

##### Тестілеу жауаптары

Тестілеу пункттері	Ресми қызметкерлердің орташа көрсеткіші	Фрилансерлардың орташа көрсеткіші
Біз әсер ете алмайтын жағдайларға реакция	8	27,2
Барлығын қажетсіз түрде қиындатуға бейімділік	9	23,4
Психосоматикалық ауруларға бейімділік	6	20,1
Стресті жеңудің деструктивті жолдары	5	22,1
Стресті жеңудің сындарлы тәсілдері	19	21,3
Стресске динамикалық сезімталдық көрсеткіші:	11	63,4

Шын мәнінде, бұл тест адамның стресске сезімталдық көрсеткіштерін бағалайды, демек, субъектінің стресс сезімталдығы неғұрлым төмен болса, оның стресске төзімділігі соғұрлым жоғары болады. Айта кету керек, көптеген фрилансерлардың көрсеткіштері норма болып саналатын аралықта болса да, олар конструктивті емес, стрессті бейтараптандырудың деструктивті тәсілдерімен сипатталады. Тестілеуге қатысушылардың көпшілігі стрессті "ұстап алады" немесе басқа біреуге кедергі келтіреді. Сонымен қатар, кейбір фрилансерлар никотин мен алкогольді қолдануға жүгінеді.

Эксперименттен өткен фрилансерлардың барлығы дерлік соңғы 2 жыл ішінде өздерінің тұрақты күйзеліс деңгейі артқанын айтады. Тұрақты теріс эмоцияларды көптеген бәсекелестіктер, тапсырыстар, ақпарат көлемінің өсуі және оны өңдеуге кететін уақыттың азаюы және ертеңгі күнге сенімсіздік сияқты көптеген факторлар арттырады.

Барлық еркін жұмыс уақыты кезінде фрилансерларда күйзелістерге бейімделудің қанағаттанарлық деңгейі байқалса да, карантин кезінде фрилансерлардың 26%-да ағзаның бейімделу қабілеті төмендеді, мұны карантин кезінде жүргізілген зерттеулер көрсетті.

Дәл осы ұзақ мерзімді стресске бейімделе алу қабілеті ресми жұмыс істейтін қызметкерлерге қойылатын талап болып табылады. Атап айтқанда, кеңседе ресми жұмыс жасайтын қызметкер үлкен қызметтік жүктемеге ие, шешімдердің нәтижелері үшін жауапкершілік өмірді өзгерте алатындай жоғары бола тұра, соған төтеп бере алу ресми қызметкердің негізгі артықшылығы болып табылады.

Қиындықпен күресу әдістеріне келетін болсақ, олар барлығына қолданылатын стандартты шаралар жиынтығын ғана емес, сонымен қатар мамандардың көмегімен анықталған қатаң жеке шараларды да қамтиды. Бұл қазіргі стресстік жағдайды ұтымды шешуге әкелуі мүмкін және мүмкін болатын бейтараптандырудың әртүрлі шараларының сауатты үйлесімі.

Көптеген ресми кеңселік жұмыс орындары өз қызметкерлерінен стресске төзімділікті және психикалық тұрақтылықты талап етеді. Кеңсе жұмысы қызметтік жүктемеге ғана емес, сонымен бірге моральға да үйретеді. Кеңседе ресми жұмыс жасау үшін конструктивті жеңе отырып стресстік жағдайларды болдырмай, деструктивті сақтай отырып, өзін-өзі ұстай білуі және салауатты көзқарасты керек етеді. Біздің зерттеуіміз сыналған фрилансерларда стресске жеткілікті жоғары қарсылықты, сондай-ақ проблемалық жағдайларды шешудің деструктивті шараларына деген ұмтылысты анықтады.

Көп жағдайда нәтижелерде анықталған айырмашылық, әрине, тестіленетін адамдар санатын жас ерекшелігімен ажыратады. Дәлірек айтқанда, адамның психологиялық тұрақтылығын құратын қажетті өмірлік және кәсіби тәжірибенің болуы. Бұл айырмашылық тестіленген топтардың бірінің — мүмкін мамандардың қызмет түрінен де пайда болады деп болжауға болады, олардың жұмыс істеу формасының өзі теріс эмоционалды әсердің көптеген түрлеріне төзімділікті дамытуды қамтиды.

Әдебиеттер:

1. Витушкин Д. Свободные копыеносцы атакуют. // Санкт-Петербургские ведомости. Вып. № 099 от 02.06.2011
2. Вальтер Скотт. Биография и библиография.
3. Селье, Г. Стресс без дистресса. – М.: Прогресс, 2012. – 318 с.
4. Щербатых, Ю. В. Психология стресса и методы коррекции. – СПб: Питер, 2015. – 43 с.
5. freelancer // English for Legal Professionals. Издательство «Проспект», 2018.

*Асқарқызы Б<sup>1</sup>. Бердібаева С.Қ.<sup>2</sup> Абиров М. Р.<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>ҚазҰУ жалпы және қолданбалы психология кафедрасының магистранты*

*<sup>2</sup>ҚазҰУ психология ғ.д. профессор*

*<sup>3</sup>РММ "Құрлық әскерлерінің Әскери институты" Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министірлігі, полковник*

## **ЗАМАНАУИ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ СТРЕССТІ ЗЕРТТЕУ**

Мақалада стрессті түсінудің негізгі тәсілдері, стресстің адамға физикалық және эмоционалды әсерінің мәні, теріс стрессті бейтараптандыру тәсілдері, сонымен қатар фрилансерлар мен ресми кеңсе қызметкерлері арасындағы стресс туралы статистика қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** стресс, стресске төзімділік, Г.Селье теориясы, психология, психологиялық денсаулық.

Бүгінде адамдардың эмоционалды сарқылуы әрдайым стресстен, мазасыздықтан тұрады. Бұл факт белгілі, бірақ проблеманың психологиялық мазмұны: бұл стрессті әрдайым біле бермейді, сондықтан адам өмірінің өнімділігін арттыру үшін стресстің жағдайын реттеу, сонымен қатар басқару мүмкіндігі азаяды. Сол себепті біз стресс мәселесін жалпы зерттеуді және адамның іс-әрекетіне байланысты осы мәселенің ерекшелігін қарастырамыз. Зерттеудің нысаны - стресс психологиялық құбылыс ретінде, ал тақырып – стресстің адамға әсері.

Зерттеудің мақсаты стресске қарсы әрекетті зерттеу болса, ал міндеттер келесі тармақтарды қамтиды: а) стресс әсерінің теориясын және салдарын зерттеу; б) стресске қарсы күрестің тәсілдерін зерттеу; в) фрилансерлар мен ресми қызметтегі адамдардың арасында тестілеу жүргізу және нәтижелерін талдау.

Біздің жұмысымыздың теориялық негізі Нобель сыйлығының лауреаты Г. Сельенің еңбектері болып табылады. Ганс Селье тұжырымдаған стресс тізбесі физиологиялық стрессті ағзаның өз-өзіне қойылған кез-келген талаптарға жауап ретінде қарастырады. Ганс Селье ағзаның жайлы өмір сүру жолында тұрған кез-келген қиындықты әрекеттердің екі түрімен шешуге болады деп санайды: белсенді – күрес, және өтпелі – қиындықтарға төтеп беруге дайын болу не болмаса олардан қашуға дайын болу. Шахмат ойнау немесе қарапайым құшақтың ең қалыпты түрі де денеге ешқандай зиян келтірместен айтарлықтай стрессті тудыруы мүмкін.

Г. Селье өз "Күйзеліссіз стресс" еңбегінде осы саладағы жұмысын қорытындылайды, сонымен қатар стресске келесідей анықтама береді: "стресс – бұл ағзаның кез-келген тітіркендіргіш факторға нақты емес жауабы" [3]. Кез-келген агрессивті факторлар белгілі-бір реакция тудырады. Мысалы, температураның жоғарылауымен терлеу, қан тамырларының тарылуы мен аязда жылу жоғалуының төмендеуі және т.б. алайда, агрессивті әсерлерге арнайы физикалық реакциялардан басқа, адам организмінде әр әсерге тән емес реакциялар пайда болады. Стресс неғұрлым күшті және ұзақ болса, оның денсаулыққа кері әсері соғұрлым көп болады, себебі стресс пен оның салдары құбылыстарға тікелей пропорционалды. Кері әсер бірден көрінбеуі мүмкін, бірақ ұзақ мерзімді әсері жиі өмірге қауіпті ауыр ауруға айналады. Бұл аурулардың қатарына инфекциялар, стенокардия, қандағы қанттың жоғарылауы, май қышқылдарының жоғарылауы, гипертония, гастрит, ұйқысыздық, невроздар, колит, асқазан жарасы, депрессия, холелитиаз және жалпы иммунитеттің төмендеуін жатқызуға болады.

Психоэмоционалды жағдайды түзетудің көптеген әдістері бар, басты қиындық, жеке тұлғаның жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін әдісті, екінші жағынан, нақты және қазіргі уақытта нақты жағдайларды таңдау болып табылады.

Стрессті азайтудың қарапайым физикалық әдістері - төмен немесе жоғары температуралармен әсер ету, әртүрлі спектрлік құрамның жарығы және т.б. стрессті реттеудің физиологиялық әдістері ағзадағы физиологиялық процестерге, атап айтқанда тыныс алу және бұлшық ет, жүрек-тамыр жүйелеріне тікелей әсер етуден тұрады. Стресс деңгейін өздігімен, не болмаса басқа адамдардың, техникалық құралдардың көмегімен де реттеуге болады.

Өндірістік күйзелістерге төтеп беру жағдайында стресске қарсы қорғаудың барлық әдістерін ұйымдастырушылық және психопрофилактикалық деп бөлетін функционалды жағдайларды оңтайландыру әдістерінің өзіндік жіктемесі бар.

Әдістердің бірінші тобы өндірістік орта факторларының "зияндылық" дәрежесін төмендетуге және олардың адамның (қызметкердің) психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігін арттыруға бағытталған. Бұл тәсілдің негізгі бағыттары:

2) еңбек процестерін оңтайландыру – жұмыстың оңтайлы алгоритмдерін құру, қолайлы уақыт шектеулерін қамтамасыз ету және т. б.;

2) жұмысшының психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес еңбек құралдарын жетілдіру;

3) қолайлы еңбек және демалыс режимдерін әзірлеу;

4) жұмыс орындарын ұтымды ұйымдастыру;

5) жұмыс коллективінде қолайлы климат құру;

6) жұмыскердің моральдық және материалдық уәждемесі.

Әдістердің екінші тобы тікелей қызметкердің психикасына, оның функционалды жағдайына бағытталған және оған келесі әдістер кіреді:

1) түс пен музыкаға әсер ету;

2) биологиялық белсенді нүктелерге әсер ету;

3) сауықтыру дене жаттығулары;

4) сендіру, ұсыну және өзін-өзі ұсыну;

5) медитация және тыныс алу жаттығулары.

Стрестің оңтайлы деңгейі – бұл екі шектің арасындағы тепе-теңдік. Әрбір жеке адам үшін оның белсенділігі жеткілікті тиімді және сонымен бірге стресс деңгейі күйзеліске ұшырамайтын оңтайлы активтендіру бар деген болжам бар. Алайда, мен жұмыс стрессінің проблемаларына, сондай-ақ фрилансерлардың ықтимал стресске төзімділігі туралы практикалық мәліметтерге назар аударғым келеді. Біз фрилансер болып жұмыс істейтін адамдар арасында тестілеу өткіздік және олардың нәтижелерін ресми жұмыс жасайтын қызметкерлердің нәтижелерімен салыстырдық. Тестілеу үшін біз ВФ МГЭИ жалпы психология кафедрасының профессоры және биология ғылымдарының докторы Ю. Щербатых әзірлеген әдістемені таңдадық [4].

Ал таңдама бұл фрилансерлар, бақылау тобы ресми кеңсе қызметкерлері. Фрилансер (ағылш. freelancer, сондай — ақ еркін суретші [5]) - еркін жұмысшы. Фрилансер термині әдетте Уолтер Скоттқа қатысты ("Айвенго" романында (1819) ортағасырлық жалдамалы жауынгерді сипаттау үшін қолданылады. "еркін найза" (lance — Рыцарлық найза)[1][2].

Фрилансердің өзі көбінесе өз қызметтерін ұсынады — мамандандырылған онлайн-ресурстарда, газет жарнамалары арқылы немесе "ауызша радио", яғни жеке байланыстар арқылы. Фрилансинг әсіресе журналистика (және мәтінді жазуға байланысты басқа да қызмет түрлері), заң, компьютерлік бағдарламалау, сәулет, дизайн сияқты барлық салаларда кең таралған (жарнама, веб-дизайн, интерьер дизайн және т. б.), аударма, фото және видео түсіру, әр түрлі сараптамалық және кеңес беру қызметі, бірақ штаттан тыс жұмыстар құрылыс саласында да кең таралған. Мердігер фирмаларға жұмыс штатын ұстағаннан гөрі маусымға жұмысшыларды жалдау тиімдірек.

Фрилансинг нарығы қазіргі уақытта Батыс Еуропа мен АҚШ-та жеткілікті түрде дамыған және бүкіл әлемде қарқынды дамып келеді, өз қызметтерін ұсынатын орындаушылар тарапынан да, штаттан тыс ынтымақтастыққа дайын жеке тұлғалар мен ұйымдар тарапынан да жаңа қатысушыларды тартады (көбінесе қашықтан жұмыс жасау негізде) [1].

Зерттеу әдістемесі бойынша фрилансерлар берілген пікірлердің олардың өмір шындығына сәйкестігін бағалау керек болды. Біздің зерттеуіміздің гипотезасы ресми жұмыс істейтін мамандар фрилансер мамандарға қарағанда стресске төзімділік деңгейіне ие. Тест нәтижелері көрсеткендей (кесте. 1) фрилансерлардың көрсеткіштері ресми жұмыс жасайтын мамандардан алынған тестілеу көрсеткіші әлдеқайда жоғары.

Кесте 1

Тестілеу жауаптары

Тестілеу пункттері	Ресми қызметкерлердің орташа көрсеткіші	Фрилансерлардың орташа көрсеткіші
--------------------	---	-----------------------------------



Біз әсер ете алмайтын жағдайларға реакция	8	27,2
Барлығын қажетсіз түрде қиындатуға бейімділік	9	23,4
Психосоматикалық ауруларға бейімділік	6	20,1
Стресті жеңудің деструктивті жолдары	5	22,1
Стресті жеңудің сындарлы тәсілдері	19	21,3
Стресске динамикалық сезімталдық көрсеткіші:	11	63,4

Шын мәнінде, бұл тест адамның стресске сезімталдық көрсеткіштерін бағалайды, демек, субъектінің стресс сезімталдығы неғұрлым төмен болса, оның стресске төзімділігі соғұрлым жоғары болады. Айта кету керек, көптеген фрилансерлардың көрсеткіштері норма болып саналатын аралықта болса да, олар конструктивті емес, стресті бейтараптандырудың деструктивті тәсілдерімен сипатталады. Тестілеуге қатысушылардың көпшілігі стресті "ұстап алады" немесе басқа біреуге кедергі келтіреді. Сонымен қатар, кейбір фрилансерлар никотин мен алкогольді қолдануға жүгінеді.

Эксперименттен өткен фрилансерлардың барлығы дерлік соңғы 2 жыл ішінде өздерінің тұрақты күйзеліс деңгейі артқанын айтады. Тұрақты теріс эмоцияларды көптеген бәсекелестіктер, тапсырыстар, ақпарат көлемінің өсуі және оны өңдеуге кететін уақыттың азаюы және ертеңгі күнге сенімсіздік сияқты көптеген факторлар арттырады. Барлық еркін жұмыс уақыты кезінде фрилансерларда күйзелістерге бейімделудің қанағаттанарлық деңгейі байқалса да, карантин кезінде фрилансерлардың 26%-да ағзаның бейімделу қабілеті төмендеді, мұны карантин кезінде жүргізілген зерттеулер көрсетті.

Дәл осы ұзақ мерзімді стресске бейімделе алу қабілеті ресми жұмыс істейтін қызметкерлерге қойылатын талап болып табылады. Атап айтқанда, кеңседе ресми жұмыс жасайтын қызметкер үлкен қызметтік жүктемеге ие, шешімдердің нәтижелері үшін жауапкершілік өмірді өзгерте алатындай жоғары бола тұра, соған төтеп бере алу ресми қызметкердің негізгі артықшылығы болып табылады.

Қиындықпен күресу әдістеріне келетін болсақ, олар барлығына қолданылатын стандартты шаралар жиынтығын ғана емес, сонымен қатар мамандардың көмегімен анықталған қатаң жеке шараларды да қамтиды. Бұл қазіргі стресстік жағдайды ұтымды шешуге әкелуі мүмкін және мүмкін болатын бейтараптандырудың әртүрлі шараларының сауатты үйлесімі.

Көптеген ресми кеңселік жұмыс орындары өз қызметкерлерінен стресске төзімділікті және психикалық тұрақтылықты талап етеді. Кеңсе жұмысы қызметтік жүктемеге ғана емес, сонымен бірге моральға да үйретеді. Кеңседе ресми жұмыс жасау үшін конструктивті жеңе отырып стресстік жағдайларды болдырмай, деструктивті сақтай отырып, өзін-өзі ұстай білуі және салауатты көзқарасты керек етеді. Біздің зерттеуіміз сыналған фрилансерларда стресске жеткілікті жоғары қарсылықты, сондай-ақ проблемалық жағдайларды шешудің деструктивті шараларына деген ұмтылысты анықтады.

Көп жағдайда нәтижелерде анықталған айырмашылық, әрине, тестіленетін адамдар санатын жас ерекшелігімен ажыратады. Дәлірек айтқанда, адамның психологиялық тұрақтылығын құратын қажетті өмірлік және кәсіби тәжірибенің болуы. Бұл айырмашылық тестіленген топтардың бірінің — мүмкін мамандардың қызмет түрінен де пайда болады деп болжауға болады, олардың жұмыс істеу формасының өзі теріс эмоционалды әсердің көптеген түрлеріне төзімділікті дамытуды қамтиды.

#### *Әдебиеттер:*

1. Витушкин Д. Свободные копыеносцы атакуют. // Санкт-Петербургские ведомости. Вып. № 099 от 02.06.2011
2. Вальтер Скотт. Биография и библиография.
3. Селье, Г. Стресс без дистресса. – М.: Прогресс, 2012. – 318 с.

4. Щербатов, Ю. В. Психология стресса и методы коррекции. – СПб: Питер, 2015. – 43 с.
5. freelancer // English for Legal Professionals. Издательство «Проспект», 2018.

### *ЖАРАС СЕЙІТНҰР*

*психология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ –дің жалпы және қолданбалы психология кафедрасы,*

## **БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ**

Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысында сөйлеген сөзінде: «Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тек мерейтой деп санауға болмайды. Ең алдымен, бұл тарихи оқиғаға идеологиялық тұрғыдан қарауымыз керек, – деді [1]. Бұл білім мен ғылым саласы үшін де аса маңызды бағыт нұсқау боп табылады. Мемлекет басшысы адам капиталының сапасын арттыру жүргізіп отырған саясаттың негізгі бөлігі екенін айта кетеді. Біздің ойымызша, кез келген реформалар мен жаңғырту жұмыстары қазақ ұлтының мүмкіндіктерін ашуға бағытталуы тиіс. Тәуелсіздік факторының Қазақстан халқының басым бөлігін құрап отырған байырғы халықтың, әсіресе қазақтілді қауымның әлеуетін ашуға мүмкіндік бермесе оның қандай құндылығы мен мән-мағынасы бар? Не үшін автохтон этностар саяси тәуелсіздік алуға ұмтылады? Ұлт-азаттық қозғалыстар неліктен орын алады? Осы іргелі сұрақтың басын ашып алмай ұлттың дамуы туралы және білім беру жүйесіндегі өзгерістер туралы сөз қозғаудың мағынасы жоқ сияқты.

Әлемдік білім беру кеңістігінде орын алып жатқан трендтерге байланысты елімізде жалпы білім беру мазмұнын жаңарту қолға алынды. Қазақстан Батыс елдері мен Ресей сияқты құзыреттілік тұғырына (approach) көше бастады. Бүгінде білім беру саласында құзыреттілік тұғыры (компетентностный подход) жаңа парадигма ретінде қарастырылып жүр. Шетелдік және отандық зерттеушілердің жарық көрген теориялық және ғылыми-әдістемелік еңбектерінде құзыреттілік тұғырының мәні және білім беру жүйесінің әр түрлі деңгейлерінде оны қалай қалыптастыру мәселелері талданылуда [2-8]. Ғалымдар «құзыр» (компетенция), «құзырет», «құзыреттілік» (компетентность), «құзыреттілік тұғыр» сияқты ұғымдардың қандай мағынаға ие екендігі, бұл ұғымдардың еліміздің білім беру жүйесінде маңыздылығы неде деген сауалдар төңірегінде пікір таластыруда.

Кез келген жаңа бағытты, әдіснаманы енгізуден бұрын оның түп-тамырына көз жүгірту маңызды. Идея қайдан шықты, нені көздейді және кімге пайдалы? Өйткені, кез келген бағыттың методологиясымен қатар идеологиясы бар екені белгілі. Ең алдымен, айтарымыз, бұл бағыт басқа мәдени-тарихи топырақта пайда болды. Құзыреттілік, еп-білік (компетенция) - бұл бізге англосаксондық білім беру дәстүрінен келген ұғым. АҚШ-та психолінгвистика саласынан басталып өзге саларға енді (Н.Хомский). Сөйтіп, түрлі мағыналық өзгерістерге ұшырады. Құзыреттілік бағыттың теориясы мен практикасын жасаушылар мұны ескере ме?

Жалпы шетелдік зерттеушілер құзыреттілікке негізделген білім беру мәселесін ХХ ғ. 70-ші жылдардан бастап дамытып келеді екен. 2010 жылдан бастап Болон процесіне қосылған соң Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі елеулі өзгеріске ұшырады. Отандық білім беруді еуропалық стандарттарға сәйестендіруге ұмтылды. Содан бері құзыреттілік тұғыры үстем парадигмаға айналды. Алайда, құзыреттілік тұғырдың маңыздылығы және оны білім беру жүйесінде енгізу қажеттілігіне қарамастан, онда бірқатар қарама-қайшылықтардың, проблемалардың барын ескеруіміз қажет. Біздің жағдайда оның жүзеге асуы бірқатар қиындықтарға тап болды. Саяси-экономикалық, ұлттық-мәдени және

менталитеттегі айырмашылықтар өзіндік ықпалын тигізді. Қазірдің өзінде белгілі бір қорытынды жасауға болады. Ескі оқыту жүйесі барлық жерде жойылды, ал жаңасы еуропалық стандарттардың көбіне сыртқы түрі, формасын көшірді. Айта кету керек, АҚШ-тың өзі де елдегі екі білім беру жүйесін конвергенция жасауға тырысса да Болон стандарттарына бейімделе алмады. Оларды біріктіру идеясынан екі жыл өткен соң бас тартты. Сонымен қатар, Оксфорд, Сорбонна, Лейден университеттері және басқа да көрнекті университеттер Болон процесіне қатыспайды екен. Қазақстан халықаралық білім бәсекесіне еш дайындықсыз, білім министрлерінің жиі ауысуы жағдайында қосылды, мұнда олардың әрқайсысы өзіндік субъективті қателіктер жасап, бұлардың бәрі айналып келгенде жоғары сапалы білімнің нашарлауына әкелді. Қаржы жақсы бөлінетін бірен-саран таңдаулы оқу орындары болмаса көпшілікке арналған жоғары білім жүйесі мықты мамандарды даярлаудан қалды. Бұрынғы іргелі академиялық білімі мен кең көзқарасы бар мамандардың өзінен айырылып қалдық. Еуропаның өзінде жоғары білімді жастар арасында жұмыссыздық көп екен. ЖОО түлектері Болон процесі елдерінде жұмыспен қамтылады үміт ақталмай еңбек нарығында үлкен проблемалар туындады. Қағаз жүзіндегі арман-мұрат пен шынайы өмір алшақ боп шықты. Ендігі бір үміт құзыреттілік тұғырды білім жүйесіне дұрыстап енгізумен байланысты. Ол үшін оның плюсы мен минусын объективті саралау қажет.

Мамандар жалпы құзыреттілік тәсілдемеге көшу білімдік парадигмадан жаңа деңгейге ауысуды білдіреді дейді. Зерттеушілердің басым бөлігінің пікірі бойынша, құзырет түсінігі тек білімдер, дағдылар ғана емес, оны қолдана алуды, яғни, тұлғаның меңгерген білімді мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігін көрсетеді екен. Педагогтар құзыреттілік тұғырының пайда болуына себепші фактор ретінде бүгінгі таңдағы білім беру мазмұнының заманауи экономика мен өркениеттің сұранысына сәйкес болмауынан туындап отыр дейді. Өйткені, жаңа жағдайлар білім беру мәселесінде жаңа талаптар қояды. Алайда, құзыреттілік тұғырдың іске асу барысы көптеген сауалдар тудып отыр.

Ең алдымен, құзыреттілікке негізделген оқыту теориясына қатысты әдіснамалық және әдістемелік проблемалар бар. Біріншіден, терминология мәселесі айқын шешілмеген. Қазіргі кезде «құзырет» (компетенция) және «құзыреттілік» (компетентность) ұғымдары педагогика теориясы мен білім беру практикасында нақты анықталмаған. Әркім өзінше түсіндіреді. Оны түсінудің әртүрлі аспектілері бар: *жалпы тілдік, психологиялық, педагогикалық*. Біреулер оны өмірде табысқа жетумен байланыстырса, екіншілері алған білімді қолдана білушілікпен байланыстырады. Дағдылы сана оны пысықтық пен іс жүзіндегі, қажеттік тұрғысындағы мүдделерді көздейтін әрі пайдалы нәтиже беретін прагматизм ретінде қабылдайды. Қаншама мақалалар, монография мен кітаптар жарық көрсе де еліміздегі құзыреттілікке негізделген білім беру теориясының жеткілікті әзірленіп, өңделмегені туралы батыл айтуға болады. «Құзырет» және «құзыреттілік» түсініктерін қазіргі білім беруде дәйекті қолданудың өзі жеке бір мәселе боп отыр. Бұл ұғымдардың жалпы түсіндірілуі бар болғанмен терминдердің өзі дәл анықталмаған, жоғары білім беру педагогикасындағы мақсаттар мен өлшемдерді анықтауда қолданылатын басқа ұқсас ұғымдармен өзара байланысы мен арақатынасы, айырмасы сенімді ашылмаған. Мәселен, «құзыреттілік» және «біліктілік» терминдерін түсіндірудегі айырмашылықтар қандай?

Зерттеуші педагогтардың пайымдауынша, жаңа кезеңде білімге бағдарлау парадигмасы құзыреттілікке негізделген білім беру тәсілдемесімен ауыстырылуы тиіс. Алайда, шын мәнінде «құзыреттілік» ұғымы дәстүрлі мағынадағы «білім, білік, дағдылар» ұғымын жоққа шығармайды, керісінше практикалық бағдар, жеке тиімділікті ескере отырып оны кеңейтеді дейді. Жетекші мамандар мен реформаторлар жаңа парадигманы нанымды негіздеп бермегендіктен оны практиктер мен атқарушылар қалай түсінбек? Бұл түбегейлі өзгеше педагогикалық жүйе бола ма немесе сәл жаңарған ескі үлгі ме? Құзыреттілікке негізделген білімге көшу университетте білім сапасының жақсаруына

әкеледі ме? Академиялықтан бас тартып қолданбалыққа басымдық беру іргелі зерттеулерге қалай әсер етеді? Теория мен практиканы қарама-қарсы қою қаншалықты орынды? Негізі теория, құбылыстарды салыстыру мен талдау - бұл өмірдегі дұрыс жолды табуға арналған құралдар екенін қаперден шығармауымыз керек.

Жалпы құзыреттілік тұғырын түсінуде екі ұстаным бар. Алғашқылардың ұстанымы бойынша, ол жаңа парадигма және құзыреттілік кешенді әрі синергиялық құбылыс боп табылады. Ол нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына көшу қажеттілігінен туындаған. Құзыреттілік тұғыры бірінші орынға білім алушының хабардарлығын емес, нақты қаракет жасай білуін көрсетуі тиіс. Шын мәнінде, мәселе бұл білім беру мазмұнында іс-әрекет идеясының енуімен байланысты. Білімді қолдана білу технологиясы, маманның жасай алу қабілеті алға шығады. Ал келесі бір ұстаным бойынша, яғни скептик, күмәншіл әрі сыни қарайтын топтың көзқарасына сай жаңа парадигма туралы айту асыра сілтегендік. Принципті жаңа тұжырымдама, теория пайда болған жоқ. Бұл терминдік қана өзгеріс, Батыстан енген неологизм ғана. «Жаңа ыдысқа құйылған ескі шарап» сияқты. Түбегейлі, принципті айырмашылық жоқ деп санайды. Өйткені, құзыреттілік білім, ептілік, дағды ұғымдарын да қамтиды. Тіпті білімсіз қалай құзыретті маман туралы айтуға болады деген уәж айтуда. Сондықтан «құзыреттілік» пен «ептілік», «құзыреттілік» пен «кәсіпқойлық», «құзыреттілік» пен «білік», «құзыреттілік» пен «білімдарлық» түсініктерінің арақатынасын анықтауда маңызды.

Құзыреттілікке негізделген тұғыр шеңберінде «құзыр» (компетенция) және «құзыреттілік» (компетентность) деген екі ұғымды жиі қолданады. Алайда бұл ұғымдарды әлі күнге дейін бір мағыналы тұрғыда түсіндіру жоқ. Құзыреттілік тұғыры іске асырыла бастағанымен, әлі күнге дейін терминологияда шатасушылық бар. Негізгі ұғымдарының бірыңғай, ортақ бекітілген түсіндірмесі жоқ. Жалпы негізгі ұғымдардың мәнін айқын түсіну жұмысты саналы ұғынып жүргізуге ықпал етеді. Сол себепті білім беру үдерісіндегі құзыреттілік тұғырды қолдану үшін негізгі ұғымдарды анықтап алмаса тағы болмайды. Ғалымдардың едәуір бөлігі компетенцияны білім, білік және дағдылардың жиынтығы ретінде қарастыратындығы анықталды. Өйткені, біз «білім - білік - дағдылар» делінетін классикалық үштікті әдеттегідей өлшейміз және оны құзыреттілік деп атаймыз. Өйткені, құзыреттіліктің қалыптасу дәрежесін көп жағдайда анықтау және бақылау қиын. Ең күрделісі әркім «құзыреттілікті» әрқалай түсінеді.

Педагогтардың бір бөлігі еліміздің білім саласына «нәтижеге бағдарланған білім беру» идеясы пайда болуына байланысты «білім», «білік», «дағды», «ептілік», «іскерлік» сияқты дәстүрлі ұғымдардың орнын «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарымен алмастырылуы қажет деп санайды. Алайда «құзыреттілік» түсінігінің мән-мағынасын анықтау психологтардың, педагогтардың, маман-практиктердің және т.б. арасындағы бірталай пікірталас тудырып отырған әдіснамалық мәселе болып отыр. Жаңа психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау қазіргі уақытта «құзыреттілік» түсінігінің мәнін анықтау мәселесінде, оның құрылысы мен мазмұнын толықтыруда ортақ келісімнің жоқтығын көрсетеді. Ғылыми әдебиеттерді оқығаннан ұққанымыз, «құзыреттілік» ұғымы жетік біліктілік пен нәтиже жасаушылықты көрсету үшін қолданылады. Өнімділік пен нәтиже шығару аспектісін қамтиды. Қазақша ғылыми әдебиеттерде «компетенция» терминін құзыр, құзырылық, құзырет деп аудару кездеседі. Қазақша түсінігі «жасай алу» деген мағынаны білдіреді. Алайда идея түсінікті болғанымен «құзыреттілік» ұғымын операциялау күрделі боп отыр. Ғылыми жұмыста қолданылатын ұғымдар мен көрсеткіштерді өлшеу үшін таңдалған әдістер, әдістемелер арасында байланыс болуы қажет. Егер құзыреттілік ептілікке, дағдыларға, стандарттарға және өлшемдерге байланысты болса оларды практикаға көшіру, трансфер мәселесі қалай шешіледі?

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап педагог ғалымдардың зерттеулерінде құзыреттілік педагогикалық үрдісті басқару мен педагогтың кәсіби іс-әрекетін қамтитын білім берудің жаңа мақсаты, маңызды компоненті ретінде қарастырыла бастады. Compete

— негізгі латын термині, ол «білу», «істей білу» және «табысқа жету» дегенді білдіреді екен. Бұл мағыналар жалпы түрдегі құзыреттіліктің мәнін ашады. Семантикалық тұрғыда «білімді қолдану қабілеті», яғни психологиялық-педагогикалық білімдерін кәсіби әрекетінде қолдана білу іскерлігі, қазіргі білім беру технологияларын меңгеру және т.б. мазмұнды қамтиды. Педагогикада саласында компетенция (еп-білік) дегеніміз - білім алушының белгілі бір салада тиімді және нәтижелі қызмет етуі үшін қажетті білім дайындығына қойылатын нормативтік талап. Бұл талап бастапқыда студенттен бөлектенген және оны педагог алдын-ала қояды. Ал құзыреттілік дегеніміз - оқушының тиісті еп-білікті иеленуі, оның оған және іс-әрекет пәніне қатынасын білдіреді, яғни, бұл оқушының өнімді жүзеге асыруға қажетті және жеткілікті жеке қасиеттерінің жиынтығы.

Әр ұлттың концептосферасы әр түрлі болатындықтан, «компетенция» мен «компетентность» терминін қазақшаға дәл аудару мәселесі туындап отыр. Алғашқысы екіншісінің құрамына кіретін болса, олардың ара-жігін ажырату маңызды. Біздің жорамалымыз бойынша, «компетенция» сөзін *«еп-білік»* деп, ал тұлғалық интегралдық қасиет болғандықтан «компетентность» - *«құзыреттілік»* боп аударылғаны дұрыс. Сонымен, еп-білік - бұл сырттан берілген норма, ал құзыреттілік - бұл осы норманы иеленуді сипаттайтын тұлғаның жеке қасиеті.

Батыста құзыреттілікті анықтаудың бірнеше тұғырлары бар: американдық көзқарас бойынша құзыреттіліктерді қызметкерлердің мінез-құлқының үлгісі ретінде қарастырады. Қызметкер қажетті дағдылар мен білімге ие болса, жақсы нәтижелер көрсетеді. Еуропалық тұрғы бойынша, құзыреттілікті жұмыс міндеттері мен жұмыстың күтілетін нәтижелерін сипаттау ретінде қарастырады. Яғни, қабылданған стандарттарға сәйкес әрекет ету қабілеті маңызды. Құзыреттіліктің әр түріне дағдылар, білімдер, икемділіктер жиынтығы кіреді. Олар қызметкерлерде әртүрлі дәрежеде көрінеді. Адамның жеке қызығушылы мен өзін-өзі актуализациялау емес, оның ұйымның талаптарын сай болуына көңіл аударылады. Жұмыс берушінің мүддесі қызметкерлерден басым тұрады. Бизнес тұрғы деуге болады. Біздің ойымызша, құзыреттілік тәсілдемесі әдіснамалық тұрғыда прагматизм мен инструментализм жағына ойысқан деп санаймыз. Аксиологиялық аспект көп ескеріле бермейді.

Біз үшін құзыреттілік тұғырының қазақ ұлтының даму стратегиясына сай келуі маңызды. Әдетте стратегия деп белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттің ұзақ мерзімді жоспарын айтамыз. Стратегия негізгі мақсаттар мен басымдықтарды белгілеуді, мақсаттарға жету үшін іс-әрекеттерді анықтауды және іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін ресурстарды жұмылдыруды көздейді. Бірінші қатардағы басымдық берілетін дүниелер бар. Қазақ ұлтының мүддесі стратегиялық жоспарлаудың негізгі мазмұнын құрау керек. Ал бізде өкінішке орай басқаша боп шығып жатыр. Елдің әлеуетін дұрыс пайдалануымыз керек. Қазақтілділер де зияткерлік капитал деп саналуы тиіс. Өйткені, шетелге қашпай, атамекенінде қалуға мүдделі қауым ретінде ең алдымен, автохтон халық боп табылатын қазақтар екенін мойындауымыз керек. Стратегиялық жоспарлауда төлнұсқа (аутентті) шынайы қазақтарды адам капиталына жатқызуды ұмытып кетіп жатамыз. Түпнегіз ұлтсыз мемлекет болмайды.

Жалпы қоғам болған соң онда әр алуан идеологиялар мен түрлі ағымдар көп, алайда ұлт мұраты мен тәуелсіз ел болу мақсаты біреу ғана. Ол - қазақ этносының ұлт ретінде жойылып кетпеуі. Төл тілін, мәдениеті мен құндылықтарын, ата-бабалары аманат ретінде қалдырған жерді, табиғи байлығымыз мен тарихымызды сақтап қалуымыз маңызды. Яғни, стратегиялық мақсат-міндет - ұлт ретінде тірі қалу. Жасаған іс-әрекетіміздің мәні стратегиялық мақсат-міндеттен шықсақ қана орынды болады. Егер мемлекеттің стратегиясы оны құрушы этностың (мемлекет құрушы ұлттың) дамуы мен өркендеуіне жетелейтін болса, онда оны *ұлттық* деп санауға болады, әйтпесе оны *антиұлттық* деп бағалаймыз. Тарих ғылымында да өткенді түсіндірудің негізгі әдіснамасы ретінде осы ұстанымды басшылыққа алған жөн. Біз бұл әдіснамалық ұстанымды *«қазақцентризм»* деп атауды ұсынамыз. Қазақцентризмнің мәнісі - қазақ

мүддесіне бағытталған, бағдарланған ұстаным. Жетістік өлшемі – қазақ ұлтына пайдалы болу. Қазақ ұлтына қызмет ету. Білім мен ғылым саласы қазақ ұлтын көркейтуге бағытталмаса оның құны қандай? Кез келген реформа, жаңғырту осы үдеден шығуы тиіс. Университеттің жұмысы мен жетістігі жергілікті автохтон ұлттың білім сапасы мен құзыреттілігі артуымен өлшеуге болады. Қазақ тіліндегі өнімдердің сапасы мықты болу керек. Мемлекеттік тілдегі өнімге назар аудару маңызды. «Мемлекеттік тілдік құзыреттілік» болашақ мамандарды даярлаудың құрамдас бөлігі болуы тиіс. Өзге тілдің бәрі ана тілді дамыту құралы ғана. Әлем тілдерінің өзі қазақ тіліне қызмет ету керек. Аударма жұмысын жандандыруды күн тәртібіне қайта қою, қазақ тілін стратегиялық мақсатқа кіретін түйінді бөлік деп тану маңызды. Бұл тілдік бәсекеде ана тілімізді жоғалтпаудың шарты. Ұлттық стратегиялық мақсат болмаса онда біздің барлық істеген әрекеттеріміз бен тірлігіміз бекер болғаны. Ұлтымыздың болашағы мен қауіпсіздігі осыған байланысты. Күллі экономикалық шешімдер де осы тұрғыдан бағалануы керек. Бұл мақсатты ұлттық идеологияға айналдыруға болады. Байырғы халық өкілдеріне әлеуметтік лифт, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік туғызу қажет. Қазақтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, қазақтың саяси тұрғыдан өзін-өзі билеуі қазақцентризм методологиясының ажырамас бөліктері. Кез келген оқыту нәтижелерін бағалаудың әдіснамалық ұстанымы осыдан шығуы тиіс. Оқыту теориясы мен практикасы әдіснамасының негіздерін әзірлеуде де мұны басшылыққа алу ләзім. Егер мемлекет мәдени және ұлттық бағыттағы миссиясын жоғалтса, университеттің болашағы қандай болмақ? Университеттерге тек бизнес әлемнің басқару әдістерін кіргізу қандай қауіп-қатер әкелетінін ғалымдар да түсіну керек. Дәстүрлі университеттік мұрат ұлттық құндылықтарға теріс қарамайды.

Жалпы құзыреттілік тұғыр аясында білім беру нәтижесі түлектің еңбек нарығына кәсіби дайындығы болуымен анықталады. Ал еңбек нарығының өзгермелі екендігін ескерсек білім беру бағдармаларының икемді болуы маңызды. Бірақ практикада оқу траекториясын күрт өзгерте салу оңай емес. Озық болу жаңашылдық пен тәуекелді және жауапкершілікті өз мойнына алуды талап етеді. Оның үстіне, құбылмалы әлемде болашақты күнілгері абсолюті болжау мүмкін емес. Ешкім коронавирус инфекциясының пандемиясы орын алатынын күткен жоқ.

Бірақ бізде өкінішке орай, бір шектен екінші шекке шығу дәстүрі қалыптасқан. Терең ойламастан шетелге көзсіз еліктеу жағы басым. Оның үстіне, құзыреттілік тұғыры жалғыз ғана бағыт еместігін естен шығарып аламыз. Педагогика ғылымында басқа да білім бағыт-тұғырлары бар. Бұрын университеттің оқу үдерісінде көптеген тұғыр-тәсілдер қатар қолданылатын еді: жеке тұлғаға бағдарланған, мәдениеттанулық, контекстік, аксиологиялық, іс-әрекетке бағытталған және т.б. Қазір тек құзыреттілік парадигмаға басымдық береді. Негізгі ғылыми ортада жалғыз бір ғана дұрыс бағыт болмайды. Өйткені, ғылыми білім әрдайым күмәндануды, дәлелдеуді қажет ететін сала. Сондықтан ұстанымдар мен қағидаларды үнемі тексеріп отыру керек. Мәселе құзыреттілік тұғырына тез және жаппай толық ауысуда емес. Оның тиімді жағы мен кемшіліктерін және әсіресе, ұлттық мүддені ұдайы ескеріп отыру маңызды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Тәуелсіздік игіліктерін әрбір қазақстандық сезінуге тиіс // *Egemen Qazaqstan*, №26 (30005) 8 АҚПАҢ, ДҮЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ.
2. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. (монография). – Астана, 2001. – 275 б.
3. Давыдов Л.Д. Модернизация содержания среднего профессионального образования на основе компетентностной модели специалиста: Автореф. дис. канд. пед. наук. – М., 2006. – 26 с.
4. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // *Высшее образование сегодня*. – 2003. – № 5.
5. Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В. Компетентностный подход в

образовании. Проблемы, понятия, инструментарий. Учебно-методическое пособие. – М.: АПКИПРО, 2003. – 101 с.

6. Тұрғанбекова Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы: Рауан, 2005. – 250 б.

7. Хуторский А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования// Народное образование. – 2003. – № 5.

8. Хуторской А.В. Методологические основания применения компетентностного подхода к проектированию образования // Высшее образование в России. 2017. № 12 (218). С. 85-91.

*С.К. Калымов*

*Начальник отдела воспитательной, идеологической и кадровой работы пограничного управления по Панфиловскому району ПС КНБ РК*

*С.Р. Шарипова*

*психолог Пограничной службы КНБ РК*

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НЕВЕРБАЛЬНЫХ ЗНАКОВ И СИМВОЛОВ В ВЫЯВЛЕНИИ ЛИЦ, СКЛОННЫХ К ТЕРРОРИСТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

В исследовании символа большое значение имеет не только философское и культурологическое основание, но и психологический аспект. Проявление символических форм, возникающих в результате столкновения бессознательного с сознанием индивидуума, рассматривается в трудах З.Фрейда, Э.Кассирера, К.Юнга, Л.С.Выготского.

Итак, понятие «символ» включает в себя множество значений: это и «аллегория», и «знак», и «опознавательная примета»; от латинского *symbolum*, который, в свою очередь, заимствовал его из древнегреческого языка – *symbolon*. Само же греческое слово происходит от *symballein*, что означает «соединение, сведение», знак благодарности, который представлял собой две половинки предмета, разделенного между двумя людьми. Отличие знака от символа состоит в его многозначности, от образа – в выходе за пределы образа. Если любой знак имеет значение как указатель на какой-либо смысл, то символ всегда указывает на комплекс важнейших смыслов.

Так, по словам Б. А. Успенского, «изображение в древней живописи есть не столько копия какого-то отдельного реального объекта (часто оно как будто бы даже и не претендует на какое-либо подобие), сколько символическое указание на его место в изображаемом мире (его окружающем)».

Мотивтердің оқу әрекетінің басқа да сипаттамалары де әсері зерттелді. "Студенттік ұжымның құрметті мүшесі болу", "емтиханда өзіне сенімді болу", "емтиханның нәтижесі үшін алаңдаушылықты азайту" сияқты мотивтердің әсері егжей-тегжейлі зерттелді. Мотивацияның тиісті қажеттіліктердің күшімен анықталуы эмпирикалық түрде дәлелденген.

Б. Вейнер оқу мотивацияның негізгі құрамдас бөлігі ретінде келесі дәлелдерді атап көрсетті:

- азаматтық (оқу - қоғамдағы болашақ өмірге дайындық ретінде);
- танымдық (білім мен дағдыларды алу);
- ата-аналармен әлеуметтік идентификация мотиві (ата-аналардың оқу және мінез-құлық саласындағы үміттеріне сәйкестігі);
- мұғаліммен әлеуметтік идентификация мотиві (мұғалімнің талаптарына сәйкес жақсы оқу және оқушының жоғары жетістіктерге сәйкестігі);
- уайымдау мотиві (оқу материалының тартымдылығымен, оның әртүрлілігімен және қызықты болуымен байланысты);
- маңыздылық мотиві (кұрдастары арасында жоғары әлеуметтік беделге ие болу және/немесе қолдау);
- мотивацияның басқа үлгілерінен басым және оқу қызметінің табыстылығын қамтамасыз ететін ілімнің ішкі мотивациясы.

Мұғалім А.К.Марковтың негізгі міндетін "оқу әрекетінің өзіне оқу мотивациясының негізгі көзінің рөлін беру" деп санайды. Ол үшін жасөспірімдердің өз бетінше білім алу тәсілдеріне қызығушылығын қолдау және қалыптастыру қажет. А.К.Маркова өзінің басқа жұмысында кіші, орта және жоғары мектеп жасындағы оқудың мотивациясын егжей-тегжейлі сипаттайды.

Авторлар ЖОО-ға бейімделу барысында оқу мотивтерінің ескі құрылымын және мақсаттар жүйесін жаңа талаптарға бейімдеу ғана емес, олардың түбегейлі қайта құрылуы орын алатынын көрсетеді.

Ю. М. Орлов студенттердің оқу әрекетіне қатысты оны ынталандыру емес, оны қалыптастыруға баса назар аударуды ұсынады. Автор үш эксперименталды белгіленген заңдылықтарға негізделді: жетістіктер қажеттілігі және танымдық қажеттілік оқу жағдайының маңызды сипаттамаларына барынша әсер етеді; қарым-қатынас пен үстемдік қажеттілігі оқу әрекетінің қажеттіліктерімен өзара әрекеттесу жолымен тікелей емес, жанама түрде табыстылықпен байланысты; кейбір қажеттіліктер мен мотивацияның кейбір түрлерінің күшеюі мен әлсіреуі оқу әрекетінің тиімділігіне әсер етеді.

О.Л.Девидзе жүргізген бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісіне гетерогенді мотивациялық факторлардың әсерін зерттеу, олардың ойлау өнімділігінің қарқындылығын тудыратынын көрсетті. Бастауыш сынып оқушыларының беделге деген сұранысы басым екені анықталды. Олармен байланысты себептер танымдық қызығушылықтар мен міндеттерге қарағанда оқу белсенділігіне көп әсер етеді. Бұл нәтижелер Л.И.Божовичтің деректерінен ерекшеленеді, ол бастауыш мектеп жасында бірінші орынға кең әлеуметтік мотивтер шыққанын көрсетті[5].

Оқу әрекеті мотивациясының заманауи ахуалының жоғарыда аталған барлық ерекшеліктері тарих пен оның даму логикасының объективті салдары болып табылады; олар өз жиынтығында оның қазіргі келбетін анықтайды. Бұл ерекшеліктер (прагматизм, аспектілік, басым феноменология және сипаттама, деректердің айқын көрінісі, оны әзірлеудегі эклектизм, эмпиризм, нақты деректерді жинақтаудан теориялық түсінудің артта қалуы, көріністердің фрагменттілігі, дамудың экстенсивті түрі және т.б.) қазіргі уақытта айтарлықтай айқын болып табылады.

Ең терең және өзіндік "толассыз" ерекшелігі бірқатар негізгі аспектілерде оқу әрекетін мотивациялау проблемасының дамуы мен қазіргі жағдайына қатысты көрінеді.

Біріншіден, бастапқыда оқу әрекеті процесінде жеке тұлғаның мотивациясы емес, оқу әрекетінің жеке мотивациясы зерттелді.

Екіншіден, жоғарыда көрсетілген материалдардан оқу әрекетінің әр түрлі сыртқы және ішкі параметрлеріне оқудың жекелеген мотивацияларының әсерін көруге болатындай белсенді зерттелді.

Үшіншіден, оқу әрекетін мотивациялаудың көптеген заңдылықтары, оның әртүрлі айналымдармен өзара байланысы (мотивацияны зерттеудегі "факторлық тәсіл") белгіленген.

Төртіншіден, қазіргі уақытта оқу әрекетін ынталандырудың кейбір жас ерекшеліктері жеткілікті жақсы зерттелген; мысалы, онтогенездің белгілі бір кезеңінде оқу себептерінің қайсысы жетекші болып табылатыны анықталды.

Бесіншіден, жоғарыда жүргізілген қарау барысында анықталған оқу әрекетінің мотивациясы (прагматизм, аспектілік, феноменологизм және т.б.) проблемасының заманауи ахуалының барлық негізгі ерекшеліктері талдаушылықпен тікелей байланысты емес, сонымен қатар айтарлықтай дәрежеде оған негізделген[1].

Студенттердің оқу мотивациясы проблемасының заманауи ахуалының барлық көрсетілген ерекшеліктері, соңында, оны әзірлеудегі осы талдамалы тәсілге дейінгі басымдықтың салдары болып табылады, оған сәйкес көптеген зерттеулердің ортасына ол туралы тұтастай ұсынылған тұжырымдамалық, яғни теориялық әзірлемелер емес, осы проблеманың қандай да бір аспектілері қойылады.

Осылайша, оқу іс-әрекеті процесінде тұлғаның мотивациялық саласын ұйымдастырудың Элементарлық деңгейін эксперименттік зерттеу нәтижелерін қарастыра отырып, келесі жалпылама тұжырымдар жасауға болады. Олардың барлығы осы деңгейдің сапалы ерекшелігін нақты көрсетеді, бұл бізге өзіндік деңгей мәртебесіне ие мотивациялық құрылым ретінде айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұсынылған және эксперименталды түрде тексерілген тәсіл тұрғысынан мотивация психологиясының негізгі және жалпы мәселелерінің бірін - мотивтер мен қажеттіліктердің, сондай-ақ мотивтер мен ынталандырулардың арақатынасын анықтауға негіз бар. Бұл қатынас жеке тұлғаның мотивациялық саласын жалпы ұйымдастырудың компоненттік және элементтік деңгейлері арасындағы деңгей аралық өзара әрекеттесу ретінде ашылады.

*Әдебиеттер:*

1. Абульханова - Славская К. Деятельность и психология личности. - М., 1980.-С. 132-170.
2. Божович Л.И. Проблемы развития мотивационной сферы ребенка // Изучение мотивации поведения детей и подростков. - М., 1972. - С. 62-70.
3. Якобсон П.М. Психофизиологический анализ мотивации достижения и избегания в трудовой деятельности // Физиология человека. - 1989. - Т.15, №1. - С. 81-90.
4. Фрейд З. Введение в психоанализ. Лекции - М., 1991. - С. 262-285.
5. Богданова Т.Г. Целеобразование при различной мотивации: Автореф...канд.дис.психол.наук. - М., 1978. - 25с.

*Абдуллина Г.К. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті  
Каримсакова С.Т. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДАҒЫ МАЗАСЫЗДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

Медицина және психология ғылымдар саласында балалардың мазасыздану, үрейлену, қобалжу, қорқу сияқты көріністерін невротикалық (немесе жүйке жүйелік) қобалжулар немесе психоэмоциялық күйзелістер ретінде қарастырады. Бастауыш сыныпта оқитын баланың жүйке жүйесіне мөлшерден тыс салмақ түсуден болатын жағымсыз күйге ұшырауы «невротикалық жағдайлар» деп аталады [1]. Бастауыш сынып оқушыларындағы мазасызданудың көріністері мен себептері жас және дербес ерекшеліктеріне байланысты түрлі деңгейде орын алады.

Бастауыш сынып оқушыларындағы мазасызданудың көріністері өз-өзіне сенімсіздік, тежелу, қарым-қатынасқа түсудегі қиындықтар, көңіл-күйдің бұзылуы және

вегетативті симптомдар ретінде кездеседі. Осындай мазасыздану жағдайларының жекеленген түрлері «фобиялар», «жабысқақтық», «оқшаулану» сипатында көрініс береді. Арнайы симптомдар жекелей де және кейбір психикалық ауруларда да дәл сондай түрлерінде пайда болуы мүмкін.

Л.О. Бадалян [2], Л.И. Козловская [3], Н.Д. Лакосина[4] және (П.Б. Ганнушкин, Л.М. Аболин, Д. Гоулман, Р. Бояцис, Э.В. Макки, В.Е. Медведева, В. Зейгарник, В.М. Блейхер) т.б. ғалымдар невроз және оның көріністерін әр қырынан жан-жақты зерттеп талдаған.

«Педагогика» оқулығында Мағжан Жұмабаев [5] сезімнің құбылыстарын жан-жақты сипаттап, психологиялық талдау жасаған: «Қорқу сезімі - адам жанында бір бақытсыздық күткенде болады. Қорқу сезімінің екі түрі: жеңіл қорқу тынышсыздану деп, қатты қорқу үрей ұшу деп аталады. Қорқу сезімі неғұрлым күшті болса, оның жанға, яғни денеге әсері де сонша күшті болады. Үрей ұшқанда адам қозғала алмай, сөйлей алмай қалады. Қорқыныштың болуымен біріккен үрей сезімі мазасызданумен сипатталады. Адам мазасызданады, дірілдеген дауыспен сөйлейді не болмаса кекештеніп қалады».

Балалардағы невроздар дамуына және пайда болуына әкелетін себептердің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл себептерді шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Объективті немесе сыртқы орта факторы және субъективті, индивидуалды - тұлғалық ерекшеліктерге тәуелді факторлар. Балалардағы невроздар дамуына ықпал ететін сыртқы орта факторларына отбасындағы жағымсыз факторлар және балалар тәрбиеленетін мекемелермен, кәсіби іс-әрекетпен, мемлекеттегі әлеуметтік - экономикалық жағдайымен байланысты факторлар жатады. Сыртқы орта факторларының маңызы балалық және жасөспірімдік кезеңдерде жоғары болады.

Бала денсаулығы білім беру жүйесінің ең негізгі құндылығы. Психологиялық қызметтің ең негізгі мақсаты - балалардың жан мен тән саулығына жағдай жасау. Көбінесе дұрыс қоректену, дәрумендік терапия, салауатты әмір салтын қалыптастыру және арнайы әдістемелерді қолдану.

Бастауыш сынып оқушыларындағы мазасызданудың пайда болуында өзіндік бағалаудың орны ерекше. Біріншіде мектептегі сәтсіздіктерін бала «жақсы бала бола алмау» деп түсінеді. Алайда балада болашақта жақсы бола алатындығы туралы сенімі сақталады. Кейінірек сенім жоғалады, бала әлі де жақсы болуға тырысады. Ұзаққа созылған сәтсіздіктер кезінде бала өзінің жақсы бола алмайтындығына сеніп, оған талпынысын да жоғалтуы нәтижесінде мазасыздану, қобалжу, өз-өзіне сенімсіздік сияқты көріністердің пайда болуы мүмкін.

Бұл қадірлеуге талпынысының күрделі депривациясын білдіреді. Екіншіде қадірлеуге талпынысының күрделі депривациясы өзіндік бағаның төмендеуінен, реакциясының адекватты емес қорғаныс нұсқауларының қалыптасуынан көрінеді [6] Мұндағы белсенді қылық типі жанды және жансыз заттарға бағытталған агрессиядан, басқа іс-әрекет түрлерінде компенсациялаудан көрінеді. Пассивті қылық-әрекет түрлері біртіндеп сенімсіздік манифестациясынан, ұялшақтықтан, жалқаулықтан, апатиядан, фантазиямен ауруға айналумен көрінеді. Егер бала оқу нәтижесін өз тұлғасы құндылығының жалғыз критерийі ретінде қабылдаса және қиялы мен ойындағы қабілеттерін ескермейтін болса, шектеулі бірегейлік дамиды. Э.Эриксонның пікірі бойынша, бала өз тұлғасын күші жететін әрекеттермен бағалайды, өз-өзіне санау сезімі қалыптасып, баланың өзекті жағдайына, өмірлік жоспарының қалыптасуына теріс әсер етеді.

М.И. Буянов [7] бастауыш сынып оқушыларындағы мазасызданудың әртүрлі себептерін анықтаған: отбасындағы, мектептегі даулы жағдайлар, қорқу, жақын адамнан айырылу, қорқыныш сезімімен байланысты іс-әрекетті күштеніп орындау т.с.с. Бір формалары түрлі жағдайларға байланысты біртіндеп, жайлап дамиды. Отбасындағы, күнделікті өмірдегі қолайсыз жағдайлар, дұрыс тәрбиенің берілмеуі жүйке жүйесін шиелендіріп, бастауыш сынып оқушыларындағы мазасызданудың қалыптасуына

мүмкіншілік тудырады. Мектепте күйгелек балалар мына қасиеттерімен сипатталады: қозуы тежелуге қарағанда басым, өте ширақ, сабақта тыныш отыра алмайды, балалардың мазасын алады, зейіндерін бір нәрсеге тұрақтата алмайды, қозғалғыш, шулап отырады, мұғалімнің, берген сұрағына ойланбастан жауап кайтарады, сөз - сөйлемдері өте тез, шапшаң.

Бастауыш сынып оқушыларындағы мазасызданудың әкелетін себептердің ішінде кең таралғаны жанұядағы ата-анасының балаға жан жылуының тапшылығы мен немқұрайлығы, жағымсыз микроклимат және т.б. себептер. Ата - аналар мен балалар арасындағы жағымсыз әрі күрделі қатынас, ата - аналардың өздерінің аналық және әкелік міндеттерін орындай алмауы сияқты себептер балалардағы невроддың пайда болуына септігін тигізеді. Қазіргі ата - аналар өз балаларының тағдырын ойламай, тек өз мәселелерімен өмір сүреді. Қазіргі ата - аналар, Дж.Пирс анықтауы бойынша «ажыраған». Олар бірге емес, әйтеуір жақында болады. Жанұяның әрбір мүшесі балаға қажетті махаббат, көңіл аудару, қарауды ұмытып өзінің жұмысымен айналысады. Бұнымен қоса қазіргі ата - аналар ерте баланың тәрбиесінен қашу үшін балалар мекемелеріне беріп, өздерінің меншікті карьерасымен, өмірімен айналысады .

А.И.Захаровтың [8] пікірі бойынша балалардағы невроддардың бірнеше түрлері бар. Ол өзінің «Балалар невроддары» кітабында келесі түрлерін ажыратады: үрей, қобалжу, мазасыздану, қорқу. Көбінесе 5-6 жастағы барлық балаларда байқалады. Мұндай жағдайда, егерде, отбасында өмірге қуанышты эмоциональды атмосфера болса бала бұл жағдайды өзі шеше алады. Ал баланың мазасыздануы мен қобалжуы - балаға үлкен әсер етеді.

А.И.Захаров баланың анасынан қорқуы баланың психологиялық дамуына әсер ететінін, маңызды идентификация феномені қалыптасатынын көреміз. Балалар невродының себептерін семья қатынасынан іздейді. Ата - аналар өздерінің балалық шағынан қорқыныш мәселесін ала жүріп, оны өсіп келе жатқан баласының иығына артады. Саналы ата - аналық міндетті орындау сау балаларды өсіруге және өз семьясының мәселелерін шешуге мүмкіндік береді .

Бастауыш сынып оқушыларындағы мазасызданудың өзі шаршау, қалтырау, ушудан қажу және еңбекке қабілеттілікті жоғалту жағдайында пайда болады. Ортаның ықпалы невротикалық жай - күйдің немесе невроддың болу - болмауын айқындайды. Мектеп өміріне аз уақыттың ішінде бейімделудегі қиын жағдайлар кез келген балада кездеседі, дегенмен мұғалім мен тәрбиешінің сөйлеу мәнерінен, балаға ізгі қарым - қатынасы есебінен болдырмауға болады .

Көп жағдайларда балалардың жан күйзелістері бір жағдайларда отбасындағы келеңсіз оқиғалар балалардың мазасыздану мен күйзелуін тудыруы мүмкін; екінші жағдайда аурудың жазылуына жағдай жасалынбайды, ал үшіншісінде мазасыздану мен күйзелуден психиканың күрделі зақымданулары мен асқынулары да пайда болуы мүмкін.

С.И. Быковтың тұжырымдаулары бойынша: қатал шартпен тәрбиелеу, сұраныста қарама-қайшылық тудырады және бастауыш сынып оқушыларындағы мазасызданудың пайда болуына әкеледі. Истерикалық жақтарының дамуына, эмоциональдылықтың жоғары болуына және өзіндік бақылаудың жетіспеуі, баладан қолынан келмейтін нәрсені жасауын сұрамау неврастениядағы этиологиялық фактор [9].

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының жүйке жүйелері зақымдануынан үрей, мазасыздану, қорқыныш сияқты жағдайлар дифузиялық қауіптік сезімі және үрейлік күту, анықталмаған мазасыздану деңгейі, күтудегі фрустрация және психикалық стресс белгілерімен сипатталады.

*Әдебиеттер:*

1. Психология детей с отклонениями и нарушениями психического развития / Общая редакция В.М. Астапова, Ю.В. Микадзе. СПб.: Питер, 2001.-384.
2. Бадалян Л.О. Невропатология. Москва. «Просвещение» 1982. – 350 с.

3. Козловская Л.И. Клиника невротических расстройств и ее влияние на супружеские отношения // Семейная психология и семейная терапия. 1999. - № 4. — С. 95- 106.
4. Лакосина Н.Д. Клинические варианты невротического развития. М.: Медицина, 1970.- 222 с.
5. Мағжан Жұмабаев. Педагогика. Орынбор қаласы. 1922 ж.
6. Иовчук Н.М., Северный А.А. Депрессия у детей и подростков. М., 2009.
7. Буянов М.И. Ребенок из неблагополучной семьи. М., 1988.
8. Захаров А. И. Неврозы у детей и психотерапия. — СПб, 1998.
9. Быков С.И. Фобические расстройства при неврозах: автореф. дис. канд. мед. наук. Челябинск, 1996. – 19 с.

*Абдуллина Г.К. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*  
*Каримсакова С.Т. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДАҒЫ МАЗАСЫЗДАНУДЫ ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРУДЕГІ АРТТЕРАПИЯНЫҢ ӘСЕРІ**

Қазіргі кезде психологиялық қалыпқа келтіру мен түзету әдіс-тәсілдерінің ішінде арттерапия (балалармен жүргізілетін инновациялық тәжірибелік жұмыстардың бірі – арттерапия) ретінде кеңінен қолдануда. Е.В. Зинченко «арттерапия – психотерапия мен психологиялық коррекцияға негізделген, өнер мен шығармашылықты дамыту» деп түйіндейді[1]. Тар мағынада айтқанда, арт-терапия баланың мазасыздану, қобалжу, күйзелу (немесе психоэмоционалдық) жағдайына бейнелік өнермен мақсатты түрде әсер ету болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларындағы мазасыздануды болдырмау және қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізуде арттерапияның мына бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

- психологиялық, катарсистік, реттеуші, коммуникативті функциясына байланысты;

- әлеуметтік-психологиялық, эстетикалық қажеттіліктерінің дамуына байланысты.

Арттерапиялық жұмыстың техникасын қолдануды ұсынған авторлардың бірі - В. Ловенфельд пен Е.Кейн. Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылды. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданылуда.

Арттерапия[2] – бастауыш сынып оқушыларындағы мазасыздануды творчество арқылы қалыпқа келтіру және болдырмауға әсер етеді. Арттерапияға қатысты көпфакторлы қиындықтар мен оны салыстырмалы түрде ғылыми тұрғыда зерттеулер аз уақыттылығына және алғышарттарына байланысты. А.А. Андреева қазіргі кездегі арттерапияның бірнеше түрлерін зерттеген[3]:

- Құмтерапиясы – қол моторикасын дамыту, эмоционалды күйді төмендетуге арналған;

- Изотерапия – көркем өнерарқылы емдік әсер: сурет салу, моделдеу, сәндік-қолданбалы өнер және т.б.;

- Имаготерапия – бейне арқылы әсер ету, театрализация, драматизация;

- Энттерапиясы – әуенді қабылдау арқылы әсер;

- Ертегітерапия – ертегілер, аңыздар, астарлы әңгімелер арқылы әсер;

- Кинезитерапия – би-қозғалыс арқылы әсер;

- Коррекциялық-ырғақтық немесе «холотропты терапия» деп те аталады, қимыл –

- қозғалыс арқылы әсер;

- Ойын терапиясы және т.б

Р.А. Арынова мен А.К. Аманова балалардың жағымсыз көңіл - күйлерін түзету және қалыптастыруда ойын жұмыстың негізгі формасы ретінде кеңінен қолданылады деген пікірде[4]. Қазіргі кездегі психологияда ойынды былайша қарастырады:

- тұлғаның қоршаған ортаға ерекше көзқарасы;
- субъективті әрекетке айналатын және өзгеріске ұшырайтын баланың ерекше әрекеті;
- қандайда бір әрекет (немесе қоршаған ортаға көзқарас) түрін игеруге немесе балаға жүктелген әлеуметтік тапсырма;
- баланың психикасына өзгеріс енгізетін әрекет түрі;
- баланың өмірін ұйымдастыратын әлеуметтік-психологиялық форма ретінде қарастырады.

Ойындық шараның бір түрі, басты мақсаты баланың өміріне қосымша мән беретін жағдайларды енгізу, яғни мәдени құндылықтар, жаңа эмоционалды және интеллектуалды мүмкіндіктер мен тұлғалар арасындағы моделін көрсету болып табылады. Ойын терапиясы[5] - оның екіжақты жоспарлылығы, яғни, әрбір ұжымның ойында сақталатын драматикалық өнер элементтері болады. Олар: - ойнаушы нақты, стандартты емес тапсырмаларды шешумен байланысты шынайы шығармашылықты орындайды; - шығармашылық қатары шындық жағдайдан, оның жауапкершілігі мен міндеттерінен демалуға мүмкіндік тудырады.

Ойын терапиясын жүргізудің жалпы көрсеткіштері: әлеуметтік инфантилизм, тұйықтық, қарым-қатынасқа түспеушілік, фобиялық реакциялар, жоғары конформдылық, тәртіп бұзылуы және жағымсыз әдеттер.

Бастауыш сынып оқушыларындағы мазасыздануды болдырмау, алдын-алу, түзету және қалыптастыруда музыкатерапияның әсері мен ықпалы ерекше[3]. Музыкотерапия сауықтыру мақсатында қолданатын психотерапияның бір әдісі болып табылады. Музыканың негізгі сауықтыру бағытына қарай төрт топқа бөлуге болады:

- Вербальді психотерапия барысында жағымды сезімнің қарқынды дамуы.
- Тұлғааралық ізгілік қарым-қатынас қабілеттерінің дамуы - коммуникативті ерекшеліктер мен қабілеттер.
- Психовегативтік процестің әсерін реттеу.
- Эстетикалық қажеттіліктің дамуы – руханилыққа, ізгілікке балалардың іштей ұмтылуы, қажетсінуі.

Балалардағы мазасыздануды болдырмау, алдын-алу, түзету және қалыптастыруда қолданылатын музыкатерапияның негізгі екі формасы бар. Белсенді және баяу. Белсенді әуен түрлері - белсенді әуен қозғалысты ұсынады. Өзінің дауысы арқылы елестету, қиялдау, суырып салып айту немесе басқа бір ән аспапты пайдалану арқылы дайындау.

Суреттерапиясы[6] - өзін-өзі сезінуге және түсінуге, өз ойы мен сезімін еркін айтуға, қатты алаңдаулар мен конфликттерден арылуға, эмпатиясын дамытуға, өз бетімен болуға, арманы мен үміттерін еркін сипаттауға мүмкіндік беретін шығармашылық акт. «Түстермен байланыс» терапиясы арқылы баланың түстерге таңдау жасауы – бұл түйсік пен қабылдаудың дұрыс бағытта дамуын қалыптастырады.

Түйсігі мен қабылдауы мол баланың қоршаған дүние жайлы көзқарасы кең, жан-жақты келеді. Баланың қай түске ұмтылатындығына қарап, үнемі ұнататын түстері арқылы оның туа бітті табиғи ерекшелігі, темпераментін анықтауға болады. Түс арқылы емдеуді бала тәрбиесінде күнделікті қолдану керек. Оны ойын түріне айналдыруға да болады.

Бастауыш сынып оқушыларындағы мазасыздануды болдырмау, алдын-алу, түзету және қалыптастыруда коррекциялық әдіс ретінде арттерапия элементтерінің әсері мен ықпалы ерекше[7]. Арттерапиялық жұмыстың көмегімен бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдық қысымы төмендейді; агрессия, мазасыздану, қобалжу,



қорқыныш демонстрация түрінде көрінетін жағдайлары қалыпқа келіп, рухани-адамгершілік, ізгілік қасиеттері қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларындағы мазасыздануды болдырмау және алдын-алу шаралары ретінде психотерапиялық әдістер арқылы жағымды эмоциональды әсерлерді туғызып, емдеудің ерекшелігі тәжірибеде үлкен көмегін тигізеді[8]. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының психикасының патологиялық жағдайларға ұшырамауына көмегін тигізетін психотерапиялық және психопрофилактикалық шараларды пайдалану жағымды нәтижелерге жеткізері сөзсіз. Бастауыш сынып оқушыларындағы жағымсыз жағдайларды – мазасыздану, күйзеліс жағдайларды, әртүрлі үрейлік жағдайларды және стресті қалыпқа келтіру және болдырмауда психотерапияның әдістері кең қолданылуда.

Балалардың жағымсыз жағдайларды түзету мен қалыптастыруда Я.Л.Коломинский, Е.А.Паньконың, О.А.Матвееваның, Н.Я.Семаго, М.М.Семаго, В.В.Петрусинскийдың психологиялық түзету – дамыту жұмыстарының маңызы өте зор. Түзету - дамыту жұмысы балалардың тұлғааралық қарым - қатынас коррекциясына, ұжымында тренингтер, үлкен психологиялық ойындар арқылы өміріндегі дағдарыстық кезеңдерден және сыни мәселелерді жеңуге көмектесуіне, даралық түзету - дамыту сабақтарын және кеңес беруді жүргізуге бағдарланған.

Өз – өзіне баға беруді неғұрлым жоғарлату - аз уақытта өзіне баға беруді жоғарлату мүмкін емес, міндетті түрде мақсатқа бағытталған жұмыстармен шұғылдану қажет. Балаға мақтау, мадақтау сөздерін жиірек айтып, басқа адамдардың көзінше қателіктерін айтпауға тырысуымыз керек. Сонымен қатар, бала міндетті түрде оны мақтап отырғаныңызды сезінуі тиіс.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларындағы мазасыздануды алдын-алу шаралары ретінде арттерапия әдістері арқылы жағымды эмоциональды әсерлерді туғызып, бастауыш сынып оқушыларының мазасыздануын қалыпқа келтіруде үлкен көмегін тигізеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Зинченко Е.В. Использование арт-терапии в коррекции тревожности у младших школьников // Северо - Кавказский психологический вестник. № 7/2. 2009г
2. Михальченко К. А. Арттерапия в системе психокоррекционной помощи детям с проблемами в развитии //Актуальные вопросы современной психологии: материалы Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, март 2011 г.). —2011. — С. 60-63.
3. Андреева А. А. Арт-терапия в работе с эмоциональной сферой младших школьников / А.А. Андреева // Педагогическое мастерство: материалы VI междунар. науч. конф. (г. Москва, июнь 2015 г.). - М.: Буки-Веди, 2015. - с. 87-89.
4. Арынова Р.А, Аманова А.К. Ойын әрекеті – оқыту-тәрбиелеудің инновациялық стратегиясы ретінде. «Мектепке дейінгі тәрбие: жағдайы, бағыттары және болашақтағы дамуы». Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына материалдары. Семей – Қазақстан 2010. – 3315 б.
5. Практикум по игровой психотерапии/Под ред. Х. Кэджусон, У Шефер СПб.: Питер, 2001г.
6. Практикум по игровой психотерапии/Под ред. Х. Кэджусон, У Шефер СПб.: Питер, 2001г7
7. Арефьева Т. А., Галкина Н. И. Преодоление страхов у детей / Т. А. Арефьева, Н. И. Галкина. - М.: Психотерапия, 2009. - 272 с.
8. Варакина А. В. Анализ программ коррекции страхов у младших школьников средствами арт-терапии / А. В. Варакина // Молодой ученый. - 2015. - №21. - с. 700-703.

## **ЖЕТКІНШЕКТЕР АРАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Жеткіншек кезеңнен бастап адамның болашақ тағдырын бағыттайтын оның басқа адамдарға деген қарым-қатынасы қалыптасады. Есейген сайын оны өзгертуге мүмкіндіктер болып тұрғанына қарамастан, уақыт өткен сайын сол мүмкіндіктерді пайдалану қиынға соғады. Өйткені, жас адамға өзгелермен қарым-қатынас орнату, оларға деген көз қарасын қалыптастыруды жоқтан бастауына тура келеді. Ол өзінің мінез –құлқы мен өзге адамдардың мінез құлқын басқаратын заңдылықтарды білмейді.

Қазіргі таңдағы қарым-қатынас қиындықтары, немесе «кедергілер» оларды талдау мен тұрғылар негізіне байланысты түрлі позициялардан қарастырылады. Мысалы, жалпы психологиялық түсініктеме беру шегінде олар мағыналық,, эмоциялық, когнитивтік, тактикалық ретінде бөлінеді.

Есейген балалардың өз өмірінде орын алған мәселелердің басым көпшілігін үлкен адамдарға тәуелсіз шешу қажеттілігін үлкен адамдарға тәуелсіз шешу қажеттілігі орын алатындығы психологияда дәлелденген. М.И.Лисина т.б. ғалымдардың зерттеулерінде бұл мәселені автономия қажеттілігі және оның түрлері деп белгілейді. Жеткіншектердің қарым-қатынасында көрініс беретін автономияның келесі түрлері анықталған:

-мінез-құлық автономиясы (жеткіншектердің жеке өзіне қатысты мәселелерді өзі дербес шекісі келетіні және оған құқысының болуы);

-эмоционалдық автономия (тек педагогтар мен ата-анасының дегенімен ғана емес, өз проблемаларының біршамасын тәуелсіз өзі шешуге құқылығы және оны қажетсіну);

-моралдық және құндылық автономиясы (өз көзқарастарының болуына құқығы мен қажеттілігі және осындай көзқарастарының шын мәнінде болуы).Эмоционалдық автономияның баланың болашағына тигізетін үлкен теріс әсері бар. Жеткіншектер ата-аналарының бала өмірінде болып жатқан өзгерістерді байқамаған немесе байқағысы келмеген болып көрінеді. Сондықтан олар кей кездерде қырсық мінез көрсетіп, болмашы нәрсеге ашуланып, ешкімге сырын айтпай, ұзақ уақыт түйіліп қалуы немесе басқа қырсық мінездер көрсетуге де баруы мүмкін.

Кәмелетке толмағандардың ассоциалдік мінез-құлықтары біріншіден, сыртқы әлеуметтік орта факторларының ықпалдарына, сонымен қатар жасөспірімнің өмірдегі әртүрлі сәтсіздіктерге жауаптарын анықтайтын олардың жас ерекшелік және тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты. Бұл жастағы маңызды психологиялық жаңа құрылым–ересектікті сезіну, талаптанудың жаңа деңгейі. Дегенмен әр баламен түзету жұмыстарын жасап, сенімділігін арттырып, өзінің қоғамға тигізер пайдасы мол екендігін түсіндіру педагогикалық-психологиялық қызметінде міндеті.Т.А.Ильина айтқандай «үлгеріміне қарамастан әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін ашуға жағдай туғызу керек», - деп есептейді [1].

Психикалық ауытқулары бар кәмелетке толмағандардың жасайтын қылмыстарының саны артып отыр. Бұған әртүрлі невроздарды, белгілі бір шектегі дебильділікті, психопатияны, алкоголизмді, жыныстық бұзылыстарды жатқызуға болады. Келтірілген бұзылыстар – бұлар, ауыр емес, тұрақты аурулар. Көп жағдайларда олар тұқымқуалаушылықтың нәтижесінде емес, өмір мен тәрбиенің жағымсыз жағдайларының салдарынан болып жатады. Жеткіншектік орта қоғамдық дағдарыстардың жағымсыз салдарына қатты қынжылады. «Қиын» баланың шығу себептеріне ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялылары да бей-жай қарамаған. Мәселен, Ж.Аймауытов, Ә.Жұмабаев, мектептің «қиын» оқушыларымен жұмыс жүргізу жүйесін жасады, кейіннен Л.К.Керімов [2],

Құқық бұзуға бейім жасөспірімдердің мінез-құлық типологиясын А.Ф.Лазурский (1921), С.В.Познышев (1926), Г.М.Миньковский (1971), Г.Г.Бочкарева (1968), А.Г.Ковалев (1968), В.Ф.Пирожков, В.Г.Деев (1981), К.Е.Игошев (1974), Ю.М.Антонян (1989), Е.Г.Самовичев (1991), Ю.А.Алферов (1992), М.И.Еникеев (1996) және т.б. жасады.

Құқық бұзуға бейім жасөспірімдердің мінез-құлық ерекшеліктері олардың қылмыстық әрекетінің ерекшеліктерімен байланысты. Мысалы, ауыр қылмыс жасаған адамдарға жауыздық, қатыгездік, арсыздық, эмоционалдық топастық, дүниеқорлық, сараңдық, кез-келген жолмен өмір сүруді таңдау, қызғаныштық тән.

Құқық бұзуға бейім жасөспірімдердің жасаған қылмыс түрлері олардың мінез-құлқына байланысты болады:

- интеллектуалдық дамуында кемістігі бар қылмыскерлер қылмысты абайсыз жасайды;

- зорлық көрсету сипатындағы қылмыстарды негізіне ұстамсыз, ашуланшақ адамдар жасайды;

- өзін таныту мақсатында жасалған бұзақылық қылмыстарға өзін-өзі ерекше көрсетуге ұмтылған адамдар барады;

- адам өлтіргендердің арасында есінен адасқандар, маскүнемдер, аффективті, ашуы тез көтерілетін адамдар көптеп кездеседі;

- әйел зорлауды негізінен олигофрендер жасайды (гипертрофияға байланысты мүмкінділігі шектеулі жыныстық қажеттіліктерін қылмысқа жатпайтын жолмен қанағаттандыру);

- эмоционалдық деңгейі төмен, ойлау қабілеті нашар адамдар ұрлық жасауға, тонауға, қарақшылық жасауға бейім келеді;

Жалпы қылмыстылық жөнінде айтар болсақ, қылмыстықтың алдын алу, ескерту, профилактикалық жұмыстар арқылы тежей аламыз.

Жасөспірімдердің және жастардың қылмысы туралы мәселе - құқық қорғау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттік ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының үнемі қадағалауын талап ететін басты мәселенің бірі. Мектеп табалдырығынан бастап жеткіншектерге қылмыстық әрекеттің алдын-алу жайлы түсіндірме жұмыстары, жаттығу ойын, тренингтар мен диагностикалық жұмыстар жүргізіліп отырылуы тиіс. [3],

#### **«Сөйлемді аяқта» жаттығу**

Мақсаты: талқыланатын тақырып бойынша түсініктерін анықтау;  
Әлеуметтік ортамен өзара іс-әрекет ету тәжірибесіне талдау жасау.

Қатысушылар саны: 25 адамға дейін.

Өткізу уақыты: 20 минут.

Өту барысы: Жүргізуші жеткіншектерден тақырыпқа немесе мазмұнына, іс-әрекетіне қатысты сөйлемдер қатарын аяқтауын ұсынады. Психолог оқушылардан келесі сөйлем қатарларын аяқтауын ұсынуы мүмкін:

- «Мен ойлаймын, нағыз дос.....»;
- «Мен бірге оқып. Жүрген студенттер.....»;
- «Менің өзара іс-әрекетімнің күшті жақтары болып табылады.....»
- «Адамдармен өзара іс-әрекет ету процесінде.....»
- «Адамның адамға деген қарым-қатынасы туралы пікір айту.....» және т.б.

Әдіс келесідей бейнемен жүзеге асырылады: психолог аяқталмаған сөйлемді айтады да, оны аяқтауды ұсынатын қатысушыны көрсетеді. Сол бір сөйлеммен жүргізуші басқа екі-үш студенттің тым болмаса бір сөйлемді аяқтағаны жөн.

#### **«Жақсы-жаман» жаттығуы**

Мақсаты: Өзара әрекеттің жағдайларын объективті бағалауды үйренуді дамыту.

Қатысушылардың саны: 25 адамға дейін.

Өткізу уақыты: 30-40 минут.

Қажетті құрал-жабдықтар: қалам, жазу парағы.

Өту барысы: Әрбір жеткіншек қолына жазу парағы мен қалам алады. Жүргізуші жеткіншектерге мазаламайтын жағдайлардағы мәселелерді естеріне түсіруді ұсынады (Мысалға: Емтиханды тапсыру, жағымсыз әңгімелер және т.б.) Жеткіншектер парақты екі бөлікке

бөледі. Сол жағына олар үшін жағымсыз жағдайлардың нәтижесіндегі өмір мәселелерінің 10 ұстаным-аспектілерін жазады, ал оң жағына осы аталған жағдайдың жағымды жақтарының 10 ұстанымдарын белгілейді.

Жаттығуды талқылау барысында, жүргізуші әрбір өмірлік жағдайларда жағымды жақтарында болуды үйрену қажет, сонымен қатар осыған байланысты тыныштық пен өзіндік басқаруды көрсетеді.

Баланың адам болып қалыптасуы ең алдымен отбасындағы тәрбиеге байланысты. Жанұя бала өмірінің жағдайын тудыратын, реттейтін орта болғандықтан, ол әртүрлі танданыс пен өкініштердің қайнар көзі ретінде жат қылықтардан жирендіретін, дұрыс жолға бағыттап, басқаратын күш өмірдегі тірек және де алғаш тәрбиелік орта болып табылады.

А.М.Решетина «Баланы адам етіп қалыптастыру бастамасы ең кішкентай әлеуметтік орта – жанұяда жүзеге асады» деген болатын.

Отбасындағы кездестіріну ауыр қарым-қатынас, айқай-шу – оның бүкіл өмірін өзгертіп, нәтижесінде тез ашуланғыш болуын, тәртібінің нашарлануын нерв жүйесінің өзгеруін, мінезінің ашуланғыш болуын қалыптастырады. Мұндай отбасынан тәлім-тәрбие алған бала бойынан қатігездік пен зұлымдық шығуы әбден мүмкін.

"Ата-ана айырылысуының кәмелетке жасы толмағандар құқық бұзушылығына әсері" деген кітабында Н.И.Озерский айырылысудың көбеюі балалар құқық бұзушылығының өсуіне тікелей қатысы бар деп атап көрсетті.

Ағашты өсіру үшін суын уақытылы құйып, қисық өспесін деп тіреп, тамырына зақым тигізбей, күн шуағына баптаймыз, сол секілді баланы кішкентайынан мейіріммен, құлағына тек жақсы сөз айтып, жылулық көрсетіп және дұрыс іс-әрекетке жетелесе әр ата-ана қоғамға пайдасы мол болашағы жарқын тұлға тәрбиелер еді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ильина Т.А. Педагогика: Курс лекций. Учебные пособие для студентов пединститутов. М., «Просвещение», 1984.
2. Керімов Л.К. Қиын жасөспірімдерді жеке дара қайта тәрбиелеу теориясы. Алматы, 1991.
3. Шерязданова Х.Т., Ермакбаева Л.К., Алибаева Р.Н., Амирбекова М.А. Қарым-қатынас психологиясы. - Алматы, 2012.
4. Борисова С.Е. Деловая игра как метод социально-психологического тренинга // Вопросы психологии. – 1999. -№4.
5. Л.И.Божович. Психологические вопросы готовности ребенка к школьному обучению // Вопросы психологии ребенка дошкольного возраста. М. 1948г. с. 42 – 67.

*Оразова Г.К.*

*Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау Университеті  
педагогика психология ғылымдарының магистранты,  
Назипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің әдіскері,  
Арқалық қаласы.*

### **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МОТИВАЦИЯ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУГЕ БАҒЫТТАУ**

Өмірде кез - келген адам үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, аңсаған армандарының орындалғанын аңсары сөзсіз. Жетістікке жетудің басты кілті ол – еңбекқорлық, ізденімпаздық және табандылық. Бұл қасиеттерге қол жеткізу үшін баланы жастайынан осы қасиеттерге баулу керек. Баулудың басты тәсілі, балаға дұрыс мотивация беру, өз-өзіне деген сенімділігін арттыру.

Балалардың өз -өзіне сенімділігін арттыруда психологиялық қолдаудың орны орасан зор. Бала алғашқы кезде өзін іздеу үстінде болады. Ол түрлі әрекеттерді жасау арқылы өз қалауын табуға тырысады. Осы орайда дұрыс психологиялық бағыт, баланың жемісті де

нәтижелі белестерді бағындыруына мүмкіндік береді. Мұндағы басты құрал баламен әңгімелесу арқылы мотивация беру. Мотивация баланың бойындағы күш, жігерді, сенімділікті қалыптастырады. Қай саланы алсаңыз да әсіресе бизнес саласында мотивациялық кітаптар, оқу-жаттығу семинарлары адам бойына ерекше күш, сенімділік беріп жатады. Адамның өзгеруіне, жетістікке қол жеткізуіне тікелей әсер етеді. Әсіресе бұл көмекке балалар жеткіншек 13-15 жасында, өзін таба алмай әр нәрсенің басын бір шалып жүрген кездері берілуі керек.

Мотивация ұғымына С.С.Хасенов, М.К.Орақбаева өз еңбектерінде төмендегідей түсініктеме береді.

Мотивация түсінігі мінез-құлықты сипаттағаннан емес, түсіндіруден пайда болады. Бұл «неліктен?», «неге?», «қандай мақсатпен?», «не үшін?», «не мағына бар?» деген сияқты сұрақтарға жауап іздеуден туындайды. Мінез-құлықтың тұрақты өзгергіштілігінің сипатталынуы мен анықталуы оны құрайтын қылықтар мотивациясы туралы сұрақтарға жауап болып табылады.

Мотивация психология ғылымында жеке бастың мінез-құлқы, іс-әрекеті мен белсенділігін реттейтін фактор ретінде қарастырылады. Ал жеке тұлғаның іс-әрекеттің қандайына болсын мотивациялық ерекшеліктерін ескермей әлеуметтік психологиялық тиімді өзара әрекет, қатынас жасау мүмкін еместігі белгілі. Әрбір жеке тұлғаның мотивациясы өзіндік сипатқа ие болатындықтан, нақтылы фактілер мен заңдылықтарды талқылауға өтпей тұрып, негізгі ұғымдарды анықтап алу керек. [2.1]

Біз мотивті іс-әрекетті оятушы күш және ол белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталады; мотив ретінде жеке тұлғаның қызығушылықтары, әлеуметтік құрылымдар, құндылықтар, идеалдар әсері алынады деген пікірді ұстанамыз. Мотивтің мотивациядан айырмашылығы, мотив – субъектінің тұрақты, жеке басына тән қасиеті және белгілі бір іс-әрекет жасаудағы ішкі оятқыш күші болып табылады.

Қандай болмасын объектінің себебін білмей тұрып, адамның бір мақсатқа жетем деген ойын қалайша тоқтата алатынын және оның мінез құлқының мән-жайын толық түсіну қиын болады. Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай. Адам психологиясы әр-түрлі өзгерістерге түседі. Осыған орай оның түркілері де мақсатқа жету үшін қажетті шаралары да өзгеріске түседі. Мотивтің өзгеруі іс-әрекеттің бағыт бағдарына нәтижесіне әсерін тигізеді. [2.2]

Жеке адамды қандай болмасын әрекет не итермелемейтін қозғаушы күш-мотив, оның түрлі қажеттері, яғни бір нәрсеге мұқтаждықтануы. Адамның қажеттері қоғамдық еңбекте, еңбек ету процесінде қалыптасқан. Сыртқы ортамен байланыс жасауда адамның өмір сүруі үшін ең алдымен ерекше маңызды материалдар қажет (тамақ, баспана, киім, еңбек құралдары т. б.) болады. Басқа да қажеттілік түрлерін:

- 1) Қауіпсіздік қажеттілігі;
- 2) Сыйластық қажеттілігі;
- 3) Басқару қажеттілігі;
- 4) Тәуелсіздік қажеттілігі;
- 5) Жетістікке жету қажеттіліктері.

Адамның алдына әр түрлі мақсат қоюға себепші болатын – түрткі, қажеттіліктер. Осы қажеттіліктерді орындау барысындағы жағдайлармен индивидтің өзара әрекеттестігін мотивация деп атаймыз. Адам қажеттің өтеу үшін бар мүмкіндігін пайдаланып, бұл оның белсенді іс-әрекет етуге талпындырады.[4,1]

Мотивация мәселесіне байланысты көпшілік зерттеулерде негізгі рөл мотивацияны іс-әрекетпен байланыстырып талдауында деп тұжырымдауға болады. Әр түрлі бағыттағы зерттеу жұмыстарының авторлары (А.Н. Леонтьев, С.А. Рубинштейн, Л.М. Якобсон, Д.И. Узнадзе, В.И. Ковалев) мотивацияның құрылымын тұлға іс-әрекетінде байқала дамитынын көрсетті.

Кез-келген іс-әрекет белгілі бір мотивтерден туындайды да, белгілі бір жағдайларда өтеді. Мотивтер, қажеттіліктер және мақсаттар – адамның мотивациялық сферасын құрайтын негізгі элементтер.

Дегенмен бұл жерде құр мотивациямен ештеңе бітіре алмайтынымыз белгілі. Берілген мотивацияның күші 3 күнге ғана жетеді. Сондықтан балаға мотивация бергеннен кейін оның тәжірибеде жүзеге асырып, алға қадам басыын қадағалап отыруымыз керек.[5,1]

Адамдардың қажеттері – іс-әрекетінің қайнар көзі, бастамасы болады. Әрекет дегеніміз түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған үрдіс.

«Жетістік» түсінігі біздің өмірімізге енді. «Жетістік» және «жетістікке жету» феноменіне философтардың, психологтардың, әлеуметтанушы және педагогтардың көптеген еңбектері арналған. [6,2]. Философиялық еңбектерде жетістік деген не жанама және тура анықтауға талпыныс жасайды, сонымен бірге белсенділік, ерік жігер, әрекет, тұлға ұғымдары да қарастырылады. Жетістікке жетуде жалпы қарым қатынастың да ықпалы зор. Қарым қатынас психология ғылымындағы негізгі ұғымдардың бірегейі ретінде дәлелденген. Қарым қатынассыз жеке адамды түсіну, оның дамып-жетілуін талдау мүмкін емес. Адамның қарым - қатынас арқылы жетістікке жетуіне тағы да бір мысал. Жас кезінде бұзақы болған Б.Франклин уақыт оза келе адамдармен қарым-қатынас жасауда зор табыстарға қол жеткізіп нәтижесінде Франциядағы Американы елшісі болып тағайындалған екен. Мұның сырын ол былай түсіндіріпті: «Мен еш адам туралы жаман әңгіме айтпаймын, керісінше жақсы әңгімелерін ылғи айта жүремін». Қарым қатынас жасау арқылы сол адамның мәдениетін, ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, өскен ортасын, алған тәрбиесін саралауға болады. [1,1]

Көптеген зерттеулер, ұдайы қарым қатынас саласында жұмыс жасайтын адамның табысы 80 % -ға оның қарым-қатынас жасай білу қабілетіне тәуелді болатындығын көрсеткен. Қоршаған адамдармен қарым –қатынас жасай білмеу- жұмыстан шығудың немесе жұмысқа қабылданбаудың негізгі себептерінің бірі екені дәлелденген. Статистикалық мәліметтер бойынша, жұмыстан шыққан 10 адамның 7-і өз орнынан өз міндеттерін атқара алмағандықтан емес, әріптестерімен, басшысымен тіл табыса алмау салдарынан шыққандығы, сондай-ақ 10 адамның 8-і тиімсіз қарым-қатынас себебінен жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс берушімен алдын ала әңгімелесуден өтпей қалғандығын айтады. Бұл деректерді ескерсек балалардың ересек кезде осындай мәселелерге тап болмауы үшін, жасөспірім кезінен қарым –қатынас мәдениетін қалыптастыруға көмектесуіміз керек. [3,2]

Жетістікке жетудің бір формуласы ретінде өзін-өзі бағалауды көтеру деп те жатамыз. Ал, өзін-өзі бағалауды қолдауға немесе оны жоғарылатуға деген мотивацияның негізінде не жатыр? Марк Лири өзін –өзі бағалау бір нәрсеге ұйытқы болатын ерекше индикаторға ұқсас деп есептейді (Mark Leeу, 1998, 2004, 2007). Қарым қатынас күресуге және жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан өзін-өзі танудың көрсеткіші бізден басқалар күтетін нәрселерге үлкен сезімталдықпен қарап, әрекет етуімізге түрткі болады.[1.2]

Алайда өзін-өзі бағалауға құмартудың жағымсыз зардаптары болуы мүмкін. Дженнифер Крокер мен оның әріптестері өзіндік құндылығын(мысалы бағалау немесе басқалардың пікірі секілді) бөтен адамдар бағалаған студенттер жеке құндылықтары, абройы мен мансабы секілді өздерінің ішкі құндылықтарына нық сенетін студенттерге қарағанда күйзеліс, ашу ыза, қарым-қатынас проблемалары, ішімдікке салыну, зиянды әрекеттерге бару сияқты сәтсіздік жағдайларын басынан көбірек кешетіндері байқалады.

Балаларға көбіне жетістікке жеткен тұлғалардың, өмір жолы мен жетістікке жету ұстанымдарын үлгі ету арқылы мотивация бреміз. Сондай-ақ түрлі отандық және шет елдік авторлардың жазған мотивациялық кітаптарын ұсыну арқылы бағыт бағдар беріп, оқуға үйренуге деген құштарлықтарын арттырамыз. Осындай балаларға ой салатын өзін жетістікке жетуге жетелейтін мотивациялық кітаптардың ішінде өзіміздің Отандық

авторлар Камшат Бекжігітованың «Ойынды өзгерту арқылы өмірінді өзгерт» кітабы арқылы оқырманға ақыл айтпайды. Ол өзінің басынан өткен қиын кезеңдерді қалай жеңгенін баяндайды. Ең бастысы адамның өмірін өзгертуге қоғам да, туыстар да дос жарандар да себеп бола алмайды, ең басты себеп ойынды өзгерту арқылы өмірді қалай өзгертуге болатын жолдарын баяндайды. Камшат Бекжігітованың өмірлік тәжірибесі қаншама жас жеткіншекке, арманына қол жеткізуге септігін тигізе алары сөзсіз. Сондай ақ өзіміздің жерлесіміз Серікбай Бейсекеевтің «Өзіңді өзің жаса» кітабы жеткіншектерге жақсы ой салып, жетістікке жетелеудің басты құралы бола алады. Жерлесіміздің әлемдік деңгейде шоқтығы биік Сингапур қаласында өмірсүріп жатқаны бала кезіндегі еңбекқорлығы мен өзіне деген сенімділігінің арқасы. Автор кітабында алдыға арман қоя білуді және сол арманға жетудің жолдарын өзінің «Арман» компаниясының дүниеге клуімен сабақтастырады. Бұл да балалар түгілі ересектердің өзіне таптырмас көмекші құрал. Мен үнемі өзіміздің Отандық авторлардың кітабын насихаттап отырамын. Өйткені оқырманға автордың ойы, менталитеті Отандық тұрғыда жақын және түсінікті болып келеді. Оқырман Отандық авторлардың туындыларын оқи отырып, шет елдік авторлардың принципін таңдай ма? Алде Отандық авторлардың еңбегін қолдана ма, өздері таңдау жасайды.

Сондай –ақ әр балаға жетістікке жету үшін төмендегі, **жетістікке жету жолындағы ұсынымдарды** қолдануға кеңес береміз.

1. Алдына мақсат қою;
2. Сені жетістік күтіп тұрғанына үміттену;
3. Іске дайын болу;
4. Адымыңды анық басу;
5. Алға ұмтылу;
6. Қорықпау күмәнданбау;
7. Көңіліңді тоқ ұстау;
8. Жаңашыл болу;
9. Басқалармен кеңесу;
10. Тәуелсіз болу;
11. Біртұтасты бөлшектеу;
12. Жетістіктердің қайдан келуін анықтау;

#### **Жетістікке жету үшін:**

1. Өз потенциалыңды білу;
2. Өзіңе шектеу қоймау;
3. Өзіңді мойындау;
4. Сезімді сыйлау;
5. Әдетке айналдыру;
6. Құндылықтарыңды таны. Бұл ұсынымдар өзін табысты етуді қолға алған, кез келген адамға септігін тигізеді сөзсіз. [10,2]

Жалпы, жетістікке жету мотивациясы бұл адамның қандай да бір іс-әрекетті сапалы және жақсы орындап, өзінің іс-әрекетінің нәтижелерін жақсарту болып табылады. Ал жетістікке жету мотивациясы жоғары адамдардың мақсат және міндеттерді қоюда өзінің мүмкіндіктерін шынайы бағалайды, қиындықтарды жеңуге ұмтылып, іс-әрекетте жоғары нәтижелерге жетуге тырысады. [2,3]

Әрбір бала табысты азамат болуға лайықты. Ал оларды табыстылық пен жетістілікке жетелеу ата аналардың, содан кейін педагогтардың міндеті. Алдымыздағы асқарлы міндеттерді сауатты орындау, ол біздің кәсіби шеберлігімізге байланысты. Қоғамдағы осындай түйткілді мәселелерді шешуде барлық педагогтарға толағай табыс тілейміз. Балалаларымыз тек биіктерден көрінсе, бұл біздің кәсіби жеңісіміз екені сөзсіз!!!

#### **Әдебиеттер**

1. Дэвид Г. Майерс, Жан М. Туенж Әлеуметтік психология//Ұлттық аударма бюросы //Астана 2018 61 бет

2. Вестник КАСУ №5 -2011
3. Жұмасова К, Есенова Л Психология // «Фолиант» баспасы, 2017ж 115 бет.
4. Гордеева Т.О. Мотивация достижения: теории, исследования, проблемы // Современная психология мотивации /под ред. Д.А. Леонтьева.– М.: Смысл, 2002. – 47-103 бет.
5. Хекхаузен Х. Мотивация и деятельность. - 2-е изд. - СПб.: Питер. - М.: Смысл, 2003.
6. Хекхаузен Х. Психология мотивации достижения. Пер.с англ. –СПб.: Речь, 2001.- 240 бет.
7. Пакулина С.А. Методика диагностики мотивации достижения успехов студентов в вузе // Психология обучения, 2009, №1. – 102-113бет
8. Занюк С.С. Психология мотивации. –Киев, 2001.- 351 бет.
9. Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. – СПб.: Питер, 2002.- 508 бет.
10. <https://adisteme.kz/jetistikke-jety-motivatsiiasy.html>

*А.Ш. Белек*

*Алматы қаласы Жетісу ауданы №102 жалпы білім беретін  
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
Педагог-психолог*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТАНЫМ ҮРДІСТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ**

*Заманауи білім талаптарына жауап беретін ұрпақ мектеп партасында отырған оқушылардан қалыптасады. Бұл ретте білім саласына артылар жауапкершілік аз емес.*

*Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Жолдауында Ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруға қажетті қағидаттарды айқындап берді. Жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы терең білімді, еңбекке етуге бейім, кәсіби дағдысы дұрыс, жоғары жауапкершілікті азамат болуы тиіс. Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыра аламыз. Қазір білім берудің парадигмасына сай оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру басты талап. Яғни мектеп жасындағы балалардың алған білімін өмірде қолдану қажеттілігі басты орынға шығып отыр. Мұны біз функционалдық сауаттылық дейміз [1].*

*Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.*

*Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы[2].*

*Функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы.*



Сонда, функционалдык сауаттылык ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдык сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б[2].

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдык сауаттылықтарын қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық негіздеріне келер болсақ, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері ескерілуі керек. Оқу, жазу сауаттылықтарын қалыптастыруда, ең алдымен, кіші мектеп жасындағы балалардың ойлау мен сөйлеуі маңызды орын алады. Бұл орайда Ж.Аймауытов[3], Б.В.Беляев[4], Е.И.Пассов[4], Н.И.Жинкиндердің ойлау мен сөйлеу, есте сақтау секілді күрделі психикалық құбылыстар тур[5]алы ой-пікірлері талданады. Ой ұйымдасқан сөйлесім үдерісіне айналуы үшін адам өзіне қажетті үлгіні, ойды дәл бейнелейтін сөзді таңдап алатын іштей сөйлеудің кезеңдерінен өтуі тиіс. Сөйлесім – айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуды талап ететін, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас негізінде іске асатын ортақ құбылыс. Оқушылардың функционалдык сауаттылығын қалыптастыруда іштей сөйлеу мен сөйлесімнің мәнін назарға алу олар орындайтын жаттығулар мен тапсырмаларды іріктеуде маңызды рөл атқарады.

Оқыту үдерісінің нәтижелілігі бастауыш сынып оқушысының физиологиялық, психологиялық негіздерін терең білу мен барлық оқу әрекетін соған негіздеуге байланысты болады. М.Жұмабаев: «Сыртқы дүниемен, адамзат тұрмысымен жаңа таныс болып келе жатқан адам бар нәрсені білуге, бар білгенін есте ұстауға ұмтылады. Естің қатынасуын қатты керек қылатын ғылымдарды үйретуге қолайлы шақ осы. Бұл жаста баланың міндеті ой жүгіртіп білімді іске асыру емес, білімді молайта беру; даярлай беру, бар нәрсені еске ала беру» [4],- деп, балаларда жасынан білуге, тануға ерекше талпыныс пайда болатынына тоқталады.

Психологиялық зерттеулерде анықталғандай, балаларға берілетін білімнің көлемі мен мазмұны олардың өмірден жинаған тәжірибесіне, таным деңгейіне және психикалық тұрғыдан дамуына лайықталуы тиіс. Сондай-ақ олардың сұраныстары мен қабілеттері де ескерілуі керек. Өйткені бала ақпараттар ағынынан өзіне қажеттісін әрі түсініктісін ғана қабылдай алады.

Сондықтан бастауыш сынып үшін оқушылардың *жас ерекшеліктерін ескеру* ұстанымы басшылыққа алыну қажет. Бұл ұстанымның мәні – бастауыш сынып оқушыларының ұғымына жеңіл, психологиялық ерекшеліктеріне сай келетін, білім деңгейлеріне лайықталған және олардың өмір тәжірибесін есепке алатын материалдардың қамтылуы.

Психологтардың айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 5-11 жаста қалыптасады екен. Сондықтан балаларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін бастауыш сыныптан-ақ оларды логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық технологиялардың негізіне, ақпараттық сауаттылық пен мәдениетке тәрбиелеу қажет.

Мұғалім-жүргізушінің студенттерге әдеттен тыс өзара әрекетінің алғашқы минуттары өте терең мағына ие. Біріншіден, психологиялық тұрғыдан топтың барлық мүшелері теңдеседі, оның ішінде, жасына, әлеуметтік жағдайына, өмірлік тәжірибесіне қарамастан, жүргізуші де тең дәрежеде болады. Екіншіден, топтың ішінде шешім қабылдауда мұндай құқықтар беру қатысушыларды ары қарай дербес әрекеттер жасауға дайындайды.

Төртінші блок сабақтары үшін жүргізушінің тренингке қатысып отырған студенттердің мамандықтарына кірісу саласындағы дайындығын, жүргізушінің



мамандықтың ерекшеліктерімен танысуын, профессиограмманы талдауын талап етуі мүмкін. Осы саладағы көрнекті қайраткерлердің портреттерін іріктеу, олардың биографиясындағы қызықты деректерді жинақтау, тренингтік ғимаратты кәсіби қызметтің фотосуреттерімен, модельдерімен және атрибуттарымен безендіру жөн болып табылады.

Сабақты жүргізу барысында қатысушылардың минималды физиологиялық (қатысушылардың еркін отыру және орын ауысу мүмкіндіктері, ыңғайлы үстелдер мен орындықтар, үзілістердің жеткілікті уақыты, ғимаратты желдендіру және тренингтік топтың жұмысына кедергінің болмауы) және технологиялық (жұмыс пен өз пікірін білдіруге қажетті материалдармен жабдықтау) жайлылық қарастырылған. Тренинг қатысушыларының психологиялық қауіпсіздігі қатысушылармен талқыланатын ережелерді сақтау арқылы қол жеткізіледі.

Тренинг жүргізудің технологиялық сипаттамалары

Біз ЖОО-да тренингтік сабақтар жүргізудің әдістемесі мен ерекшеліктерін мұқият қарастырдық.

Студенттік топтың ұйымшылдығын дамыту тренингі шынайы оқу топтарын оқыту процесінің аясында жүргізілді және 4 сағаттық төрт блоктан тұрды. Алғашқы және үшінші блок жаттығулар жинағынан тұрса, екінші блок жеке жаттығулар мен топтық ойыннан құралды. Төртінші блок жеке жаттығулармен қатар, рөлдік және іскерлік ойындарды біріктірді.

Тренинг жаттығуларын іріктеудің негіздемесі.

Қазіргі уақытта практикалық психологияда психологиялық ойындар мен жаттығулардың айтарлық көп мөлшері жинақталған. Олардың ішінен біз зерттеудің қойылған мақсаттарына сәйкес келетіндерін, білім алу процесінің субъектілерінің ортақ әрекетіне ықпал ететіндері іріктедік. Сонымен қатар, В.А.Ясвиннің ұсынысы бойынша, тұлғалық дамудың барлық «арналарын» (перцептивтік, когнитивтік және тәжірибелік) іске қосу және тұлғалық дамудың сәйкес психологиялық механизмдерінің (танымдық процесстердің, рефлексияның, эмпатияның, сәйкестендірудің және т.б.) қызметін белсендіру маңызды болып келеді.

Жаттығуды таңдау барысында біз келесі қағидаларға сүйендік:

- жаттығудың сабақтың негізгі мақсатымен сәйкес болуы;
  - студенттің өзін-өзі дамыту бағдарын ынталдыру және бұл процесстің маңыздылығын арттыру;
  - қарапайымнан күрделі жаттығуларға өту кезектілігі;
- тұтас циклді бірегей қабылдауды қамтамасыз ететін жеке жаттығулар арасындағы байланыстың болуы;
- әрбір қатысушыға өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігін беру;
  - кездейсоқ қозғалу мүмкіндігі;
  - сабақтан ләззат алу;
  - жеке, топтық, жұптық ортақ жұмыстардың кезектілігі;
  - әрбір қатысушының барлық жаттығуға және олардың нәтижелерін талқылауға қатысу мүмкіндігі;
  - кейбір шешімдерді қабылдау құқығын беру;
  - ұдайы кері байланыс алу және бағдарламаны жетілдіру;
  - тренинг элементтерін оқытуда қолданудың жүйелелігі.

Тренинг сабақтары блоктарының мазмұны

Бірінші блоктың мақсаты мен міндеттері психологиялық күйзелісті төмендету, тұйықтықты, сенімсіздікті жою, қатысушылардың перцептивті тәжірибесін кеңейту, әріптестердің өзара әрекеттеріне, эмпатияға ынталандыру болды.

Бірінші блоктың жаттығулары

1. Өзін топқа таныстыру.
2. «Интервью» жұппен жұмыс жасау.
3. «Орын ауысу».

4. «Өзіңе ұқсас адамды тап» топпен жұмыс.

5. «Әріптесіңнен өзіңмен ұқсастық пен айырмашылықты тап» жұптық жұмыс.

1,2 жаттығулар когнитивтік бағытқа, 3 – эмоционалды, 4 – мінез-құлықтық және 5 – құндылық бағытқа ие. Когнитивтік бағыттың басым болуы тәжірибелік оқу топтарын құру уақытынан бастап бір айдан көп уақыт өтпегендігіне және тренинг қатысушыларының көпшілігінің таныстығының аз болуына байланысты.

Сонымен, топтың дамуының алғашқы сатысы танысу болып табылады. Топ дамуының келесі сатысында рөлдерді тарату, бөлу, көшбасшылардың күресуі мен қалыптасуы орын алады. Сондықтан, екінші блоктың мақсаты мен міндеттері қатысушылардың белсенділіктерін арттыру, топтың даму деңгейі мен болжамдық динамикасы туралы дискуссия секілді топтық өзара әрекет ету тәжірибесін алу болды.

Екі блок бағдарламасы:

1. «Жүгіргіш оттар» сергіту;

2. «Әуе шарындағы апат» ойынының заттар тізімін саралау бойынша жеке жұмыс;

3. Тізімді топтық талқылау;

4. Картаға аралдың суретін салу;

5. Қоғамдық өмірдің ережелерімен келісу.

1 жаттығу эмоционалды бағытқа (топ өзара қарым-қатынастың «жылуымен» қыздырылды), 2 жаттығу – когнитивті, 3 – құндылықтық, 4 және 5 – мінез-құлықтық бағытқа ие болды.

Екінші блок жаттығуларының мінез-құлықтық бағытының басым болуы топты сабақтың үшінші блогына даярлаумен байланысты болды. Оның мақсаты мен міндеттеріне тренинг қатысушыларының ұйымшылдығы мен әрекеттерінің келісімді болуын қамтамасыз ету кірді.

Сабақтың үшінші блогына келесі ойындар мен жаттығулар кірді:

1. «Оқу топтарын топтастыру қажет пе?» топтық дискуссия;

2. «Топпен не істеуге болады?» топтық дискуссия;

3. «Мен топқа не үшін қажетпін?» «Ал топ маған не үшін қажет?» топтық дискуссия;

4. «Жақсы топ рецепті» жаттығуы;

5. «Ханымдар мен мырзалар» жаттығуы;

6. «Бірге құрастырамыз» жаттығуы;

7. «Әріптерден сөз құраймыз» жаттығуы;

8. «Келісілген мінез-құлық» жаттығуы;

9. «Топқа сыйлық» жаттығуы.

1 және 6 жаттығулар когнитивтік бағытқа, 5 және 9 – эмоционалды бағытқа, 2,7 және 8 – мінез-құлықтық, 3 және 4 – құндылықтық бағытқа ие болды.

Төртінші блоктың мақсаты пікірлердің бірегейлігін, кәсіби маман образына деген көзқарасты қалыптастыру болды. Бұл мәселелерді тренинг бағдарламасына қосу қажеттілігі қатысушылардың бастапқы кәсіби таңдау кезеңінде, ЖОО білім алудың бастапқы сатысында, өзіне болашақ мамандықты мұқият таңдау сәтінде болуына байланысты туындады. Бұл негізгі (жалпы психологиялық қабілеттерді іріктеу) және арнайы цикл тренингінің бағдарламасына бөлу туралы бірқатар авторлардың пікірлеріне (А.А.Фрумкин) сәйкес келеді.

Сабақтың төртінші блогы келесі ойындар мен жаттығулардан тұрды:

1. «Мамандық образы» топтық дискуссия.

2. «Ассоциациялар» топтық дискуссия.

3. «Күн сәулесіндегі кәсіби портрет» жаттығуы.

4. «Студенттік пен кәсіби мамандықтың тамаша кезеңі» рөлдік ойын.

5. «Сәттілік дәлізі» жаттығуы.

6. «Мамандықтың жарнамалық ролигі» іскерлік ойыны.

7. «Жүз дос (тілек)» жаттығуы.

1 және 2 жаттығулар когнитивтік бағытта, 4 және 7 – эмоционалды, 5 және 6 – мінез-құлықтық, ал 3 – құндылық бағытында болды.

Төртінші блок сабағынан соң студент болашақ мамандығы туралы ақпарат алуы қажет, оның бойында болашақ үшін маңызды болатын өмірлік құндылықтар туралы көзқарас пен жақсы пікір, болашақ кәсіби маманның образы мен әрекеттері туралы пікір қалыптасуы тиіс.

Кері байланыс алу әдістері.

Кері байланыс әлеуметтік-психологиялық тренингтік ажырамас элементі болып табылады және әрекетті реттеудің аңдаусыз деңгейінен саналы деңгейіне ауыстыруға бағытталған. Кері байланыс алу тренинг қатысушыларының рефлексиясының, тренинг жаттығуларын қабылдауының мини-сауалнамасы көмегімен жүзеге асырылды. Әңгімелесу барысында студенттің топтың оқытушылары мен кураторларынан алынған пікірлер жүйеленді.

Алғашқы үш сабақтың әрқайсысы аяқталған соң тренинг қатысушыларына өз пікірлерін білдіру және әрбір жеке жаттығудың топтастары мен жалпы топ туралы ақпарат алуға қосқан үлесін бағалау; сабақтың жағымды атмосферасын қалыптастыру; жалпы әрекеттердің келісімділігі; өмірлік құндылықтарды жақындастыру ұсынылды. Жаттығудың нөмірін сауалнама парағының арнайы дайындалған ұяшығына жазу қажет болды. Нөмірлер қайталануы немесе мүлдем жоқ болуы мүмкін (ол кезде сызықша «-» қою қажет еді).

Төртінші сабақ аяқталған соң, қатысушыларға өз пікірлерін білдіру және әрбір жаттығудың топтастары мен жалпы топ туралы ақпарат алуға қосқан үлесін бағалау; сабақтың жағымды атмосферасын қалыптастыру; жалпы әрекеттердің келісімділігі; өмірлік құндылықтарды жақындастыру ұсынылды. Жаттығудың нөмірін сауалнама парағының арнайы дайындалған ұяшығына жазу қажет болды және олар қайталануы немесе мүлдем жоқ болуы мүмкін (ол кезде сызықша «-» қою қажет еді).

### ***Әдебиеттер тізімі***

1. Жігітбекова Б.Д. Топтық психотерапия / Алматы, Ұлағат, 2008. - 196 бет.
2. Жигитбекова Б.Д., Психологиядағы әлеуметтік сәйкестендіру мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №3(60), 2019. – С.175-178.
3. Жигитбекова Б.Д. Оқыту үрдісінде психологиялық тренингті қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, 2017. – С.36-39.
4. Жигитбекова Б.Д., Канаева С.Т. – Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(53), 2017. – С.61-66.

*Сангилбаев Оспан Сейдуллаевич  
Психология ғылымдарының докторы, профессор,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*

*Қабылова Айгерім Серікқызы  
2 курс магистранты, Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

## **ПРОБЛЕМАЛЫЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТАЛДАУДЫҢ БІРЛІГІ РЕТІНДЕ**

**Андатпа**

Мақалада педагогикалық ойлауды талдаудағы проблемалылықтың рөлі, оның маңыздылығы, жалпы педагогикалық проблемалы жағдай дегеніміз не, педагогикалық жағдайдағы проблемалықты анықтау кезеңдері, шарттары, оның көрсеткіштері туралы сөз қазғалады. Проблемалылықты шешу жолдары көрсетілген.

**Тірек сөздер:** педагогикалық ойлау, педагогикалық жағдай, психологиялық әрекет, проблемалылық, проблемалық жағдай.

«Проблемалы жағдай дегеніміз – ойдың тұйыққа тірелген психикалық кезі, яғни адам жана істі шешу үшін жаңаша әдіс арқылы бұрыннан бар білімінің көмегімен әрекет жасауға мәжбүр болады» [1].

Педагогикалық ойлау – үздіксіз жүріп отыратын педагогикалық процесс, педагогикалық қызмет барысында орын алатын проблемаларды анықтап, жоспарланған, қойылған, кенеттен болған тапсырмаларды шешуге бағытталған іс-әрекет дейтін болсақ. Осы тұста С.Л. Рубенштейн білім мен ойлаудың арақатынасы туралы сөз қозғағанда, оларды меңгеру диалектикалық процесс екендігін айтады, себебі бұл процесс барысындағы себеп пен салдар бір-бірімен тығыз байланыста болады деп көрсетті. Бұл пікірді ары қарай қорыта келе К.А. Абульханова-Славская тапсырмаларды шешудегі талдау және жалпылаудың арасында екіжақты байланыс барын анықтады. Педагог белгілі тапсырмаларды шешу кезінде білімді жалпылау ретінде қолданатын болса, оны ары қарай талдау арқылы процесске жаңа шешім, тың идея алып басқаша рең береді. Осылайша екеуі кезектесе байланыса орын алатын құбылыс екендігін айтты.

К. Тихомиров білімнің ойлау кезіндегі қызметін саралай келе: «Субъект үшін кез келген білім ойлаудың жемісі ғана емес, сонымен қатар ол ойлау қызметінің құралы», - деген пікір білдірді.

Педагогикадағы проблемалылық қарама-қайшылықтарды «жоюға» бағытталған ойлау процесін тудырады. Сонымен қатар, бұл мұғалімнің кәсіби ойлауын белсенді етудің бастапқы негізі болып табылады.

Проблемалық жағдайды психологтар мен әдіскерлер «жаңа білім алу, жаңалық ашу үстіндегі қалыпты психологиялық әрекет» деп есептейді. Бұл – студенттердің беймәлім нәрсені түсініп, қойылған міндетті шешуі.

Проблемалық жағдайдың басты белгісі – белгісіздік, яғни тапсырманы дұрыс орындау барысында студенттер жаңаша ойлап, қажетті әрекетті орындауы.

Мәселені іздеу мұғалімнің кәсіби ойлауының бағытын анықтайды.

Е.К.Осипова педагогикалық ойлаудың бірлігі ретінде педагогикалық тапсырманы қарастыруды ұсынды, В.А.Сластенин таным тапсырмасы формасындағы педагогикалық іс-әрекетті қарастыруды, ал М.М. Кашапов педагогикалық ойлауды талдаудың бірлігі ретінде проблемалылықты алды, оның себебін келесідей түсіндірді: проблемалылық пайда болғаннан кейін, оны анықтау және талдау сәтінен бастап педагогикалық тапсырмаға ұласатын педагогикалық проблемалылық пайда болады. Сәйкесінше, педагогикалық іс-әрекет ойлау процесінің келесі кезеңдерін қамтамасыз етеді: *ынталандыру жағдайы > педагогикалық проблемалы жағдай > проблемалық > педагогикалық тапсырма*. Өз пайымдауын ол келесідей түсіндіріп өтті: проблемалылық – танымның ажырамас бір бөлігі, ол білім алушының субъективтік жай-күйін сипаттайды деді; ол заңды түрде танымның тұрмысқа, объектке немесе құбылысқа деген көзқарасынан туындайды. Проблеманың, проблемалық оқиғаның болуы объективті түрде әлемдегі барлық құбылыстардың байланысы мен шындық шексіздігіне негізделеді. Проблемалылықты анықтау мұғалімнің кәсіби ойлауының бағыттылығын анықтайды.

Е.В.Карпова және О.Н. Шевко проблемалылықты педагогикалық ойлаудың басты құрылымы деп есептейді. Проблемалылық мұғалім қызметінің сыртқы талабы болмауы тиіс, ол педагогтың ойлауының стилі болуы керек. Ойлаудың проблемалылық құрылымы педагогтың кәсіби дайындығы барысында қалыптасуы қажет. Мұғалімдер үшін ол соңғы

орында, дегенмен объективті түрде проблемалылық бірінші орында болуы керек, себебі ол басқа «кедергілердің» орнын толтырып отырады. Педагог ойлауы репродуктивті болмауы тиіс және де кәсіби дайындалу кезінде ойлаудың проблемалылығын, продуктивтілігін қалыптастыру маңызды рөл атқарады.

Ю.К. Карнилованың көзқарасына сүйенетін болсақ, бір оқиғаны әр адам әртүрлі қарастырады, біреу оның басқа тұсынан проблемалылықты анықтаса, екіншісі басқа тұсын проблема деп көруі, ал үшінші адам үшін ол оқиға мүлдем проблема тудырмауы мүмкін, мақсатты түрде проблемалылықты педагогикалық ойлаудың бірлігі деп қарастыру ұсынылады, себебі оны анықтап, талдаған сәттен бастап проблемалық жағдай орын алып, ол ары қарай педагогикалық тапсырмаға түрленеді.

Оқиғаның проблемалылығы «қарама-қайшылықты анықтап, осы қарама-қайшылықты туындатқан проблемалық оқиғаның өзегін жоюға бағытталған ойлау процесін тудырады (С.Л. Рубенштейн). Бұл көзқарасқа сәйкес проблемалық оқиғаны емес дәл проблемалылықтың өзін педагогикалық ойлау процесінің өрбітуші себебі және бастапқы нүкте ретінде көруге болады. Қарама-қайшылықтарды жою – мұғалімнің педагогикалық проблемалық жағдай барысында өзі тұжырымдаған және проблеманы шешу нәтижесіндегі педагогикалық тапсырманың шешімі.

Ғалым Р.В. Кудрявцев, А.М.Матюшкин проблемалық оқытудың төрт кезеңін атап көрсетеді:

1. Мәселенің туындауы және оны шешудің алғашқы қадамы;
2. Мәселені терең түсінуі және оны адамның қабылдауы;
3. Мәселені шешуге жауап іздеу әрекеті – проблемалық тапсырманың шартын талдау, бұрыннан білетіндерін іске қосу, қисынын іздеп, оны сарапқа салу, тексеру;
4. Ақырғы нәтижеге жету және оны қойылған талапқа, көрсетілген шартқа сәйкес бағалай білу [2].

Тұжырымдалған сипаттағы проблемалық субъектінің тәжірибесімен анықталады.

Дәл осы тәжірибенің арқасында педагог кел келген тапсырмаға қосымша, субъективті шарттарын қоса алады. Осы аталған шарттар тапсырма мазмұнын түрлендірі, сәйкесінше, мұғалім шешілуі тиіс проблеманың сипатына өзгеріс енгізе алады.

Проблемалық педагогикалық жағдайды шешу барысындағы проблемалықты анықтау деңгейін зерттеу тәсілдері, ғалымдарының пікірінше төмендегі шарттарға сәйкес іске асуы керек деді. Олар:

1. Проблемалықты анықтау деңгейінің көрсеткіштері субъектінің жеке ерекшеліктеріне тәуелді және нақты педагогикалық жағдайдың пәндік мазмұны мен шарттарына байланысты болады. Нақты шешім қабылдауда қай деңгейдің маңызды екендігін анықтау өте маңызды. Доминанттылық пен субдоминанттылық деңгей мұғалімнің алға қойған мақсаттары мен қол жеткізгісі келген жетістіктерімен сипатталады.

2. Проблемалық деңгейді анықтауды үйрену дегеніміз мұғалімді жеке тұлға ретіндегі сипаттарын қарастырмайды, ұстаздық қызмет субъектісі ретіндегі субъектілік сипаттамасын зерттеуге мүмкіндік береді. Проблемалықты түсіну арқылы мұғалімнің кәсіби ойлауының векторын және бағытталған семантикалық өрісін анықтауға болады.

3. Мұғалімнің кәсіби ойлай алуы педагогикалық қызмет контекстінде ұйымдастырылады. Олар:

- Жағдаяттық деңгей – дәл қазіргі таңдағы педагогиканың өзекті проблемалық жағдайларының шешімін қарастырады;
- Жағдайдан тыс деңгей – мұғалімнің проблеманы шешуде процестің ілгері дамуына қарай шығара білуі.

4. Мұғалімнің жағдайдан тыс деңгейді анықтай алуы және түсінуі – ол мұғалімнің ішкі проблемаларды шешу тәсілдері туралы өз бетінше қорытынды шығара білуі. Басқаша айтсақ, өзінің жеке дауына қарай өздігінше жоғарлауға, өзгеруге, өз-өзін басқаруға деген даму

бағдарламасын құрай білуі. Бұл деңгейге жеткен педагог психологиялық механизмдерді іске асырудың кәсіби білім процесінің өз-өзін жетілдіруге қарай өзгертуі.

5. Жағдайдан тыс проблемалылық - бұл проблемалылықты анықтау деңгейін педагогикалық жағдайдың кейбір нақты белгілерін кейінге, артқа қарай шегере отырып, осы жағдайдағы қиындықтың мәнін анықтайтын сипаттарды белгілей алу.

6. Жағдайдың тыс проблемалылықты іске асыру арқылы мұғалім жеке және кәсіби проблемаларға ғана педагогикалық сараптама жасап қана қоймай, өз тәжірибесіне, ішкі ресурстарына, ерік-жігері мен эмоционалдық көңіл-күйіне сүйене отырып нақты жағдайды шешу тәсілдерін таба білуі.

7. Проблемалылықтың жағдайдан тыс деңгейін өзекті ете білу дұрыс, оң нәтиже беретін оңтайлы бола алады немесе жеке және кәсіби мақсаттарға жетуге кері әсерін беретін қате болуы да мүмкін [3].

Жағдайдан тыс, өндірістік деңгей, яғни белгілі бір орын алған жағдайдағы өзін саналы түрде көре білу – мұғалімнің жеке жұмыс істеуі мен дамуын әлеуметтік-педагогикалық анықтау факторларын енгізудің нәтижесі.

Ғалымдар проблемалылықты іске асырудың келесі шарттарын атап көрсетті: а) проблемалылық мұғалімге жақын, маңызды және қызық болуы керек; б) проблемалылық мұғалімге қолжетімді болып, оның шешімін табу арқылы мұғалім өзіне жаңаша ой түйе алуы керек.

Проблемалылықтың тағы да басқа компоненттері:

- Басты және қосалқы проблемалылықты ажырата алу;
- Өзіне, білім алушыларға проблема тудыратын сұрақ қоя білу;
- Өзекті және перспективалы проблемаларды айыра алуы.

Проблемалылық мәселелерін қарастырған зерттеу жұмыстарын сараптай келе педагогикалық психологияда проблемалы педагогикалық жағдайдың үш құрылымдық компоненттерін бөліп қарауымызға болады: мотивациялық, мазмұндық, бағалаушылық. Осы компоненттерге кеңінен тоқталатын болсақ.

1. *Мотивациялық компонент* педагогикалық қызметтегі қиындықтарға деген қарым-қатынаспен сипатталады (оң және теріс). Қызмет барысындағы мұғалімнің бағыты, тәсілдері мен мінезі оның бойында қалыптасатын тастай мықты танымдық, жеке және кәсіби қажеттіліктердің туындауына байланысты болады. Қиын және бұрын орын алмаған өзгеше педагогикалық жағдайды шешу арқылы ұдайы шындалып отыратын мотивация қалыптасады.

2. *Мазмұндық компонент* педагог қызметінде туындаған қиындықтарды сәтті жеңуге қажетті белгісіздікті іздеумен сипатталады.

Мұғалімнің проблемалылықты талдауының дұрыс, толық әрі тереңдігі таным процесі кезінде туындайтын қарама-қайшылықтарды қаншалықты түсіне алуына тәуелді: а) педагогикалық қарым-қатынастағы әріптесін; ә) жалпы педагогикалық жағдай (пәндік тұрғыдағы шарттар, мақсат және педагогикалық қарым-қатынастағы құралдар; б) педагогтың өзін оқу-тәрбие процесінің субъектісі ретінде жалпы тұлға ретінде.

1. *Бағалаушылық компонент.* Педагогикалық шешім шығару қолда бар және талап етілетін қажетті мәліметтерді анықтаумен байланысты жүзеге асады. Бұндай бағалау талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау, абстрактілеу, верификациялау және т.б. негізгі ойлау операцияларын іске қосу кезінде орындалады. Осындай бағалауды негізге ала отырып педагог шешімді іске асыру тәсілдерін есепке алып дұрыс, үнемді және нәтижелілік критерийлері бойынша барынша тиімді шешім қабылдайды. Осыған байланысты қалыпты іс-әрекет пен қажетті іс-әрекет арасында қарама-қайшылық педагогикалық салдар тарапынан жүзеге асырылуын бағалау арқылы шешіледі. Педагогтың жағдайды терең түсініп, ой сүзгісінен өткізіп оптималды, неғұрлым нәтижелі шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Махмудов М.И. Теория и практика проблемного обучения. – Казань: 1972.-280 с.

2. Проблемное и праграммированное обучения. Под. Ред. Т.В.Кудрявцева и А.М. Матюшкина. – М: Советская Россия, 1973. – 56 с.
3. Кашапов М.М. Психология профессионального педагогического мышления, Ярославль – 2000

### **Сагымбаева Б.Б.**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы  
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы

### **КӘСІБИ РЕФЛЕКСИЯНЫ ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Рефлексия - бұл адамның өз іс-әрекеттерін, ішкі жағдайларын, сезімдерін, уайымдарын ұғынуға, осы жағдайларды талдауға және тиісті қорытындыларды тұжырымдауға бағытталған қызметі. Адам өзін түсінуі, өз әрекеттерін бақылау және реттеу, өзінің ішкі әлемін дамыту үшін, ол рефлексияны меңгеруі керек. Рефлексия - өз бағыты бойынша жылжу процесі мен нәтижелерін талдауға ұмтылу және дайындық. Рефлексия кәсіби қызметтің типтік емес міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін интегралдық сипаттама ретінде әрекет етеді. Ол кәсіби қызметке шығармашылық тұрғыдан қарауға, оның барынша тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізуге ықпал етеді. Жас педагогтың жолдағы маңызды кәсіби қасиеттерінің бірі оның мамандықта қалыптасуы оның дайындығы мен рефлексия қабілетіне айналады.

«Рефлексия» термині латын тілінен шыққан, «шағылысу», «артқа айналдыру» дегенді білдіреді. Шетелдік сөздердің сөздігінде бұл ұғым өзінің ішкі әлемінің субъектісі ретінде өзін-өзі басқару, өзін-өзі тану ретінде анықталады. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі рефлексияны оның ішкі күйі туралы ойлау ретінде түсіндіреді. Қазіргі уақытта рефлексия әр түрлі ғылымда философия, педагогика, психология, әлеуметтану және т. б. зерттеу пәні болып табылады.

Мәселен, философияда рефлексия бастапқыда өзін-өзі тану, өз тәжірибесін интроспекциялау контекстінде қарастырылды. Қазіргі философияда әлеуметтік дамыған адамның өз іс-әрекеттерін түсінуге бағытталған теориялық іс-әрекетінің нысаны ретінде, сондай-ақ адамның рухани әлемінің ерекшелігін ашатын өзін-өзі тану қызметі ретінде түсіндіріледі [1].

Психология ғылымында рефлексия субъектінің өзін, оның ішкі психикалық жағдайын білуі немесе түсінуі ретінде ғана емес, сонымен қатар басқалардың рефлексияны, оның жеке ерекшеліктерін, эмоционалды реакцияларын және танымдық идеяларын қалай білетінін және түсінетінін қалай анықтауға болады. Рефлексияның кеңейтілген түсінігі В.А. Лефеврдің еңбектерінде көрініс тапты.

Рефлексия сана мен ойлау салаларын байланыстыратын арнайы процестер мен құрылымдық түзілімдер ретінде түсіндіріледі. Жеке рефлексия іздеу процесінде өзін тапқан адамға бағытталған және, тиісінше, оның барлық қызметін тұтастай қайта қарастыруға әкеледі.

Рефлексивті тәсілдің біріне айналатынын өзін-өзі тануды, іс-әрекет пен тұлғаны дамытуды зерттеудегі орталық. Теориялық ойлаудың қалыптасуы рефлексия құбылыстарымен байланысты және шығармашылықты дамыту. Сонымен қатар, И.Н. Семёновтың пікірінше, рефлексия - тәжірибе стереотиптерін қайта құру, инновациялық тәжірибеге шығудың ішкі шарттары (жаңа идеяларды құру, жаңа тәжірибе құру).

Әлеуметтік психологияда рефлексия адамдармен қарым-қатынас негіздерін ұғыну. Рефлексия тұлғааралық танымның, тұлғааралық және топтық қарым-қатынас жағдайындағы мінез-құлықты түсінудің және реттеудің маңызды механизмі ретінде қарастырылады. Қазіргі педагогика ғылымында рефлексия әдетте белсенділік пен оның нәтижелерінің өзін-өзі талдауы деп түсіндіріледі. Бірқатар авторлар педагогикалық рефлексияны қабілеттердің

ерекше түрі ретінде қарастырады. Атап айтқанда, А. К. Маркова педагогикалық рефлексия арқылы мұғалім санасының өзіне бағытталғандығын түсінеді

Л.М. Митина рефлексияны өзін-өзі талдау, бағалау, түсіну, өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттеу, оқушының жеке ерекшелігіне ену, оның ұстанымына ену және өзін көру, түсіну және бағалау, өзінің жеке тұлғалық қайшылықтары мен қақтығыстарын сындарлы түрде шешу қабілеттерінің жиынтығы ретінде анықтайды [2].

Дж. Мезироу (Jack Mezirou) бұл өнімді болуы мүмкін жай ғана ойлау және өз іс-әрекеттерін талдау емес, бірақ өз болжамдарының сыни рефлексиясы деп тұжырымдады. Мұндай рефлексия болуы үшін маңызды ойлауға принципті көзқарас, ол бейтарап, дәйекті және дәйекті емес субъективті жағдайлар себепші болады. Бұл өте пайдалы болуы мүмкін, өйткені, біріншіден, әрбір адам бар үшін өз іс-әрекеттерін сыни қайта ойлауға, ойлар мен идеялар, батылдық, екіншіден, басқа көзқарас, басқа пікір, түсіну, сыни талдау тірек нүктесі болуы керек, Дж.Мезироу сыни рефлексия деп "оқытудың өлшемдері, болжамдары мен ортаны" атады [3].

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте рефлексия әр жағынан қарастырылады:

- педагогтың кәсіби маңызды сапасы ретінде (В.И.Загвязинский, В.В.Краевский, Г.П.Щедровицкий және т. б.);
- кәсіби-педагогикалық қызметті дамытудағы аналитикалық-ретроспективті кезең ретінде (В.О.Кутьев, Я.С.Турбовский және т. б.);
- педагогтың кәсіби дайындығының компоненті ретінде (И.И.Ильсов, И.Л.Можаровский және т. б.);
- ғылыми танымның жүйе құраушы механизмі ретінде (А.С.Анисимов, М.С.Мириманова, С.Л.Рубинштейн және т. б.);
- педагогикалық шығармашылық компоненті ретінде (В.Г.Богин, В.А.Кан-Калик, И.Я.Лернер, Н.Д.Никандров және т.б.);
- жаңа педагогикалық идеялар мен технологияларды таңдау мен іске асырудың табыстылығын анықтайтын педагогтың инновациялық қызметінің компоненті ретінде (В.А.Сластенин, Л.С.Подымова және т.б.).

И.В.Козлов және В.Е.Мальников [4] идеялары өте қызықты, оның мәні әртүрлі қызмет түрлерін интеграциялау есебінен студенттердің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды сақтау кезінде өтуі тиіс:

1) білім беру үдерісінде әлеуметтік-кәсіптік өзін-өзі анықтау үшін мүмкіндіктер жасау, яғни жеке білім беру бағыттарын жобалау (жеке модульдерді таңдау және зерттеу кезектілігі, базалық және қосымша құзыреттер жиынтығын анықтау, дайындау бағдарламаларымен қарастырылған қызметтің әр түрлі түрлерін игеру));

2) жоғары кәсіби білім беру саласында мамандарды көп деңгейлі дайындауда ЖОО-ның әлеуметтік серіктестері ретінде әрекет ететін ұйымдар мен мекемелер желісінде жүзеге асырылатын ресурстық интеграцияны жүзеге асыру (өнеркәсіптік кәсіпорындар, ғылыми-техникалық зертханалар және т.б.). Бұл студенттерді оқыту мен тәжірибеден өткізуді ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық, ақпараттық және кадрлық ресурстарды бірлесіп пайдалануды көздейді;

3) білім беру үрдісінің диагностикалық және дамытушы консультациялық құрамын күшейту (студенттерге олардың өзін-өзі анықтауына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, жеке білім беру бағыттарын қалыптастыру кезінде консультациялық көмек көрсету, тьюторлық институтын құру).

Маңызды кәсіби-педагогикалық құрамдастардың реттеушісі бола отырып, педагогикалық рефлексия гностикалық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, жобалау сияқты педагогикалық шеберліктің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады, стратегиялық, тактикалық және жедел міндеттерді шешу кезінде қажетті құрамдас компонент болып табылады, педагогикалық жанжалдар жағдайында конструктивті шығу жолдарын табуға мүмкіндік береді, әлеуметтік өзара іс-қимыл жағдайларына байланысты



әлеуметтік рөлдерді барабар бағалауға ықпал етеді, тұлғалық стереотиптерді жеңуге мүмкіндік береді.

Осылайша, рефлексия - болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметіндегі жүйе құраушы компонент. Демек, болашақ педагог ретінде студенттің рефлексия, қызметті болжауда, жоспарлауда және іске асыруда мақсатты қолдануға бағытталған, педагогті өз қабілеттерін дамытуда, әлеуметтік пайдалы қызметте өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылуда белсендіреді, педагогикалық қызметтің бастапқы кезеңінде оның жеке-кәсіби қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Болашақ педагогтардың рефлексивті критерийдің мазмұнын ашуда А.В.Карповтың «Рефлексивтілік диагностикасы» әдістемесі жүргізілді. Рефлексивтілік диагностикасының әдістемесі (А.В.Карпов сауалнамасы, рефлексия тесті) жеке тұлғаның рефлексия дамуының деңгейін анықтауға арналған. Рефлексивтілік - адамның өз "менінен" тыс шығу, ойлау, зерттеу, Өз "мен" бейнесін қандай да бір оқиғамен, тұлғалармен салыстыру арқылы бірдеңе талдау қабілеті. Рефлексивтілік, импульсивтіліктің қарама-қарсылығы ретінде әрекет етер алдында барлық гипотезаларды іштей қарап, оларға ұқсас болып көрінетін адамдарды сипаттайды, "есептерді" шешудің әртүрлі нұсқаларын ескере отырып, ойластырылған, салмақты шешім қабылдайды. Сауалнаманы жүргізуде студенттердің рефлексияның ситуациялық, ретроспективтілігі және перспективалы түрлері анықталды. Өрқайсысына анықтама беретін болсақ, *Ситуациялық рефлексия* адамның өзекті жағдайдағы мінез-құлқын тікелей өзін-өзі бақылауды, оның элементтерін ұғынуды, болып жатқан жағдайды талдауды, субъектінің өз іс-әрекеттерін жағдайлармен арақатынасына және өзгеретін жағдайларға және өз жағдайына сәйкес оларды үйлестіруге қабілетін қамтамасыз етеді. Рефлексияның осы түрінің мінез-құлқтық көріністері мен сипаттамалары, атап айтқанда, субъектінің өзінің ағымдағы қызметін ойлаған уақыты болып табылады; ол қаншалықты жиі болып жатқанын талдауға келеді; шешім қабылдау үдерістерінің кең ауқымды дәрежесі; бейімділік адамның өзіндік талдауға, нақты өмірлік жағдайларда.


*Ретроспективті рефлексия* бұрын орындалған қызмет пен орын алған оқиғаларды талдауға бейімділікпен көрінеді. Бұл жағдайда рефлексия заттары-болған оқиғаның алғышарттары, себептері мен себептері; өткен мінез-құлқтың мазмұны, сондай-ақ оның нәтижелі параметрлері және, әсіресе, жіберілген қателер. Бұл рефлексия, атап айтқанда, субъект болған оқиғаларды қаншалықты жиі және қаншалықты ұзақ талдайды және бағалайды, ол өткенді және онда өзін мүлдем талдауға бейім.

*Перспективалы рефлексия*: алдағы қызметті, мінез-құлқты талдау функциясымен; жоспарлаумен; ықтимал нәтижелерді болжаумен және т.б. оның негізгі мінез-құлқын сипаттамалары: өз мінез-құлқының бөлшектерін жоспарлаудың мұқият болуы, болашақ оқиғаларға жүгіну жиілігі, болашаққа бағдар. Студенттерге эксперимент жүргізудегі қорытындылары сурет 1 көрсетілген. Суретте байқалғандай рефлексияның барлық түрі студенттерде кездеспеді. Атап айтсақ, 1 курс бойынша 10 студенттің арасынан 2 студент ситуациялық рефлексия тобына еңсе, оның 3-еуі ретроспективті, тағы 2 студент перспективалы түрін иеленді. 2 курстан 28 студенттің 2-ситуациялық, 3-ретроспективті, 2-перспективалы рефлексияны сипаттайтын мінездемені көрсетті. Ал, 3 және 4 курс студенттеріне келсек, мұнда да рефлексивтіліктің түрлері барлық студенттерде кездеспегенімен эксперименттік топқа қарағанда жоғары көрсеткіштерге ие болды (кесте 1).

Кесте 1 А.В.Карповтың «Рефлексивтілік диагностикасы» әдістемесінің салыстырмалы көрсеткіші

Рефлексивтілік түрлері					
Ситуациялық рефлексия		Ретроспективті рефлексия		Перспективалы рефлексия	
курс	студент саны	курс	студент саны	курс	студент саны
1	2 – 2 %	1	3 – 3 %	1	2 – 2 %
2	2 – 7 %	2	3 – 10 %	2	2 – 7 %
3	4 – 14 %	3	7 – 25 %	3	5 – 17 %

4	6 – 20 %	4	9 – 17 %	4	4 – 14 %
---	----------	---	----------	---	----------



Болашақ маманның кәсіби рефлексиясының құрылымында ресурс рефлексиясы маңызды орын алады. «Ресурстар» ұғымы педагогикалық ғылымда білім беру ресурстары бөлінеді, олар үздіксіз білім, Дағдылар мен қабілеттердің жиынтығы ретінде түсініледі дамыту [Тимонин, 2008]. Ресурстар болуы мүмкін: сипаты, қабілеті, деңгейі, білім, зияткерлік мүмкіндіктер, адамның өмірлік тәжірибесі. Мысалы, В.В. Потявина жеке тұлғаның ішкі ресурстарын (өміршеңдік, қабілеттер, эмоционалды, танымдық, ерікті, коммуникативті мүмкіндіктер) және сыртқы ресурстарды (отбасы мен достарын қолдау, қоршаған орта, психологиялық үйлесімділік, әлеуметтік және моральдық қолдау).

Болашақ маманның кәсіби рефлексиясының тұтастығы мен жүйелілігі аспаптық өлшенетін компоненттердің жиынтығымен ұсынылған: жеке сәйкестік рефлексиясы, өсу рефлексиясы, ресурс рефлексиясы, тәуекел рефлексиясы және кедергі рефлексиясы. Кәсіби процестің ажырамас бөлігі бола отырып, рефлексия, таңдалған компоненттер өзара ену мен өзара әсер етуді қамтиды. Бұдан шығатыны, әрбір жеке компоненттің мазмұны " ашылады», басқалар арқылы олар өздерін көрсетеді, олармен өзара әрекеттеседі. Болашақ маманның кәсіби рефлексиясының компоненттерінің біркелкі дамымауын ескере отырып, олардың біреуінің өзгеруі кез-келген басқа дамудың шарты екенін атап өткен жөн. Өзара әрекеттесу жоғарыда аталған компоненттер болашақ маманның кәсіби рефлексиясының қалыптасуына әкеледі.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Ермакова, Г.Г. Педагогические условия развития профессиональной рефлексии педагога: дис. канд. пед. наук: 13.00.01. – Оренбург [Текст], 2015. – 153 с.;
2. Зейгарник, Б.В. Опосредствование и саморегуляция в норме и патологии [Текст] / Б.В. Зейгарник. – М. : Вестник МГУ. Серия 14 «Психология», 2016, С. 9 — 14.;
3. Качалова, Л.П. Рефлексия как педагогический феномен. Педагогическая рефлексия // Актуальные проблемы современного образования [Текст] / Л.П. Качалова. - Шадринск, 2016. – 158 с.;
4. Калашникова, О.В. Развитие педагогической рефлексии как основы профессионализма // Калашникова, О.В; В сборнике: Акмеология профессионального образования. 2015. – 161 с.;

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТҰРҒЫСЫНДА ДАЯРЛАУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ**

### *Аннотация*

*Процессы глобализации, охватившие весь мир, требуют сохранения отечественных традиций, самобытности культуры. Учитывая, что для нее характерно распространение духовных ценностей, актуальность проблемы формирования духовности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки в вузе возрастает. На основе анализа научно-исследовательской работ по формированию духовности будущих учителей в вузе. В статье раскрыты показатели подготовленности и компонентная структура, а также методологическая основа исследуемой проблемы. Авторы всесторонне охватив и проанализировав теоретический материалы по формированию духовности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки в вузе дали самостоятельное мыслительное утверждение. Также подчеркнуто, что развитие духовной культуры будущего учителя обеспечивает гармоничное вхождение в мир профессионального образа и его изменений в контексте ноосферного пути развития цивилизации.*

**Ключевые слова:** *духовность, духовно-нравственная, система духовных ценностей, нравственные чувства, нравственное поведение, взаимоотношения, профессиональная компетентность.*

### *Annotation*

The processes of globalization that have engulfed the whole world require the preservation of national traditions and cultural identity. Given that it is characterized by the spread of spiritual values, the relevance of the problem of forming the spirituality of future teachers in the process of professional training in higher education increases. Based on the analysis of research works on the formation of spirituality of future teachers at the University.

The article reveals the indicators of preparedness and component structure, as well as the methodological basis of the problem under study. The authors comprehensively covered and analyzed the theoretical materials on the formation of spirituality of future teachers in the process of professional training at the University gave an independent mental statement. It is also emphasized that the development of the spiritual culture of the future teacher ensures a harmonious entry into the world of the professional image and its changes in the context of the noospheric path of civilization development.

**Keywords:** *spirituality, spiritual and moral, system of spiritual values, moral feelings, moral behavior, relationships, professional competence.*

XXI ғасырдың басындағы ақпараттық қоғам ғылымның дамуымен және жасанды интеллектінің өсуімен, әрбір тұлғаның жекелік бостандық шеңберінің кеңеюімен, планетаның кез-келген түкпіріндегі әрбір адамға түрлі білімнің қол жетімділігін қамтамасыз етумен сипатталады. Соның ішінде әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруі құндылық бағдарлау жүйесінде көрініс табады. Қазіргі жас ұрпақ прагматизммен, материалдық пайда алуға деген ұмтылысымен ерекшеленуде. Бұған қоса бүкіл әлемді қамтыған жаһандану процестері отандық дәстүрлерді, мәдениеттің өзіндік ерекшелігін сақтауды талап етуде, оған рухани құндылықтардың таралуы тән.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт 2020 жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының іс-қимыл жоспары 11 тармағында ұлттың жаңа болмысы қалыптасу қажеттігін, яғни қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс екендігін атап өткен болатын. Осыған байланысты университеттегі білім беру процесінің мақсаты пайдалы ғана емес, моральдық тұрғыдан шешім қабылдай алатын адамды дамытуға, рухани-адамгершілік мәдениеттің

жоғары деңгейіне ие және адамның өмірлік ұстанымын анықтайтын құндылықтар мен нормаларды жеткізуші дәнекері бола алатын, жаңа көзқарастағы болашақ мұғалімнің жеке басын қалыптастыруға бағытталуы қажет [1].

Болашақ мұғалімдерді рухани тұрғыдан даярлау мәселесін ғылыми шешу ең алдымен, оқушылардың адамгершілік тәрбиесі болашақ мұғалімдердің кәсіптік-педагогикалық дайындаудың психологиялық негіздерінің жалпы мәселелерін, педагог тұлғасының рухани-адамгершілік қалыптасуының психологиялық негіздерін зерттеумен тікелей байланысты. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиеге дайындау маман дайындаудың жалпы кәсіби-педагогикалық жүйесінің компоненті болып табылады. Ғылыми –зерттеу жұмыстарында болашақ педагогтардың оқушыларды руханилығын тәрбиелеуге дайындығын тұлғаның динамикалық,интегративті сипаттама ретінде түсінеледі. Ол өзіне мұғалімнің мектеп оқушыларын қоғамдағы рухани құндылықтар жүйесімен таныстыруды, адамгершілік сезімдері және адамгершілік мінез-құлқын тәрбиелеумен өзара қарым-қатынаста жеке мағыналарын іздеуге және табуға жағдай жасауға қабілеттілігін қамтамасыз ететін еркін рухани-адамгершілік тәрбиесі саласындағы кәсіби құзыреттілікті және жеке тұлғаның тиісті бағыттылығын қамтиды.

В.А.Беляева, Н.Татаркина тұлғаның рухани-адамгершілік саласы, тұлғаның рухани-адамгершілік мәдениеті сияқты тұлғалық түзілімдерді әзірлеуге елеулі үлес қосты және келесі өлшемдерін тізімін қамтыды:

- моральдық таңдау қажеттілігімен байланысты күрделі міндеттерді оңтайлы шешімдермен іске асыру;
- құндылық бағдарларының құрылымы;
- жеке тұлғаның қауіпті әсерлерден қорғау үшін психикалық ұйымдастыруда меншікті құндылық жүйесінің болуы;
- кәсіби және әлеуметтік-психологиялық жағдай жүйесінің оңтайлы жұмыс істеуі;
- гуманистік мұраттарға бағдарлау негізінде еңбек ұжымындағы, командадағы тиімді өзара іс-қимыл;
- үздіксіз және кәсіби өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу;
- адамзатқа, мемлекетке, халыққа қызмет ету үшін кәсіби бағдар векторының өзгеруі;
- басқа адамдарға, олардың қызметіне рухани-адамгершілік әсер ету қабілеті;
- өмір шығармашылығы үшін жауапкершілік.

Т.П.Грибоедова оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне педагогтардың дайындық критерийлерінің үш тобын анықтады:

- 1) мотивациялық-қажеттілік өлшемдері (меншікті рухани-адамгершілік даму бағытындамұғалімдердің өзін-өзі анықтауы;  
- оқушылардың рухани-адамгершілік даму бағытына қатысты мұғалімнің кәсіптік өзін-өзі анықтауы;
- 2) танымдық критерийлер (дәстүрлі ұлттық рухани мәдениет негіздерін тұтас құбылыс ретінде білу; адам туралы антропологиялық көрініс иерархиялық тұрғыдан реттелген үштік ретінде: "рух – " жан»- "дене"; ,"денеден" және "жаннан" «руханиға» бағытында дамуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін моральдық және адамгершілік нормалар мен құралдар туралы түсініктер;
- 3) операциялдық-әрекеттік (таңдау еркіндігі мен тұлғалық құрмет көрсету негізінде оқушыларға қарым- қатынас құра білу шеберлігі);  
оқушылармен диалогтік қарым-қатынасты ұйымдастыра білу; рефлексивті өзіндік талдау жасау және оқушылардың рефлексиясын ұйымдастыру білігі.

Ғалым-зерттеушілер болашақ мұғалімдерді оқушылар руханилыққа тәрбиелеу даярлау нәтижесі ретінде кәсіби дайындықпен қатар студенттің адамгершілік, рухани-адамгершілік, кәсіби-адамгершілік мәдениеті тұлғасын атайды. Бұл орайда, Н.Татаркина тұлғаның рухани-адамгершілік мәдениетінің үлгісін ұсынады, бұнда субъектінің кәсіби қызметін психологиялықұйымдастыруды күшейту өзара байланыс тұлғаның келесі құрылымдық компоненттерді біріктіреді: танымдық (құндылық бағдарлау,

кәсіби-әлеуметтік ойлау),эмоционалды (мотивация, рефлексия, аутопсихология), конативті (мінез-құлық реакциялары,кәсіби және жеке өзін-өзі танудың шығармашылық белсенділігі) [4].

Н.Татаркина жеке тұлғаның рухани-адамгершілік мәдениетін тәрбиелеуді мотивациялық білім беру моделі түрінде ұсынады. оның пікірінше, болашақ маман оның қалыптасу процесінде үш кезеңнен өтеді. Бірінші кезеңде (ішкі шығармашылық ресурстарды түсіну) студент түсінеді, ол рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесін көрсетеді, әлеуметтік талаптар мен жеке талаптарды біріктіру қажеттіліктілігіне көз жеткізеді. Мұнда тұлғалық және кәсіптік өсу рухани-адамгершілік шарттылық мотивациясы іске асыру тетіктері қолданылады. Дайындық принциптері мазмұны келесідей:

- тұлғаның құндылық өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ету принципі;
  - рухани-адамгершілік құндылықтар әлеуетінің мәнін құрушы принципі;
  - болашақ педагог тұлғасының иррационалды және ұтымды салаларына сүйену принципі;
  - студенттік кездің рухани және рухани-адамгершілік құндылықтарының өзекті және әлеуетті даму мүмкіндігін есепке алу;
  - этикалық рефлексияны қамтамасыз ету принципі.;
  - студенттерге полярлық құндылықтарды ұсыну принципі;
- болашақ педагогтарды рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу үдерісін шоғырландыра құру принципі.

Болашақ педагогтарды руханилық тәрбиеге дайындау жүйесінің негізгі функциялары: адаптивті, мәдени мұрагерлік, ақпараттық-аналитикалық, мән құраушы, мотивациялық-мақсатты, ұйымдастырушылық, шығармашылық, бағалау-болжамдық.

Бұл жүйе шеңберінде мақсат қою бағдары ретінде болашақ педагогтардың мектеп оқушыларының руханилығын дамытуға дайындығы моделі енеді, оның негізін құрайтындар:

- жаппай тәжірибеде мектеп оқушыларын рухани-адамгершілік тәрбие ерекшеліктерін зерттеу бағыттары;
- қазіргі ғылымдағы оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі негізгі мәселелерін шешу тенденцияларын анықтау;
- практикалық мұғалімдерге қойылатын талаптарды жеке педагог тұлғасына сәйкесті талдау;
- педагогикалық білім беруді жаңғырту талаптарын талдау;
- А.В.Хуторский ұсынған білім беру құзыреттерін құрастыру технологияларын пайдалану ерекшеліктері;
- мұғалімнің ата-аналар тарапынан жүргізетін тәрбие рухани-адамгершілік саласындағы өкілеттік шеңберін талдау [2].

#### *Әдебиеттер:*

1. Қазақстан – 2030» ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған әр жылдардағы Жолдаулары. 2020 жылдың 1 қыркүйектегі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы
2. Шитякова, Н.П. Практика подготовки будущих учителей к духовно-нравственному воспитанию школьников [Текст]: моногр. – Самара: Издат. Дом «Федоров», Челябинск: Изд-во Челяб. гос. пед. ун-та, 2006 – 151 с.
3. Михалец И.В. Роль духовной культуры в формировании личности будущего учителя II Идеалы и реальности культуры российского города: Мат-лы И науч.-практ. конф. - Пенза, 2001. -С. 170-172.

## **СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ЖАЙЛЫ ОЙЛАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Қазіргі таңда біздер ұлттық сана-сезімді көтеру және нағыз азаматтарды тәрбиелеу дегенді өте жиі естіп жүрміз. Бұған түрткі болатын ең бірінші кезекте рухани-адамгершілігі мол жеке адамды тәрбиелеу міндеті. Осыған орай ҚР-ң 2016-2019 жылдарға арналған патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасында былай делінген, яғни берілген бағдарламаның енуі қоғамның рухани әлеуетін арттыру қажеттілігінен туындап отыр[1].

Халықтық педагогикалық тәжірибені балалардың адамгершілік тәрбиесі барысында қолдану қажеттігі жайлы әлемдік педагогикалық ой-пікірдің классиктері Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, және кеңестік педагогтар А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, М.Ф. Шабаевалар да айтып кетті. [3; 4].

Қазақстанның педагог-ағартушылары Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаевтар қазақ халықтарының өмірінде салт-дәстүрлердің алатын орны, әсіресе болашақ өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесі жайлы, халықтық тәрбиенің тәрбиелік білімдік құндылықтары жайлы пікірді ұстанды [4].

Қазақстанда жастардың, оқушылардың адамгершілік тәрбиелерінің әлеуметтік маңыздылықтары туралы мәселелермен Г.А. Уманов, А.П. Сейтешев, Г.Т. Хайруллин, К.Б. Жарықбаев, Э.А. Уринбасарова, Ж.А. Макатовалар айналысса; ал оқытушылардың кәсіби-адамгершілік дайындығы жайлы Н.Д. Хмель, А.А.Калюжный,Ж.И. Намазбаева, А.А.Сотникова, М.Н.Сарыбековалар өз еңбектерінде жазды; мектеп оқушыларының әлеуметтік-адамгершілік белсенділігі мәселесімен К.К. Жампеисова, Б.И. Мұқанова, З.У. Кенесарина, С. Қалиев, Б. Айтмамбетова, А.А. Бейсенбаева, Л.К. Керимов, В.А. Ким және т.б зерттеп айналысты. [5].

«Рухани-адамгершілік тәрбиесі жеке адамның жан-жақты даму жүйесінің жетекші компоненті болады. Заманауи таңда болашақ жас буынның бойларында жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениеттің құндылықтарын игеру, гуманизмнің жалпыадами нормаларын сезіну қажеттіліктерін тәрбиелеу қажет. Біздер жастарды ұлттық келісім, өзге ұлттар мен ұлыстардың тілі, діні мен мәдениетін сыйлап, дәріптеуге үйретуіміз қажет» - деді өз сөзінде Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев [7].

Рухани-адамгершілік тәрбиесі жеке тұлғаның қоғам өмірінің нормалары және салтына қарай сәйкес келетін моральдық сапалары мен бағдарларының, этикалық ұстанымдарының қалыптасуына және өзіндік сана-сезімдерінің дамуына барынша жағдайлар жасауды білдіреді. [8].

Руханилық пен адамгершіліктік – мәңгілік құнды бағдарлар.

Жеке адамның адамгершіліктік дамуы, тәрбиесі мен қалыптасуы мәселелері үнемі және қазіргі таңда да қоғамды мазаландырып келген өткір де, өзекті мәселе.

Жоғары білімнің гуманистік даму парадигмасы студенттерде өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі тәрбиелеу механизмдерін қалыптастыруға бағытталған. Аталған психологиялық механизмдердің маңызды алғышарты болып студенттердің адеватты өзіндік бағалаулары табылады. Өте жиі жағдайда тәжірибеде студент әлеуметтік өзгерістерге бейімделмеген, бірақ жоғары білімді маманды даярлау материалы болады. Оқып білім алушыға орташа көзқарасқа сай жас адамдардың мен өзіндік бағасы соққыға түседі. Өз кезегінде өзін-өзі дұрыс емес, яғни адекватсыз түрде бағалау келесі аса жағымсыз нәтижелерге әкеліп соғады: аса жоғары невротикалық күйге себепші жоғары мазасызданушылық, ұжымдағы нашар

адаптация, төменгі академиялық үлгерім, жеке және отбасылық өмірдегі дисгармония, толыққандылық еместік және т.б.

Өзіндік бағалауға қатысты келесі шетелдік және ресейлік педагогтар мен психологтар кәсіби мансаптың қалыптасуындағы мәселелер, сыртқы әлемге деген агрессия жайлы өз зерттеу жұмыстарын арнады: А.В. Захарова, А.П. Кепалайте, А.И. Липкина, В.С. Магун, Л.М. Митина, С.Е. Рескина, Е.Т. Соколова, Л.С. Солнцева, К.Р. Ставицкий, В.В. Суворова, Е.О. Федотова, М.Б. Хакимова, А. Бандура, М. Розенберг, Н.В. Merish, VaUerand және т.б.

Өзіндік бағалау жас адамның «Мен-тұжырымдамасында» негізгі маңызды орын алады. Неғұрлым өзін-өзі бағалау деңгейі төменгі деңгейде болса, соғұрлым жеке адам сынға жаны жараланғыш, әлсіз болып келіп, соғұрлым өзін-өзі алдауға бейімділігі байқалады, өзін-өзі бекіту мотивациясы үстемдік етеді, түрлі формадағы психологиялық қорғаныстары жоғары дамиды болады. Өзіндік бағалау тұлғаралық қарым-қатынастардың сипатын анықтайды. Неғұрлым индивид өзін сыйламаса, соғұрлым өзгелерді бағаламайтын және қорқатын болады. Төмен деңгейдегі өзіндік бағалау аз маңызға ие бола отырып, ол адам айналадағылардан өзіне қатысты не агрессивті байқалыстарды немесе мақтауды күтетін болады.

Жоғары оқу орнында оқу жылдары жастық шақтың екінші кезеңіне сәйкес келеді, әрі бұл кезеңде жеке тұлғалық сипаттардың қалыптасуы қиындай түседі. (Б.Г. Ананьев, А.В. Дмитриев, З.Ф. Есарева, И.С. Кон, В.Т. Лисовский және т.б.). Жас адамдардың өз мінез-құлықтарын саналы түрде реттеу 17-19 жаста жеткіліксіз дамыған болады. Өзіндік бағалау «Мен»-қиялдағы мен «Мен» шынайының өзара салыстырылуы көмегімен жүзеге асады, әрі осы кезеңде «Мен» қиялдағы жеке тұлға арқылы талданбаған, ал «Мен»-шынайы бағаланбаған болып келеді. Мұндай қарама-қайшылық жас адамдарда өз күштеріне деген ішкі сенімсіздікті тудырады. Өзіндік бағалау жас адамдарда тек қана мінзе-құлықты реттеп басқарып қана қоймай, талпыныс деңгейімен де тығыз байланысты. Табысқа қол жеткенде ол талпыныс деңгейі артады, ал сәтсіздік кезінде-төмендейді. Өзіндік бағалау жеке тұлғаның бүкіл өмірінің барысында маңызды рөл атқарады, өзіндік сананың маңызды бөлігі бола отырып, айнала өмірдегі сол жас адамның орнын анықтайды, оның ата-аналары, топтағы курстастары, оқытушылармен қарым-қатынасын өзара қарым-қатынас байланыстарының сипатын анықтайды. Келесі философтар мен әлеуметтанушылар: Г.С. Батищев, И.В. Бестужев-Лады, В.С. Библер, М.С. Каган, И.С. Конның; психологтар: К.А. Альбуханова-Славская, А.А. Бодалев, И.В. Дубровина, И.А. Зимняя, В.П. Зинченко, И.Н. Семенов, Д.И. Фельдштейннің; педагогтар: М.Н. Берулав, Ю.П. Ветров, О.А. Зимовина, Н.А. Лазарев, Н.Д. Никандров, В.В. Сериков және т.б. ойларына, гуманистік бағытталған оқу-тәрбие процесінің негізгі деп санап қарайтыны - даму үстіндегі адамның жеке тұлғасы.

Жоғары оқу орнындағы гуманистік бағытталған оқытуды жүргізуші педагогтар мен психологтардың бірінші кезектегі міндеттері адамгершілікті, өз дамуында еркін рухани дамиды, шығармашыл, дербес, өзін дұрыс адекватты бағалайтын жеке адамды тәрбиелеу болып табылады. Сонымен қатар студенттердің өзіндік бағаларының дамуына түрлі оқыту жүйелерінің әсер етуін зерттеу мәселесі жеткіліксіз зерттелген болып отыр. Соңғы онжылдықтарда қоғамның экономикалық прогресс және техникалық даму жолы шектеулі екендігі анығырақ сезіледі. Жаһандандудың рухани дағдарысына тойтарыс беруде, адамзаттың ауқымды мәселелерін шешуде білім саласына үлкен рөл беріле бастады. Жоғары білім беру әлеуметтік-экономикалық прогрессивті дамудың маңызды факторы болды.

Бүгінгі күні қалыптасқан дәстүрлі білім беру жүйесінде шешілмеген өткір мәселелер байқалады, ол – алдағы болашақты жеткілікті дәрежеде есепке алмай, қоғамның құраушы күштерін қалыптастыру мәселесі болмақ (Взятыйшев В.Ф., Гершунский В.С. (1993); Романова Л.И. (1993), Шукшунов В.Е.).

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан., 2012ж. — № 41–42 (27114). — 28 қаңт.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. — 1999ж. — 23 шілде. — 2–5-б.

*Б.Аувакир*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі*

*И.М. Мұхтар*

*5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 3 курс студенті.*

### **3-6 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН Ф.ФРЕБЕЛЬ ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ ДАМУ**



Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» мақсаты төмендегідей анықталған: «Балаларды мектепке дейінгі сапалы тәрбиемен және оқытумен толық қамтуды, оларды мектепке даярлау үшін мектепке дейінгі тәрбиелеудің және оқытудың әртүрлі бағдарламаларына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету» болып табылады.

3-6 жас аралығындағы балалардың дене мүшелерінің және жүйелердің әсіресе ми функциясының дамуының ерекше кезеңі. Сенсорикалық қабілетті дамытуға бағытталған жұмыстар баланың эмоциясын, қиялын дамытады, зейінін тұрақтандырады. Балалардың қуаныш эмоциясын қалыптастырады.

*Сенсорлық тәрбие мазмұнына мыналар жатады:* түсті ажырату, атауға үйрету, екі түсті бояуларды араластырғанда түс немесе жаңа реңк пайда болатыны туралы түсініктерді қалыптастыру, заттарды түсіне қарай салыстыруға үйрету, суреттегі бейненің түс арқылы көркемдік сипат алатынын көре білу қабілетін дамыту.

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Мектепке дейінгі балаларға сенсорлық тәрбие беру, заттардың формасын, түсін, көлемі мен басқа да ерекшеліктері мен қатынастарын зерттеуге бағытталған қабылдау әрекеттерінің нәтижесінде қалыптасқан кез-келген түсініктер, келешекте кейіп мәніне айналуы қажет, бірақ бұл жеткіліксіз.

Отандық психолог ғалым Қ.Б. Жарықбаев «Баланың сенсорлық қабілетін дамытуда зейін үлкен қызмет атқарады» дейді. Неміс педагогикасының көрнекті өкілі Ф.Фребель дидактикалық ойындардың негізін салушы болып есептеледі, ол қимыл-қозғалыс ойындарының, құрылыс дағдыларымен еңбек ету қабілеттерін дамытуға бағытталған дидактикалық жаттығулардың жүйесін жасады. Бірақ Ф.Фребель ойындарының мазмұны баланың ой-өрісі мен қиялын дамытуды шектеді. Мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізген ғалымдардың бірі - Ф. Фребель болды. Фридрих Фребель «Тәрбиелеудің мақсаты балаларды ерте жастан қоғамдық орында ғана немесе бір мамандыққа үйрету ғана емес, оларды жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік беру керек» дейді. XIX ғасырдың аяғында көптеген мемлекеттерде мектепке дейінгі тәрбиелеу жүйесінде олар маңызды рөл атқара бастады. Бұны қарапайым түрде түсіндіруге болады: балалардың бірге ойнауы қызықты екендігін барлығы көріп, бірақ мән бермеген кезде, Фребель олардан бұрын байқаған. Ешкім жалғыз ойнағысы келмейді, сондықтан әрқайсысы ортақ ережеге бағынуы қажет. Ф. Фребельдің негізгі принциптері - «Балалар үшін өмір». Фридрих Фребельдің тәрбиелеу мектебіне 250 жыл болса да оны бүкіл әлемде құрмет тұтып, есте сақтайды.

1840 жылы Ф. Фребель ашқан жаңа институттар Kindergarten деген атауға ие болып, ақылой педагогикалық аспектілері мен эстетикалық тәрбиеге негізделіп құрылды. Ф. Фребельдің ойынша балабақша отбасындағы тәрбиені толықтырып, баланы шығармашылық және қоғамдық дамыту керек. 1945 жылы Шығыс Германияда балабақшалар ашыла бастады және де оларды мектепке даярлық ұйымдары ретінде қаралды. 1965 жылы білім беру жүйесіне енгізілді. Volkswolilfahrt социалистік қоғамдық ұйымы балабақшаларды қамсыздандыратын әлеуметтік қайырымдылық қорларын басып алғанға дейін (1933 жыл) балабақшалар жұмысы жалғасты. Ғылыми ұйымдардың қолдауымен пилоттық жоба құру бойынша дамытушы бағдарламалар құрылды. Бүгінгі күні біз қолданып жүрген ұғымды осы кісі енгізген. Ф. Фребель балалардың ойын кезінде толық дамуына мүмкіндік бар екендігін түсінді. Өзінің бала-бақшасын ойындар мен ойыншықтардың барлық түрлерімен жабдықтай отырып ол кубик, доп сияқты ойыншықтарды балаларға тарту ретінде беріп отырды. Одан басқа, балалар тәрбиешілердің айтқан әңгімелерін тыңдап, ойындар ойнаған.

Ф. Фребель жазғандай, «балаларды бақшада ұжымдық іс-әрекеттерге белсенді түрде тарту қажет, олардың денесін дамыту, сезіну арқылы жаттығу жасату, адамдар және табиғатпен

таныстыру; ойын және көтеріңкі көңіл күймен оларды мектепке дайындау қажет». Ф. Фребельдің ойынша балабақша төрт мекемеден тұруы керек:

- ерте жастағы тәрбиеленушілерге арналған мекеме;
- балалардың «бақшалық» оқуы және дайындығына арналған мекеме;
- пайдалы балалардың ойындарын тарататын мекеме

- ата-ана мен тәрбиешілер, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілерді байланыстыратын мерзімдік баспаларда жарық көруі керек деді. Тәрбиелеудің маңызды факторы ретінде Фребель тіл деп санайды. Оның ойынша ойын әңгіме мен ән арқылы жүреге асырылады.

Ф.Фребель көрнекілікті жетілу мен белсенділік ретінде қарастырды. Көрнекі құралдар көмегімен жетілу арқылы түсініктер мен ұғымдар қалыптасады. «Бала пісіп жетілгісі келсе, мұны ол өз қолымен жасасын». Фребель еңбегі оның көрнекі оқытудағы шығармашылық және белсенділік компоненттеріне ерекше орын беруінде болып тұр. Сол заманғы барлық педагогтар сияқты көрнекі оқыту жайлы айта отырып, қоршаған ортаны сезім мүшелерімен тікелей қабылдау деген көзқараста болған ол, көрнекі оқыту әдістемесін жасағанымен, бірақ көрнекі оқытуды, мақсат категориялар мен шығармашылықтың өзара байланысы жайлы мәселе ашық түрде қойылған жоқ. Ф. Фребельдің ұғыммен «Бақшаны-бала бағбандарының мекені деп тани отырып, балабақшаны - болашақтың қақпасына айналдыруымыз керек. Болашақтың қақпасы-әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарында ертеңге деген нық сенім, жүректерінде патриоттық сезімдері жалындаған ұлт ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын қақпа болуы тиіс. Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін.

Асық терапиясы Ф.Фребель, М.Монтессори технологияларын негізге ала отырылып жасалынды, ол балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, көп функционалдылығымен, көп нұсқалылығымен ерекшеленеді. Асық ойыны ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа, сергектікке баулиды. *Асық ойыны* – өзінің түрлеріне қарай баланың күш-жігерін арттырып, мергендігін, шапшаңдығын, ептілігі мен қырағылығын жетілдіреді.

*Фребель материалдары* - бұл мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі маңызды құралдардың бірі болып табылады. Балалармен ойналатын ойындарға пайдалану барысында математиканың ғана емес, сонымен бірге логикалық операциялар сияқты негізгі ұғымдарын модельдеуге, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік береді.

Ф.Фребельдің ойын материалдарын балалардың ішкі қажеттілігінің дамуына мүмкіндік беретін білім берудегі негізгі құрал деп есептеген. Фребель – тарихта балалар ойынының бағасын таныған білім беру саласындағы ең алғашқы адам болып табылады. Алғашқыда Фребель жасаған білім беру материалдарының бар-жоғы алты түрі болған. Кейінірек оның саны Фребельдің шәкірттерінің арқасында 20-ға дейін артты. Бүгінгі нарықта әдетте Фребельдің білім беру материалдарының сол білім беру функцияларына ұқсаған он төрт түрі кездеседі. Фребель материалдарымен ойнау барысында дамытушылыққа бағыттай отырып негізгі 7 функцияны басшылыққа алады:

1. Балалардың шығармашылық дамуы;
2. Сандар тұжырымдамасын дамыту;
3. Баламалық тұжырымдаманы дамыту;
4. Логикалық қабілеттілікті дамыту;
5. Реттік тұжырымдамасын дамыту;
6. Пішін тұжырымдамасын дамыту;
7. Балалардың әлеуметтік және қатынас икемділіктерін дамыту.

Ф.Фребельдің материалдары балаларды нақты геометриялық пішіндермен айналы әрекеттер жасай отырып абстракты математикалық тұжырымдамаларды қабылдауына көмектеседі.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Жұмабекова Ф.Н. «Мектепке дейінгі педагогика» Астана 2008 ж.

2. М.Л.Туғанбаев, Ә.Бүркіт. Оқу үдерісінде көрнекілік принципті жүзеге асыру әдістемесі. Шымкент, 2013. – Б.85-86.

*Талдыбай Айдана Избасарқызы магистр оқытушы  
Жекеева Аққалам Есимбекқызы магистр оқытушы  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Университет бойынша педагогикалық цикл пәндер бөлімі  
Алматы қ.*

## **ФОНЕТИКАНЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҮРҒЫДА ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика ғылымының жалпы заңдылықтарына және оның негізгі ұстанымдарына сүйене отырып инновациялық технологияларды негізге ала отырып дамиды. Педагогика ғылымы болашақ ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие берудің заңдарын, оларды іске асырудың бағыт-бағдарын, жүйесін белгілейді.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» керек делінген [15]. Демек, білім бере отырып тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі деуге болады.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде олардың бойында адамгершілік, адалдық, жауапкершілік, шыншылдық, білімге деген қызығушылықты қалыптастыру арқылы жаман қасиеттерден арылу жолдарын педагог ғалымдар ғылыми тұрғыда қарастырып, өз ойларын ортаға салып отырды.

Мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылық артуда. Осыған байланысты қазақ тілін үйрену мотивациясы күннен-күнге өсуде. Сабақта тіл үйренушілердің танымдық әрекетін жандандыру – жалпыдидактикалық проблемалардың қатарында саналады. Бұл бағыттағы оқытуға біздің еліміздің ғана емес, сонымен қатар, шетелдік әдіскерлердің де қызығушылығы артып, оны іске асырудың жолдары қарастырылуда.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі және басты формасы сабақ екендігі белгілі. Яғни мемлекеттік тілді үйретудің басты жолы қазақ тілі сабағын дұрыс, ұтымды ұйымдастыру болып табылады. Қазіргі таңда тілді үйретуде кездесіп жүрген оқушының таным белсенділігінің, қызығушылығының, тіпті оқуға деген құлқының төмендеуінің негізгі себептері, сабақтың бірсарынды деңгейде өтуі оқытушы әдістемесінде күнделікті ізденістің болмауынан оқытуда пайда болады, ол бірте – бірте тіл үйренушілердің қызығушылығын жояды.

Бүгінгі таңда білім беру саласының мамандары ғылым мен техника дамуы деңгейіндегі «жеңіл» мен «ауыр» ұғымдарды ғана меңгертуге көңіл бөлуде. Ал қазіргі кезде оқушылар алатын ақпарат жан -жақты дамып кетті. Атап айтқанда, интернет желісінің, электронды почтаның өсуі, күнделікті тұрмыста қолданысқа енуі оқушылардың ойлау жүйесінің артуына, ақпараттарды мол қабылдауына өз әсерін тигізіп отыр. Сондықтан оқытушы оқушылармен тығыз қатынас орната отырып, шығармашылық байланыста болуы керек. Осыған байланысты Қазақстандағы білім жүйесі халықтық педагогика және этнопедагогика негіздерімен тығыз байланысып, сабақтасып отыруы қажет.

С.Ғаббасовтың «Халық педагогикасының негіздері» атты оқулығында былай дейді: «Білім берудің ең негізгі кіндік мәселесі – адамды жан-жақты етіп тұлғандыру мен



жетілдіре өсіріп өркендету. Сондықтан бүгінгі педагогикалық білім берудің мақсаттары мен мазмұны қазіргі заман талабына сай, жаңаша қалыптасып отырған адам туралы концепцияның тұрғысынан анықталуы керек. Бұл қағиданың екінші бір қоғамдық көрінісі, әсіресе, жаңару кезіндегі, адам тәрбиесінің әлеуметтік талабына келіп ұштасады» [16]. Сол себепті ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, әдеби, мәдени бай қазынасын оқушылардың санасына сіңіріп, тәрбиелеу – оқытушының міндеті.

Кез келген іс-әрекеттің мақсаты, амалдары және нәтижесі болады. Ол тілді оқытып үйретудің мынадай негізгі компоненттерін белгілеуге мүмкіндік береді: мақсат, мазмұнды – амалдық және бағалау- нәтижелік. Мақсаттар мен міндеттер оқыту мазмұнының, оқу әрекетінің формалары мен тәсілдерін таңдауды анықтайды және белгілі мағыналы әрекетті нәтижесіне бағыттайды.

Жалпы қазақ тілін оқытып үйрету – бұл басқарылатын жүйе. Сондықтан ол келесі негізгі үштік: мақсат, басқару және нәтиже компоненттерін белгілейтін басқарудың жалы теориясы тұрғысында зерттелуі керек. Мұнда басқару сапасын мақсат пен нәтиже аралығындағы сәйкестік анықтайды.

Бастауыш сынып оқушыларына фонетиканы қатысымдылық тұрғыда оқытып үйретуде басқару объекті болып оқушы тұлғасының әрекеті саналады. Олардың белсенді әрекеті болмайынша межелі мақсаттар мен міндеттердің орындалуы мүмкін емес.

Тілдік қатынасты меңгерту үшін фонетиканы оқытып үйрету контекстінде іс табысты болуы, ең алдымен, оқушылардың нақты объективті мақсаттар мен міндеттерді түсінуіне байланысты. Бұлар өз кезегінде тілді үйретудің субъективті мақсаттары және міндеттерімен тура сәйкестікке келуі тиіс. Бұл тұста ең алдымен оқушылардың жеке ерекшелігін ескеру талабы қойылады. Профессор Ф. Оразбаеваның пікірінше, бұл «қағида тіл үйренушінің жеке басына тән барлық қасиеттерді психологиялық, педагогикалық тұрғыдан зерттеуге және онымен үнемі санасып отыруға негізделген. Барлық оқыту жүйесі оқушының зердесіне, ынтасына, қабілетіне қарай бейімделеді» [5].

Дамыта оқыту негізінде жеке тұлғаның жаңа материалды негізгі білім, іскерлік, дағдыларына сүйене отырып меңгеруге өзінің шамасына шақ екенін түсіну және оқыту мазмұнының (түсініктілік) ой жетерліктей болу талабы жатыр. Яғни профессорлар Р.М.Қоянбаев пен Қ.Ыбыраймжановтың тұжырымынша «оқытудың қол жетерлігінің елеулі белгісі – хабарланатын жаңа білім оқушы бойындағы бұрынғы білімге және оның өмір тәжірибесіне негізделген болуы керек» [17].

Оқытуға қойылатын келесі педагогикалық талап кибернетикаға және басқарудың кезеңді түрімен сипатталады. Ол басқару мақсатын көрсеткеннен кейін басқарылатын үрдістің жағдайы туралы мәліметті параметрлердің белгілі жүйесі бойынша алуды қамтамасыз етуді, яғни жүйелі оқытушы – оқушы кері байланысын қамтамасыз етуді; кері байланыс каналы бойынша алынған ақпараттың өңделуін қамтамасыз етуді; түзейтін ықпалдардың жасалуын және олардың жүзеге асуын қарастырады.

Бұл талаптар фонетиканы оқытып үйрету тұрғысына сәйкес жалпы объективті мақсаттардан кейін берілген мақсаттың субъективті қатынаста, яғни оқушылардың психикалық әрекетінің бастапқы қалпына сәйкес нақтылауын болжайды.

Фонетиканы қатысымдық тұрғыда оқытып үйретуде тұлғаға жеке қырынан келу аспектісінде, негізгі білім мен іскерлік деңгейін анықтау және оқушылардың жеке ерекшеліктерін айқындау маңызды болып көрінеді. Алғашқысы оқытудың көзделген мазмұнында бастапқы қалпын анықтауға және сол тұрғыда тек қана жаңа білім мен іскерліктің қалыптасуын қамтамасыз етуге, яғни танымдық әрекеттің қайталануынан аулақ болуға мүмкіндік береді. Ал егер алғашқы білім мен іскерліктің жартысы қалыптаспаған немесе оқытудың көзделген мазмұнын меңгерту үшін қанағаттанарлық емес көрсеткіштермен қалыптасқан болса, алдымен жетіспейтін звеноларды қалыптастыруға, яғни негізгі бөлімдегі кемшіліктерді толықтыруға мүмкіндік береді. Екіншісі оқыту мазмұны емес, оқытудың тәсілі мен қарқынына қатысты. Сонымен қатар, біздің ойымызша, оқушылардың негізгі білімі мен жеке ерекшеліктерінің анықталуы

фонетиканы қатысымдық тұрғыда оқытудың объективті және субъективті мақсаттар мен міндеттерінің ара қатысы үшін маңызды жағдай болып саналады. Жоғарыда көрсетілген педагогикалық жалпы талаптардан басқа фонетиканы оқытып үйрету жалпы дидактикалық ұстанымдар негізінде құрылады. Жалпы дидактикалық ұстанымдардың табиғаты, оқытудағы олардың мәні көптеген іргелі педагогикалық еңбектерде айқындалған.

Оқыту ұстанымдары үйретуші іс – әрекеті және үйренушінің танымдық іс – әрекетінің сипатын анықтайтын бастапқы, негізге алынатын қағидалар болып табылады. Оқыту ұстанымдары үйретуші мен үйренушілер іс-әрекеттерінің ішкі елеулі жақтарын бейнелейді, кез келген мазмұнда және ұйымдастырылу қалыбында оқытудың тиімділігін анықтайды.

Қазақ тілін меңгерудің әдіс-тәсілдерін анықтау, берілген білім көлемі мен мазмұнын нақтылау оқытудың педагогикалық заңдылықтарына сүйенгенде ғана жүзеге асады. Ж.Аймауытов баланы оқытудың ережелерін, заңдарын баяндайтын, оқытудың дұрыс жүйесін тауып, білімді тез меңгерудің шарттарын көрсететін педагогиканың бөлімі – дидактика екеніне ерекше мән береді, ол мәселелердің әлеуметтік маңызын беріп, түрлі қырынан оқып-үйренуге назар аударған.

Дидактика – педагогиканың білім беру және оқыту теориясын қарастыратын саласы. Ол білімнің мазмұнын, оқыту ұстанымдарын, оқуды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін, білік пен дағды қалыптастырудың амалдарын зерттейді. Мұғалім материалды меңгерту үшін дидактиканың оқыту, білім беру жөніндегі заңдылықтарын сақтай отырып, теориялық қағидаларын басшылыққа алады. Дидактикалық принциптер – оқу үдерісінің жалпы мақсаттары мен заңдарына сай келетін оқудың жалпы мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін айқындаушы тірек тұжырымдар жиынтығы. «Принцип» деген сөз көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде «ұстаным» деп қолданылады. Оқыту ұстанымдары мұғалім мен оқушының бірлескен әрекетіне негізделеді. Дидактикалық ұстанымдар жөнінде ғалымдардың пікірлері әр түрлі болып келетінін айту керек.

Қазақ балаларына педагогика ғылымының не екенін, дидактикалық ұстанымдарды тәрбие үрдісімен ұштастыруын алғаш рет түсіндірген «Педагогика» еңбегінің авторы М.Жұмабаев болды. Кейінгі уақытта еліміздің педагог-ғалымдары (М.Мұқанов, Н.Көшекөв, Р.М.Қоянбаев, Қ.Ыбыраймжанов, С.Б.Бабаев т.б.) өздерінің теориялық еңбектерінде оқытудың барлық пәнге ортақ жалпы дидактикалық ұстанымдары мен әдістерін негіздеп берді. Дегенмен, педагог ғалымдардың ұсынған дидактикалық ұстанымдарында бірізділік сақталмайды. Бұл ғалымдардың ұсынған ұстанымдарының бастылары мыналар: ғылымилық, жүйелілік, материалды дұрыс орналастыру, алдын ала болжау, саналылық, беріктік, теорияның тәжірибемен, өмірмен байланысы, көрнекілік.

Мектепте қазақ тілін оқыту мәселелерін зерттеген Д.Әлімжанов, Ы.Маманов, Б.Құлмағанбетова, С.Қазыбаев, С.Рахметова, Ә.Исабаев, А.Әбілқасымов т.б. тәрізді ғалымдар осы дидактикалық ұстанымдарды грамматикалық ұғымдарды оқыту, тіл дамыту мәселелеріне қатыстыра отырып талдайды. Мәселен, Б.Құлмағанбетова дидактикалық ұстанымдардың осы сегіз түрін ұсынса, Ф.Ш.Оразбаева мен С.Рахметова оқытудың түсініктілік, жеңілден ауырға қарай ұстанымы, оқушылардың психикалық дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымдарын қоса ұстанады. Ф.Ш.Оразбаева «алдын ала болжау ұстанымы сабақтастық ұстанымына алдыңғы сабақта өтілген материалдың толықтырылатынымен ұқсас болғанымен, оның айырмашылығы алдыңғы сабақта оқытылатын материалды меңгерудің тиімділігін алдын ала болжап, бастауыш сыныптарда өтілген тақырыптар жоғары сыныптарда толықтырылып өтілетініне сүйеніледі. Сабақтастық ұстанымында әр күн, әр тақырып, әр бөлім бір-бірімен сатылап байланысады», – деп ерекшелігін көрсетеді

С.Қазыбаев дидактикалық ұстанымдарда белгіленген талаптар барлық пәнді оқыту ісінде бірдей басшылыққа алынатынын айтады да, кейбір пәндегі оқу материалының түріне, олардың өтілу кезеңдеріне қарай ерекшеліктер болатынын, соның ішінде

көрнекілік ұстанымының (грамматиканы оқытуда таблица, схема, карточка, техникалық құралдар) ана тілін оқытуда өзгеше қолданылатынын көрсетеді [18,8-б]. Сонымен қатар ол қазақ тілін оқытудың мынадай ұстанымдарын атап көрсетеді:

1. Тіл табиғатына зейін қою ұстанымы.
2. Тілдің мағынасын түсіну ұстанымы.
3. Тілдік сезімге сүйену және оны дамыту ұстанымы.
4. Сөйлеу мәнеріне зейін қою ұстанымы [18, 10-13-б)].

Әдіскер Ә.Исабаев ұстанымдарының басқа әдіскерлердің ұсынған ұстанымдарынан ерекшелігі – оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымын басшылыққа алуы. Ал Ш.Әуелбаев, Ә.Наурызбаева, Р.Ызғұттынова, С.Тәжімбетова бірлесе жазған «Ана тілін оқыту әдістемесінде» бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай оқытудың түсініктілік, есте берік сақтау, оқушының өзіндік ерекшеліктерін есепке алу, тәрбиелік ұстанымдарын белгілейді.

Сонымен ғалымдардың ұстанымдар туралы пікірлеріне қарағанда дидактикалық ұстанымдар жүйесінің құрылымы өмір талабына сәйкес сараланып, толықтырылып, өзгеріп отыратыны байқалады. Аталған ұстанымдардың барлығы да білімнің жан-жақты тиянақты, жүйелі, саналы, бірізді, терең, сапалы т.б. берілуін мақсат етіп, қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов – Қазақ тілі оқу бағдарламасы 2015.30.03.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері: теориясы және әдістемесі.-Алматы, РБК, 2003.-207 б.
4. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектептерде сынақтан өткізу үшін байқау нұсқасы). – Астана, 2015. – 27 б.
5. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі.-Алматы, РБК, 2000.-207 б.

*Мауленбердиева Гулжан Бауыржанқызы*

*П.ғ.к.,аға оқытушы*

Silkway Халықаралық университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

E-mail:mgujan [77@mail.ru](mailto:77@mail.ru)

## **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АКМЕ-КРЕАТИВТІ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Аннотация.** Можно сказать, что содержание формирования деятельности будущих учителей связано в первую очередь с дополнением акме-творческой деятельности. Это особенно актуально на сегодняшнем рынке. «Акмеология - это новая отрасль научного знания в системе гуманитарных наук и реализация человеческого профессионализма».

Акмеология - это интегрированная наука, изучающая законы, способы, средства, условия и способы самосовершенствования в зрелом возрасте для достижения пика творческого потенциала человека

**Ключевые слова:** акмеология, акме-творческая деятельность, конкурентоспособность, личность, развитие, социальный успех, творчество, качество, креативность

**Abstract.** We can say that the content of the formation of the activities of future teachers is associated primarily with the addition of acme-creative activity. This is especially true in today's market. "Acmeology is a new branch of scientific knowledge in the system of humanities and the realization of human professionalism."

Acmeology is an integrated science that studies the laws, methods, means, conditions and methods of self-improvement in adulthood in order to reach the peak of a person's creative potential.

**Key words:** acmeology, acme-creative activity, competitiveness, personality, development, social success, creativity, quality, creativity

Бүгінгі күні еліміздің әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында мамандар дайындау сапасын арттыру білім еру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылуда. Қоғамдағы үдемелі өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерге жаңа кәсіби ойлауды қалыптастыруды көздейді. Заманауи қоғам бәсекеге қабілетті, шығармашыл, жаңа өзгермелі жағдайларға тез бейімделуге дайын, өзін-өзі дамытатын, өз бетінше шешім қабылдай білетін азаматтарды тәрбиелеуге қабілетті, кәсібилігі жоғары мұғалімдерді қажет етеді. Осы қоғамдық сұранысқа сәйкес лайықты маман дайындауда ең бастысы олардың кәсіби шыңдалуына басымдық берілуде.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деп, білім саласынның алдына үлкен міндет жүктеген болатын [1, 2-б]. Ал, «Қазақстан әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасының 13-ші қадамында Елбасы Білім және ғылым министрлігіне орта, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орындарында «Акмеология, жеке және әлеуметтік табыс негіздері» атты оқу курсы енгізу жөнінде тапсырма берген [2, 9-б].

Осыған байланысты, кәсіби әрекетте және өмірдің басқа да салаларында табыс биігіне жетуді мақсат ететін тұлғаны дамыту, бәсекеге қабілетті сапалы адам капиталын құруды қамтамасыз ету еліміздің білім беру жүйесі алдындағы аса жауапты міндеттер болып табылады. Алға қойылған міндеттерді шешудің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [3], Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [4], Қазақстан Республикасы жоғарғы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы [5], Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттар [6] және басқа мемлекеттік нормативтік құжаттар мен Елбасының жыл сайын Қазақстан халқына Жолдау ретінде ұсынатын стратегиялық бағдарламалары құрайды.

Бүгінгі педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдердің кәсіпке деген ынта-ықыласын арттыру, олардың шығармашылық әлеуетін жетілдіру, тұлғаның шығармашылық әрекетке дайын болуын қалыптастыру арқылы кәсіби іс-әрекетте жетістікке қол жеткізу үшін жеке мүмкіншіліктерін анықтау мен пайдалануды қамтамасыз ету алдыңғы орынға шығарылады. Жоғары мектепте білім алушыларды өзінің таңдаған болашақ мамандығына деген сүйіспеншілігін арттырып, тек қана педагогикалық іс-әрекет негіздерін меңгеріп қана қоймай, кәсіптік шеберліктің шыңына жетуге бағдарлануы болашақ мұғалімдердің акме-креативті іс-әрекетінің қалыптасуына жағдай жасайды. Сондықтан да, осы орайда акмеология мен креативті психология ғылымдарының алар орны ерекше. «Акме» және «креативтілік» ұғымдары кәсібиліктің шыңына шығу, сол арқылы өмірде табыстарға жету, шығармашылық әлеуеттің дамуы мен адамның шығармашылық әрекет жағдайында ұзақ болуымен түсіндіріледі. Болашақ мұғалімдердің кәсіби тұрғыдағы жетілуі және оның шыңына жетуі бірден қалыптаспайды. Оған тұлғаның осыған дейінгі игерген білімдері мен жинақтаған тәжірибелері септігін тигізеді. Қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық, техникалық және мәдени дамуында білім беру жүйесінің рөлі өте жоғары екені белгілі. Тек осы

білімділік қуаты ғана мемлекетіміздің лайықты бейнесін және әлемдік қауымдастықтағы орнын қамтамасыз етеді, қоғамдағы әрбір адамның және халықтың әлемдегі статусын анықтайды. Ал, жоғары мектеп интеллекттік, ғылыми және мамандық қуаттың басты қозғаушы күші болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде болашақ мұғалімдердің іс-әрекетін қалыптастыру мазмұны ең алдымен акме-креативті іс-әрекет негізінде толықтырылумен байланысты деуімізге болады. Бұл әсіресе бүгінгі күнгі нарық заманындағы өте өзекті мәселеге айналып отыр. Педагогикалық іс-әрекет – мақсатты бағытталған адам іс-әрекетінің ерекше түрі, себебі мұғалім өзінің алдына белгілі бір мақсат қоймауы мүмкін емес. Кең мағынада педагогикалық іс-әрекет жинақталған адамзат тәжірибесін болашақ ересектерге беру мәңгі әлеуметтік функциясын орындауға бағытталған. Акмеологияның мән-мағынасынан тұлғаның үдемелі дамуымен байланысты тұрақты байланыстарды бейнелейтінін түсінеміз. Қазіргі таңда теориялық акмеологиялық зерттеулерде тұлғалық-кәсіби дамуды, тұлғалық әлеуетті күшейтуді, кәсіби іс-әрекетте тұлғаның өзін-өзі көрсетуі сияқты акмеологиялық заңдылықтарды негіздеуге әрекеттер жасалуда.

Педагогикалық акмеология білім беру акмеологиясы болып қайта құрылды, оның міндеті ретінде білім беру үдерісінің субъектілерін іс-әрекеттің алуан түрлі сферасында адамның шығармашылық әлеуетін жетістікпен жүзеге асырудың теориясы мен технологиясымен қаруландыру алынады. Акме феноменінің әмбебаптығын тану немесе мойындау, білім беру акмеологиясының мәнін үздіксіз білім берудің әрбір сатысында және жас кезеңінде адамның, ересек адамның және өскелең ұрпақтың біртұтас дамуындағы шындыққа жетудің заңдылықтары туралы ғылым ретінде түсіндіруді негіздейді.

Білім берудегі акмеологиялық тұғыр, білім беру ортасында адамның өзін-өзі жетілдіруіне, оның дамуына, ересек адамның және өскелең ұрпақтың бір шыңнан екінші шыңға жетуіне деген қозғалысына, оның кемелденуінің, шығармашылығы мен денсаулығының алуан түрлі деңгейіндегі акмеге жетуіне бағытталған.

Акмеологиялық тұғыр білім беруді ізгіліктендіру идеясын нақтылайды және тәрбиенің қазіргі заманғы идеологиясының негізін құрайды. Психология мен педагогика дамуының заманауи кезеңінде аталған анықтаманы тұрақты, «креативтілік» түсінігінің және креативті ойлаудың құрылымдық компоненттерінің жүйесі туралы түсініктің бірегей анықтамасы ретінде алмауымыз керек.

Сондықтан көптеген психологтар креативті ойлауды – бұл ерекше идеяларды тудыруға, дәстүрлік сызбадағы ойлаудан ауытқуға, мәселелік жағдайларды тез шешуге қабілеттілік дегенмен келіседі; креативтілік шығармашылыққа қабілеттіліктің дамуы үшін қажетті ойлау және тұлғалық қасиеттердің кейбір жиынтықтарын қамтиды.

Бүгінгі күні креативтілік табиғатын анықтайтын көптеген тұғырлар бар. Сондықтан барлық зерттеушілерді қанағаттандыратын бірегей толықтырылған анықтама беру мүмкін емес. Креативтіліктің кейбір анықтамалары өнім терминдерінде, іс-әрекет нәтижесінде; ал басқалары – үрдіс терминдерінде, сыртқы ортаға қажетті тұлғалық қасиеттерде жасалынды. Бір авторлар «креативтілік» терминін қабілеттің сирек кездесетін арнайы түрлеріне қолдануды ескертсе, сол уақытта басқалары бұл термин барлық денсаулығы мықты индивидтердің нақты дәрежеде игеруі тиіс жалпы креативті қабілеттер деп есептейді. Креативтілік жалпы қабылданғандардан басқаша стандарттан тыс тұғырларды болжайтын комформдылыққа, бұйғылыққа қарама-қарсы ретінде жиі қарастырады. Қазіргі заманғы акмеология қалыптасу сатысында келеді. Акмеология – жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық пәндердің түйісуінде пайда болған және адамның кемелдену сатысында дамуының заңдылықтары мен механизмдерін зерттейтін, әсіресе осы дамудың аса жоғары деңгейіне жетуін зерттейтін ғылым Б.А. Оспанова [7, 57-6]. Бүгінгі білімгер - ертең білімді ұстаз, тағылымды тәрбиеші, басқадан ойы озық тәлімгер болуы маман болып қалыптасудың баспалдақтарында басталады. Оның «акме» жағдайда табысты еңбек етуі студенттік кезеңде бойына «шығармашылық» сапаларды,

«креативтілік» қасиетті сіндіре алуымен байланысты. Психологиялық ғылымның дамуымен бірге адам шығармашылығы мәселесіне де көзқарастар дамыды және өзгерді. Өртүрлі психологиялық мектептер креативті ойлау феноменін, креативті ойлау мен креативті қабілетке деген өздерінің көзқарастарын ұсынды.

Креативті ойлаудың қалыптасуы мен дамуы мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді жалпы талдау теориялық тұжырым жасауға және креативті ойлаудың тұжырымдамасын кезең-кезеңмен дамытудың кестесін құрауға мүмкіндік берді.

Креативтілікке келсек, бұл түсінік мәнінің анықтамасына – дарындылықтың бірден-бір анықтаушы компоненті болып табылатын индивид психикасының бұндай сапасына көзқарастар сан түрлі. Бір іс-әрекет түрінен «жоғары нәтижеге» жету іс-әрекетке, дарындылықты (интеллекттік, мотивация және т.б.) құрайтын басқа факторлар жиынтығымен өзгеше, жаңа, шығармашылық тұғырды болжады және «ерекше жетістік үшін ішкі жағдай» тудырады Б.Бекжанова [8, 27-б]. Сондықтан көптеген психологтар креативті ойлауды – бұл ерекше идеяларды тудыруға, дәстүрлік сызбадағы ойлаудан ауытқуға, мәселелік жағдайларды тез шешуге қабілеттілік дегенмен келіседі; креативтілік шығармашылыққа қабілеттіліктің дамуы үшін қажетті ойлау және тұлғалық қасиеттердің кейбір жиынтықтарын қамтиды. Бүгінгі күні креативтілік табиғатын анықтайтын көптеген тұғырлар бар. Сондықтан барлық зерттеушілерді қанағаттандыратын бірегей толықтырылған анықтама беру мүмкін емес. Креативтіліктің кейбір анықтамалары өнім терминдерінде, іс-әрекет нәтижесінде; ал басқалары – үрдіс терминдерінде, сыртқы ортаға қажетті тұлғалық қасиеттерде жасалынды. Бір авторлар «креативтілік» терминін қабілеттің сирек кездесетін арнайы түрлеріне қолдануды ескертсе, сол уақытта басқалары бұл термин барлық денсаулығы мықты индивидтердің нақты дәрежеде игеруі тиіс жалпы креативті қабілеттер деп есептейді. Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі білім саласындағы туындаған қиындықтар ұстаздар қауымын тығырыққа тіреп, дағдарысқа әкелді. Бұл дағдарыстан шығу үшін креативті педагогтар бас қосып, қиыншылықтан шығу мәселелерін біріге қарастырды. Республикамыздағы белсенді, ізденіс үстіндегі оқытушылар өз қолдаушыларымен бір ұжым болып, ынтымақтастық педагогикасының аясында біріге қызмет етуге ынта білдірді. Олардың ерекшеліктері: біріншіден, жаңашылдық жолындағы авторлық курстар мен ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар ұымдастыру арқылы білім беру мазмұнын тереңдетумен айналысатын даму деңгейі жоғары дәрежедегі топ. Екіншіден, креативтілік белгіде өзін-өзі жетілдіруші, қалыптастырушы, басқарушы жаңашыл жүйе. Үшіншіден, әр аймақтан ерікті түрде жаңашылдық ілімін қолдаушы, сыннан өткізуші, таратушы креативті оқытушылар тобы – жаңа үдерісті толық іске асырушы жаңашыл топ. Педагогикалық білім берудің заманауи тенденциясы болашақ мұғалімдердің акме-креативті іс-әрекеттерін қалыптастыруға үлкен талаптар қояды. Алайда болашақ мұғалімдерді қалыптастыру процесінің өзгермейтінділігі – жоғарғы мектепке қойылатын басты міндеттердің бірі, өйткені, бүгінгі күнгі педагог жан-жақты, инновациялық білімдермен қаруланған болуы тиіс. Мұндай сипаттағы білім тұлғаның бүкіл өміріндегі қоршаған ортамен ақпарат алмасуымен жүретін тұлға қалыптастырудың үнемі жалғасын тауып отыратын процесі болып табылады. Бүгінгі күнгі акме-креативті іс-әрекеті қалыптасқан мұғалім дегеніміз мұғалімдердің өздерінің шығармашылық ғұмырында жасайтын әрбір іс-әрекетінің «акме» деңгейінде болуын айта аламыз. Болашақ мұғалімдердің акме-креативті іс-әрекетін қалыптастыру жайлы толығырақ жұмысымыздың келесі параграфында баяндалады. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты мақсат – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтық әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп-өркендеуінің түпқазығы – білім мен ғылым екендігі даусыз. Еліміздің болашақтағы дамуы, өсіп-өркендеуі, әлемдік кеңістіктегі орны, білімнің бағыт-бағдарына, оның тиімділігіне байланысты болмақ.

Бүгінгі заманда жаңа компьютерлік технологияларды енгізумен бірге «технология» деген ұғым жиі кездеседі. XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы АҚШ пен Англияда пайда

болып, содан бұл термин өмір қажеттілігіне байланысты дүниежүзіне таралып кетті. Педагогикада бұл ұғым оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы жоғарғы нәтижеге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды.

Атап айтқанда: білім мазмұны жаңа біліктермен ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде; ақпараттық дәстүрлі әдістері - ауызша және жазбаша, телефон немесе радиобайланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде; баланың жеке басын тәрбиелеу, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде; мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі рөліне мән берілуде. Педагогтың шығармашылық қуатын қалыптастыру мен дамыту мәселелері А.С.Макаренконың еңбектерінде үлкен орын алды. Педагогикалық шеберлік мәнін кәсіби педагогикалық іс-әрекетті, өзін-өзі ұйымдастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін тұлғаның кешенді қасиеттері ретінде қарастыра келе, А.С. Макаренко оны педагог еңбегіндегі шығармашылық бастау ретінде қарастырады [9, 27-б].

Қазіргі уақытта педагогтар мен психологтар арасында болашақ мұғалімдердің креативті ойлауын дамыту мәселесіне қатты қызығушылық байқалады. Бұл креативті, бәсекеге қабілетті мамандарға деген «әлеуметтік қажеттіліктердің жетілуімен» түсіндіріледі. Бұнда шығармашылықтың креативті табиғатына, біртұтас креативті және ақыл-ой қабілеттері диагностикасының критерийлеріне қатысты теориялық тұғырды қарастыру; креативті әлеуеттің дамуына мүмкіндік туғызатын жағдайлары бар креативтіліктің қайнар көзін іздеу жүргізіледі.

Психологиялық ғылымның дамуымен бірге адам шығармашылығы мәселесіне де көзқарастар дамыды және өзгерді. Әртүрлі психологиялық мектептер креативті ойлау феноменін, креативті ойлау мен креативті қабілетке деген өздерінің көзқарастарын ұсынды. Сана мен іс-әрекеттің жаңа толғамынан шыға отырып, тұлға және оның қабілеттерінің әртүрлі іс-әрекет, оның ішінде шығармашылық іс-әрекетте дамуы мәселесін шешу мүмкіндіктері пайда болды. Психология ғылымында шығармашылықты, шығармашылықты ойлауды және шығармашылық қабілетті әр тұрғыдан қарастыратын бағыттар пайда болды. Егер креативтілік мәселесін субъект – нәрсе қатынасы арқылы қарастырсақ, бұл жерде өнімділікті ойлау үрдісін зерттеуге кеңірек мән беру керек. Бұл көзқараста шығармашылық, креативтілік ғылымда, өнерде жаңа шынайы құндылық тудырушы homo, жасаушы іс-әрекетімен жанастырылған.

Бірақ та әлеуметтік факторлар тұлғаның аталған иманенттік қасиетін тоқтатады, оны жабады, тұлға өзін креативті көрсетуге қабілетсіз болып қалады. Сондықтан креативті ойлаудың болмысын анықтауда гуманистік психология адам іс-әрекетінде, оның ішінде үрдісте, оның жағымды дамуында туындайтын нәрселер мен идеялар саласындағы жаңа құралуға баса назар аударады. Бұл кезде, креативті өнімділікті белсендіретін критерийлерге нәтиже сапасы емес, сипаттамалар мен үрдістер болып табылады. Тұтас алып қарағанда, ойлау психологиясы саласында әртүрлі зерттеу аспектілерін, оның ішінде: дара-типтік айырмашылықтар; креативті қабілеттер; шығармашылық белсенділік, бағыттылық, ұымдастырушылық; еріктік, мотивациялық және эмоциональдық факторлар деп бөліп қарастыруға болады.

Бұл жерде психологиялық-педагогикалық зерттеулерді талдау, шығармашылық туралы өте кең таралған түсініктерге төмендегілер жатады:

- Шығармашылық жетістіктерді тұжырымдай отырып, шығармашылықты анықтау. Осы кезде шығармашылық – бұл жаңа шынайы құндылықтар жасайтын адам іс-әрекеті.

Шығармашылық сана мен мінез-құлықтағы субъектіні қайта жасау, олармен туылатын және одан өнім шығаруы мүмкін жаңаны тудыруды білдіреді. Креативті ойлаудың қалыптасуы мен дамуы мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді жалпы талдау теориялық тұжырым жасауға және креативті ойлаудың тұжырымдамасын кезең-кезеңмен дамытудың кестесін құрауға мүмкіндік берді. Креативтілікке келсек, бұл түсінік мәнінің анықтамасына – дарындылықтың бірден-бір анықтаушы компоненті болып табылатын индивид психикасының бұндай сапасына көзқарастар сан түрлі.

Бір іс-әрекет түрінен «жоғары нәтижеге» жету іс-әрекетке, дарындылықты (интеллектуал, мотивация және т.б.) құрайтын басқа факторлар жиынтығымен өзгеше, жаңа, шығармашылық тұғырды болжады және «ерекше жетістік үшін ішкі жағдай» тудырады.

Сонымен қатар адамдар арасынан креативті тұлғаны қалай тапсақ болады. Креативті тұлғаға тән нышандарды қалай анықтауға болады деген сұрақтар туындайды. Салыстыру және жалпылау арқылы осы нышандарға жекелік-бағдарлы қарым-қатынас жасауға бейімделу басқа тұлғалар бойынан ізделеді. Креативтіліктің көпқырлылығы: адам іс-әрекетінің қаншалықты түрі болса, оның соншалықты түрі болады, адам жаратылысы (дене тұрғылық, психикалық, интеллектуал, әлеуметтік, эмоциональдық және т.б.) және олар барлық жас кезеңдері мен барлық мәдениетте болады. Бұл түрлер мен аспектілер даму дәрежесі мен деңгейі бойынша ажыратылады; үздіксіздікті креативтілік өнімінен емес, креативті үрдістен іздеу керек. Креативті үрдісті талдауда, оны басқа да үрдістермен салыстыруда, мәселені шешуде оның ойлау үрдісіне ұқсастығы байқалды.

Ғалымдар барлық креативті үрдістер (жаңа музыка, лирикалық поэзия, өнертапқыштықта, жаңа ұшақ, техника, дәрі-дәрмек ойлап табу мен жетілдіруде т.б.) негізінде жалпы қабілет жатқандығын жиі де батыл айта бастады, қабілет жаңа тәжірибе, идея немесе өнім ретінде жаңа ойлау тізбегі формасында көрінетін бұрын бір-бірімен байланысы жоқ құбылыстар арасынан байланыс табу қажеттілігі. Бұндай креативті қуат кез-келген адамға тән және ол кез-келген өмірлік жағдай барысында қолданылады.

#### *Әдебиеттер:*

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» халыққа Жолдауы 14 Желтоқсан 2012 жыл.
- 2 Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. «Егемен Қазақстан» 10 шілде 2012 ж.
- 3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ
- 4 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- 5 Қазақстан Республикасы жоғарғы педагогикалық білім тұжырымдамасы // Егеменді Қазақстан. - 1999, тамыз - 18. – Б. 3.
- 6 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы
- 7 Оспанова Б.А., Бейсембаева К.Д. Акмеология. Оқулық. - Астана, 2014. – 289б.
- 8 Бекжанова Б. Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру: философ.док.(PhD) ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. – Алматы, 2014 – 189 б.
- 9 Макаренко А.С. Коллектив и воспитание личности. –М.: Педагогика, 1972.-334 с.



## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ЖОСПАРЛАУ ОҚУ ПРОЦЕСІН ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА БАҒДАРЛАП ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ**

Ұлы педагог Алтынсарин мұғалімдердің алдына мынадай міндеттер қойды: нағыз мұғалім болу үшін шәкірттердің өзіндік ерекшеліктерімен мықты санасу қажет, ол үшін педагогикалық әдебиеттерді үнемі оқып, қадағалап отырмаса болмайды. Мұғалімге аса сезімтал, бала жанын жазбай танитын адам болу қажет екенін айтқан.

Осыған орай бастауыш сынып мұғалімдері педагогикалық тәжірибемде оқушылардың дарындылығын дамытуды қолға алады.

Әр адам балалық, жасөспірім және жастық шағынан бастап, өмірде үлкен жетістіктерге жетуді армандайды. Жасөспірімдік шақ- бұл ізденіс, үміт, күмәндану, мазасыздану кезі. Көптеген балалар ерте кезден бастап, әртүрлі іс-әрекет түрлеріне қабілеттілік білдіреді (сурет салады, билейді, музыкалық инструменттерде ойнайды, ән айтады т.б.). Бірақ уақыты келе, бұл қабілеттіліктердің көрінісі бәсеңдеп, жас адамның мамандығының негізіне айналмайды, ол адам жай ғана «орташа» кәсіпкерге айналады.

Қазіргі кездегі жаңа әлеуметтік - экономикалық жағдай бойынша, кәсіпкерлік іс-әрекетте табысқа жалпы және әдейі қабілеттің ең болмағанда аз ғана бөлігімен, білімділікпен, шығармашылықпен қамтамасыз етілгенде ғана жетуге болады. Сондықтан, балалар алдында, сонымен қатар, ата-аналар, мұғалімдер алдында да жаңа міндет тұр, яғни жеке тұлғаның потенциалды мүмкіндіктерін зерттеу, дамыту және осының негізінде баланың болашағын анықтау [1].

Әр түрлі іс-әрекеттерге байланысты адам қандай да қызметті орындауы қажет және сол істің тиімді нәтижесін қамтамасыз етуге жәрдем беретін сапаларға ие болуы тиіс. Мұндай дара психологиялық ерекшеліктер міндетті түрде, бір жағынан, өзіндік психикалық табиғатына ие болудан, екіншіден - әркімде өз алдында, қайталанбас көрінісін жеке адам қабілеті деп атаймыз.

Адам қабілетіндегі айырмашылық іс-әрекеттің нәтижесінен, яғни оның сәттілігінен не сәтсіздігінен байқалады. Қызығушылық - адамда объективтілікті жан-жақты бейімділік - нақты іс-әрекетті орындауға талпыну, қызығушылық пен бейімділік сапаларының үнемі өзара үйлесім тауып, бір бағытта тоғысып отыруы мүмкін емес. Оған түрлі жағдайлар себепші, мысалы, адам көркемөнер туындыларын тамашалауы ықтимал, бірақ ол осы саладағы өнер түрлерімен шұғылдануға бейімсіз болуы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір іс-әрекет түріне қабілеті бар адамдардың қызығушылығы мен бейімділігі бір-бірімен үйлесім таба алады.

Іс-әрекетпен айналысқанда адамның табысқа жетуі үшін қабілет, қызығушылық, бейімділіктен тыс оның мінез-құлқында келесі сапалық көріністер болуы қажет: ең алдымен - еңбек сүйгіштік, табандылық, батылдық. Бірақ, осындай ерекше қабілеті бар адамның өзі де айтарлықтай өнімге қол жеткізе бермейді. Негізі, адам өзінің іс-әрекетін, жеке басына сапаларын айқын ажырата аларлық деңгейде болуы керек.

Адам қабілеттілігінің даралық ерекшеліктеріне дарындылық, шеберлік, талант, данышпандық, шабыт кіреді.

Әр түрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, ептілік- дағдылар бірлігін жеңіл әрі нәтижелі игеруді қамтамасыз етуші жалпы қабілеттер ерекшелігін дарындылық деп атайды. «Зерттеу жұмысы-ғылымның бастамасы» дарынды балаларды оқытудың зерттеушілік негізі. Оқушылардың потенциалды қабілеті ашылмай, оларды дамыту мүмкін емес. Дарынды оқушылардың ізденушілік қасиетін қалыптастыру, зерттеуге,

оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілікке баулу жасынан басталуы тиіс. Өткен оқу жылында оқушыларым әртүрлі қалалық және мектепшілік дарынды оқушыларға арналған сайыстарға қатысты соның ішінде қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатыстыру, оқушы шығармашылығын дамыту басты міндет болу қажет.

Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Қазіргі кезеңде білім беру жүйелерінде қайта құру жүріп жатыр, білім беру жүйелерінің жаңа ұлттық моделі құрылуда.

Міне, осындай маңызды мәселелерді шешуде жас ұрпақты сапалы да саналы ой еңбегіне тәрбиелеуде математиканың алатын орны ерекше. Қазіргі заман-математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі. Ал талапқа сай математикалық білім берудің басты шарты - математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру ғылыми жобалаудың да көп ықпалын тигізетіні сөзсіз болып табылады. Жобалау технологиясы - оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі [2].

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін көтеру және сын тұрғыдан ойлау қабілетін артыру арқылы оқушыны қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Егер оқушы жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт –бағдар бере алады. Жобаның тиімділігі – көзбер көріп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде. Бұл тақырыптарды қамтыған жоба жұмыстарын ақпараттық, шығармашылық жоба түріне жатқызуға болады. Мерзіміне қарай ұзақ мерзімді жоба болып есептеледі.

Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Танымдық қабілет, тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан ізденушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Дарынды бала қойылған мәселені тұтастай көріп, оған байланысты болмыс сырларын көптеп, шешуге, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығады, түсініксіз нәрсені білуге ынтызарлық, түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға бейім келеді. Сондықтан, мектеп оқушыларының дарындылығын дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру басты мақсат, ғылыми мәселе болып табылады. Тақырыпты таңдағанда «мені не қызықтырады?» - деген сұраққа жауап беруден бастау керек. Тақырыпты таңдағанда бір ескеретін нәрсе зерттеумен де, жобалаумен де айналысуға болады.

Зерттеу – жаңа білім жинақтау, бір нәрсені жан-жақты танып білу, ол адамның танымдық іс-әрекетінің бір түрі. Жобалау – латын сөзі, «алға жылжу» - деген мағынаны білдіреді. Екеуінің айырмашылығы: зерттеу – ол белгісіз іздеу, жобалау – ол бір практикалық міндеттің шешімі. Зерттеудің мақсаты нақты бола алмайды, ол зерттеу

барысында өзгеріп отырады. Ал жобаның мақсаты нақты болады, өйткені жобаның соңғы нәтижесі қандай болатыны белгілі.

Осыдан түйгенім, оқушыларға қосымша тапсырманы берген сайын оқушылар әр қырынан көрініп, бір жағынан оларды ғылыми зерттеуге бағыттаудың бір сатысына көтерудің қадамы сияқты боп көрінді. Осындай тапсырмаларды беру кезеңінде-ақ еріксіз оқушылардың деңгейлері де анықталып жатты. Қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Дүние жүзінде білімнің ролі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз [3].

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі. Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына сай құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру керек. Яғни, оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ең алдымен оқушыны өздігінен шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге тәрбиелеу қажет.

2. Ынталандырушы (тұлғаның белгілі бір іс – әрекет және қарым – қатынастарынан көрініс табатын жетістік және сәтсіздікті бастан кешіру арқылы аффективті – ерікті ықпал саласына, эмоционалды реакциясына әсер ету);

3. Тәрбиелеуші (бағаның эмоционалды – ерікті және интеллектуалды ықпал саласы, өз – өзіне баға беруіне, оқу мотивациясына әсер ету ) [5;256-258]

Заманауи білім беру үдерісінде педагогтың бағалау іс – әрекеті қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жүргізу мен байланысты. Бағалаудың бұл түрлері оқыту үдерісінде тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін анықтау, қалыптастыру, дамыту және түзетуге мүмкіндік береді.

Жаңа үлгідегі білім беру аясында педагогтың бағалау іс – әрекеті оқыту үдерісінде тұлғаның келесі психологиялық ерекшеліктерін қалыптастыруға ықпалын тигізеді:

- Өзін - өзі дамыту және өзін – өзі бағалау; (жоспарлы іс – әрекет жасау, даму бағытын айқындау)
- Мотивацияны қалыптастыру; (өзгеге көмектесу, жетістікке жету, лидердікке ұмтылу)
- Сенімділік; (идея тастай алу, мәселені шешу)
- Шығармашылық; (жаңаны ойлап табуға құлшыныс)
- Эмоционалды сезімін; (қуана білу, жанашыр болу)

Оқыту үдерісінде педагогтың бағалау іс - әрекеті білім алушының жетістікке болған ұмтылысын дамытыпқана қоймай,оның бойындағы құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді.Педагогтың бағалаушылық пікірі – білім алушының қатесін түзетіп, келесі қадамының жоспарын құрастыруға мүмкіндік беруі қажет.

Жаңартылған талаптар негізінде білім алушының жетістік деңгейін бағалау процесінде педагог төмендегідей жағдайларға ерекше назар аударуы тиіс:

- Білім алушының тұлғасын емес,оқудағы іс – әрекетін бағалау;
- Бағалау процесінде өзінің эмоционалды жағдайын қадағалау;
- Бағалаушылық пікірді алдын – ала ойластыру,бағаны жария етуде өзінің интонациялық және мимикалық реакцияларын бақылау;

Педагогтың бағалау стилі білім алушының оқыту үдерісінде өзін жайлы сезінуіне мүмкіндік береді.Тұлғаның жайлы атмосфера аясында дамуы оның көңіл – күйі, мотивациясы, психикасына жағымды әсер етеді.Сондықтанда,педагогтың қойған бағасы және жетістікті бағалаудағы бағалаушылық пікірі нақты психологиялық және педагогикалық міндеттерді ескере отырып жария етілуі қажет.

Педагог тарапынан жария етілген баға білім алушы іс – әрекетінің сәтті жүзеге асуына оның алға жылжыуына ықпал етуі педагогтың шығармашылығының мыңызды көрсеткіші болып табылады.[6;304]

Заманауи білім беруде оқу жетістіктерін бағалауда негізгі үш міндет жүзеге асады:

- Білім алушының оқудағы жетістіктерінің жағдайы туралы ақпарат алу;
- Оқу жетістігінің өзгеру тенденцияларын айқындау;
- Оқу жетістіктерінің деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау.[7;4]

Оқыту үдерісінде аталған міндеттерді жүзеге асыруда педагог өзінің бағалау іс – әрекетін алдын – ала жоспарлап,білім алушы денсаулығына және психологиясына залалсыз жүзеге асыруы қажет.Себебі,бағалау немесе бағалаушылық пікір тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне әсер етіпқана қоймай, оның алға ұмтылуына мүмкіндік береді.

Заманауи білім берудегі бағалау реформасының мақсаты бағаны мазмұнды, объективті ету және дифференциацияландыру.Бұл жағдай педагогқа білім алушының эмоционалды ахуалына залал келтірмеу,білім, білік, дағды және шығармашылық қабілеттерді тиімді қалыптастыруға көмектеседі.Бағаның объективті екендігіне көз жеткізгендеғана білім алушының мотивациясы оянады, өзінің жетістікке жету үшін қандай бағытта жұмыс жасауы қажет екендігін анық көре алады.Бағалау оқыту жүйесінде табиғи процесске айналады.

Оқыту үдерісінде педагогтың бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері:

- білім алушының психологиялық ахуалына әсер етеді;
- жетістікке болған мотивациясын оятады;
- рефлексивтік іс – әрекетін қалыптастырады;
- шығармашылыққа болған ұмтылысын қалыптастырады;
- өзіндік даму траекториясын айқындауға мүмкіндік береді.

Бағалау процесінде педагогтың авторитарлық пікір білдіруден бас тартуы,білім алушының жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерінің ашылуына әсерін тигізеді.Бұл жағдай оқыту үдерісіндегі бағалаудың ашық және нақты критерийлер негізінде жүзеге асуына көмектеседі.

### **Әдебиеттер:**

- 1.Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 4-қосымша.
- 2.Масимова Х.Т Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтардың бағалау әрекетінің мәні, мазмұны,құрылымдық ерекшеліктері. //Педагогика және психология. Ғылыми – әдістемелік журнал. -Абай атындағы.ҚазҰПУ. - 4 (41) 2019. Б.-29-42.

3. Сизова В.В. Психологические особенности инновационной контрольно-оценочной деятельности преподавателя вуза в процессе обучения иностранному языку. // Автореферат к.п.н. Тверь- 2008. – 23с.
4. Масимова Х.Т., Баймолдаев Т.М. Қалыптастырушы бағалауды қолдануда педагогтың бағалау әрекеті. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. №7\2 2020. – С. 169-177
5. Ананьев Б. Г. Психология педагогической оценки. — Л.: Наука, 1935. — 386с
6. Патрикеева, Э. Г. Психологические аспекты воздействия педагогической оценки на обучающихся / Э. Г. Патрикеева, А. Н. Гаращенко. — // Молодой ученый, 2016. — № 17 (121). — С. 301-305. — URL: <https://moluch.ru/archive/121/33478/> (дата обращения: 05.04.2021).
7. Журавлева Л. А., Ковтюх И. В., Пышнограев С. В. Критериальная оценка учебных достижений // Школьная педагогика. — 2016. — №2. — С. 3-6. — URL <https://moluch.ru/th/2/archive/27/854/> (дата обращения: 17.03.2019).

*Р.Е. Каримова - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі*

*Б. Н. Бидахметова, С.Р. Бекзат, Д. Өмірбек, Б.С. Қалдыбек -«5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 4-курс студенттері*

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ-РӨЛДІК ДАМУЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ**

«Диагностика» сөзі грек тілінен аударғанда – *тану қабілеті* дегенді білдіреді.

Мектепке дейінгі ұйымдағы диагностикалық жұмыс балалардың психофизиологиялық, психикалық және тұлғалық сапаларының даму ерекшеліктерін айқындауға бағытталған іс-әрекет ретінде қарастырылады. Диагностиканың алуан түрлері анықталған.

*Психофизиологиялық диагностика* - диагностиканың пәні ретінде баланың психикалық дамуы алынады.

*Педагогикалық диагностика* - диагностиканың пәні ретінде баланың білім беру бағдарламасын меңгеруі алынады.

*Психологиялық-педагогикалық диагностика* педагог пен балалардың тұлғалық-бағдарлы өзара әрекетін қамтамасыз етуге бағытталады, тәрбиешінің өз тәрбиеленушілерін, олардың дара ерекшеліктерін білуді қамтиды.

Т.Н.Доронова атап өткендей, Мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың жыныстық-рөлдік дамуын диагностикалау келесі мақсаттарда жүргізіледі:

- әрбір баланың жыныстық-рөлдік даму деңгейі туралы ақпаратты алу;
- балалардың жыныстық-рөлдік дамуындағы ауытқуларды түзету мен дамыту үшін жағдай жасау;
- әрбір баланың даралығын дамыту [1].

Психологиялық-педагогикалық диагностика жыныстық-рөлдік даму үдерісінің жүргізілу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді, гендерлік бірдейлікті дер кезінде қалыптастыруға, сонымен бірге гендерлік ұғымдар мен бағдарлардың қалыптасуы мен адекваттылығына, жыныстық-рөлдік мінез-құлық типтерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың жыныстық-рөлдік дамуын диагностикалау, қазіргі кездегі күрделі және жеткіліксіз зерттелген мәселе болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жыныстық-рөлдік дамуын диагностикалау мәселелері бірқатар психологтардың зерттеулерінде қарастырылды (В.Е.Каган, Т.А.Репина, Н.Л.Белопольская, Е.Е.Сапогова, Н.В.Плисенко және т.б.).

Мектеп жасына дейінгі балалардың жыныстық-рөлдік дамуына және тәрбиелілігіне диагностикалау жүргізу бойынша ұсыныстар, осы жастағы балаларға жыныстық-рөлдік тәрбие берудің бағдарламаларында қамтылған. Балалардың жыныстық-рөлдік дамуын диагностикалау үшін, алуан түрлі әдістерді қолдану ұсынылады: балаға іс-әрекеттің алуан түрлерінде бақылау жасау; әңгімелесу, сұхбаттар, тестілік диагностикалық әдістемелер, проблемалық жағдаяттарды модельдеу, суретті тесттер және т.б.

Диагностиканы жүргізу үшін қазіргі заманғы зерттеулерде апробациядан өткен әдістемелерді қолдану ұсынылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың гендерлік ұғымдары мен бағдарларының қалыптасуын айқындау үшін, диагностикалық әдістемелер ретінде әңгімелесу мен сұхбатты қолдануға болады. Мектепке дейінгі жастағы балалармен әңгіме және сұхбат жүргізудің алуан түрлі нұсқалары құрастырылған (авторлары - В.Е.Каган, Т.Н.Доронова, Т.А.Репина, А.А.Чекалина, Н.Е.Татаринцева және т.б.).

Әңгімелер мен сұхбаттар балалардың ұл, қыз өзіндік бейнесі, қоғамдағы ерлер мен әйелдердің рөлдерінің мазмұны, отбасылық рөлдер, гендерлік рөлдерге қатысты балалардың саналы ұғынбайтын бағдарлары туралы түсініктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Мысалы, В.Е.Каган 3-6 жастағы балалардың гендерлік бағдарларын айқындауға бағытталған жартылай стандартталған сұхбатта келесі сұрақтарды қамтуды ұсынады [2]:

- Сенің атың кім? Сенің есімің ерлер есімі ме әлде қыз есімі ме?
- Сен ұлсың ба, әлде қызсың ба? Ұл болғың келе ме? (қыз)? Неге болғың келеді (келмейді)?
- Өскен кезде, ана немесе әке боласың ба? Өскен кезде, аға немесе тәте боласың ба?
- Ұлдар қандай ойынды ойнағанға қызығушылық білдіреді?

Ал қыздар ше?

- Сен ұйқыға кетерде ұл (қыз) болып, ал оянар кезде қыз (ұл) болғың келе ме?
- Кімге ұқсағың келеді – анаң ма әлде әкене ме? Не үшін? «Отбасы» ойынын ойнағанда, сен қандай рөлді орындайсың?

- Кіммен достасқан қызықты – ұлдармен бе әлде қыздармен бе?

Т. А Репинаның балалардың өзіндік санасын зерттеу әдістемесі 4 жастан 12 жасқа дейінгі балалардың жыныстық-жас ерекшелік идентификациясын айқындауға арналған. Ынталандырушы материал ретінде әдістемеді карточкалардың екі жиынтығы қолданылады, онда ер немесе әйел жынысындағы кейіпкер нәресте кезінен бастап, кәрілік кезіне дейінгі өмірінің, әртүрлі кезеңдеріндегі бейнесі суреттеледі. Мұнда баланың өзінің қазіргі, өткен және болашақ жыныстық-жас ерекшелік статусын идентификациялау қабілеті тексеріледі [3].

Е.Е.Сапогова гендерлік ұғымдардың адекваттылығы мен жыныстық-рөлдік бірдейлікті қалыптастыру мәселелерін айқындауға мүмкіндік беретін, 5-7 жастағы балаларға арналған диагностикалық ойындар мен сабақтардың нұсқаларын құрастырды [4].

*«Кейіпкерлер» сабағы.* Жеке ойында балаға пиктографиялық формада (жыныстық айырмашылықты қабылдауды жеңілдету үшін) ұлдар мен қыздарға біршама дәрежеде тән болатын, әртүрлі типтегі жағдаяттар бейнеленген карточкалар жиынтығы көрсетіледі:

«екі бала қуыршақ ойнап отыр (машина)»; «бала анасына көмектесіп жатыр (әкесіне)»; «анасы (әкесі) баланы қорқытып сұқ саусағын көрсетті» және т.б. Баладан ұл бала мен қыз баланың қай жерде бейнеленгенін және не үшін бейнеленгендігін атау сұралады.

*«Ата-аналарға арналған сыйлықтар» сабағы.*

Балаға дәл ортасынан бөлінген қағаз беті ұсынылады. Қағаздың әрбір жартысында 4-6 бірыңғай аяқталмаған үзінділер бар. Бала осы үзінділерді қолдана отырып, анасы үшін сол жақта, әкесі үшін оң жақта суретті әрі қарай жалғастыруы керек.

*«Ұлдар (қыздар) елі» сабағы.*

Балаға қиялдау ұсынылады: ұл бала сыйқырлы елге барады, онда тек қыздар өмір сүреді. Ұл бала қандай әрекет жасайды? Қыздар сияқты әрекет етеді ме? Немесе күшті жыныс өкілі ретінде өзінің басымдылығын көрсетеді ме?

Отбасы суреті әдістемесі отбасына деген эмоционалды қатынасты айқындауға, балалардың отбасы құрылымы және отбасы мүшелерінің қатынастары туралы білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балаларды жыныстық-рөлдік дамыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешудің жетістігі көп жағдайда ұлдар мен қыздардың гендерлік бірдейлік, жыныстық-рөлдік әлеуметтендіруін қалыптастыру үдерісіндегі дара ерекшеліктерін ескеру арқылы анықталады.

Балаға қатынаста педагогикалық әсерлер жүйесі диагностика нәтижелерін талдау негізінде құрылуы қажет. Мысалы, гендерлік бірдейлігінің қалыптасуының жеткіліксіз деңгейі бар балаларда ерлер мен әйелдердің әлеуметтік және отбасылық жыныстық рөлдерінің мазмұны туралы түсініктерін байыту қажет, өзінің жынысы үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, өз жынысының үздік өкілдеріне еліктеу тілегін қалыптастыру қажет.

Н.Н.Крыгина жыныстық - жас ерекшелік идентификациясын қалыптастыру бойынша түзету жұмыстарында отбасы фотоальбомдарын, отбасы мүшелерінің әртүрлі жас кезеңдеріндегі суреттерін, суреттерді салыстыруды, жас ерекшелік бірізділігін қалыптастыруды ұсынады.

Баланың қазіргі кездері туралы («Маған не ұнайды?», «Менің көңілімді не көтереді?») және оның болашағы туралы («Мен қандай болғым келеді?», «Мен өскенде не істеймін?») әңгімелер пайдалы [5].

Диагностиканың нәтижелері жыныстық-рөлдік тәрбиенің міндеттерін жыныстық-рөлдік мінез-құлық типіне байланысты дифференциалдауға мүмкіндік береді [6].

Мысалы мінез-құлқының маскулиндік типі бар балаларды кикілжіңді конструктивті тәсілмен шешу білігін, қалыптастыру және іскерлік өзара әрекеттестікке үйрету қажет. Феминдік балаларда, әсіресе ұлдарда дербестікті, белсенділікті дамыту қажет, бастаманы көрсетуді мадақтау қажет.

Осылайша, гендерлік дамуды кешенді зерттеу баланың жыныстық-рөлдік даму ерекшеліктерін айқындауға, жеке ұсыныстарды құрастыруға, гендерлік бағдарларды, жыныстық-рөлдік мінез-құлық типтерін ескеру арқылы жыныстық-рөлдік тәрбиенің мазмұны мен әдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Доронова Т.Н. Девочки и мальчики 3–4 лет в семье и детском саду: пособие для дошкольных образовательных учреждений.– М.: Линка-Пресс, 2009.
2. Каган В. Е. Когнитивные и эмоциональные аспекты гендерных установок у детей 3–7 лет // Вопросы психологии.– 2000.– №2.
3. Репина Т. А. Особенности общения мальчиков и девочек в детском саду // Вопросы психологии.– 1984.– №4.
4. Сапогова Е. Е. Психосексуальная идентификация в дошкольном возрасте // Журнал практического психолога.– 1996.– №5.
5. Крыгина Н. Н. Основы психологии пола.– Магнитогорск, 2003.
6. Татаринцева Н. Е. Особенности эмоционального развития мальчиков и девочек // Детский сад от А до Я.– 2007.– №1.

*Р.Е. Каримова - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру  
бағдарламаларының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі*

*Г. Ш. Абденова, Э. М. Жунисбекова, А.М. Ырыскельді, С. М. Сламжан  
«5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 3 (3 ж.)-курс  
студенттері*

## **БІЛІМ БЕРУДЕ БАЛАЛАРДЫҢ АҚПАРАТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақтың бір тума ақыны, көрнекті педагог қоғам қайраткері – Ы. Алтынсариннің өмірден озғанына да 200 жылдың жүзі болса да, ол салған педагогикадағы дара жол бүгінде жалғасын жоғалтқан емес. «Өлді деуге болма ма айтыңдаршы? өлмейтұғын артында сөз қалдырған» - демекші Ы. Алтынсариннің артында қалған бай мұрасы бүгінгі күнге дейін өз құндылығынан айырылған жоқ. Керісінше, оның ескіrmес идеялары уақыт өткен сайын өз қадір-қасиеті мен беделін биіктете түсті.

Мәселен, оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқу құралына енген материалдарға назар аударып қарасақ, оның балалардың жас ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес құрастырылғанын көреміз. Сонымен бірге ондағы ойдың дәлдігі мен нақтылығы, танымдылығы мен көркемділігі негізге алынады [1]. Ал, бұл өз кезегінде бүгінде дамыған ақпараттық құралдар мен материалдарды оқушыларды оқыту ісінде мұғалімдердің ұтымды пайдалануын ескертеді. Мәселені өз дәрежесінде дұрыс шешу үшін негізгі ұғымдар «ақпарат», «ақпарат түрлеріне» сипаттама беруді жөн деп санаймыз.

Ақпарат – 1) нақты мәліметтер және олардың өзара тәуелділігі туралы білім жиынтығын сақтау, өңдеу және тапсыру нысаны болып табылатын бір нәрсе туралы хабар, мағұлмат; адамдар ауызша (сөз сөйлеу түрінде), жазбаша (мәтін, кесте, сурет, сызба, шартты белгілер, белгілер) немесе басқа тәсілмен (мысалы, дыбыс немесе сәуле сигналдары, электр немесе жүйке импульстері) берілетін мағұлмат, мәліметтер жиынтығы; 2) басқару қызметінің пәні және өнімі; 3) әртүрлі нысандарда және процесстерде әралуандылықтың бейнелеуі немесе мағұлматтың қабылдаушыға қатынасты біркелкіліктің бұзылуы; Ақпарат бола алады: вербалды – ауызша, сөз түрінде берілетін ақпарат (деректіден айырмашылығы, қандай да бір сақтау құралында сақталады); ғылыми-педагогикалық – техникалық құралдар және арнаулы басылым арқылы таратылатын және педагогикалық ғылым, білім беру жүйесі, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және басқаруда пайдаланатын нысандар мен құбылыстар туралы мағұлматтар жүйесі; оқу – мазмұны әдістемелік немесе нұсқаулық сипатта болуы мүмкін; оны алушылардың интеллектуалды мүмкіншіліктері мен жас ерекшеліктерін ескерумен жүйеге келтірілген табиғат және қоғам туралы жинақталған білім ғылыми дәлелденген тәжірибені беру және түсіндіру қызметін атқаратын, ғылыми-техникалық немесе тәрбиелік сипаттағы мағұлмат. [2,146].

Адамзат тарихында қол жеткізген үлкен жетістіктердің бірі осы ақпарат екендігі баршамызға белгілі. Себебі ол адам еңбек қызметі мен тұрмыста пайдаланатын қорлардың бірі болып табылады. Өндіріс өнімі ретінде ол келесідей ерекшеліктерге ие: тұтытуда азаймайды, үлкен арақашықтықта тасуы жеңіл және жылдам, оны бір мезгілде бірнеше тұтынушы қолдануы мүмкін, шектелмеген көлемде өндіріледі, себебі тұтынушының ақпарат мұқтажы шексіз.

Бүгінгі күнде еліміздегі білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – бұл қазіргі ақпараттық технологияларды оқыту үрдісіне барысында ұтымды пайдаланудың негізінде білімді біртұтастандырып, ақпараттық орта құру арқылы Қазақстанның білім сапасын арттыу.

Ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде тиімді пайдалану оқушылардың белсенділігін арттырады. Ақпараттық технологиялардың көмегімен оқу-тәрбие үрдісін өз деңгейінде басқара отырып, оқушылардың іс-әрекетін бақылауды сапалық жағынан өзгертуге болады.

Қазақстан және ТМД елдері білім саласында тұлғалық-бағдарлы оқытуға және ізгілендіруге көшуде. Осы тұста шешуші рөл ақпараттандыруға берілген [3,346].

Ақпараттандыру – бұл білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық міндеттерін іске асыруда қазіргі жаңа ақпараттық қолдаудың теориясы мен практикасын қамтамасыз ету. Осы тұрғыда білім беруді жанарту құралы есебінде компьютерге деген сұраныстың рөлі күн санап артып келе жатыр.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, жаңы ғасырда компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың негізгі құралы болып отыр.

Олай болса, оқушылардың оны сауатты пайдаланушысы болуын талап ету кезек күттірмейтін мәселе. Оқыту процесінде компьютерді тиімді пайдаланудың біршама артықшылығы бар. Мәселен, ең алдымен ол мұғалімнің оқушыларға өз бетімен жұмыс жасауы барысында жеке тапсырмалар беріп, олардың орындалу деңгейін өзі емін-еркін бақылай алады.

Осыған орай оқушылардың аталған тақырып бойынша біреуінің жоғары меңгергенін ал, кейбірінің осал екендігіне көз жеткізіп оны жүйелі түрде сол мезетте түзеуіне мүмкіндік алады. Олар өзара ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға дағдыланады. Сондай-ақ, сабақ үстінде компьютерді пайдалану оқушыларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйретіп, техникалық құралдарға деген қызығушылығын арттыруға жол ашады.

Бүгінгі күнде жастар үшін аса кең түрде қолданылатын ақпарат көздерінің бірі – ғаламтор. Бұл қажетті ақпараттарға оңай жолмен қол жеткізу жолдарының бірі. Ғаламторды пайдалана отырып, оқушы өзіне керек мағұлматтарды жинаумен қатар оны терең зерттеуге мүмкіндік алады. Оқушы қаншалықты компьютерде жақсы меңгерсе де оның жұмыс жасауын мұғалім жете бақылауына алғаны дұрыс. Себебі ғаламторда тыйым салынған ақпараттар аз.

Бұл ақпараттың енжар түрі деп айтсақ та болады. Сонымен бірге ақпарат құралдарының шамадан тыс пайдалануы оқушылардың санасын улайтындай жағдайға жеткізетінін ескерткіміз келеді.

Жалпы қазіргі білімді компьютерлендіру жағдайында, мұғалімнің атқаратын рөлі өте ерекше. Себебі оқушы өз бетімен білім ала жүріп, ақпарат көздерінің жеңіл жетуімен ғылыми әдебиеттерді оқуын тастап кетуі әбден мүмкін. Ол өз кезегінде оқушыда өзіндік пікірдің болмауына, жүйесіз бағыттың жетегінде кетуіне себепкер бола алады. Осыған байланысты оқушылар іс-әрекетіне мұғалімнің тарапынан үлкен бақылаудың жүргізілгені жөн.

Ақпараттық технология қызметінің құралы ретінде компьютерлік құралдары қолданылып жүр. Алайда заман талабына сай компьютерлік техниканың дамып жетілуіне байланысты ғылыми сипаттағы компьютерлік бағдарламаларды жасау керек және ол оқушының іс-әрекетінің интеллектуалды құрылысымен сәйкес келуі тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды жүйелі түрде жүзеге асыратын болсақ, біз болашақта оқытушы қолына оқытудың жаңа қуатты құрылымын тапсырамыз. Сонымен бірге жас ұрпақты білімді болуына жаңа жол ашамыз және оқыту мазмұнының өзгеруіне мүмкіндік аламыз.

Сондай-ақ Қазақстандағы кәсіптік-техникалық білім беру ісінің дамуына тікелей атсалысқан Ы.Алтынсариннің салған дара жолын жаңа ғасырда қайта жаңғыртамыз. Өз заманының заңғары бола білген ағартушы-педагогтың болашаққа деген сенімін ақтауға тырысамыз. Оның:

«Біз болмасақ сіз барсыз,

Үміт еткен достарым,

Сендерге бердім батамды!» - деп, келешекке артқан арманын жүзеге асыруға атсалысамыз.

#### *Әдебиеттер:*

1. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. –Алматы: Білім 2008.
2. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. -Астана 2009.
3. «Болашақ мамандарды 12 жылдық оқытуға көшу жағдайында даярлау мәселелері мен келешегі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 2009
4. Рысжанова А. Ақпараттық технологияларды қолданудың ерекшелігі. /Қазақстан мектебі №2, 2007

*Т.А. Полешко*

*педагог-психолог, магистрант - Южно-Уральского государственного гуманитарно-педагогического университета,*

*Т.А. Чуркина*

*магистр педагогических наук, заместитель директора по учебно-методической работе КГКП «Костанайский педагогический колледж» Управления образования акимата Костанайской области*

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ПЕДАГОГА КАК АСПЕКТ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

Понятие «потенциал», как правило, связывают с проблемой становления и развития личности. Однако в последнее время фокус проблемы развития потенциала смещается в сторону соотнесения его с процессами глобализации и преобразованиями социальной инфраструктуры.

В общественном восприятии происходит осознание, что потенциал, качество потенциала личности взаимосвязаны с социальными изменениями и достижениями в экономике. Как отмечает М.В. Герман, «потенциал современного человека должен быть достаточен для адекватной реакции на изменяющееся информационное пространство, систематизировать которое и заставить работать в нужном для общества направлении возможно лишь при условии перевода информации в знания». Иными словами, потенциал современной личности должен соответствовать социальным вызовам и тенденциям, что и обуславливает проблему исследования эффективных условий, средств и способов формирования и актуализации потенциала как фактора успешного социально-экономического развития общества и государства [1;335].

Не случайно в науке изучению проблемы развития потенциала педагога, его личностного, творческого, аксиологического, инновационного, профессионального, профессионально-смыслового, профессионально-педагогического, правового, коммуникативного посвящены труды О.И. Байдаровой, А.М. Боднар, Т.Л. Божинской, Ю.Н. Кулюткина, В.П. Бездухова, Е.Н. Гусаровой, Р.Б. Дондовой, О.О. Киселевой, А.А. Костылевой, О.Т. Катербарг, Г.А. Мелекесова, Л.Л. Лашковой, О.Л. Никольской, Е.А. Пагнаевой, Г.Ф. Приваловой, Е.А. Реанович, И.Э. Ярмакеева и др [2;28].

Каким же образом научные исследования трактуют понятие «потенциал педагога», каковы условия и специфика его формирования и актуализации в условиях современной образовательной организации? Научные источники широко объясняют понятие психологический «потенциал» как возможности, средства, запасы, источники для достижения определенных целей.

«Словарь иностранных слов» определяет потенциал как мощь, силу. Кроме того, в английском языке potential обозначает ресурсы (resources), резервы (reserves), возможности (abilities). В большинстве научных исследований потенциал педагога понимают, как некую совокупность проявлений личности.

Так, А.А. Костылева рассматривает личностный потенциал педагога как интегральную системную характеристику, индивидуально-психологическую особенность педагога, включающую в себя потенциал свободы и ответственности, смысловой потенциал, отвечающую за способность педагога исходить из гуманистических смыслов в своей профессиональной деятельности и позволяющую сохранять эффективность деятельности и смысловых ориентаций на фоне давления и изменяющихся внешних условий [3;431].

Понятие «творческий потенциал» педагога Р.Б. Дондова связывает с развитием у него креативных способностей и проявлением активных жизненных установок. Творческий потенциал педагога, по ее мнению, включает системно-выраженные



возможности активных профессионально-личностных качеств, реализуемых в педагогическом мастерстве, искусстве гуманного обращения с учащимися, а также в создаваемых им ситуациях, стимулирующих инициативу, познавательную и общественную активность его воспитанников, в целом индивидуальное своеобразие развития личности каждого.

Условия развития профессионально-педагогического потенциала педагога в системе профессионального образования изучает О.О. Киселева. По ее мнению, формирование профессионально-педагогического потенциала в условиях вуза обеспечивается посредством: выявления психологических закономерностей личностного развития, способствующих овладению теоретическими знаниями и готовности к их применению (педагогические понятия, представления о педагогических явлениях, умение использовать их в мыслительных операциях, развитое теоретическое понятийное и образное мышление); ориентации на развитие у студента потенциальных возможностей трансляции социального опыта с опорой на закономерности развития.

Действительно, в процессе становления профессионально-педагогического потенциала следует актуализировать потенциальные возможности и самореализацию личности в процессе овладения студентами теоретическими знаниями и передачи социального опыта с учетом возрастных и личностных особенностей обучающихся. Специфика развития профессионально-педагогического потенциала, по мнению О.О. Киселевой, заключается в единстве в процессе обучения движения от аккумуляции возможностей к их реализации; гармонизации процессов образования и личностного развития человека; обеспечении преемственности и интеграции учебной и профессиональной деятельности.

Разработанная О.О. Киселевой технология развития профессионально-педагогического потенциала в процессе профессионального образования предполагает сопровождение аналитической деятельности, учебной и педагогической деятельности использованием наблюдений и анализа деятельности учителя, анализа педагогических ситуаций, педагогических проблем и самоанализа собственной педагогической деятельности, ее успешности и результативности.

С целью развития профессионально-педагогического потенциала на этапе высшего образования О.О. Киселева предлагает реализовывать в образовательном процессе игровые, аналитические, деятельностные технологии (игровое моделирование, анализ педагогических ситуаций, «педагогические пробы») [4;266].

В исследованиях Л.Л. Лашковой уделяется внимание развитию коммуникативного потенциала будущих педагогов. Л.Л. Лашкова, также, как и О.О. Киселева, разрабатывает авторскую модель развития коммуникативного потенциала будущих педагогов включающую содержательную, процессуальную и организационную характеристики. Содержательная характеристика раскрывает основную идею, многоуровневость целей и содержание образовательной программы по развитию у студентов коммуникативного потенциала.

Процессуальная характеристика обосновывает использование методов обучения и форм учебной деятельности. Организационная характеристика описывает условия, обеспечивающие развитие коммуникативного потенциала педагогов колледжа посредством моделирования информационно-коммуникативной среды вуза, обеспечивающей обогащение и расширение коммуникативных ресурсов; содействие студентам в формировании профессионального самосознания, обуславливающего устойчивую мотивацию к установлению и поддержанию социальных контактов с любыми реальными и потенциальными партнерами взаимоотношений; создание и реализацию социально-педагогических ситуаций, способствующих овладению студентами разнообразными моделями и психолого-педагогическими стилями общения, оценивание эффективности реализуемой технологии по разработанным критериям [5;16].

Таким образом, многочисленные исследования рассматривают потенциал педагога как интегральное личностное качество, предполагающее способность исходить из гуманистических смыслов и правовой направленности в профессиональной деятельности, организовывать эффективную профессиональную деятельность, стимулирующую инициативу, познавательную и общественную активность, содействующую индивидуальному своеобразию личности. Следовательно, индивидуально-психологический потенциал педагога обозначает совокупность индивидуальных и психологических возможностей человека, который занимается педагогической деятельностью. Индивидуально-психологический потенциал личности – это сложное комплексное понятие, под которым обычно понимают способности и синтез определённых качеств и свойств человека.

С помощью понятия «индивидуально-психологический потенциал» можно рассматривать возможности того или иного педагога не только такими, какие они есть сейчас, но и с позиции их формирования и перспективы развития в будущем.

#### *Список использованных источников*

1. Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. – М.: Наука, 1980. – 335 с.
2. Батракова И.С., Бордовский В.А., Тряпицын А.В. Профессиональная компетентность преподавателя высшей школы. Известия Волгоградского гос. пед. университета. – 2013. – №5 (80). – С.28-34.
3. Ананьев Б.Г. Психология и проблемы человекознания: избр. психол. труды – М.: Изд-во «Институт практической психологии». Воронеж: НПО «МОДЭК», 2008. – 431 с.
4. Андриенко Е.В. Психолого-педагогические основы формирования профессиональной зрелости учителя. – Новосибирск: НГПУ, 2002. – 266 с.
5. Батаршев А.В. Система психолого-педагогического сопровождения профессионально-личностного развития педагога. Человек и образование. – 2015. - №1(42). – С.16-21.
6. Батаршев А.В., Макарьев И.С. Творческая самореализация педагога как основа профессионально-личностного становления // ЧЕЛОВЕК И ОБРАЗОВАНИЕ. – 2013. - № 3 (36).
7. Батаршев А. В. Моделирование профессионально-личностного становления и развития педагога профессиональной школы / А.В. Батаршев. - (Кадры науки, культуры, образования) // Педагогика. - 2014. - № 8. - С. 68- 77.
8. Бодалев А.А. Психология личности. – М.: МГУ, 1998. – 187 с.
9. Бордовская Н.В. Профессионально-личностное развитие будущего специалиста как Психолого-педагогическая проблема // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. – 2016.
10. Баята Д.В., Богачев С.В. Личностно-профессиональное развитие молодого специалиста: акмеологический подход // Вестник ТГУ. – 2012. - № 5 (109).

*Н.С. Бердыбекова*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің аға оқытушысы*

*Ахбар Гүлпайраз*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Білім беру жүйесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану қазіргі кезде ең негізгі заман талабы болып отыр. Бүгінгі күнде педагогикалық технология

мәселесі теориялық және ғылыми қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып табылады. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогикалық технология педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады, оның мәні, құрылымы айқындалады; педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздері оқып үйреніледі; педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі, педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1].

Білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен танысу. Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу. Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді [2].

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда [3].

XXI ғасыр озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Қазіргі кезде ақпараттық технология, қашықтан оқыту, мультимедиялық технологиядың маңызы өте зор. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту білім алушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

1. Оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
2. Ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;

### 3. Деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «ақпараттық оқыту жүйесі», «қашықтан оқыту жүйесі», «сын тұрғысынан ойлау» жүйесі білім алушылардың даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады [4].

Әр жаңа технология, жобалар білім саласындағы жаңалықтардың басты мақсат, міндеттері бір-біріне жуық, мәндес болып келетіні бізге мәлім. Білім беру жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі – білім сапасы. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі бұл, ең алдымен, білім және денсаулық сақтау. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделуі керек» делінген [5].

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н. Назарбаев: «Мұғалімдер қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады», деп атап көрсетті. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соның бірі ақпараттық технология.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер – технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған [6]. Оқу орындарында компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені нашар оқитын білім алушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Заман талабына сай техникалық құралдарды әр түрлі сабақтарда қолдану мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып білім алушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Менің ойымша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.

Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала

алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі [7].

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты – оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, оқушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Ойымызды қорытындылай келе, ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. - № 2. -34-б.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан., 2012. № 41-42 (27114). - 28 қаңт.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. - 1999. - 23 шілде. - 2–5-б.
7. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

*Б.Ж.Бекжанова - Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті*

*PhD докторы*

*Н.М.Куатбаева - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының магистранты*

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ**

Болашақ педагогикалық мамандарды шығармашылық әрекетке дайындығын қалыптастыру қазіргі кездегі жоғары оқу орындары үшін өте өзекті мәселелердің бірі екендігі белгілі. Осы мәселеге байланысты әрбір болашақ маманның бойында қарқынды

дамыған ғылыми техниканың жетістіктерін меңгере алу, жаңашылдық ізденіске ұмтылу, сияқты белгілері толығымен қалыптасуы тиіс. Осы туралы Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында былай делінген: «Қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қойылатын талаптары соңғы жылдары күрделенді. Жаңа қоғам мұғалімі – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық тұрғыдан білімді, шығармашыл тұлға, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы бар, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқа түрлерін меңгерген біліктілігі жоғары маман» [1]. Осы бағдарламалық идея біздің ғылыми ізденісіміздің де арқауы болды. Оны жүзеге асыру белгілі бір шарттардың орындалуымен тікелей байланысты екендігі түсінікті. Бұр ретте осындай шарттар жиынтығын анықтап, олардың тиімділігін тәжірибеде сынақтан өткізу міндеті тұрды. Анықталған шарттарды сипаттамас бұрын «шарт» ұғымының мәнін ашып, ғылыми зерттеудегі шарттың алатын орнын анықтап алған жөн деп есептейміз.

«Шарт» ұғымының ғылыми еңбектерде талдануына тоқталар болсақ, философиялық энциклопедиялық сөздікте «шарт» ұғымы келесі мағынада түсіндірілетіндігін анықтадық: тіршілік ететін және онсыз өмір сүре алмайтын орта; белгілі бір жағдай [2]. Осы екі түсіндірмеде «шарт» ұғымы заттың тіршілік ететін, онсыз өмір сүре алмайтын қоршаған ортаға деген қатынасын білдіретін категория ретінде қарастырылатындығын көруге болады.

Психологияда адам дамуын жеделдететін немесе керісінше тежейтін ішкі және сыртқы себептер ретінде сипатталса, педагогикада адамның физикалық, адамгершілік, психикалық тұрғыда дамуына, білімденуі мен тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін табиғи, әлеуметтік, сыртқы және ішкі әсерлер жиынтығы деп қарастырылады.

Көп жағдайда педагогикада «шартты» педагогикалық жүйенің тиімді жүзеге асуына әсер ететін факторлар, жағдайлар, шаралар жиынтығы ретінде түсінеді. Педагогикалық шарттар «бір үдерістің табысты өтуіне ықпал ететін»; «педагогикалық ыңғайлы орта»; «қойылған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісіндегі шаралардың жиынтығы» ретінде қарастырылады.

Белгілі бір білім беру міндеттерін шешуге ықпал ететін шарттарды анықтауға арналған зерттеулерді талдау жұмысы олардың үш негізгі топтарын анықталғандығын мәлімдеуге мүмкіндік береді:

- ақпараттық (білім берудің мазмұны; педагогикалық үдерістің когнитивтік негізі);
- технологиялық (білім беру іс-әрекетін ұйымдастыру құралдары, түрлері, әдіс-тәсілдері, кезеңдері; педагогикалық үдерістің үдерістік-әдістемелік негізі);
- тұлғалық (мінез-құлық, іс-әрекет, қарым-қатынас, білім беру үдерісі субъектілерінің тұлғалық сапалары; білім беру үдерісінің психологиялық, акмеологиялық негізі).

Б.В.Куприянов, С.А. Дынинаның пікірінше, шарттар білім беру үдерісі заңдылықтарының бір жағын сипаттайды [3]. Ал В.И. Андреевтің көзқарасы бойынша, шарттар – бұл «мақсатты түрде таңдалатын, құрастырылатын және қолданылатын мазмұн элементтерінің, әдістерінің (тәсілдерінің), сонымен қатар мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті оқытудың ұйымдастырушылық түрлерінің нәтижесі» [4]. Бұл анықтамалар шарттардың адамның тұлға, маман ретінде қалыптасуын нәтижелі ететін әсерлер екендігіне көз жеткізеді. Арнайы түрде ұйымдастырылған шарттар педагогикалық үдерісті реттеу, оның компоненттерінің бір-біріне сәйкестендіру мүмкіндігіне ие.

Сонымен біздің зерттеуіміздің аясында болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың шарттарын жасау мақсаты тұрды. Оларды акмешарттар деп атауға да болады. Білім беруде «акмеологиялық шарттар» ұғымының пайда болуы «педагогикалық үдеріс» ұғымымен тығыз байланысты. Педагогикалық үдерістің өзі педагогикалық жүйенің функционалдық сипаты, оның тұлғалық-дамытушылық әлеуетінің

жетекші факторы болып табылады. Акмеологиялық шарттар негізінен өнімділігі жоғары және төмен кәсіби іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижесін *салыстырмалы талдау арқылы* анықталынады (Н.В. Кузьмина, А.А. Деркач, және т.б.).

Біз зерттеу жұмысымыздың міндетіне сай жоғары білім беруде мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыруды табысты ететін педагогикалық - психологиялық шарттар жиынтығын жасап, тәжірибеден өткіздік. Ал олар мына төмендегі шарттар:

1. Жоғары білім беру үдерісінің мазмұнының акмеологиялық дайындықты қалыптастыруға бағыттылығы;
2. Білім алушылардың акме дайындығын тиімді ететін технологиялар, тренингтер, белсенді әдістер мен шығармашылық сайыстар қолдану;
3. Білім алушының шығармашылық әрекеттердегі субъектілігін дамыту;
4. Білім алушылардың акме-дайындығына әсер ететін педагогикалық орта түзу.

Енді осы шарттардың сипаттамаларына тоқталамыз. Университет жағдайында болашақ мамандарды «акме» деңгейде еңбек етуге дайындауда білім беру мазмұнының арнайы бағыттылығы болғаны жөн. Дегенмен біз жұмысымыздың алғашқы тарауында тоқталып кеткендей қазіргі педагогикалық тәжірибеде бұл мәселенің тиімді шешілуі жеткілікті дәрежеде ойластырылмаған. Ендеше алғашқы кезеңде болашақ маманның акме-педагог болып қалыптасуына ықпал ететін білім берудің мазмұнын жобалау қажеттігі туындайды.

Білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені). Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады.

И.Я.Лернердің пікірінше, білім мазмұны дегеніміз – білім алушыға берілетін білім, іскерлік және дағды жүйесі, шығармашылық іс-әрекет, эмоциялық қарым-қатынас жүйесі [5]. Ең бастысы, білімнің мазмұны жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамытуды көздейді. Білім мазмұны мына төмендегідей түрлерге ажыратылады:

- күнделікті болмыс туралы негізгі ұғымдар, терминдер және ғылыми білімдер;
- көзқарастарды дәлелдеуге керекті күнделікті өмірден және ғылымнан алынған фактілер;
- болмыстың әртүрлі объектілері және құбылыстары арасындағы байланыстарды көрсететін ғылымның негізгі заңдары;
- белгілі бір объектілер, олардың арасындағы байланыс туралы ғылыми білімдер;
- ғылыми іс-әрекет тәсілдері, танымдық әрекеттер және ғылыми білімді алу жайлы білімдер;
- әртүрлі өмір құбылыстарын бағалау нормалары туралы білімдер.

Осыған орай, болашақ мамандарды кәсіби дайындауда келесі міндеттердің орындалуы маңызды:

- Педагогикалық акмеологиялық теорияның заманауи мәселелері туралы магистранттардың білімдерін жалпылау және жүйелеу.
- Болашақ мамандығы бойынша кәсіби шынға өздігінен жылжудың заңдылықтарын талдау.
- Болашақ мамандығы бойынша өз кәсібінде акмеологиялық технологияларды зерттеп, қолдану (оқытудың тұлғаға бағдарланған технологиялары, пәнге бағдарланған технологиялар, білім алушылардың жетістіктерін бағалау технологиясы, интербелсенді технологиялар және т.б.).

Болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың біз ұсынып отырған келесі шарты – *шығармашылық әрекеттердегі тұлғаның субъектілігін дамыту*. Осы шартты орындауда ең бастысы - субъектілік бағыт бойынша іс-әрекетті белсенді түрде жүзеге асырушы тұлға болып табылады.

Іс-әрекет субъектісі ұстанымын көптеген зерттеушілер нақтылай түсті. Мәселен, Н.В. Кузьмина педагогикалық іс-әрекет жетістігі мәселесін зерттей отырып, оны педагогикалық жүйенің көп деңгейлі жүйесін және оның компоненттерін әзірлеуде қолданды [6].

А.К. Абульханова-Славскаяның пікірі бойынша, іс-әрекет субъектісі – ең алдымен бар болғаны тұлғаның жаңа және қайта жасалған сапасы. Ол қабілеттерді, мақсаттар мен қажеттіліктерді қарапайым есепке алу ғана емес, адамның барлық психикалық құрылым жүйесінің толық қайта құрылуы нәтижесінде пайда болады. Бұл жаңа қасиеттердің қалыптасуы кризисті жай-күйлер арқылы дамудың ұзақ жолынан өтеді [7]. Тұлғаның көкейкесті қабілеттері, мотивтері, өзін-өзі бағалауы және адамға қойылатын кәсіптік жаңа талаптар арасында пайда болатын қарама-қайшылықтар іс-әрекет субъектісінің даму процесіндегі қозғаушы күштер болып табылады.

Таным және іс-әрекет бірлігі ұстанымын іске асырудың алғашқы кезеңдерінде, тұлғаның өзінен туындайтын, іс-әрекеттің шығармашылық сипатына назар көбірек аударылды. Кейінірек, тұлғаның іс-әрекетті айқындамайтыны және тұлғаның дамуын іс-әрекетпен тұтастай байланысты еместігі фактісі мойындалды. Іс-әрекет субъектісінің өзі ішкі және сыртқы детерминациялардың ара қатынасын айқындауда белсенді, ол іс-әрекетінде ішкі және әлеуметтік талаптар бостандығын, жалпылық және дара ерекшеліктің стандарттау және даралық деңгейлерін өзі анықтайды. Субъект өзінің кәсіптік іс-әрекетіндегі ақиқаттың осы полюстерінің арасындағы қайшылықтарды шешуге өздігінен бастамашылық жасайды. К.А. Абульханова-Славская бұл үдерісті былайша суреттейді: субъекті болған соң адам іс-әрекетті ұйымдастырудың жеке тұлғалық тәсілін жасайды. Бұл тәсіл тұлғалық қасиеттерге, мақсат пайымдауға және іс-әрекеттегі мотивацияға, дәл осы іс-әрекеттің объективті сипаттамаларына сәйкес болады. Іс-әрекет тәсілі дегеніміз осы негізгі параметрлердің барынша оңтайлы интегралды, композициясы. Осылайша, субъект іс-әрекетінің біріктіруші және үйлестіруші инстанциясына айналады. Тұлға субъект ретінде реттегіштікті сол уақытында жүзеге асырады және өзін-өзі реттеу механизмі екі қатарға сай: іс-әрекеттік талаптары мен шарттарын және тұлғалық мүмкіндіктерді, жай-күйді, қабілетті сәйкестікке келтіретін негізгі қызметтік механизм түрінде көрінеді. Өзін-өзі реттеу нәтижесінде жағымсыз қалыптардың дамуының алдын алады, ал іс-әрекет бірде мотивациялық, бірде ерік-жігер тарапынан реттеледі. Субъекті категориясы іс-әрекетке – инициативаға және жауапкершілікке деген қатынасындағы тұлғалық қасиеттерді толық талдауға мүмкіндік береді. Бұл орайда, Е.А. Абульханова-Славская жауапкершілікті іс-әрекеттің кешенді реттегіштік тетігі ретінде және сонымен қатар тұлғаның ерекше әрекет ету сапасы деген анықтама береді. Жауапкершілікті тұлға белгісіз жағдайларға қарамастан, себеп емес, мүмкіндіктерді іздестіре отырып, уақыттың өн бойында іс-әрекеттің белгілі бір деңгейі мен сапасын анықтайтын кепіл болып табылады.

Еңбек субъектісінің қызығушылығына орай дамушы тұлға ретіндегі акмеологиялық деп аталған бағыт субъект-тұлғалық, антропоцентрлік бағытқа жақын. Ол еңбек субъектісі анағұрлым жоғары жетістікке, адамның өзін-өзі толық көрсетуін жұмылдырушы бағдар беретін жағдайларды анықтауды қарастырады. Бұл болашақ мамандардың өзінің кәсіптік жеке тұлғалық профилін саналы игеруге, кәсібилікке жетудің жеке тұлғалық стратегиялары мен оған жақындау траекторияларын (акмеограммалар) жасауына үлкен мән беруге ықпалдандырады.

Осы тұрғыдан, білім алушылар іс-әрекет субъектісі ретінде оқытудың мақсаткерліктен бастап, жоспарлау, өз білімін алу әрекетін жүзеге асыру бақылау мен түзетушілікке дейінгі барлық кезеңдерінде бастамашылықты жүзеге асырып, қолдап отыруды мақсат етеді. Тек осы жағдайда ғана білім алушылар өз ресурстарын есепке ала отырып, өз таңдауын жасап, оның нәтижелеріне өзі жауап береді. Бұл олардың қалыптасқан даралығын, қайталанбастығын көрсетеді.

Білім алушы тұлғасының көкейкесті қабілеттері, мотивтері, өзін-өзі бағалауы және адамға қойылатын кәсіптік жаңа талаптар арасында пайда болатын қарама-қайшылықтар іс-әрекет субъектісінің даму үдерісіндегі қозғаушы күштері болып табылады.



Сонымен, білім алушылар іс-әрекет субъектісі ретінде өздерінің ішкі және сыртқы детерминациялардың ара қатынастарын айқындауда белсенділік танытып, өзінің дара ерекшеліктерінің даму деңгейлерін өздері анықтайды. Болашақ мамандар өзінің кәсіптік іс-әрекетіндегі ақиқаттың осы полюстерінің арасындағы қайшылықтарды шешуге өздігінен бастамашылық жасайды, яғни субъект болған соң білім алушы өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жеке тұлғалық тәсілін жасайды. Бұл тәсіл тұлғалық қасиеттерге, мақсат пайымдауға және іс-әрекеттегі мотивацияға, дәл осы іс-әрекеттің объективті сипаттамаларына сәйкес болады. Іс-әрекет тәсілі дегеніміз осы негізгі параметрлердің барынша оңтайлы интегралды композициясы. Білім алушылар субъект ретінде өздерін өздері реттеу нәтижесінде жағымсыз қалыптардың дамуының алдын алады, ал іс-әрекет бірде мотивациялық, бірде ерік-жігер тарапынан реттелінеді.

Болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың келесі шарты білім алушылардың аталмыш сапасына әсер ететін педагогикалық орта жасау деп санаймыз. Мұндай **орта** жүйелілік амал негізінде құрылады және ол ашық, динамикалық интегративті жүйе ретінде анықталынады. Жалпы педагогикалық орта әртүрлі білімдік жүйелердің ерекшеліктерін көрсететін элеуметтік педагогикалық феномен болып табылады. Орта субъектілерін кеңістік арқылы басқару негіздерін қарастырған ғалымдар (Т.В. Менг, А.Ш. Мухетдинов, Ю.С. Мануйлов т.б.), орта амалын оқу орынының элеуметтік және психологиялық ахуалын, ұйымдастырушылық құрылымдарын, білімдік мекеменің мүмкіндіктерін бар тәжірибесін тиімді пайдалану, тарату әрі толықтыру ретінде қарастырады. Педагогика ғылымы әдіснамасындағы орта амалы білім алушылардың дамуы мен қалыптасу үрдісін арнайы ұйымдастырылған кеңістік арқылы ұйымдастырудың теориясы мен практикасын білдіреді.

Сонымен қатар экологиялық тұлғалық орта (В.А. Ясвин т.б.), коммуникативтік бағытты орта (В.В. Рубцов т.б.), антропологиялық-психологиялық орта (В.И. Слободчиков т.б.), экпсихологиялық (В.И. Панов, психодидактикалық (В.П. Лебедева, В.А. Орлов) орталар жайлы зерттеулер біз көтеріп отырған акмеологиялық орта жасауға негіз бола алады. Ғылыми зерттеулерді талдау барысында акмеологиялық орта мәселесінің зерттелуі акмеология ғылымының шеңберінде (А.А. Деркач, И.О. Соловьев және т.б.) жүргізілгенін байқатады. Мысалы, А.А. Деркачтың пікірі бойынша, акмеологиялық орта тұлғаның әлеуетін ашудағы жоғары дәреже деңгейге көтерілу үшін табиғи немесе жасанды жағдайларды моделдеумен анықталынады. Акмеологиялық ортаның интегративтілігі келесі идеялардың негізінде талданады: ортаны моделдеу (А.В. Левин; білім беру жүйелерін акмеологиялық тұрғыдан түрлендіру (К.А. Абульханова-Славская, А.А. Деркач, В.Н. Максимова, Ю.А. Лунев және т.б.). Педагогика-психология мамандықтағы магистранттарды даярлауды қамтамасыз ететін интегративті жүйе ретіндегі акмеологиялық орта олардың акмеологиялық дайындығының дамуына ықпал етеді. Акмеологиялық дайындық осы орта әсерінің жобаланған нәтижесі болып анықталынады.

**Акмеологиялық ортаны құрудың шарттарына** төмендегілер жатады:

- ортаның акмеологиялық әсерін күшейту үшін оны интеллектуализациялау (интеллектуалдық қабілеттердің дамуын қамтамасыз ету барысында магистранттар интеллектуалдық міндеттерді шешуге даяр болады, ол үшін элективті курс барысында оларға көптеген интеллектуалдық тапсырмаларды орындауды талап ету қажет. Осы кезде магистранттарды логикалық ойлауы, зейіннің тұрақтылығы, мағыналық есте сақтау қабілеті, өзін-өзі басқара алу қабілеті дамиды);

- акмеологиялық тұрғыдан өзін-өзі дамытуға жағдай жасау, тұлғалық-кәсіби өсуге жағдайлар тұғызу (білім алушы кәсіби дамуы тұрғысынан өзін-өзі тануға даяр болады, өздігінен білім алуға және ізденуге әрекеттер ұйымдастырады, өзбетінше орындалатын тапсырмалардың басым болуы);

- сыртқы және ішкі сапалы байланыстардың көп болуы, кәсіби өзараәрекеттестікті ұйымдастыру (акмеологиялық ортада профессорлық құрамға кіретін кәсіби мамандармен қарым-қатынастың ұлғаюымен байқалады);

- құндылықтық қатынастардың болуы (нәтижелілік тұрғысынан қарым-қатынас

жасаудың құндылығы, яғни әрбір қарым-қатынас барысында өз мамандығы бойынша нәтижелі ақпараттардың болуымен сипатталынады);

- шығармашылық іс-әрекетке жағдайдың жасалуы (түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындай, шығармашылық ізденістерін жүзеге асыру – эссе, ғылыми жоба, шығармашылық байқаулар және т.с.);

- магистранттардың ерікті түрде және еріксіз түрде болатын танымдық әрекеттерін шектемеу (ең бастысы олардың қызығушылығын оятатын тренингтерді жүргізу);

- ортаға бейімделу (қарым-қатынаспен қанағаттанарлық күйде болу, жағымды психологиялық ахуалдың болуы, кәсіби-маңызды қызығушылықтарын қанағаттандыру);

- креативтілігін, шығармашылық әлеуетін өзектілендіру.

Жоғарыда көрсетілген шарттардың сақталуы акмеологиялық ортаның әсерін күшейте түседі, сондықтанда білім алушылар осындай ортада өз белсенділіктеріне сәйкес түрлі ортаның кәсіби жағдайларында акмеге қарай жылжитын тұлға болып қалыптасады.

#### *Әдебиеттер:*

1 Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. - Алматы, 2005. – Б. 15.

2 Философская энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия, 1970. –Т.5. –185 с.

3 Куприянов Б.В., Дынина С.А. Современные подходы к определению сущности категории «педагогические условия» // Вестник Костромского гос. университета им. Н.А. Некрасова. - 2001.- № 2. - С. 101-104.

4 Андреев В.И. Конкурентология: учеб.курс для творческого саморазвития конкурентоспособности. - Казань: Центр инновац.технологий, 2004 -468 с.

5 Лернер И.Я. Развивающее обучение с дидактических позиций // Педагогика.- 1996.- №2. – С. 4-10.

6 Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности. -Л., 1990. –916 с.

7 Абульханова К.А. Мировозренческий смысл и научное значение катеогрии субъекта // Российский менталитет: вопросы психологической теории и практики. – М.: ИПРАН, 1997. - С. 56-75.

*А.А. Аубакирова*

*педагогика ғылымдарының магистрі*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы*

*Ақбас Уатхан*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу тобының 4 курс студенті*

### **ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДАҒЫ ТІЛ ДАМУ АӘДІСТЕМЕСІ**

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ [1].

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму үрдісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Білім алушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсіп отыр, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден, бас тартылып, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді.

Инновациялық әдістердің негізгісінің бірі-«интербелсенді оқыту әдісі». Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интербелсенді әдістерде басты назарды “процеске”, яғни үйрену процесінің өзіне, білім алушылардың “қалай” және “қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне” аударады. Яғни, интербелсенді сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Осы жерде білім алушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде білім алушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады[2].

Интербелсенді әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Қытайдың бір нақыл сөзінде: "Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін" делінген. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады. Интербелсенді әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ білім алушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі білім алушылардың белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың бастамасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интербелсенді әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде оқу үрдісінің барысында оқушылар мыналармен қарым – қатынасқа түседі:

1. Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
2. Оқушылармен (жұптасып жұмыс істеу барысында)
4. Шағын топтармен (3-4 оқушымен);
5. Оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас/дебат сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
6. Техника түрлерімен (мысалға, компьютермен, интербелсенді тақтада жұмыс істеуде).

Интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтаумен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интербелсенді әдістің тағы бір ерекшелігі оқушылардың белсенділігі мұғалімнің белсенділігімен сәйкестігінде сонымен қатар оқушы мен мұғалімнің тұрақты өзара іс әрекетінде. Интербелсенді әдістерді қолдануда оқушыларды сапалы дайындықпен қамтамасыз ету оқу процесінің нәтижелігіне тікелей байланысты. Басты тапсырма оқушыларға берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс – әрекетінде[3].

Интербелсенді әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б. Интербелсенді әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды яғни ақпараттық қорларды пайдалану: интербелсенді тақта, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, компьютерлер бейне фильмдер мен бейне сюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды пайдалана отырып, таныстырулар жатады.

Оқудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы:

- \* оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- \* әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- \* әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
- \* оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- \* оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- \* кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- \* оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- \* өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- \* мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.

Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтың басты міндеті.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар: Оқу құралы - Өскемен, 2005
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар- Алматы, 2006.
3. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008

*А.А. Аубакирова - педагогика ғылымдарының магистрі, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы*

*Ж.Р. Кабенова - А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу тобының 4 курс студенті*

## **СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сәндік-қолданбалы өнер ұғымы ХХ ғасырдың екінші жартысында қарапайым халықтың қолөнер ұғымының аясында пайдаланып келді. Қазіргі уақытта эстетикалық тәрбие үлкен маңызға ие. Оның міндеттерінің бірі жас жеткіншектердің шынайы өмірге, эстетикалық қарым-қатынастарын қалыптастыру. Ал бұл шығармашылық тұрғыдан

ізденімпаз тұлғаны дамытудың факторы болып саналады. Адамның шындыққа, өнерге эстетикалық қарым-қатынасы эстетикалық қабылдаудан басталады және онсыз қалыптасуы да мүмкін емес. Осыған байланысты балалардың эстетикалық тұрғыдан қабылдау және бақылау қабілеттерін дамытудың қажеттілігі артады. Осы қабілеттердің дамуы өмір мен өнердегі әсемдікті, ұлылықты, шынайылықты түсінуге және оларды талғамсыздықтан ажырата білуге мүмкіндіктер жасайды. Эстетикалық қарым-қатынастар эмоционалдық сипатқа ие болғандықтан, өмір мен өнердің эстетикасын тану эстетикалық күй кешу, сезіну арқылы жүзеге асырылады [1].

Эстетикалық тұрғыдан қабылдау адамның туа біткен қабілеті болып табылмайды. Ол белгілі бір мәдениеттіліктен, даярлықтан, эстетикалық білімділіктен талап етіледі. Бұл эстетикалық қажеттілік, қабілет талғам, бағалау және т.б салаларды қамтитын жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігін арттыра түседі. Шындыққа эстетикалық қарым-қатынас затты құбылысты эстетикалық тұрғыдан бағалаудан да көрінеді. Жас жеткіншектердің эстетикалық талғамы оның эстетикалық тұрғыдан сезімін білдіру, оны саналы ойдан өткізу, көркемдік сапаны эмоционалдық бағалау, көркемдік нысанды жеке эстетикалық қажеттілігі деңгейімен салыстыру болып табылады. Эстетикалық талғам жеке тұлғаның қажеттіліктері және идеалмен қатар жүретін күрделі білім. Ол жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиелілігінің көрсеткіші, көркемдік дамуының деңгейі болып саналады. Эстетикалық талғамның дамуында қиял, елес және көркемдік ой үлкен мәнге ие болады. Жас жеткіншектердің осы сапаларының дамуына тарихы мен мазмұны терең сәндік-қолданбалы өнер саласындағы жан-жақты білімдер аталған өнер түрлерінің туындыларын жасау барысындағы шығармашылық тапсырмаларды орындау ықпал етеді.

Адамның шындықты эстетикалық тұрғыдан игеруі барлық саладағы эстетикалық іс-әрекеттерді қамтиды. Эстетикалық қажеттіліктердің дамуы адамның ұлттық мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді және рухани тұрғыдан дамуына ықпал етеді.

Эстетикалық қажеттілік көркемдік көзқарастарда, талғамда шығармашылықта пайда болады және адамның іс-әрекеті мен өмірлік мақсаттарына, әлеуметтік мінез-құлқына ықпал етеді. Бұл әлеуметтік топтардың көркемдік құндылықтарға (өнер, табиғат, еңбек т.б.) шындыққа қарым-қатынасы болып табылады.

Қабілеттер мен қажеттіліктер бір-біріне тәуелді және бірін-бірі толықтыра түсіп, бірлікті құрайды, қажеттіліктің дамуы қабілеттің дамуына әсер етеді. Мәселен, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын қабылдау қабілетін дамыту үшін оның көркемдік тілін түсіну, көркемдік шындығын, шарттылығын және т.б. жете ұғыну қажет [2].

Сәндік-қолданбалы өнердің мәнін түсіну жеткіншектердің өнердің мәнін түсінуге оларға дұрыс қарым-қатынас жасауға септігін тигізеді. Жеткіншектерді сәндік қолданбалы өнерінің барлық түріне үйрету процесінде еңбек, эстетикалық, адамгершілік дене және ақыл-ой тәрбиесінің өзара кіріктірілгенін аңғаруға болады. Демек, бұл процестің нәтижесі: дені сау игі тұлғалық қасиеттерге, сыйластықты қарым-қатынастарға, көркемдік талғамға ие, шығармашылық тұрғыдан жетілген адам. Өйткені сәндік-қолданбалы өнер-көркем өнер. Көркемдік адамды ізгілендіреді, сол сұлулықты өз қолымен жасауды түсіну мен жасай білу оны рухани тұрғыдан байытады. Ал жоғары көркемдік деңгейде жасалған әсем бұйымдар ақыл-ой тәрбиесінде үлкен мәнге ие болады. Сондықтан да қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін балаларға үйретуде осы міндеттер бірлікте және өзар байланыста жүзеге асырылады.

Әсіресе, халықтың сәндік-қолданбалы өнерінің балалардың эстетикалық тәрбиесінде мүмкіндіктері шексіз. Олай дейтініміз ол сұлулықтың, сондай-ақ шындыққа эстетикалық тұрғыдан қарым-қатынас жасаудың маңызды элементі болып тыбылады. Қазақ зергерлерінің ат-тұрмандарды абзалдау өнері талай заманнан бері келе жатқан көне дәстүр және ол өзінің әсем де қарапайымдылығымен талай жандарды тандандырған. Бұл жөнінде жазған орыс зерттеушілері И.Славцовтың (1875 жылы), А.Гейненің (1898 жылы)

еңбектерінде қазақ зергерлерінің орта Азия елдерінің бәріненде артық та сәнді екендігі айтылған.

Халықтың сұлулықты ерекше бағалауы олардың олардың сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жасауды әсемдік пен көркемдікті бірінші орынға қоюынан көрінеді. Осы айтқанымызға мына мәліметтер мысал бола алады. Халық арасында белгілі бір топтар үйде де, түзде де, күнделікті тұрмыста да ұдайы жақсы киініп жүрген. Олар бойжеткендер, бозбалалар, салдар ән-күй, күрес өнерпаздары еді. Сол сияқты келіншектер де тұңғышын тапқанша өте сәнді киініп жүрген. Кестелі, зерделі, жалтырауық киімдерді қадірлі қарттардың да үнемі киініп жүруі ел рәсіміне тән сиымды салт деп саналған.

Сондай-ақ қазақ халқының жас жұбайларға арналған отау үйі де жасауларға өте бай және бай сәнді, салтанатты болған. Бұлар өзінің жиһаздарының әдемілігі, сәнділігі жағынан тіпті билеуші үстем тап өкілдерінің ордасынан да асып түсетін болған. Өйткені халық шеберлері ондай жас жұбайларға арналған үйді жасау, жиһаздарға бөлеп, безендіруге ерекше ынтасы мен жігерін, табиғатындағы талантын, өзінің іскерлігі мен өнерін барынша аянбай сүйсіне жасаған [3].

С.М.Дудиннің жазбаларында мынадай ойлар айтылған: «Өрнектелген текеметтерді қазақтар мен өзбектер дайындаған. Олардың суреттерін қарапайымдылығына және бояуларының кедейлігіне қарамастан өрнектелген киіздер табиғи бояулы жүндердің үйлесуі, бояу рендерінің жұмсақтығы, қарапайым сәнділігі бойынша адам да жақсы әсер қалдырады».

Осындай бұйымдарды зерттеу, оларды талдау балаларды шығармашылық жұмысқа, ұлттық өнерге сүйіспеншіліктерін, әдемі бұйымдар жасауға тапыныстарын арттырады.

Сәндік-қолданбалы өнер бірінші кезекте үлкен танымдық функцияны атқарады және негізінде жеке тұлғаның сезімімен санасының дамуына, оның көзқарастары мен сенімдеріне ықпал етеді. Бұл туралы В.Г.Белинский былай деген болатын «қоршаған ортаны танудың екі жолы бар ғылыми жолмен тану және өнер арқылы тану». Ол ғылымның деректермен, түсініктермен, силлогизмдермен жеткізетінін, жазушы немесе суретшінің образдармен, суреттермен беретінін, бірақ екеуінде де бір ой айтылатынынын түсіндіреді.

Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарында шебер осындай ойларды ақпараттандырады және ою-өрнектер арқылы мазмұндайды. Қарасаң көз тоймайтын халықтың үй жиһаздарына, кестелі орамалдарына, оюлы киімдеріне, зергерлік бұйымдарына, ағаштан, теріден, сүйектен жасалған тұрмыстық заттарына қараған сайын қарай бересің, одан жан дүниенің сұлуланып, жанарың нұрланады, ойың толысады. Олардың барлығы да қарапайым және қатаң сақталатын формаларымен ерекшеленеді, ал бұйымның айқындылығы мен әсерлігі, мазмұндылығы оның бай да мәнерлі бейнеленген ою-өрнектерінен көрінеді. Мысалы, қоөнер бұйымдарының жиектеріне салынатын «тау» оюы-мәңгіліктің, күш-күдіреттің символы. Сондай-ақ гүл мен гүл түйнегінің айқаса бірігіп салынуы-бірлікті, елдің ынтымақты болуын меңзейді.

Осылайша шындық пен адамның рухани өмірінің көркем образдарда көрініс алуы жеке тұлғаға эмоциялық тұрғыдан ықпал етіп, оның сүйіспеншілік, қуаныш, сұлулық, асқақ сезімдерін оятады. Сондай-ақ ою-өрнектерден бұйымның жалпы пішінімен шебер үйлесуі қоршаған ортаға эстетикалық қарым-қатынастың қалыптасуына себепші болады. Ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің мәнін түсіну оларға дұрыс қатынас жасауға септігін тигізеді [4].

Сәндік-қолданбалы өнердегі эстетикалық тәрбие мүмкіндіктері адамгершілік сапаларымен де сабақтасып жатады. Мәселен, ер қанаты ат деп білген халық мініс көлігі ішінде салт ат мініуді әрі сән, әрі өнер тұтқан. «Жүйрік ат, түзу мылтық ер қаруы» дей отырып, адам астындағы атын сенімді серік, айнымас досқа балаған. Атты келістіріп мініуді –өнер санаған қазақ оны ер-тұрман, жүген-құйысқанын сәндеп абзалдауды салт еткен. Ал ат-тұрмандарын әсемдеуді халық зергерлері абыройлы да ардақты іс санаған. Демек сұлулыққа әсемдікке ұмтылушылық- адамгершілік әрекеттерінің бірі.

Эстетикалық талғам логикалық тұрғыдан ойлау, талдау, деректерді салыстыру және қорытындылау қабілеттеріне негізделеді. Ол үздіксіз өзгеріске түседі, молаяды, жаңа мазмұнмен толықтырылады, адам өмірінің барлық саласында жетілдіріледі. Сапаның және эстетикалық талғамның объективтілігін анықтайтын өлшемі тәжірибе болып табылады. Тәжірибеде ғана эстетикалық талғамның сапасы, бір талғамның басқа талғамдардан артықшылығы айқындалады, жеке тұлғаның эстетикалық талғамы туралы айтылған пікірлердің шындықпен сәйкестігі анықталады. Эстетикалық талғамның дамуы адамның эстетикалық қажеттіліктерінен, эстетикалық ақпараттардың іс-әрекеттерінің сипатынан талап етіледі. Адамның шындықты эстетикалық тұрғыдан игеруі барлық саладағы эстетикалық іс-әрекеттерді қамтиды. Эстетикалық қажеттіліктердің дамуы адамның ұлттық мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді және рухани тұрғыдан дамуына ықпал етеді [5].

Сәндік-қоданбалы өнерге негіздеген көркем-шығармашылық сабақтар жас жеткіншектерге жағымды эмоциялар береді. Бейнелі ойлауға, қиялдауын дамытуға ықпал етеді, оның психикасын жеңілдетуге мүмкіндіктер береді. Мәселен, халықтың сәндік-қоданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген ойлар, түйсіктер мен ойлар, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы мен жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемділігі мен жарасымдылығы адамға эстетикалық-эмоционадық тұрғыдан әсер етіп, оның рухани дүниесін байытады. Саналуан, қиын да күрделі өрнектерді жүзеге асыру шығармашылықты шыңдайды. Халықтың сәндік-қолданбалы өнері қаншама жылдар бойы жасалып, жетіле түскен аса кәсіби дағдылар мен амал-тәсілдерге негізделген. Олар арқылы қарапайым да көркем мәнерлікке қол жеткізуге болады. Оларды жұлдызша, айшық, ирек сызықтармен бедерленген керамиаклық ыдыстардан: ағаштардан ойып жасалған бұйымдардан, жіптерді өру, айқастыру, шатыстыру арқылы тоқыған, тоқыма үлгілерінен: құю, бедерлеу, жапсыру тәсілдерімен, асыл тастармен, бағалы материалдармен ерекшеленген зергерлік өнер туындыларынан көруге болады. Осы техникалық әдіс-амалдарды үйрену жас жеткіншектерге де тән және бұл олардың шығармашылық қабілеттерінің байқалуына, дамуына кең мүмкіндіктер береді.

Халық өнерінің шығармашылығын игеру балалардың эстетикалық талғамын ғана тәрбиелеп қоймай, олардың саздан бұйымдар жасау, ою-өрнектер түрін құрастыру, оларды дамыта қолдану, ағаш ұқсату мен ою жұмыстарын орындау, тоқыма, кестелеу әдістерін меңгеру сияқты шығармашылық тұрғыдағы жұмыстармен жеке айналысуға құштарлығын оятады. Жеткіншектер үшін сәндік-қоданбалы өнердің алуан түрлерін, дәстүрлі техникалық әдістер мен шеберлік дағдыларын жеңіл игереді. Өйткені баланың осы жасында оның бейнелеу өнері сабақтарына қажетті психологиялық-физиологиялық жетілуі аяқталады. Олардың көркемдік үрдістің техникалық әдістерін үйренуге және орындауға белсенді қызығулары пайда болады [6].

Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының әрбір тобын өз кезегінде көркем кәсібіне қарай бөлуге де болады, өйткені әрбір кәсіптің өзінің өрнегі, түр-түс үйлесімі, жасау әдісі және бұйымды әрлеу мен басқа да ерекше белгілері болады. Мысалы, қазақ халқы киіз, текемет, сырмақ, түс киіз және т.б. бұйымдарға ою, өрнек түстерін орналастырғанда өзіндік ережеге сүйенген, олардың бояуын белгілеуде үлкен жауапкершілікпен, талғаммен қараған. Қыздардан бояулар үйлесімділігін нәзік сезінуді, кескіндеменің заңдарын түсінуді, геометриялық фигураларды білуді, табиғаттың табиғи формаларын түсінуді талап еткен. Түс киіздің бірнеше түрлерін меңгерткен (алуан түрлі ою-өрнек түсірілгені, жібек жіппен кестеленгені, зер жіппен гүл, өрнек түсірілгені, оқаланғаны, төңірегіне құндыз ұсталған, кей жеріне алтын, күміс теңгелер мен меруерт маржан қадалған аса қымбат түскиіздердің ортасына жолбарыс, ілбіс, қабылан, сілеусін және т.б. аң терілерін жапсырған түрлері). Ал бұл қыздардың көркемдік-эстетикалық талғамын дамытқан, конструкторлық білімін меңгерткен, экономикадан түсінігін

жетілдірген, шығармашылық қабілеттерін шыңдаған және рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырған.

Сонымен жас жеткіншектер сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығымен етене танысуы негізінде эстетикалық әсерге бөленіп, сұлулық пен әсемдікке тәрбиеленеді, олардың эстетикалық талғамдары жетіледі. Сондай-ақ аталған өнер туындыларының мазмұнын жете меңгеруі мен ондағы ою-өрнектердің мәнін ұғынуы арқылы ақыл-ойлары өседі, адами сапалары толыса түседі. Сол туындыларды өз қолдарымен жеке және ұжым болып жасауы барысында рухани-адамгершілік сапалары артады, шеберлігі шыңдалады, еңбекке, еңбек адамдарына құрметі қалыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге тәрбиеленеді. Осы тұлғалық салалардың қалыптауы барысында эстетикалық мәдениет элементтері де үлкен мәнге ие болады.

Қорыта айтқанда, халық сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жасау процесінде жоғары эстетикалық талғамға қол жеткізген, сұлулық пен әсемдікті жоғары бағалаған, эстетиканы этикамен ұштастырған. Осындай халық өнерінде қалыптасқан эстетикалық дәстүрлерді қазіргі уақытта дамыта қолдануға тиіспіз. Осыған байланысты жоғарыда айтылған сәндік-қолданбалы өнердің эстетикалық мүмкіндіктерін бүгінгі білім беру мен тәрбие жүйесінде тиімді пайдаланудың мәні зор.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Әбдіғапбарова Ұ.М. Қазақ халық педагогикасында балалар жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудің ғылыми негіздері: пед. ғыл. докторы ... дисс. – Алматы, 2008. – 271 б.

2 126 Взаимодействие и интеграция искусства в художественном развитии школьников: Рекомендации к разработке комплексных программ по искусству для школ и внешкольных занятий / Под ред. Г.П.Шевченко и Ю.П.Юсова. – Луганск: ЛГПИ, 1990. – 200 с.

3 221 Харламов И.Ф. Педагогика. // Учебное пособие – 2-изд., перераб. и доп. – М.: Высшая школа. 1990. – 576 с.

4 78 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан. 1995. – 240б.

5 Липский В.Н. Эстетическая культура и личность. – М.: Знание, 1987. – 123 с.

6 Алимжанова А.Ш. Эстетические ценности национальной культуры казахского народа: дисс. ... канд. филос. наук. – Алматы, 2001. – 129 с.

*О.С. Сангилбаев - Алматы қ. ТҰРАН университеті*

*Т.Т. Ережепов., Ж.А. Бейсенбаева - Алматы қ. Абай атындағы ҚазҰПУ*

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада болашақ педагогтардың коммуникативтік мәдениетіне қатысты мәселелер талқыланған. Білім беруді ақпараттандыру болашақ педагогтардың сауаттылығы мен ақпараттық мәдениетін жаңа талаптарға сай қалыптастыру қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі.

Қазіргі кезеңде білім беру саласының барлық жағына көзқарастар әртүлі, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау, инновациялық технологияларды пайдалану т.с.с. үдерістер орын алуда. Тиімді оқыту жолдарын бүкіл әлем педагогтары қарастыруда. Нәтижелі оқыту мәселесі педагогикалық және психологиялық зерттеулердің соңғы жетістіктерін қолдану негізінде жүргізілуде.

Мемлекеттікті нығайту және ұлттық қызығушылықтардың дамуы мәселелерінде ақпараттық технологияларды енгізуді қолдану және кеңейтуде үлкен қажеттілік туындап



отыр. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда өңделген іс-әрекет принципіне сәйкес болашақ педагогтардың даралық-тұлғалық шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, болашақ педагог мамандардың өздерінің белсене қызмет ету арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана жүре алады. Адамзат мәдениетінің қол жеткізулеріне ие болу үшін әр жаңа ұрпақ осы қол жеткізулер үшін істелген қызметке ұқсас қызметті жүзеге асыруы керек. Осыған байланысты болашақ педагог мамандардың мамандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажетті кешені болып табылады [1].

Сондықтан ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін әрбір оқытушының инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық, психологиялық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Инновациялық технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді.

Қоғамда ақпараттандыру, есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуымен байланысты, оқу процесін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі - мұғалім. Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. Ол бір уақытта болашақ педагог- психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек [2].

Педагогикалық, психологиялық, философиялық және ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесінде зерттеліп отырған тақырып бойынша ақпараттық технологиялар арқылы оқыту жөнінде арнайы зерттеудің жоқтығы анықталды. Ақпараттық технологияларды қолдану бойынша бірқатар ғылыми жұмыстардың бар екендігіне қарамастан, жоғарыда келтірілген мағлұматтар берілген мәселенің жеткілікті дәрежеде қарастырылмағанын аңғартады. Сондықтан ақпараттық технологиялар арқылы оқыту қажеттілігінің арасында объективті түрде қалыптасқан шешімдерді шешу үшін және осы сұрақтың жоғары оқу орнының теориясында және практикасында жеткіліксіз деңгейде өңделгені қарама-қайшылықты қалыптастырды.

Осы қарама-қайшылық, яғни - ақпараттық технологиялар арқылы оқыту, ғылыми түрде негізделген және бәсекеге қабілетті маманды даярлау, «Болашақ педагог маман тұлғасын заманауи ақпараттық құралдар көмегімен дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» тақырыбын талдауға негіз болды.

Педагог кадрлардың білімін жетілдіру жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес оқу жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған педагог мамандардың келесі құзырлықтарын қалыптастырудың деңгейлері қарастырылады:

- ◆ Пәндік - мамандық қызметтеріне байланысты қойылатын проблемаларды шешу қабілеттілігі.
- ◆ Аналитикалық бақылау - пәндік іс-әрекеттерін талдау мен бақылау проблемаларын шешу қабілеттілігі.
- ◆ Ұйымдастырушылық – оқушылардың өзіндік іс-әрекеттерін ұйымдастыруға бағытталған проблемаларды шешу қабілеттілігі.
- ◆ Коммуникативтік - «Мұғалім-Оқушы», «Оқушы-Оқушы», «Мұғалім – Ата-ана» және т.б. жүйелердегі қарым-қатынасты проблемаларды шешу қабілеті.

- ◆ Бейімделген - қазіргі жағдайдың өзгерістері мен талаптарына сәйкес проблемаларды шешу қабілеттілігі.
- ◆ Ынталы психологиялық – психологиялық, жекетұлғалық, жекетұлғалар арасындағы өзара қарама-қайшылықты шешу проблемаларының қабілеттілігі.
- ◆ Жобалық – мектепті, мұғалімді және оқушыны дамыту жобаларын шешу қабілеттілігі.
- ◆ Ғылыми-ізденістік – мектептің, мұғалімнің және оқушының даму нәтижелерін зерттеуді ұйымдастыру және оны өткізу проблемаларын шешу қабілеттілігі [3].

Мұғалімнің білімі оқыту мен тәрбиелеудің тұлғалық-бағдарлық мәселелері, оқушы деңгейіндегі ғылыми жобаларды жасақтап, оны жүзеге асыру әдістері, оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа педагогикалық технологияларды таңдау тәсілдері, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған теориялық-методологиялық және әдістемелік проблемалар, психологиялық-педагогикалық мәселелер курстың негізгі бөлімдері ретінде қарастырылуы керек.

Психологиялық, педагогикалық, дидактикалық ұстанымдарды ескере отырып, болашақ педагог-психологтардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлауда олардың теориядан практикалық әрекетке көшуін қамтамасыз ететін төмендегі ұстанымдарды негізге алуға болады:

- жалпы дидактикалық – ғылымилық, жүйелілік, саналық, түсініктілік, теорияны тәжірибемен байланыстыру, ұжымдық біртұтастық, проблемалық, және т.б.;
- ізгіліктік — іс-әрекеттің сана мен мінез-құлық бірлігін қалыптастыруға бағыттылығы;
- дамытушылық - педагогикалық үдерістегі іс-әрекеттерді оқушылар тұлғасын дамытудың көкейкесті қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру;
- тұлғалық - педагогикалық үдерістің жеке тұлғаға бағыттылығы мен құзіреттілікке бағдарланған түрде ұйымдастырылуы;
- мәденилік - болашақ педагог-психологтардың шығармашылық қабілетін дамыту жалпы мәдениеттілік деңгей мен жеке тұлғалық сапаларына сай жүргізілуі; ұстаздардың, оқушылар ұжымының және отбасыларының оқушыларға қоятын талаптарының үйлесімділігі;
- халықтық - әрбір бала үшін тиімді психологиялық ахуалдың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтың талабын ескеру;
- жекедаралық - оқушы мен ұжымның дамуында жас және дара ерекшелікті, психологиялық, физиологиялық, ұлттық ерекшеліктерді ескеру;
- ынтымақтастық - оқу мен тәрбиенің бірлігі, оқу-тәрбие мекемелері мен отбасы, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарының, балалар мен жастарды тәрбиелеудегі ынтымақтастығы;
- үздіксіздік - білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық, үздіксіздік пен нақтылықтың ескерілуі, оқушы тұлғасы мен ұжымның дамуындағы жаңа құрылымды үздіксіз бақылау;
- сәйкестік - оқыту үдерісінде қолданылатын технологиялар мен мазмұнның сәйкестігі [4].

Педагог-психологтардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесін психологиялық тұрғыдан талдау аясында адам дамуының интеллектуалдық, тұлғалық, іс-әрекеттік сияқты негізгі бағыттарға бөліп қарастырдық.

Талдау жұмыстары олардың өзара байланысты екенін, бірақ ұқсас, бірдей еместігін көрсетеді. Бұл жайлы А.В.Петровский тұлға мен психиканың ұқсас еместігі сияқты, индивидтің жүйелі әлеуметтік сапасы ретіндегі тұлғаның дамуы да психиканың дамуымен ұқсас емес тек бірлесе алатындығы жайлы пікір айтқан.

Педагог-психолог мамандардың шығармашылық іс-әрекетінің дамуы әртүрлі ішкі (объективті) және сыртқа (субъективті) факторлардың әсерінен болатын ұзақ үрдіс. Ол факторлар жиынтығы әрекет субъектісінің позициясынан қарағанда үрдісті ішкі және сыртқы ұйымдастыру деңгейлерінде ұйымдастыруды талап етеді. Сыртқы ұйымдастыру

педагог-психолог мамандардың шығармашылық әрекетінің мазмұнына объективті факторлардың (ішкі формалар мен құралдардың) әсері нәтижесінде институционалдық; тұлғааралық; тұлғалардың бірлесуідеңгейлерінде жүреді. Институционалдық деңгей - үздіксіз білім жүйесіндегі әкімшілік басқаруға сәйкес келеді. Ондай басқарудың сыртқы көрінісі тұлғаның мәртебелік рөлін көрсететін біліктілік нормалары, стандарттар. Тұлғааралық деңгей - педагог-психолог мамандардың біліктілікті арттыру мекемелерінің оқытушыларымен, жақын әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасы. Тұлғалардың бірлесу деңгейі - адамның сырттан қабылдаған ортасы.

Сыртқы факторлар объектінің қалыпты жұмыс жасаудан ауытқымауын әлемді түсінуін, ойлауын, әрекетін детерминалдандырады. Өйткені сыртқы ортадан болған кез келген ауытқушылық жүйенің тіршілік әрекетінің бұзылуына әкеледі де қарсылық, қозғалыс, күрес тудырады.

Психологиялық қызмет қазіргі кезде әлеуметтік ортаның барлық салаларында кеңінен тарап келе жатыр. Білім беру жүйесінде, оның ішінде орта мектепте, осы қызметті ұйымдастырудың өзіне тән қиындықтары мен шешілмеген проблемалары әлі де болса жетерлік. Солардың бірі педагогикалық мекемелердегі педагог-психолог мамандардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту мәселесі болып табылады.

«Шығармашылық» ұғымының мазмұны «шығару», «іздену», «жаңаны ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. Ол, жаңалық ашатын адамның әрекетінен, адамның мақсатқа бағытталған қызметіндегі ізденімпаздығы мен белсенділігінен, табандылығы мен жігерінен құралып, ақыл-ойы мен сезімінің, креативтілігінің бірегейлігінен туындайды.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде шығармашылық проблемасы шығармашылық қабілет пен ақыл-ойдың өзара әрекеттестігі тұрғысынан қарастырылып, дербес фактор немесе дивергенттік ойлаумен тікелей байланысты іс-әрекет түрінде көрсетіледі. Осыған орай біз, зерттеу жұмыстарында «шығармашылық іс-әрекет», «шығармашылық орта», «шығармашылық қызығушылық» ұғымдарына берілген анықтамаларды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама береміз. Сондай-ақ, ес, ойлау, елестету ұғымдарын шығармашылық әрекетінің алғышарттары ретінде сипаттай отырып, «шығармашылық ойлау», «қабілеттілік» ұғымдарына кеңінен талдау жасаймыз. Сөйтіп, шығармашылық іс-әрекет шығармашылық ортада орындалады және оның орындалу нәтижелілігін шығармашылық қабілеттер анықтайды, шығармашылық ортада тұлғаның шығармашылық қызығушылығы, белсенділігі, танымдық ізденімпаздығы артып, шығармашылық қабілеті дамиды деп ой тұжырымдаймыз [5].

Демек, оқыту үдерісінде болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін дамытуда, біріншіден, тұлғаның жеке қасиеттерін ескере отырып, студент тұлғасын сипаттай білуі қажет, екіншіден, өзі ұйымдастырған шығармашылық әрекеттің дамыту үдерісі мен оның нәтижесіне әсер ететін мынадай маңызды факторларын білуі және ескеруі қажет:

- шығармашылық белсенділік және шығармашылық іс-әрекетке сұраныс;
- болашақ мамандардың қабілетін дамыту шарттары;
- болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін ынталандыру көздері;
- болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін дамыту әдістері;
- болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін дамыту құралдары;
- болашақ мамандардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары.

#### **Әдебиеттер**

1. Битянова М.Р. Практическая психология. - М., 1997.
2. Дубровина И.В., Прихожан Л.И. Положение о школьной психологической службе. - М.:1995, 138с.
3. Р.Омарова. Шығармашылық дербестікті қалыптастыру. Қазақстан мектебі, 5/2006.-23б.
4. Оспанова Б.А. Педагогические основы формирования креативности будущего специалиста в системе университетского образования. Автореф. дисс.... д.п.н. –Туркестан, 2006. -44 с.
5. Л.К.Көмекбаева "Психологиялық қызметті ұйымдастыру". - Алматы, 2001.

*А.К. Акишева - PhD докторы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы*  
*Тунгат Алмагуль - А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты*

## **ЖАС МҰҒАЛІМНІҢ ОҚУ ІС – ӘРЕКЕТІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ**

Елбасының «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын ұсынған биылғы Жолдауы мемлекетіміздің барлық сала бойынша тұрақты дамуын қамтитын, еліміздің дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатына жаңа серпін беретіні сөзсіз. Елбасы Жолдауында білім саласының барлық деңгейлеріндегі қызметкерлерінің алдына да үлкен міндеттер қойылды. Қазіргі кезде мемлекетіміз үшін кәсібилік деңгейі жоғары мамандар дайындап шығару қандай өзекті мәселе болса, жас мамандарға қолдау көрсету дәл сондай көкейкесті мәселе болып табылады. Бұл мақсатқа жетудің тиімді тетіктерінің бірі алдыңғы толқын ағалардың кейінгі толқынды тәрбиелеу ісі екендігінде дау жоқ.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушылардың арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру мұғалімнің теориялық білімінің болуын қажет етеді. Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары: конструктивтік, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр [1].

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» - кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. «Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді» [2]. Кәсіби білімді маманның күзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру. Күзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Күзіреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен

нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Күзиреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзиреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек [3].

Жоғары мектеп оқытушысы өз саласының маманы болумен қатар білім стандарттарында айқындалған психологиялық, педагогикалық, ғылыми бағыттардан да жеткілікті деңгейде құзыреттіліктері қалыптасқандығын көрсете алулары тиіс. Өкінішке орай жоғары оқу орындары білім беру жүйесі қызметіне бірден араласып кететіндей мамандар дайындап отыр деп айта алмаймыз. Мысалы атап айтсақ жоғары мектептердің жас мамандары кәсіби әрекетте туындайтын мәселелерді шешуде педагогика мен психологияның жетістіктерін пайдалануға, оқыту үрдісінде жанашылдық технологияларды қолдануға, студенттермен тәрбиелік мақсаттағы жұмыстарды, зерттеушілік жұмыстарды жүргізуге, өз бетінше білім жинақтауға қиналатындықтарын көріп жүрміз. Тіпті өзі оқыған ғылым саласында да терең білімдері болмайтындары кездеседі.

Ал білім мекемелері мен өндірістерде жас маманды жұмысқа бейімдеу, оның ұжыммен етене болып кетуіне жағдай жасау, мамандығына көңілі толмау сезімдерінің болмауына ықпал ету ісі бүгінде өз дәрежесінде жүргізіліп отырмағаны белгілі. Оның себептері: оқу орындарында жаңашылдық үрдістердің кенжелеуі, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда формальділіктің орын алуы мен олардың өз дәрежесінде жүргізілмеуі; тәлімгерлік институттарының болмауы, оқу орындарындағы шамадан тыс қағазбастылық, профессорлық – оқытушылар құрамының жүктемелерінің көп болып, керісінше міндеттер ауқымының молдығы, жастардың педагогикалық қызметке деген қырсыздығы, онымен айналысуды мансұқұ етпеуі т.б.с.с. Алайда болашақты ойлаған әр басшының, аға буын өкілінің, мамандығын сүйетін майталман ұстаздың жастарды тәрбиелеуге бей-жай қарамайтындығына сенім жоқ емес.

Заманауи оқытушы – әрқашан да кәсіби деңгейі жоғары, педагогикалық дәстүрлі әдістер мен жаңа технологияларды жақсы білетін әрі оларды өз сабақтарында тиімді пайдалана алатын, әрдайым ізденіс үстінде жүретін, білімін үздіксіз толықтырып, шыңдап, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, білім алушылардың бәсекеге қабілетті маман болып шығуына қолайлы жағдай жасап, жан-жақты білім беретін, оқу-тәрбие ісін меңгерген тұлға. Арнайы педагогикалық білімі мен жұмыс өтілі жоқ, оқу орнын енді ғана тәмәмдаған жас мамандардың ұлағатты ұстаз атанып, оқушылардың сүйікті оқытушысына айналуы үшін біраз нәрсені үйренуі қажет. Осы орайда жас маманға әдістемелік, педагогикалық-психологиялық көмек қажет.

Жас оқытушылар мектебі – арнайы педагогикалық білімі жоқ жас мамандардың кәсіби деңгейін жетілдіру, педагогикалық шеберлігін шыңдау, психологиялық қолдау, бағыт-бағдар беру жұмыстарын жүйелі түрде атқаратын бірлестік [4].

Понятие педагогической технологии предметного и локального уровней почти полностью перекрывается понятием методик обучения; разница между ними заключается лишь в расстановке акцентов. В технологиях более представлена процессуальная, количественная и расчетная часть компонентов, в методиках – целевая, содержательная, качественная и вариативно-ориентировочная стороны. Технология отличается от методик своей воспроизводимостью, устойчивостью результатов, отсутствием многих «если» (если талантливый учитель, если способные дети, хорошие родители...). Смешение технологий и методик приводит к тому, что иногда методики входят в состав технологий, а иногда, наоборот, те или иные технологии – в состав методик обучения.

Для реализации познавательной и творческой активности школьника в учебном процессе используются современные образовательные технологии, дающие возможность повышать качество образования, более эффективно использовать учебное время и снижать долю репродуктивной деятельности учащихся за счет снижения времени, отведенного на выполнение домашнего задания. Основными образовательными технологиями, которые можно положить в основу изучения биологии, являются:

1. Технология проблемного обучения – это создание в учебной деятельности проблемных ситуаций и организация активной самостоятельной деятельности учащихся по их разрешению, в результате чего происходит творческое овладение знаниями, умениями, навыками, развиваются мыслительные способности.

2. Информационно-коммуникационные технологии – это изменение и неограниченное обогащение содержания образования, использование интегрированных курсов, доступ в интернет, интерактивные методы обучения, дистанционное взаимодействие.

3. Технология разноуровневого обучения – даёт учителю возможность помогать слабому, уделять внимание сильному. При данной технологии реализуется желание сильных учащихся быстрее и глубже продвигаться в образовании. Сильные учащиеся утверждаются в своих способностях, слабые получают возможность испытывать учебный успех и самореализовываться в рамках своих возможностей, повышается уровень мотивации ученья.

4. Технология проектных методов обучения. Работа по данной методике дает возможность развивать индивидуальные творческие способности учащихся, более осознанно подходить к профессиональному и социальному самоопределению.

5. Технология исследовательских методов в обучении дает возможность учащимся самостоятельно пополнять свои знания, глубоко вникать в изучаемую проблему и предполагать пути ее решения, что важно при формировании мировоззрения. Это важно для определения индивидуальной траектории развития каждого школьника.

6. Лекционно-семинарская система используется в основном в старшей школе, т.к. это помогает учащимся подготовиться к сдаче экзаменов и обучению в ВУЗах. Она дает возможность сконцентрировать материал в блоки и преподносить его как единое целое, а контроль проводить по предварительной подготовке учащихся. Однако данной технологией нельзя злоупотреблять, так как может сделать образовательный процесс малоэффективным: скучным для учащихся, что понижает мотивацию к обучению. Кроме того, большие объемы информации не успевают осмысливаться, а потому плохо запоминаются учащимися. Однако в качестве периодического применения данная технология допустима в современной школе, особенно в сочетании с семинарами на проблемную тематику, когда ученики могут актуализировать и применить полученные знания и умения.

7. Технология использования в обучении игровых методов. Это могут быть ролевые, деловые и другие виды обучающих игр. Эта технология обеспечивает расширение кругозора, развитие познавательной деятельности, формирование определенных умений и навыков, необходимых в практической деятельности, развитие учебных умений и навыков.

8. Здоровьесберегающие технологии. Использование данных технологий позволяют равномерно во время урока распределять различные виды заданий, чередовать мыслительную деятельность с физкультминутками, определять время подачи сложного учебного материала, выделять время на проведение самостоятельных работ, нормативно применять ТСО, что дает положительные результаты в обучении.

9. Система инновационной оценки «портфолио» - это формирование персонифицированного учета достижений ученика как инструмента педагогической поддержки социального самоопределения, определения траектории индивидуального развития личности.

10. Технология дистанционного обучения - становится всё более и более актуальной в современных школах. Эта технология уравнивает шансы на получение полноценного образования для детей со слабым здоровьем или тех учащихся, которые по различным причинам не могут посещать уроки. Элементы данной технологии можно использовать и для дистанционного общения учителя с учениками при выполнении домашнего задания (индивидуально-консультативная дистанционная методика), при работе над проектом, а так же для полноценного обучения при временной нетрудоспособности учеников.

11. Технология модульного обучения обеспечивает индивидуализацию обучения: по содержанию обучения, по темпу усвоения, по уровню самостоятельности, по методам и способам учения, по способам контроля и самоконтроля [3].

Таким образом, к настоящему времени разработано большое число технологий обучения, что побуждает к теоретическому обобщению, анализу и классификации этих инноваций, выбору оптимальных.

Задача педагога – личностно ориентированное развитие учащихся, их познавательных и общекультурных умений, обеспечивающее формирование ключевых компетенций, среди которых лидирует «умение учиться».

В настоящее время коллектив нашей школы (ГБОУ СОШ 311 с углубленным изучением физики) является опытно-экспериментальной площадкой и работает над изучением, апробацией и внедрением следующих технологий (Н.Н.Суртаева):

- технологии диалоговой взаимопомощи;

- технологии индивидуально-бригадного обучения;
- бригадно-индивидуального обучения;
- парацентрической технологии обучения;
- технологии индивидуальных образовательных траекторий;
- контрольно-корректирующая технология.

С целью более эффективного внедрения инновационных технологий в образовательный процесс школы результаты каждого эксперимента (пробы) обсуждаются на заседаниях методических объединений, круглых столах, школьных и районных семинарах.

По мнению педагогов достоинства инновационных технологий заключаются в следующем.

- дают возможность учащимся приобретать прочные и осознанные знания;
- развивают самостоятельность в учебной деятельности;
- увеличивают время проговаривания учебного материала на уроке;
- создают положительный эмоциональный настрой, нет боязни неправильных ответов, чувство уверенности преобладает;
- повышается коммуникативная культура;
- растёт мотивация к дальнейшему образованию;
- повышается самооценка ученика;
- снимается психологическое напряжение ученика и учителя.

Специфика использования технологий в следующем:

На первом этапе учитель проводит

- информационный ввод, тем самым отвечает на вопрос «что изучаем и зачем изучаем?»;
- организационный ввод, где учитель даёт учебную установку, то есть отвечает на вопрос «как?»;
- предлагается алгоритм поведения;
- учитель обращает внимание на варьирование учебного материала (показывая источники информации для обязательного изучения и ознакомления по выбору);
- предлагает учебные и тестовые задания на различных этапах урока;
- учащиеся имеют возможность оценить свои знания на промежуточном и итоговом контроле.

Инновационная деятельность даёт учителю возможность:

- профессионального роста;
- эмоциональную удовлетворённость;
- возможность саморазвития;
- организации дифференцированного обучения;
- прогнозирование результатов обучения;
- ранней диагностики и коррекции учебных результатов.

Ученику дается выбор:

- уровня, объема, содержания предметного знания (не ниже стандартного);
- информационного источника для усвоения выбранного объема знаний;
- способа обучения в соответствии с индивидуальными личностными характеристиками (тип мышления, особенностями памяти);
- темпа продвижения по теме, соответствующего личностным характеристикам;
- формы, вида и времени контроля и самоконтроля;
- партнера для диалогового общения;
- роли слушающего или объясняющего.

В процессе вырабатываются навыки:

- самостоятельной деятельности;
- коммуникативной деятельности.

**Диагностика полученных результатов** происходит в форме:

- наблюдения;
- бесед;
- анкетирования;
- обмена опытом на педсоветах, семинарах;
- вычисления коэффициента самостоятельности;
- подведения итогов триместров, полугодий;
- сдаче экзаменов в новом формате.

Также одним из популярных и широко используемых методов являются цифровые технологии [3].

Поскольку тем более в нынешних условиях всемирной пандемии организации образования перешли на дистанционную форму обучения. В связи с этим повысилась значимость использования цифровых технологий в обучении школьных предметов, в том числе биологии. Поэтому необходимость разработки инновационных методов с использованием ИКТ и цифровых технологий будет возрастать, что дает возможность для творческой самореализации педагогов в этой области, а также активизирует их исследовательскую активность по проблеме эффективного использования цифровых образовательных технологий на уроках биологии в школе.

Таким образом, одним из средств достижения высокого результата являются инновационные технологии, т.е. это принципиально новые способы, методы взаимодействия учителей и учащихся, обеспечивающие эффективное достижение результата педагогической деятельности.

#### ***Список литературы:***

1. Темирсултанова, Ф. М. Инновационные методы проведения уроков биологии в условиях новой школы / Ф. М. Темирсултанова. — Текст : непосредственный // Инновационные педагогические технологии : материалы III Междунар. науч. конф. (г. Казань, октябрь 2015 г.). — Казань : Бук, 2015. — С. 103-107. — URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/183/8945>
2. Бондарук М. М. Занимательные материалы и факты по общей биологии в вопросах и ответах 5–11 классы — Изд. Учитель: Волгоград, 2007
3. Высоцкая М. В. нетрадиционные уроки по биологии в 5–11 классах — Изд. Учитель: Волгоград, 2004
3. Нащочина М.М. Методика использования цифровых образовательных технологий на уроках и внеклассных занятиях по биологии в средней школе.–Хабаровск,2008.43

### **3. ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТҮРЛЕРІ 3. ФОРМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ НАУКИ И ПРАКТИКИ**

*Москаленко Н.И.  
Университет «Туран»*

#### **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ БАРЬЕРЫ В ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА**

Современный мир диктует важность межкультурной коммуникации. При этом список необходимых для изучения иностранных языков определяется не одним Английским языком, но и рядом других. Для успешного развития разных аспектов жизни знание систем коммуникаций, использующих один язык уже недостаточно.

Изучение иностранных языков – это не только овладение системой языка, но и развитие характеристик, способностей и умений субъекта межкультурной коммуникации. Овладение

иностранным языком является многосторонним процессом и во многом зависит от психологической готовности студента усваивать и использовать иностранный язык в различных ситуациях, уровня страха ошибиться, веры в способности, уровня стеснения в общении на изучаемом языке. Преодоление данных аспектов обозначено как преодоление психологических барьеров.

Согласно Б.Д. Парыгину психологический барьер – «психический настрой личности, фиксированный на уже достигнутом результате, который тормозит дальнейшую мобилизацию и использование духовного потенциала человека» [1].

Согласно источникам возникновения, психологические барьеры можно разделить на:

- психофизиологические
- информационные
- эмоциональные
- оценочные
- смысловые
- межкультурные

*Психофизиологические барьеры* возникают, при отсутствии контакта между преподавателем и обучаемым, нет сближения двух языковых систем. *Информационные барьеры* возникают при некорректной программе изучения иностранного языка, несоответствия уровня учебных материалов и темпов его предъявления при начальном уровне обучения студента. *Эмоциональные барьеры* связаны с уровнем тревожности обучаемого на основе личных отрицательных эмоций разного характера, неуверенностью в себе, боязнью ошибиться, невозможностью быстро ответить на вопрос, заставив всех ждать. *Оценочные барьеры* связаны с необъективной, по мнению обучаемого, оценкой его работы и/или с преобладанием личного субъективного негативного отношения со стороны преподавателя, оказывающего влияние на оценку. *Межкультурные и смысловые барьеры* имеют место, когда обучаемый не умеет использовать средства коммуникации иностранного языка, не знает или не хочет знать и учитывать правила общения и ведения дискуссий, высказывания своего мнения согласно традициям страны изучаемого языка, неправильно понимает высказывание своего собеседника как представителя другой культуры [2,3].

Выделяется также упрощенная классификация психологических барьеров. Согласно этой классификации, барьеры бывают внутренними и внешними. Внутренние барьеры включают физические, сенсорные и неврологические нарушения и нарушения развития, хронические заболевания, психосоциальные нарушения и различные интеллектуальные способности. Внешние барьеры-это те факторы, которые возникают вне обучающегося, но влияют на процесс обучения. Они могут возникать из-за семьи и ее культурного, социального и экономического контекста и включать отсутствие родительского участия в образовании и семейные проблемы, такие как развод, смерть и насилие [4].

В 1977 году арабские лингвисты Х. Дулай, С. Крашен, М. Берт выдвинули теорию аффективных фильтров, влияющих на успешное усвоение иностранного языка. Гипотеза аффективного фильтра воплощает точку зрения Крашена о том, что ряд "аффективных переменных" играют стимулирующую, но не причинную роль в усвоении второго языка. К этим переменным относятся: мотивация, уверенность в себе, тревожность и личностные качества. Крашен утверждает, что учащиеся с высокой мотивацией, уверенностью в себе, хорошей самооценкой, низким уровнем тревожности и экстраверсией лучше подготовлены к успеху в овладении вторым языком. Низкая мотивация, низкая самооценка, тревожность, интроверсия и торможение могут поднять аффективный фильтр и сформировать "ментальный блок", который препятствует использованию понятных входных данных для приобретения. Другими словами, когда фильтр "поднят", он препятствует усвоению языка. С другой стороны, положительный аффект необходим, но не достаточен сам по себе, чтобы приобретение имело место. Следует выделить четыре основных категории факторов, которые оказывают негативное или позитивное влияние на освоение иностранного языка, согласно уровню аффективного фильтра человека [5,6].



Мотивация является первым фактором. В качестве основы теории мотивации Р. Гарднер предложил три ключевых компонента мотивации при изучении второго языка: интенсивность мотивации или усилия, желание изучать язык и отношение к изучению языка. Социально-образовательная модель изучения языка, разработанная Р. Гарднером и У. Ламбертом, постулировала две основные мотивационные ориентации при изучении языка: интегративная и инструментальная. Интегративная мотивация отождествляется с позитивным отношением к целевой языковой группе и потенциалом для интеграции в эту группу или, по крайней мере, интересом к встрече и взаимодействию с членами группы. Инструментальная ориентация относится к более функциональным причинам изучения языка, таким как сдача необходимого экзамена или получение лучшей работы или повышения по службе. [7,8].

Отношение к предмету и процессу его постижения является вторым фактором. Отношение принимается в качестве важного понятия для понимания человеческого поведения и определяется как психическое состояние, включающее убеждения и чувства. Убеждения относительно изучения языка напрямую связаны с успехом на занятиях по языку. Убеждения студентов могут быть препятствием, если они считают, что не могут успешно выучить новый язык. Негативное отношение и отсутствие мотивации могут привести к препятствиям в изучении языка [9].

Тревожность является третьим фактором. Языковая тревога может возникать из-за собственного чувства "я" обучающихся, связанных с самим собой когнитивных способностей, трудностей в изучении языка, различий в культуре изучаемых и изучаемых языков, различий в социальном статусе говорящих и собеседников, а также из-за страха потерять самоидентификацию. Рассмотрение учителем языка тревожных реакций учащихся на изучаемый язык считается очень важным для того, чтобы помочь им достичь намеченных целей производительности на изучаемом языке. Языковая тревога также может быть результатом, а также причиной недостаточного владения целевым языком. Это может быть связано с лингвистическими трудностями, с которыми сталкиваются учащиеся при изучении и использовании целевого языка. В социальных контекстах языковая тревога может быть вызвана внешними мотиваторами, такими как различные социальные и культурные среды, особенно среды, в которых происходит обучение [10].

Четвертый фактор – уверенность в себе и чувство собственного достоинства. Лингвистическая уверенность в себе относится к восприятию человеком собственной компетентности и способности успешно выполнять поставленные задачи. Языковая уверенность в себе устанавливается через взаимодействие между изучающим язык и членами языкового сообщества и укрепляется на основе качества и количества этих взаимодействий. В мультилингвистических сообществах уверенность в себе способствует идентификации изучающих язык с языковым сообществом и повышает их готовность продолжать изучение этого языка [11].

Низкий уровень успеваемости в изучении второго языка связан с недостаточной мотивацией из-за отсутствия интереса к предмету, уверенности в своих способностях преодолеть трудности, какими-либо негативными эмоциями относительно изучаемого языка и смысла его изучать. Задача преподавателя изменить структуру изучения иностранного языка таким образом, чтобы было возможным исключить негативные аспекты, препятствующие успешному усвоению иностранного языка. Творческие задания, переосмысление и изменение системы оценивания работ, использование внеклассных мероприятий для изменения приоритетов изучения иностранного языка у учащихся могут изменить мотивацию студента. Следует также внимательно следить за уровнем напряжения у людей, изучающих иностранный язык. Снизить тревожность и увеличить шанс преодоления психологических барьеров можно путем изменения обстановки на благоприятную, работа без акцентирования ошибок, не являющихся критичными в коммуникации, похвала и поощрение.

### **Список использованных источников:**

1. Парыгин Б.Д. Социальная психология: Проблемы методологии, истории и теории. – СПб.: Изд-во ИГУП, 1999.
2. Шепеленко Т.М. Психологические аспекты изучения иностранных языков Вестник ПНИПУ. Проблемы языкознания и педагогики № 1 2017
3. Чаплина Е.И. Стратегии преодоления психологических барьеров у студентов при изучении иностранного языка: дис. ... канд. психол. наук. – Курск, 2006.
4. Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. М., 1991.
5. Dulay H., Burt M., Krashen S. Language Two. – New York: Oxford University Press, 1982.
6. Krashen S. Second Language Acquisition and Second Language Learning. – Oxford: Pergamon Press, 1981
7. Gardner R. Social Psychology in Second Language Learning. – London: Edward Arnold Publishers Ltd., 1985.
8. Gardner R., Lambert W. Attitudes and Motivation in Second-Language Learning. – Rowley, Ma.: Newbury House, 1972.
9. Nasser Oroujlou, Dr. Majid Vahedi Motivation, attitude, and language learning International Conference on Education and Educational Psychology (ICEEPSY 2011)
10. Masoud Hashemi Language Stress And Anxiety Among The English Language Learners Elsevier Procedia - Social and Behavioral Sciences Volume 30, 2011
11. Clement, R. (1980). Ethnicity, contact and communicative competence in a second language. In H. Giles, W. P. Robinson & P. M Smith (Eds.), Language: Social psychological perspectives. Oxford: Pergamon

*Гулжан Бауыржанқызы Мауленбердиева -  
п.ғ.к., доцент, SILKWAY Халықаралық университеті Шымкент қ., Қазақстан  
Хасантаева Диана Толкиновна -  
Магистрант 1 курс, SILKWAY Халықаралық университеті Шымкент қ., Қазақстан*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНЫАС МӘДЕНИЕТІН ОТБАСЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Аннотация:** В этой статье авторы утверждают, что современное развитие общества требует формирования культурной личности. Формирование культуры общения и поведения студентов является основным направлением современного образования, педагогической науки и культуры. Культура общения анализируется как способность обеспечивать тесное взаимодействие между людьми, на основе которого каждый может найти достойное место в жизни посредством действия.

**Ключевые слова:** общение, культура, поведение, общество, духовность, ценности, социальная направленность, окружающая среда.

**Abstract:** In this article, the authors argue that the modern development of society requires the formation of a cultural personality. The formation of a communication and student behavior is the main focus of modern education, pedagogical science and culture. The culture of communication is analyzed as the ability to ensure close interaction between people, on the basis of which everyone can find a worthy place in life through action.

**Key words:** communication, culture, behavior, society, spirituality, values, social orientation, environment.

Бүгінгі қоғамның талабы жастардың жоғары мәдениеттілігін керек етеді. Бұл мәдениет қарым-қатынас арқылы көрінеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында жаңа әлемдегі микросоциум жаңа Қазақстан қоғамның бүгінгі дамуын

мәдениетті тұлғаны қалыптастыруды талап етеді деген. Оқушылардың қарым-қатынас және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мәселелері қазіргі білім берудің, педагогика ғылымының, мәдениеттің басты назарында болып отыр. Елімізде білім беру жүйелерінің мақсат, міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, діні мен тіл мәдениетінің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылып жатқан кезде қарым-қатынас мәдениеті көкейкесті мәселелердің бірі болып келеді. Білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген мемлекеттік құжаттар аясында мәдениеттілік жаңғырып, ол ерекше маңызға ие бола бастады[1].

Адамдар арасындағы қарым-қатынас байланысы, қарым-қатынас мәдениеті, қарым-қатынас әдебі, қарым-қатынас тәрбиесі, қарым-қатынас өрекеніеттігі тағы сол сияқты, әрбір адамға етене таныс сөздерді үйреншікті, қалыптасып қалған бар әдет ретінде күнделікті өмір ағымы барысында айтыпта, естіпте жүреміз. Алайда сөздердің мағынасына яғни олардың функционалдық мазмұнына мән бере бермейміз. Бүгінгі таңда қарым-қатынас мәдениеті – адамдар арасындағы өзара тығыз байланыстылықты қамтамасыз етуге, соның негізінде іс-әрекеттер арқылы әркімнің өмірден лайықты орнын табуға мүмкіндік туғызу деп С. М. Жақыпов отбасындағы сыйластық атты еңбегінде атап өткен . Бұл мәселені дұрыс әрі ғылыми теориялық-әдіснамалық негізде шешу, қарым-қатынас мәдениеті функциясына қатысты жиі кездесетін ұғымдарды логикалық, диалектикалық, тарихнамалық, жүйелілік тұрғыдан талдап алу қажет. Ең алдымен ұғымдардың функционалдық мазмұнын саралағанды жөн деп көрдік[2].

Ғылымда мәдениет ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Көне заманда «мәдениет» ұғымы жерді жырту, бау-бақшаны өңдеу, яғни өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен, дәлірек айтқанда, егіншілік пен ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты қарастырылды. Оған қоса біз үйреншікті болып кеткен мәдениет ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатқанын білеміз. Мәдениеттану жағынан келсек, әрбір нақты мәдениет әлеуметтік болмыстың жандануы мен жаңаруының белгілі баспалдақтары ретінде көрінеді. Бұл тұрғыда мәдениеттің ең басты мәселесі адамзат болмысының жандану мен өзгеріске түсуінің, немесе жаңару нұсқаларының арақатынасы. Бұл мәселенің жалпыға бірдей әмбебап шешімі жоқ. Мәдениет адамның маңызды күштерін іске асырылуы, адамның әлемді рухани-тәжірибелік игеруі және өзін-өзі жетілдіру үдерісі мен нәтижесі, мәдени-тарихи даму субъектісі түрінде қарастырылды деп Ж. Асанов «Отбасы тәрбиесі» еңбегінде түсінік берген [3].

Адам тұлғасының мәдениеті – бұл оның маңызды, материалдық және рухани құндылықтарды құру мен тұтынудағы шығырмашылық қызметінде қолданатын әдісінің жоғарғы даму деңгейі. Адамның негізгі күш-қуаты тек оның қызметінде, ең алдымен еңбек нәтижесінде көрінеді. Тек қана, еңбек іс-әрекеті арқылы адам қоғамға өзгеріс енгізе алады және өзінің күші мен қабілетін іс жүзінде көрсете біледі. Қоғамда қарым-қатынас сипаты қоршаған ортадағы әрекетке тәуелді келеді, оның ортамен, дүниемен байланысын білдіреді, ішкі жан дүниесінен көрініс береді .Ортада қарым-қатынас жүйесі адамның жеке дамуының жемісі болып табылады деген Г. Мұхтарқызы [4].

Адам заттық әлемді жасай отырып, өзінің ерекше адамдық немесе негізгі қасиеттерін да- мытады. Негізгі қасиеттерге ықпалын тигізе отырып, адамның сапалық көрінісіне айналады, дегенмен негізгі сапалар да мәдениетпен бір- тұтастықта танылады. Мәдениет «адамдық» сипатқа ие, онда адамның өмір сүретін қоғамдық қарым-қатынастары, қоғам тәжірибесі, білім- біліктері көрінеді. Олар мәдениет болмысының түрі ретінде өзінде адамның маңызды сапалары қаншалықты көрініс табуы мен жүзеге асырылуының сипаттамасын түзеді . Сайып келгенде біздің түйіндеуіміз бойынша «мәдениет» дегеніміз адам ойының, ақыл есінің нақтылы жемісі. Осы мәдениеттің пайда болу жолында адам баласының өзіндік амал-тәсілі бар, сол тәсілдер қолданған қызмет - деп қарағандықтан адам тех- нологиямен бағаланбайды яғни шендестірілмейді. Алайда технологияда, адам қызметінің жемісі болып табылады. Ал «қарым-қатынас мәдениеті» туралы сөз болғанда біз ең әуелі қалайша адам баласы өзінің айналасындағы адамдармен әрекеттестікте бола алады деген мәселеге назар аударуымыз керек. Әрбір адамның

бақылауымен қалайша, қандай әсерде болуы керек деген мәселе қарым-қатынас нысанасы болғандықтан «қарым-қатынас» орнату және қалау тікелей адам қадір-қасиетін көрсететін мінез-құлық мәдениетіне тәуелді болғандығын аңғартады. Ал мінез-құлық мәдениеті адамдардың күнделікті өмірдегі көрінісінде тауып жүрген мінез-құлық түрлерінің жиынтығы. Осы жиынтық арқылы мінез-құлықтың моральдық – эстетикалық, өнегелі-өркенді нормаларының сыртқы болмысы яғни көрініс іболып табылады. Адам баласындағы мінез- құлық мәдениеті адамдар арасындағы болатын қарым-қатынас мәдениетімен салыстырып қарағанда, кеңістік ұғымдағы құбылыс болып табылумен танылады. Олай болса қарым-қатынас мәдениеті туындылық мәдениет, яғни мінез-құлық мәдениеті құрамындағы құраушылардың бірі болып табылады. Әрбір адамның өз жеке бас бюджетіндегі уақытты тиімді ұйымдастыру, пайдалану мәдениеті, тұтыну заттарын таңдау талғамы, жеке бас гигиенасын сақтау т.с.с. мәдениет элементтері әрбір адамның мінез-құлық мәдениетін құраушылар болып табылады. Мәдениеттің осындай күрделі элементтері арасынан тек қана адамдар арасындағы қарым-қатынастың амалдарын, тәсілдерін, құралдарын, жеке дара зерделеу, талдау нысанасы ретінде қарастырамыз. Осы мәселе адам баласы қоғамының даму тарихында қажеттілігімен, ал қазіргі жағдайда да ерекше қызығушылықпен қарау талаптарымен дараланып тұр. Мәдениеттаным бағытында қарым-қатынас мәдениеті бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым десе, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы, тұрмысы мен салты деп жіктеледі. Қ. Атемова қарым-қатынастың өзі адам болмысының рухани және мәдени формаларын біріктіре отырып, оның қажеттілігін дәлелдеді қазақ отбасындағы тәрбие үрдісінде атты еңбегінде [5]. Ғылымда қарым-қатынастың ең негізгі құралы – тіл. Қарым-қатынас мәдениеті сөйлеу мәдениетінен айқын көрінісін табады. Сөйлеу мәнері анық және түсінікті болуы керек. Ол үшін жалпы категорияларды нақты мысалдармен ұштастыру керек. Тілдің лексикалық құрамындағы терминдер, шет тілінен енген сөздер, диалект, жаргон, кәсіби лексика, тарихи сөздер, көнерген сөздер, жаңа сөздер секілді сөздерді дұрыс және орынды қолдана білуі қажет. Қолданыста сирек кездесетін сөздерді белгілі себептерге байланысты ғана қолдану шарт. Адам сөзінің нақтылығы оның нақты ойлай білу қабілетіне және тілдің заңдылықтарын білуіне байланысты. Тілдің нақтылығы – сөз қолданысының нақтылығы мен көпмағыналы сөздердің дұрыс әрі орынды қолданылуы болып табылады. Тіл мәдениетіне қойылатын талаптарды төмендегідей саралауға болады: – сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс, анық айтуы; – сөйлеу әуенін, қарқынын, дауыс күші мен кідірісін сақтау; – екпіннің түсуін, үндестік заңын сақтау; – сауатты, қатесіз жазу; – жазба мәтіндерді, тыныс белгілерді сақтау; – әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті жазу; – дұрыс айтып, сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтарымен дыбыстау; – сөйлегенде сөз тұлғаларын, түрленуін сақтау, қосымша, көмекші сөздерді дұрыс, өз орнында қолдану; – сөздерді өз мағынасына қарай қолдану, мағыналарын анық біліп отыру; – сөйлемдерді дұрыс құрастыру; – керекті сөзді сөздік құрамның ішінен іріктеп, әдеби нұсқасын қолдану, ретсіз енген, баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті тілге тән диалектілерді, жаргон сөздерді тұс-тұстан қолданудан аулақ болып, реттеп отыру; – тілдегі ауызекі, ресми іс-қағаздарды, публистикалық, көркем поэзиялық, ғылыми стильдердің әрқайсысының ерекшелігін сақтап отыру; – сөйлеу әдебін сақтау; – тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану; – сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтың ұлттық ерекшелігін сақтау; – сөйлегенде ойдың көлемі, мазмұндық құрылымы, хабардың жеткізу жүйесін реттеу. Отбасы - бұл кішкентай топ ретінде ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынастың нақты тарихи жүйесі, оның мүшелері некелік немесе туысқандық қатынаспен, тұрмысының ортақтығымен және өзара моральдық жауапкершілікпен байланысқан және халықтың рухани туындыларымен қоғам сұранысына негізделген әлеуметтік қажеттілік. Бүгінде отбасыға мынадай анықтама беруге болады: Қазіргі заманғы отбасы- ерлі-зайыпты екі адамның арасындағы некеге құрылған негізгі әлеуметтік топ. Қазақ ұғымында отбасы- өмірдің тұтқасы, үй ішінде от жағылатын ошақтың төңірегі, оттың маңайына таратқан жан

балқытар жылуы. Отбасы- неке негізінде немесе қан жағынан туыстас шағын топ, олар өзара көмек көрсету, жауапкершілік алу және тұрмыстық жалпылықта байланысады. Қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, оның мүшелер саны азайып, бала саны да кему түсті. Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени экономикалық жаңғырулар, әр түрлі сипаттағы әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасу, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отыр. Қазіргі аналардың көпшілігі жұмыс жасайтын болғандықтан бала уақытының көбін пассивті тәрбиешілермен өткізеді. Бала тәрбиесі қалалық отбасына тән болып отырған келесі ерекшеліктерімен шартталған: балалардың көбісі күннен күнге ұлғайып отырған айырылысулардың нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өседі; теледидар, жеке бөлме т.с.с. өркениеттің жетістіктері балалар мен олардың ата-аналарының арасындағы қарым-қатынас процесін қиындатады. Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан адам сыртқы орта жағдайына байланысты өз мінез-құлқының моделін жасап оны жүзеге асырады. Оқушылардың қоғамда қалыптасқан қатынастарды қалай игеретініне тәуелді. Бұндай игеруді қамтамасыз ету үшін тиімді тәрбиелік әдістерді таңдау және тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру қажет. Қарым-қатынас - білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығын Б. Бексейітова Ынтымақты отбасы атты еңбегінде айтып өткен [6]. Қарым-қатынас - білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Сонымен, балалардың отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін бүгінгі өмір талабына сай, ұлттық сипатта қалыптастыруды жүзеге асырудың қажеттілігі мен оны отбасы тәрбиесі жағдайында ғылыми-әдістемелік бағыттарының жеткіліксіздігі аралығында қарама-қайшылықтар байқалады. Бала отбасы мүшелерімен тікелей эмоциялық қарым-қатынаста бола отырып, тек сөйлеу мен ойлау, нысандық іс-әрекеттер мен тұлғаралық өзара қатынастар дағдысын ғана алып қоймай, қаласын-қаламасын үлкендердің мінез-құлқық үлгілерін де бойына сіңіреді. Ата-аналардың балалармен қарым-қатынас жасауы әртүрлі болуы мүмкін: егер олар арасында бай рухани байланыс болса, қарым-қатынас елеусіз бір кезеңнен екінші кезеңге ешқандай кикілжіңсіз өтеді. Мұндай ортадағы қарым-қатынаста, яғни ата-аналар балаларына үлкен қамқорлық жасап, үнемі олардың сабақ үлгерімі мен бағаларын қадағалайды, уақтылы тамақтануы мен демалуын ұйымдастырады, олар қалай киініп жүр, ол да ата-аналарды ойландырады, кенеттен олар өз балаларының есейіп кеткендігін байқайды, балалардың қызығушылығының тіптен басқа екендігін түсінеді. Баланың қарым-қатынастағы қажеті қашан да мейірімділікті, эмоционалдық жылылық пен ата-ананың махаббатын керек етеді. Сонда да болса, кез келген сүйіспеншілік шамадан тыс көп болмағаны дұрыс, әйтпесе ол өзінің қарама-қайшы ықпалын көрсетеді. Кейбір отбасыларында ата-аналар балаларын өте ерекше мейірімділікпен өсіретіндігі де байқалады. Олар баланың әрбір сәтінде оны қаншалықты жақсы көретіндігін есіне салып отырады. Мұндай ұшан-теңіз мейірімділік ортасында өскен бала өсе келе өзімішіл, қоршаған ортадағы адамдардың бәрі оған аса бір ерекше ілтипатпен қарым-қатынас жасауы керек секілді қабылдайды. Ондай отбасында өскен балалар ересек шағында өздері де отбасын құрғанда отбасының алғашқы сәтсіздіктеріне шыдай алмай ата-аналарына қайта оралып жатады. Қазіргі уақытта отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас баланың жеке тұлғасының, әсіресе оның мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі екендігі белгілі. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас ерекше және көрнекі түрде, әсіресе, бала тәрбиесінде көрінеді. Баланың жақсы тәрбиелі, қоғамда өзінің орны бар үлкен азамат болып өсуіне отбасының ролі өте жоғары. Біз отбасында баланы тек қана материалдық жағынан қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, баланың психологиялық жай-күйіне, қызығушылықтарына, жеке тұлғалық қасиеттеріне мән беруіміз керек. Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, соған сәйкес қарым-қатынас жасалғандығы дұрыс. Соңғы кездері елімізде отбасылардың ажырасу жағдайы, отбасындағы түрлі конфликт жағдайлары көптеп кездесуде. Бұның салдары балаларға психологиялық жағынан кері

әсерін тигізуде. Баланың отбасында тәрбиеленуіне анасымен бірге әкесінің де жауапкершілігін ұмыптағанымыз дұрыс. Бала ата-анасымен бірге толыққанды отбасында өмір сүрген жағдайда әлеуметтік ортада өзін сенімді ұстай алады. Отбасында балалардың мүмкіндіктерін барынша дамытып, оны өмірде қолдана білуге, еңбек етуге, еңбектің қандай түрін болса да атқаруға психологиялық тұрғыдан даяр болуға, шығармашылық әрекетке дайын болуға, өзінің білімін үнемі жетілдіріп отыруға тәрбиелеу керек. Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің орнығуына байланысты: – ынтымақтастық қарым-қатынас, яғни отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, түсіністік пен көмекке бағытталуы; – ортақ мүддеге негізделген бірыңғай қарым-қатынас; – жақсы қарым-қатынасты сақтай отырып, өзара жетістікке жетуді көздеген қарым-қатынас бәсекелестік, барлық жағдайда өзінің бәсекеде ұтуын көздеген қарым-қатынас. Қазақ отбасы көбінесе көп балалы болып келген. Қазақ отбасы ата-апа, әкешесі, балалар үш ұрпақты құрамнан тұрған. Отбасы экономикалық жағынан қамтамасыз етіліп отырған. Ата-апа мен әке-шешенің қарым-қатынасы жас баланың адамгершілік жағына толысып жетілуіне үлкен үлес қосады және ізгілікті іске баулиды. Рухани адамгершілік сезімді қалыптастыратын педагогикалық фактор – отбасы мүшелерінің дұрыс қарым-қатынасы, баланы адамгершілікке тәрбиелейді. Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы қоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап дамытып отырған, ұрпағына ақыл- кеңес беріп, ата-кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрлі жетілдіргенін А. Әубәкірова Отбасындағы сыйластық еңбегінде атап өткен [7]. Мектеп – жас ұрпаққа білім тәрбие беретін мекеме, білім беру жүйесінің негізгі нысаны. Педагогикалық қарым-қатынасты рухани өндірістің бір түріне жатқызуға болады, себебі ол өзінің мазмұнына міндетті түрде шығармашылықты әрі өнімді түрде білім, іскерлік, дағдыларды жеткізу, сондай-ақ әрқашан жаңаны уағыздау, жан-жақты және үйлесімді дамығын адам тұлғасын қалыптастыруды, тәрбиелеуді ендіреді. Мектептің ата-аналармен жүргізетін жұмысының ерекшелігі осы екі жақтың байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты ең алдымен сынып жетекшісі қамтамасыз етеді. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы негізінде балаларды тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

#### ***Әдебиеттер тізімі***

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына болып жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, біріктірген Ана тілі, 2007.
2. Жақыпов С.М. Отбасы және балабақша. 2005. №4. Б.22-23
3. Асанов Ж. Отбасы тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 2007, №4.
4. Мұхтарқызы Г. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. - Алматы: ҚазМУ, 1991. - 150 б.
5. Атемова К. Қазақ отбасындағы тәрбие үрдісі // Қазақстан мектебі, 2006, №1. - 48-52. б.
6. Бексейітова Б. Ынтымақты отбасы. // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2007, №3. - б.34-37.
7. Әубәкірова А. Отбасындағы сыйластық // Отбасы және балабақша. - 2005, №4. - 22-23б

*Ансабаева А.Д.,*

*докторант, І.Жансүгіров атындағы ЖУ, Талдықорған қ.*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕСТІГІ**

Соңғы жылдары отбасы институтының дағдарысы тереңдей түсуде. Әлеуметтік сауалнамалар мен статистика көрсеткендей, елде отбасының, әке мен ананың беделі төмендеген, ажырасулар мен жалғызбасты аналар саны өсуде. Сонымен қатар, сырттай сәтті отбасыларда баланы барлық материалдық игіліктермен қамтамасыз ететін ата-аналар

оны тәрбиелеумен іс жүзінде айналыспайтын жағдайлар жиі кездеседі. Көбінесе отбасыларға отбасылық тәрбиені ұйымдастыруда кәсіби көмек жетіспейді. Бұл құбылыстарды мұғалім ата-аналармен балаларды тәрбиелеу жұмысында ескеруі керек.

Сонымен қатар, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың мемлекеттік білім беру стандарттарын сәтті жүзеге асыру үшін оқу орнының мұғалімдері мен оқушылардың ата-аналары арасындағы байланысты нығайту қажет. Бұл мұғалімдер мен балалардың ата-аналары, оқу орны мен отбасы арасындағы өзара әрекеттесудің формалары мен әдістерін дамытуды талап етеді. Бастауыш мектепте бұл өте маңызды, өйткені бастауыш мектеп жасындағы оқушылармен жұмыс балалардың жасына және өмірлік тәжірибесіне, алты жастан бастап дамыта оқуға көшуге, балабақшаға баратын балалар санының азаюына байланысты өзіндік сипаттамаларға ие.

Мектептің ата-аналармен жұмыс істеу нысандары мен әдістерін ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениеті мен білімін арттыруға, мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін күшейтуге, ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне және мектептің өзін-өзі басқаруына қатысуға тартуға бағыттау қажет.

Ата-аналармен жұмыс жасаудың нысандары мен әдістерін таңдау, олардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, мектеп мұғалімдерінің бағыттаушы рөлімен ата-аналардың белсенді позициясын қалыптастыруды, олардың педагогикалық топпен өзара әрекеттесуге дайындығын қамтамасыз етуі керек. Шынында да, көптеген мәселелерді (мінез-құлық ережелерін бұзудың алдын алу және ескерту, оқуға деген ынтаны арттыру және артта қалу себептерін анықтау және басқалар) оқушының ата-анасымен қарым-қатынас жасау арқылы тиімді шешуге болады.

Бастауыш мектепте ата-аналармен жұмыс жасаудың формалары мен әдістері, әрине, кіші мектеп оқушыларының осы кезеңде танымдық процестері қайта құрылып, ойлауы дамып, мінез-құлық пен ерік-жігердің өзін-өзі реттеуі қалыптасатын, құзыреттілік пен өзіне деген сенімділік пайда болатын, қарым-қатынас аясы кеңейетін, оқу ұжымында қарым-қатынастары қалыптасатын және т. б. психологиялық ерекшеліктерін ескеруі керек.

Ата-аналармен жұмыс жасау әдістеріне әңгімелер, әртүрлі тестілеу және сауалнамалар, бақылаулар кіреді. Жұмыс формаларына ата-аналар жиналыстары, конференциялар (сынып немесе мектеп деңгейінде), кеңестер, үйлеріне бару (дәстүрлі нысандар), дәстүрлі емес - пікірталастар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ауызша журналдар, тренингтер жатады.

Бастауыш сынып мұғалімінің ата-аналармен жұмысын уақыт бойынша қатарынан үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең балалардың мектепте болған кезінен бастап алғашқы кезеңін қамтиды. Бірінші кезеңде оқушылардың отбасыларымен, балалардың өмір сүру және тұрмыс жағдайымен танысу жүзеге асырылады. Ол үшін қолда бар құжаттар, ата-аналармен және балалармен, оның ішінде мектеп психологының қатысуымен әңгімелер қолданылады. Ата-аналарға сауалнама жүргізу тиімді тәсіл болып табылады. Сауалнамаларды талдау сізге отбасындағы тәрбие әдістері, баланың сүйікті ісі мен мінез-құлқы, оның үйдегі міндеттері, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білуге мүмкіндік береді. Осы кезеңде алынған ақпарат ата-аналармен жұмысты жоспарлаудың бастапқы нүктесі ретінде қызмет етеді.

Екінші кезең мектеп оқушысын бастауыш мектептен шығарғанға дейінгі кезеңді қамтиды. Ол бастауыш сынып оқушыларының отбасыларымен жұмыс жасауда негізгі болып табылады. Бұл кезеңде мұғалімдер мен ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы өзара іс-әрекетінің әртүрлі формалары мен әдістері қолданылады. Бұл жағдайда мұғалім:

\* ата-аналардың педагогикалық білім деңгейін арттыру;

\* үй жағдайында балалардың оқуына басшылық ету бойынша ата-аналардың жұмысын бағыттау;

- \* ата-аналарға балаларды тәрбиелеудің құралдары мен тәсілдерін таңдауда көмектесу;
- \* балалар мен ата-аналардың мұғалімге деген сенімін және балалардың көз алдында ата-аналардың беделін нығайту;
- \* бастауыш сынып оқушыларының отбасы мүшелерінің тәрбие жұмысына, мектеп іс-шараларына қатысуын кеңейту керек.

Ата-аналармен жұмыс істеудің дәстүрлі түрі болып табылатын ата-аналар жиналысы әртүрлі әдістер мен тәсілдерді (пікірталастар, іскерлік ойын элементтері, семинарлар, кітаптар немесе фильмдер талқылау) қолдана отырып, жаңадан құрылуы мүмкін. Ата-аналар жиналысына балалардың зияткерлік дамуын көрсететін түрлі көрмелерді (үздік жұмыстар, дәптерлер, суреттер, қолдан жасалған бұйымдар, спорттағы жетістіктер) орайластыруға болады [1;7].

Ата-аналар, балалар мен педагог арасындағы тәрбие, байланыс пен өзара түсіністікті нығайтуда өткізілетін бірлескен іс-шаралар үлкен әсер береді: отбасы мүшелеріне арналған балалардың концерттері мен көрсетілімдері, сынып құрамында ата-аналармен табиғатқа жорықтар, мұражайларға, хайуанаттар бағына экскурсиялар, театрларға бару және басқа да түрлі іс-шаралар. Олар сонымен қатар сыныпта ұжымның қалыптасуына ықпал етеді. Оған балалардың ата-әжелерін тарту отбасы мен мектептің бірлескен тәрбие жұмысында үлкен мүмкіндіктер ашады[2;25].

Ата-аналар мен балалардың бірігуіне олардың отбасы тарихын зерттеу бойынша бірлескен жұмысы ықпал етеді [3;69]. Оны бастауыш мектепте балаларды оқыту кезінде сынып сағаттары түрінде өткізуге болады. Сынып сағаттарында балалар ата-тегі, кәсібі мен тегі, отбасылық мерекелер мен дәстүрлері, туыстарының соғысқа қатысуы туралы түсініктермен және мәліметтермен танысады.

Мұғалімдер ұжымы мен отбасының өзара іс-әрекетін нығайту бойынша жұмыста үлкен өмірлік тәжірибесі, бос уақыты, қалауы бар, көбінесе балаларды тәрбиелеу бойынша бірлескен жұмысқа қатысуға дайын бастауыш сынып оқушыларының ата-әжелері үлкен әлеуетке ие. Тәжірибе көрсеткендей, оларды іс-шараларды ұйымдастыруға тарту жақсы тәрбиелік нәтиже береді.

Заманауи ақпараттық технологиялар мұғалімнің ата-аналармен жұмысын жақсартуға, олармен байланысты нығайтуға үлкен мүмкіндіктер ашады. Оларды жоғарыда қарастырылған іс-шараларды ұйымдастыруда да (сынып сағаттары, отбасы тарихын зерттеу, түрлі мерекелер өткізу), сондай-ақ ата-аналарды жедел ақпараттандыру үшін, мысалы, интернет желісі арқылы ата-аналар үшін қол жетімді электронды күнделік жүргізу арқылы пайдалануға болады. Сонымен қатар, сіз оны өзіңіздің сыныптық әлеуметтік желіңіз түрінде ұйымдастыра аласыз, оның көмегімен ата-аналар кез-келген уақытта бір-бірімен немесе мұғаліммен байланыса алады.

Бастауыш сынып мұғалімінің ата-аналармен жұмысының үшінші кезеңі мектеп оқушысы бастауыш мектепті бітіргеннен кейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде бастауыш сынып мұғаліміне балалармен және олардың ата-аналарымен жинақталған тәжірибені орта мектепте балаларды қабылдайтын әріптестеріне беру маңызды. Бұл көп жағдайда балалармен тәрбие және оқу жұмысындағы сабақтастықты, олардың отбасыларымен өзара әрекеттестікті сақтауға мүмкіндік береді.

Әрине, ата-аналармен жұмыстың тиімділігі, нәтижесінде оқытудың сапасы, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің нәтижелері көбінесе мұғалімнің шеберлігіне, оның балалар мен ата-аналардың алдындағы беделіне байланысты.

Бұл бастауыш сынып оқушыларының мұғалімнің бағалауы және оқудағы қол жеткізген нәтижелері негізінде өзін-өзі бағалауды қалыптастыратындығына байланысты. Бастауыш мектепте балаларды оқытудың алғашқы күндерінен бастап мұғалім олар үшін сөзсіз беделге айналады, бұл бастауыш сыныптарда оқыту мен тәрбиелеудің маңызды алғышарттарының бірі болып табылады.



Ата-аналар тарапынан мұғалімді бағалаудың үш факторы бар - мұғалімнің ата-ананың қабылдауында педагогикалық беделінің болуы, баласымен жеке жұмыс деңгейі, мұғалімнің тәрбиелік тартымдылығы [4;28].

Ата-аналармен жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, бастауыш мектепте ата-аналармен жұмыс істеудің жоғарыда аталған жаңа және дәстүрлі түрлерін белсенді пайдалану ата-аналарға ата-ана тәрбиесін жақсартуға көмектеседі, ата-аналар мен балалар арасындағы байланысты нығайтады, балалардың ынтымақтастық, шығармашылық, өзін-өзі көрсету және өзіне деген сенімін дамытуға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Алешина В. О. Клубная форма работы с семьей // Начальная школа. 2008. № 1. С. 7—9.
2. Валькова Л. Н. Семейный клуб — одна из активных форм повышения компетентности участников образовательного процесса // Начальная школа. 2010. № 6. С. 25—29.
3. Тимарцева Л. В. Изучение истории семьи// Начальная школа. 2008. № 2. С. 67—74.
4. Рябов А. Е. Что определяет отношение родителей к учителям, работающим в начальной школе? // Начальная школа. 2001. № 4. С. 27—30

*А.Н.Қараева -магистр, оқытушы*

*Ә.М. Елібаева - студент 105-71 тобы. SILKWAY Халықаралық университеті, Қазақстан,  
Шымкент  
goldenmoonka@bk.ru*

## **АУТИЗМДІ ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ӘДІСТЕРІ**

### **Аннотация**

Мақалада аутистік бұзылыстары бар балалармен коррекциялық жұмыстар жүргізу арқылы олардың психикасын, сөйлеу қабілетін оңалту, қалыптастыру жұмыстары қарастырылған.

### **Аннотация**

В статье рассматривается работа по реабилитации и формированию психики, речи через коррекционную работу с детьми с аутизмом.

### **Abstract**

The article considers the work on the rehabilitation and formation of the psyche, speech through correctional work with children with autism.

Осы уақытқа дейін аутизмнің пайда болу себептері толық және анық емес. Синдромның негізінде генетикалық факторларының маңызы зор. Сондықтан қазір көптеген зерттеушілер аутизм тұқым қуалау арқылы тарайтын ауру екендігін дәлелдеп отыр. Тұқым қуалау арқылы тарау механизмі толық белгісіз, бірақ симптомның дамуы бір геннан емес гендік топқа байланысты. Бұл жағдайда гендік топтама ауытқудың өзін емес оның дамуына бейімталдығы арқылы дамиды және арнайы емес факторлардың барында ол экзогенді(жарақаттану, инфекция, улану, психикалық жарақаттану т.б.) және эндогенді(ішкі жастық криз, конституциялық ерекшеліктер т.б.). Бірақ оны дәлелдеу, қортынды жасау үшін жиналған ғылыми медициналық деректер аз. Отандық әдебиетте психогенді аутизм болуы жөнінде пікірлер болған, бірақ бұл түрге нақты тұжырымдар жоқ.

«Аутизм» терминін алғаш рет Е.Блейер нақты қарым-қатынас жасау ортасын қажетсінеу, одан оқшаулану, логикалық заңдардан азат болу мен өз «әлемінде» ғана өмір сүру сияқты, ерекше күйді белгілеу үшін енгізген болатын. 1943 жылы американ клиницисті Л.Каннер ерте жастағы балалар аутизмі синдромының 11 жағдайын

топтастыра отырып, өзінің «Аффективті байланыстың аутистік бұзылулары» атты еңбегінде, аутизмді жан-жақты қарастырады. Ол «экстремальды жалғыздық» деп, ерекше клиникалық синдром қорытындысын жасайды, кейін аутизмді ашқан ғалымның құрметіне оны *Каннер синдромы* деп атау ұйғарылды.

Г.Аспергер өзгеше категорияға жататын - бірнеше баланы сипаттай отырып, оны «аутистік психопатия» деп атайды. Бұл бұзылудың психологиялық сипаты, Каннер синдромынан өзгеше. ЕЖБА–мен салыстырғанда, бірінші айырмашылық - аутистік психопатия белгілері, 3 жастан кейін білінеді. Аутистік психопаттардың мінез-құлық пен тәртібінің бұзылуы айқын көзге түседі, олар «балалық» белгіден тыс, барлық көріністерінде «егделік» байқалады, пікірлері мен көзқарастары өзгеше бір қайталанбас сипатқа ие. Құрбыларының ойындары оларды қызықтырмайды, өз ойындары механикалық ойын тәрізді болып келеді. Аспергер олардың «аспанда қалықтап» жүретіндіктерін, мимикаларының, сөйлеудің монотондылығын, қарым-қатынастарды қажетсінеу, аялау, еркелеу әдеттерінің болмауын сипаттайды. Интуицияның жеткіліксіздігі, өзгенің жанын түсінбеу, жанашырлық көрсетпеу белгілері бар. Ал, екінші жағынан, Аспергер бұл балалардың өз үйіне деген ерекше сүйіспеншіліктерін байқайды»<sup>1</sup>.

Ресейде ЕЖБА бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек беру мәселелері, өткен ғасырдың 70-жылдары қарқынды қарастырыла бастады. Зерттеулердің нәтижесі ретінде, осы категорияға жататын балалардың психологиялық классификациясы пайда болды (К.С.Лебединская, В. В.Лебединский, О.С.Никольская.).

«**Аутизм** дегеніміз – баланың «экстремалды» жалғыздығы, эмоционалды байланыс пен коммуникация орнату қиындығы мен әлеуметтік даму қабілетінің төмендеуі. Л. Каннер, аутизмнің негізгі белгісі ретінде, «экстремалды жалғыздықты» атайды, сонымен бірге ондағы сөйлеудің бұзылуын немесе мүлдем болмауын, өзіндік әдет-ғұрып формаларына ұмтылуды, сенсорлық стимулдарға әдеттен тыс реакция жасауды тізбектей келіп, бұл ауытқу түрін, *конституционалды генезді* даму ауытқуының өзінше бір түрі деп атайды.

Көзбен байланыс жасау, яғни көзбен бағу, бетқимылы, ым, интонация жасау өте қиын. Бала өзінің эмоционалды күйін жеткізе алмайды және басқалардың көңіл-күйлерін ұғына алмайды. Эмоционалды байланыстар орнату қиындығы, тіпті ең жақын адамдарымен қарым-қатынаста да көзге түседі;

- *іс-әрекеттегі стереотиптілік*, баланың өміріндегі үйреншікті, өзіне таныс жағдайларды өзгертпей сақтауға деген ұмтылыстан туындайды. Бала пайда болған өзгерістерге күшті қарсылық көрсетеді. Ол біртекті әрекеттермен әуестенеді: шайқалу, қолын жан-жаққа сілтеу немесе сілкілеу, секіру; бір заттармен біртектес манипуляция жасау: соққылау, тарсылдату, айналдыру; белгілі бір тақырыпта айналсоқтап сөйлеу немесе бір ғана тақырыпта сурет салу;

- *сөйлеу дамуының, оның ішінде коммуникативті қызметның тежелуі немесе бұзылуы*. Барлық жағдайлардың үштен бірінде, бұл *мутизм* (сөйлеуді нақты коммуникативті мақсатта қолданбау) түрінде көрінеді. ЕЖБА бар баланың сөйлеуінің формальды түрде жақсы жетілуі, жеткілікті сөздік қоры болуы мүмкін, тіпті ол көбіне ересек адамдардай сөйлейді. Алайда, мұндай сөйлеуде қайталама бірізділік, мағынасыз көшірме сипат алады. Бала ешкімге сұрақ қоймайды, өзіне қойылған сұрақтарға жауап бермейді, кейде мағынасыз фразаларды, қажетсіз өлеңдерді қайталап айтып, өзін-өзі тындайды. Сондай-ақ, бұл балаларға *эхолалия* (естіген сөздерді, фразаларды, сұрақтарды мағынасыз қайталау) көрінісі тән, олар көпке дейін өзіндік есімдіктерді қолданбайды, өзін «сен», «ол» деп немесе есімімен атайды, қажетін сұрауда, есімдіксіз бұйрықтарды қолданады т.б. Тағы да бір көңіл аударар нәрсе, ол сөйлеудің өзгеше қарқыны, ырғағы және әуені;

- *жоғарыда тізбектелген бұзылу көріністерінің өте ерте жастан байқалуы (2,5 жасқа дейін)*.

Аутизм әртүрлі формаларда кездеседі:

1. Айналадағы болып жатқан оқиғалардан мүлде бас тарту, араласпау.
2. Белсенді бөлектену.
3. Аутистік қызығушылықтар мен әуестенулер.

4. Басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың қиындығы.

Осылайша, ЕЖБА бар балалардың негізгі 4 тобын ажыратады:

1. Баланың ерте жастан, әлеуметтік белсенділігінің болмауы назар аудартады. Бала өзінің жақындарының ойнатқан, күлдірген, назарын аудармақ болған әрекеттеріне жауап бермейді.

2. Екінші топтағы балалар сәл белсендірек. Олар бөлектенбейді, тек қарым-қатынас жасауда, талғампаздық танытады. Өзіне ұнаған адамдарға ғана жауап береді т.с.с. Олардың киім киюі, тамақ ішуі, ойнауы сияқты әрекеттерінде, белгілі бір қалыптасқан жүйе бар. Сонымен қатар, көңіл-күйлерінде қорқыныш, алаңдау т.б қалыптасады. Кейде агрессия пайда болады.

3. Мұндай балалар қоршаған ортадан бөлектену емес, одан гөрі қызықты өз қиялдарының әлемінде өмір сүруге ұмтылады. Бұл балалар басқалармен тіл табыса алмайды, жиі қақтығысады, басқалардың тілектерімен санаспайды. Кейде олар айлар-жылдар бойы бір ғана тақырыпта сөйлейді, бір ғана ойынды ойнайды. Қиялында мистикалық, қорқынышты, агрессивті бейнелер жасап алады. Өздерін «құбыжық», «өлтiрушi» т.б. бейнесінде сезiнедi.

4. Бұл топтағы балалар-анағұрлым жеңіл формадағы ЕЖБА бар балалар. Олар өте өкпелегіш, сезімтал. Бұл балалар ересектер тарапынан берілетін эмоционалды көмекке зәру. Олар үшін ең бастысы, өзара сенім, түсіністік, қауіпсіздік жағдайын орнату.

Аутизм саңыраулық пен соқырлықты қоса алғанда жиі кездеседі, бірақ оның таралуы жайлы статистикалық мәліметтер әрқилы, оның өзіндік себептері бар:

1) диагностикалық критерийлердің жеткілікті деңгейде анық болмауы, олардың сапалық жағы;

2) синдромның баланың жасына сәйкестігін бағалаудағы әртүрлі пікірлердің болуы (Ресейде – 15 жасқа дейін, Батыс Европа, АҚШ, Жапон елдерінде – жасқа сай шектеу қойылмайды);

3) ЕЖБА себептерін, механизмін, негізгі мәнін ұғынудағы әртүрлі пікірлердің болуы.

Соңғы жылдары біздің еліміздегі, шетелдердегі ғылыми әдебиеттерде, әрбір 10.000 сәбидің 15-20-да, оның өзінде аутизм қыз балаларға қарағанда, ұл балаларда 4–4,5 есе жиі кездесетіндігі жайлы айтылады. Сонымен қатар, аутизм жиілігінің уақыт өткен сайын өсу үрдісі байқалуда, әрі мұның ұлттық, нәсілдік, географиялық факторларға қатысының болмауы, оның түпкі себебі, локальды емес, жалпы адамзаттық сипатқа ие болатынына айғақ бола алады.

Балалар аутизмінің патогенетикалық механизмдері, толық зерттелмеген құбылыс. Қазіргі кезде оның генетикалық факторларына назар аударылуда. Мұның ішіндегі ең дәйектісі – мультифакторлық механизм. Гендік кешен, патологияның өзін тудырмайды, тек ауытқудың пайда болуына септігін тигізеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Азанбекова Г.Т., Асылова Р.О. Аутизмі бар балаларды оқытуда кешенді әдістерді қолдану Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы. – 2016. – No 4(84).
2. Albert A., Pirrone, P., Elia, M., et al Sulphation deficit in 'low-functioning' autistic children a pilot study Biological Psychiatry. – 1999.
3. Аутизм / под ред. проф. Э.Г. Улумбекова. Гэотар-мед, 2002.
4. Berney. T.P., Ireland M. & Burn j. The behavioural phenotype of Cornelia de Lange syndrome. Archives of Diseases in Childhood. – 1999.

5.Бородина Л.Г. Опыт амбулаторной фармакотерапии детей, больных аутизмом // Аутизм и нарушения развития. – 2004.

*Қараева Алтынай Нариманқызы*  
*магистр, оқытушы*  
*Жүнісбек Аружан Жапарқызы – студент 105-71 тобы*  
*SILKWAY Халықаралық университеті, Қазақстан, Шымкент*  
*goldenmoonka@bk.ru*

## **ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ ІС-ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ**

### **Аннотация**

Мақалада инклюзивті оқыту іс-тәжірибесінде бастауыш сынып оқушыларының қол моторикаларын дамыту ерекшеліктерін анықтау жолдары, балаларды сауатты жазуға дайындау және де оқушылардың жаңа материалды қабылдау қабілетін анықтау.

### **Аннотация**

В статье рассматриваются способы выявления особенностей развития моторики рук младших школьников в практике инклюзивного образования, подготовки детей к грамотности и определения способности учащихся усваивать новый материал.

### **Abstract**

The article discusses ways to identify the features of the development of hand motor skills of primary school students in the practice of inclusive education, to prepare children for literacy and to determine the ability of students to absorb new material.

Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр.

Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айрықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігі мақалада айтылған.

Өмір талабына сай оқыту әдістерін іздестіруге бағытталған жаңа әрі эффективті психо-педагогикалық қатынастарды қарастыруда оқыту мен тәрбие процесін ұйымдастыруға жоғары талаптар қойылып отыр. Бұл мағынада баланың сауаттылықты

игеруге дайындық мәселесі ерекше сипатқа ие бола түседі. Оның талабына сай мекемелердегі оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың мақсаты мен принципі анықталады, сонымен қатар балалардың мектептегі оқуының үлгерімінің сәтті болуы да осыған байланысты.

Балаларды мектепке, сонымен қоса жазуға дайындығын қалыптастыру тұтас алғанда бала өмірі жүйесін толық қамтитын комплексті, көпшекті жүйе. Айта кетерлік жайт, кіші мектеп жасы оқушыларының игеру қабілеттері олардың жас ерекшелік мүмкіндіктеріне сәйкестелініп құрылады. Оқыту процесі бала санасын ойлау жүйесіне теңестіреді. (Л.С.Выготский). Осы негізде барлық басқа функциялар мен анализаторлардың жұмысын анықтайтын ойлау процесі доминирлеуші функция болып қала береді.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшілігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабілеттілігі төмендігі, қоршаған орта туралы дамуында бұзылыстар байқалады. Психикалық дамуы тежелген баланы психологиялық-педогогикалық қолдау (ППҚ) қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады, мұндайда әр маман өз бағыттары бойынша жұмыс істейді.

Жалпы инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін : жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қайшы қоймай, қайта жақындатады.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту- барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуына тоқтап атап өтейін. «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

-мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

-мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 2030

мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Аксарина Н.М. «Воспитание детей раннего возраста». М. Просвещение, 174г.
2. Аксенова А.К. «Методика преподавания русского языка во вспомогательной школе». М. Просвещение, 1986г.
3. Ананьев В.Г. «Анализ трудностей в процессе овладения детьми чтением и письмом» .г. Известия АПН РСФСР, вып. 70, 1950г.
4. Божович Л.И. «Психологические вопросы готовности ребенка к школьному обучению и вопросы психология ребенка в дошкольном возрасте». М. 1948г.
5. Безруких Н.М., Ефремова С.П. «Знаете ли вы своего ученика». 1991г.

*Багибаева Майгүл Илиясовна - психология магистрі, ағаоқытушысы  
Битокова Мадина Қанатқызы  
Психология мамандығының 4 курс студенті  
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Алматы қ.,*

### **АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аннотация:** Представлены результаты исследования психологических особенностей подростков, проживающих вне семьи и имеющих нарушения социализации на микроуровне. Предполагалось, что детям, оставшимся без попечения родителей с рождения, трудно адаптироваться к жизни. Установлено, что в данной группе подростков высокий уровень мотивационных тенденций, отражающих страх отказа, а также уровень подозрительности.

**Summary:** The results of the study of the psychological characteristics of adolescents living outside the family and having disorders of socialization at the micro level are presented. It was assumed that children left without parental care from birth, it is difficult to adapt to life. It was found that in this group of adolescents there is a high level of motivational tendencies that reflect the fear of rejection, as well as the level of suspicion.

Біздің еліміздегі ең өткір әлеуметтік-экономикалық және психологиялық-педагогикалық проблемалардың бірі - әлеуметтік жетімдік мәселесі. Қазіргі таңда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны жетерлік. Олардың 85%-ы әлеуметтік себептер бойынша ата-анасынан айырылған. Бұл балаларды интернат үлгісіндегі балалар мекемелеріне (балалар үйлері, мектеп-интернаттар) орналастыру бәрінен бұрын баланың мүдделеріне сай келмейді. Ата-ана махаббаты мен қамқорлығы болмаған жағдайда балалар қалыпты даму үшін қажеттіліктердің толық жиынтығын бірден қанағаттандыру

мүмкіндігінен айырылады, олардың ең бастысы махаббат пен қауіпсіздік сезімі. Баланың өмірінде жақын адамның болмауы қорқыныш, агрессивтілік, адамдарға сенімсіздік, өз-өзіне күмәндану, оқуға құлықсыздық, жаңа нәрселерден қорқуды тудырады. Балалар интернатының жағдайы баланың психикалық және жеке дамуындағы бұрмаланулардың өсуіне және тереңдеуіне ықпал етеді, оларды жою мүмкін емес. Ата-анасынан айырылған және ұзақ уақыт балалар үйінде тәрбиеленетін балалар үшін жағымсыз мінез-құлық белгілері мен мінез-құлықта ауытқулар жиі сипатталады (басқалармен қарым-қатынас жасай алмау, жанжал, сенімсіздік, оқшаулау, алдау, тәуелділік, тұтынушылық және т.б.). Мұның бәрі кейіннен балалар үйіндегі түлектердің қоғамдық ортаға бейімделуін қиындатады [1].

Материалдың өзектілігі отбасындағы өмір тәжірибесі жоқ жасөспірім балалар санының көбею проблемасымен анықталады. Қазіргі қоғамда көбірек балалар ата-анасының қамқорлығынсыз қалады. Алайда, олардың әлеуметтенуінің ерекшеліктері және оларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету әдістері, психологтардың психикалық депрессияның салдарын жеңуді қалпына келтіру әлі толық зерттелген жоқ. Эмпирикалық дәлелдерге сүйене отырып, әлеуметтік салада ересектерде кездесетін әртүрлі қиындықтар көбінесе олардың балалық шағында жанжал, суық атмосферада өмір сүруімен немесе психикалық депрессиямен байланысты екендігі көрсетілген.

Жетім балалардың даму ерекшеліктері мәселесі психологиялық ғылымда, әсіресе теориялық тұрғыдан жеткіліксіз дамыған: бойлық зерттеулерге негізделген жұмыстар аз, жетім балаларды диагностикалаудың арнайы әзірленген құралдары жоқ. Сонымен бірге, бұл мәселеге жүгіну әсіресе жетімдік мәселелерді шешудің жаңа моделіне – балаларды алмастыратын отбасыларға беруге байланысы өте маңызды [2]. Қазіргі уақытта жасөспірім жастағы балалар балалар үйлері мен интернаттар тәрбиеленушілерінің негізгі контингентін құрайды. Олардың арасында отбасында өмір сүру тәжірибесі бар және мұндай тәжірибесі жоқ жасөспірімдер бар.

Ғылыми әдебиеттерді талдау мамандардың жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды алмастырушы отбасыларға беру кезінде кездесетін бірқатар мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың негізгі контингентін құрайды, олардың кеш анықталуына (олар ұзақ уақыт отбасылық қолайсыз жағдайда өмір сүрді және 15-16 жастағы интернат үлгісіндегі мекемелерге берілді) және бір отбасынан шыққан балалар санының көп болуына (3-6 адам) байланысты [3].

Көптеген психологиялық еңбектерде (Л.И. Божович, И.В. Дубровина, М.И. Лисина, В.С. Мухина және т.б.) эндогендік және экзогендік факторларға байланысты отбасылық ажыратылған жасөспірімдердің нақты психопатологиялық бұзылыстары сипатталған. Зерттеу деректері бойынша (Л.Ф. Сенкевич, Н.Ф. Федорова және т.б.), бұл студенттер нашар және тегістелген эмоционалды сала сияқты жағымсыз белгілерді, кейінірек өзін-өзі бақылау және әлеуметтік қолайлы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды қиындатады. Авторлар балалар үйі тәрбиеленушілерінің психикалық және физикалық мәртебесінде әртүрлі патологиялардың болуын атап өтеді.

Отбасылардан шыққан балалар мен интернат түріндегі мекемелердегі балаларды салыстыру әрдайым ақыл-ой, сезім және мінез саласындағы соңғысының дамуы отбасында тәрбиеленетін балалардың дамуынан төмен екенін көрсетеді. Мекемелерде туылғаннан бастап тәрбиеленетін балалар мектеп жасында ғана интернат типіндегі мекемелерге түсетін балаларға қарағанда, даму бұзылыстарын едәуір жиі және көп дәрежеде сезінеді. Себебі, балалық шақ- бұл психологиялық тұрақтылықты, жағымды, моральдық бағдарларды, мақсаттылықты қамтамасыз ететін тұлғаның іргелі қасиеттері қалыптасатын кезең. Бұл рухани қасиеттер өздігінен дамымайды, бірақ ата-ананың сүйіспеншілігі, қамқорлығы жағдайында қалыптасады, отбасы баланың танылу қажеттілігін, басқа адамдарға жанашырлық пен қуануды, өздері үшін және басқалар үшін жауапкершілікті сезінуді, көп нәрсені үйренуге деген ұмтылысын тудырады [4].

Отбасынан тыс баланың дамуы ерекше эмоционалды кешендерде (сенімсіздік, импульсивтілік, эмпатияның төмендігі және т.б.) көрінетін өзіндік жеке қасиеттердің қалыптасуымен ерекше жолмен жүреді.

И.В. Климов балалар үйіндегі балалардың келесі ерекшеліктерін ажыратады: агрессивтіліктің жоғарылауы, сезімталдық, қыңырлық, дұшпандық, шыдамсыздық, жиі көрінетін невротикалық тенденциялар, қарым-қатынас қиындықтары, психикалық стресстің белгілері [5].

Ұлдардағы психоэмоционалды күйлердің теңгерімсіздігі көңіл-күй, қызғаныш, өзін-өзі бағалау деңгейінің жоғарылауы, сенімсіздік сезімінде көрінеді. Қыздарда көбінесе кемшілік сезімі, қарым-қатынас қиындықтары, қорқыныш, мазасыздық және психикалық стресстің өте жоғары деңгейі болады.

М.А. Чупрова 5-9 жас аралығындағы отбасында өмір сүру тәжірибесі жоқ жетім балалардың тұлғааралық қатынастары мен эмоционалды дамуын зерттеуде ересектермен қарым-қатынасы, ата-ана мен бала қарым-қатынасы, басқа адамдармен қарым-қатынасы, эмоционалды салаға қатысты сапалы жағымсыз белгілерді анықтады (эмоционалды тәжірибені түсіну қабілеті және эмоционалды тәжірибе деңгейі айтарлықтай төмендеді) [6].

Осылайша, жалпы отбасылық депривацияға ұшыраған, мемлекеттік мекемеде туылғаннан бастап тәрбиеленетін жасөспірімдердің даму проблемасының жай-күйін теориялық талдау көрсеткендей, оның көптеген аспектілері нашар түсініледі. Сонымен қатар, бұл ерекшеліктерді білу және түсіну мамандарға тиімді кәсіби жұмыс үшін қажет: теріс аспектілерді түзетуге, әртүрлі психологиялық факторлардың есебінен өтемақы төлеуге, баланы алмастыратын отбасына орналастыруға дайындауға, бейімделу кезеңінде қолдау мен сүйемелдеуге мүмкіндік беретін білім беру жүйесін құру.

Осы зерттеуде анықталған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұлғалық дамуының психологиялық ерекшеліктері, біздің ойымызша, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың психологиялық қызметінің диагностикалық және психокоррекциялық жұмысына, интернат үлгісіндегі мекемелерде балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, интернаттан кейінгі қолдау және бала мен ата-ананың бейімделуі кезінде алмастырушы отбасыларды қолдау модельдерін әзірлеуге көмектеседі. Зерттеу нәтижелері болашақ алмастырушы ата-аналарды оқытатын, отбасының бұзылуын болдырмау үшін алмастырушы отбасылармен бірге жүретін мамандарға пайдалы болады. Олар сондай-ақ балалар үйлері мен интернаттар қызметкерлеріне жасөспірімдерді психологиялық сүйемелдеудің оңтайлы түрін табуға көмектеседі.

#### *Әдебиеттер:*

1. Дж.Боулби Привязанность ребенка к матери. М., 2003.
2. Г.В.Бурменская, Е.И.Захарова, О.А.Карабанова и др. Возрастно-психологический подход к консультированию детей и подростков. М., 2003.
3. В.К.Зарецкий, М.О.Дубровская, В.Н.Ослон, А.Б.Холмогорова Пути решения проблемы сиротства. М., 2002.
4. Д.Д.Татаренко Адаптация семьи к новой социальной ситуации развития с приемными детьми // Вестник Моск. гос. обл. ун-та. Сер. Психологические науки. 2010.
5. Д.Д.Татаренко Детско-родительская адаптация в замещающих семьях // Вестник Моск. гос. обл. ун-та. Сер. Психологические науки. 2012.
6. М.А.Чупрова Нарушения интерперсональных отношений и эмоционального развития у детей-сирот без опыта жизни в семье: Дис. ... канд. психол. наук. М., 2007.



## **БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Бастауыш білім берудің негізгі міндеті – білім алушының даралығын ашу және оқу әрекетін игерту.

Бастауыш білім – үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы басқышы екендігін ескере отырып, оқушыға белгілі бір көлемде білім, білік, іскерлік дағдыларын меңгертумен бірге табиғат, қоғам, өзін қоршаған дүние туралы танымын қалыптастыру, оқушының жеке басының қасиеттерінің негізін қалап, оны жан-жақты дамыту, жоғарғы ізгілікке тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы. Қазіргі кезде бастауыш сынып мұғалімдері оқу әрекетінің табиғатын теориялық және практикалық тұрғыдан жете меңгеруі қажет. Себебі, оқу әрекетінің негізі осы кезеңде қалыптасады. [1;1]

Оқу әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Олар:

1. Оқу әрекетінің мазмұны оқу тапсырмалары түрінде құрылуы;
2. Оқу әрекетінің бұрын танылған білім мен білікті онан әрі игеруге бағытталуы;
3. Оқу әрекетінің негізгі мақсаты – білім беру, оқуға үйрету;
4. Оқу әрекетінде нақты нәтижемен қатар, нәтижеге жету барысының ескерілуі;
5. Оқу әрекетінде жаңалықтың ашылмауы дегеніміз – ол жаңалықтың тек оқушылар үшін ғана жаңалық болып, ғылым үшін жаңалық болмауы;
6. Оқу әрекетінде дербестіліктің деңгейінің төмен дәрежеде болуы;
7. Оқу әрекетінде тексерудің процесті тұтас қамтуы;
8. Оқу әрекеті – мөлшерлі әрекет.

Оқу әрекетін жүзеге асыру барысында оқушыларда мақсаттылық, ұйымшылдық, жауапкершілік, дербестілік, шығармашылық, ұжымшылдық, тәртіптілік, икемділік, тұрақтылық, табандылық т.б. сияқты тұлғалық қасиеттер қалыптасады. Білім алу, іскерлік пен дағдының қалыптасуы тек оқу әрекеті арқылы ғана болады деу – біржақты түсінік. Себебі ол басқа әрекеттерге де тән. Әрекет – жеке адамның белсенді түрдегі жұмысының қорытындысы. Әрекет психологияда дамыта оқыту идеясымен тығыз байланысты.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы сатысы. Соған сәйкес бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің міндетті мемлекеттік стандарты жетілдірілді. Мемлекеттік стандартта дамыта оқыту ұстанымына сәйкес білімнің теориялық деңгейін көтеру, оқу- әрекетін қалыптастыруда білімнің танымдық, шығармашылық ролін мақсат етіп қояды. [2;1]

Пәндерді оқыту арқылы ұлттық және әлемдік тәлім нәрімен сусындаған, болашақ халық игілігін жасайтын азамат тәрбиелеу. Ал міндеті- оқушылардың танымдық деңгейін кеңейту, шығармашылық және еңбек біліктерін, қабілеттерін дамыту, рухани байлықты дамытуға жағдай жасай, салауатты өмір салтын насихаттау. Соның негізінде ұшқыр ойлы, жаны сұлу, тәні сау, шығармашылықпен ойлай білетін дара тұлғаны тәрбиелеуге ұмтылуымыз қажет.

Оқушылардың оқу- танымдық іс- әрекетін, белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

Оқушылардың оқу – танымдық іс – әрекеті – күрделі процесс. Ол іс – әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды.

Оқу – танымдық іс – әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл- амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу- танымдық әрекеті негізінде

жүзеге асады, ал оқу — танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмдік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенді танымды іс- әрекетінің көздейтін мүддесі — білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Оқушылардың танымдық белсенділігі мына үш белгіге тән:

- Оқу- танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты;
- Оқу- танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты;
- Оқу- танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты.

Сондай – ақ, танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынадай жетекші фактормен анықталады:

- Оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу;
- Оқу үрдісінде мәселелік оқытуды кеңінен енгізу;
- Материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету;
- Бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т.б.

Оқу үрдісі оқушылардың танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру- оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор.

Сабақ беруде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға қойылатын негізгі талаптар:

- Оқушыларға қойылған оқу міндеттерінің мәні әрқашан түсінікті болуы керек, олар оқытудың мақсатын түсіну керек. Сабақ мәселе қоюмен басталу керек және оқушылардың алдыңғы тәжірибелеріне, олардың білім жүйесіне сүйене отырып жүргізілуі керек. Мұғалім оқушылардың оқытылатын материалға қызығушылығын арттыру үшін барлық тәсілдерді пайдалануы керек.
- Оқушылардың белсенділігінің маңызды шарты оқыту процесіндегі өзін-өзі бақылау мен өзін- өзі бағалау болып табылады. Сондықтан да оларды осындай қызметке қажеттілік пен дағды қалыптастыру мұғалімнің бірден бір міндеті болып табылады. Өзін- өзі бақылау мен өзін- өзі бағалау қазіргі оқыту технологиясының міндетті элементі болуы қажет.
- Білімді саналы және белсенді меңгеруде басты рөл жарқын үлгілерді белгісіз оқушының қосымша оқу материалын пайдалануы арқасында көрініс табатын қызығушылыққа беріледі. Саналылық және белсенділік принциптерін жүзеге асыру үшін оқылатын материалдың тек мазмұнына ғана емес, сондай-ақ оқыту процесінің өзіне де қызығушылық қалыптастыру қажет. Оқушыларға тек жаңа ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар оқу, оларға таным процесінің өзі де қызық болуы керек. Бұл ережелерді сақтау жалған білім жинақтауды емес, сенімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту үрдісінде оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін- өзі бейімдеу шарттарын, мәселелерді шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етуі тиіс.

Оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның ең жоғарғы деңгейі танымдық міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал орташа деңгей жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады, мұнда мұғалім танымдық тапсырма беріп, оның шешуін бақылауы немесе оқушыға шешу тәсілдері көрсетуі тиіс.

Төменгі деңгейде оқушыға белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана танымдық әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады.

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың негізгі факторларына оладың өз мүмкіндігін сезінуі, оқушылардың өз таңдауымен жұмыс істеуі, оқу үрдісіне баланың өз әрекетінен қанағаттануы; оларға мұғалім тарапынан қойылатын талап пен қабілеттерінің сәйкес болуы; мұғалімнің өзіндік жұмысты ұйымдастыра алуы, т.б. жатады. Бұл факторлар оқу мотивтерінің өрісін кеңейтіп шығармашылық әрекетіне негіз қалайды. Қабілеттер оқушыға дайын түрде берілмейді, ол оқыту барысында жүзеге асатын дамудың нәтижесі. Оқу, білім алу қабілеттерінің деңгейі әр оқушыда әр түрлі болғандықтан, мұғалім танымдық тапсырманы беру кезінде оны ескеруі тиіс.

Төменгі сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру үшін білімді меңгерудің мынадай мақсаттары керек:

- Мақсатты қоя алу (мақсатты түсіндіру);
- Мақсатты жүзеге асыра білу (орындалатын бөлігі)
- Нәтижені бағалай алу (бақылау, баға).

Бүгінгі мектептерде тек қана екінші буын –орындалатын бөлім ғана жүзеге асады. Сондықтан да ол мектеп тәжірибесінде кең таралған, өйткені мұғалім оны оңай қолдана алады. Мақсатты қоя білуге тоқталсақ, онда ол мақсаттың тек қана жекеленген, бөлек, бір-бірімен бірікпеген оқу үрдісінің мұндай түрі оқушылардың өз қызметін бақылап, оған баға беріп, нәтиженің тиімділігін қалыптастырмайды. Басқаша айтқанда, оқушының танымдыққа емес, тіпті оқу үрдісіне деген қызығуының артуы екіталай. Осы көрсетілген үш элементтің жүзеге асырылуы үшін оқу пәні ішкі ой ерешеліктеріне, яғни, ол ойдың даму тарихы мен қалыптасуына, сонымен қатар әр оқу пәні – жалпы білім жүйесінің тек бір ғана бөлігі екенін түсінгенде ғана іске аспақ. Яғни, қазіргі заманғы оқу үрдісінің мазмұнына деген көзқарас оның диалектикалық дамуында ғана қарастырылуы керек. Басқа сөзбен айтқанда, пәндік білім беру жүйесінің негізінде диалектикалық қайшылық, яғни, бір жүйеде нақты пәнді алсақ, білім беру жүйесінің дамуына мүмкіншілік беретін қозғаушы күш деп қарастырылады.

Бастауыш сынып оқушыларында ұғынатын түсініктер оның маңызын жаттап алып көптеген жаттығуларды, есептерді орындағаннан емес, оларды түсіну арқылы ғана болады. Танымдық белсенділік барысында логикалық ойлауы дами бастайды.

Сонымен, оқушылардың танымдық белсенділігінің көрсеткіштері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Білімді өз бетінше алуы және оны түрлі жағдайда қолдана білуі;
2. Іргелі білімдерге қол жеткізу;
3. Танымдық тапсырмаларды шешу біліктері;
4. Өзбетіндік оқу әрекетіне қызығушылығы, әрекет тәсілдерін білуі;
5. Тұтас педагогикалық үрдісте мұғалімнің оқуы мен мақсатты өзара әрекеті;
6. Әрекетке бейімделуі мен өзін-өзі бақылау.

Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін мұғалім тарапынан ұйымдастырушылық пен дұрыс басшылық және оған оқушылардың өздері белсенділік танытпағы ләзім. Ал оқушылардың жеке басының дамуына белсенді болуы үшін оны қажетсінуі, ізденуі, бағдарлай білуі, зерттеу біліктері болуы қажет. Бұл жерде оқушылардың қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етудің, сол жолда ізденісін, талабын ұштап, білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

Қазіргі кезде әр ата ана баласына сапалы білім бергісі келеді. Баланың бос уақытын қалдырмай, мектептен кейін әр түрлі спорт секцияларына, логикалық ойлауын дамытуға арналған және шығармашылықтарын дамытуға арналған түрлі орталықтарға жазып, оқушының күнделікті уақытын тиімді ұйымдастыруға тырысады. Бір жағынан бұл дұрыс, бірақ кейде балаға сәл де болса еркіндік беріп, өз-өзімен қалуға мүмкіндік жасауымыз

қажет. Себебі, қазіргі мектеп программасы қазіргі кезде жеңіл емес, әсіресе, 1 сынып оқушылары үшін қиынға соғады. Мен бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасағаныма көп жылдар болды, бірақ соңғы кездегі мектеп программасын оқушылардың тез ұғып алуы қиындады. Сол себепті де, ұстаздар сабақ өткізудің әр түрлі әдіс тәсілдерін қолданып, сабақты көрнекі өткізуге тырысады. Сабақтан тыс жұмыстарда көбіне оқушылар дем алуы керек, бір бірімен сөйлесу арқылы, араласып, бірін – бірі тану арқылы сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар біраз сергиді. Сыныптан тыс жұмыстардың өткізілу формалары өте көп. Соның бірі, біздің оқушылармен жиі өткізетін түрі бұл викториналық сабақтар және қызықты кештер. Осындай түрлі сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушының уақытын тиімді пайдаланып, тәрбиенің түрлі бағыттарын беруге болады.[3;4]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – А. Атамұра. 2002ж.
2. Рысбекова А. «Танымдық қабілетті арттыру шрттары », «Қазақстан мектебі» журналы №7-2010ж.
3. Ильясов С. «Танымдық белсенділікті дамыту — өзекті мәселе», «Қазақстан мектебі» журналы №2-2011 ж.

*Акишева А.К., PhD докторы*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы  
Қараменді А.М.*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫН ИГЕРУДЕГІ АРТТА ҚАЛУ СЕБЕПТЕРІ. ТҮЗЕТУ ӘДІСТЕРІ**

Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балалармен жұмыс орындау нашар оқытындармен салыстырғанда әлдеқайда тиімді болып табылады. Нашар оқытын оқушылар оқу-тәрбие үрдісінде көбірек біліктілікті қажет етеді. Бірақ балалардың екі түрінде де жұмыстың жалпы бағыты бірдей. Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балаларды мектепке дейін қолға алу керек. Мектепке дейінгі балалармен оқу - тәрбие жұмысын жүргізу сапалы білімге, олардың сезімдеріне бағытталуы керек. Осы мақсатпен әртүрлі дидактикалық және рөлдік ойында қолдануға болады. Көп назарды балалардың сөйлеу қабілетін дамытуға, олардың сөздік қорын белсенді байытуға назар аудару керек. Сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта ырықты зейін мен ырықты есте сақтауды дамыту қажет. Балалардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу жұмыстары көп уақытты, ынта-жігерді қажет етеді. Осы қиыншылықтардың себебі-баланың ақыл-ой ерекшеліктерінің қалыптасқаны, ал бұл ерекшеліктер мидың кейбір органикалық аномалияларымен байланысты, сондықтан олар сыртқы әсерлерге тез көне алмайды. Бұндай сыртқы әсерлерге өте ерте жаста жағымсыз әлеуметтік-педагогикалық жағдайлардың ықпалынан, назардан тыс қалған балалар тез көнгіш болып келеді. Мұндай артта қалудың алдын алу үшін жұмыс балалардың ақыл-ой әрекетін белсендіруге, сөйлеу қабілетін дамытуға, практикалық тәжірибесін кеңейтуге бағытталуы керек [1].

Қазіргі мектептерде балалардың есту, көру, қозғалыс анализаторларын дамытуға аз уақыт бөлінуде. Сондықтан практикалық интеллекті балалар өз ерекшеліктерін көрсетіп, өз мүмкіндіктерін дамытуға, қоршаған ортаның назарына ие бола алмайды. Қазіргі мектептерде сөз-логикалық ойлауға үлкен талап қоюда. Ән, сурет, спорт пәндері арқылы көрнекі амалды, нақтылы-бейнелі және практикалық ойлауға сүйенуді талап ету оқудағы артта қалу мәселелерін шешудің бір жолы болып табылады [2]. Мұғалімдер балалардың қайсысы практиктерге жататынын анықтап, мұндай оқушылардың ерекшелігін ескеру керек. Сабақ үстінде көбірек көрнекіліктерді қолданып, тереңірек талдау жасауды

қарастыру қажет. Үлгермеушілік сабақ барысында қалыптасады және оның алдын алуға, күресуге болады. Нашар бағаға әкеп соқтыратын оқушы үлгермеушілігінің себептері оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастырмауда, мектепшілік бақылаудың мерзімді жүрмеуінде, санитарлық - гигиеналық нормалардың бұзылуында жатыр. Бұлардың ішіндегі негізгілері мыналар: - жекелеген мұғалімдер сабақтарының сапасындағы, жаңа материалды тиісінше түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімінесепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісті дәрежеде талап етпеуі; - үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластырмау жәнатыңғылықты тексерудің болмауы; - мұғалімдердің өз оқушыларын дұрыс білмеуі; - жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмауы; - мектепте үлгермеушіліктің алдын алу жөнінде жүйелі жұмыстың болмауы, мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерінің, әлеуметтік ортақжұмыс жүргізбеуі; - тәрбие жұмысындағы олқылықтар, оқушылардың сабақтағы нашартәртбі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі, мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақтылы және тиісті шара қолданбауы; - бағалаудағы біржақтылық; - оқыту мен тәрбие үрдісінде сабақтастықтың болмауы; - сабақтан қалдыру, оқушының ауырып қалуы, т.б. Ең алдымен мұғалім мен сынып жетекшісінің жұмысымен танысуы керек (үлгермеу себептерін айқындау, біліміндегі олқылықтардың сипаты) [3].

Оқушылардың үлгермеушілігінің себептерін зерттеу мақсатында мектепте педагогикалық басқосулар, семинар, тренингтер өткізуі тиіс. Олардың тақырыптары: Нашар үлгеретін және үлгермейтін оқушыларға білім беру үрдісін белсендіру, үлгермеушілікті болдырмау және алдын алу жөніндегі педұжымның іс - әрекеті, т.т. Бұл шараларда оқушыны зерттеудің жалпы бағдарламасы қарастырылып пікірлер тыңдалып, үлгермеушілік себептері айқындалуы және жеке оқушыны оқытумен тәрбиелеуді жетілдіру шаралары қарастырылуы қажет.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән-мағынасы, оны ұйымдастырудың тәсіл - амалдары туралы педагогикалық әдебиеттерде әр түрлі пікірлер айтылады. Профессор Р.Г.Лембергтің пікірінше, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мына шарттарға байланысты: оқушылардың істейтін жұмысының мақсатына айқын түсінуі; жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне қызығуы: Жұмысты оқушылардың өз еркімен қалауымен орындауын көздеу керек. Оқушылардың өзіндік жұмысына тән негізгі сипаттарды анықтап беру қажет. Бірден ескертетініміз: Ол күрделі әрекет болғандықтан, бір ғана белгімен сипаттауға болмайды. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар: Мұғалімнің нақты тапсырмалар (нұсқаулар) беруі: Жұмысты орындаудың және аяқталудың уақытын белгілеуі, мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің өзара байланысы, олардың жұмысты өз еркімен және қолдауымен істеуі, оған әсер ететін мотивтер және т.б. [4]. Оқушылардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша, өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар, оқушылардың өзіндік жұмысының жоғарғы формасына, олардың өз еркімен жаңа амал- тәсілдері қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары да жатады. Оқушылардың таным әрекеті білім алу қажетімен ұштасады. Осыған орай, олардың дербестігі, ең алдымен, белсенділікке байланысты, ол белсендік дербестікті қажет етеді. Оқушылардың өздігінен істейтін әрекетінің белсенділігін арттырады. Бұл екі термин өзара ұқсас болғанымен, олардың мазмұнында айырмашылық бар. Қысқаша айтқанда, бұлар бір мағынадағы ұғымдар емес. Белсенділік-дербестікке қарағанда мағынасы кең ұғым. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда халық педагогикасының үлгілерін қолданудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр.. Бізге мәлім, мектеп есігін алғаш ашқан балалардың жас шамасы қатар болса да, түсінуі, құбылысты қабылдау қабілеттері әр түрлі. Мысалы, біреуі сыпайы, тәртіпті, тіл алғыш, сезімтал, бір нәрсені тез меңгеріп кете алса, енді бірі самарқау, айтқанды қиын қабылдайтын, ал енді біреуі жалқау болып келеді. Өйткені олар әр жанұядан, түрлі дайындықпен келеді. Соның нәтижесінде әр сыныпта азда болса (сабаққа ынтасы төмен) үлгермейтін оқушылар кездеседі. Мұндай оқушыларды толық

үлгерімге жеткізу - мұғалімнің қиын да абыройлы міндеті. Бұл міндетті орындау үшін біріншіден, оқу сапасын арттырып, теория мен практиканы ұштастыра отырып, әр уақытта газет-журналдарда жарияланған методикалық жаңалықтарды, озат тәжірибені, жаңашылдар әдісін (Ш.А.Амонашивили, С.Н.Лысенкова т.б.) өз сабағында мүмкіндігінше пайдалану қажет. Екіншіден, әр оқушының өзіндік ерекшелігін, тұрмыс жағдайын ескеріп ата-анасымен тығыз байланыс жасаймыз. Сонымен бірге, оқушыны зерттеп, олардың білімдерін есепке алуды басты мақсат еттік. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізгенде мынадай ұйымдастыру шараларының көп көмегі тиді. - Топқа бөліп оқыту әдісін жиі пайдаланамыз. Оқыған оқушылардың мінез-құлқы, ынтасы, білім деңгейі өзімізге белгілі. Сол қорытындыбойынша оқушыларды топқа бөлеміз. 1 топ – “өте жақсы”; 2 топ – “жақсы”, 3 топ – “орташа”, 4 топ - үлгерім дәрежесі төмен оқушылар. Жоғары үш топпен жүргізілетін жұмысқа тоқталмай, соңғы білімдәрежесі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс түріне тоқталмақпыз [5].

1-сыныпта оқытудың басты міндеті балаларды оқуға жазуға және санауға үйрету. Басқа жұмыстар осы мәселелерге негізделіп жүргізіледі. Бұл топта төрт оқушы бар. Екеуі даярлықта оқымаған. Осы төрт оқушының біреуі әліппеден де, математикадан да нашар. Жұлдызай деген оқушы өткен дыбысты, санды менімен қосылып айтады, сәлден кейін сұрасам ұмытып қалады. Осы оқушылармен сабақ үстінде, сабақтан тыс уақыттарда жұмысты төмендегіше жүргіземіз. 1. Сабақ үстінде: а) үлгерімі төмен оқушылардан жиі-жиі сұрау, сабақ үстінде оларға барынша мүмкіндік тудыру. Ол үшін: берілетін білімді түсіндіріп айту, оңтайландыру, сұраққа толық жауап алу, жазуға үйрету, жазбаша салыстыру ә) жолдастарының берген дұрыс жауаптарын жиі қайталатып өз қателерін түзеттіру. б) сол пәнді өте жақсы білегін жолдастарының көмегін ұйымдастыру. 2. Сабақтан тыс уақыттарда: а) өзіндік жұмыстың пайдасы көп, оқушыларға жеңілдетілген үлестірмелер, қызықты тапсырмалар беріп, көбірек сөзге, іске тартып белсенділігін арттыру. Мысалы: Әліппе кезеңі - сауат ашудың негізгі кезеңі. Бұл кезеңде оқушы оқу мен жазуды жүзеге асырады. Осыған орай үлгерім дәрежесі төмен оқушыларға тапсырманы жеңілден бастап біртіндеп күрделендіру көзделеді. Ұлы педагог К.Д. Ушинский: “Егер сіз бір сөз айтудың өзі қиын соғатын сыныпқа кірсеңіз, жұмысыңызды сурет көрсетуден бастаңыз, сонда сынып сөйлей жөнеледі”, - дейді. Балаларға, әсіресе үндемейтін, тұйық оқушыға суреттің, суретті үлестірмелердің әсері зор. Суретті бала көзімен көріп, көңіліне тоқиды, сол заттардың түсін, бейнесін есіне сақтайды. С.Н. Лысенкованың іс-тәжірибесінен тірек схемасын пайдалана отырып, сөйлем құрату. Бұл оқушыны “қателесіп қаламын ба”, не “артық сөз айттым ба?” деген сезіктенуден сақтайды, балаларды дәл ойлауға бағыттайды.

1. Үлестірме бойынша суретке қарап үш сөзден тұратын сөйлем құрайды.

2. Әр заттың бастапқы дыбысын астындағы тор көзге жазып, шыққан сөзді оқып дауысты дыбысты атау.

3. Әуелі суреттегі затты атайды. Бірінші қандай дыбыс екенін біліп, орынауысқан дыбыстарды реттеп дұрыс құрап шығуы керек [6].

Болашақ ұрпақтың білікті азамат болып өсіп-өнуі мектептен, ең алдымен, бастауыш білім беруден бастау алатыны анық. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгермеушілігін болдырмаудың жолдары оларды шығармашылық іс - әрекетке баулу қажет екенін деп қорытындылаймыз. Олай болса, оқушыларды шығармашылық іс -әрекетке баулу тек оқыту процесінде ғана емес, оны тәрбиелік үрдістерде, сыныптан, сабақтан тыс жұмыстармен байланыстырып дамыту қолға алынатын болса, онда бұл мәселе өз мазмұнын одан әрі жетілдіре түсетіні анық. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының үлгермеушілігін болдырмау әр отбасындағы тәрбиеге, ата-ананың жауапкершілігіне де байланысты.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бабаев С. Бастауыш мектеп педагогикасы.- Алматы, 2007.

2. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2000.

3. Педагогикалық және жас ерекшелік психология./ Редакцияны басқарған А.В. Петровский.- Алматы, 1987.
4. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика.- Астана, 2007.
5. Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. А., 2001.
6. Оқыту мен тәрбиелеудің негізгі формасы. А. Айнақұлова. / Бастауыш мектеп, №1, 2007.

*Дуйсенова Зарина Габитовна*  
*педагог-модератор, педагог-психолог*  
*Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы*  
*Тасқала ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» коммуналдық*  
*мемлекеттік мекемесі*

## **ОЙЫН АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН ЗЕРТТЕУ МЕН ДАМУЫ**

**Ойын** – бала өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің алғы шарты. Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Халқымыздың ұлы ойшыл - ақыны Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай ойын бала өмірінде айрықша орын алады. Сәбидің өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық таным – дағдылары осы ойын үстінде қалыптасады. К. Ушинский: « Ойын - балалардың өз бетімен ерікті атқаратын іс - әрекеті, ойын арқылы адамның жан дүниесінің барлық қырлары, жүректілігі, ерік - жігері қалыптасады», - деген ой айтады. Ойынның, әсіресе балалардың психологиясына тигізетін әсері көп, ойын кезінде балалардың ортамен қарым – қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез – құлқы қалыптасады, ойынның сан алуандылығы балаларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшандыққа баулиды.

Ойын арқылы баланың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы өзгереді, таным белсенділіктері қалыптасып, ақыл – ой процесі өсіп – жетіледі, түрлі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір – біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, достық, жолдастық, бауырмалдық, ортаны сыйлау сезімдеріне тәрбиелеуге болады. «Адам өркениетті болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалар еді», - деп К. Чуковский бала денесінің дамуы мен ой – дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей байланысты екенін атап көрсеткен.

Д. Эльконин бала психикасының дамуында ойынды «жетекші іс – әрекет» сөз тіркесімен сипаттайды. Д. Эльконин еңбектері балалар ойынының әлеуметтік табиғатын ерекше мәдени құрылым ретінде түсіндіреді, ол ойынды ересектердің қоғамдық өмірін бейнелеу деп анықтайды «Ойын – мінез – құлықтың ырғақты дамуының алғашқы баспалдағы - мектебі», - дейді бала психологы Д. Б. Эльконин. Егер баланы жай кезде тік тұрғызып қойсаңыз, ол 2 - 3 минут та тұрмайды, ал егер ойын үстінде айтсаңыз, тіпті ол бір кертартпа, қыңыр баланың өзі болса да тік тұрып қалады, бұл – ойынның өз мақсатына жету деңгейі. Л. С. Выготскийдің пікірінше, ойын, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының дамуына ықпал етудегі жетекші құбылыс.

Ойын кезінде жан – жақты тәрбиелеудің мақсаты әр жас кезеңінде ойын әрекетінің психологиялық негізін құрастырған жағдайда ғана табысты іске асырылады. Ойынның да өзіне тән мотивтері болады. Мысалы мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал,

ақыл - ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттыруы мен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Қызығу – танымдық іс - әрекеттің қозғаушы күші.

Ойынның дамуы бала психикасының үдемелі өзгеруіне ықпал жасайды. Ойында психикалық үрдістер (таным процестері): қабылдау, зейін, ес, сөйлеу, қиял, ойлау қалыптасады, танымдық қызығушылығы артады – бұл баланың ой - өрісін кеңейту қажеттігін туғызады. Бала бойында қалыптасқан танымдық процестерді біртіндеп дамыту мақсатында ойын түрлерін де біртіндеп күрделендіріп, балаға байқатпай көздеген мақсатқа бұрып отыру арқылы біз өзіміздің түпкі мақсатымызға жетеміз – ол – балада ойын әрекеті арқылы қалыптасып келе жатқан психикалық үрдістерді біртіндеп дамытып отыру.

Мысалға, сөйлеу қабілетін қалыптастырып, сөздік қорын дамыту мақсатындағы ойындар «Бұл не? Қалай аталады?» әдістемелік ойынын өткізу үшін әр түрлі суретті 25 - 30 карточка дайындап, балаға жеке - жеке көрсетіп, суреттің атауын сұрауға болады. Бала ойынға белсене араласып, жарыса жауап беріп жатады – біздің «жасырын көздеген мақсатыз» да осы, яғни баланы сөйлету, сөздік қорын дамыту. Келесіде жоспар бойынша одан күрделірек ойын: «Сурет бойынша әңгіме құрастырайық», «Жалғастыр». Сол сияқты баланың логикалық ойлау қабілетін дамытуға да көңіл бөлеміз. К. Ушинский: «логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. Сондай - ақ, кімде – кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой қабілетін дамытуы тиіс», - деп атап көрсеткен болатын. Осыған байланысты ойлау қабілетін арттыруға арналған «Сен білесің бе?», «Бұл қай кезде болады?», «Суреттерді аяқтайық» ойындары, Зейінді қалыптастырып, дамытуға арналған «Не өзгерді?», «Түймелер», «Жұпты суреттер» ойыны, Қабылдау қабілетін дамытуға арналған «Пирамидалар, жинағыштар, таяқшалар», «Кубиктер», «Таңғажайып дорба», Есте сақтау қабілетін арттыруға арналған «Суреттерді есінде сақта», «Түрлі - түсті доптар», «Көлеңке», бала қиялын дамытуға арналған «Гүл», «Алып бер», «Аяз Атаның үйі» ойындарын ойнатамыз.

Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, ойын – баланы зерттеудің басты диагностикасы. Ойын баланың интеллектуалдық мүмкіндігіне, мінездерінің ерекшеліктеріне, бір – бірімен қарым – қатынасының сапасына ықпал етеді. Кез – келген ойын барысында ойынды бас таушы, қостаушы, ойынды өздігінен қалаған арнасына бұруға әрекет етуші (лидер) айқын көрініп отырады. Ойын барысында баланың осы әрекеттерін бақылай отырып педагог – психолог бала жайлы өзіне қажетті мағлұматтарды жинақтайды. Сонымен қатар ойын кезінде баланы дамытудың жаңа биік кезеңін дайындайтын нақты психикалық өзгерістер болады. Ойын барысында баланың қиялы толығымен көрінеді.

Әйгілі психолог А. Н. Леонтьевтің айтуынша, «Ойын – іс – әрекеттегі әдептілікке үйрету мектебі» болып табылады. Мысалы, балаға «әдептілік» пен «әдепсіздік», «жақсы» мен «жаманның» не екенін қанша түсіндірсең де түсінбейді, ал егер ертегі не ойынды пайдалансақ, ертегіні тыңдай отырып не ойын барысында кейіпкер рөліне еніп, эмоционалдық жай - күйін сезініп, соған бала үйренеді, әрі түсініп алады. Мысалы, «Адасу» ойыны. «Қане, балалар, көзімізді жұмайық. Біз қазір саяхатқа шығамыз.(баяу музыка үні) Біз ну орман ішінде жүріп келеміз. Ой, біз бағыттан адасқан сияқтымыз, енді не қылсақ екен? Біреу келе жатқан тәрізді., ой, мынау орманшы ағай ғой, жол сұрауымыз қажет. Не дейміз, сөзді неден бастаймыз?» (Саламатсыз ба? Кешіріңіз, айтып жібермейсіз бе? Рахмет! Сау болыңыз!) міне, бір ойын барысында бала өміріне азық қанша әдептілік сөздерін үйренді. Немесе, «Сиқырлы сөздер» ойыны – ойын барысында психолог кез - келген өтінішті айтады, бала оны әдепті түрде айтуы керек. «Инабат, ойыншықты бер» - «Инабат, өтінемін, ойыншықты берші». т. б.

Негізінен, сюжеттік - рөлдік ойындар – мектеп жасына дейінгі баланың әрекет түрінің бастысы. Бұл ойын бала бойында жылы қарым – қатынас, әдептілік ережелерінің тәрбиеленуіне, мәдениетінің толығына ықпал етеді. Ойын балаға қиялындағы



мүмкіндіктерді байқауға жағдай жасайды, ол рөл арқылы біреуге ұқсағысы келеді. Ұқсай отырып, жаңа нұсқада бейне жасап, олармен іштей әрекет ету және қиялдау мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық дамуындағы жаңа бір басты құрылымы болып табылады.

С. Торайғыров «Баланың қанына ойын азық», - деп бекер айтпаған. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным – түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғынады, бір – бірінен ептілікті үйренеді, дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады, психологиялық таным қабілеттерін арттырады, біліктілік дағдыларын кеңейтеді. Ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез – құлқының қалыптасу құралы деп қарап, тиімді пайдаланғанымыз жөн.

Қорыта келгенде, ойын:

1. Әр түрлі жастағы балаларды өз еркімен дамыту әрекетінің түрі;
2. Бала әрекеттерінің ішіндегі ең еркін түрі, онда айналаны қоршаған әлемді тани, сезіне білуі, өзін – өзі тануы, өзін – өзі көрсетуі белсенді түрде жүзеге асады.
3. Даму тәжірибесі, бала ойын үстінде дамиды, даму үшін ойнайды.
4. Балалар қарым – қатынасының негізгі ортасы, ойын барысында құрдастарына, үлкендерге деген өзара қарым – қатынас қалыптасады.

### **Әдебиеттер**

1. «Бала мен балабақша»- № 2,3,10 .2013
2. «Балапан» журналы - № 4,8. 2014
3. «Ұстаздық етке жалықпас» - Алматы.Үш қиян , 2003
4. Мухина С., «Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы». Алматы, «Мектеп»-1986
5. Жарықбаев Н. «Жалпы психология» Алматы – 2004.
6. Байжұманова. Б. Оқушылардың танымдық қабілетін дамыту //Қазақстан мектебі, 2000, №2.-Б. 29
7. Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту //Отбасы және балабақша, 2002, №1.-Б. 9-10.

*А.К. Акишева - PhD докторы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы*

*М.А.Блялова - А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ЖЕКЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мектепке дайындықты анықтауға бола ма? Ия, дәл қазір қарапайым баланы практикада қолдану үшін жүйелі оқытуға қажетті ережелер мен дайындық критерийлері жасалды. Шынында да, бұл әдістерді оқытушылар аз қолданады.

Ең көп таралған және маңызды әдістердің бірі-сауалнама, яғни ол ата-аналармен, тәрбиешілермен (мектепте оқығанға дейін) бірге толтырылады. Сауалнама келесі бөлімдерден тұрады.

1. Баланың жеке басының ерекшеліктері, оның балалар тобындағы мінез-құлқы: балалармен қарым-қатынас

2. сабақ барысында еңбекке қабілеттілік (сабақ барысында мақсатты жұмыс істейді, тез шоғырланады, тез шаршайды, басқа іспен айналысады).

3. Жағдайы мен сипаты, жады (жақсы, жаман, есту).

4. ойлаудың ерекшелігі (материалды тек нақты мысалдармен қабылдау, дерексіз түсінуді игеру, жалпылау қабілеті).

5. тілдің дамуы (бір немесе екі дыбысты барлық дыбыстарды дұрыс айтады, кекіреді, жалпы сөйлемдерді қолданады, эпитеттерді қолданады, тілді нашар біледі, суреттің мәнін немесе оқиғаның мағынасын дұрыс түсінеді ме?)

6. балабақша бағдарламасын игеру

7. тәрбиешілер немесе ата-аналар баланың денсаулығындағы ауытқуларды біле ме? (Мектептегі дәрігерлік тексеруге дайындық, яғни физикалық даму көрсеткіштерін қоса алғанда, тексеру кезіндегі денсаулық жағдайы, олардың жасына сәйкестігі, өткен жылы ауырған аурулары).

Дайындық түрлері: функционалды дайындық, әлеуметтік дайындық, психологиялық дайындық.

Мектепке дайындық туралы айтатын болсақ, олар баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік даму деңгейі туралы айтады, яғни мектеп бағдарламасын оның денсаулығына әсер етпейтіндей етіп сәтті дамыту үшін қажет.

Сонымен, мектепте оқуға дайындық ұғымы:

1 мектепте оқуға физиологиялық дайындық

2 психологиялық дайындық

3 мектепте оқуға әлеуметтік немесе жеке дайындық.

Барлық үш дайындық бір-бірімен тығыз байланысты, олардың біреуінің болмауы мектептегі үлгерімде көрінеді. Баланың денесінің негізгі функционалды жүйелерінің дамуы және оның денсаулық жағдайы мектепке дайындықтың негізін құрайды [1].

Мектептегі физиологиялық (функционалды) дайындық бала ағзасының негізгі функционалды жүйесінің даму деңгейімен және оның денсаулық жағдайымен анықталады. Дәрігерлер балалардың мектепте жүйелі оқуға физиологиялық дайындығын белгілі бір критерийлер бойынша бағалайды. Психиканың мектепке дайындығын қалыптастыру және диагностикалау кезінде оның физиологиялық даму деңгейін және баланың денсаулық жағдайын ескеру қажет, яғни олар мектеп іс-әрекетінің негізін құрайды. Қарым-қатынаста қиындық көретіндер, әдетте, ойлау дамуының ең жоғары деңгейіне қарағанда әрдайым ауыратын студенттер.

Барлық балалар әртүрлі жолмен дамитынын ұмытпау керек, негізінен баланың жасы биологиялық жасқа сәйкес келмейді, 6 жастағы бір бала жүйелі түрде өзін-өзі тәрбиелеуге және физикалық дамуға дайын, ал екіншісі-7 жасында қарапайым мектеп бағдарламасы олардың күшіне сәйкес келмейді.

6-7 жас аралығында жүреді мәнді өзгерту баланың жүйке жүйесіне, әуелі, қатысты бас миының қатысты, оның құрылысы мен жұмыс істеуін. Бұл өте маңызды, сондықтан ол жаңа білімді игеруде маңызды рөл атқарады, оқу қызметін қамтамасыз етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар оқу жылының алғашқы айларында қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мектепке дайындалған балалар осындай қиындықтарға тап болады. Оқу іс-әрекетінің күрделенуі қозғыш, инертті балаларда ингибирлеу реакциясын немесе ауыр емес, төзімді балаларда козу реакциясын тудырады.

Балалардың мектепке психологиялық дайындығы. Баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығы – білім беру мазмұнында өз мәдениетінің бір бөлігін немесе басқа бөлігін игеруге дайындығы, оқу іс-әрекетінің формасы-өзі күрделі құрылымдық және жүйелік білім, яғни бала психикасының барлық аспектілерін қамтиды. Ол жеке-мотивациялық және ерікті саланы, жалпыланған білімді, қарапайым жүйелерді және көріністің кейбір оқу қабілеттерін және т.б. қамтиды, бұл психикалық қасиеттер мен қасиеттер емес, олардың толық бірлігі, яғни белгілі бір құрылымға ие. Дайындықтың құрылымға енуі маңызды-оқу қасиеті, күрделі қарым-қатынасты қалыптастырады және мектептегі жетістікке біркелкі әсер етпейді[2].

Бастауыш мектепте баланы сәтті оқытудың бірінші шарты-оның оқу мотивтеріне сәйкестігі, оған маңызды көзқарас-бұл қоғамдық жұмыста білім алуға деген ұмтылыс,

белгілі бір оқу пәндеріне қызығушылық. Сонда ғана оқу мотивінің жеткілікті жағдайы мен тұрақтылығы баланы мектептің міндеттерін жүйелі және моральдық орындауға итермелейді. Бұл мотивтің пайда болуы мектеп жасына дейінгі кезеңнің соңында қалыптасты, балалардың мектепке келуге деген ықыласы болуы мүмкін. Баланың көз алдында бір жағынан оқушының міндеттерін қалыптастыру және қоршаған ортадағы өмірге деген қызығушылықтың белсенді ойлауын дамыту, жаңа нәрсені білуге ұмтылу[3].

Мектепке мотивациялық дайындық-бұл мектепке бару, жаңа білім алу, оқушы атағын алу ниеті.

Ересектер әлеміне деген қызығушылық, олар сияқты болуға деген ұмтылыс, отбасындағы және мектептегі ересектермен оң қарым – қатынасты тұрақтандыру және сақтау, өзіңізді жақсы көру-мұның бәрі мотивациялық оқыту нұсқалары.

6 жасында бала біртіндеп ерік-жігердің негізгі элементінің құрылымын қалыптастырады. Бала мақсатқа жетеді, шешім қабылдайды, іс-қимыл жоспарын жасайды, оны орындауға тырысады, кедергілерді жеңу үшін күш көрсетеді. Бірақ ерікті мінез-құлық әлі әлсіз.

Ерікті дайындық-бұл өз іс-әрекеттерін ерік-жігермен бақылау, мінез-құлқыңызды басқару қабілетінің даму деңгейі.

Бұл дайындық жалпы әрекетті бірінші сынға қосуға, оқу талаптарын қабылдау жүйесін, ол үшін жаңа Ережені орындауға мүмкіндік береді.

Либералды мінез-құлықты дамытудағы басты нәрсе-мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында пайда болған қалыптасқан және мотивациялық иерархия, оларды ынталандыру нәтижесінде, яғни бір мотивация бірінші орынға шығады және артық болады, ал екіншісі бағынышты орын алады. Зияткерлік дайындық-баланың белгілі бір білім қорын қабылдауын, принциптерін, заңдылықтарын, жалпы қабылдауын, визуалды бейнені, визуалды-схемалық ойлауды, шығармашылық қиялын, табиғат пен әлеуметтік көрініс туралы білімдерін алдын-ала анықтайды[4]. Зияткерлік дайындық, сондай-ақ оқу міндетін бөліп көрсетудің белгілі бір дағдыларын қалыптастыру, оны іс-әрекеттің тәуелсіз мақсатына айналдыру.

Балалардың білімді меңгеру сапасы танымдық процестің даму деңгейіне байланысты. Балалардың мектепте оқуға әлеуметтік дайындығы. Мектепке әлеуметтік немесе жеке бейімделуге дайын болу, баланың жаңа қарым-қатынасқа, қоршаған әлемге және өзіне деген жаңа көзқарасына дайын болу. Баланың дамуының өтпелі кезеңінде ол күрделі тәрбиелік көзқарасқа ие болады. Өйткені, жүйе қолданылатын педагогикалық талаптарға, оның дамуының жаңа деңгейіне және оның жаңа талаптарына сәйкес келмейді. Басқаша айтқанда, педагогикалық жүйенің өзгеруі баланың жеке басының өзгеруі ғана емес. Бұл бөлу мағынасы бар, дағдарыс өте өткір. Әлеуметтік-психологиялық дайындық оқушыға сыныптастарымен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін ұжымдағы жұмыс сапасын білдіреді. Өтпелі кезеңнің психологиялық мәні және оның осы кезеңдегі мағынасы баланың бүкіл психикасында жаһандық өзгеріске ие. Өзіне және басқаларға деген көзқарас өзгереді, жаңа қажеттіліктер мен мүдделер пайда болады, білім процестері қайта құрылады, баланың қызметі жаңа сипатқа ие болады. Белгілі психикалық функциялар мен процестер өзгеріп қана қоймай, баланың функционалды жүйесі толығымен қайта құрылады. Барлық осы көріністер баланың жоғары жас деңгейіне көшкенін көрсетеді.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Кравцов г. г., Кравцова Е. Е. алты жасар бала. Мектепке психологиялық дайындық. – М: Білім, 2008 ж. - 47с.

2. Кравцова Е., Кравцов г. мектепке дайындық // мектепке дейінгі тәрбие. – М: Білім, 2003. №7. 81– 84с.

3. Кравцова Е.е. балалардың мектепте оқуға дайындығының психологиялық мәселелері. – М: Педагогика, 2011 ж. - 102с.

4. Қысқаша психологиялық сөздік / құраст. Карпенко Л. А./ под общ. ред. Петровский А. В., М. Г. Ярошевского – М: 2016г. – 195 с.

*А.А.Аубакирова - педагогика ғылымдарының магистрі*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы*

*Ф.К. Жұмабаева -А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу тобының 4 курс студенті*

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БҮЛДІРШІНЛАРДЫҢ КӨРНЕКІ-ӘРКЕТТІК ОЙЛАУДЫ ДАМТЫУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Қазір Бүлдіршін бақшаларда білім беру сапасын арттыру өте маңызды рөл алып отыр, сондықтан барлық жағдайларды жақсарту ең негізгі міндет. Ең алдымен, білім беру және тәрбие беру үшін қоршаған ортаны жабдықтау қажет, ол Бүлдіршінбақша кезеңнің мәдени ерекшелігі және қасиеттерін сақтайтын, мақсатқа бағытталуы керек. Содан соң, тәрбие және білім беру мекеме басшысылары, тәрбиешілер ұжымы мамандықтарын әрдайым шыңдап, білімдерін арттырып, шығармашылық жұмыстарын көрсетіп, оны көрсете білу мен ұстамды психологиялық жағдай жасауы керек. Жанұяның қажеттіліктерін қанағаттандыру мен отбасымен әрдайым бірлескен ынтымақтастықты жетілдіру маңызды. Білім берудің ең басты мақсаты – Бүлдіршінны оқыту, тәрбиелеу және дамыту. Мақсаттар бір-бірімен нығыз байланыста болса ғана қорытынды мен нәтиже боламақ. Атақты психолог Л.С.Выготский бүлдіршіннің есі мен қиялы ақырындап өмір практикасында көбеюне байланысты негізделеді деген негізге келеді. Қазіргі таңдағы мамандар бүлдіршінің жеке дамуындағы қиялының негізділігі ең басты пайдалы жолы творчестволық іс-әрекетте көрсету, үйрету, шығармашылық әдебиетте нақтылау, өз өзімен жұмыс жасауға жағдай жасау, бостандық беру керектігін айтады [1].

Ойын үстінде жетіле отырып, қиял іс-әрекет ретінде қалыптаса алады. Тілі және ойлауы өте жақсы дамыған бүлдіршін қызықты мәліметті жылдам ойынан ойлап шығара алады. Ойлаудың жұмысы – Бүлдіршінның қоршаған ортаны танып-білуінің және игеруінің маңыздылығы, бұл жеке практикадан шығудың әдіс тәсілі. Бүлдіршінның ойлауы сәбилік шақтың аяқ кезінде пайда бола бастайтын сананың белгілер функциясымен байланысты. Бүлдіршінның қиялдауы ойын барысында дамиды. Ойын барысында дамыған қиял Бүлдіршінбақша Бүлдіршін іс-әрекеттерінің түрлеріне де ауысады. Бүлдіршін бейнелеу өнерінде, ертегілер мен тақпақтарды ойдан шығарғанда қиял неғұрлым айқындалады. Бүлдіршінбақша Бүлдіршінің зейіннің, естің, қиялдың дамуында ұқсастықтар бар. Мектепке дейінгі жас – естің қарқынды даму жасы. Ес – бүлдіршін үшін маңызды оқиғалар мен жағдайларды жадында қалдырады және сақтайды. Сондай-ақ мектепке дейінгі бүлдіршіндердің ойлау үрдісіне, ойлау – тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды. Бүлдіршінның сау психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі. Ойлау – қоршаған дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы шоғырлануы. Ақыл-ой жағынан бүлдіршін қаншалықты нақты болса, ол соншалықты көп сұрақтар және оның сұрақтары соншалықты алуан түрлі болады. Бүлдіршін затты ғана емес, оның іс әрекеттері жайлы да ойлайды [2]. Жекелеген жағдайларға логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ кіші жаста көрнекілікке сүйенген оқыту көбірек белен алады. Балабақша бүлдіршін шақта заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің арасындағы байланыстар мен қатынастарды ажырату мен пайдалануды талап ететін күрделі де сан алуан міндеттерді бүлдіршінның шешуіне тура келеді. Ойында, бейнелеуде, құрастыруда, жапсыруда, оқу және еңбек тапсырмаларын орындауда бүлдіршін үйреніп алған іс-әрекеттерді жай ғана пайдаланып қана қоймайды, жаңа нәтижелер ала отырып олардың тұрақты түрін өзгертеді. Мектеп

жасына дейінгі бүлдіршінлар өздерін қызықтырған мәселелерді түсіну үшін өзіндік эксперименттер жасауға кіріседі, құбылыстарды бақылайды, оларды талқыға салып, қорытындылар жасайды[3].

### **Әдебиеттер:**

1. Л.С.Выготский Педагогическая психология. – М., 1991.
2. Вопросы нравственного воспитания школьников. /Сборник статей: Издательство Ленинградского Университета, 1960.
3. В.В.Давыдов Теория развивающего обучения. – М., 1996.

*М. Мирхаджиева - Международный Университет Silkway, Шымкент, Казахстан  
..М магистрантки I курса  
E-mail: [mirz.89@mail.ru](mailto:mirz.89@mail.ru)*

## **БАЛАНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕ 2-7 ЖАС АРАЛЫҒЫ НЕЛІКТЕН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ?**

### **Аннотация**

Ерте тәрбие беру баланы бақытсыз болудан құтқаруға мүмкіндік береді. Сенім, шығармашылық ойлау, қиялдау, логика – бұлар 3 жастан кейін дамиды, бірақ олардың базасы 3 жасқа дейін қалыптасады. Мақалада ми дамуындағы маңызды кезеңдер және оның әсерін арттырудың төрт әдісі, маңыздылығы қарастырылған.

### **Аннотация**

Раннее воспитание предоставляет возможность ребенку быть счастливым. Доверие, креативное мышление, воображение, логика – развиваются у ребенка после 3-х лет, но их основа, фундамент формируется до 3-х лет. В статье обсуждаются важные этапы развития мозга и четыре способов увеличения его воздействия

### **Annotation**

Early parenting saves a child from misery! Trust, creative thinking, imagination, logic - they develop in 3 years, but they are based on 3 years. This article discusses the important stages of brain development and the importance of four ways to increase its impact.

Қазір – ғылым мен технологияның барынша қарыштап дамыған заманы. Кім жылдам ойлап, жылдам қозғалады – сол күшті болмақ. Өйткені ХХІ ғасыр – қара күшпен бой жарыстыратын заман емес, терең білім арқылы ой жарыстыратын заман! Ендеше, «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» деп, Б.Момышұлы атамыз айтқандай, ел ертеңгі болар ұрпағымыз гаджет пен смартфонға жұтылып кетпей, керісінше, оларды өз қалауынша басқаратын болсын десек, қарқынды түрде олардың ой жылдамдығын, эмоционалды және әлеуметтік дамуына мән беріп, екіжақты ми қыртысын дамытумен жұмыс жасауымыз қажет.

6 айлық сәбидің ми клеткалары 50%, 3 жасқа дейін баланың ми клеткалары 80% толық қалыптасып бітеді. Ешқандай бала не гений, не ақымақ болып тумайды. Баланың тұйық не ашық болуы, ақылды не ақымақ болуы тәрбиеге тікелей байланысты. Егер дәл уақытында қажет нәрсені бере алсақ, бала алғыр, ұшқыр ойлы болып жетіледі. Музыка

тыңдату оған ертең танымал музыкант болу үшін керек емес, тіл үйрету мықты лингвист болу үшін емес, ол өзін кез келген ортада сенімді, толыққанды азамат сезіне алуы үшін, өзін көңілді сезінуі үшін қажет.[1]

Альберт Эйнштейннің ғылымға қосар үлесін аздаған адамдар ғана болжаған болар, тіпті ешкім деуге болады. Оның тілі өте кеш дамыды, алаңдаған ата-анасы дәрігермен кеңесуге де барған. Эйнштейннің тілінің дамуындағы қиындықтардан оның айналасындағылары «ол ешқашан оқи алмайды» деп қорыққан. Сонымен ол дамуында кешеуілдеуі бар баладан Эйнштейнге қалай айналды? Бұл сұрақтың жауабының бір бөлігі - Эйнштейннің 5 жасында ата-анасынан алған екі сыйлығында. Эйнштейн күні бойы ауырып, төсекте жатқан кезде, әкесі оған компас берді. Эйнштейн үшін бұл оның ғылымға деген қызығушылығын оятқан жұмбақ зат болды. Көп ұзамай Эйнштейннің талантты пианист болған анасы оған скрипка сыйлады. Бұл екі сыйлық біріншіден дәл уақытында берілді, екіншіден олар Эйнштейннің миын ерекше тәсілдермен сынға алды.

Балалардың миы сыни кезеңдер арқылы дамиды. Біріншісі шамамен 2 жаста, ал екіншісі жасөспірім кезінде орын алады. Осы кезеңдерде ми жасушалары (нейрондар) арасындағы байланыстар (синапстар) саны екі есеге артады. Екі жасар балаларда синапстар ересектерге қарағанда екі есе көп. Ми жасушалары арасындағы бұл байланыстарда оқу, білім алу орын алады, яғни екі есе көп синапстар мидың өмірдің басқа кез келген уақытына қарағанда дәл осы сәтте тезірек үйренуіне мүмкіндік береді. Сондықтан, осы кезеңдегі балалардың тәжірибесі олардың өмір бойындағы дамуына тұрақты әсер етеді. [2]

Мидың дамуындағы алғашқы маңызды кезең 2 жастан басталып 7 жас шамасында қорытындыға келеді. Бұл балаларға бастапқы, негізгі білім берудің негізін қалауға тамаша мүмкіндік береді. Осы маңызды кезеңнің әсерін арттырудың төрт әдісіне оқуға деген сүйіспеншілікті ынталандыру, тереңдіктің орнына кең ауқымды қамтуға назар аудару, эмоциялық зиятқа назар аудару және кішкентай балалардың білім алуын «шынайы» оқу ретінде қарастыру жатады.

### **Баланың оқуға деген сүйіспеншілігін ояту**

Кішкентай балалар нәтижеге қарағанда оқу үдерісін ұнатуы керек. Тәрбиешілер мен ата-аналар жаңа іс-әрекеттермен айналысу, жаңа нәрсені үйрену барысында оның бала үшін қуанышты болуын ойластырулары қажет. Біз балаларға қателіктер оқудың қалыпты бөлігі екенін түсінуіне көмектесуіміз керек.

Бұл кезең ақыл-ойдың өсуін қалыптастыратын уақыт, бұл дарындылық пен қабілеттер туа бітпейтінін, керісінше күш салу арқылы дамитынын меңзейді. Мұғалімдер балаларды олардың қабілеттері туралы әмбебап мәлімдемелер жасаудан аулақ болу керек. «Сіз өте ақылдысыз» деген мақтау сөздер нәтиже бермейді, оның орнына баланың табандылығын атап өтіп, оқуға, білім алуға қауіпсіз мүмкіндіктер ұсыныңыз. Егер біз баланың бойында нәтижеге емес, үдеріске деген құлшынысты ынталандырсақ, олар оқуды, білім алуды жақсы көруді үйренеді.

### **Тереңдікке емес, кең ауқымды қамтуға назар аударыңыз**

Дамудың осы кезеңінде нәтижеге назар аударудан аулақ болудың бір жолы – белгілі бір дағдыны тереңдетіп дамытудың орнына, бірқатар дағдылардың ауқымын дамытуға ерекше назар аудару. Балаларды әр түрлі іс-әрекеттерге баулу – әр түрлі салалардағы дағдыларды дамытуға негіз болады. Бұл балалардың музыкамен, кітап оқумен, спортпен, математикамен, өнермен, ғылыммен және тілдермен айналысатын уақыты.

Дэвид Эпштейн өзінің «Дипазон» кітабында тәжірибенің кең ауқымы көп жағдайда ескерілмейді және бағаланбайды деп айтады. Бір ғана іс-әрекетке жоғары деңгейде назар аудару өмірдің белгілі бір кезеңінде орынды болуы да мүмкін. Біздің жылдам өзгеретін әлемде дамитын, әрдайым алға жылжитын адамдар - бұл алдымен бірнеше әрекетті қатар алып жүре алатындар, шығармашылығы дамыған және абстрактілі ойлай алатындар. Басқаша айтқанда, біздің қоғамға жан-жақты дамыған жеке тұлғалар қажет.

Жан-жақты болу - 2 жастан 7 жасқа дейінгі балалар үшін өте маңызды, олардың дамып келе жатқан миы көптеген дағдылар жиынтығын сіңіруге дайын. Эпштейн айтқандай, бұл «іріктеу кезеңі» дамудың ажырамас бөлігі болып табылады, балалар диапазонын дамытуға арналған жол.

### **Эмоциялық зиятты елемеу – дұрыс болмас**

Әрине біз балалардың жақсы оқып, математика негіздерін білгенін қалаймыз, бірақ біз эмоциялық зиятты да ескеруіміз керек. Ми дамуының осы алғашқы маңызды кезеңіндегі оқудың, үйренудің артықшылықтары мейірімділік, эмпатия / жанашырлық және командада жұмыс жасау сияқты тұлғааралық дағдыларға ұласуы керек.

Даниэль Сигель мен Тина Пэйн Брайсон өздерінің кітаптарында балалардың эмпатиясын дамытудың маңыздылығын түсіндіреді. Эмпатия өзгелердің сезімдерін мойындаудан басталады. Сондықтан, олар осы жастағы балаларға алдымен өз эмоцияларын анықтауға көмектесуді ұсынады («Менің көңілім болмай тұр»), содан кейін оларға солай сезінуге не әсер еткені туралы әңгімелеп беруге көмектесу керек («Менің көңілім болмай тұр, себебі мен балмұздақ жегім келген болатын, ал сіз рұқсат етпедіңіз»). Балалар эмоцияларын нақты атап, анықтауды күнделікті жасап жүрсе, ендігі кезекте тәрбиешілер оларға басқалардың сезімдерін ескеруге шақыратын сұрақтар қоя бастайды.

Өзгелерге қамқорлық жасауды ынталандырудың бір жолы - балаларды ересектердің басқалар үшін жасайтын жақсы істеріне қосу, хабардар ету. Кішкентай балаларға үй шаруасында көмектесуге мүмкіндік беру оларды мейірімді және әрдайым көмек беруге дайын адамға айналдыруы мүмкін.

### **Жас балалардың білім алуын «шынайы» оқу ретінде қарастыру маңызды**

Балалардың миы осы маңызды кезеңде ақпаратты ерекше қарқында сіңіре алады. Егер зият / интеллект оқу қабілеті ретінде анықталса, 2 мен 7 жас аралығындағы балалар планетаның ең ақылды адамы болуы мүмкін.

Зерттеулер кейбір дағдыларды ми дамуының осы алғашқы маңызды кезеңінен кейін үйренуге болмайтынын көрсетеді. Мысалы, зерттеулер көрсеткендей, осы жас аралығындағы балалар екінші тілді ана тілімен бірдей деңгейде меңгеруге мүмкіндікке ие, тіл дамыту заңдылықтарын үйренуге ең қолайлы кезең. Алайда, балалар 8 жасқа толғаннан кейін олардың тілді меңгеру деңгейі төмендейді және олар екінші тілде ана тіліндегідей сөйлей алмайды. Дәл осы жас музыкалық қабілеттерді үйренуге керемет мүмкіндік береді.[3]

Эйнштейннің ата-анасы оны физика сабақтарына - Нобель сыйлығына жетелейтін салаға жазбағандығы назар аудартады. Оның есесіне Эйнштейннің әкесі оны инженер ретінде жұмысқа тартты. Анасы оны скрипка сабағына жазды, себебі оның музыканы жақсы көріп, бағалауын қалады. Екі әрекет те оның жас ақыл-ойын жан-жақты дамыту үшін жұмыс істеді. Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу «нақты, шынайы» білім берудің алғышарты деп қарастыруымыз керек, себебі бұл жылдар бала дамуындағы ең маңызды жылдар болуы мүмкін.

### **Әдебиеттер:**

1. «Балаңыз ертең өкінбес үшін бүгін не істеу керек» Аюбек Айгерім 2019.
2. «Осознанное родительство» Onege 2019.
3. Неліктен 2-7 жас аралығы бала дамуында өте маңызды» Риши Срирам 2020.
4. Выготский Л.С. Сөйлеу мен қиялдың дамуы. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 1-ші т. Алматы: 2005.
5. Жапанова Р. Н., Манасова А. М. Бала қиялын дамыту жолдары // Молодой ученый. — 2016. — №1. — С. 936-938. — URL <https://moluch.ru/>
6. Солсо Р. Қиял. Ұғымдарды қалыптастыру, логика және шешім қабылдау. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 7-ші т. Алматы: 2006.
7. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.

## **ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Өмір-өнердің балбұлағы, өнер-сұлулық пен сән-салтанаттың әдемілік пен әсемдік әлемінің, ізгілік пен игі істердің-шамшырағы. Өмірден қуат пен шуақ алатын-өнерді, және оның қоғамдық-тәрбиелік мәні мен тәлім-танымдық тағылымына терең түсіну және оларды білу алдымен тәрбиешіге керек, солай болғанда ол-тәрбиеші, ұстаз-жас ұрпақ бойында эстетикалық мәдениетті қалыптастыруға қызмет етіп, өзіндік үлесін қоса алады. Эстетикалық тәрбие беру тек өнермен ғана шектеліп қалмайды, осы тұста біз өмір деген алып әлемге тағы да ат басын тірейміз. Өрнегі көп өмірдің, түр-түсі сан алуан тірлік пен тұрмыстың, кемпірқосақ бояуындай құпия әрі қол жетпестей биік тіршілік тынысының әсемдігі бізді қоршаған орта мен табиғаттың таңғажайып көріністері-үлкен мен кішіні баурап алады, сан қырлы сұлулыққа, эстетикаға тәрбиелеуші таным құралдарды болып саналады.

Егер біз қоршаған әлемнен, табиғаттан, жан-дүниенді дамытып, көсегенді көгертетін өнерден-шын тамсанып, түсініп, шынайы ләззат аламыз десек, бірінші кезекте көркемдіктен, көркем өнерден тағылым алған адам болуымыз керек. Сондықтан біз, халық өнерін, айналамыздағы әдемілікті сан қырлы сұлулықты жете түсініп, сүйеміз қажет, өнердің тылсым, таңдай қақтырар сырларын ашуға, оқып-үйренуге талпынуға тиіспіз. [1;1]

Өнер-қайсы қоғамда болмасын-адамдарды, әсіресе жас ұрпақты рухани жағынан жаңғыртатын, соның ішінде эстетикалық тәрбиелеу жолындағы мықты да маңызды құрал болып табылады. Жас ұрпақты көркем өнерді, өнер атаулыны сүйеге үйрету арқылы біз, оларды адамға тән барлық ізгі қасиеттерді қастерлеуге тәрбиелейміз.

Енді, өнер-ата үлкен ұғым, эстетикалық тәрбие беру де тармағы мен тарауы, тағылым мен тәрбие беру жүйесі жан-жақты және ізгілігі мол, іргелі дүние. Солай екен, төменгі және орта сыныптағы оқушыларды эстетикалық мәдениетке тәрбиелеуді, неден бастаған дұрыс?

Осы тұста назар аудара кететін бірінші мәселе этика мен эстетиканың көбінесе қатар айтылып, бірге зерттеліп келе жатқан ұғымдар екендігі. Расында, әдетке әбден айналып, санаға сіңген-әдептілік, дәстүр.

Әдет-ғұрыпты сыйлай білу болмаса, сұлулық пен эстетиканы сүйе білу, өз бойында қалыптастыру қиынға соғады [7;1].

Себебі, әдепсіздік-ешнәрсенің байыбына барып ойланып жатпайды, құндылықтардың қадіріне жете бермейді, сондықтан, бойында этикалық-моралдық тәлім-тәрбие мен дағдылар жоқ бала-эстетикаға, әдемілік пен әсемдікке, сырттай тамсанып, қарайды да қояды. Ал, ішкі жан-дүниесі тебірене білмейтін оқушы тиянақты да түпкілікті, тұғырлы әсер ала алмайды, құр көзін сатып, құрғақ қызығып қоя салады, тоғышарлық, тоқпейілдік-нәзіктік пен сұлулыққа түсіне бермейді. Мұны ескере отырып эстетикалық мәдениетті балғындардың ойында, бойында қалыптастыру үшін оның этикалық-гуманистік тәрбиесіне мән беріп, қатар алып барғанымыз мақұл деп ойлаймыз. Екінші жағынан, төменгі және орта сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беруді бүгінгі дамыған эстетикалық көз қарастардың бастауы-халық ауыз әдебиеті мен балалар фольклорынан, халықтың қолданбалы қолөнері мен мәдениетінен бастаған жөн. Соған сәйкес, адам жан-дүниесінің ажырамас бір бөлшегі, қоғамдық ғылымдағы кемал қоғам құру үшін аса қажет қағидалар мен құралдардың қосындысы-эстетикалық танымның-тарихына көз жіберіп көрейік. [2;1]

Қазір дүниежүзіндегі көп нәрсені, соның ішінде білім, ғылымды, терең түсініктер мен текті тағылымдарды, орта ғасырлар бітіп, қазіргі жаңа заманда көшбасшылық қалыптастырған, алғашқы буржуазиялық-өнеркәсіптік төңкерістер (революциялар)



жасаған және соның нәтижесіндегі заманауи ғылыми-техникалық төңкеріс арқылы қарыштап дамып, алға шыққан Еуропалық елдермен байланыстыру дағдыға айналған. Үлкен түсінік, ірі ұғым-эстетиканы да көбінесе, ежелгі грек-юнон дәуірімен, эллиндік мәдениетпен, сол дәуірдегі оқымысты ғалымдардың ілімімен ұштастырып жатамыз. Ең ерте дәуірдегі эстетикалық көз қарастар, оның іргетасы мен негіздері Ежелгі Шығыстан бастау алғанына назар аудару бермейміз.

Осы орайда, есте жоқ, ерте замандағы ата-бабаларымыз; ғұндар мен сақтар, солардың мұрагері; Көктәңіріне табынып, көкбайрағын көтерген-көне түркілердің, қазіргі отырықшы өмір мен қалалық-өндірістік құрылыстың қазығын қағып, қабырғасын қалаған көшпелілер мәдениеті мен өркениетіне үңіле кетуді жөн санап отырмыз.

Бұл үлкен тарих, көп сөз, сол үшін әріге бармай, бәрімізге белгілі бөліміне шолу жасаған, мақсатқа сай келеді деп білеміз. Өзге мемлекетке-отар, басқа ел-жұртқа бодан болып, бағынған-халықтың жазу-сызуы, білім-ғылымы, салт-дәстүрі, тілі мен діні, бүкіл бұрынғы өркениеті мен мәдениеті, тарихы мен әдебиеті әдейі жойылады. Бұл-бағынышты болған халықты, сенде түк болмаған, барлық жақсылықты, ізгілікті, игілікті-біз әкелдік деп тұқыртып, ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отыру үшін керек.

Міне, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жыл, 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген, Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру деп аталатын мемлекеттік маңызға ие Бағдарламалық мақаласы, сондай оқылықтардың орнын толтыруға бағытталған. [8; 2]

Бағдарламалық мақалада латын әліпбиіне көшу туралы айта келе; «қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер. VI-VII ғасырлар-ерте орта ғасырлар кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрылығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі. V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрылығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді» делінеді. (Егемен Қазақстан 2017ж, 12 сәуір) [9;2].

Әрине, бұл деректің эстетикаға не қатынасы бар деген сұрақ туады, оған жауап берсек; әліпби мен жазу дегеніміз барлық білім мен ғылымның қайнар көзі. Эстетика пәні мен ұғымы, басқа да білім мен ғылым салалары жазу-сызусыз жүзеге аспайды, даму жолына түспейді, жазу-сызудың өзі-эстетикалық талғам мен талап, хаостан гармонияға өту, бейберекет, шашыраңқы таным-түсініктердің үндесіп, жинақталып, жүйелі жұмыс жасай бастауы, ұғымдар пайда болып, ғылымға айналуы. Эстетикалық мәдениет-жалпы адамзаттық өркениет пен мәдениеттің бір тармағы, бұл тұста біз оның ғылыми шығармалардағы терең тарихына бармай, Елбасы еңбектері арқылы шолу жасап, баға беріп өтуді ғана ойладық.

Баршаға белгілі; Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру Бағдарламалық мақаласының заңды жалғасы іспеттес, Елбасымыздың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы. Ұлы Даланың жеті қырының бірі-атқа міну мәдениеті Ұлы Далада пайда болып, әлемге тарағаны тарихта дәлелденген. «Аттың сыны» деп бастап, жылқы жайлы талай жыр жазған Абай бір тұста «сұлу аттың көркі жал» деп келтірген еді. Расында, тұла-бойында артық тұрған бір мүше жоқ, құйрық-жалы сүзілген жылқы-сұлулықтың символы сынды жануар. Ал, көрікті де келісті тұлпарға күміс ер солып, бүкіл ат-әбзелін көздің жауын алғызып, жарқ-жұрқ еткізіп әшекейлеген ата-бабаларымыздың эстетикалық талғамы мен табиғилығы-таңғаларлық құбылыс емес пе? Егер, қонымды әрі жарасымды киімнің эстетикалық категория екенін еске алсақ, атқа міну мәдениеті шалбар мен етік киюге әкеліп, адамзаттың эстетикалық танымы мен әлеуметін асыра түсті [5;3].

Сондай-ақ, ежелгі металлургия қазақ жерінде пайда болып, жеңіл өңделетін: жез, мыс, қола, қалайы, қорғасын-балқыту, кейін аса жоғары температурада еритін темірді қорытып, болат пен шойын өндіруге ұласты.

Бұл өз кезегінде қымбат әрі сирек кездесетін түсті металдарды, асыл тастар өндірісін жолға қоюға, өндеуге және әшекейлік бұйымдарды жасауға, жалпы зергерлік өнеркәсібінің құрылуына, дамуына бастады.

Жұмақтың жемісі-алма мен сұлулықтың символы, аналар мен аруларға деген; сүйіспеншіліктің, сүйсіну мен сыйлаудың көрінісі-қызғалдақтың Отаны-Алматының айналасы, Алатау атырабы.

Бұлардың –эстетикаға қатынасы қанша, мұның бәрін неге тілге тиек етіп отырмыз. Бұлар, Ұлы Далада ертеде: өз заманына сай өндіріс пен шаруашылықтың болғанын, биік деңгейдегі әскери өнер мен қару-жарақ жасау өнеркәсібі болғанын, олардың білім мен ғылымның нәтижесінде жүзеге асқанын көрсетеді. Осынан біз жасаған қысқаша тарихи шегініс, Ұлы Даланың дамыған өркениеті мен мәдениетінен хабар береді. Өркендеген-өркениеті мен өрістеген-мәдениет бар жерде, өзіне тән этикалық-эстетикалық нормалар қалыптасады.

Сонымен, түйіндей келе, Ұлы Далада, қазіргі Қазақстан Республикасы аумағында эстетикалық ұғым, оның танымы мен тағылымы ерте замандарда-ақ өркен жайған деп батыл айта аламыз.

Осы тұстан эстетиканың қысқаша тарихы туралы ойларымызды аяқтап, жас ұрпақ бойында эстетикалық мәдениетті қалыптастыру мәселесіне арнап, өз ойымызды білдіреміз.

«Ел болам десең, бесігінді түзе» деп заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтып өткендей, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесі талбесіктен басталатыны белгілі. Солардың бірі, эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу және қалыптастыру сәби дүниеге келер-келместен қолға алынады. [7;3].

Жас ұрпаққа эстетикалық тәлім-тәрбие берудің заманауи әдістемелік шығармалары мен әдіс-тәсілдері жеткілікті. Дегенмен, біз бұл ретте, халық ауыз әдебиеті мен оның үлкен бір саласы-Балалар фольклорына жүгінуді жөн көріп отырмыз. Менің оқушыларым, бастауыш және орта сынып оқушылары, ал, эстетика-қиындау соғатын ұғым. Сол үшін, әбден қалыптасқан, тұтас халықтың тәрбиешісі-балалар фольклорына орын берген дұрыс деп ойладық.

Балалар фольклорының басымдығы мол салт-дәстүрді танытады, тіл және сөйлеу мәдениетін дамытады, ұлттық мүдде мен балалардың ой-өрісі және жас ерекшелігі ескеріледі [3;3].

Заманауи тәлім-тәрбие жүйесіндегі күрделі ұғымдар, әсіресе эстетикалық тағылым, тұжырымдар төменгі сынып оқушыларының қабылдауына ауыр соғады. Бұл мәселе, балалар әдебиетінде, халықтық педагогикада барынша оңтайландырылып, түсінуге жеңіл әрі қарапайым етіп берілген.

Эстетикалық мәдениет-былай басталады, мынау-басы, мынау болса-аяғы деп айту қиын шығар, дегенмен ол ең оңай әрі өте қарапайым талап-тілектерден басталуы тиіс. Мұны заманауи білім беру жүйесі, әсіресе ертедегі балалар әдебиеті қатаң сақтаған. Сондықтан, эстетикалық мәдениетті балғын бүлдіршіндерге үйретуді-тазалықтан бастаған орынды болар. Себебі, сұлулық-ешқашан кір-қожалақ болып жүрмейді, әдемілік пен әсемдік күл-қоқыс пен ластықты сүймейді. Әрине, бұл олардың тек ғана сыртқы көрінісі емес, ішкі әлемі, жан-дүние тазалығына байланысты айтылып отырған пікір.

Сонымен бірге, бүкіл эстетика ұғымына дөрекілік пен тұрпайылық атаулы жат.

Балалар әдебиетінде Бесік жырынан бастап аса мән беріп, тазалық туралы көп айтылады.

Әлди, әлди әл бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем [6;3].

деп бастаудың өзі жай ұйқас қуалау емес, сымбатты сұлулыққа, сән-салтанатқа, салиқалы сабырлыққа, солардың алғы шарттарының бірі-тазалыққа, адалдыққа, әсемдікке деген пәк пейіл, ақ ниеттің белгісі. Тағы жалғастырсақ:

Әлди, әлди, аппағым,

Қойдың жүні қалпағым.

Жалпыға жаман болса да,  
Өзіме жақсы аппағым

деп, жаман болсада, бұл жерде сәбидің, еркелігін, жылауықтығын, тентегін айта келе, аппағым дегенде жаны-сұлу, тәні-таза болуын қалайды.

Халықтың «қарға сүйер баласын аппағым» деп өзі айтқандай, бұл орайда баланың тән тазалығы, денесінің ақтығы емес, жан-тазалығы, ішкі дүниесінің кіршіксіз аппақ болуын көздеп тұтып отыр [4;4].

Бұл тұста; сөз-сын айтып, тіл-таным, түсінік беріп, екеуі қосылып-тәрбиеші рөлін атқарып, балаға-тәні таза болуын, тәнінде бұрын жаны таза болуын ұқтырып жатыр.

Әрбір халықтың өзге ұлттардан; өзгешелігі, өзіне ғана тән даралығы (менталитеті) болады ғой, бұл ерекшелік тәлім-тәрбиесінде де орын алады. Біздің тәрбиеміздің бір ерекшелігі ат жалын тартып мінуге жараған алты жасар баланы азамат санаған, болар елдің баласы он бесінде баспын дер дегенде осы жастағы баланы, елге қызмет етер атпал азамат, жерін жаудан қорғайтын батыр деп білген.

Бұл мақаланы біз төменгі сынып, оқушыларының бойында эстетикалық мәдениеттің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға арнап жазып отырмыз. Бастауыш және орта сынып оқушылары үшін; көйлекті кірлетпей кию, кітап-дәптерді күтіп ұстау, жалпы тазалық пен тәртіп, озат оқушы, үлгілі бала болу-эстетикалық мәдениеттің балауса белгілері мен бірінші басқышы болып саналады деп ойлаймыз. Эстетикалық мәдениет-эстетиканың өзі секілді-нәзік әрі сұлу дүние, сол үшін оны бала бойында қалыптастыруға да дәл солай, нәзік жанасу, сұлулықпен жақындау, оның; әсерлі, әдемі, ізгілік пен игілікке шүпілдеген, әсем-әлеміне, абайлап, ақырын аяқ басу керек деп ойлаймыз.

#### *Әдебиеттер*

1. Төлебиев Э. Сурет сала білесің бе?. - Алматы, «Өнер» 1990 ж
2. Методика трудового обучения с практикумом в учебных мастерских. – М.. «Просвещение», 1988г
3. Музыка. Орта мектептің 3-сыныбы. Алматы. «Атамұра», 1999ж
4. Әдебиеттік оқу 3-сынып 2-бөлім. - А.: «Алматы» кітап баспасы, 2010ж
5. Ана тілі. Жалпы білім беру 4-сынып. А.: «Атамұра», 2011ж
6. Өзін-өзі тану. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. Алматы. 2010ж «Бәбек» баспасы.
7. Балкенов Ж. Сурет салуға үйрету. – Алматы.: «Мектеп», 1987ж
8. Рухани жаңғыру. Болашаққа бағдар. // Егемен Қазақстан , 2017ж 12 сәуір
9. Ұлы Даланың жеті қыры . // Егемен Қазақстан, 2018ж 21 қараша

*Ф. Е. Акназарова*

*Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
«7М01303» -Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі  
мамандығының 1 курс магистранты*

### **ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Алаш арысы, асыл азамат асқақ ақын, жанқияр-патриот, парасатты педагог-марғасқа Мағжан; «әрбір ұлттың бағзы замандардан келе жатқан, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін өзіндік әдістемесі бар» дейді. Сонымен бірге, адам сана-сезіміне, әсіресе

балалар жан-дүниесінің қыр-сырына қанық-Мағжан; бүгінгі бала, ертең-ересек, ұлт мүддесі үшін жасайды және қызмет етеді деп түйеді. [1; 1] Осы орайда, М. Жұмабаев тәрбиеші ұлттық мүддені ескере отырып, тәрбие бергені мақұл деген ойын ортаға салады. Өзіде ауыз әдебиетінен ауызданып өскен-Мағжан, әрбір ұлттың ежелден келе жатқан бала тәрбиелеу жөніндегі әдіс-тәсілдері бар дегенінде, жоғарыда айтылған халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті және салт-дәстүрлер негізінде қалыптасқан-халықтық педагогиканы айтып отырғанын түсінеміз. Біз бұл тұста майталман Мағжанның мағыналы сөзіне тоқталу себебіміз, ақынның осынау бір ауыз пікірі осы мақала тақырыбымен тоғысып ғана қалмай бір тамырдан бастау, бір тұғырдан орын алып, бірігіп, байлам жасап тұрғаны еді.

Балалар әдебиеті ертелеу уақытта пайда болғанымен, бүгінгі бала тәрбиесі мен тәлімнің қайнар көзі болып қала береді. Бұл шағын мақалада бүкіл балалар фольклорына, оның бала тәрбиесіндегі орны мен қолданылар әдіс-тәсілдері, жалпы методикасына түгелдей тоқталуға мүмкіндік бола бермес. Дегенімен, балалар әдебиетінің балаларға білім берудегі кейбір тұстарына көңіл бөлуге әрекет етеміз. Мыңдаған жылдық тарихы бар балалар фольклоры ең алдымен-тәрбиеші, сонан соң-таным мен түсінік қалыптастырып, білім мен ғылымға бастаушы баспалдақ. Бір ғажабы балалар әдебиетінде қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарына қатар көңіл бөліп, балаларға олар туралы бірдей білім беруге, бәрін де қамтуға тырысады.

Сонымен бірге, білім мен ғылым негіздері; жұмбақ-жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, ертегілер мен аңыз әңгімелер, мысалдар, ойындар және өлең-тақпақтар; ойлансаң ойға оңай, жаттасаң жадында қалар, өрісінді өрлетіп, қиялыңды ұштап, қанаттандырып жіберуге бейім, түсінікке жеңіл болып келеді. Сөзімізге дәлел ретінде, балалар фольклорындағы «Санамақ» ойындарын алып көрейік;

Бірім-бір,  
Екім-екі,

Үшім-үш-деп басталып, жалғаса беретін ойын-өлең көпшілікке таныс. Осындағы бірім-бір, екім-екі деп қайталап қою, балғамен шеге қаққандай нақты, дәл етіп, нық айту, баланың ойында оңай қалып, жадында тез жатталуы дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Осы ойын-өлең «тоғыз-дегенім торқа, он-дегенім-оймақ, он бір-қара жұмбақ» деп аяқталады. Мана айтып өткеніміздей-қоғамдық ғылымдар; тіл мен әдебиет-жұмбақ пен жаңылтпаш болып, тақпақ пен тапқырлық түрінде, жаратылыстану ғылымы ретінде-математика, төрт амал, ондыққа дейінгі бірлік сандарды үйрену өзара байланысып, бала санасында берік әрі оңай орын алады. Ойын-өлеңнің он бір-қара жұмбақ деп бітуінің өзі, шынында да құпия, себебі бала әзір үйренбеген, білмейтін екі таңбалы сандар басталады.

Мысалымызды жандандырып көрейік, ойын-өлең саусақ санауға да тоқталып өтейік. Бұл ойын-өлеңнің сөзі де өзі де қызық, «қуыр, қуыр, қуырмаш, балаларға бидай, тауықтарға тары шаш» деп басталып, бала назарын бірден өзіне аударады. Мұнан әрі; бас бармақ, балалы үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек деп тіпті саусақтарға ат қойып, айдар тағады. Сонан соң, оларды төрт түлікті қайырып келуге жұмсап алады. Мұны біліп алған бүлдіршін беске дейін санауды бірден ұғып ұмытпайды. Екінші жағынан, саусақтардың атын біледі, рет-жөнімен қоя алады, төрт-түліктің атауларын таниды, тұнып тұрған; арифметика мал шаруашылығы (жануартану), этнография, ана тілі мен әдебиеті астасып кеткендей. Бір қарағанда мұның бәрін білеміз, таныс ұғымдар бірақ, осыларға көп мән бермейтініміз ақиқат. Осыларды қазіргі білім беру жүйесінде, бастауыш сыныптардың алғашқы басқыштарында неге қолданбасқа, егер оңтайландырып пайдалансақ, бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын арттырып, ынта-ықыласын күшейтіп, пәндерді әсіресе математика сияқты күрделі оқулықтарды оңай әрі жеңіл меңгеруге септігін тигізери хақ.

Бағамдап қарасақ, балалар филологиясындағы; сәбилік салт-дәстүр жырлары, уату мен арнау-тілек өлеңдері, сұрамақ, қаламақ, өтірік және ойын өлеңдер тағы да басқа түрлері тәлім-тәрбие мен білім, ғылымға апарар жіңішке сүрлеу-күре жолға апарар-арна. Балалар филологиясындағы; екі жол, үш таған, төрт қатар болмаса бірнеше шумақтан

кұралған, баланың жас ерекшелігін ескерген, шағын өлең өрімдері, жыр жолдары үлкен мағына мен толымды, тиянақты таным-түсініктерге, түйіндеу мен тағылымға толып тұр.

Сайып келгенде, бұлардың бәрі балдырған балаларды болашақта; сауаттылыққа, білімділік биігі мен біліктілікке бастауға жол ашады. Осынау қарапайым өлең-жырлар балалар есейген сайын күрделі бола түседі. Уақыт өте, үш-төрт күн айтылып, апта, айға созылатын батырлық және ғашықтық жырларына әкеледі. Ой-өрісті кеңейтетін эпостық және лиро-эпостық жырлар өз заманында жас ұрпақты ұлағатқа, ұлылық пен ірілікке, ізгілікке үйретер мектеп болғаны мәлім.

Енді, балалар филологиясының бастауы, халықтық педагогиканың кіріспесі-Бесік жырлары жайлы ой өрбітіп көрейік. Алдымен, балалар фольклорының анасы-халық ауыз әдебиетінің қазынасында сақталған төмендегі аңыз-әңгімені келтірейік.

Бірде жоңғар жасағы бейбіт жатқан ауылға кенеттен шабуыл жасайды. Бейқам ауыл басы ауған жаққа, қаша жөнеледі. Дүние-мүлік, жасау-жиһазына қарамай, ас тұрған қазанын да тастап, бала көтерген әйелінің бос бесікті ғана алып, бір жігіт жүгіріп бара жатады.

Ауыл шетінде, қасында бір жолдас жігіті бар Төле би де кетіп барады екен. Сонда қасындағы жас серігі әлгі жігітті көріп, Төле биге қарап; Би ата, ас тұрған қазанын алып кетпей, бос тұрған бесігін ала қашқаны мына байғұстың қай сасқаны дейді.

Сонда Төле би, Е, шығарым, ол қазанын емес, қарағын құтқарайын деп жүр ғой. Бесігін ала қашқаны, болашағын ала кеткені ғой деген екен. Расында, бесік-баланың құтты қонысы, жайлы орны, оған берілетін тәлім мен тәрбиенің-тұрағы, текті-тұғыры. Халқымыздың асыл мұрасы-балалар әдебиеті осы бесік жырынан басталады. Бесік жырының түрі де, айту тәсілі де, мындаған жылдар жинақталған қоры да жүздеген кітапқа жүк боларлықтай өте көп, орасан мол. Оның; еңбек етуге, жақсы азамат болуға, отансүйгіш-патриот, шебер кәсіп иесі, істің көзін білетін маман, бүкіл өмірлік мәселелер мен тұрмыс-тірлікке, бастысы адамгершілік қасиеттерге үндейтін сан алуан нұсқалары бар. Үнемі әлди, әлди бөпешім деп басталғандықтан оны әлди айту деп те жатамыз, соның бірі мынау:

Әлди, әлди, бөпешім,

Қозы жүнді кепешім деп әрі қарай жалғасып кете барады. Осындағы біз біле бермейтін «кепеш» қозы жүнінен жасалған жас балалардың бас киімі. Біздің бұл тұста айтпағымыз бұрынғы бесік жырларында; сол кездегі өмір салтына, кәсібіне, тұрмыс-тіршілігіне, жан-жануарлар, төрт түлік, олардың әбзел-саймандары, ауа-райы мен табиғат құбылыстары, батырлардың қару-жарағы, сауыт-саймандары, бәрі қамтылады, халқымыздың тыныс-тірлігі түгел көрініс тауып, суреттеледі, сипатталады. Бесік жырлары тек сәбиді жұбату емес, жан-жақты тәрбие беру, қоршаған ортаны таныту, игеруге баулу. Мұның бәрі, қазіргі тәуелсіз еліміздің атадан қалған асыл мұраларды меңгеруге кіріскен кезінде бастауыш сыныптардан таныстыра бастасақ, берілген тақырыпқа сай келетін тұстарын қолдана білсек, балалардың қызығушылығын оятып, ойына түрткі, ой-санасына қозғау салуы заңды құбылыс.

Ауыз әдебиетінің ұлан-асыр дүние, ұшы-қиырсыз, әлем екендігін жоғарыда тілге тиек етіп өттік. Қазақ Елінде халық ауыз әдебиетінің 100 томдық жинағы шыққанын білеміз, әлі де еңбегі қалған, басылмаған шығармалар көл-көсір. Жер шарының бірден-бір елінде, халқында мұндай сан алуан, көп қырлы құнды қазына жоқ екен, ең дамыған, алпауыт елдердің өзінде мұндай байлық жоқ, өркениетті елдердің бірі-Германияда бүкіл фольклор бар-жоғы 10 томға жетер жетпес.

Балалар фольклорымыз туралы да осыны айтуға болады, бесік жырынан соң, сәбилік салт жырлары, төрт түлік жырлары, өтірік өлеңдер, мазақтау, арнау-тілек өлеңдері болып жалғаса береді. Бір ғана сәбилік салт жырлары деп аталатын үлкен бөлім; бала туғанда, баланы майлап, сылағанда, бесікті аластау, бесікке бөлеу, баланы шақыру, киім кигізу, өс-өс, тәй-тәй, тұсау кесер жыры деп сан-салаға бөлініп жатады. Жылаған баланы жұбатудың өзі-Уату өлеңдері деп бөлініп, ерекшеленіп тұрады. Сонан болар, кейде

мағынасына мән бермей, шатастырып, араластырып алып жатамыз. Мысалы үшін, «Айналайын баладан» деген жыр;

- Айналайын баладан,  
Тауып алдық даладан.
- Далада бала жата ма?
- Түсіп қапты шанадан.
- Біздің бала қайда екен?
- Қыздарменен тойда екен.
- Тойда неғып жүр екен?
- Алма теріп жүр екен.
- Алмасынан кәнеки?
- Жаңа теріп жүр екен.
- Жаңасынан кәнеки?

-Қабы толмай жүр екен деп аяқталады. [2;3] Бұл басынан аяғына дейін диалогқа, сәби санасын селт еткізер сұрақ-жауапқа, кез-келген баланы қызықтыратын сюжетке құрылған жыр. Осы өлеңді көбінесе бесік жыры ретінде қабылдап, бесік тербеткенде айтып жүргенін байқаймыз. Өлеңнің құрылымы-мұндай өлеңдердің ес біліп, етек жинап, естияр болып қалған балаға арналғанын көрсетеді. Диалогқа құрылған өлең-түсінуді, тіпті жауап қайтаруды талап етіп тұрған тәрізді. Шындығына келгенде, бұл «Уату өлеңі», ренжіп, жылап қалған баланың көңілін бөліп, ойын-өлеңге, өзге нәрсеге бұру арқылы жұбатып жіберуге бағытталған.

Балалар фольклорындағы тағы бір бөлім-арнау-тілек өлеңдері, қоршаған орта, оның адам өмірі мен тыныс-тіршілігіне әсері; жыл мезгілдері мен ауа-райы, уақыт өлшемі, жан-жануарлар мен өсімдіктер жайлы түсінік беріп, таныстыруға арналған. Біз жақында ғана жаңа күн-Наурызды, жаңа-Сиыр жылын қарсы алдық, осынау ұлттың ұлан-асыр ұлы меркесімен тікелей байланысты айтылатын «жыл құсы» деген ұғым бар. Жыл құсы-жаңа жылға сәйкес айтылған жалпылама сөз, ал, сол құстың атын біле бермейміз. Аталмыш бөлімдегі «Жыл құсын көргенде» деген арнау өлеңде осы жайында айтылады.

- Жыл құсын көргенде  
Самалық, самалық!  
Самарқанның көк тасы  
Жібіді ме, көрдің бе?  
Қап тауының көк құсы,  
Жүгірді ме, көрдің бе?  
Самалық, самалық! [2; 3]

Бұл өлеңнен біздер жыл құсының есімі, қыстың қарлы-боранды құрсау-қамалын бұзып, көктемнің-амалын, көктемнің жанға жайлы самалын алып келетін-Самалық екенін білеміз. Жыл бойы жаһан кезіп, жер шарын аралап қайтып келген Жыл құсынан, Самарқанның көк тасы еріген, ерімегенін сұрайды.

Ертеде халқымыз Қап деп атаған Кавказ тауы ондағы көк құс туралы сұрайды. Мұнан біз-Самалықтың алыстан жылы желді жетелеп, салқын самалды ертіп, шуақ, жылу, сәуле мен нұрды алып келе жатқанын ұғамыз.

Біз жоғарыдағы екі мысалдың бірі-танымдық енді бірі-бесік жыры емес, арнау-тілек тобына кіретін Уату жыры деп неге келтіріп отырмыз. Кеңестік кезеңде көңіл бөлінбей келген Балалар фольклорында кейбір кемшіліктер мен нұқсандар, орын алмасып кетулер кездеседі. Балалар фольклорын оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында пайдалану үшін; оларды жүйелеу, түсініктер беру және ұстаздар пайдалану үшін арналған әдістемелер керек екендігі көрініп тұр.

Ертегі-әдебиеттегі ең бір қызық-жанр, оны үлкен де кіші де беріліп тыңдайды. Бұл балалар үшін, айрықша төменгі сынып оқушыларына өте қызық, оларды қиял-ғажайып дүниесіне енгізіп жіберетін-керемет, әсерлі-әлем. Балалар әдебиетіндегі ең бір көлемі-мол, мағынасы-зор, тигізер пайдасы ұшан-теңіз мұраларымыздың бірі осы-ертегілер болып

табылады. Енді ертегілеріміздің ішінен біреуін түсінікті болу үшін, бәрімізге таныс-Ертөстік ертегісін алып қарайық. Ертегі басында жылқысы жоғалған Ерназар бай, жоқты іздеп шығып, алыста жүріп қалған оның балалары, малынан айырылып жоқшылыққа ұшыраған отбасы, шаңыраққа жайылған соғым етінен қалып қойған жалғыз-төстік, Ертөстіктің дүниеге келуі, асық ойнау, күресу, өрмек тоқу, кейін балалары табылып тоғыз ұлына, бір үйдің тоғыз қызын іздеп шығып, оларды тауып, құда түсіп, құлақтарына сырға тағып келуі, бәріде халқымыздың сол дәуірдегі және бүгін де бар тұрмыс-тіршілігінің көрінісі. Жай ғана көрініс емес; тарихи сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, заманауи тілмен айтсақ-рухани дүниеміз құнды қазынамыз. Осынау әдемі әлемді, өзекті өмірді, жөн-жобамен жоралғыларды бастауыш балаларынан бастап, жоғары сынып оқушылары, бәріміз білуге тиіспіз. Тек, оларды балалардың жас ерекшелігіне ыңғайлап, бүгінгі күнге бейімдеп, сабақ үстінде, оқу барысында икемді әрі тиімді түрде пайдаланған абзал.

Ертегідегі Ертөстіктің-жер асты әлеміне баруы, жыландар патшасы Бапының үйінде болуы, самұрық құсқа мініп, көкке көтерілуі-қиялдан туған ғажайып оқиғалар. Бір жағынан бұл-сол заман мен адамның өмірі мен ой-өрісінің, шығармашылықта көрініс табуы. Екінші жағынан, қазіргі заманның шындығы, ертедегі, ертектегі ой-қиялдар мен үміт-армандардың жүзеге асқан дәуірі. Алғашқы ғарыш айлағы қазақ жерінде, тұңғыш ғарышкер Байқоңырдан көкке көтерілді, халқымыздың қаһарман ұлдары ғарышты игеруге үлес қосуда, жер асты, теңіз түбінде жатқан қазыналар халқымыз мүддесіне қызмет етуде. Міне, осындай бүгінгі өмір шындығын, бұрынғы заманда жазылған балалар әдебиетіндегі ертегімен байланыстыра көрсету балалар үшін сөз жоқ қызық құбылыс. Бұл үшін бізде, фото суреттерден бастап ғылыми-көпшілік және деректі фильмдерге дейінгі аралықты қамтитын көргізбеліктер мен көрнекіліктер өте мол.

Әрбір ертегінің сюжеті мен мазмұны әртүрлі бірі қулық пен сұмдықты әшкерелесе, енді бірі білім, ғылымға шақырады, бірақ бәрінің мақсаты бір; адамгершілік пен жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, ұшы-қиырсыз дүниемен таныстыра отырып, тұлға қалыптастыру.

Бес ешкі ертегісі-көрсекызар, құлқыны тоймас ашкөздікті айыптап, тапқырлықты, ұйымшылдық пен бірлікті насихаттаса, «Қайырымды қоян», «Сиыр пен тышқанның достығы», «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегілерінің мазмұнын атауларының өздері әйгілеп тұр. Балалар фольклоры-тұнып тұрған таным мен білім, сол себептен, кез-келген саласына тоқталып, балалардың ой-өрісін өрлететін, таным көкжиегін кеңейтетін әрі қызыға үйренетін жақтары жетіп артылады. Осы орайда-Өтірік өлеңдерге мысал келтіріп, тоқталып көрейік. Былай қарасақ өзі өтірік өлең болса онда қандай мән мен мағына, тәрбие мен тәлім болуы мүмкін деген заңды көзқарас туындайды. Бізге оның аты емес-заты, тәрбие-тағылымы, бала жан-дүниесін дамытудағы рөлі маңызды. Өзің көріп-біліп, куә болып жүрген өмір шындығын өлеңге қосу оңай, ал ойдан шығарып, өтірік өлең айту осал шаруа емес. Сонан болар, өтірік өлеңдер ертеде адамдарды әсіресе жас ұрпақты; ойы-терең, өрісі-кең, қиялы-ұшқыр етіп-тәрбиелеудің-тәсілі, тәлім мен танымның тағы бір тетігі болып қызмет еткен. Сонымен бірге; жалған мен шынды, көпірген өтірік пен өмірден ойып алынған ақиқатты, әділдік пен әділетсіздікті керек десеңіз; адал мен арамды, жақсы мен жаманды айыра біліп, ара жігін ажыратып алуға баулыған. Кісілікке, көреген де көсем болуға, тығырықтан жол таба білуге, қиындықтан қорқатын жасық, ынжық емес, жігерлі, жалынды, жан-жақты азамат болуға ұмтылдырған. Бізді-қоршаған орта мен жанұя шеңберінен шығарып, ауыл-аймақтан алыстатып, қызықты да қайшылықты әлемдік аренаға апарып, оған сын көзімен қарауға үйретеді. Сөйте келе, көрген, білген, естігенді, оқығанды ой елегінен өткізіп, түйіндей алуға, әдемі етіп суреттеп, әсерлі етіп сипаттауға, сындарлы пікір білдіруге, әсіресе, сыни ойлауға жетелейді. [3; 5]

Енді осы өтірік өлеңдерге қысқаша тоқталсақ Таза баланың Қырық өтірігінде;  
Баласы қасқа айғырдың бөлтірік-ті,

Айтпаймын өлтірсең де өтірікті деген жолдар бар. Өтірікті суша сапырып, айтып отырып, өтірік айтпаймын дейді. Бөлтірік бөрінің баласы ма, қасқа айғырдың баласы ма,

онда құлын қайсысының төлі? Бар-жоғы екі қатарда мөлт-мөлт етіп мысқыл (юмор), тырсытырсы етіп тамшылап тамып тұрған жоқ па?

Тағы бірінде былай делінген;  
Ұстадым киттің өзін қармақпенен,  
Көтердім Көкшетауды бармақпенен.  
Кебісін тұңғышымның қайық етіп,  
Мұхитті жиһанкездей шарлап өттім. [4; 5]

Тағы айтарымыз, толып тұрған таным, шүпілдеген ұғым, соның ішінде туған өлкеңдегі, еліміздегі ең керемет таудың атауының өзі баланы елең еткізіп, оны бармақпен көтеруге бола ма, болмай ма деген сөздің өзі қытығына тиеді, қызықтыра түседі. Кит, қармақ, мұхит, жиһанкез ұғымдары пәнаралық пайымдауға бастайды-жағрафия мен дүниетану, мұхит, жиһанкез, кит сөздері-әдебиет пен тілтану. Тұңғыш баласының кебісін қайық етуі тағы да қазақ тілі; архайзмдер мен сирек қолданыла бастаған сөздер, этнография элементтері.

Көріп отырғанымыздай, балалар әдебиетінде оқушылардың қызығушылығын арттыратын, ой-өрісін дамытатын, білім-биігіне, ғылым ғарышына бастайтын мұрамыз мол екен. Қызықты материал бар жерде, баланың өзі қызыға бастайды, ықылас қойып ынтыға түседі, белсенділігі пайда болады. Әңгіме-осынау мағыналы да маңызды мұраны тиімді пайдалана білуде, оны бала түсінігіне, жас ерекшелігіне орай оңтайландыруда, қарапайым әрі жеңіл етіп жеткізе білуде жатыр деп ойлаймыз. Бұл үшін балалар фольклорына сүйеніп өтілген сабақтар, оның әдіс-тәсілдері көрініс тапқан әдістемелер жинақталуы және жариялануы қажет-ақ. Бұл үлкен жұмыс, заманауи тіл білімі мен ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынов «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек» дейді. [5; 5] Демек, бұл үрдіске баланың өзі білек сыбанып кірісуіне үлгі-өнеге көрсетуіміз керек, бала білімді тәжірибе арқылы алу үшін, сабақты; айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылымды оқу барысын, іс-шаралар мен нақты тәжірибелер арқылы сөз жүзіндегі білім процесін іс жүзінде көрсете отырып жүзеге асыруға барынша әрекет жасауымыз керек. Балалар фольклорының өзі-бала үшін, олардың ықыласын ояту үшін жазылған, тек ғана істің көзін біліп, ынтамен іске асыруға кірісу керек деп ойлаймыз.

#### *Әдебиеттер*

1. Мектеп Ұстаздарының әлемі. Республикалық педагогикалық журнал. №4. (12) 2016. Сәуір-апрель).
2. Ақ сандық, көк сандық. Балалар фольклоры. Алматы «Жазушы» 1988 жыл.
3. Бастауыш мектеп. Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналы. Алматы. 2001 жыл.
4. Қазақ шешендері. Ел аузында сақталған естеліктер. Балтабай Адамбаев Алматы. Жалын. 1990 жыл.
5. Ақылдың көзі. Құрастырған Қ. Жарықбаев. Алматы. Жалын. 1980 жыл.

*Ж.Б. Катшибекова - докторант PhD, ТҰРАҢ университеті*

### **ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕЙІНІН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ**

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда жоғары оқу орындары бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған, бұл кәсіби және тұлғалық компоненттердің тұтастығын көрсетуге қажет түлектердің білім нәтижелеріне жоғары талаптар жүктейді. Студенттердің оқу іс-әрекеті тұлғаның кәсіби дамуы мен өзін-өзі дамытумен байланысты құзыреттіліктер кешенін меңгеруге бағытталған. Осыған байланысты жеке тұлғаның жас ерекшеліктерін қалыптастырудың психологиялық тетіктері, болашақ мамандарды кәсіби



даярлаудың танымдық, тұлғалық және әрекеттік жақтарының өзара байланысы ескерілуі қажет.

Оқу іс-әрекеті мәселесінің ғылыми негіздері К.Д. Ушинский, М.Я. Басов, П.П. Блонский, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жатыр. Көптеген ғалымдар өздерінің зерттеу жұмыстарын ЖОО студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекеті мәселесіне арнаған: Б.Г. Ананьев, С.И. Архангельский, Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, Т.В. Габай, И.А. Зимняя, И.И. Ильясов, С.В. Кошелева, Н.В. Ключева, В.Я. Ляудис, А.К. Осницкий, Ю.П. Поваренков, А.А. Вербицкий, П.И. Пидкасистый және т.б.

Ғалымдар студенттік жастағы оқу іс-әрекетінің когнитивтік қабілеттерін жетілдіру, танымға деген жоғары уәждеме, зияткерлік және әлеуметтік жетілуді ұштастыру, сондай-ақ оның тиімділігі мен табыстылығын арттырудың құрылымы мен шарттары сияқты ерекшеліктерін ашады.

Қазақстандық психологиялық ғылымда студенттердің оқу іс-әрекетін С.М. Жақыпов, Ж.И. Намазбаева, А.Р. Ерментаева, О.С. Сангилбаев, Н.К. Тоқсанбаева, Н.Б. Жиенбаева, М.А. Абсатова, Г.О. Абдуллаева, Г.Б. Капбасова және т.б. ғалымдар зерттеген. Олар студент жастардың субъективтілігін, белсенділігін, синергиясын, кәсіби-оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыруын дамыту сияқты аспектілерді зерттеді.

Көп жағдайларда кәсіби-оқу іс-әрекеттің табыстылығы оның танымдық құрамымен, жоғары психикалық қызметтердің қалыптасуымен қамтамасыз етіледі, бұл көбінесе студенттердің ерікті зейінінің даму деңгейімен анықталады. Студенттердің оқу іс-әрекетінің сәттілігіндегі зейін рөлінің мойындалуына қарамастан, аталған мәселенің дамуындағы жеткіліксіздігін атап өткен жөн, бұл оны жетілдірудегі әдіснамалық және әдістемелік қиындықтармен түсіндіріледі. Зейіннің өзінде қарама-қайшылықты көзқарастар бар: кейбір ғалымдар оны дербес психикалық үрдіс ретінде қарастырады, ал ғалымдардың басқа бір бөлігі оны, тек негізгі танымдық үрдістерді қамтамасыз ететін және өзіндік мазмұны жоқ, «өтпелі» деп санайды.

Біздің зерттеуіміздің әдіснамалық негізі ретінде В. Вундт, Э. Титченер, У. Джеймс, Т. Рибо, Р. Вудвордс, Д. Канеман, У. Ниссер, Н.Н. Ланге, Л.С. Выготский, Н.Ф. Добрынин, П.П. Блонский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, Д.Н. Узнадзе және т.б. зейіннің психологиялық теориялары болды.

Зейіннің мәнін ұғынудың басты тәсілдерінің негізгі ережелерін қарастырайық. Зейінді эксперименттік зерттеу қажеттілігін алғашқы болып талап еткен ғалымдардың бірі В.Вундт болды, ол зейінді тікелей санамен байланыстырды, бұл шынайылықты неғұрлым нақты, анық және толық қабылдауға және белгілеуге мүмкіндік береді. Р.Вудвордс зейіннің танымдық үрдістермен (қабылдау және бақылау), психофизиологиялық көрсеткіштермен байланысын аңғартып және оның кейбір қасиеттерін ашып, зейіннің эксперименттік дамуына айтарлықтай үлес қосты. Т. Рибо, Э. Титченер зейіннің екі негізгі формасын анықтады – еріксіз және ерікті. У. Джеймс интеллектуалдық және сезімдік, тікелей және жанама, пассивті және белсенді деп бөліп, зейін түрлерінің типологиясын кеңейтті. Д. Канеманның теориясында зейін іс-әрекеттің энергетикалық қоры ретінде қарастырылады, орындалатын іс-әрекеттің маңыздылығына байланысты зейінді бөлу механизмдері анықталды. У.Найссер перцептивті іс-әрекетте зейіннің таңдамалы қызметіне үлкен мән берді және оны жаттығулар арқылы жаттықтыру, ақпаратты алдынала білудің танымдық дағдыларын дамыту мүмкіндігін атап өтті.

Ресейлік және кеңестік ғылымда зейіннің көптеген теориялық және эксперименттік зерттеулері жүргізілді:

- ерікті зейіннің моторлы теориясы, Н.Н. Лангенің рефлексивті, сезікті және ерікті зейінді бөлуі;

- Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы, ерте онтогенездегі зейін генезисі, жанама зейін;

- Н.Ф. Добрыниннің теориясы, зейіннің 3-ші деңгейін белгілеу – ырықтыдан кейінгі зейін;
- П.П. Блонскийдің танымдық процестердің өзара байланысы және ұғымдарды қалыптастырудағы зейіннің рөлі туралы теориясы;
- С.Л. Рубинштейн іс-әрекетіндегі зейіннің рөлі (іріктемелі бағыты) туралы ереже;
- А.Н. Леонтьевтің «зейін құбылыстары», «сана өрісі ретіндегі ерікті зейін», «зейін өрісі» туралы ережелері;
- әрекеттің бағдарлау негізінің теориясы, П.Я. Гальпериннің танымдық іс-әрекетіндегі зейіннің рөлі;
- бағдар теориясы, зейіннің Д.Н. Узнадзе бағдарымен байланыс теориясы және т.б.

Біз қазақстандық психологиялық ғылымдағы зейін мәселесінің қалыптасуына талдау жасадық. Алғаш рет қазақстандық ғылымда зейін феномені М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.М. Мұқановтың еңбектерінде ашық көрсетілді. Осылайша М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» (1922ж.) оқулығындағы бір бөлімшесін зейінге арнайды, онда ол адам өміріндегі оның рөлін ашып, зейіннің түрлеріне сипаттама береді, баланың зейінін және оны тәрбиелеу жолдарын көрсетеді. Ж. Аймауытов «Психология» оқулығында (1927ж.) таным процестеріне, оның ішінде зейінге де, сипаттама береді, зейін мәселесі бойынша терминологияны нақтылайды. М.М. Мұқанов «Бақылау және ойлау» (1959), «Оқушылардың зейінін тәрбиелеу» (1960) кітаптарында зейін мен бақылау процестерінің негіздерін ашады, олардың деңгейлерін айқындайды және дамуы бойынша ұсыныстар береді. Алынған тәжірибе осы ғылыми саладағы одан әрі жүргізілетін зерттеулерге негіз болды.

Т.С. Сабиров (1962 ж.) оқушылардың белсенді зейінін ұйымдастыру, объектілерді қабылдау кезінде мақсаттылық пен талғамдылықты дамыту жолдарын ашады, салыстырудың, маңызды белгілерді бөлудің, қасиеттері бойынша топтастырудың рөлін баса көрсетеді. О.К. Орманбаева (1972 ж.) бастауыш мектеп және кіші жасөспірім жасындағы оқушылардың жұмысқа қабілеттіліктері және зейін шоғырлануы мен тұрақтылығының көрсеткіштері эксперименталды түрде зерттелді және мұғалімдерге оқушылардың шаршауы мен ерік-жігерінің жас ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі туралы ұсыныстар берілді.

Студенттердің зейіні мәселесі жайындағы зерттеулердің дамуына О.С. Сангилбаев елеулі үлес қосты. Ғалымдар зейінді саналы іс-әрекеттің тиімділігін дамытатын тұлғаның қасиеті ретінде қарастырады. Зейіннің кешенді зерттелуін негіздейді, зейінді дамытудың әр түрлі аспектілерін қарастырды – оқу іс-әрекетіндегі зейіннің қызметтерін; оқытуды тиімді жоспарлаудағы зейін қасиеттерінің рөлін; зейінді эксперименттік зерттеудің әдістері мен әдістемелерін; оқу-тәрбие үрдісін зейіннің қасиеттерін зерттеу негізінде ұйымдастыруды; зейінді зерттеудің этнопсихологиялық аспектілерін және т. б.

С.В. Тихомирова (2001) зейінді адам іс-әрекетінің психологиялық компоненті ретінде қарастырады. Автор жылдам оқуға бағдарламаланған оқытудың негізінде жастық шағындағы білім алушылардың зейінін дамыту әдістемесін жетілдірді. Таңдалған мамандықтың ерекшеліктеріне қарай зейін қасиеттерінің (көлемі, шоғырлануы, тұрақтылығы және ауысуы) даму тәуелділігі анықталды. Сондай-ақ, зейіннің қасиеттері деңгейінің көрсеткіштері орындалатын іс-әрекеттің тиімділігін арттырумен (жылдам оқу) қатар өсетіні анықталды.

И.В. Андреев (2003) ЗТГС (зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы) бар бастауыш сынып оқушыларында зейіннің бұзылу құрылымын зерттеді; зейін шоғырлануының төмен деңгейі анықталды, іс-әрекеттің жылдам орындалуына бағдарлану, жұмысқа деген қабілеттіліктің төмендеуі, зияткерлік іс-әрекеттің өнімділігі анықталды.

Г.К. Жұмажанова (2008) оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу үрдісіндегі зейіннің маңыздылығын зерттеді, мақсат қоюды үйретудегі мұғалімнің рөлі көрсетілді, зейінді

сақтап тұру үшін әр түрлі тәсілдерді пайдалану, іс-әрекет түрлерін кезектестіру қажеттілігі көрсетілді.

Матина К.Т. және Мандыкаева А.Р. (2019) зейіннің қасиеттерін зерттеді – психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалар тобындағы зейіннің тұрақтылығын, шоғырлануын, ауысуын және көлемін; ПДТ балалардың нейропсихологиялық мәртебесінің полимодальділігіне байланысты осы категориядағы балалардың біртекті еместігі көрсетілген.

Кәсіби-оқу іс-әрекетінде студенттердің зейінін дамыту мәселесінің жағдайын қарастырайық. О.С. Сангилбаев зейін қасиеттерінің когнитивтік процестермен және оқу іс-әрекетінің нәтижелілігімен анықталған өзара байланысы негізінде студенттердің оқу іс-әрекетіндегі зейін қасиеттерінің моделін ұсынды. Іс-әрекет субъектілері ретіндегі студенттер зейінінің дамуын анықтайтын детерминанттар белгіленді [1].

И.В. Андреев білім беру процесін ұйымдастырудың әр түрлі жағдайларында студенттер зейінінің қасиеттерін зерттеді және қашықтықтан оқытудың жаңа технологиялары студенттердің танымдық қызметтерін, атап айтқанда, есте сақтау қабілеті мен зейінді дамытуға ықпал етеді деп ұсынды. Қашықтықтан және күндізгі оқу формасы бойынша оқытын студенттер көрсеткіштерінің эксперимент және салыстырмалы талдауы, қашықтықтан оқытын студенттердің ақпараттық жүктемелерге неғұрлым төзімді екенін және олардың зейінінің шоғырлану көрсеткіші, күндізгі бөлімде оқытын студенттермен салыстырғанда, төмендемейтіндігін көрсетті. Осылайша, қашықтықтан оқыту формасы жоғары дамытушы танымдық әлеуетке ие [2]. Осыған ұқсас зерттеуді Н.В. Серкова жүргізді, ол қашықтықтан оқыту жағдайында зейін қарқынды дамып, психикалық қатандық деңгейінің төмендегенін анықтады. Сонымен қатар зейіннің бөлінуі, талғамдылығы және шоғырлануы сияқты қасиеттердің деңгейі артады [3].

М.Б. Уақасова студенттердің қарым-қатынас жасау барысындағы зейіннің дамуын зерттеді. Автордың айтуынша, жастық шақта зейін қызметтері интеллектуалды және тұлғалық дамуда да маңызды рөл атқара бастайды [4].

Н.Г. Макарова студенттердің зейін қасиеттерінің даму деңгейін кәсіби дайындық бағытына тәуелді деп анықтады: басқару ісімен байланысты мамандықтарда оқытын студенттер зейін тұрақтылығының төмендігін және зейін бөлінуінің жоғары деңгейін көрсетті, ал жарнамалық іс-әрекетпен айналысатын студенттер – зейін шоғырлануының төмен және зейін тұрақтылығының жоғары дәрежесін көрсетті. Бұл ретте студенттер, дайындық бағытына қарамастан, кәсіби-оқу іс-әрекетте зейіннің қасиеттерін мақсатты түрде дамытуын қажет етеді [5].

М.В. Жижина өз зерттеуінде студенттердің зейінін қалыптастыруды ұзақ кезең-кезеңмен өтетін үрдіс ретінде анықтады, кәсіби зейінді қалыптастыру қажеттілігін негіздеді, сонымен қатар ерікті, эмоционалды, танымдық, әлеуметтік және мотивациялық компоненттерден тұратын оның құрылымын белгіледі. Автор зейінді тиімді ұйымдастыру дағдыларын дамытуға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды жетілдірді, зейінді өздігінен бақылау, студенттердің эмоционалды жай-күйлерін өзіндік реттеу әдістерін ұсынды [6].

Е.И. Сысолятина және Т.Ю. Ковтун 1-2 және 3-4 курс студенттерінің жұмыс тиімділігі, жұмысқа қабілеттілік дәрежесі, психологиялық тұрақтылығы сияқты зейін көрсеткіштерін зерттеді. 4-курсқа қарай көрсеткіштердің елеусіз динамикасы анықталды: жұмыс тиімділігі; жұмысқа қабілеттілік дәрежесі; психологиялық тұрақтылық. Авторлар студенттердің зейінін дамыту бойынша арнайы жұмыс жасау қажеттілігі туралы қорытынды жасады [7].

1-курс студенттерінің зейін ерекшеліктерін А.И. Мамедова мен Н.И. Медведевалар зерттеді. Бірінші курс студенттері орташа жұмыс тиімділігін, жұмысқа ұзақ уақыт қатысуды және жақсы психикалық тұрақтылықты көрсетті, бұл бейімделу кезеңінің өтуімен байланысты, олар шаршайды және жұмыс қабілеті төмен. 4-курс студенттері негізгі жұмысқа аз дайындықты, сондай-ақ жақсы психикалық тұрақтылықты талап ететін

орташа, жоғары деңгейге жақын жұмыс тиімділігін, орташа жұмыс істеу дәрежесін көрсетті [8].

Біз студенттердің зейінін дамыту үшін білім беру ұйымының педагогикалық үрдісінің қорларын іздеуге бағытталған зерттеулерді жеке топқа бөлдік. Осылайша, Р.Р. Гасанова студенттер зейінін дамытуға ықпал ететін белсенді оқытудың шарттарын, құралдарын, тәсілдері мен әдістерін ашады. Оларға автор зерттелетін құбылыстың мазмұнын; ақпарат беру әдісін; оқытушының жеке тұлғасын; аудиториямен коммуникативті өзара әрекеттестікті; бірқатар арнайы технологияларды (оқу пәндерін оқытудағы логистикалық тәсілді) жатқызады [9].

Н.Д. Махнина зейінді дамыту үшін оқу материалын құрылымдау алгоритмін әзірледі:

- 1) тиісті кезең ішінде орындалуы қажет міндеттерді айқындау;
- 2) міндеттерге сәйкес мәнмәтіндерді анықтау;
- 3) міндеттерді «ортақ қоймадан» ең жақын зейін аймағына көшіру қағидаларын айқындау;
- 4) дидактикалық бейнені жасау [10].

Сонымен, әдеби дереккөздердің талдауы зейіннің екі ғасырдан астам уақыт бойы эксперименталды психологияның зерттеу нысаны болып келгендігін көрсетті және осы уақытқа дейін ғалымдардың осы психологиялық категорияға деген көзқарастарында біртұтастық жоқ екенін білдірді.

Психология ғылымының зейін түрлерін, оның қасиеттері мен эксперименттік зерттеу әдістерін зерттеу тұрғысынан айтарлықтай жетістіктерге жеткендігін атап өту маңызды. Зерттеушілердің көпшілігі зейін – нәтижелі оқу іс-әрекетінің негізі, деген пікірде келіседі.

Жоғары білім беру психологиясында зейіннің көптеген түрлерінің, даму деңгейлерінің, табысты және тиімді оқу іс-әрекеті үшін оның ұйымдастырылу шарттарының зерттеулері жүргізіледі. Зейіннің ұтымды ұйымдастырылуы және тиімділігінің деңгейіне ықпал ету тетіктерін ашу өзекті болып табылады.

#### ***Әдебиеттер:***

1. Габай Т.В. Педагогическая психология. М.: Академия, 2019. – 672с.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования: Учеб. пос., для вузов. -М., 004.
3. Психология внимания / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Я. Романова. — М.: АСТ: Астрель, 2013. — 656 с.
4. Психология внимания [Текст] / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Я. Романова. — М.: АСТ: Астрель, 2013. — 656 с.
5. Брушлинский А. В. Психология мышления и проблемное обучение. -М.:Знание, 1983.- 96 с.

*Э.Н. Ибрагимова*

*учитель английского языка СШ№4 г.Хромтау Актюбинской области*

#### **РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПСИХОЛОГИИ В ВОСПИТАНИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ**

Общество – это социальная система, живой закономерно развивающийся и саморегулирующийся социальный организм. Параллель между организмом и обществом

проводится в науке, начиная с трудов Аристотеля. Такое сравнение связано с пониманием общества не как скопища самостоятельно живущих людей, но как единства, обладающей своими материальными и духовными законами.

*Общество* — сложившаяся на определенной территории в *процессе исторического развития общность больших и малых групп людей* с определенными объединением, властью, типом связей и отношений. Люди в этой общности не абсолютно свободны в своей жизни и поступках. Жить в обществе, среди людей и быть свободным от них — невозможно. Жизнь, деятельность, поступки, благополучие, будущее каждого человека неминуемо испытывают влияние особенностей общества, в котором он живет и окружающей среды.

Нынешний мир охвачен процессом глобализации, который влечет за собой сближение экономической, политической и культурной жизни национальных систем. В результате глобализации мир становится более объединённым и открытым. Мир стал иным, но при этом сближение народов не ведет к всемирному обществу. Глобализация влечет за собой вторжение инокультурных воспитательных моделей, что представляет солидную опасность для национального воспитания. Возможно в ближайшем будущем наше подрастающее поколение забудет наши традиции и обычай которые передавались из поколения в поколения.

Глобализация является сильнейшим экзаменом для национальной экономики и культуры. Серьезной проблемой в условиях глобализации является обозначение для народа своего места в экономическом и культурном транснациональном пространстве. У тех народов, которые не стали экономическими лидерами, наблюдается снижение уровня жизни и, как следствие, ослабление национального самоуважения. Результатом такого состояния становится развитие у молодых людей космополитического мировоззрения, делающего их, скорее, «гражданами мира», чем собственной страны. И молодежь больше подражает западному воспитанию. И чаще всего по такому течению идут малограмотные люди, у которых нет своего «Я».

На данный момент национальное воспитание молодежи является актуальным вопросом. В целях стабилизации экономики страны, повышения патриотических чувств возникает необходимость в национальном воспитании. Для осуществления данного вопроса мы должны правильно расставить акценты в духовном становлении нового поколения. Актуальность воспитания молодежи безусловна, при этом необходимо учитывать и предыдущий опыт, оберегая национальные обычаи, такие как человечность, уважение к старшим и младшим, гостеприимность, справедливость, ум и величественность нации, искусство речи, соприкосновение своих национальных ценностей с другими, колоссальное культурное, духовное и нравственное наследие.

К процессу национального воспитания молодежи нужно подходить более гибко, пробуждая у нее чувство любви к своей родине, заинтересовать подрастающее поколение в изучении культуры, традиций и национальных особенностей, постигая качества, присущие символичной нации, одновременно увеличивается и интерес к особенностям других наций.

В XXI веке с требованием времени образование, сознание человека стоят на очень высоком уровне, потому что рыночная экономика не переносит простоты, лености, неосознанности.

Мы, благодаря богатствам нашей земли, должны содействовать процветанию родины, поиску новых путей развития, внедрению новых технологий. Только когда все установленные перед нами задачи будут выполнены, мы сможем ощутить себя счастливыми. В этой связи каждый должен задуматься над такими вопросами, которые поднял в своей речи Глава государства Н.А.Назарбаев: «Каждый гражданин независимой страны, задумываясь о прошлом и будущем Казахстана должен задать себе вопрос, «Кто мы были вчера?» «Кто мы сегодня?» «Кем будем завтра? Это значит каждый гражданин должен понимать, что история его страны, его народа не хуже других. Это значит, что

каждый гражданин должен путем глубоко мышления через исторические недра стремиться быть достойным приемником необъятной земли, оставленным нашими предками». [1. 1-2 стр.]

Необходимо внедрить особенности национального воспитания совместно с семейным воспитанием и организациями образования, которые будут единственным решением в таких общественных бедствиях, которые ранее были чужды казахскому народу, как-то молодежь, отправляющая родителей в дом престарелых, брошенные дети, алкогольная зависимость, употребление наркотиков, привлечение в религиозные секты, тяжкие преступления, проституция. Для казахского народа это должно быть позором так как наши бабушки и дедушки могли дать любовь и заботу людям другой национальностей, поделиться последним куском хлеба. В качестве решения, на которую нужно обратить особое внимание, является определение тем связанных с воспитанием. В качестве примера можно взять такие: национальные игры, пословицы, крылатые слова казахского народа, значение воспитания, родственные отношения, понятие значимости рода до седьмого колена, воспитание девочки, воспитание мальчика, воспитание невестки, воспитание юноши, роль национального воспитания в регулировании отношений между членами семьи, традиции и обычаи свойственные казахскому народу, человеческие ценности казахского народа, значимость религии в преподавании национального воспитания.

На сегодняшний день проводится большая работа по современной систематизации, изучению и аналитике предмета «Национальное воспитание» с научной точки зрения, собраны и обработаны мысли, идеи средневековых деятелей, сочинения наших казахских просветителей, прославлявших язык, религию, культуру, обычаи и быт нашей нации, песни наших акынов, воспитательные игры, высказывания великих биев, слава батыров защищавших родину.

В целях формирования системы ценностей в рамках национального воспитания в школах проводятся конкурсы и олимпиады школьников на знание казахского языка, атрибутов государственности и государственных символов Республики Казахстан.

В школах есть уголок этнической культуры, проводим встречи выдающихся личностей, прославленных спортсменов, ученых, а также тематические занятия по краеведению для учащихся школ на объектах историко-культурного наследия региона. В прошлые годы благодаря спонсорской помощи родителей 40% учеников 5-9 классов посетили город Туркестан, где получили духовную пищу. Ознакомились с огромным краеведческим материалом. В рамках данных проектов: «Менің Отаным – Қазақстан», «Тарих мұрасы», также проводили онлайн экскурсии по платформе ZOOM. Сегодня много говорится о важности социально-личностного роста молодежи, значимости национального воспитания в связи с возрастными особенностями, здорового образа жизни, воспитания человечности, а также поднимается вопрос о негативных действиях в среде молодежи (табакокурение, наркомания, проституция, алкоголизм, хулиганство, преступления) и о влиянии религии на социальное становление молодежи. Поэтому в рамках предмета «Национальное воспитание», избавившись от вышеназванных негативных проявлений, повысив воспитательную роль религии в формировании подрастающего поколения, мы придадим воспитательную окраску существующему образовательному процессу.

Национальное воспитание играет важную роль в обеспечение благосостояние народа, в развитии экономики, в упрочнении независимости Республики Казахстан и признании другими странами авторитета нашей перспективной, стремительно-развивающейся республике.

#### *Литература:*

1. Ерғалиева Г.А. «Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиеленуінің педагогикалық шарттары». –Атырау, 2006. – 149б.

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРКЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: Бүкіл ел бойынша ғылыми зерттеушілік және қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру. Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн жүйелерін белсене дамыту керек. Ескірген немесе сұранысы жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұранысы көп және болашағы бар бағыттарды күшейту туралы мәселелер қарастырылған.

Білім беру саласындағы әлеуметтік-психологиялық қызметтің рөлі кейінгі кезде көптеген пікірталастарды тудырып жүр. Психология ғылымының теориясы мен практикасына деген осындай үлкен қызығушылықтың бірнеше себептері бар. Қазіргі кездегі психология ғылымы бұрынғы кеңестік мемлекеттердің бәрінде де жалаң теориялық бағытын, өмір талаптарына сәйкес, практикалық және қолданбалы ғылымға айналу үстінде. Екіншіден, қоғамдағы түбегейлі әлеуметтік - экономикалық өзгерістердің болуына байланысты қоғам өмірінде психологиялық білімдерді пайдалана білу қажеттігі қалыптасуда. Сол себептен де болар, қазіргі уақытта әртүрлі практикалық курстар, тренингтер, психологиялық орталықтар, бірлестіктердің көптеп көрінуі. Қоғамдағы күрделі құбылыстарды қазіргі адам психикасына әсерінің нәтижесінде адамдардың психикалық күй- жағдайлары шиеленісе түсуде, мұндай мәселелерді шешу үшін біреулер психологтарды іздесе, енді біреулер бақсы-балгер, экстарсенс немесе психотерапевтерді іздестіріп жүр, яғни қоғамда психологиялық тұрғыдан сауатсыздықтың бар екені көрініп отыр.

Бүкіл қоғамдағы өзгерістер білім беру саласына да өз әсерін тигізуде. Бұл салада түрлі оқу орындарының (мектептер, гимназия, лицей, университет, академиялар, т.б.) ашылып жатқаны белгілі, оқу орындарында әр түрлі бағдарламамен жұмыс істеу үрдісі қалыптасқан. Бірақ сол бағдарламалар оқушы жастардың психологиялық ерекшеліктерін әрқашан да ескере бермейтіні де аян.

Психологтың әр жанға көрсетер өнеге-үлгісі, жарқын жүзі, сергек сезімі, жанашырлығы, ұжымның жекелей мінез-құлқын, сырт-келбетін жұдырықтай жүрегімен сезінетін әсемдігі, әрбір адамға беретін дұрыс бағыт-бағдары бар. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, бүгінгі таңда «Психология» мамандығы әлемдегі ең танымал мамандықтар қатарының бестігіне кіреді. Демек, оның қазіргі қоғамда алатын орны ерекше.

«Психология адам туралы көптеген білімдерді және оларды алу жолдарын игерген сайын, шешілетін тәжірибелік міндеттердің ерекшелігіне сәйкес алынған білімдерді жалғастыруға, оларды логикалық ұйымдастыруға қажеттілік айқын көріне бастады». Осы уақытта психологияны тек адам іс-әрекетіне қызмет жасайтын ғана емес, сонымен қатар оны реттейтін тәсілдерді меңгерген, осы әрекетті қайта жасайтын құрал ретінде теориялық ғылымнан тәжірибелік ғылымға айналдыру қажеттілігі пайда болды .

XX ғасыр ғылыми-техникалық прогресс ғасыры болды, білім саласында алдыңғы шепке - білім, іскерлік, дағды қойылды, бірақ осы бағыттың өзі - рухани өмірдің таяздығы мен тапшылығына әкеліп тіреді. Біздің елдегі руханилықтың тапшылығы, қоғамдағы оқу орындарымен қатар, бұрынғы қазақ қоғамына жат балаларына арналған орындардың: ата-анасыз балалар, ата-аналары тастап кеткен балалар, жетімдер үйі, отбасы типіндегі балалар үйі, т.б. сол сияқты мекемелердің көбеюінен де көрінеді. Қазіргі кезеңде, бүкіл

әлемде руханилыққа бетбұрыстың болып отырғаны да кездейсоқ емес шығар, ендігі жерде алғы шепке - адами қасиеттер, адамгершіліктің ұғымдарына қадам басу басталды.

Аталынған күрделі мәселелердің шешімі де қарапайым болуы мүмкін емес, осындай проблемаларды шешуде "жан" туралы ілім - психологияның өзіндік үлесі болуы, яғни психологиялық ойлардың іс жүзінде, өмірде пайдалану мүмкіндігі. Ғылымның жетістіктерін көпшілікке жеткізуде білім саласының барлық тармақтарындағы (балабақша - орта оқу орындары - жоғарғы оқу орындары) психологиялық қызметтің орны ерекше.

Психологияға деген қызығушылық, сонымен қатар адамның өзіндік құндылығын бірте-бірте ұғымына түсумен де байланысты. кез келген қоғамның мәртебесін, ол қоғамда жоғары білімді, шығармашыл тұлғаның қаншалықты қажет, икемдігі мен бағалануына және де оның неғұрлым дами түсу үйлесімділігі мен іске асырылуына байланысты анықталатыны белгілі. Қазіргі кезде білім беру саласында әрбір балаға деген жеке-даралық көзқарасқа көп көңіл бөлінеді. Ал оның өзі бала тұлғасын жүйелі түрде және жан-жақты зерттеумен байланысты (тұлғаға бағдарланған тұрғы).

Білім беру саласының негізгі институттары - мектепке дейінгілерге арналған мекемелер, орта мектептер, жоғары оқу орындары екені аян. Сонымен қатар арнаулы мектептерді, интернат типтес, интернаттық мекемелердің де естен шығаруға болмайды.

Мектепке дейінгі мекемелердегі психолог орны, міндеттері, функциялары мен жұмысының мазмұны негізінен айқындалған. Ол ең алдымен психодиагностикалық және психокоррекциялық (түзету) жұмыстары.

Қоғамда орын алып отырған қиындықтармен байланысты мектепке дейінгі мекемелерде де, мектептегі де психологтың функцияларын анықтау қажеттігі туындауда. Мектеп мұғалімі оқу-тәрбиелік жұмыста әрқашан әртүрлі жас кезеңдеріндегі балалармен жұмыс жасағанда туындайтын қиындықтарды анықтай алмайды, олардың интеллектілі және тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтардың алдын ала алмайды, дау-дамайлық жағдайларды шешуде көмек бере алмайды. Кәсіби психологиялық дайындықтың жоғары деңгейі қажет болғандықтан психологиялық ұсыныстарды мұғалімнің тікелей қолдануы әрдайым тиімді бола бермейді. Сондықтан да осы еңбектің негізгі міндеттері: әлеуметтік-психологиялық, қызметті теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеумен; осы қызметті іске асырылуының теориялық негіздерін анықтаумен; білім беру саласындағы психологиялық қызметтің бірыңғай тұжырымдамасын жасаумен; аталмыш саладағы психологтың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру моделін ұсынумен; білім беру саласындағы әлеуметтік психологиялық қызметтің іске асырылуының теориялық - қолданбалы моделін жасаумен, білім саласының әрбір үзбесіндегі психолог қызметінің ерекшеліктерін анықтаумен; осы саладағы психолог қызметінің іске асырылуында психотерапиялық әдістерді қолданумен және сәйкесті әдістемелік нұсқаларды ұсынумен байланысты.

Білім беру саласындағы психолог өз іс-әрекетін осы жағдайларды жетекшілікке алып, мұғалімдердің, ата-аналар мен оқушылардың, мекеме әкімшілігінің сұраныстарына негіздей отырып жүзеге асырады.

Барлық мәселелерді шешуде психолог ең алдымен оқушы қызығушылықтарын ескереді, оның жан-жақты үйлесімді дамуын міндет етіп қояды.

Психолог өз іс-әрекетін педагогтармен бірлесе отырып жасайды, бұл психологтың педагогика мен дидактика, тәрбие теориясын жетік білуін талап етеді. Психолог пен педагогтың бірін-бірі толықтырып, қандай сызықшада бір жұмыс кезеңіндегі тығыз бірлестігі психологиялық қызмет жұмысының шарттары болып табылады.

Мектеп психологінің қызметі мектептегі педагогикалық ұжымы мен оқушылардың психикалық және әлеуметтік жағдайын сақтауға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру. Лауазымдық міндеттері: оқушылардың психикалық және әлеуметтік жағдайын сақтауға бағытталған кәсіби қызметін жүзеге асырады; болашақ кәсібіне бейінділігін анықтауға бағытталған жұмыстар жүргізеді; оқушылардың жеке басы мен әлеуметтік мәселелеріне арналған педагогикалық ұжымын бағдарлау мақсатында психология-педагогикалық қорытынды шығарады; дарынды және үлгермейтін оқушылармен іс-шаралар



ұйымдастырады; педагогтердің, ата-аналардың, әлеуметтік педагогтің құзырын жоғарылату үшін, психологияны практикада қолдану мәселелері бойынша педагогтарға кеңес береді; әр түрлі бейінді мақсатта психологиялық диагностика жасайды, ауытқу дәрежесін анықтайды, психо-педагогикалық түзету жасайды. Мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты: мектептің білім беру ортасында арнайы жағдайды қалыптастыра отырып, оқушылардың психологиялық даму үдерісін басқару болып табылады.

#### **Психологиялық қызметтің міндеттері:**

1) Оқытудың түрлі кезеңдерінде оқушылардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру.

2) Оқушылардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау.

3) Ішкі мектептік білім беру бағдарламасына және технологияларына, олардың сол мектептің оқушыларының индивидуалды және жастық ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру.

4) Мектептің білім беру ортасында балалардың оқу, тәрбие және даму үдерістеріне кеңес беру ақпараттық психологиялық қолдау көрсету. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс түрлері оқушылардың білім алу мәселесіне бағдарланған жұмыстың түрлі формаларына қатысу т.б.

Практикалық психология қоғамның әлеуметтік белсенділігінен тыс іске асуы мүмкін емес. Адамзат ресурстарын адекватты басқару, әлеуметтік процестерді ғылыми реттеу, әлеуметтік және психологиялық қызметтердегі өзара әрекеттестікті белсенді ұйымдастыруды талап етеді.

Қазақстанда білім берудегі психологиялық қызметтің қалыптасып дамуында Э.Д.Абишева, Н.С.Ахтаева, З.М.Балгимбаева, Р.Т.Мендалиева, Х.Т.Шерьязданова, т.б.еңбектері маңызды рөл атқарды. Алғаш рет елімізде мектепке дейінгі мекемелерде, тіпті бүкіл білім беру жүйесінде психологиялық қызметтің қажеттілігін көрсеткен Х.Т.Шерьязданова болды.

Білім беру саласындағы психологиялық қызметтің неғұрлым көбірек зерттелгені- мектептегі психологиялық қызмет екені белгілі.

Мектептік психологиялық қызметтің мақсаты әр адамның даралық мүмкіндіктерінің максималды дамуына жағдай жасау болып табылады. Көрсетілген мақсат келесі міндеттерді шешуді көздейді:

- 1) Ауытқудың алдын-алу үшін психикалық даму барысын үнемі қадағалау;
- 2) Балалардың мектепте оқуға психологиялық даярлығын анықтау, мұғаліммен бірлесе отырып мектепте бейімделуіне бағытталған жеке дара бағдарлама құрастыру;
- 3) Әр жас кезеңіне байланысты дамыту міндеттерін жеке- дара ерекшеліктерін ескере отырып дамытушы бағдарламалар құрып, іске асыру;
- 4) Қиын балалармен диагностикалық, коррекциялық жұмыстар жүргізу;
- 5) Қалыпты оқу- тәрбие процесінде кедергі жасайтын интеллктілі, тұлғалық және эмоциялы- ерікті ерекшеліктерді диагностикалау(анықтау);
- 6) Оқушылардың мұғалімдермен, ата-аналарымен және құрбыларымен тұлғааралық қатынастарының бұзылуының психологиялық себептерін анықтау және жою;
- 7) Мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге және ата-аналарға оқушылардың танымдық үрдістерін дамыту, оқыту және тәрбиелеу, оқытудың психологиялық мәселелері бойынша кеңес беру;
- 8) Өзін-өзі тәрбиелеу, өмірде өзін көрсету мәселелері, даму, білім алу сұрақтары бойынша оқушылармен жеке - дара және топтық кеңес беру шараларын өткізу;
- 9) Өзіндік кәсібі анықталу барысында көмек көрсету;
- 10) Мектеп әкімшілігіне оқу- тәрбие процесін жағдайын бағалауда және оның тиімділігін артыру шараларын жоспарлауда көмектесу.

Мектептің психологиялық қызметінің мәселесі өткен ғасырда қарастырылып келе жатыр және қазіргі уақытта біраз болсада оның өзіндік теориялық тұжырымдамалары мен модельдері қарастырылған.

Шетелдік психологиялық қызметтер модельдерін талдау, бұл құрылымдардың қоғаммен бірге өзгерістерге ұшырап отыратындығын көрсетеді, қызметтің өзіне ғана емес, сонымен қатар осы салада жұмыс жүргізетін мамандарға да қойылатын талаптар өзгереді.

Психолог жұмысында оқушының психикалық және жеке бас дамуын тереңдете түсінуге елеулі назар аударылады. Ол түрлі формада: психологиялық кеңес беруде әңгімелесуде, психологиялық зертеуде, байқау, бақылауда іске асуы мүмкін.

И.В.Дубровина диагностикалық, коррекциялық жұмысты ең басты әрекеттердің бірі деп анықтайды.

- Психопрофилактикалық жұмыс (алдын алу жұмыстары).

- Психопрофилактикалық жұмыстардың міндеттері:

А) психикалық саулықпен байланысты мәселелерді шешуде ата-аналарға көмек көрсету;

Ә) мектепте оқушының жеке басының қалыптасуына және жан-жақты дамуына қажетті психологиялық жағдайдың сақталуына жауапкершілікті болу;

Б) баланың интеллектілігі немесе жеке бас дамуында ақауларға, қиындықтарға әкелуі мүмкін ерекшеліктерін дер уақытта анықтап отыр;

В) оқушылардың келесі жас кезеңіне өтуіне байланысты пайда болуы мүмкін ауытқулардың алдын алу;

Психопрофилактикалық жұмыс мазмұны мектеп психологының келесі шарларды іске асыруымен анықталады:

1) әр жас кезең міндеттерін ескере отырып, әр жастағы оқушылар үшін дамыту бағдарламаларын құру және іске асыру;

2) келешекте баланың интеллектілігі немесе жеке бас дамуында қиындықтарға, кемшіліктерге әкелуі мүмкін психикалық ерекшеліктерін анықтау;

3) келесі жас кезеңіне өтумен байланысты қиындықтардың алдын алу және педагогтер мен ата-аналардың бұл кезеңдерге тән ерекшеліктер мазмұнын біліп, ескере алуға мүмкіндік жасау;

4) оқушылардың ұжымда ұзақ уақыт болуымен, өз біліміне сенімсіздіктен, тақтаға шығып жауап беруден қорқыныштан пайда болған қысымнан психологиялық қиналысының алдын алуға байланысты жұмыстар жүргізеді.

5) оқушының өз қабілеттерін және қызығушылықтарын, сондай-ақ қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, болашақ мамандық аумағын саналы және адекватты таңдауға, нақты мамандық таңдауға даярлау бойынша әрекет етеді;

6) мектепте жағымды психологиялық ахуал құру бойынша жұмыс атқарады, педагогикалық ұжымда қарым-қатынас формаларын тиімділендіреді, педагогтер мен оқушылардың, ата-аналармен балалардың өзара қарым-қатынас формаларын жақсартуға жағдай жасайды.

Психологиялық, педагогикалық консилиум.

Педагогикалық консилиумдағы психолог міндеті- интеллектілік дамуды бағалауда оның жеке басында негізгі қасиеттерін есепке алуда, тәртібінің күрделілігімен бір мәнді еместігін анықтауда, өзін-өзі бағалау, мотивация мәселелерін ашуда, танымдық және т.б. қызығушылықтарының, эмоциялы жағдайларының ерекшеліктерін анықтауда мұғалімге жан жақты көмектеседі.

Психологтың педагогикалық консилиумға қатысуының бірнеше мақсаттары бар:

1. Педагогикалық ұжымға міндетті түрде жағымды және күшті жақтарын бөліп көрсете отырып, оқушының психикалық және жеке бас ерекшеліктерінің әртүрлі жақтарын көрсету;

2. Мұғалімнің нақты бір оқушыға деген қалыптасып қалған қатынастарын бұзып, әр мұғалімнің түсінушілігіне қол жеткізу. Өйткені, тапсырмалардың көптігінен кәсіби

біліктілігінің немесе жеке бас дамуының жеткіліксіздігінен мұғалімде әдетте оқушыға баға қойғанда нақты қалыптасқан қатынастанытады;

3. Барлық мұғалімдер үшін оқушылар мәселелерінің мәнін оның жеке басының болмысты түсінуін қамтамасыз ету.

Психологиялық кеңес беру.

И.В.Дубровина психологиялық кеңес беруді келксі түрде ұсынады: тікелей психологиялық кеңес беру, жанама кеңес беру түрлері. Оқушылармен тікелей қатынастар психолог пайда болған мәселелерді шешеді, ол тікелей кеңес беруге негізделеді. Ал оқушылар мәселелері бойынша мұғалім немесе ата-аналға кеңес беретін болса жанама кеңес беру процесі іске асады.

Мектептегі кеңес беру жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері бар. Психолог мұғалімдер мен оқушылардың өзара қатынастарының жағымды және жағымсыз жақтары пайда болады, дамитын қоғам ішінде болады. Ол баланың немесе мұғалімді жекелей алмайды, тек күрделі тұлғааралық қатынастар жүйесінде ғана көрінеді. Сәйкесінше, кеңес беру де жалпы жағдаятты талдау барысында басқа жұмыс түрлері мен бірлестіре іске асады.

Сонымен, білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметке арналған көптеген әдебиеттерді талдау негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады: білім берудегі психологиялық қызмет – еліміздің психологиялық кеңістігінде бірыңғай тік құрылым ретінде көрінеді: жекелеген білім беру мекемелерінің психологиялық қызметі: білім берудің қалалық, облыстық психологиялық қызметінің орталықтары, білім берудің аймақтық психологиялық қызметтің орталықтары, білім және ғылым министрлігінің бөлшмн. Кез-келген мекеменің психологиялық қызметі: ғылыми, қолданбалы, практикалық, ұйымдастырушылық аспектилерінің бірлігінде қарастырылады.

Психологиялық қызметтің мақсаттары – білім беру мекемелерінің типіне байланысты анықталады.

Өзінің кәсіби іс-әрекетінде педагог-психолог жұмыстың төмендегідей негізгі түрлерін атқарады: психоогиялық ағарту, психологиялық профилактика, психологиялық диагностика, психологиялық коррекция, психологиялық консультация кеңес беру. Жұмыстың осы түрлерінің әрбіреуі, педагог-психологтың шешетін проблемасы, ол жұмыс істейтін мекеменің ерекшелігіне сәйкес, негізгі болуы мүмкін.

Психологтың кәсіби шеберлігі болса, оқушылардың танымдық қызығушылығының дамуы, оқытуда белсенді әдістердің қолданылуы, оқушыларда жауапкершілік сезімінің қалыптасуы, өзінің іс - әрекетіне баға беру, есеп бере білу, сабаққа саналы қатынасы, білімнің қажеттілігін түсіну, білім алуының еркін тәрбиелеу және еңбекті жүйелі жоспарлауға дағдылану жатады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Вачков И.,Гриншпун И.Б., Пряжников Н.С., Введение в профессию «психолог». Изд-во Московского психолого-социального института. РАО, 2009-464с.
2. Занковский А.Н. Введение в профессию. М.:Изд.Центр ЕОАИ, 2009, 71 с.
3. Осипова А.А. Общая психокоррекция: Учебное пособие/ А.А. Осипова. - М.: Сфера, 2001
4. Никишина В.Б. Практическая психология в работе с детьми с задержкой психического развития. : Пособие для психологов и педагогов. / В. Б. Никишина. - [б. м.] : ВЛАДОС, 2003. - 128 с
5. Анн Л. Психологический тренинг с подростками/ Л. Анн. - М.: Питер, 2006. - 271 с
6. Акимова М.К. Психологическая коррекция умственного развития/ М.К. Акимова, В.Т. Козлова. -М.: Академа, 2002. -160 с
7. Семенович А.В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте : Учебное пособие для вузов/ А.В. Семенович. -М.: Академия, 2002. -232 с

## **PSYCHOLOGICAL READINESS TO USE PODCASTS IN LEARNING ENGLISH**

The modern concept of higher education is focused on competence-based approach. The purpose of teaching foreign languages in higher education school is not only the development of communicative and sociocultural competencies and familiarizing students with a foreign language culture, but also the development information competence, which implies the ability to navigate modern information environment, the ability to search, select and critically analyze Internet resources, the ability to communicate using modern means of communication. Changing organizational forms and teaching methods for development information and communication competence (ICT) is based on the formation of skills to independently extract knowledge, as well as on the need to develop student's critical thinking, his autonomy. Learning interaction does not change radically, but is enriched in account of new forms of communication, one of which is "teacher – ICT - student ", or the so-called computer-mediated educational communications. The development of general cultural competencies is one of the most important tasks in teaching foreign languages, as they include mastering the culture of thinking, the ability to generalize, analyze, perception of information, setting a goal and choosing ways to achieve it, striving for self-development, improving their qualifications and skills, the ability to critically assess their strengths and weaknesses, to outline ways and choose the means of developing advantages and eliminating disadvantages, the use of the main provisions and methods of social, humanitarian and economic sciences in solving social and professional problems [2]. The use of information technology allows you to stimulate students to active independent cognitive activity. Here play a role primarily new forms and methods of teaching, new approach to the learning process, associated primarily with mental operations of analysis, synthesis, abstraction, identification, comparison, comparison, verbal and semantic forecasting [1, 284]. Besides Moreover, the use of information technology provides an autonomous access to a huge number of resources for teaching a foreign language. One such technology is podcast. A podcast is an audio or video file distributed over the Internet for listening on a personal computer or mobile devices that can be listened to at any time convenient for the user. The word podcast comes from the words iPod (Apple mp3 player) and broadcast Thus, given the term has acquired the following meaning: "a way of spreading sound video information on the Internet" [4, 50]. In information and communication technology podcast there are three types: audio podcast, video podcast and screencast. Screencast is a new phenomenon that has made it easier to educate people over the Internet. Its essence is the fact that with the help of a special program actions are recorded on the screen computer along with audio commentary, which is ideal for explanations for computer programs. In the process of learning foreign languages, podcasts allow you to solve a number of methodological tasks, including the formation of auditory skills and the skills of understanding a foreign language by ear, the formation and improving pronunciation skills, expanding and enriching lexical vocabulary, formation and improvement of grammatical skills, development of communication skills in oral and written speech. The didactic characteristics of the podcast include: authenticity, relevance, autonomy, multi-channel perception, mobility, the ability to choose your own trajectory when learning foreign language, the possibility of organizing independent work on classes and in extracurricular time, increasing the level of student motivation when teaching a foreign language by attracting various forms and types of work, the development of reflection and critical thinking, improving information competence [4], multifunctionality, interactivity and productivity [7]. Subject, the volume of podcasts is extremely varied, so they can be used at different stages of language learning [5]. In general, the technology for working with a podcast is the same as for working with over the audio text and has a clear sequence in actions teacher and students: preliminary instruction and preliminary the

Жаңа мазмұндағы білім беруде педагог- тәрбиеші мен бала үшін ортақ мақсат көзделеді. Бала мағлұматтар мен идеяларды дербес және тәуелсіз меңгеріп, алған мәліметтерін тиімді пайдалана білулері қажет. Сонымен қатар әр топқағы балалар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алады. Педагог- тәрбиеші ең алдымен, балада өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысуы керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлестіруге апаратын сара жол. Бүгінде рухани құндылықтар жанарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді.

Әлемдегі құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізе білетін бала керек. Бала білімді дайын күйінде педагог- тәрбиеші түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, оқу – танымдық үдерісінде «жаңалық» ашу, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде үйренеді, дүниетанымы кенейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Педагог- тәрбиеші тек білім көзі ретінде ғана емес, оқу – танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс. Оқу үдерісін жандандыру мақсатында балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылығын арттыру, тиімді оқытуда олардың ізденуін, танымын қалыптастыруға мол мүмкіндік бар. Оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдап алу тиімді оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Балаларға терең білім беру үшін мұғалім әдістердің тақырыпқа сай, оқу материалын тиімді меңгертуге ықпал тигізетіндей түрін таңдау керек және осы әдісті қолдану жолын өзі жақсы білуі керек деген ойдамын. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде бала мен педагог- тәрбиеші арасында бірегей байланыс бекіп, жеке ізденуге, саралап нақты шешім қабылдауға, сыни ойлауға, тұжырымын дәлелдеуге, белсенділікке ұмтылды. Баланың барлық білгені мен түйгенін санасынан өткізіп, топ құрамында немесе жұптық негізде және жеке орындауындағы жұмысы шығармашылыққа жетелейді.

Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төмендегідей негізгі механизмдерін бөліп көрсетеді. Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда

төмендегідей тетіктері (механизмдері) нақтыланып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады. Олар:

- білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- оқыту нысандары мен әдістері;
  - білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
  - мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
  - мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
  - барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
  - ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Баланың сыни ойлауын дамытуға бағытталған жаңа инновациялық «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» жобасының да басты міндеттерінің бірі – педагог-тәрбиешілердің жаңаша ойлай алатын, өз мәселесін өзі шеше алатын адам тәрбиелеуге жәрдемдесуі, ұстаздардың дәстүрлі сабақ беруден өзгеруіне, балаға бағытталған сабақ үдерісін ұйымдастыра алуы, сабағын белсенді, баламен тең құқылы дәрежеде жүргізуі, жобаның философиясын терең меңгерген педагог-тәрбиешілер шәкірттерінің өз пікірін ашық айтып, өзара шынайы сұхбат жүргізетін, рухани жағынан дамыған жеке тұлға ретінде дамуына ықпал жасауы болып табылады. Қазіргі кезде ғылыми-зерттеу жобаларына, техникалық шығармашылыққа, өнертапқыштыққа, модельдеуге, нанотехнологияларға, робот техникасына, лево жобалауға және т.б. басымдық беріліп келеді.

Жобалау технологиясы білім беру жүйесінде балалардың белсенділігін арттыру, топта жұмыс істеу білігін дамыту, ізденімпаздыққа жетелеу т.б. бағыттарда маңызды болып табылады.

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – балалардың қызығушылығын, ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы баланы болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Алаш арыстарының бірі Ж.Аймауытовтың мына бір қағидасын басшылыққа алсақ, функционалдық сауаттылықтың төртінші механизмі жүзеге асқан болар еді. Ағартушы: «Балаға ең қымбат, ең жылы, жақын нәрсе – туған жері, туған жерінің құбылыстарын білу балаға өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі жергілікті өмірге, табиғатқа терең мазмұн беріп, оларды баланың санасында жандандырып, оларға баланың махаббатын арттырады, бала әлеумет тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады, бұрынғыдай мектептен шыққан соң, бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта білгенімен өмір жүзінде пайдаланатын болады» [8].

Оқытудың нәтижелерін бағалаудың жүйесін жаңғырту, балалардың білімдерінің қалыптасуына, тәрбиесіне ата-аналардың белсенді араласуын, қосымша білім беруді дамыту тетіктерін жүзеге асыруда болашақ педагог-тәрбиешілердің педагогикалық жоғары оқу орындары қабырғасында даярлау бағытында біршама жұмыстар атқарылуда.

Жаңартылған білім беру мазмұнының тиімді әдіс-тәсілдері, формативті бағалау түрлері және кері байланыс топтамаларын ұйымдастырылған оқу қызметінде жиі қолдану. Қалыптастырушы бағалау барысында балалардың білімді игергендіктеріне қалай көз жеткізу керек? Жинақталған ақпараттың негізінде балалар ұйымдастырылған оқу қызметі барысында тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын біле алады. Қалыптастырушы бағалау кезінде шәкірт оқыту үдерісіне белсене араласып, қандай нәтиже күтілетінін түсінеді.

Қорыта келе, функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-

қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады, сондықтан теория мен тәжірибені байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай тәжірибелік маңызы ескерілуі тиіс, сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

#### ***Әдебиеттер:***

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2016

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты.- Астана, 2020

3. Н. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. -Астана, 2012 жыл 27 қаңтар

4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2011

5. Колесникова И. А. Педагогическое проектирование. М: Издательский центр «Академия», 2005

6. В. Г. Онушкин, Е. И. Огарёв. Проблема грамотности в контексте социальных перемен. [«Человек и образование».-Москва, - 2010. - №1.](#)

7. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғалым, 1999 268-281 б

8. Аймауытов Ж. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1999. 588 б.

*Мухиддинов Ерғали Мухиддинұлы  
Дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
Сержанұлы Біржан  
Дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушысы., п.ғ.м*

## **ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫ: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ**

### ***Аңдатпа***

Тәрбиеші – бұл, ең алдымен, педагог. «Педагог» ұғымы көбінесе мамандықты, әлеуметтік рөлді, қызмет түрін және жеке тұлғаның бағытын білдіреді. Кәсібилік – өте күрделі кәсіби мәселелерді жаңа жағдайда шешудің сапалы, жаңа, тиімді деңгейін қамтамасыз ететін қызметті игеру және ұзақ уақыт орындау процесінде адамда болатын психологиялық, психикалық және жеке өзгерістердің жиынтығы.

Педагогикалық мамандықтың негізгі мазмұны адамдармен қарым-қатынас болып табылады, бірақ адамның қажеттіліктерін түсіну және қанағаттандыру деңгейінде ғана емес. Педагогикалық кәсіпте жетекші міндет-әлеуметтік мақсаттарды түсіну және басқа адамдардың күш-жігерін оларға жетуге бағыттау. Бұл мамандықтың өзіндік ерекшелігі

оның табиғаты бойынша гуманистік, ұжымдық және шығармашылық сипатта болатындығында.

**Түйін сөздер:** заманауи педагог, заманауи педагогтың кәсіби дамуы, кәсібилік, педагогтың кәсіби ұстанымы, кәсіби даму, кәсіби шеберлікті қалыптастыру

### Резюме

Воспитатель-это, прежде всего, педагог. Понятие «Педагог» чаще всего означает профессию, социальную роль, вид деятельности и направленность личности. Профессионализм-совокупность психологических, психических и личностных изменений, происходящих у человека в процессе освоения и длительного выполнения деятельности, обеспечивающих качественный, новый, эффективный уровень решения очень сложных профессиональных задач в новых условиях.

Основным содержанием педагогической профессии является общение с людьми, но не только на уровне понимания и удовлетворения потребностей человека. В педагогической профессии ведущей задачей является понимание социальных целей и направление усилий других людей на их достижение. Своеобразие этой профессии заключается в том, что она по своей природе носит гуманистический, коллективный и творческий характер.

**Ключевые слова:** современный педагог, профессиональное развитие современного педагога, профессионализм, профессиональная позиция педагога, профессиональное развитие, формирование профессионального мастерства

### Abstract

A teacher is, first of all, a teacher. The term "Teacher" most often means the profession, social role, type of activity and orientation of the individual. Professionalism is a set of psychological, mental and personal changes that occur in a person in the process of mastering and long-term performance of activities that provide a high-quality, new, effective level of solving very complex professional tasks in new conditions.

The main content of the teaching profession is communication with people, but not only at the level of understanding and meeting human needs. In the teaching profession, the main task is to understand social goals and direct the efforts of other people to achieve them. The peculiarity of this profession is that it is humanistic, collective and creative in nature.

**Key words:** modern teacher, professional development of a modern teacher, professionalism, professional position of a teacher, professional development, formation of professional skills

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» – тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, қазіргі заман баласын тәрбиелеу үшін педагог өз ісінің маманы болып қана қоймай, заман ағымына ілесіп, қоғамда болып жатқан құбылыстарды жанымен түсініп сезіне білуі қажет [1].

Тәрбиеші – бұл, ең алдымен, педагог. «Педагог» ұғымы көбінесе мамандықты, әлеуметтік рөлді, қызмет түрін және жеке тұлғаның бағытын білдіреді. Шынайы өмірде кәсіби және кәсіби емес іс-әрекеттер арасындағы ұғым өте күрделі. Өйткені, адамдардың көзқарасы бойынша олар жеке суреттер түрінде, мысалы, сүйікті ұстаз түрінде өмір сүре алады. Олар ғылыми және көркем әдебиеттің, фольклордың және т.б. бейнелері негізінде пайда болатын «мамандық образы» түрінде өмір сүре алады және біріктіріледі, сондықтан педагог қызметінің осы түрі туралы нақты түсінік алу үшін «мамандық» терминіне жүгіну керек. Мамандық-арнайы дайындық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін меңгерген адамның еңбек белсенділігінің бір түрі.

Ғалымдар «мамандық» терминінің мағынасын төрт ұғымнан тұратынын айқындаған. Атап айтқанда, «білім», «білік», «дағды», «біліктілік». Осы ұғымдар арқылы олар белгілі бір еңбек функцияларын орындай алады.

Кәсіби маманның қызметі, жұмысы, яғни еңбек, сонымен қатар, кәсіби орындалатын функцияларды жүзеге асыру үдерісі. Мамандық – бұл нақты шындықпен байланысты объективті қажетті қызметтің ерекше түрі. Оның өзіндік мақсаты бар, өзіндік өнімі, нормалары мен құралдары бар, олар белгілі бір әлеуметтік функциямен және осы қызмет қызмет ететін қоғамдық өмір ортасының технологиясымен анықталады.

«Мамандық» ұғымын біліктіліктің құжаттарында бекітілген және қызмет пәні арқылы анықталатын мамандықпен шатастырмау керек. «Мамандық» терминімен қатар көптеген пікірталастар мен келіспеушіліктерді тудыратын «кәсібилік» термині жиі кездеседі. Бұл тұжырымдаманы тұлғаның кәсіби дамуының дамыған тұжырымдамасына сәйкес ашуға болады.

Кәсібилік – өте күрделі кәсіби мәселелерді жаңа жағдайда шешудің сапалы, жаңа, тиімді деңгейін қамтамасыз ететін қызметті игеру және ұзақ уақыт орындау процесінде адамда болатын психологиялық, психикалық және жеке өзгерістердің жиынтығы. Кәсіби шеберлікті қалыптастыру үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1) қызметтің бүкіл жүйесін, оның атқаратын қызметі мен иерархиялық құрылымын өзгерту. Тиісті еңбек дағдыларын дамыту барысында жеке тұлға кәсіби шеберлік сатыларында қозғалады, іс-әрекетті орындау әдістерінің нақты жүйесі дамиды, яғни жеке іс-әрекет стилі қалыптасады;

2) сыртқы көріністе (сөйлеу моторикасы, эмоционалдылық, қарым-қатынас формасы) және кәсіби сана элементтерін қалыптастыруда (кәсіби назар, есте сақтау, ойлау және т. б.) көрінетін субъектінің жеке басының өзгеруі, оны кең мағынада кәсіби дүниетанымның қалыптасуы ретінде қарастыруға болады;

3) әртүрлі салаларда көрінетін қызмет объектісіне қатысты субъектіні орнатудың тиісті компоненттерінің өзгеруі:

- когнитивтік салада-объект туралы хабардар болу деңгейінде, оның маңыздылығын түсіну дәрежесінде;

- эмоционалды салада-объектіге деген қызығушылықта, онымен өзара әрекеттесу үрдісінде және қиындықтарға қарамастан, одан қанағаттану;

- практикалық салада-объектіге әсер етудің нақты мүмкіндіктерін түсінуде, нәтижесінде-субъектінің объектіге әсер етуі өзара әрекеттесу қажеттілігімен алмастырылады, бұл кәсіби мәдениеттің қалыптасуы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Кәсіпқойлық дилетанттықтан (кәсіби білім) бастап, қатаң кәсіби стереотиптерді қалыптастыруға дейінгі көріністердің кең спектріне ие. Егер адам өзгеретін жағдайларға сәйкес стереотиптерден алыстай алмаса, онда кәсібилік адамның кәсіби деформациясына айналады. Анықталған факторлар кәсіби тұлғаның қалыптасу үдерісінде жетекші болып табылады, олар кез-келген мамандыққа қолданылады.

Олардың әр факторы кәсіпқойда біркелкі көрінбеуі мүмкін. Кәсіби қызмет нәтижесінде жеке тұлғалық қасиеттердің бірігуі кәсіби маманданудың негізгі бағыттарын анықтайды, мысалы: пән мұғалімі, әдіскер мұғалім және т. б.

Педагогикалық мамандықтың негізгі мазмұны адамдармен қарым-қатынас болып табылады, бірақ адамның қажеттіліктерін түсіну және қанағаттандыру деңгейінде ғана емес. Педагогикалық кәсіпте жетекші міндет-әлеуметтік мақсаттарды түсіну және басқа адамдардың күш-жігерін оларға жетуге бағыттау. Бұл мамандықтың өзіндік ерекшелігі оның табиғаты бойынша гуманистік, ұжымдық және шығармашылық сипатта болатындығында. Бұл педагог мамандығының негізгі атқаратын қызметін анықтайды.

Педагогтың кәсіби ұстанымы-баланың жеке басын дамытудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Позиция-бұл адамның сана-сезімі мен іс-әрекетінің бірлігі, онда іс-әрекет оның негізгі құндылықтарын жүзеге асырудың бір тәсілі ретінде

әрекет етеді. «Көзқарас» пен оның мамандығына деген көзқарасты ескере отырып, педагогикалық позицияның келесі сипаттамаларын бөлуге болады: қашықтық, «деңгей», кинетикалық; әлеуметтік. Стандартты позицияны қарастыруға болады: жақын жерде, бірге, бірақ сәл алда. Мұғалімнің гуманистік педагогикалық ұстанымын қалыптастыру маңызды. Гуманистік тәрбие-бұл тек гуманистік бағдарланған тәрбие (баланы гуманистік құндылықтарға бағыттайтын) ғана емес, сонымен бірге гуманистік бағдарланған тәрбие (балаға тәрбиеші үшін негізгі құндылық ретінде бағытталған). Бұл дегеніміз, мұғалім-тәрбиешінің кәсіби құндылықтарының бүкіл иерархиясы дәл осы құндылықпен анықталады, дәл осы құндылық құралдарды тандауды анықтайды

Гуманистік сипат. Педагогикалық мамандыққа екі әлеуметтік функция тағайындалады:

- бейімделгіш
- гуманистік.

Бейімделу функциясы баланың қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдың нақты талаптарына бейімделуімен байланысты. Гуманистік функция оның жеке басының, шығармашылық даралығының дамуымен байланысты. Бұл функцияның саналы түрде алға жылжуын барлық уақытта және көптеген ұлттардан байқауға болады. В. А. Сухомлинский атап өткендей, бұл емес еді деп атаған біздің ғасыр «...Әлем Адам ғасырына енеді. Бұрын-соңды болмағаннан гөрі, біз қазір адамның жанына не салатынымыз туралы ойлануға міндеттіміз».

Ұжымдық сипат. Педагогикалық кәсіпте әр мұғалімнің іс – әрекет субъектісін-тәрбиеленушіні сапалы қайта құруға қосқан үлесін бөлу өте қиын. Педагогикалық мамандықтағы ұжымдық ұстанымдардың табиғи түрде күшеюін түсінумен педагогикалық қызметтің «жиынтық субъектісі» ұғымы күнделікті өмірге енуде. Бұл кең мағынада мектептің немесе басқа білім беру мекемесінің педагогикалық ұжымы, ал тар мағынада – студенттер тобына немесе жеке оқушыға тікелей қатысы бар мұғалімдер тобы деп түсіндіріледі.

А. С. Макаренко: «тәрбиешілер ұжымы болуы керек, ал тәрбиешілер ұжымға қосылмаған және ұжымда бірыңғай жұмыс жоспары, бір тон, балаға бірыңғай дәл көзқарас жоқ жерде ешқандай тәрбие процесі болмайды», - деп дұрыс атап көрсеткен. Педагог еңбегінің шығармашылық табиғаты, педагог жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуын оның шығармашылық қарым-қатынас деңгейін анықтау арқылы ғана дұрыс бағалауға болады

Педагогтың кәсіби ұстанымы-баланың жеке басын дамытудың маңызды шарттарының бірі. Позиция-бұл адамның сана-сезімі мен іс-әрекетінің бірлігі, онда іс-әрекет оның негізгі құндылықтарын жүзеге асырудың бір тәсілі ретінде әрекет етеді.

Педагогтың кәсіби ұстанымын гуманистік педагогикалық ұстанымын қалыптастыру арқылы жүзеге асырады. Гуманистік тәрбие-бұл тек гуманистік бағдарланған тәрбие (баланы гуманистік құндылықтарға бағыттайтын) ғана емес, сонымен бірге гуманистік бағдарланған тәрбие (балаға тәрбиеші үшін негізгі құндылық ретінде бағытталған). Бұл педагог-тәрбиешінің кәсіби құндылықтарының бүкіл иерархиясы дәл осы құндылықпен анықталатынын, дәл осы құндылық білім беру құралдары мен әдістерін тандауды анықтайтындығын білдіреді. Осылайша, барлық тәрбиелік іс-шаралар педагог-тәрбиешінің балаға деген құндылығымен: оның дене (физикалық денсаулығы), психикалық және рухани еркіндікпен байланысты.

Педагогтың балаға деген құндылық қатынасын дамыту және бұл қатынасты гуманистік педагогикалық ұстанымға қалыптастыру тәрбие практикасы үшін өте маңызды, өйткені бұл жерде ұстаным білім беру іс-әрекетінің өзіндік реттеушісі болып табылады. Бұл ересек адамның және баланың өмірі ретінде білім беру үдерісін «адам жанының инженері» ретінде өзгертуге мүмкіндік бермейді, мұнда тек мұғалім ғана



субъектінің белсенділігіне ие, ал бала тек потенциал, мүмкіндік ретінде әрекет етеді, оны жүзеге асыру толығымен сыртқы әсерге байланысты болады.

Мұғалімнің кәсіби жағдайын зерттеу өте маңызды. Бұл бізге білім беру мұғалімінің саналы түрде таңдаған іс-әрекеті болып табылатындығын (немесе мұғалім оған біреу жүктеген міндетті ғана орындайды, яғни ол өз міндетін атқарады); мұғалімдер арасында қандай кәсіби құндылықтар қалыптасатынын (немесе мұндай құндылықтар мүлдем жоқ және мұғалім өз жұмысын формальды, немқұрайды орындайды) білуге мүмкіндік береді.

«Кәсіби даму» ұғымы латынның өз ісімді хабарлаймын деген сөзінен шыққан. Педагогикалық сөздікте «кәсіби даму жекеленген кәсіби ролдердің, кәсіби мотивацияның, кәсіби білімдер мен дағдылардың әртүрлі аспектілерін игеруге бағытталған адамның онтегенезде болып жатқан әлеуметтену үрдісі. Кәсіби дамудың негізгі қозғаушы күші әлеуметтік топтар мен институттарға идентификациялану негізінде әлеуметтік контекстке интеграциялануға тұлғаның талпынысы болып табылады - деп анықтама берілген. [2].

Кәсіби даму - адамның барлық өмірінің барысында кәсіби дағдылары мен іскерліктерінің деңгейін және сапасын сақтауға мүмкіндік алатын үрдіс. Ендеше, кәсіби маман болып қалыптасу үшін, тұлға үнемі кәсіби дамуын ұдайы жандандырып отыруы керек.

Кәсіби дамудың құрамдас бөлігі болып педагогтің өзіндік білім алу жұмысы негізгі рөл атқарады. Тұлғаның кәсіби өзіндік білім алуының тиімді жолдары:

- педагогикалық ұжымның шығармашылық ізденіс жұмысына қатысуы,
- білім беру мекемесін дамытуда жаңашыл түрлі жобалар, авторлық курстар мен педагогикалық технологияларды қолдану.

Педагогтың өзіндік білім алу жұмысын дамытудың екі педагогикалық жағы бар.

- 1) тұлғалық дамуы мен кәсіби өсуінде болатын өзгерістер,
- 2) өзіндік білім алуда қабілеттілікті меңгеру.

Аталған нәтижелердің жүзеге асырылуын төмендегі әрекеттерден көруімізге болады [3]:

Біріншіден, алдына мақсат қоя білу; өз алдына кәсіби мәнді мақсат пен өзіндік даму міндеттерін қою;

Екіншіден, жоспарлау арқылы өзіндік даму құралдары мен әдістерін, әрекеттері мен тәсілдерін таңдау;

Үшіншіден, өзіндік бақылау: өзіндік дамудағы қадамдар мен нәтижелерді салыстыру;

Төртіншіден, түзету: өзі жүргізген жұмыс нәтижелеріне қажетті түзетулер енгізу.

Аталған әрекеттерді меңгеру және жүзеге асыру белгілі бір біліктілік пен уақытты талап етеді. Сондықтан зерттеуші ғалымдар педагогтың кәсіби өзіндік дамудың сатыларын былайша бөліп көрсеткен:

**Бірінші сатысында** кәсіби өзін – өзі тәрбиелеуді меңгерудің мақсаты мен міндеттері нақты емес, мазмұны толықтыруды қажетсінеді. Құралдары мен әдістері толық анықталмаған.

**Екінші сатысында** мақсаты нақтылана бастаған. Алға қойылған мақсаты мен міндеттері белгілі, бірақ тұлғалық қасиеттерді қажет етеді және сол арқылы өзіндік талдауды жүзеге асырады.

**Үшінші сатысында** педагогтың мақсат пен міндеттерін өзбетімен және негізделген түрде қояды. Сондықтан өзіндік даму мазмұны жекеленген сапалардан маңызды және жалпы кәсіби мәні бар тұлғаның қасиеттерін қажетсінеді. Жұмысты жоспарлау, құралдарды таңдау, өзіндік әрекет жасау жүзеге асады. Өзіндік дамудың барлық негізгі әрекеттері – мақсат қоюшылық, жоспарлау, өзіндік бақылау, түзету күштеусіз, автоматты түрде жүзеге асады.

Педагогтың кәсіби өсуі технологиялық әрекеттің үнемі жүзеге асуы, бағытталуы, құзыреттілік және кәсіби қажетті сапалардың нақтылығы мен еңбектік қалыптасудың тиімділігін арттыру арқылы жүзеге асады [4].

Ал педагогтың кәсіби біліктілігі:

- қоғамның сұранысына орай оқу-тәрбие үдерісін жүргізетін, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп отыратын, дамымалы білім ортасына сіңісіп кете алатын маман болуы;

- балалардың физиологиялық, психологиялық, жыныстық ерекшеліктерін жан-жақты білетін болуы;

- балалардың ойын, оқу, еңбектегі ерекшелігін ескере білетін біліктілігінің қалыптасуы;

- педагогикалық жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеріп қана қоймай, креативті түрде жұмыс істей білуге қабілеттілігі;

- инновациялық технологияларды меңгерген, кәсіби құзыреттілік шеберлігі жоғары, адамгершілік, ізгілік қасиеттері басым жаңа форматты маман болуы қажет.

Педагогтар үшін стандартта арнайы талаптар жүйесі :

- Кәсіби құзыреттілігі;

- Әр баланың жасына қарай анатомио-физиологиялық, психологиялық, дәрігерлік білімінің болуы;

- Әр балаға жеке білім беру бағытын әзірлеуі;

- Әрбір отбасымен іс-әрекетті ұйымдастыруы;

- Салауатты өмір салтының маңызын түсінуі;

- Сауатты, эмоционалды, мәнерлеп сөйлеуі;

- Тілдік минимум шегінде мемлекеттік ана тілі және басқа тілде қарым-қатынас жасай алуы;

- Әр балаларға білім берудің тиімді тәсілдерін меңгеруі;

- Эстетикалық талғамы бар;

- Шығармашылық қабілетін қандай да бір іс-әрекетте көрсетуі;

- Әр бала пікірін құрметтеуі;

- Эмоциялық қолайсыздықтарды жеңе білуі;

- Қазақтың және басқа ұлттардың салт-дәстүрлерін білуі, насихаттауы.

Қорыта келе, қоғам талабына сай жаңа форматты, креативті педагог –тәрбиеші педагогикалық, психологиялық ғылымының озық идеялары мен ғылыми теорияларын өз іс- тәжірибесінде сыннан өткізіп, талдап, оны тәжірибе барысында қолданып, күнделікті ұйымдастырып, толықтырып отыруымен де ерекшеленеді. Жалпы тұтас педагогикалық үдерістегі креативтілікті дамыту, педагогикалық идеяларды жүзеге асырудан басталады. Озат тәжірибелерді зерттеп, жинақтаудың кез келген түрінде жетістікке жету тікелей педагогтың ғылыми теориялық білімі, кәсіби біліктілігі және шығармашылығына байланысты.

### **Әдебиеттер:**

1. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан-2050» Стратегиясы.-Астана, 2012
2. Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. –Астана, 2019
3. Нурманова, А. Д. Мұғалімнің кәсіби дамуы - білім беру жүйесін жаңартудың негізі / А. Д. Нурманова. -Текст : непосредственный // Молодой ученый.-2016.-№ 12.1 (116.1).-С. 44-45. -URL: <https://moluch.ru/archive/116/31454/> (дата обращения: 26.01.2021)
4. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. ТРЕНЕРГЕ

**Г.А. Момбиева**

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,  
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының аға оқытушысы*

## **ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ТҮЛҒАНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАҒДАЙЫ**

Коронавирустық инфекция пандемиясы ХХІ ғасырда адамзатқа төнген қатер болып отыр. Соңғы кездегі оқиғалар адам құндылықтарының маңызыдылығы мен қажеттілігін қайта қарастыруына мәжбүр еткендей. Бұрын тек теледидар мен баспасөз беттерінен танысатын түрлі қорқынышты жаңалықтар тек басқа мемлекеттерде ғана болатын, бізге мүлде жете қоймайтындай көрінгендіктен, бір мезеттік ғана қобалжу туғызатын да тез ұмытылатын. Сондықтан наурыз айында жарияланған пандемия кезінде адамдар сақтануға да, күресуге де психологиялық тұрғыдан дайын болмаған сияқты. Бірақ індет дендеп, арамыздан жақын жандарымызды алып кете бастағанда адамдар қатты қобалжу мен қорқынышты бастан кешіргені анық.

Өмір өте керемет, қызықты, қарбалас және жылдам жылжиды. Ал оның құны мен мәнін біз соңғы сәттерде, яғни тығырыққа тірелгенде ғана сезінеміз, онда да «үшінші күштің» араласуымен ғана деуге болады. Індет, апаттар, табиғи катаклизмалар, төтенше жағдайлар, жақын адамыңды жоғалту, соғыс және терроризм – мұның бәрі адам өмірінде орын алуы мүмкін, оның жан саулығы мен тән саулығына қауіп төндіретін жағдайлардың толық тізімі емес [1].

Төтенше жағдайлардан зардап шеккен барлық дерлік адамдар психологиялық стресске ұшырайды. Ғалымдардың зерттеуінше, өткен он жылдың ішінде басынан қандай да бір қорқынышты жағдайды (соғыс, қақтығыс, су тасқыны, апаттар, т.б.) өткерген әрбір он бірінші адам орташа немесе өте ауыр психологиялық бұзылыстарға ұшыраған. Ал ылғи да қақтығыстар аумағында өмір сүргендердің әрбір бесіншісі депрессиямен, қорқынышпен, посттравматикалық стресспен, биполярлы бұзылыстармен немесе шизофрениямен өмір сүрген.

Депрессияға ер адамдарға қарағанда әйел адамдар жиі ұшырайтынын зерттеулер көрсетіп отыр. Ал адамдар егде тарта бастаған шақта депрессия мен қобалжу арта түседі екен. Мұндай жандар, әсіресе ауыр психикалық бұзылыстарға ұшыраған адамдар төтенше жағдай кезінде психологиялық, тіпті психиатриялық көмекке өте зәру болады.

Кез келген ауқымды төтенше жағдайларда, мысалы пандемия кезінде әлеуметтік және психологиялық мәселелердің түрлі типтері көрініс табады.

Әлеуметтік мәселелерге мыналарды жатқызуға болады:

- бұрыннан бар қиындықтардың күшеюі, мысалы кедейшілік, жоқшылық, түрлі шектеулер, т.б.;

- төтенше жағдаймен байланысты қиындықтар, мысалы отбасының бұзылуы, қауіпсіздіктің болмауы, өмір сүруге қажеттіліктердің жетіспеуі, әлеуметтік желінің бұзылуы, сонымен қатар сенімсіздіктің артуы, т.б.;

- гуманитарлық реакциямен байланысты қиындықтар, мысалы халықтың тығыздығы, жеке өмірдің болмауы, қоғамның немесе дәстүрлі қолдаудың бұзылуы.

Психологиялық мәселелер:

- бұрыннан бар қиындықтардың күшеюі, мысалы депрессия, шизофрения немесе зиянды алкогольді қолдану сияқты психикалық бұзылыстар;

- төтенше жағдаймен байланысты қиындықтар, мысалы қайғы, қатты стрестік реакциялар, алкоголь мен есірткілерді қолдану, депрессия және қобалжу, посттравматикалық стрестік бұзылыстар;

- гуманитарлық реакциямен байланысты қиындықтар, мысалы азық-түліктерді бөлу, медициналық көмек, дәрі-дәрмектерге қалай қол жеткізу немесе негізгі қызметтерді қалай, кіммен алуға болатындығы туралы нақты ақпараттардың болмауынан туындайтын қобалжулар[2].

Төтенше жағдайлар кезінде көпшілік адамдар қорқыныш, мұңға бату, үмітсіздік, ұйқысыздық, шаршау, қажу, ашуланшақтық, өз-өзіне бақылау жасай алмау сияқты жағдайларды бастан кешіреді. Бұл қалыпты жағдай және мұндай адамдардың басым көпшілігінің уақыт өте келе жағдайы жақсарады.

Төтенше жағдай кезіндегі түрлі кикілжіндер жағдайында халық арасындағы психикалық бұзылыстардан болатын ауыртпалығы ерекше жоғары болады. Сондықтан да БДСҰ (ВОЗ) талаптарына сәйкес, мұндай жағдайда халыққа клиникалық көмек көрсетудің бірнеше деңгейлері ұсынылады. Психикалық денсаулық аумағындағы клиникалық көмекке психологтар, психиатр қызметкерлер тартылады.

Психикалық денсаулық – бұл объективті психологиялық шындық. Зерттеуші психикалық денсаулықты "материалдық факт емес" деп санайды және оны ақыл-ой немесе музыкалық қабілетке ұқсас "жеке қасиеттерге" жатқызады. Психикалық денсаулық, жеке тұлғаның кез-келген қасиеті сияқты, өзінің континуумына ие, өмірдегі жалғасы. Сонымен қатар, психикалық денсаулық психикалық аурулардың белгілерінің болмауымен ғана шектелмейді, бірақ адам өмірінде оң өзгерістердің болуымен сипатталады. Аурудың симптомдарының болмауы емес, оң өзгерістердің жалғасуы психотерапияның сәтті дәлелі болып табылады[3].

Жылдан жылға түрлі дәрежедегі төтенше стихиялық апаттар да (су тасқыны, жер сілкінісі, ұшақ апаттары, цунами, тайфун, т.б.) белең алып барады. Төтенше жағдай кезіндегі қатты стресс алған, депрессияға ұшыраған адамдарға алғашқы психологиялық көмек ретінде ең алдымен эмоционалды және тәжірибелік қолдау көрсетіледі. Бұл процеске қажеттілігіне қарай психологтармен қатар арнайы дайындалған еріктілер, медициналық қызметкерлер мен мұғалімдер де тартылуы мүмкін.

Қазақстанда 2019 жылдың маусым айында орын алған оқ-дәрі қоймасының жарылысынан зардап шеккендерге «Арыс, біз біргеміз!» акциясы аясында еліміз бойынша гуманитарлық, медициналық, психологиялық көмек көрсетілді. Психологиялық көмекке медициналық көмек көрсету орындарының психологтарымен қатар мектеп психологтары, ЖОО-ның психология мамандығының жоғары курс студенттері мен оқытушылары тартылды. Олар зардап шеккендердің қорқынышын басуға, қобалжудан арылтуға, болашаққа сеніммен қарауға, эмоционалды тұрақтылықты сақтауға бағытталған түрлі психологиялық жұмыстарды жүргізіп, медицина қызметкерлерімен бірге ұйымдасқан түрде көмек көрсетті. Мұндай жүйелі жұмыстар зардап шеккендердің қалыпты өмірге тезірек оралуына, депрессиядан арылуына, өзін-өзі қолға алып, болашаққа үмітпен қарауына үлес қосады.

Экстремалды жағдай – бұл аяқ астынан болатын, адам өміріне қауіп төндіретін, оның денсаулығы мен жеке жағдайына, өмір салтына субъективті түрде теріс әсерін тигізетін жағдай. Экстремалды жағдайдың негізгі белгілеріне мыналар жатады:

- күнделікті өмір сүру салты тығырыққа тіреледі, адамдардың жаңа жағдайларға көнуіне тура келеді;

- адам өмірі «оқиғаға дейінгі кезең» және «оқиғадан кейінгі кезең» деп бөлінеді, «бұл сол қиын жағдайға дейін болған еді» немесе «карантин кезіндегі оқиғалар» сияқты пікірлерді көптеп естуге болады;

- мұндай жағдайды басынан өткерген адамның жай-күйін қорқыныш билеп, тыныш ұйқыдан айырылады, психологиялық көмекке зәрулік пайда болады.

Экстремалды жағдай мен төтенше жағдай екеуі бір нәрсе емес. Экстремалды жағдай – адамның болған оқиғаға тікелей қатынасын білдіреді. Ал төтенше жағдай – бұл объективті жағдай. Бірақ қай жағдайда болмасын, зардап шегушілерге психологиялық көмек пен қызметтің ауадай қажет екенін атап өтуге болады.

Ал әлем бойынша орын алған қауіпті індет біздің елімізге наурыз айында жетіп, республика бойынша карантин жарияланғанда алғашқы екі аптада сауалнамаға тартылған 118 адамның 92-сі (78%) ешқандай қорқыныш сезінбегендігін, қайта жұмысбастылықтан босап, өз отбасыларында барлық уақыттарын өткізуге мүмкіндік туғанына қуанғандықтарын айтқан. Бірақ уақыт өте келе бұл қуаныштың үлкен қорқынышқа айналғанын мойындаған. Бұл қорқынышты, әсіресе ірі қала тұрғындары қатты сезінгендіктері байқалады. Сонымен қатар, қатты қорқыныш, қобалжуды бастан өткергендердің 85%-ын 50 жастан жоғары адамдар құраған. Ал осы індеттен жақынынан айырылғандардың 52%-ы ауыр стресс алып, уайым-қайғымен қоса бойларын қатты қорқыныш билегендерін айтқан. Өкінішке орай, психологиялық көмек алу мақсатында олардың тек 18%-ы ғана арнайы мамандарға жүгінген. Осыдан елімізде әлі де экстремалды психологиялық қызметті жолға қою, білікті психолог мамандарды көптеп дайындау мәселесі туындайды.

Пандемия кезінде, әсіресе көпқабатты үйлерде тұратын тұрғындардың психологиялық қиындықты едәуір жоғары дәрежеде бастан кешіргендіктері байқалады. Адамдардың қарым-қатынастан шектелуі өз алдына, теледидар мен әлеуметтік желілерден тараған түрлі қорқынышты хабарлар, дәріханалардағы ұзын-сонар кезек пен қажет дәрісін таппай сабылып әбігер болғандар, туыс немесе таныс адамдардың аурудан қатты қиналғаны, өмірден өтуі адам бойындағы қорқынышты үдете түсті. Өйткені, мұндай жағдайда адамның эмоционалды тұрақтылығы, өз мінез-құлқын басқара алуы, айналасындағыларға қолдау көрсетуі және оларды тыныштандыра алуы өте маңызды.

Түрлі төтенше жағдайлар физикалық тұрғыдан және эмоционалды реакцияларды туғызуы мүмкін. Мұндай жағдайды бастан кешірген адамдардың көпшілігі өздерін тығырыққа тірелгендей сезініп, өз-өздеріне келе алмай жатады. Осыған байланысты қиындықты бастан кешірген адамдарда болатын стресс, депрессияның алдын алу, арылту мақсатында бірқатар психологиялық кеңестерді ұсынуға болады:

- ең алдымен қобалжуды басып, сабыр сақтауға тырысу керек;
- позитивті ойлап, қуанышты сәттерді жиі еске алу қажет;
- уақытылы тынығып, дұрыс тамақтану өте маңызды;
- физикалық жаттығулар жасауды да ұмытпау керек;
- басқалардың ұсынған көмегінен бас тартпаған жөн;
- жақын жандарының жанында болып, оларды жиі құшақтау, жақсы көретінін жеткізу де үлкен күш береді;
- жағымсыз жаңалықтарды тыңдаудан аулақ болған дұрыс;
- болашаққа сеніммен қарап, бәрі жақсы болатынына сену қажет және бұл өте маңызды.

Сонымен, қорыта келе кез келген қиындық кезінде медициналық көмекпен қатар психологиялық қызметтің де үлкен рөл атқаратынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан да төтенше және экстремалды жағдайлардағы психологиялық көмек көрсетуді жолға қою бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі деп айта аламыз.

#### *Әдебиеттер тізімі:*

1. Одинцова, М. А. Психология экстремальных ситуаций : учебник и практикум для вузов / М. А. Одинцова, Е. В. Самаль. – Москва : Издательство Юрайт, 2020. – 303 с. – (Высшее образование). – ISBN 978-5-9916-9094-2. – Текст :электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. – URL: <https://urait.ru/bcode/451164>.
2. Musinov E.A., Ovsyannikova O.V. Psychology of behavior of people in emergency situations. KubanStateAgrarianUniversityRussia, Krasnodar, 2019
3. Либина, А. В. Совладающий интеллект: человек в сложной жизненной ситуации / А. В. Либина. — М.: Эксмо, 2008.

*А.А. Тоқсанбаева*  
*Ақтөбе облыстық ғылыми- тәжірибелік орталығы*  
*психолог әдіскері, Ақтөбе қаласы.*

## **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ**

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде дамуы әрбір азамат бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастыру. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына - адам, адамның бостандығы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы да осыдан басталады. Яғни, жүйелі де мазмұнды *тәрбие* қажет. *Құқықтық тәрбие* - оқушыны мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу болып табылады. Балаларына қамқорлық жасау және тәрбиелеу ата-ананың міндеті. Еліміздегі криминогендік ахуалдың барлық параметрлеріне болашақта ықпал етуі ескеріле отырып, жасөспірімдер тарапынан жасалатын қылмыстардың алдын алу жолдарына ерекше көңіл бөлініп отыр. Оның ішінде жасөспірімдер топтасып жасайтын қылмыстардың алдын алу. Жеке адамның құқыққа сай мінез-құлқын қалыптастырудың негізі және сонымен қатар оның өлшемі болып табылатын қоғамның *құқықтық мәдениет*. Жасөспірімдерді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеу қоғам міндеті.

*Жасөспірімдік кезең* - балалық шақтан ересектікке өтетін, үнемі қиын, дағдарыстық қақтығыстық деп сипатталатын адам онтогенезінің күрделі кезеңі. Жасөспірімдердің психикасы жас балалардың да, ересектердің де психикасынан өзгеше. Олар үшін импульсивтік, жоғары әсерленгіштік тән, олар қызбалыққа тез түседі, көңіл-күйі тұрақсыз, өз-өзіне сенімсіздік, өз әрекетінің дұрыстығына жиі күмәндану тән екендігі белгілі. Бұл сияқты құбылмалы психологиялық қасиеттер-жасөспірімдердің қылмыстық жолға оңай түсуіне себепші болады. Бұл кезеңде бұрын қалыптасқан психологиялық құрылымдардың қайта құрылуы ғана жүріп қоймай, сонымен бірге жаңа білімдер қалыптасып, саналы көзқарастар мен әлеуметтік ішкі ыңғайланудың қалыптасуының жалпы бағыттылығы өседі. Психологтар жасөспірімдік жас пен жастық шақ арасына шектеу қояды. Бірақ хронологиялық шектеу барлық жағынан қиылыса бермейді. 11-13 жастағы баланы бозбала деп, 18-19 жастағы бозбаланы жасөспірім деп ешкім де айтпайды. 14-15 және 16-17 жас арасындағы кезең кей жағдайда балаң жасөспірімдік шақ деп анықталады, бір жағынан жеткіншек немесе жасөспірім арасы дейді.

Жас кезеңдік онтогенез сызбасында қабылданған жас мәселесі физиологиялық және биологиялық жасөспірімдік жас ұл балалар үшін 13-16, қыз балалар үшін 12-15 жас, ал бозбалалық 17-21 жас және бойжеткендер үшін 16-20 жас болып анықталған. Жасөспірімдердің тағдыры мемлекетіміздің алдында, бүкіл қоғамның, мектеп, ата-ана, ұстаздардың келешек ұрпаққа білім беру, өз құқығын білуге үйрету, кері әрекеттерін алдын-алу қажеттілігі туындап отыр. Еліміздегі криминогендік ахуалдың барлық параметрлеріне болашақта ықпал етуі ескеріле отырып, жасөспірімдер тарапынан жасалатын қылмыстардың алдын алу жолдарына ерекше көңіл бөлінуде. Осы орайда өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыпты шешім қабылдай білу және т.с.с. жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді. Л.И. Божович жоғары сынып оқушыларын жасөспірімдер деп атайды. Ол өзінің барлық зейінін тұлғаның мотивациялық сферасына бөлді: жоғары сынып оқушыларының өмірдегі өзінің орнын анықтауы, ішкі ұстанымы, дүниетанымы және өзін - өзі тануы, моральдық санасы, танымдық іс - әрекеттің әсері қалыптаса бастайды. Жасөспірімдік кезең даму кезеңдерінің ішіндегі аса күрделі кезең болып саналады. Мұндай психологиялық қасиеттері негізінде

жасөспірімдердің қылмыстық жолға түсуінің алдын алу үшін жасөспірімдердің бойында өзін-өзі ұстай білу, өз әрекетіне бақылау жасау, өз-өзіне, өзінің күшіне, қабілеттігіне сену сияқты сезімдерін қалыптастыру қажет.

Жазушы-педагог Ж. Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», - дейді. Жасөспірімдер арасындағы әртүрлі құқық бұзушылықтарының терең тамырлануы кімді болса да, алаңдатпай қоймайды. Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға саналы адам қалыптастыру мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болатын болса, ол міндетті іске асыруға басты мақсат жасөспірімді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінеді. М. И. Еникеев сипаттамасы бойынша жасөспірімге заңды бұзған көптеген қылмыстарды артуға болады. Олар, сабақтан қашу, бармаудан бастап - адам өліміне дейінгі қылмыстар. Бұл кезеңде жасөспірімдерге келесідей мінез-құлықтар тән:

- *Қарсыластық реакциясы.* Жасөспірім іс-әрекетіне, тәртібіне үлкендер тарапынан шек қоюына қарсылықты білдіреді. Бұл іс-әрекеттер - үйден қашумен, шулы серуендермен сипатталады.

- *Имитация реакциясы (еліктеу).* Нақты бейнеге, жеке адамға еліктеу. Кейде бұл белгілі “кейіпкер” болуы мүмкін. Мысалы, жасөспірімдерге “қылмыскер-суперменнің” үлкен ықпалы барекені белгілі. Соңғы кездегі детективті әдебиеттердегі кейіпкерлерге еліктеу жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауына кері әсерін тигізеді.

- *Компенсация реакциясы (орнын толтыру).* Бір саладағы сәтсіздік енді басқа бір саладағы сәттілікпен толықтырылады. (Мысалы, мектепте сәтсіздік болса, «батыл» іс-әрекеттер оның орнын толтырады).

- *Гиперкомпенсация реакциясы (айырықша орын толтыру).* Жасөспірімге қиын түсетін салада табандылық көрсетіп, жетістіктерге жетуге тырысу. Көбінде өз-өзіне сенімсіз, ұялшақ жасөспірім, ерекше спорт түрлерін таңдайды (Мысалы, бокс, карате, т. б.).

- *Топтасу реакциясы.* Бірдей жастағы жасөспірімдердің топтасуы.

Жасөспірімдік топтар, ортақ мақсаттылығымен, жинақылықтармен, ортақ бағыттылықтармен ерекшеленеді. Жасөспірімдердің арасында қылмыстың көптеп таралуы зерттеушілердің көңілін алаңдатып отыр. Қылмыстың етек жаюының себептерін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізудің негізгі себептерді үш топқа бөлуге болады:

- *Әлеуметтік фактор:* Қоғам және мәдениет құрылымдарына байланысты;

- *Психологиялық фактор:* Белгілі адамның мінезінің ерекшелігі мен қарым-қатынас ерекшелігіне байланысты;

- *Биологиялық фактор:* Адамның физикалық және органикалық элементтерінің ерекшелігіне байланысты;

Жасөспірімнің жан дүниесі нәзік, сезімтал болып келеді. Үлкендердің айтқан сөздерін, іс-әрекеттерін, *бұқаралық ақпарат құралдарынан* (теледидар, газет, журналдардан т.б.) көргенінің барлығын тез қабылдап, шындық көреді. Міне, сондықтан да ақпарат көздері мен телехабарларда үнемі беріліп отыратын қылмыс хроникасындағы жағымсыз мәліметтер жастардың нәзік көңіліне, жан дүниесіне қатыгездік пен жүгенсіздік ұрығын себуде. Ақпарат құралдары қатігез қылмыскердің іс-әрекетінің егжей - тегжейін жазып, жасөспірімдерге сабақ болар десе, кейбір жасөспірімдер, осы қылмысты жасаған қылмыскер қандай сезімде болды екен деп, сол қылмысты қайталайтыны кездесіп жатады. Х.С. Жадбаев бойынша бойынша бұл топтарға аса қатаңдықпен енуіне бірнеше себептер бар. Мысалы, жолдастарына деген еліктеушілік, қорғаныш іздеу, жыныстық және ерекше сезімдерді сезіну мақсатында жасөспірімдердің қылмыстық топтарына кіруіне итермелейтін себептерінің бірі - жанұядағы түсініспеушілік мәселесі. Егер жасөспірімдер өздерінің эмоционалды және жанұядағы әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыра

алмаса, ол қылмыстық, топтардың құрамына еніп, өз орынын сол жерден табуға тырысады. Қылмыстық топқа енген соң, жасөспірім жалғыз өзі жүрсе ешқашан қолы бармайтын қылмыстарды жасайды. Бұл топтар барлық қоғамға қорқыныш, қауіп тудырып отыр. Құқық бұзушылыққа басты себеп - баланың пайдалы іспен айналыспауы десек, жоғарғыда айтып кеткендей, оның бос сандалыстан көп өкініштерге ұрындырып жататыны айтпаса да түсінікті. Өтпелі кезеңде жасөспірімнің еліктегіш келетіні, жақсыға ұмтылу, ұқсағысы келетіні, қайталағысы келетіні белгілі. Өтпелі кезеңнің «құйын» сияқты өткінші елестерге толы болуы бала өміріне қауіп төндіреті де сондықтан. Жасөспірімдердің еліктеуінің салдары құқық бұзуы, қызғушылығының әсерінен «қылмыс» істеуі, көбінесе осы шақта жүзеге асады.

#### *Әдебиеттер :*

1. Ауталипова Ұ.И., Шерьяданова Х.Т., Абдраманова Д.Е. Жас ерекшелік психологиясы. - Алматы: 2010, 132-135б.
2. Садықова Ж. Құқық бұзуға бейім жасөспірімдердің мінез-құлық түрлері. // Девиантология журналы, - Алматы: 2010, 38-40б.
3. Жадбаев Х.С. «Криминология», Алматы, 80-85с, 2002.
4. Ерменбетова Л. Кәмелетке толмағандардың арасындағы бұзушылықтың алдын алу құқықтық тәрбие рөлі. // Юриспруденция сериясы Вестник КазНПУ 2006 №1(7) 57-62 б.

*А.С. Рузденова*

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

*М.А. Абсатова*

*п.ғ.д., профессор*

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

### **ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДЫҒЫ**

Қандай қоғамдық құрылыста болса да отбасы мен неке адам баласының дүниеге келуі мен оның өсіп, қалыптасуын қаматамасыз етіп отыратындықтан, ол адамзат тарихының даму кезеңдеріндегі шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Отбасы мен неке қоғамдық құрылыспен, ондағы өндірістік қатынастармен тығыз байланысты, және әр қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер отбасы мен неке сипатына әсер етеді, ал олар осының әсерінен өзгеріп, жаңарып отырады. Мұның өзі отбасы мен некенің қоғамдық мәселе екендігін айқындай түседі.

Қазіргі таңда некеге дайындықтың психологиялық факторларын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әлемде болып жатқан өзгерістер жастардың отбасы мен некеге деген қатынасын өзгеруіне әкеліп соғуда.

Ең бастысы, ұзақ жылдар бойына біздің елімізде жалпы қоғамдық өмір саласында әміршілдік – әкімшілдік принциптердің ықпалына адамдардың әлеуметтік тұрғыдан қорғансыздыққа ұшырауы, жалаң ұраншылдықтың салдарынан қоғамның әлеуметтік – экономикалық жағдайының тығырыққа тірелуі, тәрбие мәселесінде халықтардың өз тарихына, мәдениетіне, рухани байлығына, тіліне, дәстүріне мән берілмеуі орын алды. Сондықтан, ұлттық тәрбие мектеп табалдырығынан аттаған әрбір бүгінгі жасөспірімнің бітімінен, мінез – құлқынан, қасиет – сапасынан бастау алу керек. Жасөспірімдер – болашақтың адамы, жаңадан қалыптасып келе жатқан ел азаматы [1; 5].

Қазақстанның болашағы, егеменді ел болып жаңа заманға бет бұрған кезімізде, біздің жаңа қоғамымыздың болашағы өсіп келе жатқан жастар екенін айту керек. Сол жастарды дұрыс жолға түсіріп тәрбиелеуді біздің ата – аналарымызға ғана салып қоймай, бүкіл қоғам болып осы проблемалардың шиеленіскен жағдайларын шешуге атсалысу қажет.



Жастарды бүгінгі мен ертеңі туралы ойланту, олардың өмірге деген дұрыс көзқарастарын қалыптастыру, болашақ отау иелері екеніне сезім ұялату, олардың өзін – өзі күтуі, қазіргі уақытқа сай білім алуы- бүгінгі күннің талабы.Болашақ ұрпаққа ұмыт бола жаздаған салт – дәстүр, әдет – ғұрыптарды тереңінен қоса түсіндіріп, осы заманға сай білімді, мәдениетті үйрете отырып, ата – бабамыз салған сара жолға жүгіну дұрыс.

Мектепте, жоғарғы оқу орындарында және мектептен тыс мәдени мекемелер үйірмелерінде жастардың өзіндік педагогикалық сипатта болуын қадағалау, инабатты, ибалы, сыпайы, адамгершілігі мол, эстетикалық талғамы бар, жаны да тәні де бірдей таза, барлық жағынан өнерлі де, іскерлі етіп жан – жақты рухани дамыту керек.

Біздің мақаламыз заман талабына сай өсіп – өркендеп келе жатқан ұрпағымызға болашақ отбасы өмірінің өте күрделі де нәзік және жалпы халықтық іс болып саналатындығын ерекше еске салу, әрі бағыт – бағдар беруге бағытталады.

Тәуелсіз еліміздегі білім беру мен тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамалары мен реформасына сай жасөспірімдерді отбасылық өмірге дайындау бойынша теориялық және әдістемелік жұмыстар аз, сол үшін отбасылық өмірге дайындау туралы әдістеменің теориялық – дидактикалық мәселелеріне көңіл бөлу керек [2; 18].

Біздің келешектегі мақсатымыз бұл бағыттағы жұмыстардың жақсартылуына ат салысу, болашақ қызметте барлық пәндермен тығыз байланыста болып, бұл жұмыстардың тиісті дәрежеде жүргізілуін іске асыру және бұл бағыттағы ұйымдастырушылық, әдістемелік іс – әрекеттерді онан арман қарай шыңдай түсіру болып табылады.

Нарықтық экономикаға байланысты жастардың отбасылық өмір құруға дайынсыздығы ашық көрсетіліп, оларды мектеп қабырғасынан бастап жеке отау құруға тәрбиелеу мәселесіне аса көп көңіл бөліп, педагогикалық тәрбиелеудің бірнеше ұйымдастыру түрлерін қолдану қажет.

Мектептегі жоғарғы сынып оқушыларына отбасы құрылымы мен міндеттері, отбасы өміріндегі жағдайлар, жас отбасын құру мәселесіне теориялық тұрғыдан анықтама беру және өзіндік ерекшеліктері туралы айту керек.Жасөспірімдерді болашақ отау иелері ретінде, болашақ ата – ана ретінде қалыптастыратын салт – дәстүрлер, әдет – ғұрыптардың педагогикалық негіздерінің маңызын анықтау қажет.Біз мектепте сабақтарда және сабақтан тыс кезде ұйымдастырылатын жұмыстың түрлерінің, солардың ішінде ашық сабақтар, сайыстар, конференция, семинарлар, пікірталастар, байқаулар т.б. іс – шараларды ұйымдастыру әдістемесін ұсындық [3; 61].

Әдістемелік және теориялық тұрғыдан жастарды отбасылық өмірге дайындауды келесі жағдайлар арқылы жүргізуді ұсынамыз:

1. Неке отбасы қатынастарының саласындағы мемлекеттік саясатты ашатын жалпы әлеуметтік аспект.

2. Сыпайылық, адамгершілік, инабаттылық сияқты қасиеттерді тәрбиелеудегі этикалық аспект.

3. Неке мен отбасы туралы негізгі заңдармен таныстыратын құқықтық аспект.

4. Жеке тұлға, индивидтің даму деңгейі туралы түсінік қалыптастыратын неке мен отбасы өмірінің психологиялық негіздерін үйрететін психологиялық аспект.

5. Еркек пен әйелдің ағзасының физиологиялық ерекшеліктері, жеке гигиена туралы білімдері кіретін физиологиялық – гигиеналық аспект.

6. Отбасы мен бала тәрбиелеудегі ата- ана рөлін қалыптастыратын педагогикалық аспект.

7. Отбасылық өмірге қатынасын эстетикалық құндылық ретінде қарастыратын эстетикалық аспект.

Біз келесі проблемаларды анықтадық:

1. Жас отбасының әлеуметтік қорғансыздығы;

2. Неке – ажырасу отбасының үлкен пайыздық саны;

3. Психологиялық консультацияларының жетіспеушілігі (әсіресе, ауыл аймақтарында).

4. Мектепте жастарды отбасылық өмірге дайындауға қажетті мөлшерде көңіл аудармауы.

Сонымен қорыта айтқанда, орта мектептің жоғарғы сынып оқушыларын отбасылық өмірге дайындау тақырыбындасабақтарда және сабақтан тыс өткізілетін оқу конференцияларын, семинарлар, байқаулар, пікірталастар өткізу, олардың оқулық пен ғылыми – көпшілік, әдістемелік әдебиеттермен, ғылыми журналдар мен газет беттерінде жарық көрген ғылыми мақалаларымен өз бетінше жұмыс істеу іскерлігі мен дағдысын қалыптастырып, олардың сабақтарда алатын білімдерін тереңдетуге, болашақ отбасылық өмірге дайындаудың негіздерін танып білуге көмектесетінін атап өтуге болады.

Сонымен, біз мынандай талаптарды орындауымыз керек :

1. ҚР “Білім беру” Заңы бойынша мұғалім – тәрбиеші сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстары негізінде оқушыларға тәрбие беудің қосымша дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруы тиіс.

2. Мектепте және мектептен тыс тәрбиенің ұйымдастыру мазмұнын бүгінгі нарықтық қатынастардың талаптарына сәйкес келтіру.

3. Жасөспірім тұлғасының рухани мүмкіндігінің өсуі мен баюын қамтамасыз ету, ұлттық рухани мәдениетті біздің еліміздегі басқа халықтардың тарихынан, мәдениетінің кірігуі өзара байланысы негізінде іске асырылуы.

4. Үздіксіз білім беру және білім жетілдіру институттарында мұғалімдерге сыныпта және сыныптан тыс жастарды отбасылық өмірге дайындау тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде арнайы курстарды өткізу керек.

5. Мұғалімдер, ғалымдар бірлесе отырып жастарды отбасылық өмір құруға дайындау жөнінде оқу – әдістемелік құралдарды жасау керек.

6. Телеарналар мен бұқаралық ақпараттар құралдарынан отбасын құру, жастар, жасөспірімдер қарым – қатынасы туралы жаңа хабарлар, мерзімдік басылымдарда жастарға арналған мақалаларды көптеп ұйымдастыру – бүгінгі күннің талабы.

Егеменді ел болып, біртіндеп әлемдік дәрежеге ие бола бастаған осынау алғашқы қадамымызда ғасырлар бойы өмір сынынан өтіп келе жатқан халқымыздың қасиеті мен өнегесін, адал тілегін бүгінгі әрбір азаматқа үйрету, санасын ояту тәрбиеші – мұғалімдердің, ата – аналардың ең үлкен парызы болмақ. Соңғы жылдары жастарды отбасындатарбиелеу өте күрделеніп кетті. Оған көптеген қоғамдық, әлеуметтік – экономикалық, экологиялық, рухани жағдайлар себеп болуда. Ең бастысы, ұзақ жылдар бойына біздің елімізде жалпы қоғамдық өмір саласында әміршілдік – әкімшілдік принциптердің ықпалына адамдардың әлеуметтік тұрғыдан қорғансыздыққа ұшырауы, жалаң ұраншылдықтың салдарынан қоғамның әлеуметтік – экономикалық жағдайының тығырыққа тірелуі, тәрбие мәселесінде халықтардың өз тарихына, мәдениетіне, рухани байлығына, тіліне, дәстүріне мән берілмеуі орын алды. Сондықтан, ұлттық тәрбие мектеп табалдырығынан аттаған әрбір бүгінгі жасөспірімнің бітімінен, мінез – құлқынан, қасиет – сапасынан бастау алу керек. Жасөспірімдер – болашақтың адамы, жанадан қалыптасып келе жатқан ел азаматы. Қазақстанның болашағы, егеменді ел болып жаңа заманға бет бұрған кезімізде, біздің жаңа қоғамымыздың болашағы өсіп келе жатқан жастар екенін айту керек. Сол жастарды дұрыс жолға түсіріп тәрбиелеуді біздің ата – аналарымызға ғана салып қоймай, бүкіл қоғам болып осы проблемалардың шиеленіскен жағдайларын шешуге атсалысу қажет. Жастарды бүгінгі мен ертеңі туралы ойланту, олардың өмірге деген дұрыс көзқарастарын қалыптастыру, болашақ отау иелері екеніне сезім ұялату, олардың өзін – өзі күтуі, қазіргі уақытқа сай білім алуы- бүгінгі күннің талабы. Болашақ ұрпаққа ұмыт бола жаздаған салт – дәстүр, әдет – ғұрыптарды тереңінен қоса түсіндіріп, осы заманға сай білімді, мәдениетті үйрете отырып, ата – бабамыз салған сара жолға жүгіну дұрыс. Мектепте, жоғарғы оқу орындарында және мектептен тыс мәдени мекемелер үйірмелерінде жастардың өзіндік педагогикалық сипатта болуын қадағалау, инабатты,

ибалы, сыпайы, адамгершілігі мол, эстетикалық талғамы бар, жаны да тәні де бірдей таза, барлық жағынан өнерлі де, іскерлі етіп жан – жақты рухани дамыту керек [4; 6].

*Әдебиеттер:*

1. Андреева Т.В. Семейная психология. – СПб, 2004
2. Ахтаева Н.С., Әбдіғаппарова А.І. Әлеуметтік психология. — А.: Қазақ университеті, 2007
3. Әбеуова И.Ә. Әлеметтік психология. – А., 2001.
4. Малкина-Пых И.Г. Семейная терапия. – М., 2005.

*Ж.К. Турниязова*

*психология ғылымдарының магистрі, психология және әлеуметтік пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қайнар Академиясы, Алматы қаласы*

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ТАНЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Таным теориясы** - философия ғылымының саласы, танымның мәнін, ерекшелігін, әдіс құрылымын, деңгейін, басқа таным формалармен байланысын зерттейтін ғылыми таным теориясы. Басқаша айтқанда, адамның тану қабілеті, танымның бастауы, формалары, әдістері туралы, ақиқат және оған жетудің жолдары туралы ілім. Айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында белсенді бейнелеуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатысын, қоғамдық практика негізінде іске асатын таным процесінің заңдылықтарын, оның негізгі формаларын, әдістер, гипотезалары мен теорияларды құру мен дамытудың принциптерін зерттейтін философия ғылымының саласы.

Таным теориясы немесе гносеология (грекше *gnosis* - білім, таным) - философиямен бірге, оның іргелі бөлімдерінің бірі ретінде пайда болды және қалыптасты. Ол адам танымының сипатын, білімінің формаларын, оның жадағай түрінен тереңіне бойлау әдістерін зерттейді. Гносеологиядағы орталық ұғымдарға «*таным субъектісі*» мен «*таным объектісі*», «*білім*», «таным» жатады. Таным субъектісі деп белгілі бір мақсатқа бағытталған танымдық қызметті атқарушыны айтамыз. Ол - бірдеңені танып, білуге тырысушы. Ол адам немесе тұтастай қоғам болуы мүмкін. Таным объектісі деп танымдық қызмет бағытталған нәрсені айтамыз. Демек, ол танылушы, былайша айтқанда, кітап, молекула, атом, адам немесе тұтастай табиғат болуы мүмкін. Таным объектісі материялық, дүние немесе рухани құбылыс, сонымен қатар субъектінің өзі де болуы мүмкін. Таным объектісі мен субъектісі бір-бірінің мәнділігін шарттастырады: субъектісіз объект болмайды, объектісіз субъект болмайды. Таным үдерісінде олар бір-біріне маңыз аларлық ықпал етеді. Сонда танымдық қызмет субъекті мен объект қатынасы және олардың өзара әрекеттесуі болып шығады. Таным барысында болмыстың түрлі қырлары ашылады, қоршаған дүниедегі заттардың, құбылыстардың сыртқы жақтары мен мәні ашылады, сонымен қоса таным қызметінің субъектісі - адам адамды, демек, өзін-өзі зерттейді. Таным - адам қызметінің қоршаған дүниені және ондағы өзін тануға бағытталған арнайы түрі.

Таным процесінің заңдылықтарын зерттеуді *таным теориясы* деп атайды. Философияның негізгі мәселесін дұрыс немесе бұрыс шешуге байланысты екі түрлі таным теориясы (*материалистік және идеалистік*) қалыптасты. *Таным дегеніміз* - өмір шындығын жай селқос аңғарып қана қою емес, оны қызу түрде, мақсатқа сай бейнелеу болып табылады. *Танымның субъектісі* - адам, қоғам. *Танымның объектісі* - қоршаған орта. Таным процесі *сезімдік* танымнан және *рационалдық* танымнан құралады. *Сезімдік таным* дегеніміз - сезім мүшелері: көру, есту, сезіну және басқалар арқылы жүзеге асырылатын танып - білу. Сезім мүшелері дегеніміз - ол біздің айналамыздағы дүние

жайындағы мәліметтер санамызға келіп- кіретін бірден-бір қақпалар болып табылады. *Сезімдік таным негізгі үш формада*: түйсіктер, қабылдаулар және елестету арқылы жүзеге асырылады. Адамның дүниені бейнелеуінің алғашқы формасы түйсік. *Түйсік* - материалдық объектілердің, заттардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі нәтижесінде пайда болады.

Шетелдік әдебиетте бұл терминмен қатар эпистемология грекше эпистема - білім деген сөз термині қолданылады. Бұл терминмен әдетте олар ғылыми таным теориясы дегенді білдіреді. Таным - адам санасын дамытудың негізі болып табылады. Таным процесінің заңдылықтарын зерттеуде таным теориясы деп атайды. *Айналадағы дүниені тану* - күрделі, қайшылықты процесс, оған шындықты белсенді, шығармашылық бейнелеудің белгілі бір жүйелілігі мен өзара байланысы болып табылатын әр түрлі формалар кіреді.

*Таным* деп біз адамның айнала қоршаған ортаны зерттеудегі ерекше рухани іс-әрекетін айтамыз. Таным дегеніміз - білім алу үшін шығармашылық ізденіс. Таным адамның практикалық іс-әрекетінің рухани жағы болып табылады. Таным - адам арнайы танымдық мәселе мен есептерді қойып, мақсатты түрде қол жеткізетін ақпараттық жоғарғы деңгейі. Таным - адамның нақты мақсатына бағытталған және шығармашылық іс-әрекетінің әлеуметтік процесі.

*Таным* - іс-әрекетінің адам мақсаттары мен ұмтылыстарының негізі болатын білімін қалыптастырушы, шығармашылық қызметінің қоғамдық-тарихи процесі. Ой еңбегі мен дене еңбегі арасында қарама-қарсылық бар жерде, шығармашылық, жаңалық ашушы және тудырушы іс-әрекет орындаушылық пен жаттандылыққа әлеуметтік тұрғыдан қарама-қарсы қойылған жерде таным көбінесе, рухани өндірістің түрлі салаларындағы кәсіби мамандардың ерекше функциясы ретінде көрінеді. Таным адамның табиғатқа белсенді түрде әсер етуінен, табиғат заттарын өңдеуден, зат қасиетін өндірісте пайдаланудан бастау алады. Таным барысында ойлаудың түрлі тәсілдері пайдаланылады (*анализ, синтез, дедукция, индукция*). Танымның эмпириялық және теориялық дәрежесі, құрылымы бар. Шындықты тану, белгілі бір түрде жасалады. «Таным түрі» түсінігі көп қырлы. Олар төмендегідей кезеңдерді қамтиды:

- Адамның шындықты бейнелеуінің сатылары - сезімдік және рационалдық.
- Білім түрі - эмпириялық және теориялық, ғылымға дейінгі (қарапайым) және ғылым.

- Білімнің құрылу тәсілі - ғылыми, болжам, абстракты теория, ғылыми жүйе. Н.Ф.Талызин «Ұғымды қалыптастыру, біріншіден, нақтылы заттардың қажетті және жеткілікті белгілеріне тән операциялар жүйесін игеруден, екіншіден, осы операциялардың жалпы логикалық жүйесін меңгеруден, яғни берілген объектінің белгілі бір топқа жататындығына, белгілі бір ұғымға сай келетіндігіне көз жеткізуден тұрады» дейді.

А.Т. Спиркин «адамның өзіндік сана - сезімі, адам қалыптасқан кезден басталады. Және ертедегі дәуірден кейінгі даму кезеңдеріне байланысты. Бұл көзқарасты қабылдассақта, өзіндік сана - сезімнің айырмасы ретінде әлеуметтік- психологиялық мінез - құлық сана-сезімнің дамуына әсер етеді» деген. Философ Ж. Молдабековтің пікірінше «Иман – сенім, имандылық - жан рухының тазалығы. Жан рухы құбылмалы болмау керек, әйтпесе ол әлсіз болады» дей келе «Ол өз күшіне де, өзгенің ықыласына да сене бермейді. Рухани жүдеген, іштей азғындаған жан-жеңілтек мінезге немесе дөрекілікке тез ұрынады. Өзіне сене алмаған – қадірсіз, жақсылық күте беруге болмайтын қайырымсыз болады деген тұжырымын айтады. Ғалым рухани жан дүние жүдесе, сондай-ақ көптеген теріс пиғылды адамдар тобы көптеп қалыптасатындығын, ескертеді. Адамның сенімі ешқашан жоғалмау керек. Сенім бар жерде имандылық бар деп ой түйіндеген» деген. Сананың қасиеттерін төмендегідей бөліп көрсетуге болады: *қарым-қатынасты құру, тану және уайымдау*.

Сезіну (түйсіну) → қабылдау → түсінік (елестету) → ұғым. Сезіну, қабылдау және түсінік – танудың алғашқы сатысы, ол сезімдік тану деп аталады. Сезіну – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке белгілерінің мидағы бейнеленуі. Сол себепті сезіну

шындықты танып білудің алғашқы сатысы болып табылады. Сезіну мен тікелей байланыста қабылдау жүзеге асырылады. Өзіндік таным, өзіндік сана, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі анықтаумен тығыз байланыста бола тұра, өзінің психологиялық сипаттары бар салыстырмалы түрде дербес процесс болып табылады.

*Сана* - адамға ғана тән қоршаған айналадағы әлемнің заңдылықтарының және объективті тұрақты қасиеттерінің жалпыланған жоғары формада сыртқы әлемнің ішкі моделінің адамда қалыптасуы, қоршаған айналадағы ортаны өзгертуі және нәтижесінде танымның бірдеңеге қол жеткізуге болады.

### **Әдебиеттер:**

1. Әбішев Қ., Әбжанов Т. Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы. Алматы, 1993.
2. Молдабеков Ж.Ж. «Өзіндік таным» (Оқу құралы).-Алматы . «Қарасай», 2014 ж.
3. Көмекбаева Л.К. Мұғалімдердің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: Психол. ғыл. канд. дис.-Алматы, 2002. -152б

*Г.К. Абдуллина - Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

*Г.Д. Мырзаш - Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

### **РУХАНИ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**

Мінез көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктің қосындысы, сонымен қатар адамды әр қырынан көрсететін қасиет; мінез өз алдына дараланған тұлғалық болмысты құрастырушы әрекет қылықтардың сеп түрткілері мен әдістерінің тұрақтанған жүйесі. Руханилық – көптеген ұрпақтар тәрбиесінің тарихи процесінен, мәдениеттің пайда болуынан дамып келе жатқан сапа. Адам мінезінің шынайы өміріне тәуелді қалыптасатындығы туралы теорияның негізін В.Н. Мясичев пен Б.Г. Ананьев қалаған.

Мінез бітістері мен мінез ерекшеліктерінің қалыптасуы жайлы көптеген зерттеулер бар. Атап айтқанда Қ. Жарықбаев [1], М. Мұқанов [2], Т. Тәжібаев [3], Сәбет Бап-Баба [4], Н.Д. Левитов [5], И.В. Стихов [6], А.Л. Бодалев [7], В.Г. Наракидзе [8] және т.б. Ал ресейлік ғалымдар: В.И. Андреев, Л.И. Новикова, И.П. Подласый, В.А. Слостенин, Н.Е. Щуркова және т.б. жасөспірімдердің рухани жетілуі мен қалыптасуына ерекше мән берген.

Дамыған рухани қажеттіліктер, шындыққа жақсылық, сұлулық жасауға деген белсенді ұмтылыс «руханилық» деген ұғымды білдіреді. Рухани мінез-құлықтың көріністеріне – ізгілік, адамилық, имандылық, кішіпейілділік, қарапайымдылық қасиеттері жатады. *Мінез-құлық мәдениеті - ол өзін қоғамдық ортада ұстай білу және әдептілік ережелерін сақтай білу ғана емес.* Сыртқы мәдениеті адамның мінез-құлық пен сыртқы бейнесінен көрінсе, ішкі мәдениеті адамның білімінен, нанымынан, жеке басының мүддесін қоғам мүддесімен ұштастыра білуінен тұрады. Адамның қоғамда сыйлы болуы және бағалануы ішкі мәдениетіне байланысты.

Рухани мәдениет – адамдардың дүниеге көзқарасын қалыптастыратын қоғамдағы негізгі құндылықтардың жиынтығы деген тұжырым жасауға болады. Оған өмірдегі түсіндіру мен сақталу, адамның дүниедегі орны мен қоғамдық орналасуын жатқызамыз. Ал бүгінгі күні жеке рухани мәдениеттің маңызды элементтері - өзіндік талдау, өзін-өзі тәрбиелеу, ақыл-ой толығынсыз тұлға жан-жақты үйлесімділікте дәлел алмайтындығына

толық көзіміз жетіп отыр. Жеке рухани құндылықтар – сенім, махаббат, үміт- діншілдіктің бейнесі ретінде саналып келгендігін де жақсы білеміз.

Рухани мәдениетке тәрбиелеуді Ә. Табылдиев [9], Г. Қоянбаева [10], С. Қалиев [11], М. Ғабдуллин [12], К. Исламжанұлы [13], М. Әлімбаев [14], Ж. Наурызбаев [15] және т.б ғалымдардың ілгері еңбектерінде жеке тұлғаның адамгершілік, халықтық педагогика дамуы, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, рухани даму т.б. мәселелер қарастырылған.

Жеке тұлғаның руханилық қасиетінің өлшемі – адамның жақсылыққа талпынуындағы ішкі жан дүниесі деген қорытынды жасаймыз. Өйткені, басқаларға жанашырлық білдіру, өзге адамға жақсылық тілеу, адамдарға көмек көрсету, айналадағы өмірді жақсартуға ұмтылу, өзін-өзі тану, дамыту, өмірді бағалау сияқты құндылықтар рухани дамудың негізгі көрсеткіштері болып табылады. Рухани мәдениет қоғамдық өмірдің бөлігі ретінде жан өмірін, идеялар қозғалысын – олардың жасалуына таралу, меңгеруді бейнелейді.

Мәдениет қоғам қажеттілігіне сай және адам қолымен жасалған әрекет формалары мен өнімдерінен тұрады [16]. Ол адамдарды жануардан ажырататын адамзаттың өмірінің бейнесінің ерекшелігі болып табылады, мәдениеттің ерекшелігі оның тұқымқуалаушылық жолымен емес, тіл, жазу және дәстүр көмегі арқылы берілетіндігінде екендігін ерекше атап өткіміз келеді. Рухани мәдениет өз бетімен жеке өмір сүретін, мәдениеттің оқшауланған бөлігі емес..

Мәдениет әлемі тұтас, үздіксіз әлем. Ой қимылға, қимыл – затқа, ал зат өз кезегінде ойды туғызады, сондықтан рухани мәдениет мәдениеттің динамикалық бағыты, яғни біріншіден материалдық мәдениетпен, екіншіден дене мәдениетімен, үшіншіден қоғамдық өмірмен тұтастай байланыста деген тұжырым айта аламыз. Рухани мәдениет идеяларда ғана емес, заттарды дұрыс қолдану, олардың сұлулығын көре білу дағдысында; мінез-құлықта, адамның бүкіл сыртқы болмысынан көрінетін айғақ. Дегенмен, материалдық мәдениетке қоғамның материалдық өмірін қамтамасыз ететін білім, дағды көбірек сәйкес келеді.

Рухани мәдениетті қоғамдық өмірдің негізі, ұйымдастырушы орталығы деп атайды. Рухани мәдениетті дамытудың маңызды факторына рухани қарым-қатынас өткен уақытта философиялық үйірмелер мен мектептерде, университет, академияларда жүзеге асырылды. Біз рухани қарым-қатынасты рухани мәдениет өсуінің маңызды алғышартына жатқызамыз. Қарым-қатынас психикалық белсенділікті туғызады; ұжымдық шығармашылыққа, идеялардың тізбектей тууына жағдайлар туғызылады. Рухани қарым-қатынас - қарым-қатынастың жауапты және күрделі түрі деуге болады.

Жан мәдениеті ішкі өмірді тәртіпке келтіріп, оны үйлесімді етеді. Мәдени көзқарас кең болған сайын, жеке мүмкіндіктер мен мәдениеттің үлкен әлемі де соншалықты айқын. Мәдениетті адамға басқаны түсіну оңай, сондықтан ол басқалардың қайғысын жүрегіне жақын қабылдайтынын да жақсы білеміз. Болашақтың рухани мәдениеті бүгіннен басталатындығын ерекше атауға болады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы жан-жақты білімді, өзіндік көзқарасы рухани-адамгершілік, эстетикалық жағынан биік тұрған тұлғаны қалыптастыруды міндеттейді [17]. Осыған байланысты жасөспірімдердің рухани-мәдениетін тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы арта түсуде. Бүгінгі қоғамымыздағы күн сайын көбейіп отырған жағымсыз әдеттердің белең алу себебі - жастарымыздың уақытында ұлттық тәрбиемен сусындамауы, рухани дүниесінің жұтандығы.

Жасөспірімдердің рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, болашағына дұрыс бағыт беру мен жол сілтеу - бүгінгі кезек күттірмейтін мәселе. Рухани адамгершілікке тәрбиелеу тек білім берумен ғана шектелмейді. Жасөспірімдердің ішкі сезімдері мен жандүниесіне ықпал ету арқылы ізгілік, рухани-адамгершілік қасиеттері сапалы қалыптасады.

Қазіргі уақыттағы жасөспірімдерді тәрбиелеу мен қалыптастыру ісінде олардың ішкі жандүниесі мен рухани әлемін тану, дамыту, жетілдіруге байланысты бірнеше іс-шаралар

жүзеге асырылуда. Халықтық дәстүр, рухани мәдениет негізінде жасөспірімдердің рухани мінез-құлық қасиеттері мен адагершілік тәрбиесін дұрыс жолға қою міндеттерін жүзеге асыру басты мақсат болатыны белгілі. Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Ш.Амонашвили, В.Ф.Шаталов, И.П.Волков, Е.Н.Ильин және т.б. ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде жасөспірімдерді жан-жақты дамытып, белсенділігін арттыруды көздеген дамыта оқыту, ойын арқылы оқыту және т.б. оқыту технологиялары дүниеге келді.

Ізгілік, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – жасөспірімдердің өмірдегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, қоршаған адамдар мен кез-келген затқа, жан-жануарға, экологияға жақсылық, ізгілік жасауы. Сондықтан рухани адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу жасөспірімдердің тұлғалық дербес ерекшеліктерін қалыптастырудың негізі бола тұра, мынандай көрсеткіштерге ие: басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу, өзін-өзі жетілдіру, дамыту.

Жасөспірімдерді инабаттылыққа баулып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, ізгілік және рухани адамгершілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру әрбір ата-ананың, ұстаздардың басты парызы. Жасөспірімдерді рухани адамгершіліктік тәрбиесі арқылы толық қанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты [18]. Ізгілік және рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру рухани тәрбие білім беру адам дамуының рухани үйлесімдіктерін түсінуді қамтиды. Сондықтан, жасөспірімдердің ізгіліктік және рухани адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы - дамуының негізі көрсеткіші.

Ізгілік - бүкіл тіршіліктің көзі. Жеке тұлға бойында ізгіліктік көзқарас, сенім және дүниетаным қалыптастыру – ұзақ әрі күрделі үрдіс. Тәрбие және білім беру үрдістерін ізгілендіру – тұтас педагогикалық үрдістің негізгі ұстанымдарының бірі. Бұл ұстаным жеке тұлғаның әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Ізгіліктік идеялар философия және педагогикалық ой-пікірлерде кәне дәуірден басталған.

Қорыта келе, зерттеу барысында педагогикалық - психологиялық әдебиеттерге талдаулар жасау арқылы жасөспірімдердің мінез-құлықтары мен рухани мәдени қасиеттерін қалыптастырудың бір-бірімен тығыз байланысы анықталды. Сондықтан жасөспірімдерді жеке тұлға ретінде қарастырып мына жағдайларға зер салуды ұсынамыз: - жасөспірімдердің жақсы қасиеттеріне жүгіну; - мектеп оқушысы ретінде танып, елінің азаматы ретінде қарап, осы міндеттерді атқаруға жағдай жасау; - жасөспірімдерге ересек адамға қарағандай қарап, тең құқықты азамат ретінде танып, осы тұрғыда қарым – қатынас жүргізу.

#### *Әдебиеттер:*

1. Жарықбаев Қ. Психология, Алматы: Мектеп, 1982.
2. Мұқанов М. Жан дүниесінің сыры. Алматы, 1964.
3. Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы, 1993.
4. Сәбет Бап-Баба. Жан тану негіздері. Алматы: Дәнекер, 2002.
5. Левитов Н.Д. Психология характера. М, 1969.
6. Стихов И.В. Психология характера. Саратов, 1970.
7. Бодалев А.Л. Психология личности. М, 1988.
8. Наракидзе В.Г. Методы исследования характера. Тбилиси, 1989.
9. Табылдиев Ә. Тағылымды тәсіл // Қазақстан мектебі, 1995, № -3, 38б.
10. Қоянбаева Г. Халқын сүйген - салтын сүйер // Бастауыш мектеп, 1996, №-2, 18 б.
11. Қалиев С. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан – Алматы: Мектеп, 1987.
12. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1987
13. Тал бесіктен жер бесікке дейін. Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары. Құрастырған К. Исламжанұлы. – Алматы:Мектеп, 1995. – 272 б.
14. Әлімбаев М. Халық-ғажап тәлімгер Алматы, 1994, 27 - 38 беттер
15. Наурызбаев Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. –Алматы: Ана тілі, 1995.
16. Жүкешев Қ.М. Ұлттық психологияның мәдени-әлеуметтік негізделуі. Алматы.

1999.

17. Бикенов К.Ү., Жаназарова З.Ж., Нұрбекова Ж.А. Отбасымен әлеуметтік жұмыс: Оқу құралы.- Алматы.- 2003.
18. Шарипова Р.Д. Духовно – нравственное воспитание школьников/ Р.Д. Шарипова // Менеджмент в образовании, 2001, № 4 - 103

*Г.К. Абдуллина*

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

*Г.Д. Мырзаи*

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

## **ДЕРБЕСТІЛІК ПЕН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР**

Адам баласы тірі ағзалардың табиғи қасиеттері мен белгілерін ұрпақтан-ұрпаққа беріп отыратынын ертеден байқаған. Адамдар арасындағы дербес психологиялық мәселесін ең алғаш Б.М.Теплов пен В.Д.Небылицин [1] және оның көзқарасын жақтаушылар негізін салған. Адамдардың дербес психологиялық ерекшеліктері: темперамент пен қабілет, адамның нейродинамикалық жүйелерінің ерекшеліктері, жүйке жүйесі қасиеттерінің концепциясы психология ғылымының негізгі фундаментальды проблемаларының бірі болып табылады.

Ең алғаш мінез-құлық генетика саласында дербес ғылым саласы болып 1960 жылы Д.Фудллер мен В.Томпсанның «Мінез-құлық генетикасы» кітабымен байланысты болды [2]. Қалыпты мінез-құлық түрлерінің дербес ерекшеліктері қарастырылады. Әрбір адамның мінез-құлық генетикалық ерекшеліктері жүйке жүйесі құрылымының морфофизиологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Адамның психогенетикалық ерекшеліктерін зерттеудегі пікірталас тудыратын сұрақтардың бірі бұл психикалық ерекшеліктермен әрекет - қылық модельдерінің тұқым қуалауы. Зоопсихологтар мен нейробиологтардың зерттеу пікірлері бойынша - адамдар өз ұрпақтарына «ғажайып рефлексстерді» және де көптеген «инстинктерді» мұра етіп қалдырған. Бұлар әлеуметтік инстинктер – агрессия, балаларда ата аналарға деген қарым – қатынас, альтруизм, еліктеу арқылы үйрену, эстетикалық көңіл – күй, тілдік және сөздік тума қажеттер. Психогенетикалық пікірталас интеллект, интеллектуалдылық қажеттің тұқымқуалаушылық мәселесі жайлы да болады. Бұл сұрақтар социология, педагогика, политика тіптен медицина тарапынан да қызығушылық тудыруда.

Б.М.Тепловтың тұжырымдамасы бойынша жүйке жүйесінің қасиеттері мінез-құлықтың динамикалық және формальды динамикалық аспектілерінде (адамның жылдамдығы, шапшаңдығы, қимыл-қозғалысы) көрінеді және адам әрекетінің маңызды аспектілерінде байқалады (мысалы, білімі, мақсаты, мотивтері, белгілі бір ісіне ұмтылысы). Осындай тұжырымдамадан кейін адам темпераментті және адамның психикалық әрекетінің динамикалық сипаты деген тұжырымдама берген.

Сондай-ақ Б.М.Тепловтың көзқарасы бойынша адамның дербес психикалық ерекшеліктері және ерекшеліктерінің құрылымы жүйке жүйесінің қасиетіне байланысты екі компоненттің негізінде анықталады. Олар: темперамент және қабілет (жалпы және арнаулы). Б.М.Теплов темпераменттің үш факторлы құрылымын ұсынды: - эмоционалды қозу, - сезімдер көрінісі, - жалпы қимыл-қозғалыстың шапшаңдығы.

Б.М.Тепловтың шәкірті В.Д.Небылицин жүйке жүйесінің жалпы қасиеттері ұғымын енгізе отырып, адамың дербес психологиялық айырмашылықтары жайлы жаңа зерттеулер енгізді. В.Д.Небылициннің гипотезасына сәйкес жүйке жүйесінің жалпы қасиеттерінің негізін ми құрылымының физиологиялық параметрлары негізінде қарастыру керек. Себебі, жеке адамның психикалық әрекетінің тұтастығын және жеке адамның дербес ерешелігінің даралануында маңызы зор. Жеке адамның жалпы сипаттарының ішіндегі ең



негізгісі темперамент және темпераменттің құрылымдық ерекшелігінде В.Д.Небылицин екі параметрді ажыратады: 1. Адамның жалпы белсенділігі; 2. Эмоционалдылығы.

*Адамның жалпы белсенділігі* – адамның ішкі қажеттілігін сыртқы ортаға деген өзіндік көзқарасы арқылы білдіретін әрекеттерінің ішкі шарттары. В.Д.Небылицин адамның жалпы белсенділігін үш деңгейде қарастырады: - моторлы, - интеллектуалды, - әлеуметтік. *Эмоционалдылық* В.Д.Небылициннің түсініктемесі бойынша көптеген сапалық қасиеттердің кешенін қамтиды. Дегенмен В.Д.Небылицин эмоционалдылықтың үш аспектісін көрсетті:

- Адамның эмоционалды сезімталдылығы, яғни жеке адамның эмоционалды қабылдағышы, кез келген жағдайларға, эмоционалды стимулдарға адамның сезімталдығы.
- Адамның импульсивтілігі. Бұл қасиетке адамдардың кез келген сыртқы әсерлерге эмоционалды ауыса білу ерекшелігін жатқызады.
- Эмоционалды лабильділігі. Яғни адамның бір эмоционалды жағдайдан екінші эмоционалды жағдайға өту жылдамдығы сипатталады.

В.К. Федоров [3] адамдардың дербес ерекшеліктерінің сипаты мен физиологиялық параметрлердің арасындағы байланыстырушы проблема немесе жалпы қабілеттердің құрылымы ұғымын екі компоненттің төңірегінде қарастырады: адамның белсенділігі және өзін-өзі реттей білуі.

Жоғарыда аталған зерттеулердің нәтижесінде адамдардың жүйке жүйесінің қасиеттері мен олардың психологиялық көріністерінің ерекшеліктері жайлы В.Д.Небылициннің көзқарасы негізінде интеллектуалды және психомоторлы белсенділіктің физиологиялық негіздері жайлы эксперименталды зерттеулер жүргізіледі. Интеллектуалды және психомоторлы белсенділігі қарапайым эксперименталды көрсеткіштер негізінде бағаланып, былайша сипатталады: - іс-әрекеттегі адамның дербес жылдамдығы; - адамның әртүрлі әрекеттерге бейімділігі; - жоғарғы әрекеттерге адамның қажеттілігі.

В.Д.Небылицин мен А.П.Анохиннің көзқарастарына сүйене отырып В.М.Русалов жүйке жүйесі қасиетінің үш деңгейлік құрылым концепциясын былайша ұсынады: нейрондық деңгей; ми құрылымы кешендерінің деңгейі; жүйке процестерінің функционалды параметрлерінің мида бейнеленуін айқындайтын тұтас мидың қасиеті деңгейі.

В.М.Русаловтың көрсеткен осы үш деңгейлі құрылымында үш деңгейлі мінез-құлық параметрлерінің дербес ерекшеліктерді айқындайтын (темперамент, жалпы қабілет) негіздердің физиологиялық механизмін құрайды. Көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде адамның психомоторлы және интеллектуалдық салалардағы дербес қасиеттерін арнаулы эксперименталдық шаралар арқылы анықтау осы аталған қасиеттердің үш негізгі белсенділік аспектілерінің ерекшеліктерін көрсетеді: адамның дербес ерекшеліктерінің жылдамдығы; әрекетке бейімділігі; әртүрлі шараларға ұмтылысы.

Адамның мінез-құлқының моделінің басты компоненті ретінде Н.П. Бочков өзінің зерттеулерінде [4] эмоцияның ақпараттық теорияларымен байланыстырды. Осы теорияға негізделі отырып эмоция бір-бірімен байланысты екі фактордың нәтижесі болып табылады: қажеттілік немесе мотивтің әрекет ету күші мен сапасы және осы қажеттілікті қанағаттандырудағы дербес мүмкіндіктер бағасы. Дербестік немесе мінез-құлық әр адамның қоршаған ортадағы объектілермен субъективті қатынас барысындағы қажеттеліктерін қанағаттандыру және сол қажеттілікті қанағаттандыруды өзгерте алатын немесе қажеттілікті ұзарта алатын белсенділік формасы. Н.П. Бочков мінез-құлықтың ұйымдасуын ми қыртысының әртүрлі бөліктеріне байланысты деп қарастырады. Әсіресе гипоталамус немесе мидың маңдай бөлігі. Мінез-құлықтың ұйымдасу үрдісіне немесе темпераменттің ерекшеліктеріне мидың осы аталған құрылымдардың өзара қарым-қатынас ерекшеліктері аталып өтілген.

В.М.Русаловтың ұсынған жұмысының теориялық негізі ретінде А.П.Анохиннің ми әрекетін ұйымдастырудың концепциясы ілімін қолданған. Осы концепцияның негізінде адамның мінез-құлқы қоршаған ортамен организм арасындағы өзара әрекет байланысының

нәтижесі болып табылады. Мінез-құлық актісі төрт блоктан тұратын жүйені құрайды: афференттік синтез; шешім қабылдау, (әрекет нәтижесінің акцепторы және бағдарламаның қалыптасуы); іс-шараларды жүзеге асыру; кері байланыс, яғни нақты нәтижелер параметрлерімен алдыен ала болжау, жорамалдардың қалыптасуы.

Осы аталған блоктар мінез-құлық актілерінен кез келген іс-шаралардың негізінде жатқан функционалды мета-жүйесінің қалыптасуын қамтиды[5]. Адамның мінез-құлқы мен дербестілігі жайлы кросс мәдени зерттеулер де бар. Дифференциалды психофизиологияда кросс мәдени зерттеулер мынандай негізгі міндеттерді шешуге көмектеседі. Атап айтқанда, нақты мәдени ортаның ерекшеліктеріне негізделген мінез-құлық формалары мен психологиялық феномендердің ерекшеліктерін сипттауға; дербес ерекшеліктер сипаттамасының табиғи детерминанттылығын зерттеумен байланысты проблеманы шешуге.

К.Б. Булаеваның «Генетические основы психофизиологии человека» атты еңбегінде кросс мәдениетті зерттеген, нәтижелілігі психологиялық феномендерді зерттеудегі ерекшеліктерді ескерумен байланысты деген [6] Дербес ерекшеліктердің психофизиологиялық сапаларына мыналар жатады: - эмоционалды тұрақтылық,- өзін-өзі меңгере білу; - ұстамдылығы; - бағдарлау қабілеттілігі; - психикалық төзімділігі; - бір іс-әрекетті екіншісіне ауыстыра білуі және зейіннің көлемі мен шашырауы.

#### *Әдебиеттер:*

7. И.В.Равич-Щербо,Т.М.Марютина, Е.А.Григоренко. Психогенетика. -М. -2010. – с.256.
8. Равич - Щербо И.В. Исследование психогенетики человека //Вопросы психологии. – 2007. -№ 5.
9. Актуальные проблемы генетики поведения. / Под редак.Федорова В.К. Ленинград. - 2005.
10. Бочков Н.П. Генетические основы комплексного изучения человека. - М. – 2007.
11. Бегімқұл Б., Төлегенов С. Медициналық генетика негіздері: Оқулық.-Астана. – Фолиант. - 2008
12. Булаева К.Б. Генетические основы психофизиологии человека. – М. – 2011

*А.С.Боровикова*

*КГУ «Средняя многопрофильная школа № 37» отдела образования по г. Усть-Каменогорск управления образования ВКО.*

### **ДИНАМИКА РОДИТЕЛЬСКИХ УСТАНОВОК В ПРОГРАММЕ ПОЗИТИВНОГО РОДИТЕЛЬСТВА**

Не так давно в Казахстане встал вопрос о необходимости разработки системы обучения родителей ненасильственным методам воспитания детей. Речь идет о необходимости реформирования семейного законодательства, в том числе и регламентирующего древнейшие семейные правоотношения – родительские.

Действенным средством оказания помощи современной семье в воспитании детей, на мой взгляд видится создание системы родительского просвещения, которая позволит повысить педагогическую компетентность родителей, грамотно выстроить детско-родительские отношения, вернуться к традиционным ценностям семьи таким, как верность, любовь, честность, забота, доверие, ответственность, искренность, честь, достоинство, знание и уважение своей родословной. Ребенок в такой семье имеет больше возможностей вырасти добропорядочным семьянином с позитивной, осознанной,

ответственной родительской позицией, достойным гражданином своей страны. Важно произвести разъяснительную и просветительскую работу среди непосредственных участников правоотношений.

Лонгитюдные исследования стилей воспитания и развития детей, показывают, что требование от ребенка безусловной покорности, следование за мнением старших, приводит к снижению ответственности, неумению отвечать за свои поступки, принимать решения самостоятельно. Основная цель позитивного воспитания: человек, обладающий сильной волей, который правильно понимает свои желания, умеет ставить и добиваться цели, сотрудничая с другими людьми. Родители, использующие позитивное воспитание, способствуют тому, что дети вырастают добрыми, отзывчивыми, честными и справедливыми. Они придерживаются общепринятых правил не из-за страха наказания, а потому, что понимают их суть и важность.

Позитивное родительство, равно как и позитивное образовательное пространство, равно как и позитивное руководство образованием остро необходимы в современной школе, в обществе. Родители находятся под постоянным прессингом того, что они плохие родители, не достаточно делающие что-то для воспитания ребенка. Учителя находятся под прессингом того, что они плохие учителя и не делают что-то для воспитания детей. Руководители школ находятся под прессингом того, что в школах есть ошибки и недоработки. И дети находятся под прессингом того, что все взрослые, находящиеся под прессингом, пытаются исправлять плохое. Обычно это плохо получается.

Если бы с родителями обсуждали сильные стороны ребенка и достижения, если бы учителей оценивали по достижениям детей, то и дети бы развивали свои лучшие качества, а не сопротивлялись. [1]

Позитивная концепция воспитания появилась как раздел позитивной психологии (К. Роджерс, М.Селигман [2,3,4,5,6,7,8], М. Чиксентмихайи) [9,10]: «Цель позитивной психологии — приступить к катализации изменения фокуса психологии от поглощенности лишь тем, чтобы исправлять плохое в нашей жизни, к тому, чтобы строить позитивные качества».

Согласно исследованиям Б. Фридриксона, Центра Гэллапа, Центра позитивной психологии (*Positive Psychology Center, PPC*), Центра прикладной позитивной психологии (*Centre of Applied Positive Psychology, CAPP*), положительные эмоции делают восприятие мира человеком более открытым и позволяют исследовать и находить новые решения проблем. Кроме того, положительные эмоции делают человека более дружелюбным, а с увеличением количества друзей человек получает лучшие шансы эволюционного выживания.

Мартин Селиман выделил три важных тезиса, которые стали ключевыми в концепции родительского позитивного воспитания:

Положительные эмоции расширяют и развивают интеллектуальные, социальные и физические ресурсы ребенка, необходимые в дальнейшей жизни

Повышение уровня положительных эмоций у ребенка может привести к включению «восходящей спирали» и резкому улучшению способностей и самочувствия

Положительные черты не менее свойственны характеру ребенка, чем отрицательные

Лонгитюдные исследования стилей воспитания и развития детей, показывают, что требование от ребенка безусловной покорности, следование за мнением старших, приводит к снижению ответственности, неумению отвечать за свои поступки, принимать решения самостоятельно. Основная цель позитивного воспитания: человек, обладающий сильной волей, который правильно понимает свои желания, умеет ставить и добиваться цели, сотрудничая с другими людьми. Родители, использующие позитивное воспитание, способствуют тому, что дети вырастают добрыми, отзывчивыми, честными и справедливыми. Они придерживаются общепринятых правил не из-за страха наказания, а потому что понимают их суть и важность.

Позитивное родительство, равно как и позитивное образовательное пространство, равно как и позитивное руководство образованием остро необходимы в современной школе, в обществе. Родители находятся под постоянным прессингом того, что они плохие родители, не достаточно делающие что-то для воспитания ребенка. Учителя находятся под прессингом того, что они плохие учителя и не делают что-то для воспитания детей. Руководители школ находятся под прессингом того, что в школах есть ошибки и недоработки. И дети находятся под прессингом того, что все взрослые, находящиеся под прессингом, пытаются исправлять плохое. Обычно это плохо получается.

Если бы с родителями обсуждали сильные стороны ребенка и достижения, если бы учителей оценивали по достижениям детей, то и дети бы развивали свои лучшие качества, а не сопротивлялись.

Цель позитивного воспитания – способствовать развитию личности ребенка с опорой на его сильные стороны, строить надежные и хорошие отношения на основе любви и взаимоуважения.

Сегодня родительство рассматривается как процесс содействия прогрессивному развитию ребенка и достижению им автономии в доброжелательной, безопасной и психологически комфортной среде, создаваемой поведением родителя. Общество занимает достаточно активную позицию в отношении неэффективного или девиантного родительства, реализуя интервенцию (вмешательство) с целью компенсации неэффективного родительства. Временами такое вмешательство оказывается несвоевременным, неэффективным и даже разрушающим семейные связи и отношения. Примером может служить неадекватная деятельность отдельных органов системы ювенальной юстиции, реализуемая вопреки ценностно-целевым установкам ее создания как в нашей стране, так и за рубежом.

Основной целью родительства является обеспечение условий оптимального умственного и личностного развития ребенка. Родительство представляет собой длительный многолетний процесс развития системы компетенций в сфере воспитания ребенка. Родительское поведение изменяется по мере взросления ребенка и развития самого родителя. Родительство – процесс, реализуемый на протяжении долгого отрезка жизненного пути. На различных возрастных этапах для развития ребенка необходимы различные паттерны родительского поведения. Родительство представляет собой двусторонний процесс взаимодействия, в который и родитель, и ребенок вносят свой значимый вклад. Качество родительства определяет будущее психологическое благополучие обеих взаимодействующих сторон. Каждый человек потенциально может стать хорошим родителем, однако реализация этого потенциала зависит как от истории отношений в семье, так и от актуальных событий.

Основными составляющими родительства являются:

- забота (удовлетворение витальных, социальных, эмоциональных потребностей ребенка и защита от болезней, вредностей, ущерба, отвержения, насилия и пр.);
- контроль (определение и выстраивание границ поведения и деятельности);
- развитие (содействие в реализации потенциала ребенка в различных сферах) [11].

Эффективность родителя определяется такими характеристиками, как:

- знание, информированность, компетентность (в удовлетворении потребностей ребенка, потенциале и возможностях развития ребенка, интерпретации и понимании особенностей ключевых моментов поведения ребенка, осведомленность об источниках угрозы и факторах риска);
- мотивация (наличие потребностей, удовлетворение которых обуславливает поведение родителя);
- ресурсы (материальные и личностные);
- возможности (время и место для общения и взаимодействия с ребенком).

Кроме того, родители должны обладать умениями справляться с дистрессом, непослушанием, разрешать конфликты и устанавливать позитивные межличностные отношения.

Качество родительства определяется личностными особенностями самого родителя, личностными и индивидуальными особенностями ребенка, а также тем социальным контекстом, в котором осуществляется родительство – в первую очередь, характером супружеских и брачных отношений, социальными связями семьи и профессиональной занятостью родителей.

Ключевым условием эффективности родительства выступает взаимодействие родителя с ребенком, в котором сам ребенок оказывается активным участником и строителем детско-родительских межличностных отношений [12; 13]. Другими существенными условиями являются уровень психологического благополучия самих родителей, их опыт воспитания других детей и собственный опыт детско-родительских отношений.

Исследователи Бельский и Вондра [14] обозначили факторы, влияющие на качество родительства, выделив 3 основных сферы – психологические особенности родителя, психологические особенности ребенка, контекст. Со стороны родителя важнейшими факторами являются:

- *сензитивность* (чувствительность) родителя, включая чувствительность к возможностям ребенка, задачам развития и трудностям; способность к эмпатии, ориентация в воспитании; реалистичные ожидания и адекватная поддержка намерений ребенка;
- *психологическая зрелость родителя* (устойчивое Я, самооценка и интернальный локус контроля, удовлетворенность психологических потребностей, способность открыто и адекватно выражать свои чувства, умение передавать свой опыт, активные стратегии совладания с трудностями, понимание результатов своего поведения [15; 16];
- *психологическое здоровье*, включая теплоту, инициативность, естественность общения и взаимодействия с ребенком, стабильность и организованность образа жизни;
- *история собственного родительства*, включая опыт отношений со своими родителями [12; 17].

Со стороны ребенка такими факторами выступают физическое здоровье, благополучие развития, особенность темперамента (легкость темперамента для родителя, возможность установления и реализации родительского контроля).

Контекстные факторы – это поддержка, получаемая от партнера, социальных сетей, и совместимость профессиональной занятости с выполнением родительских функций.

Все перечисленные факторы действуют не изолированно, а взаимодействуют, усиливая, нивелируя, компенсируя друг друга и определяя в конечном итоге уровень родительской компетентности.

В настоящее время позитивное родительство признается во всем мире и лежит в основе рекомендаций Совета Европы, которые так объясняют важность поддержки позитивного родительства: «Родители хотят быть хорошими матерями и хорошими отцами для своих детей. При этом родительство, хотя может быть приятным и благодарным опытом, может быть также связано со стрессом. Большинство родителей оказывалось в ситуации, когда им нужна была помощь для преодоления стресса или для контроля над своими эмоциями, и для того, чтобы принимать повседневные решения. Есть также ряд родителей, которые нуждаются в особом подходе, потому что они воспитывают своих детей в сложных социальных, экономических или личных обстоятельствах. Это огромная ответственность – воспитывать детей и создавать условия, необходимые для полного развития их потенциала. Поэтому государственные органы власти должны создавать такие структуры и предлагать такие услуги, которые позволят родителям обучиться и применять на практике навыки позитивного родительства» [18].

### *Литература*

1. Hoghugh M., Long N. Handbook of Parenting: Theory and Research for Practice. 2004.
2. Селигман М. Новая позитивная психология. М.: София, 2006.

3. Seligman M. Positive psychology // J.A. Gillham (ed.). The science of optimism and hope: Research essays in honor of Martin E.P. Seligman. Philadelphia: Templeton Foundation Press, 2000. P. 415-429.
4. Seligman M.E.P. Authentic happiness: Using the new positive psychology to realize your potential for lasting fulfillment. N.Y.: Free Press, 2002.
5. Seligman M.E.P. Foreword: the past and future of positive psychology // C.M. Keyes, J. Haidt (eds). Flourishing: positive psychology and the life well-lived. Washington, DC: American Psychological Association, 2003. P. XI-XIX.
6. Seligman M. Flourish: A visionary new understanding of happiness and well-being. N.Y.: Free Press, 2011.
7. Seligman M.E.P., Csikszentmihalyi M. Positive psychology: An introduction // American Psychologist. 2000. 55. 1. 5-14.
8. Seligman M, Pawelski J.O. Positive psychology: FAQ's // Psychological Inquiry. 2003. 14. 2. 159-163.
9. Чиксентмихайи М. Поток: психология оптимального переживания. М.: Смысл; Альпина нон-фикшн, 2011
10. Csikszentmihalyi M, Nakamura J. Positive psychology: Where did it come from, where is it going? // K. Sheldon, T. Kashdan, M. Steger (eds). Designing positive psychology: Taking stock and moving forward. Oxford: Oxford University Press, 2011. P. 3-8.
11. Hoghughi M., Long N. Handbook of Parenting: Theory and Research for Practice. 2004.
12. Карабанова О. А. Психология семейных отношений и основы семейного консультирования. М., 2007.
13. Поскребышева Н. Н., Карабанова О. А. Исследование личностной автономии подростка в контексте социальной ситуации развития // Национальный психологический журнал. 2014. № 4 (16). С. 34-41.
14. Belsky J., Vondra J. Lessons from Child Abuse: the Determinants of Parenting // D. Cicchetti, V. Carlson (Eds.) Current Research and Theoretical Advances in Child Maltreatment. Cambridge, MA : Cambridge University Press, 1989. P. 153-202.
15. Васягина Н. Н. Субъектное становление матери в современном социокультурном пространстве России. Екатеринбург, 2013.
16. Захаров А. И. Психотерапия неврозов у детей и подростков. СПб., 2006.
17. Захарова Е. И. Представление о характере социальной роли, как средство ориентировки в ее исполнении // Культурно-историческая психология. 2012. № 4. С. 38-41.
18. <https://nra-russia.ru/news/2014/nyabr/pozitivnoe-roditelstvo-innovacionnye-texnologii-i-metody-v-sfere-detstvoberezeniya.html>

*Ұ.Б. Төлешова - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты*

*Н. Төкебай, Ә.Ө. Атахан, Ә.А. Бураханова - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенттері*

### **«КРЕАТИВТІ ОТБАСЫ» ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҒЫНАСЫ**

Отбасы - әлеуметтік институттардың белгілерін бойына сіңірген әлеуметтік жүйенің маңызды саласы. Отбасы – қоғамдық құрылымның шағын, ерекше үлгісі, сонымен қатар адамдардың өзара қары-қатынаста болатын тұрақты тобы, қоғамның алғашқы ұясы. Отбасы адам үшін алғашқы тәрбие беру институты, оны адам өмір бойы сезініп өтеді. Отбасы әлеуметтенудің маңызды факторы болып табылады да, онда адамгершілік негіздері бекітіледі, мінез-құлық нормалары қалыптасады, жеке адамның ішкі дүниесі мен жеке қасиеттері ашылады. Ол адам мен қоғамның қайта өзгеруінде шешуші рөл атқарады. А.С. Макаренко «Отбасы – адамның өте маңызды, аса жауапты ісі. Отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс –тіршілік әкеледі және әр Отбасы мемлекеттік мәні бар, зор іс болып

табылатындығын» дейді. Ю.В. Борисенконың айтуы бойынша, отбасы - «өмірлік мүдделерін білдіретін қоғамдастық құратын адамдардың (отбасы мүшелерінің) шағын тобы арасында моральдық, психологиялық, физиологиялық, тұрмыстық және әлеуметтік байланыстар көрінетін күрделі қоғамдық бірлестік». *Профессор К. Оразбекова «Отбасы дегеніміз – туысқандық байланыста болатын (күйеуі, әйелі, балалары, атасы, әжесі, т.б) бірлесіп, әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүретін адамдар» деген анықтама береді.*

С.И.Голод «отбасы феноменінде құрылымдық өріс ерлі-зайыптылар және ата – ана мен бала қатынасы» деп қарастырады. Отбасы балаға ықпал етеді, оны қоғамдық өмірге жетелейді. Отбасындағы ең басты іс-әрекет ол ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас. Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлға аралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды. Қарым-қатынас барысында екі не бірнеше психологиялық жүйе, рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар арасында келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады. Әр бір отбасылық іс-әрекеттер отбасының ынтымақтастығын арттырады. Әрбір отбасы өздеріне ұнамды креативтілік, шығармашылық іс – әрекеттермен айналысу қажет деп есептейміз. Ағылшын тілінде «*create*» жасау деген мағынаны білдіреді. Барлық кез-келген нәрсені жасауға болады, бірақ әрбір жасау үдерісін креативті деп атауға болмайды. Креативтілік өз мәні бойынша әрбір тәсіл сол немесе басқа дәрежеде нәтижеге жеткізетін өз міндеттерімізді жүзеге асырудың әр түрлі тәсілдерін ойлап табуды білдіреді.

*Креативтілік қабілеттілік* - адамның психикалық және жеке қасиеттерінің жиынтығы. Креативтілік процесте сезімталдық, синтездеу қабілеті, ұқсастық сезімі, түсіну, ойлау дивергенттілігі, ойдың еркіндігі мен еркін сөйлеу қабілеттілігі байқалады. Креативтіліктің бұл белгілері ғылымда да, өнерде де жиі кездеседі.

Е.С. Рапацевичтің психологиялық-педагогикалық сөздігінде *креативтілік* – ойлаудан, сезімдерден, қарым-қатынастан, әрекеттің жекелей түрлерінен байқалатын адамның шығармашылық мүмкіндіктері (қабілеттері); бұл әрекеттің регламенттелмеген жағдайларында көптеген әр түрлі бірегей идеяларды тудыру қабілеттілігі. Тар мағынасында креативтілік – бұл ерекшелігі әр түрлі бағыттылығы мен сол бір жағдайға қатысты дұрыс шешімдердің тең шамасында әр түрлі нәрсені іздеудің вариациялығы болып табылатын дивергентті ойлау. Кең мағынасында *креативтілік* – бұл шығармашыл интеллектуалды қабілеттіліктер, шығармашыл адамның тәжірибеге жаңа бір нәрсені енгізу қабілеті – деген анықтама беріледі.

Жас баланың дүниетанымын, қиялын, тілін дамыту үшін ата-ана және отбасының үйелмендері тәрбие тәсілдерін жан-жақты қолданады: балаға сан үйрету, тілін ширату үшін жаңылтпаштар үйретудің әдіс-тәсілдері, жеке тұлғаны өмірге бейімдеу (өзіне өзі қызмет етуді, «тіршілік жасауды» үйрету жолдары т.б.) тәжірибелер арқылы қалыптасады.

Жеке тұлғаның мейірімділігінен, қайырымдылығынан, қамқорлығынан, сүйіспеншілігінен, ынтымақтығынан, мақтанышынан пайда болатын *бұл ұлттық мінез* оның адами асыл қасиетін көрсетіп, беделін арттырады.

Отбасындағы әрбір тұлға бір – біріне бауырмашыл болады. Ағайындардың бір – біріне көрсеткен мейір – шапағаты олардың адамгершілік абыройын арттырады. Бауырмашыл жандар жанұяға жарқын нұрын төгіп, бейіл – берекені арттырады. Ағаның ініге, қарындасқа деген, әпкенің ініге деген, сіңліге деген бауырмашылдылығы күннің шуағындай әсер етіп, татулық татымын арттырып, бақыт бағына ендіреді. Бауырмашыл адам қайырымды болады. Ол жақын адамдарға әрқашан көмек көрсетіп, қиындығын бөлісіп, шаттығын бірге көреді. Үлкеннің кішіге деген қайырымдылығы кішінің мейір – шапағатын арттырады. Бауырмал адам үлкенге де, кішіге де, досқа да, жолдасқа да, жалпы адамзатқа қамқоршы болады. Ата – ананың балаға деген қамқорлығы, баланың ата –

анаға деген қамқорлығы қазақ халқында ұлттық тәрбие арқылы қасиетті әрекет ретінде қалыптасқан.

Отбасының әрбір мүшесінің бір – біріне деген сүйіспеншілігі «әкетайым», «анашым», «ағатайым», «әпкетайым», «айналайын», «алтыным», «күнім» деген сөздер арқылы әдіптілікпен әдемі сезіліп, бауырмашылдық мінезді қалыптастырады. М.Жұмабаев «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті, және әрбір ұлтың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» - деген болатын.

Т.М. Афанасьева өзінің «семья» деген еңбегінде: «балаға ата-ананың жеке басындағы қасиеттер толығымен керек болады, ақылы, шеберлігі, күші, мейірімі, көз әлпеті, дауыс ырғағы тіпті балаға әке-шешесінің иісі де қымбат әрі маңызды» – балаға ең қымбат әкешесінің мейірімділігі, жауапкершілігінің өзіндік ерекшелігі бар. Тіпті баланың мінез-құлқы да, отбасында ата-ана ықпалы мен психологиялық ахуал жағдайына байланысты қалыптасады. Мұның себебін психолог Н. Айғабылов былай түсіндіреді: «Бала мінезі көпшілік жағдайда әке-шешесінің мінезіне өте ұқсас келеді. Осы жағдайға қарап, кейбір ата-аналар мінез тума қасиетке ие емес пе екен деген ойға келеді. Бала мінезінің әкешесінің мінез ерекшеліктеріне ұқсас келуі біріншіден, отбасында барлығына ортақ жалпы жағдайдың әсер ететіндігі болса, екіншіден, баланың ересек кісілерге еліктеуінен болады». Бала тәрбиесі – отбасының жүйелі түрде жүргізген жұмысының нәтижесі. Өйткені, баланың уақтысын дұрыс ұйымдастыра білу, оның мектепте алған тәлім-тәрбиесінің қалыптасып, отбасында жалғасын табуы бәріде ата-ананың басшылығы арқылы жүзеге асады. Олай болса креативтілік іс-әрекеттерді жасау арқылы әрбір отбасы мүшелері бос уақыттарын тиімді ұйымдастырып, отбасылық жағдайды жасап, отбасылық ахуалды сақтап, отбасының экономикасын жақсарта алады. Сонымен қатар бірлік, ынтымақтастық, сыйластық, құрмет т.б. адамгершілік құндылық отбасы мүшелері іске асыру қажет.

#### **Әдебиеттер:**

1. Андреева Т.В. Семейная психология. – СПб, 2004
2. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы, 1966.
3. Трапезникова Т. М. Этика и психология семейных отношений. Л., 1988.
4. Таубаева Ш.Т., Булатбаева А.Ә., Шошабаева С.Е. Болашақ әлеуметтік педагогтардың креативтілігін дамыту // . – Қазақстан ПҒА Хабаршысы, №2, 2015. – Б. 47-51.
5. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности.: СПб.: Питер, 2009. – 434 с.

*Р.Б. Абдрахманова*

*психол.ғыл.кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Педагогика және психология кафедрасының доценті*

*Г.М.Бідібай - ҚазҰПУ-дың «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты*

## **СТУДЕНТ ЖАСТАРДА КЕЗДЕСЕТІН АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ**

Қазіргі заманғы адамзат мәселелерінің бірі жастар арасында түрлі тәуелділіктің артуы. Психологтар бүгінгі күнгі адамдардың – жас баладан бастап, ересектерге дейін компьютерге тәуелді болып отырғанына куә болып отыр. Бұл адам санасын ғаламтор жаулап жатыр дегенді білдіреді.



Қазіргі қоғамда адамдар арасында, әсіресе жастар ортасында, аддиктивті мінезқұлықтардың таралуы әзекті мәселелердің бірі болып табылады. Аддиктивті мінезқұлық – интенсивті эмоциялардың дамуымен, кейбір психобелсенді заттардың немесе тұрақты сыртқы ортаның ықпалының әсерінен шынайы өмірден бас тартумен сипатталатын деструктивті мінез-құлық. Бұл процестің адамды баурап алатындығы соншалық, оның өмірін басқаруға кәшеді. Адамдар өз сезімдерінің алдында әлсіз қалыпқа түседі. Ол адамның өмір шартының бұзылуына, отбасылық жанжалдардың туындауына, туыстары мен жақындарын жоғалтуына, күрделі эмоционалдық жағдайға тап болуына, стереотиптер мен әдеттердің күрт өзгеруіне алып келеді.

Адамзат қоғамында түрлі сипаттағы девиантты жүріс-тұрыстардың көптеп таралуы мұны ғылыми тұрғыда талдап, биологиялық, медициналық және әлеуметтік жағынан қарастыруды талап етті. Адам санасын түгел жаулап алушы түрлі заттарға тәуелділіктер мен құштарлықтар ғылыми атуға ие болып, көптеген ғалымдар тарапынан зерттеу объектілеріне айнала бастады. Мұндай психикалық тәуелділіктерге мысал ретінде маскүнемдік, нашақорлық, токсикамия, анероксия, булемия, клептомания құбылыстарын атауға болады.

Клептомания – тәуелді мінез - құлық формасы, науқастық жағдай. Клептомания атауы грек тілінен аударғанда «klepto» - ұрлау, «mania» - ақылсыздық деген мағынаны білдіреді. Ұрлауды жаны қалап тұратын, бір демде пайда болатын дертті құмарлық. Жүйкесі тұрақсыз, қай кезде болары белгісіз тітіренушілік-торығушылық кәңіл-күйдегі адамдарда кездеседі. Ұрлыққа бейсаналы, мотивацияланбаған ұмтылу психиатр ғалымдарға бұрыннан белгілі. Олардың пайымдауынша, клептомандар ұрлық кезінде рахатқа бәленеді. Клептомандарда ұрлық жасау әзінің психологиялық мәселелерін шешудің жолы немесе басқалардың есебінен баюдың тәсілі емес [1].

Клептоман үшін эмоционалдық тәуелділіктің агенті және ішкі қысым мен дискомфорттан арылу жолы болып табылатын, ерекше психо-эмоционалды комплекске ие ұрлықтың әзі маңызды. Ұрланған заттар олар үшін қажетсіз болып табылады. Олар оны тек жинайды. Аурудың шынайы себебі терең сананың түбіне жасырынған, әдетте балалық шақта қалыптасады. Клептомания – бұл импульсивті пайда болатын ұрлық жасауға деген патологиялық құштарлық. Ал ұрлық – алдын ала жоспарланған, материалдық құндылықтарды иемденуге бағытталған әрекет. Клептоманиялық ұрлық материалдық пайданы кәздемейді. Бірақ сол қызбалық жеңе алмайтындай дәрежеде, ұрлық барысында клептоман қанағаттанушылықты сезінеді. Кейінгі жағдайда фрустрацияға бой алдырып, ұят пен әзінәзі кінәлау сезімі қалыптасады. Клептомания мен ұрлықты салыстыра отырып, ұры адам үшін нәтиже, ал клептоман үшін сол бір процесс маңызды деген қорытынды жасауға болады. Аурулардың халықаралық классификациясында клептоманияға патологиялық ұрлық ретінде F63.2 шифры берілген. Клептоманияның негізгі ерекшелігі кезеңдік түрде субъектіде туындайтын материалдық құндылық болып саналмайтын, жеңілмейтін импульс. Ұрланған заттар тасталады, жасырын түрде иесіне қайтарылады немесе таса жерде ұстайды. /1, 356/

Студенттердің түрлі психологиялық тәуелділіктері олардың өз бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыра білмеуден, ата-ана назарының аздығынан және т.б. туындайды.

Аддиктивті мінез-құлық (addictive behavior) – психологиялық күйді өзгертетін түрлі заттарды, соның ішінде алкоголь мен темекі шегу, оларға деген тәуелділік пайда болғанға дейін теріс қолдану. Аддиктивті мінез-құлық шығуына отбасы негізгі орын алады. А.Фрейд, Д.Винникота, М.Балинта, М.Кляйн, Б.Спока, М.Маллер, Р.Спиц еңбектерінде бала дамуына кері әсер ететін анасының баласын түсінбеуі мен қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауы екенін көрсеткен Тәуелді мінез- құлық өзіндік ауқымды әлеуметтік мәселені тудырады. Өйткені бұл формада мынандай негативті жағдайға ұшырайды: еңбекке жарамдығын жоғалтады, ортасымен жиі конфликтіге түсуі, қылмыс жасауы. Ежелден әр түрлі тәуелді мінезқұлық формаларын жат әдеттерге жатқызған, мысалға: алкоголизм, мөлшерден тыс тамақтану, азарттық ойындар және т.б. жатады [2].

Қазіргі медицинада кеңінен қолданылатын патологиялық әдеттер термині бар, белгілі бір затты қолданылуша шектен тыс тәуелді немесе аддиктивті мінез-құлық таныту (ағылшын тілінен аударғанда addiction-бейім, теріс қылық деген мағынаны білдіреді).

Аддиктивті мінез-құлық тұлғаның девиантты мінезінің бір түрі.

Қазіргі кезде тәуелділіктің мынандай түрлері кеі тараған:

1. Интернет-тәуелділік;
2. Психоактивті заттарға тәуелділік.
3. Алкоголге тәуелділік
4. Нашакорлық
5. Тамақсаулық.
5. Әртүрлі ойындарға тәуелділік;
6. Жыныстық қатынастардағы бейсауаттық.
7. Діни бағыттарға тәуелділік

Тізбектелген объектілерден келесі тәуелді мінез-құлық формалары көрсетіледі: - химиялық тәуелділік (темекі шегу, таксикомания, анаша шегу, дәрі- дәрмек, аракқа құмарлық); - тамақтанудың бұзылуы (мөлшерден артық тамақтану, аш болу, тамақтан бас тарту); - гэмблинг-ойынға тәуелділік (компьютерге тәуелділік, азартты ойындарға құмарлық); - сексуалды аддикция (зоофилия, фетишизм, пигмалионизм, трансвестизм, эксбиционизм, вуайеризм, некрофилия, садомазохизм); - діни деструктивті мінез-құлық (религиоздық фанатизм, сектаға бару); - заманның өзгеруіне байланысты тәуелді мінез-құлқының жаңа бір формалары етек алуда: бүгінгі күні компьютерлік тәуелділік кең жайылууда.

Тәуелділік, жалпы алғанда, өмірдің басқа салаларына қанағаттанбауды білдіреді. Адамды қоғамдық өмірден басқа белсенділіктен алыстатып, шын өмірді ұмыттырады. Интернет пен компьютерге тәуелді адамдар интернет қолданбайтын адамдардың қасында өздерін мазасыз сезіне бастайды.

Кейбір жастар әрдайым интернетті немесе компьютер ойынын ойлап, проблемаларды ұмыту үшін немесе көңіл-күйлері нашар болғанда компьютердің басына отырады. Бұл үшін көп ақша жұмсаулары да мүмкін. Ұйқылары бұзылып күндіз бен түні ауысып кетеді. Ұйқысыздықтан денсаулық проблемалары, ұмытшақтық пайда болады.

Интернет тәуелділігінің карта ойындарындағы құмарлыққа ұқсас жақтары көп болады. Бір ғана маңызды айырмашылығы материалдық шығының болмауы. Сонымен қатар, интернет арқылы, материалдық зиянға ұшыраған адамдар да баршылық. Интернет дүние жүзінің қай жерінде не болып жатқанын білу, қажетті мағлұматты керек уақытта алу және біздің қолымыздағы мағлұматтың басқа жерге жетуін қамтамасыз етеді. Бұл шынымен де үлкен жеңілдік және бұл жеңілдікті адамдар барынша көп пайдалануда. Бұл құралдарды мағлұмат алу және ойын-сауық үшін қолдану да тәуелділікке әкеліп соғуы мүмкін.

Тәуелді адамдардың интернетке кіру немесе компьютер ойындарын ойнау әдеті күнделікті өмірін ұмыттыратындай дәрежеге дейін жетеді. Адам көп уақытын компьютермен өткізіп, компьютер қолданбаған кезде мазасызданады, оны сағынып, бұл істі тастау немесе азайту шаралары нәтижесіз болып шығады. Бір мезгіл ойын ойнамаса, немесе аз ойнаса, бәрібір ойнауды арттырады. Аддиктивті әрекет–қылықтың белгілі бір түрі бола отырып, интернет тәуелділік өз эмоционалды–психикалық көңіл–күйін трансформациялау әдісі арқылы күнделікті өмірден кетуге деген бағыттылықпен сипатталады. Бұл сәтте адам тек өз жұмыстарын артқа қарай итермей, сондай–ақ оның психикасының жұмысы бәсеңдейді, кейде дербес жеке тұлғалық дамуы тоқтатылады. Адамдар өз өмірінің түрлі проблемаларын шешуден құтылғандай болады. Ресей психологтарының мәліметтері бойынша компьютерлік ойын ойнайтын адамдардың 10-14% оған тәуелді болады екен. Бұл тәуелділік кез–келген шақта пайда болуы мүмкін, алайда жеткіншектер оған әлде қайда бейімдірек болып табылады. Негізінде барлық тәуелділіктердің сипаттамалары ұқсас. Егер есірткіге тәуелді бала күндерге арналған

дозаны іздейтін болса, онда бала бір сағат бойы компьютерге отыруға мүмкіндік берсе, шыдамсыз күте алады.

Қазіргі уақытта бала жиі орын таба алмайды, басқа ештеңе жасай алмайды, үйге немесе пәтерге барады. Бұл мәселені шешу керек деп айтуға болады, әйтпесе теріс салдар болуы мүмкін.

«Компьютерлік тәуелділік» термині өте жас, 1990 ж. компьютерлік индустрия белсенді түрде дами бастаған кезде пайда болды. Ол осы машинасыз өмір сүре алмайтын адамның күйін анықтайды, оның бос уақытын монитордың алдында өткізеді. Дегенмен, сол уақыттан бері тәуелділіктің өзі біршама өзгерді және жаңа элементтер мен формаларды сатып алды, бірліктер емес, әр түрлі жастағы көптеген адамдарға айналады. Отбасы үшін ең бір елеулі мәселе ата-ананың эмоционалды ауытқушылықтары, олар алекситимиямен немесе ата-ананың сезімін сөзімен жеткізе алмауы. Бала оны тек «жұқтырмайды», ол ата-анасынан өзінің сезімін жасыруды үйренеді, оны жоқ деп есептейді. Әр жастағылардың арасындағы шекараның болмауы, отбасы мүшелерінің бір-біріне тәуелділігі, гиперстимуляция-тағы бір негативті фактор. Отбасы тәуелді мінез-құлқының қалыптасуына ғана емес, соны ұстап тұруына да ролін көрсетеді. Сонымен қатар бір отбасындағы балалар әртүрлі мінез-құлықтарды көрсете алады. Егер ата-анасы алкогольді қолданатын болса, балада ондай тәуекелділік болмауы мүмкін. Яғни индивидуалды тұлға ерекшеліктері де ерекше орын алады [3].

Тәуелділік мінез-құлқы индивидуалды жыныстық айырмашылықтарына да қарай болады. Мысалы, тамақтану аддикциясы әйелдерде, ал гэмблинг ер адамдарда көбіне кездеседі. Тәрбиесі қиын балаларды тудыратын себептердің бірі–балаларын оқытуда, тәрбиелеуде ата-аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы бала мінезінде мейірімсіздікті, яғни қатыгездікті, дөректілікті, өзімшілдікті туғызады. Екінші себеп – бұл үйдегі сәтсіздік, маскүнемдік, ұрыс-төбелес, ұрлық, ата-аналарының және басқа отбасы мүшелерінің жеңілтек мінез-құлқы, ал бәрінен жаманы – ажырасу, неке бұзу. Егер әке маскүнем болса, мектеп жасына дейінгі балалар жүйке ауруынан, жиі қояншық ұстамадан (эпилепсия) азап шегеді, олардың ақыл-ойы баяу дамиды. Мұндай балалар енжар, тынымсыз, ашушаң келеді. Әрбір ата-ана азғындыққа түспеу үшін күш қабілетін пайдаланып, балаларға мейірімді өнеге мән әсер етуі керек. Үшінші себеп–ұл балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылады. Кейбір отбасы баланың ішкі дүниесін, тілектерін, ойларын, қайғысын қоршаған орта қатынасын жете біле бермейді. Төртінші себеп–бұл сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарындағы олқылықтары мен кемшіліктері. Тәрбиесі қиын балалар жөнінде сынып жетекшілерінің іс-әрекеті көпшілік жағдайда кейбір жұмыстармен ғана шектеледі. Олар: әңгіе, сынып және студенттар жиналыстарында талқылау, студенттердің ата – аналарын мектепке шақыру. Мұндай жалпы және қарапайым жұмыстар бойынша тәрбиесі қиын балаларды жан – жақты білу мүмкін емес.

В.Г.Степанов пен В.А.Крутецкий мінез–құлықтағы қиындық мәселесін қарастыра келе, студенттерді екі қатарға бөледі.

Бірінші қатарға адамгершілік дамуында және мінез–құлқында, шамамен алғанда өте үлкен емес ауытқушылықтары бар студенттерді жатқызады, олар–тәртіпсіз, жалқау, қыңыр, дөрекі, өтірікші балалар. Тәртіптілік өзіне және басқаларға деген жоғарғы талап қоюшылық, киімдегі тазалық және жинақтылық сияқты және т.б. көрсеткіштерден айқындалады. Тәртіпті емес мінез – құлықты осыған қарама – қарсы көрсеткіштерден: жұмыстан жалтарып кетуге тырысу, берілген тапсырманы орындамау, адал еместік, өзінің жеке қызығушылықтарын достарының арасында жүзеге асыруға тырысу, үнемі тәртіпті бұзуынан және т.б. байқалады.

Екінші қатарға жеке акцентуациясында және мінез–құлқында қиындығы бар балаларды жатқызады. Тәуелділік мінез-құлқы кейде тұқымқуалаушылыққа да байланысты болады. Маскүнемділікпен ауыратын отбасының балалары көбіне сол жолды таңдайды. Бірақ, кейде алкогольді қолданатын ата-анасы бар балалар анашаны ерте жасынан қолдана бастайды.

Отбасы мүшелерінің тәуелділік мінез –құлқы уақыт өте келе тәуелділік қалпының өзімен күреске түседі. Өйткені, тәуелділік кезінде тұлғаның негативті өзгерістерге ұшырауы, мінез-құлқының бұзылуына әкеледі.

Сондықтан әртүрлі тәуелділік мәселелеріне ең алдымен отбасылық тәрбиені дұрыс бермеген ата-аналар кінәлі. Тәуелділік (аддиктивті) мінез-құлқының концептуалды модельдеріне жататындары: 1) Моральді модель (теріс қылықтарды күнә деп санайды); 2) Ауру моделі (аддиктивтілік ауру болып саналады, оған арнайы маман көмек көрсетеді) 3) Симптоматикалық модель (аддиктивті мінез-құлықты жеке мінез-құлықтың «симптомдары» немесе әдет деп қарастырады); 4) Психоаналитикалық модель (жекелік динамиканың бұзылуы деп көрсетеді); 5) Жеке-жүйелік модель (тәуелділік мінез-құлық дисфункционалдылығы, тұлғаның ерекше қатынасындағы жүйелердің бұзылуы); 6) Биопсихосоциалды модель («әлеумет-тұлға-ағза» жүйесінің бұзылуы ретінде көрінеді) [4].

Сонымен студенттердің аддиктивті, яғни тәуелді мінез-құлықтарының қалыптасуы түрлі байланысты. Мінез-құлқына қарай адамдар төрт топқа бөлінеді: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик, сангвиник пен холериктер күшті, ал меланхолик пен флегматиктер болса әлсіз топтағы адамдарға жатады. Сол себептен меланхоликтер мен флегматиктер маскүнемдікке тезірек салынады және олардың бұл дерттен айығулары да өте қиынға соғады. Ал сангвиниктер мен холериктердің аналарға қарағанда ерік-жігерлері мықтырақ. Бірақ, әрине, өзін өзі бақыламай жиі ішсе, тіптен өз күштеріне сенімді, жинақы, ешкімнің ықпалына беріле қоймайтын жігерлі адамдардың өздері де арақтың торына түсіп, маскүнемдік қасіретіне қалай шалдыққандарын сезбей де қалады. Алкоголь, әсіресе, жас жеткіншектердің жүйке жүйелеріне өте зиянды. Олардың өте нәзік және сезімтал жүйке жасушалары арақ-шараптың азғантай мөлшерінен-ақ уланып қалады.

Осылайша, қазіргі кезде студенттер арасында әртүрлі аддиктивті мінез-құлықтың байқалып отырғанын көруге болады. Әсіресе осы күнде ғаламторға тәуелділік кең жайылуда. Бұл студент жастардың өз эмоционалды–психикалық көңіл–күйін трансформациялау әдісі арқылы күнделікті өмірден кетуге бағыттылықпен, өздерін қызықтыратын түрлі бейнелер мен ақпараттардан тәуелділікпен сипатталатын жағымсыз құбылыс. Себебі оның салдарынан жастар шынайы белсенді іс-әрекетпен шұғылдануды қойып, виртуалды әлемде өмір сүруге бет алуда. Сондықтан осындай аддиктивті мінез-құлықтың алдын-алу және оған төзімділікті қалыптастыру шараларын іздестіру психологтар мен педагогтардың, сондай-ақ ғалымдардың басты міндеттеріне айналып отыр.

#### **Әдебиеттер:**

1. Короленко Ц. П. Аддиктивное поведение. Общая характеристика и закономерности развития. — Обозр. психиат. и мед. психол. 1991/1. С. 8–15.
2. Балалар мен жастардың теле- және ғаламтор тәуелділігі // <https://edu.mcfk.kz/article/1566-qqq-15-m2-11-02-2015-balalar-men-jassprmderd-tele--jne-alamtor-tueldlg>
3. Сангибалаева А. «Компьютерная зависимость как фактор аддиктивного поведения подростка» // Мектептегі психология 2011 № 2(32)
4. Николаева А. Е. Особенности аддиктивного поведения подростков // Молодой ученый. — 2017. — №13. — С. 585-587. — URL <https://moluch.ru/archive/147/41327>

*М.А. Қуанәлі*  
*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,*  
*Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының аға оқытушысы,*  
*психология магистрі, Алматы қ.,*  
*Р.А. Қуаналиева*  
*МКҚК бойынша Іле ауданы Боролдай кенті әкімінің аппараты ММ-ның “Әдемі”*  
*санаторлық топтарымен бөбекжай-балабақшасы*  
*«Еркетай» ересектер тобының тәрбиешісі,*

## **МОНТЕССОРИ ЖӘНЕ СЕНСОРЛЫ БӨЛМЕЛЕРІНІҢ БАЛАНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ**

Сенсорлы бөлме - бұл дамуында әртүрлі ауытқушылықтары бар үлкендер мен балаларға қажетті арнайы жабдықталған бөлме және де дені сау адамдардың өмірлік сапасын жақсарту үшін де қолданылады.

Сенсорлы бөлме - бұл ерекше түрде ұйымдастырылған қоршаған орта : ол көру, есту, сипап сезу, иіс сезу органдарына және вестибулярлы рецепторларға әсер ететін әртүрлі түрдегі көптеген стимуляторлардан тұрады. Сенсорлы бөлмені толық түсіну үшін көз алдымызға мына жағымды әсерлерді сезінуіміз керек. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, Сіз белгісіз әлемге ашылатын есіктің алдында тұрсыз. Сіз шаршап шалдыққансыз, сіздің бұлшықеттеріңізге салмақ түскен және сіздің өміріңіз мәнсіз, барлық оқиғалар тығырыққа тірелгендей , бәрі бітті. Тағы бір сәт- сіз қолыңызды созып есікті ашасыз. Бұл не ? Сіздің алдыңызда жалтыраған жұлдызды кілемше тұр. Сіз сақтанып тұрып бір қадам аттайсыз , сол сәтте сіздің үстіңізге жоғарыдан түстері әртүрлі сел жауа бастайды: мыңдаған жұлдызды тамшылар сіздің бетіңізге тамшылап, қолыңыз және бүкіл денеңізді бойлап аяғыңызға дейін ағады. Сіз сенсорлы жолды бойлап биік колоннаға қарай жүресіз, оның ішінде әртүрлі түстегі кемпірқосақтар мен көпіршіктер бұрқылдап жатыр. Бұл айналымның ішінде түрлі –түсті балықтар жоғары – төмен секіріп жүр...

Сіздің дем алысыңыз жеңіл, бұл жұмсақ жарықпен толтырылған сиқырлы бөлмедегі ауа жайлы әрі ылғалды және ерекше тыныштандыратын хош иістерге толы. Сіз түйіршіктері бар пуфик –креслоның үстіне жаймен отырасыз және сіз оның денеңіздің қалпын қалай қабылдағанын сезесіз. Ақырын естілетін музыка үні шығады. Сіз көзіңізді жұмасыз . Осы сәтте сіз өзіңізді керемет жақсы сезінесіз. Барлық үрей мен қорқыныш сезімдері мүлдем жойылады , олардың орнын толықтай жайлы тыныштық сезімі басады. Сіздің денеңіз босаңсып жатыр.

Сенсорлы бөлменің қандай екенін түсіндіру үшін ,біз өзіміздің дипломдық жұмысымызды осы бір қысқаша сипаттау түріндегі фрагменттен бастадық.

Сенсорлы бөлмені қолдану адамның психикасын түсінудің интегральді теориясына негізделеді - гуманистік психологияға ( 60-шы жылдары Маслоу, Роджерс және Фром негізін салған ). Бұл теорияның акценті « адамның ішкі натурасын қолдауға және дамытуға » қойылады,

оны басуға емес. Адамдар психологиясы және іс - әрекетінің негативті және бұзушы аспектілері адамның шынайы натурасының бөлігі болып табылмайды, ол тек өзіндік « Менін » дамытуға кедергі келтіретін шектеулер мен кедергілерге деген фрустрация реакциясы болып табылады. Адамның ішкі табиғаты өзін жүзеге асыруға , өзін - өзі жетілдіруге физикалық және психологиялық денсаулыққа жетуге ұмтылады. Өзін - өзі жүзеге асыру және жетілдіру тенденциясы нейтральді әрекет етуші клиенттің өзі болып табылатын психотерапия үшін база болып табылады. Егер бұл тенденцияға қарсы келмей оны қолдап және ынталандырып отырса, онда ол адамның өмірінің ақырына дейін жолдау болар еді. Өзіндік « Меннің » дамуына үнемі сырқы факторлар кедергі келтіреді. Қоршаған орта адамға үнемі бағалау және

күтуді байлап қояды, сондықтан Л.С. Выготский (1932 жылы) жоғары психикалық функциялардың қалыптасу және даму негізінде сыртқы әлемнің ішкі әлемге интеграциялануында күрделі процесс жатқандығына көңіл бөлді.

Біз сыртқы әлемді және ішкі дүниеімізде болып жатқан оқиғаларды сезім органдарының көмегімен қабылдаймыз. Осы органдардың әрқайсысы сырқы ортаны әсеріне тітіркеніп және орталық жүйке жүйеге өз ақпаратын жеткізеді. Сенсорлы ағым орталық жүйке жүйесіне ақпаратты жеткізе отырып, баланың миының жетілуін қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады және іс-әрекеттің, психикалық дамуын алдын-ала анықтайды. Ми базалық органдардың стимуляциясы арқылы белсендіріледі- көру, есту, иіс сезу, сипап сезу, вестибулярлі және басқа рецепторлар. Кейбір ауруларды, мысалы: ДЦП кезінде, есту және көру бұзылыстарында сенсорлы ағым депривацияға ұшыраған. Бұндай адамдар қосымша сенсорлы стимуляцияны қажетсінеді, оны әртүрлі типтегі стимуляторлармен қамтылған сенсорлы бөлмеде жүзеге асыру қолайлы.

Бұдан басқа, сенсорлы қабылдау үнемі эмоциональді сипатын қосады, оны бірнеше сөздер жұбымен білдіруге болады: жағымды – жағымсыз, қолайлы – қолайсыз, керемет – сиқынсыз. Сенсорлы бөлмеде адамның бойында жағымды эмоция тудыратын жағдайлар жасалған. Сенсорлы бөлмеде әртүрлі элементтердің көмегімен жайлылықты және қауіпсіздікті сезінуге болады. Бұл орта маманмен клиенттің арасында жылдам жылы қатынас орнатуға көмегін тигізеді. Бөлмедегі түстердің үйлесімділігі, жұмсақ жайлы орындар, жағымды хош иістер, бәсең жағымды әуен-бұның бәрі тыныштықты, жайлылықты сезінуге септігін тигізеді. Сенсорлы бөлме бұл бәрінен бұрын адамның сенсорлы қабылдауына әсер ететін және соның ішінде тыныштықты, қауіпсіздікті сезінуге жағдай туғызатын көптеген әртүрлі құрал – жабдықтардан тұрады.

Сенсорлы бөлме - психологиялық аурулардың категорияларын релаксацияға бағыттайды, ол сауықтыруға өте маңызды қосымша жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Сенсорлы бөлмеде үйлесімді ұйымдастырылған жұмыс, психологпен дефектологтар үшін тездетілген нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Сенсор бөлмелер сауықтыруға, белсендіруге, көрермен – моторлы үйлестігін дамытуға және жалпы моториканы дамытуға бағытталған.

Түрлі – түсті қозғалушы жарықтарының, музыка ырғағымен ароматерапияның жағымды иісі, ашушандыққа комплексті әсер етіп, сақталған көрумен естудің қалдықтарын дамытуға және жаттықтыруға жағдай жасайды. Балалармен жұмыс жасайтын мамандар: педагог, психолог, логопедтер үшін сенсорлы бөлме жаңа мүмкіншіліктің есігін ашып берді. Клиентпен байланысты жылдам орнату мүмкіндігі - сенсорлы бөлменің алғы шарты болып табылады.

Сенсорлы бөлмелерді медициналық және психологиялық тәжірибелерде қолданады, өз жұмыстарында әртүрлі мамандар да қолданады ( дәрігерлер, логопедтер, психологтар, коррекционды педагогтар) және олар келесі тапсырмаларды шешуге арналған :

- сенсорлы стимуляция негізінде оқыту;
- психотерапия;
- әлеуметтік беуімделу ( мысалға: аутизмі бар балалар);
- бұлшықеттік және психоэмоциональді күшті түсіру және ішкі жан дүниесінде үйлесімділігін жетілдіру;
- жүйке жүйесінің әртүрлі функцияларының белсендірілуі;
- әлсіреген сенсорлы функциялардың стимуляциялануы ( көру, иіс сезу , есту т. б);
- қозғалыстық функциялардың дамуы;
- жағымды эмоциональды фонды туғызу, басқа да емдік процедураларды өткізу үшін мотивацияны күшейту;

Білім беру мекемелерінде : оңалту орталықтарында, коррекциондық кабинеттерде , арнайы типтегі мектептік және мектепке дейінгі ұйымдарда Сенсорлы бөлме мыналар үшін қолданылады:

- танымдық іс-әрекеттерді түзету және дамыту;
- ойын іс -әрекеттерін түзету;
- зейін өнімділігін, эмоцияны, сөздік және вербальді емес қарым-қатынасты дамыту;
- балалардың өмірлік тәжірибесін кеңейту, олардың сезімдік әлемін қоректендіру;
- баланың барлық сезім органдарын релаксациялау;
- ароматерапия;
- сенсорлы мүмкіндіктерді дамыту;
- эмоциональді , сөздік, әлеуметтік дамуды стимуляциялауда;
- тұлғаның психопатологиялық дамуының, іс -әрекетінің аномалиясының , әлеуметтік дезадаптациясының алдын-алуында;
- отбасылық психотерапия.

Сенсорлы бөлмедегі сеантар сау адамдарда психоэмоциональді күшті түсіру үшін және балалар үшін дамытушылық ойындар ретінде қолданылады.Сенсорлы бөлмедегі оңалту курстарына сеанс жаттығуларын қосу көрсеткіштері келесідей болады:

Балалар үшін:

- 1.Әртүрлі психоневрологиялық мәселелерде;
  - невроздар және невроз тәріздес күйлер;
  - тұтығуы бар орталық жүйке жүйесінің резидуальді органикалық зақымдалуында,
  - аутизм;
  - бейімделудегі қиындықтар;
  - мектептік мәселелер;
  - отбасылық психокоррекцияны өткізу қажеттілігі;
- 2.Баланың церебральді сал ауруының ( ДЦП) .т.б. барлық түрлерінде.
- 3.Басқа этиологияның қозғалыстық бұзылуы.
- 4.Көруінің, естуінің, сөйлеуінің бұзылуы.

Ақыл - ойының тереңінен артта қалуында, инфекцияндық ауруларда Сенсорлы бөлмелерде сеанстар өткізуге болмайды. Кей жағдайда эпилептикалық талма аурулары бар клиенттерге қолданылмайды,бірақ тек түзету жаттығулары қолданылады. Неврологиялық бұзылыстары бар адамдармен жұмыс жасауда невропатологтың арнайы нұсқауларын ескеру қажет. Нұсқау болғанның өзінде жарық құрылғылары және ритмикалық әуенді баланың күйінің нашарлауын болдырмау үшін қолданбайды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Богданов О.В. «Методические рекомендации по проведению комплекса лечебно – восстановительных и реабилитационных мероприятий в Сенсорной комнате».
2. Хасанов Р.Ш, Хабибуллин Р.М, Карасева Л.В, Закирзянова Г.И. «Опыт применения Сенсорной комнаты в условиях республиканского детского сурдологического центра».

*М.А.Қуанәлі*  
*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,*  
*Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының аға оқытушысы,*  
*психология магистрі*

## **ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ КРЕАТИВТІЛІК САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қазіргі кезде мамандықтардың басым көпшілігі бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті қажет етеді.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар — адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Шығармашыл оқытушы студенттердің өзіне деген сенімін арттырып және іс-әрекетін демеп, қабілетін дамытып, шығармашылық жұмысының бастамасын дамытуға жағдай туғызатын негізгі тұлға болып табылады. Жалпы педагогикалық процесте шығармашылық мәселесі маңызды орын алады. Озат ұстаз тұлғалардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің жаңа түрлерін іздей отырып, өзі шығармашылықты тұлға болып дамиды.

Еліміздің болашақ, елеулі азаматын, кәсіби шығармашылық тұрғыда жан-жақты жетілген жеке адамды даярлауда мектеп кезіндегі оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың алатын орны ерекше екендігі даусыз. Сондықтан бала бойындағы шығармашылық қабілеттің жандануына жол ашу, жағдай жасау керектігі жайында ғұлама психолог-педагог ғалымдардың еңбектерінде ерте кезден-ақ баяндалып жүр.

Ұлы ойшыл Абай «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де — ақымақтық» дегенде айтпағы, озық ойлы адамның басқалардан жоғары тұратындығы екендігі. Тек мұндай ойшыл адам өздігінен қалыптаса алмайды. Оның танымдық қажеттілігін сусындатып орта болғанда ғана адамның ізденісінде мән бола бастайды.

Көрнекі педагогтар К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдары қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген Мағжан Жұмабаев болатын. Ол: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиіс», — деп қазақ баласының бойындағы шығармашыл тұлғаға сай қасиеттерді атап өтеді.

Бұл мәселе белгілі психологтар мен ғалымдар Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, В.А.Сластенин, А.В.Крутецкий, Ю.Л.Львова, республикамыздағы танымал ғалымдар М.М.Мұқанов, Н.Д.Хмель, С.В.Илларионов еңбектерінің өзегі болып табылады.

Шығармашылық мәселені белгілі тәсілдермен шешуге болмайтын жағдайда туындайды. Шығармашылық, яғни жаңа тапқыр шешім қабылдауға әкелетін әрекет, — әр түрлі деңгейде, бірнеше кезеңдерден тұратын күрделі психологиялық үрдіс. Осы мәселені зерттеген ғалымдар педагогикалық шығармашылық төмендегідей кезеңдерден тұратынын анықтаған:

- педагогикалық ойдың пайда болуы; түпкі ойды талдау; педагогикалық ойды әрекетке айналдыру; шығармашылықтың нәтижесін талдап бағалау (В.А.Кан-Калик, Н.Д.Никандров);



• жаңалықты көру; педагогикалық өнертапқыштық, құрастыру; жетілдіру (В.И.Загвязинский).

Бұл кезеңдерде қызығушылық, интеллект, қажетті білімді тез арада меңгере білу, байқампаздық, ойлау операцияларын іске қоса алу, тапқырлық, энтузиазм, табандылық, еркіндік пен өзіне деген сенушілік сияқты тірек сапалардың болуы шығармашылық әрекетті нәтижелі етеді.

Шығармашылық әрекетте болашақ маман өз еңбегіне сыни тұрғыдан қайта қарауы, қанағат табуы, оны орындаудағы дербестігі, жағымды мотивацияның қалыптасуы, тағы басқа орын алады. Сонымен қатар шығармашылықта болашақ маманның төмендегідей психологиялық сапалары дамиды: жалпы білімнің тереңдігі, сараланған арнайы білімдер, дамыған ақыл-ой қабілеттері мен оның икемділігі, өнертапқыштыққа және еңбектегі жаңалыққа қуана білу, мәселені терең түсіне білу және оны шешудің ең тиімді жолын таңдау алу, эмоциядағы қалыптылық, шыдамдылық, бастаған істі аяғына дейін жеткізе алу, тәуекелге бел байлай білу, саналылық, белсенді өмірлік позиция [1].

Педагог еңбегі — ғылым, педагогикалық өнер, таланттылық сияқты элементтерден тұратын әр қырлы әрекет. Білім мен тәрбие беруде белгіліні өзгертіп, жаңадан жаңаны тудырушы, суреткерлік шығармашылықтың белгісі. Ескілікті елемей жаңа жолмен жүруге бағыт алу, біртүрлілікті қабылдамау, ойлап табу, тудыру, жасап көру — жаңашыл педагогтың кәсіби міндеті.

Дұрыс мақсат қойып, нәтижені интуитивті түрде жобалай алу, тұлғаның дамуының іргелес аймағына сәйкес болып, қызыға еңбек етуге әкелетін сабақ жоспарын құру, ұйымдастыра алу — сөзсіз, шығармашылықтың нәтижесі.

Қазіргі уақытта шығармашылықтың ең маңызды анықтамасына келесі жатады: «Шығармашылық — индивид пен оның мәдениетіне маңыздылықпен жаңашылдық әкелетін іс- әрекет». Өте жиі шығармашылық түсінігі «креативтілік» түсінігімен ауыстырылады.

Қазіргі күні өндірісте, әлеуметтік қызмет, білім беру мекемелерінде және басқа да әлеуметтік институттарда жауапты кәсіпқойлар ғана емес, сонымен қатар креативті потенциалды мамандар қажет. Ғылыми және арнайы әдебиеттерді талдасақ, «креативті тұлға», «креативті ойлау», «креативті маман» деген сияқты жаңа терминдердің пайда болғанын көруге болады. Оқыту мен тәрбиелеу процесінде болашақ маман креативтілігін дамытудың қажеттілігі қоғам талабынан туындайды.

Кез келген қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының табыстылығы оның азаматтарының шығармашылық қабілеттеріне, шығармашылық потенциалдарында байланысты болады. Сондықтан да студент креативтілігін тиімді дамыту тек педагог өзінің жеке басының ерекшеліктеріне ғана емес, оқыту-тәрбие жүйесінің негіздейтін педагогтің креативтілік сипатына да тәуелді болады.

«Креатив» ұғымын қарастыру барысында сан алуан ғылыми зерттеулердің бірекеуіне ғана тоқталу мүмкін емес. Аталған ұғымның өзі адамның жеке қасиеті ретінде XIX ғасырдың 30-жылдары мен XX ғасырдың 60-жылдарынан бері кең ауқымда зерттелініп келеді. Мәселен, көп зерттеулерде креативтілік адамның жеке қасиеті ретінде, мінез бітістері мен жалпы қабілеттермен теңдестіріледі.

Атақты ғалымдар М.С.Бернштейн, Е.Б.Евладов, Я.А.Понамарев, С.П.Торренс, К.Д.Роджерстер креативтілікті жеке тұлғаның өмір ағымында, жүре байқалатын ерекше қасиеті немесе жеке адамның мінез-құлқы сипаттамасы ретінде қарастырады.

Ал, Д.Б.Богоявленская, А.В.Брушлинский, О.К.Тихомиров «креатив» және «шығармашылық потенциал» ұғымдарын бір-бірінен бөлмей, оларды шығармашылық әрекетке бағытталған интеллектуалды-шығармашылық алғы шарттары ретінде қарастырады.

Л.Терстоунның зерттеулерінде креативті қабілеттер интеллектуалды қабілеттермен пара-пар еместігі айтылып, креативтіліктің мынадай көріністерін ұсынады:

1. Қабылдау жылдамдығы, идеяларды жүйелей алу.

2. Танымдық белсенділіктің интеллектуалды факторлары (зейін концентрациясы, креативтілік т.б.).

3. Жаңа идеяларға сезімталдық.

4. Сананың ерекше күйі [1].

Дж. Гильфорд өзінің интеллект құрылымының моделінде бұл екі түсінікті қарастырып, танымдық қабілетті ойлаудың конвергентті типімен, ал креативтілікті дивергентпен байланыстырады [2].

Конвергентті ойлау — проблеманың бір типінің шешімін анықтауға бағытталған ойлау. Дивергентті ойлау қиялдауға сүйене отырып, көптеген мүмкін болатын шешімдерді біріктіреді.

Ол негізгі төрт сапаларымен сипатталады.

- Шапшаңдылықпен.
- Икемділікпен (әр алуан идеяларды ұсыну).
- Біртумалық (жаңа, стандартты емес идеяларды ұсыну).
- Нақтылық (өз идеясын аяқтау).

П.Торренс креативтілік ойлауды ынталандыруда мұғалімнің басшылыққа алатын бес принципін бөліп көрсетеді:

- керемет төтен сұрақтарға зейін қою;
- айрықша идеяларға құрметпен қарау;
- идеяларының құнды екендігін көрсету;
- өз беттерінше оқуға жағдай жасау;
- баға қойылмайтын тәжірибелер мен оқуға уақыт беру.

Креативтілікті қалыптастыру мәселесіне сәйкес жазылған еңбектерді саралай келе, креативтіліктің құрылымдық бөліктерін бөліп көрсетуге болады: ойлаудағы, қылықтағы еркіндік пен өзбеттілік, аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой-пікірлерде тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, біртума ойлау икемділігі, қисынды ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру т.б.

Қазіргі кездегі психологиялық-педагогикалық еңбектерден «креативтілік» ұғымының әрі қарай толығырақ түскенін аңғаруға болады. Креативтілік жаңа өнім алатын адамның интеллектуалдық қабілеті ғана емес, оның психикалы толыққандылығының белгісі ретінде де қарастырылады. Креативтіліктің белгілеріне психологтар өнертапқыштық бастамалылық, интуиция, болжай алушылық, прогностикалық ойдың, сезімнің еріктілігі мен еркіндігі, тапқырлықты жатқызады.

Сонымен, креативтілік — ойлау процестерінің ерекше сапасы, адамның жоғары белсенділігі, индивидтің ерекше жаңа, біртума құндылықтарды құруға, стандартты емес ойлауға деген терең құрылымын бейнелеуші қабілет [2].

Қазіргі кезеңде жеке тұлғаның креативтілігін, шығармашылық дербестігін қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Креативтілікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады.

Демек, жаңа педагогиканың мақсаты баршаға мәлім білімді игерту және студенттердің біліктері мен іскерлігін қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге оқу процесінде жаңа білімдерді алуға жағдай жасау болмақ. Осылайша, креативтілік педагогиканың негізгі міндеті жоғарғы шығармашылық потенциалға ие, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Креативтілікті дамыту педагогикалық іс-қимыл кешені ретінде жүргізілетін, нәтижесінде студент-зерттеушінің креативтік тұлғасын, оның мотивациясы мен шығармашылық қызметке дайындығын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үрдістің дамыту функциясының негізгі құрамдас бөлігі деп есептейміз.

Жоғарғы мектепте студенттердің креативтілігін арттыру оқытудың жоғарғы курстарында қолданған тиімді, себебі студенттерде алғашқы бірнеше жыл ішінде игерген кәсіби білімдер негізінің болуы педагогикалық үрдістің креативтік құрамдас бөлігінің қызмет етуі үшін қажетті шарт болып табылады. Сондықтан креативтілікті дамыту болашақ маманның кәсіби дамуының жоғарғы сатысы ретінде қарастырылады.

Болашақ мамандарды оқыту, әсіресе жоғары курстарда проективті іс-әрекет қағидалармен сәйкес құрылуы тиіс. Оқытудың мұндай ұйымдастырылуымен студенттер тұлғасының неғұрлым толық өзіндік ұйымдастыруының алғы шарттарын жасайтын өзіндік құрылым мен ұйымдасу іскерліктерін дамытуға себепші болады.

Біздің ойымыз бойынша, тұлғаның креативтілік қасиеттері маманның кәсіби және әлеуметтік құзыреттілігіне жинақталуы керек. Сонымен қатар өзіндік дамудағы қасиеттер ескерілуі тиіс.

Оқу мазмұны болашақ маманның өзіндік жұмыспен айналысуын күшейтуге бағдарлануы тиіс, ал оқытушы оқу процесін қадағалайтын кеңесші ретінде болуы тиіс.

Ғылым мен техниканың шарықтаған заманында өмірге икемді, әр салада өзін таныта білетін, тыннан жол таба алатын белсенді ұрпақ жоғары оқу орындарында инновациялық оқыту арқылы креативтілігін қалыптастыру негізінде қаланады. Инновациялық оқыту арқылы креативтілікті қалыптастыру — жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын, рухани құндылықтарды игерудің бірден-бір жолы.

Инновациялық оқыту — дәстүрлі, нормативті оқытуға қарағанда білім игерудің ерекше, баламалы үлгісі, педагогтің жеке басының позициясын демократияландыру және бірлескен, өнімді шығармашылық іс-әрекетке жұмылдыру арқылы педагог пен студенттің жеке басын дамытуды қамтамасыз ететін процесс. Оқу ынтымағының, сипатын өзгерту алдағы белгісіз болашаққа жоғары әзірлігін жасайды, жаңа жағдайларда студенттердің бірлескен әрекеттерге қабілетін дамытуды көздейтін білімді игерудің ерекше үлгісі.

Инновация бұл дайын жаңалық ендіру немесе тексеруден өткізу емес, бұл жаңалықты өз ортасынан іздеп табу, оның негіздемесін жасау, сынақтан өткізу, тарату секілді процестерді қамтиды. Оқытудың инновациялық әдістері студенттермен өткізілетін барлық аудиториялық сабақтардың түрлерінде қолданылуы тиіс. Бұл әдістер мұғалімге әр түрлі оқу жағдайларын модельдеуге көмектеседі. Мәселен, дәріс, эвристикалық әңгімелесу, проекті топтар, іскер ойын-видеоконференция, интернеттегі семинар-конференция, компьютерлік графиканы қолдану арқылы кәсіби тапсырмаларды модельдеу сияқты белсенді әдістің қосындысы оқытушыға студенттерді идеяларды жинақтауға, ойлауға, олардың өзіндік шығармашылық дамуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі педагогикалық үрдіс барысында креативтік құрамдас бөліктің табысты жүргізілуін сипаттайтын төмендегідей бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді:

- білім беру процесінің тұлғалық-бағдарлану бағыты;
- белсенді өзара әрекет жасау және ынтымақтасу әріптестік көзқарасын бекіту кезіндегі оқытушының студенттерге деген қарым-қатынасын өзгертуі;
- білім қызметтеріне өзгеріс енгізу, оны меңгеру барысында қайталау сипатта болуын жояды және өнімді шығармашылық процесс ретінде іздену-ойлау қызметін алуан түрлі формаларда ұйымдастыра алуын қамтамасыз етеді;
- креативті студент тұлғасын дамыту топтық өзара әрекеттесу, тұлғааралық және кәсіби қарым- қатынасқа бағытталуы.

Креативтілікті дамытуда төмендегідей ерекшеліктерді ескеруді жөн санаймыз: студенттерге зерттеу саласын және оған қажетті ақпаратты өз бетінше таңдау мүмкіндігін бере отырып, оқу процесіндегі студент пен оқытушының әріптестігі. Осы орайда маңызды сәттердің бірі меңгерілуге тиісті дайын, жүйелендірілген білімнің болмауы; яғни студент білімін өз бетінше жүйелейді; студент өзі алған көптеген әсерлерден, білім мен түсініктерден өзінің креативтік жобасын құратын болады. Тексеруден өткен ақиқат,

қоғамда қалыптасқан қағидаларға қайшы келмейтін білімге қарағанда, студенттің — шығармашылық субъектісінің өзі әрі қарай жүйелеуді және реттеуді талап ететін қарама-қайшы ақпарат, бір-бірімен сәйкес келмейтін мәлімет оқыту процесінің негізгі элементіне жатады.

Осы ретте оқытушы студенттің өзін-өзі дамытудың қозғаушы күші және көздері ретінде мақсатқа сәйкес ішкі қарама-қайшылық тудырады.

Педагогтар таңдаған тиісті әдістермен жүзеге асырылатын студенттердің белсенділігі мен өз бетінше жұмыс жасауға негізделген қызметі оқыту барысындағы қарама-қайшылықты шешудің басты шарты болып табылады. Осы негізгі түйін оқытушылардың студентке осы жағдайды жасағанда ғана жүзеге асырылады, сол себепті оның қызметі оқыту процесінің алға жылжып отыруының объективті шарты болып есептеледі.

Бірқатар зерттеушілер (Е.И.Щебланова, И.С.Аверина) пәнаралық көзқарасқа негізделген, ықпалдастықпен оқытуды жүзеге асыруда психиканы кешенді дамытудың тиімділігін атап көрсетеді [3]. Оқытудың мұндай тиімділігі зерттелген:

- проблемаларды шешудегі қабілеттер мен зерттеу жұмыстарындағы қабілеттілікті ынталандыра отырып, жоғары деңгейдегі өнімді ойлауды дамыту;
- өздігінен оқуды қамтамасыз ету (оқуды тұлғаның өзі басқаруындағы процесі ретінде ұйымдастыру);
- ұсынылған жаңа идеяларды ынталандыру;
- әр алуан материалдар, тәсілдер мен формаларды зерттеумен жасалған жұмыстарды мадақтайды, ынталандырады;
- студенттердің өздігінен танып-білуінен өздігінен түсіну қабілетін дамытады;
- студенттерді әрбір адамның жеке ерекшелігін сыйлауға тәрбиелеу. Кең ауқымды ойлауды үйрене отырып, студенттер әлемін біртұтастығын, ондағы барлық дүниенің кішіден бастап үлкенге дейін өзара байланыстылығын ұғады. Бұл әлемдегі деген адамгершілік қатынасының қалыптасуы үшін негіз болады.

Тұңғыш рет пәнаралық көзқарас принципі шетел тәрбиесінде дарынды тұлғаны оқытуда әзірленді.

Тақырып әр түрлі пәндерді байланыстыруға, қосуға мүмкіндік беретін жалпылау топтар арқылы ашылады. Кез келген жалпылауды әр түрлі лингвист, әдебиетші, тарихшы және өнертанушы көзқарасымен зерделу мүмкіндігі студенттердің шығармашылық ойлауы мен олардың проблемаларды шешу қабілеттерін дамытуға әсерін тигізеді және болашақ педагог бойында тұтас шығармашылық ойлауды, жеке заңдылықтарды диалектиканың негізгі заңдарымен салыстыруға үйренуді қалыптастырады.

Осылайша, педагогикалық процесте инновациялық әдістерді пайдалану арқылы креативтілікті дамыту мақсатты ұйғарымдардың, оқытушы қызметі мен студент қызметінің, сонымен қатар «оқытушы-студент» қатынасының өзгеруін қарастырады:

1. Мақсатты ұйғарымы. Білім беру процесінің мақсаты оқушыны дамыту, студентті ғылымға, зерттеу жасауға, өзін-өзі дамытуға мүдделі субъектіге айналдыратын оқу қызметін қалыптастыру болып табылады. Кез келген білімнің шегі оның өз қызметінің нәтижесі болмақ. Білім беру процесі барысындағы оқытушы — студент арасындағы диалог, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің қажетті шарты болады.

2. Оқытушының қызметі. Оқытушы оқушылардың бірлесіп жасап жатқан жұмыстарына сүйене отырып, өз бетінше ізденуді жүргізетін оқу қызметін ұйымдастырушы болады. Оқытушының функциясы — түсіндіру, мәселені жеткізу, алайда оқушы негізгі тұлға — қызмет субъектісі.

3. Оқушының қызметі. Оқушы қызмет субъектісі болып табылады. Қызмет ету студенттің өзінен басталуы қажет. Бұл орайда проблемалық-ізденушілік және жобалық оқыту тәсілдерін пайдаланған жөн.

4. Бұған дейін ескерткеніміздей, «оқытушы-студент» қарым-қатынасы субъектілі-субъективті болып қалыптасады. Оқытушы оқушының рефлексік ойлау жүйесін және өз

пікірін қалыптастыру мақсатымен оның жеке мүмкіндіктерін дамыту үшін жағдай жасай отырып, студенттің жұмысын ұйымдастырады.

Сол себепті біз болашақ мамандардың креативтілігін дамытуда педагогикалық үрдісті жетілдірудің шарттарын әзірлей алдық: креативтілік құрамдас бөлікті ескере отырып, оқытушының оқыту материалын жүйелі жеткізуі; материалды түсіндіру кезінде студенттің өзін креативтік қызметке бағыттау; креативті зерттеулер кезінде студенттердің өз бетінше ғылыми іздену мүмкіндіктерін дамыту; жеке тұлғаға бағытталған тәсіл; болашақ педагогтардың өз бетінше өзіндік креативтік қызметін қорытындылай және ғылыми негіздемені жасай алуы; проблемаларды шешудегі қабілеттер мен зерттеу жұмыстарындағы қабілеттілікті ынталандыра отырып, жоғары деңгейдегі өнімді ойлауды дамыту; мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығы, инновациялық мінез-құлқы мәдениетін дамытуы.

Педагог — білім беру іс-әрекетінің субъектісі ретінде оқытудың небір жаңа әдіс-тәсілдерін, формаларын жүзеге асырушы басты тұлға. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер мұғалімнің жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, жаңа педагогикалық гуманистік құндылықтармен тікелей байланысты болады. Қазіргі таңда болашақ мамандарға деген көзқарас пен қарым-қатынаста оларды объект деп қарамай, дамушы тұлға ретінде қабылдап, оқу- тәрбие жұмысын осыған лайық өзгерістерге сай, қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізудің қажеттілігі туындап отыр. Ал жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты — міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, шығармашылық деңгейге жету [4]. Сонымен, инновациялық педагогикалық технологиялар кез келген пәнді оқыту барысында мұғалімдердің ой-өрісінің кеңейіп, кәсіби даярлық деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл тәжірибешілер мен әдістемелерді кеңінен пайдалануға және білім беруді жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, оқыту үрдісіне деген жаңа көзқарас пен инновациялық оқытуды пайдалану өзіндік ойы бар, зерделі де креативті студент тұлғасын қалыптастыруға зор ықпал етеді деуге болады.

#### *Әдебиеттер :*

1. Креативная педагогика: методология, теория, практика / Под ред. Ю.Г.Круглова. — М.: МГОПУ им. М.А.Шолохова, Изд. центр «Альфа», 2002. — 218 с.
2. *Гилфорд Дж.* Три стороны интеллекта // Психология мышления / Под ред. А.М.Матюшкина. — М.: Просвещение, 1965. — 341 с.
3. *Сластенин В.А., Подымова Л.С.* Педагогика: Инновационная деятельность. — М.: Просвещение, 1997 — 280 с.
4. *Морозов А.В., Чернилевский Д.В.* Креативная педагогика и психология. — М.: Академический проект, 2004. — 256 с.

***М.Ш. Костанова***

*Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,  
Ойыл қазақ орта мектебінің педагог – психолог*

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ЖОЛДАРЫ**

Адам өмірі қоғамның жоғары құндылығы болып табылады, ал оның жеке қасиеттері, мүмкіндіктері мен оның жай-күйі өзінің, сонымен қоса қоғамның да құндылығы болып табылады. Дәл осы, индивидтің денсаулығын қоғамдық байлыққа айналдырады. Денсаулық бөлінбес құндылық ретінде адам өмірінің жан-жақты толықтығының шарты

болып табылады. Адам өмірінің құндылығы абсолютті, өйткені – ол кез келген басқа құндылықтың жалғыз шарты және критерийі болып саналады. Соңғы жылдары біздің елде және өзге де шет елдерде, денсаулық психологиясы атты ғылыми бағыт қалыптасты. Бұл білім саласы психология мен валеологияны өз тұрғысынан синтездейді және міндеттерін шешуге психологтарды, дәрігерлерді, педагогтарды, әлеуметтік жұмысшыларды, әлеуметтанушыларды тарта отырып, пәнаралық ғылым болып табылады. Майя Гогоулан «Денсаулық бізге өмірмен бірге беріледі, ол қарапайым қызмет немесе қажеттілік (дем алу, ас қорыту, қан айналым, т.с.с) ретінде беріледі. Сондықтан болар ешкім өз денсаулығын оны жоғалтып алмаса тіпті ойламайды да. Денсаулық әлемді билейтін, оны білмеуге және сақтамауға болмайтын ортақ заңдарға бағынады, онсыз өмір мүмкін емес. Сондықтан әрқайсысымыз тым болмаса ғылымға адам және оның денсаулығы жайлы белгіліні меңгеруіміз міндетті» дейді.

*Денсаулық психологиясы* – ғылыми және клиникалық психологияның, психоаналитикалық және психосоматикалық медицинаның тереңге жайылған тамыры. Денсаулық психологиясының міндеті – теорияны қолдану, психологиялық денсаулықтың дамуы және физикалық денсаулықты сақтау, системалық позициясын, аурудың ерекше түрін қарастыру. Адамның психикалық денсаулығын сақтауда есінің өзгеруі, өмірлік денсаулық мотивациясы, өмірлік құндылықтарын дамытуы ескеріледі. Адамның физикалық денсаулығы жалпы денсаулық жағдайын құрайды. Психика - жоғарғы ұйымдастырылған материясын, миын, субъектісі мен объектісінің шындық формасының белсенділігін көрсетеді. Денсаулық психологиясы жаңа ғылыми бағыт ретінде профилактикалық медицинаның пайда болуымен байланысты. В.А. Ананьев «Денсаулық психологиясы» оқулығында келесіні көрсетеді: «Денсаулық психологиясы адами тұрмыстық әдісті құруға іс-әрекеттің түп негізін, векторын анықтауға, адамның «шынайы идеалын» құрастыруға және оның жетістікке жетуіне жағдай жасауға арналған». Адамды өзінің денсаулығын сақтауы, нығайтуы, дамытуы үшін мотивациялаудың әдістерін дайындау негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Денсаулықтың рухани, психикалық, әлеуметтік және соматикалық құрауыштарын сақтау, нығайту және жалпы дамыту денсаулық психологиясының қосымша міндеттері болып табылады. Денсаулықты дамытудың басты ұстанымы мықты денсаулықтың болуы емес, сол денсаулық арқылы өзінің миссиясын жүзеге асыру.

Н.М.Амосов «Денсаулық денсаулық үшін емес, ол эффективті қызметтің ажырамас шартын құрауымен құнды, сол арқылы біз бақытқа жетеміз». В.А.Ананьев: «Денсаулық психологиясы адамның жоғарылауына көмектесетін барлық байлықтарын өзіне сіңіреді. Шығыс дәстүрінен техникалық тәсілдерді, ал христиандықтан адамның рухани даму әдістері енген». Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) анықтамасы бойынша, денсаулық дегеніміз- организмде аурудың не болмаса физикалық кемістіктің жоқтығы ғана емес, ол табиғи (физикалық), рухани және әлеуметтік толық аман-есендік. Академик В.П.Казначевтің жеке бас денсаулығы анықтамасы бұдан да толығырақ: «денсаулық дегеніміз, организмнің ұзақ өмір сүру барысында биологиялық және психологиялық әрекеттері мен тиімді жұмыскерлігінің әлеуметтік белсенділігінің, сондай-ақ жас ерекшеліктеріне сәйкес дені сау ұрпақ жалғастыру қабілетінің сақталуы мен дамуы». Денсаулық- физикалық, рухани және әлеуметтік болып бөлінеді.

*Физикалық саулық* - адам организмінде функциялардың өздігінен реттелуі, функциялық үрдістердің келісімді өтуі, сыртқы орта әсерлеріне бейімделу қасиеттерінің жоғарғы дәрежелі жағдайда болуы.

*Психикалық саулық* - ауруды болдырмау, қайтсе де одан арылу «адам өмірінің мақсаты» болуын болжайды.

*Әлеуметтік саулық* - адамның әлеуметтік белсенділігінің, яғни жеке адамның айналадағы өмірмен біте қайнау дәрежесі.

Денсаулық, қалып (норма) деген ұғымдар бір-біріне ұқсас. Қалып – дені сау адам баласының бәріне бірдей тұрақты стандарт мақсат ететін үлгі болатындай денсаулықтың

көрсеткіштері. Денсаулық жағдайын бағалау үшін жасқа байланысты жеке адамдардың қалып көрсеткіштері пайдаланылады. Жасқа байланысты қалып көрсеткішін анықтау үшін белгілі көрсеткіштің әрбір жастағы адам топтарының орташа көрсеткіші есептеліп шығарылады. Әрбір топта табылған орташа көрсеткішті қалып стандарт етіп алынады. Бірақта бір топқа кірген адамдардың көрсеткіштерінің бір бірінен айырмашылығы әжептеуір болуы мүмкін. Өйткені олардың жыныстық, кәсіптік, тұрған жерінің, өмір салтының т.б. айырмашылықтары болады. Орташа көрсеткіштерді анықтағанда, айтылған айырмашылықтарды да еске алған жөн. Осыған орай «қалып» деген ұғым «денсаулық» деген ұғым тәрізді әр адамның жеке басына ғана тән көрсеткіштері болмақ. Дене жаттығуларының әсерінен бұлшық еттерде едәуір өзгерістер болады. Егер де бұлшық еттер ұзақ уақыт қимылсыз күйде тұратын болса, онда олар әлсіздене бастайды, көлемі кішірейеді. Дене жаттығулары, олардың көлемін ұлғайтады, нығаюына ыңғайлайды. Мұнымен қатар бұлшық еттердің өсуі, олардың талшықтар санының көбеюінен, ұзаруынан емес жуандауы әсерінен болмақ. Бұлшық ет созылуы жақсарайды, тонусы, қан айналым және бұлшықет қоректенуі жақсарайды.

Дене жаттығуларымен айналысқан кезде көптеген капиллярлар кеңейіп қана қоймайды, олардың саныда бірден көбейе бастайды. Әсіресе бас ми капиллярларының саны өсуінің ерекше маңызы бар, кезінде И.М.Сеченов ми даму үрдісінде бұлшық ет қозғалысының маңызын талай атап өткен. Жаттығу кезінде оттегін тұтыну деңгейі бірден көтеріледі, өйткені бұлшықет жүйесі қаншалықты белсенді қызмет істесе, соншадлықты жүрек те әлуетті қызмет етеді. Дене шынықтыру мен айналысуды бастайтындар үшін көптеген әр түрлі дене шынықтыру жаттығуларының мол жиынтығының арасындағы ең бірінші орынға шығаратындары: сауықтыра жүгіріс, жүріспен алмастырып тұратын жүгіру, аэробика, шейпинг, жүзу, туризм, ерік гимнастикасы, таңертеңгі сауықтыру гимнастикасы, дәстүрлі гимнастика және тыныс алу жаттығулары.

*Дене тәрбиесі* - тұлғаны жан-жақты үйлесімді қалыптастырып, дамыту процесінің негізгі бір саласы. Себебі, *дене тәрбиесі* тұлға денесінің қалыпты жетілуін, денсаулығының нығаюын қамтамасыз етуде, оларды еңбекке, Отанды қорғауға дайындауда аса маңызды қызмет атқарады.

А.Ф. Лазурскидің айтуы бойынша, тұлғаның денсаулығы - әлеуметтік ортада өз-өзін басқаруына және іс-әрекетін басқара алуына байланысты. Жан денсаулығының басты көзі ол ойын, эмоциясын, моторлық функциясын, өзін-өзі басқара алуында дейді.

Ғалымдардың тұжырымы бойынша, психикалық ауытқушылықтардың пайда болуы өмірлік жағдайына көп көңіл бөлінуінен болады.

Зерттеулердің көрсеткіші бойынша 48% жұмысшылардың медико-психикалық қиындықтары бар екені анықталды. Зерттеу нәтижесінде оның 10% - да әлеуметтік-психологиялық дезадаптация құбылысы байқалған. Яғни әлеуметтік ортаға бейімделе алмауы. Оның қиындықтары төмендегі жағдайларға байланысты пайда болып отырған:

- Физикалық денсаулығына байланысты туындаған қиыншылықтар (проблемалар);
- Психикалық ауытқушылығына байланысты, яғни эмоциялық сферасы, көңіл-күйін басқара алмауынан туындайды;
- Қарым-қатынастағы қиыншылықтар;
- Жанұялық жағдайдағы қиыншылықтары және т.б.

Денсаулықты - *физикалық, соматикалық, әлеуметтік және рухани деп* төрт топқа бөлеміз. Ағзада денсаулықтың осы аталған түрлері бірі-бірімен ете тығыз байланыста болады. Адамның ақыл-ойы, оның істеген ісіне, жұмыс жасау қабілеттілігіне жағымсыз заттардың әсер ететіндігін ескерте отырып, салауатты өмір салтын сақтануға шақырамыз.

#### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі:***

1. ЛргайлМ. Психология счастья. – М.: Здоровье, 1990.
2. Жубаназарова Н.С., Төлешова Ұ.Б. Денсаулық психологиясы// Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2018. -120 б.

*Ж.Ж. Бейсенова*  
*психол.ғ.к., қауымдастырылған профессор*  
*Д.С. Альмухамбетова*  
*«БВ03106-Ұйымдастырушылық психология» мамандығының студенті*  
*Каспий университеті, Алматы қ.*

## **БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН МЕКТЕП ДЕЗАДАПТАЦИЯСЫЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨРНІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі таңда еліміздің ең өткір мәселелерінің бірі ретінде танылатын балалар мен жасөспірімдердің жүріс-тұрысындағы бірқатар ауытқушылықтар мен олардың бойында табылған негативті психикалық күйлердің негізінде дезадаптациялық процестер жатқаны белгілі. Туындаған мәселеге байланысты, маңызды әлеуметтік институттар болып саналатын білім беру мекемелері жағдайында оқушылардың әртүрлі дезадаптациялық күйлерін болдырмауда және оларды педагогикалық түзетуде мақсатқа сәйкес жүйелі еңбектену қажет.

Балалар мен жасөспірімдерде мектептік дезадаптация екі негізгі аспектілерде: іс-әрекеттік және тұлғааралық қатынастар (құрбы-құрдастары, атааналары мен педагогтар арасында) төңірегінде көрініс табады. Бұл қиындықтар оқу әрекеттілігінде үнемі сәтсіздіктер орнатып, тұлғалық маңызды адамдармен қарым-қатынастық мәселелер туғызады, жалпы айтқанда, бүтіндей тұлғаның әлеуметтік және психологиялық жай-күйіне кері әсерін тигізеді [1].

Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дезадаптациялық мәселелерінің өзіндік ерекше ішкі, тұлғалық және сыртқы аспектілері бар, сондықтан да, білім беру мекемелерінде жүргізілетін психологиялық және педагогикалық жұмыстың оңтайлы жүзеге асырылуы үшін, жұмыс негізінде үш негізгі бағытты ұстану қажет: - оқушыны психологиялық және педагогикалық тұрғыда қуаттауды қарастыратын, психодиагностика элементтері мен кеңес беру жалғасымы бар, балалармен тікелей(жеке және жаппай) жұмыс; - оқушылардың әртүрлі жас топтарындағы дезадаптация мәселелерін болдырмауда қызмет ететін педагог мамандардың осы мәселе төңірегіндегі психологиялық сауаттылығы мен мәдениетін көтерудегі педагогикалық ұжыммен жұмыс; - ата-аналардың психологиялық құзыреттілігін арттыруға бағытталған, балалардың оқуы және ата-аналардың балаларымен қарым-қатынастарының әлеуметтік-коммуникативті мәселелері жөнінде жеке-дара кеңес беру әдісі арқылы жүзеге асырылатын мектеп оқушыларының ата-аналарымен жұмыс. Тек осындай кешенді амал-тәсілдер ғана, балалар мен жасөспірімдер арасындағы дезадаптациялық күйлерді болдырмауда және оларды түзетуде қажетті психологиялық-педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттырады [2].

Дезадаптация жағдайындағы балаларды тәрбиелеудің ерекшелігі Дезадаптация жағдайындағы балалардың оқудағы қиындықтары, баланың танымдық қызығушылығының төмендеуіне әкеліп соғады, сондықтан бұндай балаларды тәрбиелеудегі басты қиындықтардың бірі ұйымдасқан біліктерді құрастыру (мысалға, алгоритм бойынша тапсырмаларды өз бетімен орындай алу, дәптер жүргізе алу қабілеті және т.б.) және өзін-өзі басқара білу қабілеттері (өзін-өзі тексеру және өзін-өзі бағалау) [3].

Дезадаптация белгілері бар балаларды тәрбиелеу жұмыстарын жүргізген кезде мынаны ескеру қажет, бұндай мектеп оқушысының психикалық жағдайы оқу пәндерінің өзгеруімен, олардың жаңа мазмұны мен талаптарының және сондай-ақ мұғалімдердің өзгеруі оқу-тәрбиелік талаптарға байланысты болады. Жоғары дезадаптация жағдайындағы жасөспірімдер мен балаларда коррекциялық әсер ету жұмыстарын



жүргізуде жоғары тиімділікті қамтамасыз ететін іс-шаралар: мектепте жеке және топтық оңалту жұмыстары атааналармен, мұғалімдермен жүргізу қажет.

Деадаптациға ұшырау қаупі көбінесе жасөспірім шақта күшейе түседі мектепте оларға мыналарды жатқызуға болады: бірінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңі; бастауыштан жоғары сыныпқа ауысатын мезгілде бейімделу кезеңі; кәсіби оқытуға өту кезеңіндегі бейімделу мезгілі (8-9 сынып).

Бірінші сынып оқушыларында мектепке бейімделу мерзімі өте ұзаққа созылады, олардың алдында интеллектуалдық және физикалық қысымның бірден көбеюі байқалады, себебі оларға бұрын сонды өміріне қатысы жоқ жұмыстар жасау жүктеледі. Келесі тоқырау кезеңі бастауыш сынып оқушыларының жоғарғы сыныпқа өту кезеңі, бұл жерде оқу екі есе қиындап күрделене түседі, сондықтан бесінші сыныпта оқытудың тәртібі өзгеріске ұшырайды [4].

Келесі тоқырау кезеңі кезеңі кәсіби пәндерді оқуға ауысқан кезде байқалады, бұл кезде оқушылардың деадаптациға ұшырау қаупі жоғарылай түседі себебі, жоғары сынып оқушылары өздеріне бейтаныс, жаңа әлеуметтік білім беру ортасына түседі. Мұндай тоқырау кезеңдерінде барлық жасөспірімдер мен балаларға жүйелі түрде қолдау көрсету қажет, олардың ішінде әсіресе, деадаптациалық жағдайға ұшырауға бейім балаларға көп көңіл бөлу қажет. Ондай қолдау мен көмектің бір түрін мектеп мұғалімдері мен ата-аналар бере алады. Осы жайттар бойынша әдістемелік құралдар тәрбиеленушілерге көмек көрсетуде ерекше пайдалы құрал болып табылады, оның көмегімен оқушыларға психологиялық және эмоционалдық денсаулықтарын жақсартуға көмектесеміз, осы арқылы оларға әсер етіп, әрбір баланың танымдық қызығушылығын белсендендіруге болады [4].

Ата-аналар мен оқытушыларда баланың эмоционалдық қиындықтарын түсіну және көмектесу жайлы білімдері болмаса, бұл оқушылардың деадаптациға тез ұшырауына себеп болады, бұл жайт оларда психикалық тоқырауының күшеюіне әсеретеді, әлеуметтік бейімделу процесі бұзылып, бейсоциалды күйге түседі [4].

Деадаптациа жағдайына бейім балалар мен жасөспірімдерді педагогикалық қолдауды ұйымдастыру келесі принциптер негізінде жүзеге 9 асырылады: - психологиялық-педагогикалық қолдау мен көмекті уақытылы және қолжетімді әсер ету; - балаға деген сеніммен оған ізгі көзқарас, оған деген оң қатынас; - шынайылық – баланың нақты жағдайдағы іс-әрекеті мен мүмкіндіктерін ескеру; - жүйелілік – «адам-дүние жүзі» баланы толық қанды осы қоғамның мүшесі ретінде қабылдау; - жеке-тұлғалық қатынас – баланың бейімделу деңгейіне байланысты мазмұны, формасы және коррекциялық – дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері, жұмыс мақсаттары, тәрбиелеудің мүмкіндіктері мен орындары; - тұлғалық қатынас – нақты жасқа сай, алдыңғы қатарлы іс-әрекеттерге сүйену; - орта тәрбиесі – білім алушылардың мәдениеттілік білім дәрежесін көтеретін және өз-өзін дамыту мен өзін өзектендіруге қолайлы орта жасау [5].

Бұдан басқа, деадаптациа жағдайындағы балалар, жасөспірімдер және ересек адамдар тәрбиелеу шеңберіндегі психолого-педагогикалық қорғау жұмыстары көп қырлы болып табылады, себебі бұл білім беретін мекеменің әлеуметтік бейімделу деңгейі арқылы жас мөлшерлік, гендерлік, психобиографиялық және жеке-дара қатынас арқылы анықталады. Сондықтан, мұғалімдердің деадаптациа белгілері бар оқушылармен тәрбие жұмыс жүргізу тәртібінде ұйымның ведомствоаралық және тәртіп аралық түрлері болады (психологтарды, әлеуметтік қызметкерлерді, суицид бойынша дәрігерлерді, психиатрларды және т.б. белсенді түрде тарту) [6].

Берілген жұмыс шеңберінде педагогтер үшін оқушыларда кездесетін деадаптациалық күйлердің қалыптасуын болдырмауға арналған бірқатар психологиялық және педагогикалық ұсыныстар қарастырған орынды.

Тұлғааралық қатынастар шеңберінде деадаптациалық белгілері бар балалармен жүргізілетін педагогикалық жұмыстың бағыты деадаптациа түрлеріне байланысты жүргізіледі. Деадаптациа көріністері мынандай болуы мүмкін: Өңгімелесіп тұрған

серіктесіне өз ойын айтып жеткізе алмайды, қойылған сұрақтарға нақты жауап беруге немесе сұрақ құрастыруға қиналады. Пікір таластар туындағанда орынсыз қылықтар жасайды. Өз көзқарасын дәлелдеуде қабілетсіздігін танытады және оны өзгертуде ешқандай қажеттілік жоқ деп санайды. Сыныптық өзара әрекеттестікте ортақ шешімге қарсы тұрады. Өз сұхбаттасының мәртебесін, тілдесу жағдайларының ерекшеліктерін есепке ала отырып, қарым-қатынас процесін оңтайлы құра алмайды.

Оқушылардың дезадаптация жағдайында психологиялық-педагогикалық ұсыныстар: пікір сайыстарға қатысуда адекватты әдістерді қолдануға, өз ойын сауатты, орынды, әрі сыпайы жеткізуде өз көзқарасын негіздеуде жалпы ұжымның мақсатымен санаса отырып, әрекет етуге, сұхбат барысында ересектермен (ата-аналармен, педагогтермен т.б.) және құрдас-тарымен әлеуметтік ара қатынасты ұстануды меңгерту қажет.

#### *Әдебиеттер:*

1. Абрамова, Г.С. Возрастная психология: Учебное пособие для студентов вузов. М.: Изд-ий центр "Академия", Раритет. - 2001. - 704 с.
2. Адаптация ребенка в школе: диагностика, коррекция, педагогическая поддержка: Сборник метод. материалов для администрации, педагогов и школьных психологов / под ред. М.Р. Битяновой. - М., 2007.
3. Азарова, Т.В., Битянова М.Р. Развивающая работа психолога на этапе адаптации детей в школе // Мир психологии - 2006. - № 1. - С.147 - 170.
4. Александровская, Э.М. Социально-психологические критерии адаптации детей к школе // Школа и психическое здоровье детей. - М.: Издательство "Медицина", 1988. - С.32 - 43.
5. Андреева, Г.М. Социальная психология: учеб. для высш. шк. - М.: Аспект-Пресс, 2003. - 357с.
6. Андрющенко, Т.Ю. Коррекция психологического развития младших школьников на начальном этапе обучения / Т.Ю. Андрющенко, Н.В. Карабекова // Вопросы психологии., 2003. - №1.
7. Артемов, С.Д. Социальные проблемы адаптации / С.Д. Артемов. - М., 2010.

*И.К. Аманова -психол.ғ.к., доцент  
М.С. Досмағамбет. - Психология мамандығының 2-курс магистранты  
«Тұран» университеті, Алматы қ.*

### **ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

Отбасы мен неке қиюға дайындық мәселесі қазіргі Қазақстан қоғамының өте өзекті мәселесі болып табылады, өйткені неке институты бірқатар маңызды өзгерістерге ұшырады. Мұның себебі саяси және әлеуметтік өзгерістер, өмірлік құндылықтарды қайта бағалау және адамдардың санасында жаңа стереотиптердің қалыптасуы болды. Жеке тұлғаның отбасын құруға психологиялық жетілмегендігі немесе дайын еместігі неке институтына деген көзқарастың өзгеруінің себебі ретінде қарастырылады.

Сонымен, отбасын құруға дайын болу дегеніміз неке қатынастарының жүйесі ретінде қарастырылады, оның психологиялық компоненттері ерлі-зайыптыларына, болашақ балаларына қатысты жауапкершілікті қабылдау, басқа отбасы мүшелерінің құқықтары мен қадір-қасиеттерін түсіну болып табылады. Отбасылық одақта адамдар арасындағы қатынастардағы теңдік қағидаларын мойындау, ынтымақтастыққа ұмтылу және күнделікті қарым-қатынас, басқа адамның әдеттері мен мінез ерекшеліктеріне бейімделу қабілеті және оның психикалық күйін түсіну, некеге тұру мотиві және қарым-

қатынас отбасылық өмірдегі талаптар мен міндеттер [1].

Некеге дайын болу отбасын құру мен сақтауда, сондай-ақ қоғамның дамуы мен сақталуында маңызды рөл атқарады. Сондықтан, жастардың отбасылық өмірге дайындығын анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді.

Жастардың некеге деген қатынасын эмпирикалық зерттеу «Тұран» университетінде 2021 жылы жүргізілді. Зерттеуге «Тұран» университетінің 1-4 курс студенттері қатысты. Барлығы 80 респондент.

Келесі әдістерді қолдана отырып, жастардың некеге және отбасылық қатынастарға дайындығына, сондай-ақ отбасының қалыптасқан имиджі туралы идеяларға талдау жасадық.

И.Ф. Юнданың «Отбасылық өмірге дайындық тест – картасын» қолдандық. Сауалнаманың мақсаты - отбасылық қатынастардың әл-ауқатын және болашақ ерлі-зайыптылардың отбасылық функцияларды орындауға дайын болуын анықтау, отбасылық жағымды жағдай туғызу, туыстарымен сыйластық, достық қарым-қатынасты сақтау, балаларды тәрбиелеу, ерлі-зайыптылардың интимдік өмірін құру, салауатты отбасын құру мен тұрмыстық режим және т.б. Сондай-ақ, осы техниканы қолдана отырып, біз отбасылық қатынастардың әл-ауқатының болашағы туралы айта аламыз.

Тест отбасында туындайтын бірнеше типтік жағдайларды қамтиды. Респондент ұсынылған 10 жағдайдың әрқайсысынан жауаптың үш нұсқасының біреуін таңдап, мінез-құлық нұсқаларын бағалауы қажет.

1-суретте студенттердің ұсынылған жағдайларға жауаптарының нәтижелері көрсетілген.

Сауалнамаларды талдау нәтижесінде, 1-суреттен, зерттелушілердің отбасылық өмір туралы түсініктері жеткілікті қалыптасқан көруге болады.



**1- сурет.** И.Ф. Юнданың «Отбасылық өмірге дайындық тест – картасының» нәтижесі

Жүргізілген әдістеменің нәтижелері бойынша респонденттердің 65% -ы отбасы мен некеге дайындық деңгейі орташа деп қорытынды жасауға болады. Тест нәтижелері бойынша орташа көрсеткіштер көрсеткен зерттелушілер болашақта жеткілікті үйлесімді отбасылық қатынастар құра алатындығы туралы айтады. Сонымен қатар, нақты өмірлік жағдайларды шешуде жұптарын тыңдауға және компромисске дайын. Респонденттердің шамамен 27% -ы жоғары деңгейді көрсетті. Осыған сүйене отырып, біз отбасын құруға дайындықтың когнитивті компоненті қалыптасты деген қорытындыға келуге болады.

Олар отбасылық өмірде қандай функциялар атқарылатындығын, отбасының әр мүшесі қандай рөл атқаратынын анық біледі. Зерттелушілер отбасылық мәселелерді бірлескен шешуді, өзара көмек пен бір-біріне қолдау көрсету, серіктестің пікірін есту қабілетіне негізделген жауаптарды таңдады.

Төмен көрсеткіш көрсеткен 8% зерттелушілер, отбасылық өмірге әлі де дайын еместігін анықтайды. Яғни, бұл жастардың, моральдық тұрғыдан да, оның болашақ жары мен балаларына қатысты жаңа міндеттер жүйесін қабылдауға да дайын еместігін білдіреді.

Отбасындағы құндылық бағдарын анықтау үшін «Отбасылық өмірге моральдық дайындық» сауалнамасын қолдандық. (Е. К. Погодина). Сауалнама 16 сұрақтан тұрады және «толығымен келісемін», «келісемін», «айту қиын», «келіспеймін», «мүлдем келіспеймін» деген 5 жауапты қамтиды.

Жалпы нәтижелік көрсеткішті алғанда, отбасылық өмірге моральдық дайындықтың басым көпшілігі, яғни 61%-ы орташа деңгейде, 19%-ы жоғары деңгейді көрсетті. Яғни, бұл зерттелушілер неке және отбасылық қатынастар туралы саналы түсінікке ие. Олардың тұлғааралық қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа дайын екендігі, адамның ішкі әлеміне енумен байланысты қасиеттердің болуы, яғни эмпатиялық кешенін, кикілжің туындаған кезде, сындарлы түрде шеше алу қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл респонденттер отбасын құндылық ретінде алдыңғы қатарға қояды.

Төмен деңгейді көрсеткен 20% зерттелушілер отбасылық өмірге моральдық дайындығының жеткіліксіз екендігін білдіреді.



## 2 - сурет. «Отбасылық өмірге моральдық дайындық» сауалнамасының нәтиже көрсеткіші

В.Ю.Шапиро жастардың некеге тұру мотивтерін түсінуге бағытталған жұмысты ең маңызды алдын алу шарасы деп санайды [2]. Сондықтан, мотивациялық компоненттің қалыптасу деңгейін анықтау үшін біз С.И.Голодқа сәйкес «Некеге тұру мотивтері» [3] сауалнамасын қолдандық. Бұл әдістеменің мақсаты - жастардың некеге тұруының негізгі мотивтерін анықтау. Осы әдістемені орындау барысында респонденттер некеге тұру себептерін таңдады. Алынған нәтижелерге сәйкес, жастар (олардың маңыздылығына қарай) басты мотивтер ретінде: махаббат, ортақ көзқарастар мен қызығушылықтар, жалғыздық сезімін бөліп көрсетті.

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, біз үйленудің басты мотиві - махаббат деген қорытынды жасауға болады. Бұл жауапты респонденттердің 47% -ы таңдады. Респонденттердің шамамен 23% -ы ортақ көзқарастар мен мүдделер негізінде отбасын құруды жоспарлайды. 10% -дан астамы жалғыздықтан құтылу үшін үйленгісі келеді. Көбіне бұл мотивке жастар, сондай-ақ жанашырлықпен үйлену тап болады. Отбасылық қатынастарға түсудің ең аз таңдалған мотиві болашақ жұбайы үшін үйдің болуы болды.

Зерттеуімізді қорытындылай келе, жастардың отбасы туралы қалыптасқан пікірлері бар. Аталған әдістерді қолдану жастардың некелік серіктес таңдауының себептерін, жастардың некеге тұру себептерін толық талдауға, отбасы құндылықтарын түсіну деңгейін және отбасы туралы түсініктердің қалыптасуына дайындық дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді.

### *Әдебиеттер:*

1. Эйдемиллер, Э. Г. Психология и психотерапия семьи. – 3-е изд. [Текст] / Э. Г. Эйдемиллер, В. В. Юстицкис. СПб. : Питер, 2002
2. Голод, С. И. Семья и брак: историко-социологический анализ/ С. И. Голод. – СПб. : Прополис, 2018.
3. Швец, А. М. Мотивация вступления в брак и ее влияние на кризис будущей семьи / А. М. Швец, Е. А. Могилевкин, Е. Ю. Каргаполова // Вопросы психологии. – 2006.

*Ж.Ж. Бейсенова*

*психол.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

*С.М. Аятаева*

*«БВ03106-Ұйымдастырушылық психология» мамандығының студенті*

*Каспий университеті, Алматы қ.*

## **ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ЖӘНЕ НЫҒАЙТУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қазіргі таңда балалар денсаулығын сақтау мен оларға салауатты өмір салты дағдыларын меңгерту проблемалары барған сайын өзекті бола түсуде. Балалар денсаулығы – бұл біздің болашағымыз салынған саясат. Сондықтан, бүгінгі күні мектептің педагогика ұжымы мен ата-аналар жұртышылығының алдында тұрған ең басты міндет – дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денсаулығы – қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саналы жетістіктерін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің қатарына жатады.

Оқушылардың өміріндегі көп мезгілдерінің бірін өткізетін, ол орта – мектеп. Оқушының бойында ағзаның өсуі мен дамуы, биологиялық және әлеуметтік жетілуі байқалып, өмірге деген көзқарасы, шығармашылық және жемісті іс – әрекеттіліктерге дайындығы қалыптасады. Ендеше салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру, бүтіндей педагогикалық процессте жүзеге асады деуге болады. Қазақстандағы мектеп оқушыларының денсаулық деңгейлері негізгі мәселелердің бірі. Білім беру адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін ұрпақ тәрбиелеу және оқыту үрдісі болып табылады. Қазіргі білім саласына көптеген өзгерістер еніп жатыр. Бұл өзгерістер тек қана білімнің кейбір салаларында ғана емес, жалпы оқыту мен тәрбие жүйесіндегі түбегейлі өзгертулер.

Қазіргі кездегі халықаралық тәжірибе мен қазақстандық мектептердің дәстүрлерін ескере отырып, ұлттық білім беру үлгісінің қалыптасқанын байқаймыз. Демек, Қазақстан республикасында білім беру жаңа бетбұрыс алуда. Ол экономикалық және рухани дамуын қамтамасыз ету жолындағы жеке тұлғаның адамгершілік, парасаттылық, эстетикалық және физиологиялық, психологиялық жағдайын үнемі жетілдіріп отыруын көздейді. Осыған байланысты шығармашыл, белсенді, әлеуметтік жауапкершілігі мол, парасатты, кәсіби білімді, сауатты, салауатты, денсаулық мәдениеті қалыптасқан жеке тұлғаны

тәрбиелеуді бірінші кезекке қояды. Алайда, ақпарат құралдарының материалдары және статистикалық деректердің көрсетуінше, хх ғасырдың аяғында, ххI ғасырдың басында мектеп оқушыларының денсаулықтары күрт төмендегені байқалған. Соңғы статистикалық мәліметтер мектепте оқыған кезеңде оқушылар денсаулығы жағдайының 4-5 есе нашарлайтынын дәлелдейді. Жабырқатар деректер оқушының нақ осы мектепте қандай да бір ауру табатынын растайды. Денсаулық мәдениеттілігінің төменділігі, денсаулыққа қарамаушылық себептері, оқушылардың арасында 40% салауатты өмір салтының теориясын білмейтіндігінен деп саналып отыр. Демек, мектептерге қазіргі кезде оқушылардың салауатты өмір салтын тәрбиелеу қажеттілігі, оны арнайы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып қалыптастыру қажеттілігі туады.

Балалардың денсаулық деңгейлерінің көрінісі көпшілік жағдайда мектептердің жауапкершілігінде екені көрсетіледі. Сондықтан, мектепте оқушылардың денсаулығы ерекше өзекті мәселе болуы тиіс. Міне, сондықтан оқушылар денсаулығы проблемасы қазіргі уақытта педагогикалық шеңберден шығып, әлеуметтік мәнге ие болды. Бұл нені білдіреді? Ұлт саулығын біздің болашақ ұрпақты қадірлейтіндердің бәрі де өскелең ұрпақ денсаулығын нығайтуға тиісті. Жалпы білім беру мекемесі бүкіл жұмысының негізі және мақсаты бірінші кезекте әрбір оқушының рухани және тән денсаулығы болуы тиіс. Бұл ұлт денсаулығына және біздің елдің өмірге қабілеттілігіне де байланысты.

Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заманның талаптарына сәйкес жүргізу, оқушының денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық қызметкерлер мен мұғалімдердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Педагогикалық процесте осы туындаған мәселені шешудегі тиімді жолдары мен құралдарын негіздеу қажеттілігі туындайды. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру ең алдымен, оқыту процесінде жүзеге асырылады. Заманауи педагогикада оқыту процесі оқушыны білмегеннен білуге және мұғаліммен бірлесе отырып, сәйкес ептілік пен дағдыға үйрету, оқыту ретінде қарастырылады. Оқыту процесі әртүрлі педагогикалық технологиялар негізінде, яғни, осы процесті едәуір тиімді де нәтижелі ететін оқушы мен мұғалімнің күш-жігерін, уақытын, денсаулығын жұмсаудағы әдістер мен тәсілдердің жиынтығы негізінде құрылады.

Педагогикалық үрдісте салауатты өмір салтын дәріптеу туралы сөз болғанда, ең алдымен денсаулық сақтау технологиясы туралы айтылуы керек. Мектепте оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын ұйымдастыру, оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық технологияларды сабақтарды сапалы, тиімді қолдану қажет деп есептеймін. Сондықтан, мектепте оқушылардың денсаулық сақтау ортасын құру, яғни оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту бағдарламасы құрылуы керек. Осы іс – шараларды іске асыру, тұлғалық ерекшеліктердің қалыптасуында позитивті мәнге ие екені анық.

**Оқу-тәрбие процесінде балалардың денсаулығын нығайту және сақтау бағдарламасы**

**Мақсаты:**

- мектепте денсаулықты нығайтуға ықпал ететін инновациялық білім беру ортасын құра отырып, салауатты өмір салты дағдысына тұрақты баулу мәселесінде оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін жетілдіру арқылы, білім алушылардың өмірін қорғауды, денсаулығын сақтау мен нығайтуды, оларға салауатты өмір салтын қалыптастыруды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, соның негізінде дені сау, денсаулық мәдениеті қалыптасқан, патриот, бәсекеге қабілетті, дербес тұлға қалыптастыру

**Міндеттері:**

- балалардың өмірін қорғап, денсаулықтарын нығайту, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарымен қамтитын оқушылардың өзіндік жеке дамуын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, оқушының өмір салтына, денсаулығына оң көзқарасын арттыру;

• Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерін шешу үшін мектеп және денсаулықты сақтау жүйесінің жұмысын біріктіріп, тиімді жағыдайлар қалыптастыру;

• оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша ғылыми-негізделген ұсыныстарды оқу үдерісіне енгізу;

• сабақтарда денсаулық сақтау технологияларын қолданып, салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

• Бағдарламаны жүзеге асыруда ата-аналармен бірлесе жұмыс атқару жұмысын ұйымдастыру;

#### **Өзектілігі:**

• Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салу керек» деген болатын. Оқу және сыныптан тыс жұмыстарда, оқушылардың өз беттерінше салауатты өмір салтының мәдениеттілігін көтеретін инновациялық денсаулық сақтау педагогикалық технологиялары қолданылса, онда қазіргі заман балалары дені сау болып тәрбиеленеді, оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастырудың оң нәтижелері анықталып, сабақ және сыныптан тыс жұмыстардағы денсаулық сақтау технологиясы жүйелі, сапалы түрде енгізіліп, нәтижелі болады.

#### **Күтілетін нәтиже:**

*Оқушының болжамдық үлгісі*

• дені сау, өз денсаулығын бағалайтын, сақтай білетін, денсаулық мәдениеті қалыптасқан,

- өзін-өзі дамытушы таным субъектісі
- өз-өзін бақылай, басқара алатын, өздігінен дами білетін
- шығармашылық өнімділігі жоғары
- рухани құндылықтары жоғары, патриот
- тұрақты емес әлеумет жағдайына тез бейімделетін
- қимыл белсенділігі жоғары және сау, салауатты
- дербес, бәсекеге қабілетті

**«Бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау және нығайту» бағдарламасының**

#### **кезеңдік жоспары:**

- Педагогикалық-әдістемелік сараптама жасау;
- Мектептегі балалардың денсаулығының негізгі жағдайын талдау, базасын құру;
- «Оқушы денсаулығы» дөңгелек стол;
- Мектептегі медициналық кабинетті жабдықтау;
- Оқытудың инновациялық технологиялардың денсаулықты нығайтып, сақтауға бағытталған әдістемелік жұмыс жоспарын жасау;
- Оқушылардың тез шаршауы, үрей сезімі, жұмыс жасау деңгейінің төмендеуін және басқа да психологиялық көрсеткіштерін анықтау.

• Балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуға арналған мұғалімдер мен ата-аналардың білімдерін көтеру жұмыстары жүргізу.

#### **Денсаулықты сақтау және нығайту бағдарламасы бөлімдері:**

- Психологиялық-педагогикалық қызмет;
- Медициналық қызмет;
- Санитарлық-гигиеналық қызмет;
- Салауатты өмір салтын ұйымдастыру жөніндегі қызмет;

#### **Эксперименттік жұмыс**

• Балалар денсаулығын ескере отырып, мектепке дейінгі және мектептегі өзара оқытуды байланыстыруды қамтамасыз ету

- «Денсаулықты сақтайтын оқыту технологиялары»

Мектептегі балалардың даму деңгейіне баға беру «Оқушының даму деңгейі» тақырыбында мұғалімдерге арналған семинар-конференция өткізу

- Мектептегі әлеуметтік-психологиялық қызметтің әдістемелігін жасау

- Оқу-материалдық базаны жақсарту

- Жоғары білікті мұғалімдер құрамы

- Дәрігер, мейірбике, психологтар, логопед, әлеуметтік педагогтар дене шынықтыру пәні мұғалімі жұмысының жүйелі, сапалылығы

- Педагогтар ата-аналарды түрлі оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелері бойынша деңгейлік, саралап оқыту жүйесін дамыту, оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстарына ата-аналарды қатыстыру

**Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерін шешу үшін мектеп пен денсаулық сақтау мекемесінің жұмысын анықтау**

- Оқушылар денсаулығының диагностикалық мониторингісін жасау;

- Оқушылардың денсаулығын сақтау үшін медициналық сақтандырумен қамтамасыз ету;

- Оқушылардың денсаулығын түзету және алдын-алу жұмыстарының жүйесін белгілеу;

- Денсаулыққа қолайсыз факторлар нақты денсаулық жағдайын білу;

- Денсаулық сақтау саласындағы педагогикалық ғылым мен практикасының жетістіктерін айқындау;

**Психологиялық-педагогикалық қызмет:** *Психолог, биолог*

- Оқушыларға, ата-анаға, педагогтарға ұсыныс, кеңестер;

- Оқу жүктемесін бақылау;

- Мектептің күн режимін бақылау;

**Медициналық қызмет;** *дәрігер, медбике*

- Баланың физиологиялық дамуы, денсаулық жай-күйі туралы мәліметті жүргізу, дайындау;

- білікті дәрігерлік көмек көрсету;

- Әрбір оқушыны жылыны екі рет медициналық тексерістен өткізу;

- Оқушыларды теңестендірілген толыққанды тамақтандырудың ұйымдастырылуын қадағалау;

**Салауатты өмір салтын ұйымдастыру жөніндегі қызмет;** *валеология, дене тәрбиесі, пән мұғалімдері*

- Түрлі іс шаралар ұйымдастыру;

- Үйірмелік жұмыстар, сыныптан тыс іс шаралар;

- Жылына 4 рет тоқсандық демалыс күндері, денсаулық күнін өткізу;

- Теориялық сабақтар;

**Санитарлық-гигиеналық қызмет:** *әкімшілік-шаруашылық БО, оқу ісі БО, ӘБЖ*

- Санитарлық-гигиеналық жағдайға бақылау жасау;

- Мектеп маңын көгалдандыруды ұйымдастыру, бақылау;

- Сынып кабинеттерінің жайлылығын бақылау.

### **Әдебиеттер:**

1. «Оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларын денсаулық сақтау технологиясы негізінде қалыптастыру»//[http://www.yesevi.edu.kz/last/dis\\_sov\\_ru/pedagogika/avtoreferat/Joldasbekova\\_B.rtf](http://www.yesevi.edu.kz/last/dis_sov_ru/pedagogika/avtoreferat/Joldasbekova_B.rtf)

1. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» журналы, №7 – 2010

2. «Қазақстан – 2030» стратегиясы

3. «Отбасы және денсаулық» журналы, №11-2009

4. «Денсаулық журналы», 2010-№8

5. «Валеология» 2008-№8



*Бейсенова Ж.Ж.,  
психол.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Рахметолла А.Ж.,  
«6B03106-Ұйымдастырушылық психология» мамандығының студенті  
Каспий университеті, Алматы қ.*

## **ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ МӘНІ**

Адам әлеуметтену процесінде жеке тұлға болып қалыптасады және индивид әлеуметтік қатынасқа түскенде жеке тұлға болып қалыптасады. Әлеуметтену индивид әлеуметтік «Мен»-нің қалыптасу процесі. Ол индивидтің барлық формаларды мәдениетті, тәрбие мен оқытуды меңгергенін қарастырады. Бұл процесс тәрбие нәтижесі ретінде болады. Яғни әлеуметтенудің екі жақты бағыттары болады: адамның өзі әлеуметтік дағдыларды игеру үшін барлық күш жігерін салады, және қоғам тәрбиелеу мен оқыту арқылы мәдениетке оны қалыптастырады. Адам дүниеге биологиялық тіршілік иесі ретінде келеді. Оның әлеуметтік тіршілік иесі болуға барлық нышандары болады. Ал тұлға әлеуметтенуіне ықпал ететін бірнеше факторлар бар. Бірінші топ- макрофакторлар (ғарыш, планета, әлем, ел, қоғам, мемлекет). Екінші топ-мезофакторлар (аймақ, қала, ауыл). Аталған факторлардың арқасында әлеуметтік тәрбие жүзеге асады.

Бала дүниеге келе салысымен, әлеуметтік қатынастар әлеміне тап болады- бір емес бірнеше роль ойнайтын адамдар арасындағы қатынас әлеміне. Осы рөлдерді меңгере отырып адам әлеуметтенеді, тұлға ретінде қалыптасады. Әлеуметтік қатынастар жүйесіне тек белсенді әрі толыққанды қатыса отырып өмір сүру барысында ойнауға тура келетін әлеуметтік феномен ретінде адам пайда болады. Бала дұрыс дамуы үшін оны қоршаған жағдайлар бұған ықпал етуі қажет, атап айтқанда дұрыс ұйымдастырылған тұрмыстық жағдай, дұрыс тамақтану, қатарластарымен қарым-қатынас, қоршаған орта адамдарының қабылдауы, жақын туыстарының сүйіспеншілігі. Тұлға жөнінде тұжырым дамудың әлеуметтік факторы жөнінде тұжырымсыз мүмкін емес. Бала дүниеге келе үлкен потенциалдық мүмкіндігі бар индивид ретінде қалыптасады Сол күшті олар қалай жүзеге асыратындығы, ол қандай тұлға болып қалыптасатындығы қоғамдық ортаға, тәрбие мен оқытудың жүйесіне, ересектермен қарым-қатынас жасау ерекшеліктеріне, баланың өз белсенділігіне тәуелді болады.

Белгілі психолог Л. И. Божович әсер алуға деген қажеттілік бала психикасының дамуында басты рөл атқаратындығы жайлы болжам жасаған.

Өскелең ұрпағымыздың бойына рухани маңызды сапаларды дер кезінде, дұрыс атқарылған әлеуметтік-психологиялық жұмыстары барысында қалыптастыруға болады. Яғни, баламен жұмыс барысында оның жеке ерекшеліктерін, даралығын, психологиялық жағдайын, жас кезеңдерін ескерген жөн.

«Әлеуметтену» ұғымы психология, философия және педагогикалық еңбектерде кеңінен қолданылады. «Әлеуметтендіру» сөзінің мәні адамды әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінде әр түрлі әлеуметтік бірліктердің (топтар, ұйымдар) түрлеріне интеграциялау. Әлеуметтендіру – мәдени элементтерді түсіндіру, әлеуметтік мұраттар мен құндылықты игеру негізінде жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру. Сондықтан әлеуметтендіру жүйесінің мазмұны қоғам талабымен айқындалады, яғни оның мүшелері қоғамның маңызды салаларын білу, өндірістік қызметке қатысу, заңды басшылыққа алатын азамат болуы қажет. Адамдардың мінез-құлқы әлеуметтендірудің объектісі ретінде қалады. Бірақ адам бұл процестің объектісі ғана емес, субъектісі болған жағдайда ғана әлеуметтенеді. Әлеуметтендіру қоғам талаптарын жеке тұлғаның қалыптасу кезеңінде бірте-бірте игеруі, сана мен тәртіптің маңызды әлеуметтік мінездері, оның қоғаммен қарым-қатынасын реттейді.

Тұлғаның әлеуметтік даму барысында қоғамда адам өзін тұлға ретінде сезінеді. Бұл тәрбие, білім және өзін-өзі тәрбиелеу жағдайында, адам өздігінен алдына мақсаттар белгілеп, оған жетуде өзінің бедел-сезімін түсінеді, қоғамдағы өз орнына сенімді.

Әлеуметтендіру – тұлғаның белгілі бір бейнесін дәріптейді, оның негізгі белгілері: адамның әлеуметтік қарым-қатынасы, достық, сүйіспеншілік, отбасы, өндірістік, саяси т.б. көрінеді. Әлеуметтендіру жүйесінің алдына қойған міндеттерінің екі тобы шешімін табады: тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтік кемелденуі. Бұл міндеттердің шешімі ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Соның ішінде, сыртқы ортаның қайшылықтары баланың бойында дамып келе жатқан ішкі қарсыластық күшіне сай келуі тиіс. Адамның орталыққа ұмтылыс күші, сыртқы мәдениетінен әлдеқайда басым болуы қажет, сонымен қатар, оның жаңа ағымын үздіксіз сезінуі керек.

Әлеуметтік бейімделу (адаптация) индивидтің қоршаған орта жағдайларына ыңғайлануы болса, ал әлеуметтік кемелдену өзінің іс-әрекетін жүзеге асыру, тәртіптің қарым-қатынаста тұрақтылығы, тұлғаның өзі туралы пікірі, өз-өзіне баға беруі. Әлеуметтендірудің көрсеткіштері: әлеуметтік ортаға бейімделу, әлеуметтік дербестік және әлеуметтік белсенділік.

Балалар, жасөспірімдер өзара қарым-қатынаста, әлеуметтену кезінде олардың дамуларына азды-көпті әсер ететін түрлі жағдайлардан өтеді. Адамға әсер ететін түрлі жағдайларды қозғаушы күш деп атайды.

Әлеуметтік тәрбиенің мазмұны жеке тұлғаны қалыптастырудың барлық жүйесін қамтиды. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында іс-әрекет пен адамның мінез-құлқы жеке тұлғаны қалыптастырудың компоненті ретінде келеді.

Білім және тәрбие орындарында әлеуметтік тәрбиенің мазмұны:

- ғылыми дүниетанымын қалыптастыру жеке тұлғаны әлеуметтендіру;
- жастардың адамгершілік тәрбиесінің құрамды бөліктері: отанға деген сүйіспеншілік, халықаралық мәдени қарым-қатынас, еңбекке деген жауапкершілік, саналы тәртіп, мінез-құлық мәдениеттілігі, эстетикалық және дене дамуы, жанұя мен әлеуметтік ортаның әсері, жеке тұлғаның әлеуметтік институттармен қарым-қатынасы, орта және тәрбие.

Жалпы адамды тәрбиенің әлеуметтік негіздерінің, мәдениеттің өзіне тән ерекшелігі, тұлғаның жан-жақты дамуының басты шарты адамшылық мәдениеттің барлық мұратын игеру болып табылады. Екіншіден, тәрбиенің мақсаты тұлғаны тәрбиелеу. Үшіншіден, тәрбиенің әлеуметтік мазмұнының ерекшеліктері тұлғаның іс-әрекетінің белсенді-жасампаз санасы жеке тұлғаның үйлесімді қалыптасуы іс-әрекет үстінде адамшылық мәдениетке үйренеді. Әлеуметтік педагогика психология ғылымымен тығыз байланысты болғандықтан, жас ерекшелігіне байланысты төмендегідей концепцияларға тоқтала өтсек. Аталмыш кезеңдерде бала бойында өз жасына сәйкес тұлғалық кикілжіңдер мен ортаға деген наразылық іс-әрекеттері танылады. Оның ішінде жасөспірімдік шаққа толығырақ тоқталсақ. Жасөспірімдік жас өмірлік циклдің бесінші сатысына келеді — эго — ұқсастықтың немесе ұқсастық диффузиясының дамуы. Тұлғаның дамуындағы бұл саты ең үлкен өмірлік дағдарыспен сипатталады. Дамудың үш тармағы осы дағдарысқа әкеледі: бұл қарқынды физикалық даму және жыныстық жетілу; «мен басқалардың көз алдында қалай көрінемін», «мен кіммін, қандай маңызым бар» деген уайым; өзінің кәсіби бейімділігін табу қажеттілігі. Бұл мәселеге ең алғашқы болып назар аударған — Я.А.Коменский. Адам табиғатына сүйеніп, ол өсіп келе жатқан ұрпақтың өмірін әрқайсысы алты жылға созылатын төрт жас кезеңіне бөледі. Ол есею шекарасын 6-12 жаста анықтайды. Оның пікірінше, есею ес пен елестің, оларды жүзеге асыратын дене мүшелері — тіл мен қолмен бірге дамуымен сипатталады. Жасөспірім шақта және жасөспірім кезеңінде де ересек жастағы сияқты адам өзінің ішкі әлемін дамыған рефлексивті қабілеттері арқылы ашады. Бұл сезім мен ой тылсымдарын тануға бағытталған. Жасөспірім кезеңі 15-16, 21-25 жас аралыққа дейінгі жас мөлшерін қамтиды.

Бұл кезең адамның сенімсіздік пен жүйесіздік кезеңінен шынайы ер жету шағы. Жасөспірім кезеңінде адамдарда өмір құндылықтарын таңдау мәселесі пайда болады.

Қорыта айтқанда бұл кезеңде ата-ананың жауапкершілігінің жоғары болуы жасөспірімдердің тәлім-тәрбиесіне көптеген септігін тигізеді. Бала тәрбиесі ата-ана үшін маңызды да жауапты. Себебі «не ексең соны орасың» деген астарлы сөздің де шығуы тегін емес. Сондықтан бала тәрбиесі, жасөспірімдер дұрыс тәрбиесі болашағымыздың жарқын кепілі екенін ұмытпауымыз қажет.

#### *Әдебиеттер:*

1. Овчарова Р.В., Практическая психология образования. М., Издательский центр «Академия», 2003.
2. Ипполитова М.В., Чернобровкина Е.Д. Педагогам и воспитателям о детях с отклонениями в развитии: Методическое пособие. М., 1994.
3. Калимов Е. А. Образ мира в разнотипных профессиях. М., 1995
4. Обухова Л.Ф. Возрастная психология. — М., 2014.
5. Практическая психология образования. М., 2007.

*Л.О. Сарсенбаева - психология ғыл., докторы, профессор  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет  
А.С. Косшыгулова - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің  
3-курс докторанты*

### **ӨЗІН-ӨЗІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Өзін-өзі ұйымдастыру еркін процестерді басқару ұстанымы ретінде өткен ғасырдың ортасында ғалымдардың назарын аударды. Бастапқыда, 1950-60 жж. өзін-өзі ұйымдастыру физиктерді, кибернетиктерді және жүйелердің жалпы теориясын жасаушыларды қызықтырды, олардың зерттеулері жаңа ғылыми бағытты ашты. Олармен жетілдірілген өзін-өзі ұйымдастыру тұжырымдамасы физикалық, химиялық, биологиялық және әлеуметтік жүйелерде бірдей байқалатын тең келмейтін жүйелердегі құрылымның пайда болу заңдылықтарын зерттеуге бағытталған. «Өздігінен ұйымдастырылатын жүйе» терминінің пайда болуы және оны ғылыми тілге еңгізу ағылшын кибернетигі У. Р. Эшби (W. R. Ashby) есімімен байланысты, ол оны алғаш рет 1947 жылы қолданды.

Кибернетика аясында өзін-өзі ұйымдастырудың зерттеуімен алдымен шетелдік ғалымдар айналысқан (Н. Винер, 1958; Г. Паск, 1964; У.Р. Эшби, 1966; А.Я. Лернер, 1967; В. Г. Пушкин 1988; Б.Г. Юдин, 1970 және т.б.).

Норберт Винер, өзін-өзі ұйымдастыруға кибернетикалық көзқарастың негізін салушылардың бірі болып табылады. Ол тірі ағзалар мен машиналарда ақпарат алмасудағы ұқсастық туралы жариялады, табиғаттағы өзін-өзі ұйымдастырудың құпияларын ашу кибернетикалық жүйелер мен жасанды интеллектінің дамуына күшті серпін бере алады деп санаған. Оның пікірінше, кибернетикадағы өзін-өзі ұйымдастыру мәселелерін зерттеушілердің негізгі міндеті – қоршаған ортаның өзгергіштігі жағдайында өз мінез-құлқын бейімдеуге қабілетті жасанды жүйелерді құру.

Кибернетикадағы өзін-өзі ұйымдастыру сыртқы және ішкі жағдайлар өзгерген кезде алдыңғы тәжірибені ескере отырып, өзінің құрылымын сақтауға немесе жетілдіруге қабілетті күрделі динамикалық жүйенің қасиеті ретінде қарастырылады (В.Г. Пушкин, 1974). Өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе бейімделу қабілетімен, сыртқы ортамен белгілі бір тепе-теңдік орнатуға деген талпынысымен сипатталады, сондықтан

ол қоршаған орта әсеріне салыстырмалы өзгермеушілік қасиетіне ие. Өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелердің маңызды параметрлері ретінде олардың күрделілігі, бейімділігі, тепе-теңдікке ұмтылу, сенімділік, икемділік және тұрақтылық қарастырылады.

Кибернетикадан кеңейе және өзгере отырып, «өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымы философияға өтеді, онда өзін-өзі ұйымдастыру динамикалық жүйелерді дамытудың ең жоғары формасы ретінде қарастырылады және өзін-өзі дамытудың философиялық ұстанымын жалпы ғылыми нақтылау үшін әрекет етеді (А.К. Астафьев, 1988; М.М. Ведмедев, 1988; А.А. Горелов, 1990 және т. б.).

Философиялық зерттеулердің нәтижесінде ғылыми білімнің ерекше саласы пайда болды – синергетика, ол пәнаралық зерттеулер арқылы өзін-өзі ұйымдастырудың жалпы заңдылықтарын анықтауға, хаостан тұрақты құрылымдар мен жүйелердің пайда болуы мен қалыптасу механизмдерін ашуға арналған. Синергетика тұрғысынан «өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымы күрделі динамикалық жүйені құру, жаңғырту немесе жетілдіру процесін сипаттайды, оның элементтері арасындағы байланыс қатаң емес, ықтималды сипатқа ие.

Ашық күрделі ұйымдастырылған жүйелермен айналысатын ғылым ретіндегі педагогика үшін маңызды философиялық-әдіснамалық мәнге синергетиканың келесі негізгі идеялары ие болды:

- 1) өзін-өзі ұйымдастыру қасиеттері барлық күрделі ұйымдастырылған жүйелерге тән, жанды және жансыздарға да, олардың ашықтығы жағдайында;
- 2) күрделі ұйымдастырылған жүйелерге олардың даму жолдарын таңуға болмайды;
- 3) олар үшін дамудың бірқатар балама жолдары үнемі болады, бұл олардың ішінен ең оңтайлысын таңдау мүмкіндігі бар екендігін білдіреді;
- 4) жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру беталыстарын біле отырып, эволюцияның көптеген иірімдерін айналып өтіп, оны тездетуге болады;
- 5) жүйенің болашақтағы жағдайы оның қазіргі күйін ұйымдастырады, қалыптастырады, өзгертеді.

Синергетиканың осы идеяларын студенттердің оқу іс-әрекетіне сырттай енгізе отырып, біз келесі қорытындыға келдік: оқу-кәсіби қызметтің өзін-өзі ұйымдастыруы студенттің оқу іс-әрекетін реттеуге, оларды белгілі бір оқу нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған бірыңғай жүйеге келтіруге, осылайша оқу процесін жетілдіруге бағытталған.

Жанды жүйелерге, яғни қоғамға және адамға қатысты өзін-өзі ұйымдастыру тұжырымдамаларын И.А. Аршавский, Н.А. Бернштейн, С.Н. Брайнес, Б.В. Свечинский, А.А. Ухтомский және т.б. ғалымдар қарастырған. Өзін-өзі ұйымдастыру ағзаның қоршаған ортаның өзгергіштігі жағдайында өзінің мінез-құлқын бейімдеуге және реттеуге қабілеттілігін көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, биологиялық жүйелердің маңызды ерекшелігі олардың мінез-құлқының мақсатқа сәйкестілігінде. Әсіресе бұл адамның іс-әрекетіне қатысты, оның ең маңызды жағы ретінде оның саналы және ерікті сипаты болып табылады. Адамның мақсатты өзін-өзі ұйымдастыруының негізінде, іс-әрекетті сәтті жүзеге асыру үшін оның жағдайларын саналы түрде көрсетуі және бағалауы жатыр.

Авторлардың ойларын зерттей отырып, біз зерттеу үшін маңызды қорытындыға келдік: өзін-өзі ұйымдастыру механизмі әр адамның бойына физиологиялық деңгейде берілген, сондықтан университет студенттерінде тиісті іс-әрекет түрін мақсатты түрде қалыптастыруға және дамытуға болады.

Қазіргі уақытта «өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымы өзін-өзі ұйымдастыруды, мысалы, табиғат жүйелерін дамытудың ерекше түрі ретінде қарастыратын әр түрлі ғылымдарда кеңінен қолданылады (Е. Н.Шульга, 1990) немесе әлеуметтік ұйымдағы өзін-өзі басқарудың даму нәтижесі ретінде пайдаланылады (В.А. Кушелев, 1988). Өзін-өзі ұйымдастыру әлеуметтік ынтымақтастық феноменіне де тән (Г.И. Рузавин, 1990).

Психологиялық ғылымда өзін-өзі ұйымдастырудың заңдылықтары мен тетіктерін дербес бағыт ретінде зерттеу салыстырмалы түрде жақында ерекшеленіп шықты.

Сондықтан бұл салада шешімдерін талап ететін әлі де көптеген теориялық және әдіснамалық мәселелер бар. Өзін-өзі ұйымдастыру мәселесінің зерттеушілері кез болып отырған аса маңызды мәселелердің бірі – бұл жалпыға ортақ ұғымдық аппараттың жоқтығы. Терминология мәселелері, әдетте, қарастырылып отырған құбылыстың жеткіліксіз зерттелгенін, оның қалыптасу үрдісінің аяқталмағандығын көрсетеді. Бұл көптеген авторлар синонимдер ретінде «өзін-өзі ұйымдастыру», «өзін-өзі басқару» және «өзін-өзі реттеу» ұғымдарын қолданатын психикалық өзін-өзі ұйымдастыру тұжырымдамасына да қатысты. Сонымен бірге, Н.М. Пейсахов белгілегендей, «кейбіреулер өзін-өзі ұйымдастыруды өзін-өзі басқарудың қызметі деп санайды, ал басқалары өзін-өзі ұйымдастыру туралы, өзін-өзі басқарудан гөрі, кең ұғым ретінде айтқанды жөн көреді. Осыған ұқсас көрініс «өзін-өзі басқару» және «өзін-өзі реттеу» ұғымдарының салыстыруында байқалады; өзін-өзі басқару өзін-өзі реттеуді қамтуы мүмкін, мағынасы жағынан оған тең болуы мүмкін, өзін-өзі реттеудің ауқымдырақ түсінігінің жеке бөлігі ретінде әрекет етуі ықтимал». Өзін-өзі ұйымдастыру бұл үнемі педагогикалық тәжірибемен айналысатын педагогтар мен психологтардың назарында жүретін мәселелерге жатады. Алайда, қоғам өмірінде өтпелі кезеңдер жиі байқалады, олардың барысында көптеген ескі мәселелер күшейіп, жаңалары пайда болады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердің ретроспективтік талдауы өзін-өзі ұйымдастыру мәселесіне деген қызығушылықтың артуы қоғамдық сипатта болған бірнеше кезеңдерді бөлуге мүмкіндік береді. Біраз уақыттан кейін, *жетпісінші жылдары* «өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымы алғаш рет «Жоғары оқу орын педагогикасының негіздері» оқулығына енгізілді (Н.В. Кузьмина және т.б., 1972), онда ол білім алушының еңбегін оңтайландыруға және өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен білім алу және өзіндік шығармашылық процестерін тиімді етуге бағытталған белгілі бір құзыреттілік пен дағдылар жүйесі ретінде түсіндіріледі. Бұл арада кәсіби-оқу өзін-өзі ұйымдастырудың қызметтік элементтері ретінде, әрекеттік тәсілдеменің субстрат-функционалды бағытының өкілі болып табылатын А.Г. Сорокова келесі реттегілерді белгілейді: а) оқу және бос уақытты жоспарлай алу қабілеті; ә) ақыл-ой шаршауының алдын алуды ұйымдастыра білу және т.б.

«Өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымын түсіндіру тәсілдерінің алуандылығы, біріншіден, аталған феномен екі қырынан зерттелетіндігімен түсіндіріледі: психологиялық және педагогикалық. Екіншіден, өзін-өзі ұйымдастыру күрделі және көпдеңгейлі құрылым болып табылады, оны зерттей келе, әр түрлі авторлар оның әр түрлі қырларына назар аударады. Үшіншіден, өзін-өзі ұйымдастырудың талдауына ғалымдармен түрлі тәсілдемелер қолданылуда.

#### **Әдебиеттер:**

1. Абрамова Г.С. Введение в практическую психологию / Г.С. Абрамова; Брест. ГПИ им. А. С. Пушкина. Брест, 1998.
2. Гарунов М.Г. Самостоятельная работа студентов / М.Г. Гарунов, П. Е. Пидкасистый. Москва: Просвещение, 1990. Вып. 1.
3. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию: курс лекций / Ю. Б. Гиппенрейтер. Москва: Педагогика, 1998.
4. Дьяконов Г.В. Психология педагогического общения / Г. В. Дьяконов. Кировоград: Модек, 1992.
5. Зеер Э.Ф. Личностно ориентированные технологии профессионального развития специалиста / Э.Ф.Зеер, О.Н. Шахматова. Екатеринбург: Педагогика, 2000.
6. Зеер Э.Ф. Психология профессионального образования / Э.Ф. Зеер. Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2009.
7. Крайг Р. Психология развития / Р. Крайг. Санкт-Петербург: Питер, 2000.
8. Митина Л. М. Психология профессионального развития учителя / Л. М. Митина. Москва: Знание, 1998.

*Ж.Ж.Бейсенов - психол.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
А.Ж.Жусупекова - «6В03106-Ұйымдастырушылық психология» мамандығының  
студенті, Каспий университеті, Алматы қ.*

## **ТҮЛҒАНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ**

Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде психикалық денсаулықтың бұзылуы жоғары көрсеткішпен сипатталады. Психикалық аурулардың, тұлға фрустрациясының, мазасызданулардың, стресстердің таралу көрсеткіштерінің өсу тенденциясы, әр түрлі суицидтердің, тұлғашілік келіспеушіліктердің, тәуелділіктердің (нашақорлық, ішімділік, токсикомания, ойын құмарлық және т.б.) орын алуы байқалады. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер салдарынан халықтың басым көпшілігінде, психологиялық әдебиеттерде теңелу дағдарысы деп белгіленген психологиялық феномен қалыптасып қалған болып шықты. Ол өз-өзін сезіну сезімін жоғалтуынан, өзгерген қоғамдағы өзіндік рөліне бейімделе алмауынан (немесе қиналуынан) пайда болады. Бұл жағдай өзгеріп жатқан қоғамдық және экономикалық қатынастар мен тұлғалық мақсаттардың, мінез-құлық стереотиптерінің қайта қалыптасуы қиыншылығы арасындағы талаптардың айырмашылығына байланысты туындайды. Адам денсаулығына оның жасайтын таңдауы тікелей әсер етеді. Денсаулыққа жетелейтін таңдаудың алғы шарты болып өзіндік ішкі дүниесіне, яғни Мен «дауысына» сүйенуі саналады, бұл таңдау жасау барысында оны бөліп алуға, тыңдауға, соған еліктеуге мүмкіндік береді.

Психикалық денсаулық мәселесіне көптеген ғалым-философтар (В.Е.Давидович, В.М.Розин, И.Н.Смирнов, К.С.Хруцкий, А.Е.Чекалов және т.б.), валеологтар (Р.И.Айзман, Г.Л.Апанасенко, И.Н.Гурвич, В.П.Казначеев, В.П.Куликов, А.Г.Кураев, В.А.Лищук, Т.Н.Маляренко, Л.А.Попова және т.б.), психологтар (А.А.Ананьев, Б.С.Братусь, О.С.Васильева, А.В.Воронина, И.В.Дубровина, И.В.Ежов, Р.Е.Калитеевская, Л.В.Куликов, А.Маслоу, Ю.И.Мельник, Г.С.Никифоров, К.Роджерс, В.Франкл және т.б.) зерттеулерінде қарастырылған [1].

Қазіргі психологиялық әдебиеттерге талдау жасағанда көптеген зерттеушілер денсаулықтың психологиялық аспектілерін осыған ұқсас терминдерді қолдана отырып қарастырған: “психикалық денсаулық” (Б.С.Братусь), “психологиялық денсаулық” (И.В.Дубровина), “тұлғалық денсаулық” (Л.М.Митина), “рухани денсаулық” (Ю.А.Кореляков), “жанның саулығы” (О.И.Даниленко), және т.б. [2].

Бүкіләлемдік денсаулық қорғау ұйымының пайымдауынша, психика саулығы дегеніміз адам ақыл-ойының, физикалық және эмоционалдық дамуының толыққанды жетілуіне ықпал етуші күй болып табылады [3].

Адам психикасының саулығын білдіретін нормалар мен аномалиялардың көрсеткіштерін анықтау – аса күрделі мәселелердің бірі. Мәдени-әлеуметтік дәстүрлердің норма көрсеткіштері болып есептелетін жағдай тарихи түрде қалыптасып қалған. Бірдей психикалық көрініс барлығына ортақ норма ұғымына қатысты қалыпты да, аномальды да болып саналуы мүмкін. Қазіргі заманғы ғылым психика саулығын медициналық және психологиялық көрсеткіштер қосындысы, сондай-ақ әлеуметтік нормалар мен құндылықтар арқылы анықтайды.

Адам денсаулығының осы аспектісімен шектелетін жағдайлары психикалық көріністердегі ауқымды әрі зерттелуі қиындыққа соғатын топқа жатады. Клиникалық түрде нақты көрінбеген психикалық ауытқу мен психикалық саулық арасындағы шекараны айқын ажыратып көрсету қиынға соғады. Оларды өзара ажыратып, сондай-ақ өзара жалғастырып тұрған шекара аумағы айтарлықтай кең болады, ал ауруды денсаулықтан бөліп тұрған шекара тұрақсыз әрі белгісіз болып табылады. Кейбір авторлардың мәліметтері бойынша, зерттелген адамдардың 20-26 пайызынан психикалық

ауытқулар, 40-62 пайызынан – шекаралық жағдай анықталып, 13-15 пайызынан ешқандай психикалық бұзылыстар байқалмаған [4].

Психика саулығы дегеніміз – адам мен сыртқы дүние арасындағы тепе-теңдік жағдайы, оның әлеуметтік ортаға, физикалық, биологиялық және психикалық ықпалдарға қатысты реакциясының сай болуы, жүйкелік реакция күші мен сыртқы тітіркендіргіштер арасындағы сәйкестігі, адам мен оның айналасындағылар арасындағы үйлесімділік, адамның шынайы объективтілік жайлы пікірінің басқа адамдардың пікірлерімен ұштасуы, өмірдің кез-келген жағдайына сын көзбен қарауы.

Адам психикасының саулығын білдіретін үш деңгейді көрсетуге болады:

- Психофизиологиясының саулық деңгейі (орталық жүйке жүйесінің қызметімен, жағдайымен анықталады);
- жеке психологиясының саулық деңгейі (психикалық іс-әректінің жағдайымен, қызметімен анықталады);
- тұлғасының саулық деңгейі (адам қажеттіліктері мен әлеуметтік орта талаптары, мүмкіншіліктері арасындағы қатынаспен анықталады).

Адам психикасының әрбір деңгейінде норма мен аномалиялар көрсеткіштерінің өзіндік медициналық-психологиялық және әлеуметтік құндылықтар жүйесі болатыны анық. Жағымсыз өзгерістердің бірінші деңгейде де, екінші деңгейде де, үшінші деңгейде де орын алуы мүмкін. Психофизиологиялық саулық деңгейіндегі ауытқулар орталық жүйке жүйесінде де, перифериялық жүйелерде де (мигрень, невралгия, неврит, полиневрит және т.б.) пайда болатын алуан түрлі жүйке аурулары түріне білінеді. Жеке психологиясының саулық деңгейіндегі ауытқулар бірқатар психикалық ауруларды (қабылдау, ойлау, есте сақтау және т.б. қабілеттіліктерінде ауытқулар) тудырады. Тұлға саулығының деңгейіндегі ауытқулар тұлғаның өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қалыпты түрде өмір сүру бағытындағы өзгеріске (нашакорлық, ішімділік, қылмыскер және т.б.) әкеліп соғады [5].

Психикалық аурулар мен ақыл-ой кемістігі түрлерінің бірқатары тұқым қуалайды. Баланы дүниеге әкелуді жобаламас бұрын, оның тұқымындағы психикалық аурудың орын алу-алмауын анықтау үшін медициналық-генетикалық кеңес беру пайдаланылады. Бұл белгілі бір ата-ананың ауру баланы дүниеге әкелуінің мүмкіндігін (тәуекелділігін) анықтайтын ерекше медициналық көмек түрі болып табылады.

Шизофрения, маникальды-депрессивтік психоз, эпилепсияның соққыдан болмаған түрлері, ақыл-ой кемістігі сияқты тұқым қуалайтын аурулардың пайда болуына қоршаған ортаның жағымсыз әсері мен генетикалық айғақтардың қосылысы себеп болады.

Мұндай тұқым қуалайтын өзгерістердің алдын алу шаралары ауруды ерте бастан зерттеу, медициналық-генетикалық кеңес беру және олардың дамуына кедергі болатын ортаны қалыптастыру әрекеттерінен тұрады.

Даун синдромы, сияқты хромосомдық аномалия пайда болған кезде генетикалық кеңес беру арқылы «қателік» қай жерде және қашан пайда болғанын анықтауға болады: әкесінің немесе анасының жыныстық жасушаларының қалыптасуы барысында ма, әлде аналық жыныс жасушасының немесе зиготаның пайда болуы барысында ма. Осы арқылы өзгерістері бар баланың тууының алдын алуға болады.

Тұқым қуаламайтын психикалық ақаулар да болады. Олардың болуына әйелдің жүктілік барысында жұқпалы ауруға ұшырауы немесе туу барысындағы психикалық және физикалық әсерлер немесе мидың зақымдалуы себеп болады [6].

Психика саулығын сақтауда бала тәрбиесін дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Жан-жақты дамуы, денсаулығын үнемі қадағалап отыру, пайда болған өзгерістерге дер кезінде түзетулер енгізу баланың психикалық ахуалының қалыпты болуын қамтамасыз етеді.

Адам психикасының саулығын сақтау мен жетілдіру негізі салауатты өмір салты болып саналады: ойлау мен еңбек ету әрекеттерінің тиімді күнтәртібі, жан дүниесінің



ахуалы мен қанағаттануы. Темекі шегу мен ішімдіктен бас тарту қажет. Өз эмоцияларын қадағалауды және есенгірететін әрекеттерге қарсы тұруды қалыптастыру керек.

Психика саулығы, қабілеттіліктері, мақсаттары мен қасиеттері жеке адамның қоршаған ортаға бейімделуіне себеп болады. Барлығына қолайлы, ортақ анықтаманы жасау мүмкін болмаса да, бұл психика саулығы жайлы кең таралған анықтама, өйткені әр түрлі адам қоғамдастықтары мен мәдениеттеріндегі бұл мәселеге қатысты барлық пікірлерді бір түйінге біріктіру мүмкін емес. Өз қоғамдастығындағы қалыптардан ауытқып бара жатқан адам психикалық ауру болып мойындалуы мүмкін. Әр түрлі мәдениеттер мен әр мәдениет ішіндегі әр түрлі уақыттардағы психикалық аурулар жайлы пікірлер алуан түрлі болады. Біріншісіне мысал ретінде мынаны айтуға болады: басқа американдықтардың көпшілігіне қарағанда индейцтердің көптеген тайпалары елестерді қалыпты құбылыс деп есептейді, ал екіншісіне мысал мынау болады: кезінде қылмыс ретінде, кейінірек психикалық ауру деп қарастырылған гомосексуалдылық қазіргі жағдайда жыныстық бейімделу нұсқасы болып саналады.

XIX ғасырдың соңынан бастап, З.Фрейдтің, содан кейін К.Юнг пен басқалардың зерттеулерінен соң, психология мен психиатрияда психиканың саналы түдегі іс-тәжірибемен ұштаспайтыны жайлы тұжырым қалыптасты. Психика мен ондағы ауытқулар жайлы зерттеулерге біздің саналы жан дүниемізді санадан тыс құбылыстар, импульстар, эмоциялар мен оларға қарсы тұратын қорғаныс механизмдері анықтайтыны туралы Фрейдтік ілім қатты ықпал етті [7].

Фрейдизмнің бұл ықпалы осы уақытқа дейін сақталуда, бірнеше жылдар бойы (1950-1960 жылдарға дейін) айтарлықтай әсер еткен, психикалық іс-әрекеттің бихевиоральдық теориясы ғана тыс қалған. Оны жақтаушылар психиканың санадан тыс нәрсе екеніне қарсы шығып, оның мінез-құлыққа түсініктеме бере алмайтынын айтты.

Адам санасындағы тәртіптер арасындағы жайттар жайлы зерттеулерді жүргізу үшін қазіргі заманғы психологияның басқа ғылымдармен, атап айтқанда, антропологиямен, нейробиологиямен, нейрохимиямен, кибернетикамен, лингвистикамен байланысын анықтады. XX ғасырдағы осындай ғылымдар терминологиясында психика саулығы ұғымына анықтама берілген. Мұндай терминологияны білмеген XIX ғасыр психологтарын психика саулығына қатысты мынадай қазіргі заманғы анықтама қанағаттандыратын еді: қоршаған орта ынталандыруына саналы және санадан тыс реакциялармен тиімді жауап беретін психика сау психика болып табылады. Қазіргі кезде XIX ғасырдағы француз психологы П.Жаненің «белгілі бір психикалық ой-пікірлер біздің санамызға сыймайды» деген идеясы өзекті болуда. Бұл интуиция пікірлері – Фрейд жазғандай «қолданылмайтын ойлардың қайнаған қазаны» емес, алайда олар көп уақыт бойы мойындалмаған [8]/.

Технологиялық, урбанизацияланған қоғамда өмір сүруші жеке адам өзінің әлеуметтік және этникалық тегіне қарамастан, әлеуметтік бейімделуін, яғни осы қоғамға сай қызмет жасауын қамтамасыз ететін белгілі психологиялық қасиеттерді меңгеруі қажет. Бұл қасиеттер дамудың әр түрлі кезеңдерінен белгілі бір ретпен өтуіне байланысты қалыптасады. Әрбір кезеңге адамның өзі шешетін мәселелері мен келесі кезеңге өтуіне қажетті қасиеттердің жиынтығы тән болады. Сонымен, жеке адамның психикалық саулығы жайлы пікір оның дамуымен, генетикалық шығу тегі және мәдени ортасымен салыстырылады.

Өкінішке орай, еліміздегі халықтың көпшілігі тұлғаны әлеуметтендірудегі бұзылыстардың басқа түрлерін — өзіндік бағалаудың дұрыс еместігін, талаптану деңгейін, өзіндік бағалаудың төмендеуін — зерттеуге айтарлықтай мән беріп отырған жоқ. Кейбір адамдар қарым-қатынас жасауда қиналса, екіншілері — өзіндік таным мен өзіндік дамуында қиындық сезінеді, ал үшіншілерінде – тұлғаның (көреалмаушылық, жаугершілік және т.б.) және мінез-құлықтың (әр түрлі психологиялық тәуелділік) деструктивтік қасиеттері басым болады. Бұған көп мысалдар келтіруге болады. Мұның бәрі ауру емес, қалыпты тұлғаға тән болады, және де адамның осындай қиыншылықтарды жеңуіне психиатр емес, кәсіби психолог көмек бере алады.



Сондықтан психикасы сау адам мен психикалық бұзылыстары бар адамдардың арасындағы айырмашылықтарды дәл және уақытында айқындап, қажетті психологиялық көмекті беру қажет деп санаймыз.

#### *Әдебиеттер*

1. Ананьев В.А. Введение в психологию здоровья СПб, 1998.
2. Никифоров Г.С. Психическое здоровье СПб, 1998.
3. Абрамова Ю.А. Психология в медицине М.1998.
4. Михайлов А.Н., Ротенберг В.С. Особенности психологической защиты в норме и при соматических заболеваниях // Вопросы психологии.-1990., №5.
5. Патохарактериологические исследования у подростков / Под.ред. АЕ.Личко, Н.Я.Иванова.-Л.,1981.
6. Еникеев М.И., Кочетков О.Л. Общая, социальная и юридическая психология. Краткий энциклопедический словарь. — М.: Юрид. лит., 1997
7. Майерс Д. Социальная психология Ускоренный курс М., 2007
8. « Немов Р.С. Психология: Словарь- справочник. М., 2003

*Ж.Ж. Бейсенова - психол.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Д.О.Аккулиева - «6В03106-Ұйымдастырушылық психология» мамандығының студенті  
Каспий университеті, Алматы қ.*

### **ТҰЛҒАНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бүгінгі таңда адамдар мен қоғамның салауаттылығы бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімділер қатарына жатқыза алмайды. Өйткені әрқайсымыздың денсаулығымыз – бұл жеке байлық қана емес, сондай-ақ еліміздің экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарт. Адамдардың денсаулығы да сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты.

Тұлғаның жаңа психологиялық мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағыттау, баланың психикалық дамуы, оны ілгері дамыту, мақсатқа бағдарлай ұйымдастыру, тәрбиелеуді басқару және өзін-өзі тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруға кең өрісті жағдай туғызады.

Қазіргі кезеңде тұлға – психологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді тұлғаны қалыптастыруға жоғары талап қояды. Ал қоғамның қазіргі жағдайында елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңғырту кезінде, жастардың болашақта ізгі ниетті азамат болып дамуына олардың тұлғасының дұрыс қалыптасу үрдісі үлкен ықпал тигізетіні сөзсіз.

Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адам сипаттамасы үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез-құлық пен іс-әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым-қатынастарының бірлігін құрайды. Нәтижесінде адамның кез-келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған тұлғаның ерекшеліктерімен анықталады. Тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты. Сонымен қатар тұлғаның дамуында нақтылы тарихи орта негізгі болып саналады. Оқушылардың тұлғасының дамуы, механизмді құрастыратын көптеген ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болып келеді.

Л.С. Выготскийдің «баланың психикасы әлеуметтік табиғатқа ие» деген пікірі осыған негізделеді [1]. Баланың тұлғалық дамуы, оның дамуындағы әлеуметтік жағдайлармен байланысты.

Сонымен, тұлға біріншіден, әлеуметтік қатынас пен саналы әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Екіншіден, бұл индивидтің жүйелі қасиеті, оның қоғамдық қатынасқа енуімен, анықталып және де біріккен әрекетпен қарым-қатынасқа қалыптасып отырады. Кеңес психологиясында, адамды тұлға деп, қоғамның субъектісі ретінде оның қарым-қатынасқа түсу жүйесін сипаттайды.

А.Н. Леонтьев «тұлға» ұғымына адамның шарттанған ерекшеліктері – физикалық конституцияны, жүйке жүйелерінің типтерін, темпераментті, биологиялық қажеттіліктерді, табиғи нышандарды, сонымен қатар меңгерілген өмірлік маңызды білімдерді, ептіліктерді дағдыларды жатқызады [2].

Қазіргі кезде психологияда эмоция жайындағы ілім және оның теориялық дамуы жалпы психологияның өзге тақырыптарымен салыстырып қарағанда өзіндік сипаты бар күрделі мәселелер қатарына жатады. Эмоция мен сезім жеке үрдістер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше және адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болады деп қарастырылады.

Қазақ тіліне аударғанда «эмоция» сөзі – ол жан-дүниенің қозғалысы, жан-дүниенің қобалжуы. Адамның эмоциялары оның мінез құлқында ерекше рөл атқарады. Эмоциялар мынадай қызметтер атқарады:

Эмоцияның жағымсыз бағалау рөлі – адамның оқиғаға адамның түрлі әсерінің болу мүмкіндігін білдіреді.

Эмоцияның басқарушы рөлі – Адамды қоршаған шындықты және қандай да бір оқиғаға қатынасын бейнелеуден басқа, адамның мінез құлқын басқаруда эмоция маңызды рөл атқарады.

Эмоцияның қорғаныс қызметі – адамға төнген шынайы немесе жалған қауіп туралы ақпарат береді. Бұл қызметі қорқыныш тың туындауымен тығыз байланысты.

Эмоцияның сигналдық қызметі – сыртқы көрініс арқылы адамның басқа адамға жай күйін хабарлауы. Академик П.К. Анохин адаммен жануарлардың мінез-құлқын бекітуде эмоцияларды маңызды деп көрсетеді. Эмоциялық әсерленулер эволюцияда тетік ретінде бекітілген, ол өмірлік дәрістерді оптималдық шекте ұстайды және өмірлік маңызы бар факторлардың жетіспеушілігінің немесе артықшылығының алдын алады деген көзқараста болды [3].

Тұлғаның эмоционалды сферасының зерттелуі психологиялық-педагогикалық тұрғыда аса маңызды. Себебі оқу тәрбие арқылы тұлға білім, іскерлік, дағдыны меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар айналадағы шындыққа, адамдарға деген эмоционалды қатынастарды қалыптастыру мүмкіндігі туады.

В.К. Виллюнас эмоцияларды жеке психикалық үрдістер ретінде емес, тұлғаның қызметінің көрінісі ретінде қарастырды [4]. Ол эмоционалды құбылыс бейнелеуші мазмұннан және эмоционалды күйзелістен тұрады деп санады.

Л.С. Выготский эмоциялардың теориялық мәселелерін өз зерттеулері арқылы қарастырған. Оның көзқарасы бойынша эмоциялар ағзаны белсенділікке ынталандырып, оның қоршаған ортамен өзара қатынасын реттейді [5].

Э. Клапаред эмоция туралы дамыған бала мен қалыпты жағдайдан ауытқыған баланы ересек адамдармен салыстыра отырып, арнайы тәжірибе арқылы зерттеді. Ол эмоция мен сезім жеке процестер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше деген көзқараста болды. Эмоция адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болатындығын да қарастырды [6].

З. Фрейд бірқалыпты дамыған бала мен жүйке ауруына ұшыраған баланың эмоцияларын ересек адамдардың тіршілігімен салыстыра отырып зерттеуге мамандардың үнемі көңіл аударып отыратындарына назар аударды [7].

Тұлғаның эмоционалдық дамуы субъектінің іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы қоршаған адамдармен қарым-қатынасының сипатына, мінез-құлық ережелерін меңгеруіне байланысты.

Көп жағдайда эмоция және сезім синоним ретінде қолданылады. Сезім – тұлға қасиеті, ал эмоция сезімнің көріну үрдісі деп қарастырылады. Сезімнің негізгі көзі адамның іс-әрекеттері. Адамның сезімдері бағыты, тереңдігі, тұрақтылығы және әсерлілігі жағынан әртүрлі болып келеді. Эмоция қалпындағы сезімдерді бастан кешіру азды-көпті байқалатын сыртқы көріністермен (бет-әлпет кейпі, ымышарат т.б.) қатар жүреді. Сезімдер адамның тіршілік қажетіне, өзара қарым-қатынасына байланысты сан алуан формаларда көрінеді. Сезімдерден эмоцияларды айыра білу қажет. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттіліктеріне сәйкес келу-келмеуіне байланысты пайда болып отыратын психикалық процестің түрін сезім деп атайды [8].

Қажеттіліктердің түрлеріне, жағдайға байланысты сезім көптеген жағымды және жағымсыз түрде өтеді: қуану, шошыну, абыржу, наздану, мазасыздану, зерігу, психоэмоционалдық зорлану. Сезімдер мен эмоциялардың бірнеше сапалық ерекшеліктері бар. Олардың сапасын көрсететін осындай ерекшеліктердің бірі – қарама-қарсы, полярлық сапалықтар деп аталады (сүйсінусүйсінбеу, көңілдену-қажу, шаттық-уайым, т.б.). Олар өзара екі полюске ажырасып, біріне-бірі қарама-қарсы мағынада болады.

Сезімдердің екінші ерекшелігі – олардың белсенді және солғын көрініс беруіне байланысты. Адамға ерекше күш беріп, әрекетке ұмтылдыратын, көтеріңкі сезімдер стеникалық (стен - грек тілінде күшті деген мағынаны білдіреді) деп аталады, ал адамды күшінен айырып, барлық іс-әрекеттерін баяулататын сезім түрлерін астеникалық (астения – әлсіз) деп атайды.

К. Изард бойынша эмоциялық ахуалдар және олардың психологиялық сипаттамаларымен сыртқы көріністері көрсетіледі.

Қызығушылық (эмоция ретінде) – дағдылармен біліктерді, білімдер мен түрткіні дамытуға ықпал ететін жағымды эмоциялық ахуал.

*Қызығушылықтың қалыптасу құрылымына:*

- жағымды эмоционалды қатынастардың тууы;
- тереңдетілген жағымды эмоционалды қатынастардың тууы; орнықты (тұрақты) қызығушылық;
- таңдану – кенеттен пайда болған жағдайларға жағымды немесе жағымсыз эмоциялық реакция; қуаныш – қажеттілікті толық қанағаттандыру мүмкіндігіне байланысты жағымды эмоциялық ахуал.
- Ашу – маңызды қажеттілікті қанағаттандыру жолында кенеттен пайда болған, әдетте аффект жағдайында өтетін жағымсыз эмоциялық ахуал жатады.
- Жек көру – субъектінің өмірлік ұстанымдары, көзқарастары, мінез-құлқының өмірлік ұстанымдарымен, көзқарастарымен және мінезқұлқымен сәйкес келмеуінен туындайтын жағымсыз эмоциялық ахуал.

• Қорқыныш – қауіптің төнгенін сезгендегі адамның немесе жануардың қорғану биологиялық реакциясын бейнелейтін жағымсыз эмоциялық ахуалы. К. Изард қорқыныш пен мазасыздануды ажырату қажеттілігін бірқатар зерттеулері арқылы көрсетеді [9].

3. Фрейдті толғандырып ойландырған мәселе адамның өз басынан кешіретін эмоциялық күйлік көріністері. Әсіресе ол адамның ашу үстінде өз психикасы мен санасын басқара алмай абдырауы, эмоциялық толқу үстінде адамның өзі істеген істеріне есеп бермейтіндігі не себептерге байланысты деген мәселелерге ерекше назар аударуына себепкер болды және психологияға «мазасыздық» түсінігін енгізді [10].

Қазіргі психологиялық сөздікте «қорқыныш - бұл субъектінің әлеуметтік және биологиялық экзистенциясы үшін қауіп туындайтын аффекті - сезімдік эмоция» деп беріледі.

Фрейд бойынша «қорқыныш – бұл аффект күйі, яғни нақты бір жағдайларға байланысты қанағаттану және қанағаттанбаушылықты сезіну» [10].

Р.Ф. Овчарова қорқынышты адам санасында оның өміріне нақты бір қауіптің эффе́ктивті бейнеленуі (эмоционалды өткірлік) ретінде қарастырады [11].

Қорқыныш өзін-өзі сақтау инстинктіне негізделген, жоғары жүйке жүйесінің нақты физиологиялық өзгерістер мен қорғаныс рефлекстерімен сипатталады деп түсіндіріледі.

Сонымен, қорқыныш – бұл көптеген адамдарда үрей сезімін тудыратын эмоция. Сондықтан да қорқыныш адам өмірінің шынайы бөлігі болып табылады. Адам әртүрлі жағдайлардан қорқуы мүмкін, алайда бұл жағдайлардың барлығының ортақ белгілері бар. Ол адамдардың қауіпсіздігі мен тыныштығына қауіп төнген сияқты қабылданады және әсер етеді. Қорқынышты интенсивті түрде сезіну ұзақ уақыт есте қалады. Қауіпті түсіну өмірлік тәжірибеде тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырады, қорқыныштың туындауына баланы тітіркендіретін қауіпті әсерлердің біртіндеп жоғарылауы да себеп болады. Әдетте бұндай жағдайларда тәжірибеде (қорқыныш, ауру, конфликт) көрінуі байқалады.

«Қорқыныш» термині сияқты «үрей» термині де кеңінен қолданылады. Қорқыныш пен үрейдің ортақ белгісі мазасыздану және алаңдау сезімі түріндегі эмоционалды компонент болып табылады. Үрей мен қорқыныштың ерекшелігі шамадан тыс қорқу болып табылады. Үрей – бұл қауіпті алдын ала сезіну, алаңдау күйі. Үрей, негізінен, жауапкершілік, борыш, адамгершілік сезімі бар адамдарға тән. Сонымен қатар үрей өзінің және жақын адамдардың өмірі үшін жауапкершілікті сезіну, солар үшін алаңдаумен сипатталады. Егер үрей сезімі ұзақ уақыт созылса және қауіпті алдын ала сезсе, онда үрейдің объективті формасы қорқыныш ретінде қарастырылады. Кейбір жағдайларда қорқыныш үрейдің шығу қақпағы ретінде де көрінеді. Педагогика мен психологияда қорқыныштың әртүрлі классификациясы бар.

1. Шынайы.
2. Невротикалық.
3. Еркін қорқыныш.

Шынайы қорқыныш – сыртқы қауіпті қабылдауға қалыпты реакция ретінде өзін-өзі сақтау инстинктің рационалды көрінуі.

Невротикалық қорқыныш – невротиктердің «мақсатсыз қорқыныштардың» әртүрлі формасы психикалық инстанциялардың жұмыс істемеуінен туындайды.

Еркін қорқыныш – жалпы белгісіз үрейленушілік, қорқыныш тудыратын объектілермен байланысты емес жөнсіз қорқыныш.

Невротикалық қорқыныштар – жоғары эмоционалды интенсивтілікпен, ұзақ уақыт және тұлғалық мінез-құлқына жағымсыз әсер етумен, басқа да невротикалық бұзылушылықтардың әрекеттестігімен, қорқыныш объектілерінен қашумен сипатталады.

Қорқыныш – бұл интенсивті түрде көрінетін эмоция, оны қарапайым, шынайы және жасерекшелік сипаты бойынша және ауытқушылық деңгейіне байланысты ажыратуға болады. Әдетте қорқыныш қысқа мерзімді, қайтымды болады, адамдардың құндылық бағдарына тимейді, оның мінезіне, тәртібіне және қоршаған ортадағы адамдармен әрекеттестігіне әсер етпейді. Қорқыныш объектілерінен жанасудан қашатындықтан қорқыныштың кейбір формалары қорғаныс реакциясы қызметін атқарады.

Жас ерекшелік қорқынышы эмоционалды сезімтал балаларда олардың психикалық және тұлғалық даму ерекшеліктерінің көрінісі ретінде байқалады. Олар мына факторлардың негізінде пайда болады: ата-аналарда қорқыныштың болуы; баламен қарым-қатынаста мазасыздану, оны қауіптерден шектен тыс қорғау және құрбыларымен араласуын шектеу; сол жыныстағы ата-анасының тарапынан көп тыйым салыну немесе басқа жыныстағы ата-анасының балаға толық еркіндік беруі, сонымен бірге отбасындағы үлкендердің көптеген іске аспаған қоқан-лоққылары; сол жыныстағы ата-анамен рөлдік идентификация мүмкіндігі көбінесе ұл балаларда

болмайды; ата-аналардың арасындағы қақтығыстық қарым-қатынас; шошыну тәрізді психикалық жарақаттану; үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасау үрдісінде қорқынышқа психологиялық бой алдыру.

Агрессия бірнеше түрге бөлінеді:

- басқаларға күш көрсететін.
- вербалдық агрессия (айқай, шу, қорқыту, табалау, ұрысу) сияқты вербалды реакцияның мазмұны арқылы жағымсыз сезімдермен танытатын; негативті сезімдерді вербалды реакциялардың түрлері (ұрыс-керіс, шыңғыру) арқылы да, сондай-ақ мазмұны арқылы да, (қорқыту, балағаттау)
  - тікелей агрессия – нақты объектіге немесе біреуге бағытталған;
  - жанама агрессия – басқа адамдарға жанама жолмен бағытталған агрессия (жаман өсектер, қалжың және бағытсыз, ретсіз жүзеге асатын әрекеттер – айқай, үстелді жұдырықпен соғу және т.б.) түрінде көрінетін ашу;
  - инструменталды агрессия – қандай да бір мақсатқа жетуге құрал ретінде көрініс береді;
    - аутоагрессия – өзін-өзі кінәлау, өзін-өзі қорлау, өз денесіне физикалық қиянат жасау, өзін кемсіту, тәнін зақымдау, кейбір жағдайда өзін өлтіруге дейін баруынан көрінеді;
    - қастандық агрессиясы – біреуге әдейі зиян келтіру немесе объектіні зақымдау мақсатымен жасалады;
    - альтруистік агрессия – басқалардың шабуылынан қорғау мақсатымен сипатталады.

Агрессивті мінез-құлық дегеніміз – адам әрекетінің ерекше формасы. Мұндай мінезқұлық субъектінің нұқсан келтіру мақсатымен өзінен басқа адамға немесе адамдар тобына өз артықшылығын білдіріп, қыр көрсетуі немесе күш қолдануға тырысуымен сипатталады. Агрессивті мінез-құлық қарқындылығы мен пайда болу дәрежесі бойынша: жеккөрушілік, жақтырмаушылықтан – тіл тигізуге («вербалдық агрессия») және дөрекі түрде күш қолдануға («физикалық агрессия») дейін бөлінеді. Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан келгенде: жекелеген адамдардың агрессивті мінез-құлықтары жиынтығының, бұқаралық сипаттағы құбылыс ұтымының шеңберіндегі тұлғааралық агрессияның – топтық агрессияға айналуының мәні бар.

Шетелдік психологияда агрессивті мінезқұлықтың пайда болуының, себеп салдарларының сан алуан түрлері кездеседі. Агрессивті мінез-құлық нақты көріністерін түсіну үшін тұлғалық және ұжымдық әрекеттің жалпы құрылымындағы оның орнын айқындап алған жөн. Мысалы, агрессивтілік субъектінің қорғаныстық жауабына ұқсамауына, аффектінің салдары еместігіне немесе агрессивті мінезқұлық өзіндік мақсат-мүдде мен мәнге ие болып, ерекше тұлғалық және ұжымдық іс-әрекетке (ауытқыған, теріс мінез-құлық) көшуіне және т.б. баса назар аудару қажеттілігі.

Психологияда агрессияның тағы мынадай түрлері кездеседі: зиянды, зиянсыз. Зиянсыз агрессия: қауіп төнген кезде ғана пайда болып (қорғану мақсатында) артынан басылады. Зиянды агрессия: қатыгездік пен қауіпке толы болады.

Агрессияның бұл түрі барлық жастағы адамдарға тән, ал кейде ерте жастан басталады. Агрессия ми бөліктерінің әртүрлі ауруға шалдығуы немесе әлеуметтік жағдайларға байланысты пайда болуы мүмкін. Бүгінгі жастардың интернет желісі арқылы көретін кино, бейнефильмдеріндегі қатыгездік, күш көрсету көріністері олардың агрессивті деңгейін арттыруға себеп болатындығы ғылыми зерттеулер барысында дәлелденіп отыр.

Агрессивті балалардың мінез-құлқын тәртіпке келтіруде мына бағыттарда жұмыс істеу қажет:

1. Ашу – ызаны қолдануға болатын жағдайларға үйрету.
2. Балаларды әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстай алуға, өзін-өзі басқару әдістеріне үйрету.



3. Шиленіскен жағдаяттарда сейлесу дағдыларын қалыптастыру.

4. Адамдарға сену, жаны ашу сияқты қасиеттерді қалыптастыру.

Агрессияны мінез-құлық ретінде ғана емес, психикалық ахуал және эмоциялық компонент ретінде қарастырудың маңызы зор. Агрессивтілік кезінде адам қатты ашуланады. Дегенмен кез келген ашу агрессия тудырмайды. Адам қажеттілігін қанағаттандыру үшін шынай қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймай, онымен қатынас жасай білу керек. Осындай бейімделудің құралы болып адамның уайымдары саналады. Олар адам қажеттілігінің қанағаттануының деңгейін ерекше әсерлі түрде көрсетеді. Уайымдар адамның қоршаған ортамен қарым-қатынастарға бейімделуінің бастапқы құралы болып, кейінірек өзіндік мағынаға ие болады және адам қажеттілігін сезіне бастайтын психологиялық шындық түрінде көрінеді. Осылайша, адамның психологиялық дамуына шексіз мүмкіндік тудыратын қажеттіліктер пайда болады [15].

Адам өмірінің барлық аспектілеріндегі әлеуметтік, дене, эмоциялық, рухани және ақыл-ой жетістіктерінің үйлесімі ғана өмірінің шын мәнісі болып табылады. Денсаулық пен үйлесімділікке ұмтылса, бұлардың ешқайсысын да шеттетпеу керек.

Эмоционалды саулық – бұл организмдегі функциялардың өзіндік айналымының жеткілікті болуы, физиологиялық үрдістердің үйлесімі және сыртқы ортаның түрлі факторларына барынша бейімделгіштік күйлері.

Жан (психикалық) саулығы тек дене гигиенасы ғана емес, сонымен бірге психогигиена, руханилықтың өзіндік тәрбиесін, адами тұрғыдағы ұстанымды, сана тазалығын да қамтиды. Психикалық саулыққа жету жолы интегралды тұлғаға жету жолы. Психикалық саулық – психиканы жаттықтыру, психикалық процестерді дамыту (ес, зейін, қиялдау және т.б.), ақыл-ой мен сезімді тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Қоршаған әлеуметтік ортамен күнделікті қарым-қатынасқа түсу барысында адамдар бір-біріне әртүрлі ықпал етіп, әсерлер алады. Олардың жағымды, жағымсыздығына қарай ішкі жан дүниеміз жауап қайтарады.

Жүйкелік – психикалық эмоционалды қозу – стресс деп айтылады. Стреске ұшырамайтын адам жоқ және одан қорғану мүмкін емес. Сондықтан адамның қалыпты психикалық дамуы үшін стрестің ықпал ету деңгейі бар. Стресстің адам ағзасына жағымды және жағымсыз (дисстресс) әсерлері бар. Стресс ол эмоция және жағымсыз эмоция есебінен пайда болатын күй. Стресті мазасызданумен теңестіруге болмайды, өйткені стресс нақты мазасызданудың жоқ кезінде көріне алады. Егер стресс – бұл жүйке жүйесінің шамадан тыс қысымы болса, онда қобалжуға мұндай қысым күші тән емес. Стресс жағдайындағы үрейдің болуы қауіп немесе жағымсыздықты күтумен, оны алдын ала сезумен байланысты деп санауға болады. Сондықтан үрей дәл стресс жағдайында емес, ал осы күйдің бастауына дейін пайда болуы мүмкін.

Эмоционалды стресс – бұл қақтығысты өмір жағдайларында, адамның әлеуметтік және биологиялық қажеттіліктерін қанағаттануын ұзақ уақыт шектейтін, айқын көрінетін психоэмоциялық бастан кешулері.

Эмоционалды стресс салдарынан туындайтын ағзадағы өзгерістер өте көп. Әр адамда оған қарсы тура алушылық та әртүрлі. Қазіргі өмірде неше түрлі жағымсыз жағдайлар көптеп кездесіп тұрады. Эмоционалды стресс адамның әлеуметтік ортаға бейімделуінің психологиялық механизмдерінің бұзылуы жайлы белгілер береді. Балалардағы эмоционалды стресс жиі жағдайда олардың мінез-құлық үлгісін қалыптастырып алуына байланысты туындайды.

Сонымен барлық эмоционалды құбылыстар өзіне тән субъективтік және заттық мазмұнымен сипатталады. Барлық қажеттілікті қанағаттандыра алмауымен байланысты орын алатын эмоциялар сияқты шамадан артық эмоционалды зорлану теріс белгідегі эмоциялармен байланысты болады. Қажеттілікті қанағаттандыра алмауға себеп болған жағдайлар, шарттар, адамның алдына қойған мақсатына кедергі болған әлеуметтік ортадағы өзгерістер мен жағдайлар, ағзада болып жатқан физиологиялық процестер.

Психологиялық көмек көрсету арқылы үрей, гиперсезімталдық, сенімсіздік, стрестің жойылуына жағдай жасауға болады. Адам өз эмоцияларын басқару дағдыларын меңгеру арқылы өзін сырттан қауіп төндіретін факторлардан толық қорғай алады деген ой түйіндеуге болады.

#### **Әдебиеттер**

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология – М.,1990.
2. Овчарова Р.Д. Технология практического психолога образования. – М.,
3. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы, эмоций. Собр.сочин. в 2-х т. т. – М. 1983.
4. Петровский В.А. Личность в психологии. – Ростов-на-Дону,
5. Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С. Жантану атауларының сөздігі. – Алматы,
6. Бердібаева С.К. Тұлға психологиясы. – Алматы, 2013
7. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения. – М.:1996.
8. Анохин П.К. Системные механизмы высшей нервной деятельности. – М.: Наука, 1976.
9. Выготский Л.С. Спиноза и его учение об эмоциях в свете современной психоневрологии // Вопросы философии, 1970 №6. – С. 16-23.
10. Клапаред Е. Психология эмоций. – М.,
11. Фрейд З. «Я И Оно» -Т. Б.
12. Намазбаева Ж.И. Жалпы психология. – Алматы,
13. Изард К.Э. Психология эмоций. – СПб. Питер,
14. Фрейд З. Психология бессознательного. – М.,
15. Овчарова Р.Д. Технология практического психолога образования. – М.,
16. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы, эмоций. Собр.сочин. в 2-х т. т. – М. 1983.
17. Петровский В.А. Личность в психологии. – Ростов-на-Дону,
18. Жарықбаев Қ.Б., Сангилбаев О.С. Жантану атауларының сөздігі. – Алматы,
19. Бердібаева С.К. Тұлға психологиясы. – Алматы, 2013
20. Березин Ф.Б. Психическая и психофизиологическая адаптация человека. – Л.: Наука,

#### **Еркебаева С.Ж.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Педагогика және психология институтының «Мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарлама» кафедрасының «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелену мамандығының 3 курс PhD докторанты Қазақстан Республикасы, Алматы*

#### **Ошакпаева С.К.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Педагогика және психология, «Мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарлама» кафедрасының аға оқытушысы Қазақстан Республикасы, Алматы*

### **МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК-ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жаңа қоғам ертеңгі болашағын оқыту мен тәрбиелеу бесіктен, баланың нәрестелік шағынан басталады, үздіксіз даму барысында қалыптасады. Бұл білім беру жүйесінің барлық буындарына үлкен міндеттер жүктейді.

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып терең білімді, оқу барысында танымдық әрекеттерді бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта

алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Бұл ретте мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік құзіреттіліктерін қалыптастырудың білім, біліктерін жетілдірудің әлеуметтік мәні зор.

Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлесуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу тілін дамытуға, сөйлем құрастырып сөйлеуіне, сөздік қорының молаюына аса көңіл бөлген жөн. Сөйлеу бала үшін қарым-қатынас құралы болып табылады, оның ойлау қабілетін және мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлқының дамуына тіл маңызды рөл атқарады. Тілдің, сөйлеудің немесе сөздің әсерінен баланың қабылдау сипаттамасы өзгереді. Сөздердің ауызша көрсетілуі мен мән-мағынасын түсіне бастайды, демек, сөйлеу арқылы қабылдаудың сенсорлық типі мән-мағыналық, заттық типке ауысады.

Бала мектепке жақсы тілдік дайындықпен баруы тиіс. Бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіре түсу үшін тәрбиешілер тиісті әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың тілдік даму деңгейлерін жүйелі түрде бақылап, тексеру жүргізіп отыруы қажет. [[1]

Тіл дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін топтағы барлық балалардың тілінің даму деңгейін жақсы білу қажет. Кейбір балаларға ішінара бақылау, тексеру жүргізу арқылы бағдарламалық материалдардың қандай дәрежеде меңгеріліп жатқандығын, сабақ барысында қолданылып жүрген әдіс-тәсілдердің, дидактикалық ойын-жаттығулардың тиімді-тиімсіздігін анықтай алады.

Сөздің дыбыстық құрамын тексеруде: мектепке дейінгі балалардың дыбыс қолдануда жиі ұшырасатын кемшіліктер – сөз ішінде дыбысты дұрыс айтпау, сөз ішінде дыбыс қалдыру, не дыбыс алмастыру. Мұны анықтау үшін баланың өлең, тақпағын, таныс ертегіні қайталап айтып беруін өтіне отырып, көпшілік балалардың айтуға қиналатын р, л, с, ш, ж, з, б, п, ф дыбыстардың айтылуына мән берген дұрыс. Сонымен бірге баланың сөйлеу қарқыны, екпіні, мәнері де тәрбиеші назарынан тыс қалмауға тиіс.

Грамматикалық формада дұрыс сөйлеуін тексеру күнделікті өмірде үлкендермен қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Баланың бір ойды әртүрлі сөздермен жеткізе алу қабілетіне назар аудару. Мысалы: «Сыртта жел соғып тұр», «Далада жел болып тұр».

Байланыстырып сөйлеу қабілетін тексеру – ақыл-ой және эмоционалдық даму деңгейін байқатады. Оны мына тәсілмен жүргізеді:

• әңгімелеу. (баланың өзі білетін ертегі немесе әңгіме мазмұнын айтып беруін сұрау);

- өз бетінше әңгімелеуі;
- жетекші сұрақтарсыз әңгімелей алады;
- ересек адамның көмегін қажет етуі;
- мәтін мазмұнын толық жеткізуі;
- оқиғаны баяндауда бірізділікті сақтайды;
- кейбір бөліктерінің орнын ауыстырып алады;
- мәнерлеу құралдарын пайдалану іскерлігі;
- мәнерлеу құралдарын жиі дұрыс пайдалана алады;
- мәнерлеу құралдарын сирек қолданады,
- мәтінді ешқандай мәнерсіз жеткізеді [2].

Мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру үнемі коммуникативтік-тілдік бағытқа негізделіп, оқу іс-әрекеттері қарым-қатынас және мақсатты тапсырмалармен ұйымдастырылуы керек. Осы бағытта түрлі мониторингтер жүргізуге болады. Балалардың коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерін жетілдіру жұмыстары мынадай бағыттарда жүргізілсе:

1. Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында баламен қарым-қатынас жасағанда әсерлі сөйлеп, тыңдаушысын өзіне қаратып баурап алуы, яғни тіл мәдениетінің өте жоғары болуы шарт;



2. Бала тілін дамыту үшін ең тиімді әдісті пайдаланса;
3. Өтілетін мәтін, тапсырмалар, иллюстративтік материалдар қазақ баласының халықтық ұғымына таныс және жеңіл болуы;
4. Тіл дамытуда көркем шығармалар, мақал-мәтелдер, санамақтар, жұмбақтар, өтірік өлеңдер, ертегілер, өлең, тақпақтар, қызықты әңгімелер, шешендік сөздер іріктеліп алынса;
5. Сөздік жұмыстарын жүргізу, жаңа сөздерді үйрете отырып, оны іс жүзінде қолдану;
6. Жеңіл сөйлемдер құрату және ауызекі сөзде қолдана білу;
7. Билингвальды компоненттерді қолдану;
8. Тілдік жаттығулар жүргізу;
9. Тіл дамытуда ойын технологиясын қолдану;
10. Ата-аналармен қарым-қатынас барысында тіл мәдениетін сақтау [3].

Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы.Алтынсарин да балаларды оқыту, тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатынын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай-қай тілде болсада еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес», – деген.

Сондықтан да, күнделікті тәрбиеде ауыз әдебиеті үлгілеріне мықтап жүгінуі керек. Жалпы, бала тілінің дамуы бесікте жатқан кезі «бесік жырынан» басталады. Ол жырларда ананың баласына деген ақ тілегі, алдан күткен үміті мен сенімі анық білінеді. Ұлы Абай: «Туғанда дүние есігін ашады – өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең», – деген сөз осының айғағы.

Бала бақашадағы оқыту- тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып табылады.

Біз балабақшада 4-5 жастағы естиярлар тобында «Тіл дамыту» сабағында балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап айтуға дағдыландыру мен жалпы сөздік қорын байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын - баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғаса

береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерде педагогикалық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық мотивтерді туындатып, жағымды мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен және достарымен қарым- қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге көмектеседі. Ойын жаттығулар арқылы баланың білімділік дағдыларын күнделікті іс-әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады.

Тәрбиешілер психологиялық ойын- жаттығулар арқылы баланың жан дүниесінің, рухани жай-күйінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс- әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық- саусақ ойыны. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан- жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Ойынның әсіресе балалардың психологиясына тигізетін әсері көп. Ойын кезінде балалардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады. Балалар ойынының түрі де, мазмұны да әртүрлі ойынның барысында көрінеді. Ойынның сан алуандығы балаларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулытады. Бала табиғатынан қимыл-қозғалысқа құмар. Мысалы: «Баланың істегені білінбес», «Баламен ойнама шаршарсың» деген қазақтың мақал-мәтелдеріне қарасақ, балалардың ойынға аса құмар келетіні, ойын арқылы балалардың сана-сезімі, ақыл-ойы өсіп жетілетіндігі дұрыс көрініс береді. Балалық шақ ойыннан бөлінбек емес. Балалар ойындарының қандай болмасын мәдени ұлттық орталармен мазмұндастығы және мерзімдік жағынан әлдеқайда тұрақтылығы ойын феноменологиясын бір жағынан ғана ашады. Ал екіншіден, ойынның полифункционалдығы балалардың психологиялық құрылымдарының қалыптасуына және педагогикалық-психологиялық диагностикаға, яғни монито-рингтік іс-әрекетке мүмкіндік береді. Ойын әр уақытта және әр халықта болатын бірден-бір балалардың негізгі іс-әрекеті.

Қарым-қатынас тәсілдерінің бастысы – коммуникативті біліктілік. Сонымен қатар, коммуникативтік біліктілік құрамына қарым-қатынас құралдарын тиімді қолдану да кіреді. Сондықтан осы екі мәселені біріктіру арқылы баланың коммуникативтік біліктілігін, тілдік қорының дамуын анықтаймыз. Осы мақсатпен түрлі дидактикалық ойындар ұйымдастылады. Мәні бар ойындар негізінде балалардың мынадай коммуникативтік біліктері бағаланады:

- 1) балалардың қарым-қатынас кезінде басқаларды қызықтыратындай мәлімет беріп, оларды қолдай алуы;
- 2) балалардың қызығушылықпен тыңдай алуы және танымдық сипатта сұрақ беруі;
- 3) балалардың өз білгендерін қызықтыра, бар ниетпен басқалармен бөлісуге даярлығы және өз мәліметтеріне қызықтыра білуі;
- 4) балалардың басқалардың әрекетін қолдап, қоштайтындай вербальды және вербальды емес біліктерінің болуы;
- 5) басқалардың елгезектік таныта алуы;
- 6) басқалардың эмоционалды жай-күйін байқап, көріп, бөлісе білуі;

- 7) басқа балаларды қайраттандырып, жігерлендіріп, қолдай алуы және қарым-қатынасқа еліте алуы;
- 8) балалардың мәліметтерді толық жеткізе білуі;
- 9) балалардың мәліметтерді бөлшектеп жеткізе алуы.

Әрбір біліктілік 5 баллдық жүйемен бағаланады. Мұнда 5-өте жоғары, 4-жоғары, 3-орташа, 2-орташадан төмен, 1-төмен, 0-мүлде қалыптаспаған балалардың коммуникативтілік біліктерін сипаттайды [3].

Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, сол ойындардан үлкен де мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені, ең алдымен әр нәрсенің болсын жөн бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Сондықтан да, ойын бала бойындағы қандай да бір өнердің бастауы деп білеміз.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді., таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Қорыта келгенде, баланың коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерін дамыту үшін түрткі болатын екі күш қажет. Осы күштердің бірі болып ең алдымен ата-ана табылады, өз баласының ерекшелігін көріп, оны дұрыс бағалай және бағыттай біліп, біліммен, тәртіппен, еңбекпен ұштастырып отырса, бала тілінің дамуына қажетті жағдай жасаса, бұдан балаға, оның болашағына үлкен пайда болары сөзсіз.

#### *Әдебиеттер:*

1. Исмаилов Д.А., Абишева Ж.А. Развитие личности ребенка в процессе предшкольной подготовки. -А.: Рауан, 1998 -155с.
2. Айтпаева А.К. Казахские народные игры как средство воспитания младших школьников: Автореф... канд. пед. наук. А., 1997. – 24с.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – А.: Рауан, 1991. -174б.

*А.Қ. Талдыбаева - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Сорбонна-Қазақстан институты  
Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ.*

### **ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Қазіргі заманда ақпараттық технологияларды қолдана білу қабілеті - қоғамның әрбір мүшесі үшін қажетті оқу, жазу біліктерімен тепе-тең саналуда. Осыған орай, осы бағытта болашақ мамандардың меңгерген білімі мен дағдылары болашақта қоғам дамуының жолдарын анықтауға мүмкіндік бермекші. Сол себепті білім беруді ақпараттандыру педагогтарды даярлауда кәсіби қасиеттері мен деңгейлеріне жаңа талаптар ұсыну арқылы олардың жұмыстарында нақты қайта құруларды талап етуде. Педагогтарға программалау саласынан маман болу міндетті емес, өйткені оны сол мамандыққа сәйкес кәсіби дайындықтан өткен маман атқарады, алайда педагогтан программалаудан негізі түсінігі мен программист еңбегінің мәнін түсіне білу талап етіледі. Ал мұндай талаптарды жүзеге асыруда студенттердің ақпараттық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау қажеттілігі туындайды.

*Ақпараттық технологиялар* деп оқыту педагогикасында арнайы техникалық ақпараттық құралдарды (интерактивті тақта, электронды - есептеуіш машиналар, аудио, бейне) пайдаланатын барлық технологияларды атайды. Компьютерлер білім беруде кеңінен қолданыла бастады, *«оқытудың компьютерлік технологиясы»* термині пайда

болды. Компьютерлік технологиялар бағдарламалаған оқытудың идеяларын дамытады, заманауи компьютерлер мен коммуникацияның бірегей мүмкіндіктерімен байланыстытың, әлі зерттеле қоймаған нұсқаларды ашады. Оқытудың компьютерлік (жаңа ақпараттық) технологиялары – бұл оқытушыға компьютер арқылы ақпараттарды дайындау және беру үдерістері. Компьютерлік технологиясының мақсаты ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру, коммуникативтік қабілеттіліктерді дамыту, «ақпараттық қоғам» тұлғасын дайындау, зерттеу қабілетін қалыптастыру, оңтайлы шешімдерді қабылдау қабілеті болып табылады.

Ақпараттық - коммуникативтік технологияларды қолдану кезінде денсаулық сақтау технологиялары туралы естен шығармау керек, тәрбиелеудің техникалық құралдарын қолдануды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес уақытпен шектеу керек. Сөйтіп, АКТ-ны оқу-тәрбиелеу үдерісіне ендіру педагогтың кәсіби сипаттамасы болатын, педагогикалық шеберлікті құрайтын педагог құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін тудырады. Технология мен ақпаратты тиімді қолдана білетін педагогта ойлаудың жаңа, басқа стилі болады, туындайтын мәселелерді, өз іс-әрекетін ұйымдастыруын бағалауға өзгеше қарайды. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде бірінші орынға тұлғаның өзін-өзі дамыту идеясы, оның дербес іс-әрекетке дайындығы қойылады. Педагогтың қызметі ауысады. Енді ол интеллектуалдық ізденістің, эмоционалдық күйзелістің және практикалық іс-әрекеттің ұйымдастырушысы. Ол үшін оқытушының белсенді рөлін қалыптастыратын жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру қажет.

Өздігінен білім алудың негізгі формасы – әдебиеттермен өзге қайнар көздерімен өзбетімен жұмыс, практикалық тапсырмалар мен жаттығулардың өзбетімен орындауы, оқытушымен, ұжыммен, топпен, командирмен қарым-қатынас орнату. Сонымен қоса, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс техникасы мен әдістерін меңгеру тиімді болып табылады:

қызықтыратын ақпаратты жедел табу, талдау, өз тапсырмаларын орындауда қолдану, алынған ақпаратты тәжірибеде қолдану.

Өздігінен білім алуды ұйымдастыру жолдарын Н.В.Фомашина қарастыра келе, келесі позицияларды ұсынды: өз бетімен жұмыс істеуді ұйымдастыру, танымдық әрекетті қабылдау және әдістерді қалыптастыру, оқу әрекеттерінде өзіндік бақылауды жүзеге асыру. Осы мақсатта Фомашинаның пікірінше, әскери кафедра оқу ордасы танымдық әрекеттің мотивациялық компоненттерінің дамуына, шығармашылық тапсырмаларды шешуді қалыптастыра алуға, өздігінен білім алу әрекетінің компоненттерін өңдеу және өзара байланысына бағытталуы тиіс. Осы бағыттардың сәтті дамуы тұлға өзінің белсенді танымдық қызығушылығының басым болуы қабілетін дамытады. Өз кезегінде ол өздігінен білім алудың жоғары деңгейіне әкеледі және қорытындысында болашақ офицердің көшбасшылық сапасының дамуы жүзеге асады [5].

Айтылғандарға сүйене келе, өздігінен білім алу болашақ офицердің көшбасшылық сапаларын дамытудың бір формасы болып табылады.

Өздігінен білім алу болашақ офицердің көшбасшылық сапасын дамыту процессінің негізгі бөлігі ретінде болашақ офицердің өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігімен тығыз байланысты.

А.Р.Манукян әскерилердің өзін-өзі тәрбиелеуін әскери қызметкердің талаптарына жауап беретін тұлғаның белсенді, ұйымдастырылған мақсатқа бағытталған сапалары деп түсіндіреді [6].

Тұлғаның жалпы дамуы және бізге қажетті сапалардың дамуы – үздіксіз процесс, өзін-өзі тәрбиелеу – офицердің өмір бойы жүріп өтеді.

Т.В.Сулима мен Л.А.Кущенконың пікірлері бойынша болашақ офицердің көшбасшылық сапасын дамытуда өзін-өзі тәрбиелеу келесі факторлар мен шарттарды иемдену керек. Факторлары:

- өзін-өзі тәрбиелеу офицердің тұлғасының кәсіби өзіндік санасының дамуын анықталады;

- өзін-өзі тәрбиелеу офицер тұлғасының құндылықты бағдарын, қызығушылығын, тұрақты мотивтерінің жиынтығын қамтамасыз етеді;

- тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі офицердің қажетті сапалардың дамуы, сонымен қоса, кәсіби құзіреттіліктің жасалуының көрсеткіші болып табылады;

- өзін-өзі тәрбиелеудің әдістерін иемдену офицердің алдына қойылған мақсатты, мүмкіндіктер мен қиындықтарды дұрыс бағалауға көмектеседі.

Шарттары:

- Өзін-өзі тәрбиелеудің қажеттіліктерін белсендендіру;

- Кәсіби аймақ пен тұлғааралық өзара қарым-қатынас аймағын тұлғаның өзін-өзі тану қабілетін дамыту;

- Өзін-өзі тану мақсатында арнайы оқыту, бағдарлама құру, әдістерді таңдау [7].

А.В. Ивашенко тұлғаның өзін-өзі дұрыс тәрбиелеуінің пайда болуының механизмінің ерекше ролін көреді: психологиялық-педагогикалық, құрылымды-мазмұнды, құндылықты.

Өзін-өзі тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық механизмі мыналарды қосады:

- Ситуацияға байланысты көрінетін мотивация;

- Өздігінен реттелу механизмі, оның ішіне нақты субъекттің мақсаты, қиындықтарды жеңу үшін ерік-жігердің болуы, тұлғаның құндылығының дамуы үшін жетістікке жету шарттары;

- Эмоционалды және интеллектуалды ішкі қолдауының белсенділігіне әкелетін психологиялық ресурстарға, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу құндылығын сезінгенуге бағытталған тұлғаның өз Меніне қарым-қатынасы [8].

Өзін-өзі тәрбиелеудің этаптарына кеңірек тоқталайық. Өзін-өзі тәрбиелеу процессінің бастапқы этапында болашақ офицерге өзінің қабілеттерін және көшбасшылық сапалардың даму мүмкіндігін анықтау керек болады, сонымен қоса, өзін-өзі тану этапы жүзеге асады. Өзін-өзі тану үш бағыт бойынша жүзеге асады: өзін офицер ролінде сезінуі, офицердің

әскери қызметінде көрінетін жүйе талаптары, әскери қызметтің болашағын ұсына алу. Көшбасшылық сапаларды дамытатын пәндерді, нақты әскери қызметте өзін-өзі тексеруді, мінез-құлқын өзі бақылай алу және өзіндік талдауды өздігінен үйрену.

Өзін-өзі тану негізінде болашақ офицер өзін-өзі тәрбиелеуін қалыптастырады және өзін-өзі тәрбиелеуді жоспарлау этапына көшеді. Өзін-өзі тәрбиелеу жоспары индивидуалды түрде жасалады, өзінің жұмысын ұйымдастыруға арналады және келесідей сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- Көшбасшылық сапаларды дамыту мақсатындағы жұмыстар;
- Болжанған жұмыстың әдісі мен амалы;
- Алдыға қойылған тапсырманың орындалу мерзімінің шамасы.

Өзін-өзі тәрбиелеудің әдістерінің индивидуалды жүйесіне қарамастан Вальков ең керекті әдістер деп келесі топтарға бөлді: өзін-өзі сендіру, өзін-өзі ұйымдастыру, аутотренинг, өзін-өзі бақылау.

Өзін-өзі сендіру арқылы болашақ офицер көшбасшылық сапаларының дамуын мойындайды және кемшіліктерін жоюға талпынады.

Өзін-өзі ұйымдастыру әдісі өз мінез-құлқын ұйымдастыру және өзін басқара алу, қойылған мақсатқа жетуге талпынады.

Аутотренинг әдісі эмоционалдық-еріктік жаттығуларға негізделеді. Ол үшін өзін өзі сендірудің арнайы формуласы көмегімен адамның жүріс-тұрысына әсер ететін ұзақ есте сақтауды енгізеді.

Өзін-өзі тәрбиелеу мен өздігінен оқыту болашақ офицердің көшбасшылық сапасына әсер ететінін биографиялық әдіс пен естелік жазбалар әдістері арқылы тексеруге болады. Психологияда ең алғаш тұлғаны зерттеуде биографиялық әдістің негізін салған Ш.Бюлер болды. Негізгі өмірлік жол, биография талдауы арқылы жүзеге асады.

Болашақ офицердің өздігінен білім алу әдісі арқылы көшбасшылық сапасын зерттеу үшін танымал XX ғасырдағы әскери басшылардың естелік жазбалары қолданылады (А.Василевский, Г.К.Жуков, А.С.Куликов, Б.Л.Монтгомери, К.К.Рокоссовский).

А.А.Курносков естелік жазбалардың әр түрлі формаларын зерттеуде бірнеше түрлерін бөлді: барлық өмір жолының естеліктері, өмірдің белгілі бір кезеңіндегі естеліктер, әдеби жазбалар – шығармалар, күнделік жазбалары. Сонымен, әскери басшылардың өмір жолын қарастыру арқылы болашақ офицердің көшбасшылық сапасына қаншалықты әсер ететіндігін және өзін-өзі тәрбиелеу мен өздігінен білім алудың көмектесетіндігін тексеруге болады [9].

#### **Әдебиеттер:**

1 Galton, Francis Heredity Genius: an inquiry into its laws and consequences [Text] / Francis Galton. – London, Macmillan and co., 1869. – 390 p.

2 Кудряшова, Е.В. Лидерство как предмет социально-философского анализа: дис. ... д-ра филос. наук / Е.В. Кудряшова. – М., 1996. – 359 с.

3 Евтихов, О.В. Лидерский потенциал руководителя: специфика, содержание и возможности развития [Текст]: монография/ О.В. Е

4 Вальков А.А. «Развитие лидерских качеств курсантов ВУЗов внутренних войск МВД России в процессе самообразования» диссертация Санкт-Петербург-2014

5 Фомашина, Н. В. Организация самообразования будущих военных специалистов [Текст] / Н.В. Фомашина // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. – 2007. – №45. – С. 433-466

6 Манукян, А.Р. Самовоспитание военнослужащих как фактор самосовершенствования личности будущих офицеров [Текст] / А.Р. Манукян // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2007. – Т.: 18, № 44. – С. 390-395

7 Сулима, Т.В. Психолого-педагогические условия формирования готовности к профессиональному самовоспитанию [Текст] / Т.В. Сулима, Л.А. Куценко // Вестник поморского университета. – 2010. – № 1. – С. 129-134

8 Маслянов, Н.Н. Психолого – педагогические условия развития готовности курсантов к лидерству: дис. ... канд. пед. наук / Н.Н. Маслянов. – Калининград, 2001 – 162 с.

9 Курносоев, А.А. Приемы внутренней критики мемуаров (Воспоминания участников партизанского движения в период Великой Отечественной войны как исторический источник) [Текст] / А.А. Курносоев // Источниковедение: Теоретические и методические проблемы. – М.: Наука, 1969. – С. 478-505.

*Г.В.Кабдиева*

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы  
2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы*

## **ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Кадрларды даярлау жөніндегі ұлттық бағдарламаны және "білім туралы" Заңды іске асыру барысында қолданыстағы білім беру жүйесін реформалау үздіксіз білім беру жүйесі арқылы азаматтың жан-жақты дамыған жеке басын қалыптастыруды көздейді, онда жоғары білім ерекше орын алады. Нарықтық қатынастар мен инновациялық технологиялар кезеңінде болашақ педагогтардың педагогикалық шеберлігі мен кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар одан әрі арта түседі.

Жоғары білім беру жүйесінде оны жаңғырту контекстінде болып жатқан сапалық және құрылымдық өзгерістер, сайып келгенде, студенттердің кәсіби және жеке дамуына бағытталған. Маманның осы екі маңызды компонентін біз осы құбылысқа белгілі бір әмбебап сипат бере отырып, «кәсіби құзыреттілік» ұғымына біріктіреміз, өйткені біз оған кәсібилік, шеберлік, шығармашылық қабілеттер, жоғары интеллект және мәдени – адамгершілік құндылықтар кіреді деп санаймыз, бір сөзбен айтқанда, бұл маманның қалаған бейнесі. Университеттің гуманистік білім беру жүйесінде және белгілі бір іс-әрекетте өзінің кәсіби әлеуетін үнемі дамытып, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі қалыптастыру керек.

Сондықтан қазіргі білім беру процестерінің динамикасында жүйелі, интегративті бірлік, зияткерлік және практикалық дағдылардың синтезі ретінде қарастырылатын педагогикалық кәсіби құзыреттіліктің іргелі маңызы барған сайын артып келеді. Мұндай кәсіби құзыреттілік педагогикалық білім беру мазмұнындағы танымдық, функционалдық және мәдени бірлікті қамтиды. Бұған мұғалімнің жеке сипаттамалары, мысалы, құндылық бағдарлары, қабілеттері, мінез-құлық белгілері, балалармен өзара әрекеттесуге және практикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға дайындығы, адамға өз әлеуетін пайдалануға, күрделі Мәдени іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, үнемі өзгеріп отыратын қоғам мен кәсіби қызметке тез және сәтті бейімделуге мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде анықтауға әртүрлі көзқарастар құзыреттілікті қалыптастыру тұжырымдамалары, құрылымы, мазмұны және әдістері. А.К. Маркова бойынша кәсіби құзыреттілік – «жеке мамандық талаптарына сәйкестік дәрежесінің сипаттамасы, жеке және жауапкершілікпен әрекет етуге мүмкіндік беретін жағдай, адамның белгілі бір еңбек функцияларын орындай алатын қабілеті мен қабілеті» [1, 25-бет].

Ол кәсіби құзыреттіліктің келесі түрлерін ажыратады: арнайы (техниктердің кәсіби шеберлігі, құралдар, жоғары деңгейдегі білім, тұрақты кәсіби даму), әлеуметтік (иелену кәсіби қарым-қатынас, тәжірибе алмасу дағдылары мен іскерліктері), жеке тұлға (жеке білдіру және өзін-өзі дамыту тәсілдерін меңгеру) және жеке (жеке тұлғаның көрінісі, шығармашылық барысында кәсіби қызмет, Өзін-өзі жүзеге асыру тәсілдерін меңгеру, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі ұйымдастыру).

М.И.Лукьянова кәсіби құзыреттілікті жоғарылату мәселесін белсендіре отырып, онда психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті атап көрсетеді. Себебі, оның пікірінше,

білім берудегі ізгілендіру идеяларының таралуына байланысты, оны неғұрлым маңызды және жалпы кәсіби құзыреттіліктің салыстырмалы дербес құрылысы деп санайды. Болашақта маңызды және кәсіби құзыреттіліктің құрылысындағы салыстырмалы дербес жүйесі ретінде психологиялық-педагогикалық құзыреттілік ерекше түрдегі қабілеттілік ретінде көрсетеді және ерекше жағдайларда басқа адамдармен өзара қарым-қатынас жасау мен педагогтың мүмкіндіктерін білдіреді.

Автор психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті педагогикалық іс-әрекетке кәсіби дайындығының жоғары деңгейі ретінде жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерінің жиынтығы және білім беру үрдісінде оқушылармен тиімді өзара қарым-қатынас деп түсінеді. Оның негізгі компоненттері ретінде психологиялық-педагогикалық бейімделудің үш блогын көрсетеді:

- сауаттылық, яғни жалпы кәсіби деп қабылданған білімдер;
- іскерлік, педагогикалық іс-әрекетінде және өзара әрекеттестікті ұйымдастыруда мұғалім өзінің бойындағы бар білімді қолдану қабілеті;
- жеке тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттер, педагогикалық іс-әрекет үрдісінің өзінен ажыратылмайтындай болуы. Берілген түрдегі құзыреттіліктің мәндік сипаттамасын, автордың пікірі бойынша, өз еңбегінің негізгі құндылығы ретінде оқушыға бағыттылық, сонымен бірге өзін-өзі тану мен өзін-өзі өзгерту қажеттілігі, оқыту-тәрбиелеу әрекетінің тәсілдері, жеке тұлғаның даму заңдылықтарын ескеріп, оқушыларға әсер ету әдістері құрайды. Ал құзыреттіліктің жүйені құраушы элементі ретінде мұғалімнің жеке тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттері алға шығады [2].

П.В.Беспаловтың пікірінше, құзыреттілік — бұл күрделі психикалық пайда болу, жекеленген білім мен іскерлікке әкелмейтін, ал, керісінше, жеке тұлғаның интегративті сипаттамасы ретінде алға шығатын, оның бағыттылығын, сәйкес білім мен іскерлікті меңгеру себептерін, оқу мен кәсіби іс-әрекетіндегі ойлау есептерін шешу қабілеттерін болжайтын, жеке тұлғаның жетілу шекараларының бірі және тиімді оқытудың нәтижесі болып табылады [3].

В.П.Пугачев кәсіби құзыреттілікті мамандарды дайындау сапасының сипаттамасы, еңбек әрекетінің тиімділік потенциалы ретінде қарастырады. Мұнда автор кәсіби құзыреттілік ретінде мамандандырумен байланысты кәсіби функцияларды орындауда жұмыскердің «техникалық» дайындығын түсінеді [4].

О.В.Симен-Северская әлеуметтік жұмыс мамандарының педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасу процесін зерттейді. Ол кәсіби құзыреттілікті маңызды құрастырушысы ретінде қарастырады және педагогикалық мақсатқа бейімделген кәсіби әрекетті орындау үшін қажетті білім мен іскерлік, интегративті, тұлғалық-әрекеттік жаңадан пайда болған түрі ретінде түсіндіреді [5].

Ғалым-профессор Н.Д. Хмельдің зерттеулерінде болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетке дайындау біртұтас педагогикалық үдеріс барысында қалыптасады. Психологиялық даярлық ғалым еңбегінде жеке бастың білім алуы ретінде қарастырылады және оның қалыптасуын жеке тұлғаның өзін-өзі өзектендіруі үшін ең жоғары шарттардың құрылуымен байланыстырады. Бұл идеяның жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы кезінде маңыздылығы ескеріледі.

Т.В. Черникова кәсіби құзыреттілік тұжырымдамасын түсіндірудің келесі нұсқаларын анықтайды:

- кәсіби құзыреттілікті табысты кәсіби қызметтің ақпараттық - білім негізі ретінде түсіну (Н.В. Кузьмина, И.А. Колесникова), бұл ретте когнитивтік құзыреттілік құзыреттілік құрылымындағы негізгі компонент болып танылады;
- кәсіби құзыреттілікті маманның біліктілік сипаттамасымен, оның кәсіби маңызды қасиеттерімен, сондай-ақ жеке тұлғаның "функционалдық құзыреттілігі" ұғымымен сәйкестендіру (А.К. Маркова, А.И. Жилина, М.И. Лукьянова);

- кәсіби құзыреттілікті іс-әрекеттік және жеке тәжірибені интеграциялау ретінде, кәсіби жағдайды тұтас қабылдау контекстінде түсіндіру және оны өзгерту үшін тиісті құралдарды таңдау (В.Н. Введенский, В.А. Болотов, В.В. Сериков и А.В. Хуторской);
- өзінің білімі мен кәсіби іс-әрекетін тұрақты кепілдендірілген табыстылықпен нақты кәсіби міндеттерді шеше алатындай етіп өзгерту қабілеті ретінде кәсіби құзыреттілікті ұсыну

Карл Роджерс өзінің жеке теориясы мен мінез-құлқын сипаттау кезінде «құзыреттілік» терминін қолдануға жүгінеді. К. Роджерс өзінің бір мәлімдемесінде адамның мінез-құлқын түсіну мүмкіндігін түсіндіреді, ал ең тиімді позициялардың бірі-адамның құзыреті, яғни " жеке адамның құндылықтарының ішкі жүйесі».

«Мінез-құлықты адамның ішкі құндылық жүйесіне мүмкіндігінше ену арқылы, сондай-ақ оның көзімен осы адамның тәжірибесі әлемінің көзқарасына барынша жақындау арқылы жақсы түсінуге болады" (44, 453 Б.).

А.А. Бодалев [6] құзыреттіліктердің әрқайсысы жеке тұлғаның бірқатар белгілі бір қасиеттері мен дағдыларын қамтиды деп мәлімдейді. Сонымен, әлеуметтік-перцептивті құзыреттілік интегративті қасиеттер мен парасаттылық пен байқау сияқты дағдыларға негізделген.

Зерттеуші Т.А. Хайновская атап өткендей, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және қалыптастыру жүйелі және мақсатты оқыту процесінде жүзеге асырылады, онда ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайлар жасалуы керек [7].

Психология және педагогика ғылымында үш негізгі кәсіби құзыреттіліктің мазмұны мен құрылымын зерттеуге: профессиографиялық (маманға қойылатын талаптар жиынтығы), деңгейлік және міндеттілік деп аталатын тәсілдері бар. Болашақ педагог қызметінің түрлеріне қарамастан, олардың әрқайсысының құзыреттілігі екі негізгі компонентті қамтиды: 1) мұғалімнің теориялық дайындығын айқындайтын білім жүйесі; 2) мұғалімнің кәсіби дайындығын жүзеге асыруға практикалық дайындығының негізін құрайтын біліктер мен дағдылар жүйесі.

Кәсіби құзыреттілікті зерттеуде М.А. Николаева [8] оны қалыптастыруға интегративті тәсіл студенттердің кәсіби құзыреттілігінің құрылымын анықтаумен қамтамасыз етіледі деген ережені алға тартады. Ол дегеніміз ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды сақтай отырып, интегративті тәсіл негізінде модель әзірлеу негізгі болып табылатынын айтады.

Сонымен, Л. Ф. Алексееваның зерттеулерінде кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын бағалау практикалық қызмет процесіндегі іскерліктер мен білім, дағдыларды қолдануға дайындығын» сараптамалық бағалауды қамтиды [9].

С.С. Золотареваның [10] ғылыми мақаласында кәсіби құзыреттілікті бағалау тестілер, кейстер, ситуациялық тапсырмалар, портфолио, жобалық тапсырмалар, реферат, іскерлік ойын және т. б. сияқты құралдары ашылады. Басқа ғалымдардың зерттеулері бойынша С.С. Золотарева кәсіби құзыреттілігін бағалауға арналған құзыреттілік тестілерінде еркін құрастырылатын жауабы бар, мүмкіндігінше пәнаралық сипаттағы, кейінгі оқытуда, өмірде немесе кәсіби жағдайларда білімді қолдануға құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар болуы, ал кейстерде нақты нақты материал болуы немесе нақты жағдайға жақын болуы тиіс екендігін нақтылайды.

#### *Әдебиеттер:*

1. Маркова, А.К. Психология профессионализма / А.К. Маркова. – Москва: Знание, 1996. – 308 с.
2. Лукьянова М.И. Психолого-педагогическая компетентность учителя // Педагогика. — 2001. — №
3. Беспалов П.В. Компьютерная компетентность в контексте личностно ориентированного обучения // Педагогика. — 2003. — № 4. — С. 41–45.
4. Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. —М.: Асп.Пресс, 2000.— 54 с.



5. Симен-Северская О.В. Формирование педагогической компетентности специалиста социальной работы в процессе профессиональной подготовки в вузе: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Ставрополь, 2002. — 22 с.
6. Бодалев А.А. Вершина в развитии взрослого человека. Характеристики и условия достижения. М.: Флинта: Наука, 1998. — 453 с.
7. Артамонова Е.И. Компетентностный подход в формировании личности педагога-профессионала // Педагогическое образование и наука. - 2008.-№10. -С.4-9.
8. Николаева, М.А. Интегративный подход к формированию профессиональной компетентности студентов – будущих специалистов по рекламе [Текст]: автореф. на соиск. ученой степ. канд. пед. наук: 13.00.08 – теория и методика проф. образования / Марина Алексеевна Николаева. – Екатеринбург, 2012. – 27 с.
9. Алексеева, Л.Ф. Системный подход в изучении и оценке компетентности специалиста [Текст] / Л.Ф. Алексеева // Вестник Бурятского государственного университета. – 2011. – № 5. – С. 131–34.
10. Золотарева, С.С. Оценивание профессиональных компетенций в процессе обучения студентов в педагогическом вузе [Текст] / С.С. Золотарева // Ярославский педагогический вестник. – 2014. – № 3. – Том II. – С. 116–121.

*Н.К.Султанова*

*пед.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі,  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы  
Д.Қ. Нұрғали*

*2 курс, 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

## **РЕФЛЕКСИЯНЫ ОҚУ ӘРЕКЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі педагогикалық ғылым бүгінде «рефлексия» ұғымына көбірек бет бұруда, бүгінгі таңда көптеген зерттеулер педагогика мен психологияның түйіскен жерінде жүреді, әр түрлі авторлар әртүрлі мағына береді және әртүрлі классификациялардың құрылысын ұсынады. Рефлексияның түрлерін (түрлерін) қарастырыңыз. С.Ю. Степанов және И.Н. Семенов [1] рефлексияның келесі түрлерін және оны ғылыми зерттеу салаларын ажыратады:

1. Кооперативті рефлексия басқару психологиясымен, педагогикамен, дизайнмен, спортпен тікелей байланысты. Рефлексия субъектінің қызмет процесінен "босатылуы", оның бұрынғы, орындалған іс-әрекеттерге қатысты да, болашақ, жобаланған іс-әрекетке қатысты сыртқы, жаңа позицияға "шығуы" ретінде қарастырылады. Бұл тәсілде осы механизмнің көрінуінің процедуралық сәттеріне емес, рефлексия нәтижелеріне назар аударылады.

2. Коммуникативті рефлексия қарым-қатынастағы әлеуметтік қабылдау мен эмпатия проблемаларына байланысты әлеуметтік-психологиялық және инженерлік-психологиялық жоспарды зерттеуде қарастырылады. Ол А.А. Бодалевпен сипатталатын дамыған қарым-қатынас пен тұлғааралық қабылдаудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді. адамның адам танымының ерекше сапасы ретінде. Рефлексияның коммуникативті аспектісі бірқатар функцияларды атқарады: танымдық, реттеуші және даму. Бұл функциялар басқа субъект туралы идеялардың осы жағдайға неғұрлым сәйкес келетіндерге ауысуында көрінеді, олар қарым-қатынастың басқа субъектісі туралы идеялар мен оның жаңадан ашылған жеке психологиялық ерекшеліктері арасында қайшылық болған кезде өзекті болады.

3. Жекетұлғалық рефлексия тақырыптың өз іс-әрекеттерін, жеке тұлға ретінде өзіндік бейнесін зерттейді. Қайта ойлау процесі, біріншіден, субъектінің өзіне, өзінің "Мен"



деген көзқарасын өзгертуде көрінеді және тиісті әрекеттер түрінде жүзеге асырылады, екіншіден, субъектінің олардың біліміне, дағдыларына қатынасын өзгертуде. Сонымен қатар, қақтығыс тәжірибесі басылмайды, бірақ шиеленіседі және мәселені шешуге қол жеткізу үшін "Мен" ресурстарын жұмылдыруға әкеледі. Ю. М. Орловтың пікірінше [2] рефлексияның жеке түрі жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау функциясын атқарады. Өзін-өзі тану процесі өз тұжырымдамамызды түсіну түрінде, оның ішінде біз не істеп жатқанымызды, не істеп жатқанымызды, не істеп жатқанымызды, қалай істегенімізді және басқаларға қалай қарағанымызды және олар бізге қалай қарағанын және неге рефлексия арқылы жағдайды ескере отырып, мінез-құлықтың, іс-әрекеттің берілген моделін өзгерту үшін жеке құқықты негіздеуге әкеледі.

4. Интеллектуалды рефлексия пәні-объект туралы Білім және онымен әрекет ету тәсілдері. Қазіргі уақытта осы бағыттағы жұмыстар ақпаратты өңдеудің танымдық процестерін ұйымдастырудың және типтік мәселелерді шешуге оқыту құралдарын әзірлеудің проблемаларына байланысты психология мен педагогикадағы рефлексия проблемаларының дамуын көрсететін жарияланымдардың жалпы көлемінде айқын басым.

Жақында, рефлексияның осы төрт аспектісінен басқа, зерттеушілер экзистенциалды, мәдениетаралық және саногендік деп бөледі. Экзистенциалды рефлексияны зерттеу объектісі-адамның терең, экзистенциалды мағыналары. Теріс эмоциялардан азапты азайтуға әкелетін эмоциогендік жағдайлардың әсерінен туындайтын Рефлексия, сәтсіздік, кінә, ұят, реніш және т.б. қорқыныш сезімін тудырады. Оның негізгі функциясы - адамның эмоционалды жағдайларын реттеу.

Н.И. Гуткина эксперименттік зерттеу барысында рефлексияның келесі түрлерін ажыратады: логикалық (ойлау саласындағы рефлексия, оның мәні жеке тұлға қызметінің мазмұны болып табылады), жеке (аффективті-қажеттілік саласындағы рефлексия, өзін-өзі тану даму процестерімен байланысты), тұлғааралық (басқа адамға қатысты рефлексия, тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеуге бағытталған).

Ресей ғалымдары С.В. Кондратьева және Б.П. Ковалев [3] педагогикалық қарым-қатынас процесінде рефлексия түрлерін ұсынады:

1. Әлеуметті-перцептивті рефлексия, оның зерттеу пәні - мұғалімнің білім алушылармен қарым-қатынас процесінде қалыптасқан өзіндік идеялары мен пікірлерін қайта ойластыру, қайта қарау.
2. Коммуникативті рефлексия-бұл басқалардың оны қалай қабылдайтынын, бағалайтынын, оған қалай қарайтынын түсіну ("мен — басқалардың көзімен").
3. Жекетұлғалық рефлексия-өз санасы мен іс-әрекетін түсіну, өзін-өзі тану.

Е.В. Лушпаева «тұлғааралық өзара әрекеттесу процесінде пайда болатын және дамитын рефлексиялық қатынастардың күрделі жүйесі» болып табылатын «қарым-қатынастағы рефлексия» сияқты рефлексия түрін сипаттайды. Автор «қарым-қатынастағы рефлексия» құрылымындағы келесі компоненттерді анықтайды:

- жеке-коммуникативті рефлексия ("мен" рефлексиясы);
- әлеуметтік-перцептивті (басқа "мен" рефлексиясы);
- жағдай рефлексиясы немесе өзара әрекеттесу рефлексиясы [4].

Рефлексияның ең көп таралған тәсілдері - сенімділік, болжам, күмән, сұрақтар. Бұл ретте барлық түрлері рефлексия шартымен орнату бақылау және талдау, өзіндік таным, мінез-құлық және түсіну, бұл мінез-құлық басқа. Біздің жұмысымыздың контекстінде жеке рефлексияны зерттеу ерекше қызығушылық тудырады. Біз С.Ю. Степановтың, И.Н. Семеновтың, сондай-ақ Ю.М. Орловтың жеке тұлға қызметіндегі рефлексияның маңызды рөлі туралы пікірімен келісеміз. Еске салайық, рефлексия (ағылш. рефлексия) - талдауға, түсінуге, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау (ұтымды) процесі: өз іс-әрекеті, мінез-құлық, сөйлеуі, тәжірибесі, сезімдері, күйлері, қабілеттері, мінезі, өзімен және басқалармен қарым-қатынасы, өз міндеттері, мақсаттары және т. б.


Рефлексивті механизмдер жеке тұлғаның қызметін өзін-өзі реттеудің негізі болып табылады. Өзін-өзі реттеу тұлғаның өзін-өзі бағалауына негізделген және оқу іс-әрекеті


барысында өзіне рефлексивті көзқарасты қалыптастыру, өз іс-әрекетін, мінез-құлқын бағалау арқылы қамтамасыз етіледі. Тұлға рефлексиясын қалыптастырудағы бағалаудың рөлі өте зор, өйткені барлық әрекеттері ересектер мен құрдастар тарапынан бағытталады, реттеледі және бағаланады, сонымен бірге тәжірибе жинақтап, рефлексияны дамыта отырып, өз әрекеттерін өз бетінше бағалауға үйренеді. Рефлексия нәтижелері сіздің мінез-құлқыңызды дәл бағалауға және дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Жеке тұлғаның іс-әрекетінің мазмұны рефлексиямен неғұрлым көп қамтылса, оның даму әсері соғұрлым жоғары болады.

ЖОО студенттерінің рефлексия деңгейін анықтау мақсатында А.С. Анисимованың «Рефлексия деңгейін анықтау» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама интерпретациясы бойынша рефлексивтілік, коммуникативтілік және эмпатияға бейімділік деңгейлері анықталады. Эксперимент және бақылау топтарына жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша эксперименттік топтағы студенттерде бейімділік, коммуникативтілік қасиеттері төмендігі байқалды (Кесте 1).

Кесте 1 А.С.Анисимованың «Рефлексия деңгейін анықтау» сауалнамасының нәтижелері

Шкала деңгейле	рефлексивтілік		коммуникативтілік		эмпатияға бейімділік	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
төмен	3	-	1	-	4	-
орташадан төмен	3	-	3	-	3	-
орташа	4	5	6	4	8	4
орташадан жоғары	2	6	3	4	5	3
жоғары	2	5	2	3	4	4





Сурет 1 А.С.Анисимованың «Рефлексия деңгейін анықтау» сауалнамасы бойынша бақылау және эксперименттік топтың салыстырмалы көрсеткіштері

Рефлексивті критерийдің мазмұнын ашуда А.В.Карповтың «Рефлексивтілік диагностикасы» әдістемесі де жүргізілді. Рефлексивтілік диагностикасының әдістемесі (А.В.Карпов сауалнамасы, рефлексия тесті) жеке тұлғаның рефлексия дамуының деңгейін анықтауға арналған. Рефлексивтілік - адамның өз «менінен» тыс шығу, ойлау, зерттеу, Өз "мен" бейнесін қандай да бір оқиғамен, тұлғалармен салыстыру арқылы бірдеңе талдау қабілеті. Рефлексивтілік, импульсивтіліктің қарама-қарсылығы ретінде әрекет етер алдында барлық гипотезаларды іштей қарап, оларға ұқсас болып көрінетін адамдарды сипаттайды, "есептерді" шешудің әртүрлі нұсқаларын ескере отырып, ойластырылған, салмақты шешім қабылдайды. Сауалнаманы жүргізуде студенттердің рефлексияның ситуациялық, ретроспективтілігі және перспективалы түрлері анықталды. Әрқайсысына анықтама беретін болсақ, *Ситуациялық рефлексия* адамның өзекті жағдайдағы мінез-құлқын тікелей өзін-өзі бақылауды, оның элементтерін ұғынуды, болып жатқан жағдайды талдауды, субъектінің өз іс-әрекеттерін жағдайлармен арақатынасына және өзгертін жағдайларға және өз жағдайына сәйкес оларды үйлестіруге қабілетін қамтамасыз етеді. Рефлексияның осы түрінің мінез-құлықтық көріністері мен сипаттамалары, атап айтқанда, субъектінің өзінің ағымдағы қызметін ойлаған уақыты болып табылады; ол қаншалықты жиі болып жатқанын талдауға келеді; шешім қабылдау үдерістерінің кең ауқымды дәрежесі; бейімділік адамның өзіндік талдауға, нақты өмірлік жағдайларда.


*Ретроспективті рефлексия* бұрын орындалған қызмет пен орын алған оқиғаларды талдауға бейімділікпен көрінеді. Бұл жағдайда рефлексия заттары-болған оқиғаның алғышарттары, себептері мен себептері; өткен мінез-құлықтың мазмұны, сондай-ақ оның нәтижелі параметрлері және, әсіресе, жіберілген қателер. Бұл рефлексия, атап айтқанда, субъект болған оқиғаларды қаншалықты жиі және қаншалықты ұзақ талдайды және бағалайды, ол өткенді және онда өзін мүлдем талдауға бейім.

*Перспективалы рефлексия:* алдағы қызметті, мінез-құлықты талдау функциясымен; жоспарлаумен; ықтимал нәтижелерді болжаумен және т.б. оның негізгі мінез-құлық сипаттамалары: өз мінез-құлқының бөлшектерін жоспарлаудың мұқият болуы, болашақ оқиғаларға жүгіну жиілігі, болашаққа бағдар. Студенттерге эксперимент жүргізудегі қорытындылары сурет 1 көрсетілген. Суретте байқалғандай рефлексияның барлық түрі студенттерде кездеспеді. Атап айтсақ, 1 курс бойынша 10 студенттің арасынан 2 студент ситуациялы рефлексия тобына енсе, оның 3-еуі ретроспективті, тағы 2 студент перспективалы түрін иеленді. 2 курстан 28 студенттің 2-ситуациялы, 3-ретроспективті, 2-

перспективалы рефлексияны сипаттайтын мінездемені көрсетті. Ал, 3 және 4 курс студенттеріне келсек, мұнда да рефлексивтіліктің түрлері барлық студенттерде кездеспегенімен эксперименттік топқа қарағанда жоғары көрсеткіштерге ие болды (кесте 2).

Кесте 2 А.В.Карповтың «Рефлексивтілік диагностикасы» әдістемесінің салыстырмалы көрсеткіші

Рефлексивтілік түрлері					
Ситуациялық рефлексия		Ретроспективті рефлексия		Перспективалы рефлексия	
курс	студент саны	курс	студент саны	курс	студент саны
1	2 – 2 %	1	3 – 3 %	1	2 – 2 %
2	2 – 7 %	2	3 – 10 %	2	2 – 7 %
3	4 – 14 %	3	7 – 25 %	3	5 – 17 %
4	6 – 20 %	4	9 – 17 %	4	4 – 14 %



Сурет 2 Әдістеменің бақылау және эксперименттік топ бойынша салыстырмалы көрсеткіші

Жүргізілген психодиагностикалық жұмыстарымызды қорытындылай келе, болашақ педагогтердің рефлексия деңгейін дамытуда психологиялық тренинг бағдарламасы, үйірме жұмыстарының жүйелі жүргізілуі ұсынылды. Рефлексивті қабілеттердің қалыптасуы тұлғаның білімді сәтті игеруіне, тұлғалық дамуына, өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жетілдіруіне, бейімделу қиындықтарының болмауына, қазіргі қоғамдағы жоғары интеграциясына ықпал етеді деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Вартазян К. А. Способы формирования рефлексии. Педагогика и психология, теория и методика обучения.
2. Орлов, Ю.М. Восхождение к индивидуальности / Ю.М. Орлов. – М.: Просвещение, 1991. — 287 с.
3. Кашлев, С. С. Организация рефлексивной деятельности студентов педагогического ВУЗа / С. С. Кашлев // Высшая школа, 1998. №2. С. 19–23.
4. Левагина, О. Б. Формирование рефлексии в учебном процессе: поведенческий аспект / О. Б. Левагина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2013. — № 7 (54). — С. 394-397. — URL: <https://moluch.ru/archive/54/7340/> (дата обращения: 27.03.2021).

*А.С.Тоқтарбай*  
*Педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты,*  
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Педагогика*  
*және психология» білім беру бағдарламасы.*  
*Алматы қ.*

## **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ**

***Аңдатпа.** Бұл мақала жоғарғы оқу орнындағы білім беру процесінде студенттердің кәсіби құндылық бағдарларын қалыптастыру мәселесіне арналған.*

***Кілт сөздер:** құндылық бағдарлары, мамандық, кәсіби құндылық бағдарлары, студенттер, болашақ мамандар.*

***Аннотация.** Данная статья посвящена проблеме формирования профессиональных ценностных ориентаций студентов в процессе обучения в вузе.*

***Ключевые слова:** ценностные ориентации, профессия, профессиональные ценностные ориентации, студенты, будущие специалисты.*

***Annotation.** This article is devoted to the problem of formation of professional value orientations of students in the process of studying at the university.*

***Keywords:** value orientations, profession, professional value orientations, students, future specialists.*

Бүгінгі таңда білім беру жүйесін модернизациялау болашақ маманның жеке тұлғасын қалыптастырудың жаңа тәсілдерін қажет етеді. Осыған байланысты студенттердің кәсіби құндылық бағдарларын қалыптастыруға ықпал ететін жолдарды іздеу және табу ерекше өзектілікке ие. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау әр түрлі мамандық өкілдерінің кәсіби құндылық бағдарларын қалыптастыру мәселесінің теориялық аспектілерін К.А.Абулханова-Славская [1; 335], Н.А.Долгушина [2; 24], А.В.Лысенко [3; 54-60], Т.В.Михайлова [4; 105-107.], В.А.Сластенин [5; 293б], Е.Л.Руднева [6; 443], Г.И.Чижакова [7; 90-95], Е.В.Бондаревская [8; 29] және тағы басқа зерттеушілер қарастырғанын көрсетті. Авторлар өздерінің ғылыми еңбектерінде болашақ мамандардың кәсіби құндылық бағдарларын қалыптастыруға ерекше назар аудара отырып, кәсіби білім берудегі аксиологиялық аспектінің маңыздылығын атап өтеді. Мәселенің ғылыми дамуының жай-күйі студенттердің кәсіби қалыптасу кезеңіндегі кәсіби құндылық бағдарларының маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Кәсіби құндылық бағдарлары дегеніміз - жеке тұлғаның кәсіби қызметте көрінетін және іске асырылатын әлеуметтік маңызды мәдени құндылықтарға субъективті қатынасын көрсететін тұрақты қатынастар жүйесін айтамыз.

В.А.Сластенин педагогтың кәсіби-құндылық бағдарын зерттей отырып, кәсіби құндылықтардың келесі классификациясын ұсынады [9; 192]:

- маманның қоғамдағы әлеуметтік рөлі мен қызметін түсіну;
- мамандық таңдаудың әлеуметтік маңызды мотивтерінің болуы;
- кәсіби идеал;
- қызметке деген қатынас;
- кәсіби міндет және абырой;
- мамандыққа деген мақтанш;
- қарым-қатынас мәдениеті;
- кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу үшін қажеттіліктер.

Осы жіктеуде ұсынылған кәсіби құндылықтар кез-келген мамандықтың мазмұндық жағын көрсетеді, сондықтан болашақ мамандардың кәсіби құндылық бағдарларын зерттеу

үшін айтарлықтай маңызды. Жоғарғы оқу орнындағы кәсіптік дайындық процесінде студенттер арасында төмендегідей құндылық бағдарлары қалыптасуы қажет:

1. Рухани-адамгершілік құндылық бағдарлары, біз оларды өз кезегінде келесіге бөлеміз:

а) жеке-кәсіби құндылық бағдарлары (адалдық, жауапкершілік, ар-намыс, әділеттілік, толеранттылық);

б) әлеуметтік-кәсіби құндылық бағдарлары (патриотизм, азаматтық ұстаным, ынтымақтастық, мамандықтың миссиясы).

2) кәсіби-прагматикалық құндылық бағдарлары:

а) жеке-кәсіби құндылық бағдарлары (жеке даму, кәсіби өсу, қызметтің шығармашылық аспектісі, тәуелсіздік, қызықты жұмыс);

б) әлеуметтік-кәсіби құндылық бағдарлары (әлеуметтік-кәсіби мәртебе, білім, еңбек үшін материалдық сыйақы, мамандықтың беделі).

Алайда, университетке келген талапкер көбінесе мектепте оқу кезеңінде қалыптасқан өзіндік құндылық бағдарлары жүйесіне ие, бірақ әлеуметтенудің маңызды институттарының бірі ретінде әрекет ететін отбасының ықпалы басым болады. Сонымен бірге, бұл құндылық бағдарлары көбінесе тек жеке сипатта болады [10; 60]. Сондықтан білім беру мазмұнын дамыта отырып, білім алушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін және олардың кәсіби ойлауын дамыту маңызды. Осыған байланысты студенттердің кәсіби құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған университеттің білім беру процесі келесі өзара байланысты компоненттердің мақсаттары мен міндеттерін жүйелі және дәйекті жүзеге асыруды қамтуы керек:

а) мақсатты (оқытудың мақсаттары мен міндеттері, негізгі идеялар);

б) мазмұнды, білім берудегі тұлғалық-әрекеттік және коммуникативтік-бағытталған тәсілдер негізінде әзірленген (оқу (жұмыс) бағдарламалары және т. б.);

в) процесік (студенттердің кәсіби құндылық бағдарларын қалыптастыру процесінің кезеңдері, сондай-ақ педагог пен білім алушылардың өзара іс-қимылының әдістері, қағидаттары мен құралдары);

г) диагностикалық - нәтижелі (студенттердің кәсіби құндылық бағдарларының қалыптасу өлшемдері мен деңгейлері). Сонымен қатар, студенттердің кәсіби құндылық бағдарларының қалыптасу критерийлері мен деңгейлері, олардың қалыптасуының тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді [11; 32]:

1. Болашақ мамандардың кәсіби құндылық бағдарлары туралы білім жүйесінің қалыптасуын анықтайтын танымдық критерий, олардың кәсіби өзін-өзі жетілдіру үшін маңыздылығын түсіну. Танымдық критерийдің негізгі көрсеткіштері:

- меңгерілген ұғымның көлемі (кәсіби құндылық бағдарлары) және оларды пайдалану;

- кәсіби құндылық бағдарларының мазмұны туралы білімнің толықтығы;

- кәсіби құндылық бағдарларының орнын олардың иерархиясында анықтай білу (маңыздылығы бойынша саралау) және өз таңдауын дәлелдей білу;

2. Бағалау-эмоционалды критерий жеке тұлғаның кәсіби құндылық бағдарларын эмоционалды бағалауында көрінетін қатынасты (сезімді) бағалауға мүмкіндік береді (кәсіби құндылық бағдарларының маңыздылығын сезіну, оларды қабылдау немесе қабылдамау; мамандыққа, өзіне және болашақ кәсіпқойға эмоционалды-құндылық қатынасы) және нәтижесінде олардың мінез-құлық мотивтеріне ауысуын қамтамасыз етеді. Бұл критерийдің негізгі көрсеткіштері:

- студенттердің кәсіби құндылық бағдарларына оң көзқарасы және оларды жеке тұлға ретінде түсіну;

- болашақ мамандыққа деген оң көзқарас, оның әлеуметтік мақсатын түсіну және т. б.;

3. Мотивациялық-мінез-құлық критерийі студенттердің кәсіби дайындық процесінде білім, білік, білім алу қызығушылықтары, қажеттіліктері мен мотивтерінің болуымен және оларды болашақ кәсіби қызметте қолдануға ұмтылуымен сипатталады. Осы критерийдің негізгі көрсеткіштері:

- мінез-құлық мотивтерінің қалыптасуы;
- алынған білім, білік, дағдыларды кәсіби қызмет процесінде пайдалануға дайын болуы (мысалы, оқу және өндірістік практика кезеңінде);
- білім алушылардың өзін-өзі бағалау, кәсіби құндылық бағдарлары тұрғысынан өзін-өзі бақылау және т. б.

Сонымен қатар, болашақ мамандарды кәсіби даярлау процесінде базалық пәндердің рөлін атқаратын гуманитарлық ғылымдарды оқып үйренудің маңыздылығын атап өткен жөн. Оқыту процесі кейбір салыстыру, диалог түрінде өтуі керек, нәтижесінде студенттерді бағдарлардың кәсіби құндылықтарын түсінуге итермелеуі керек [12; 7]. Сонымен бірге, жасанды түрде құрылған кәсіби ортада студенттердің өзіндік іс-әрекетін қамтитын кейс-әдіс-тәсілдерді тиімді, бұл өз кезегінде оларға кәсіби салада қызметтің шығармашылық аспектісін қолдану үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды біріктіруге мүмкіндік береді (мысалы, кәсіптік мәселелерді шешуге дәстүрлі емес көзқараспен қарау мүмкіндігі). Кейс-әдістердің мәні білім алушыларға қойылған проблеманы шешу қажеттілігін көздейтін, кәсіби қызметте туындауы мүмкін педагог алдын ала әзірлеген жағдайларды ой елегінен өткізуге, оның барысында студенттер олардың әрқайсысы үшін маңызды кәсіби құндылық бағдарларын басшылыққа алады (мысалы, адалдық, жауапкершілік, әділдік, азаматтық ұстаным және т.б.), сондай-ақ осы үшін қажетті алынған білім кешенін өзектілендіре алады.

Талдауды қорытындылай келе, жоғарғы оқу орнындағы білім беру процесінде студенттердің кәсіби құндылық бағдарларын қалыптастыруды біз педагог пен студенттің арнайы жоспарланған, ұйымдастырылған және басқарылатын, басым кәсіби құндылық бағдарларының белгілі бір жүйесін интернационализациялау бойынша танымдық іс-әрекет ретінде қарастырамыз деп қорытынды жасауға болады. Сондықтан да педагогтарға оқыту процесінде сол педагогикалық жағдайларды қолдану маңызды [13; 445-451], олар студенттердің таңдаған мамандығына оң көзқарасын және кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін тиімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді, нәтижесінде болашақ мамандардың кәсіби қызметте өзін жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға әкеледі.

#### *Пайдаланған әдебиеттер:*

1. Абульханова-Славская, К.А. (1980). Деятельность и психология личности. – Москва: - с. 335
2. Долгушина, Н.А. (2012) Формирование профессионально-ценностных ориентаций будущих бакалавров профессионального обучения. - с.24
3. Лысенко, А.В. (2013) Структурные компоненты профессионально-ценностных ориентаций будущего учителя музыки. Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 3: Педагогика и психология. - № 3 (123). - с. 54-60
4. Михайлова, Т. В. (2012) Профессиональные ценностные ориентации: к вопросу о содержании понятия. Казанская наука. -№ 8. - с. 105-107
5. Слостенин, В.А. (2008) Педагогическая аксиология. монография. Красноярск: СибГТУ. - с.293
6. Руднева, Е.Л. (2002) Формирование жизненных и профессиональных ценностных ориентаций студенческой молодежи. - с.443
7. Чижакова, Г.И. (2011) Проблема формирования профессионально-ценностных ориентаций будущего специалиста социальной работы. Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. В.П. Астафьева. - № 4. - с. 90-95
8. Бондаревская, Е.В. (1995). Ценностные основания личностно-ориентированного воспитания. - №4. - с.29
9. Слостенин В.А. (2003) Введение в педагогическую аксиологию: учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений. -с.192
10. Боровиков, Л.И. (2009) Духовно-нравственное воспитание детей и молодежи Новосибирск: - с.60
11. Ахматов, А.Ф.(2003) Нравственность и одухотворенное образование. - № 8. - с.32

12. Бондаревская, Е.В. (2012) Гуманитарная методология науки о воспитании - №7 - с.7
13. Фролова, Е.В.(2016) Ведущие педагогические условия формирования ценностей студентов в образовательном процессе вуза // Современное образование: векторы развития // Сборник материалов международной конференции. 21-22 апреля. Москва: Московский педагогический государственный университет. № 2. - с. 445-451

**Ұ.Б. Төлешова**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламалар кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты

**Сағынбек Ғазиза**

Қайнар Академиясы. Педагогика және психология мамандығы 4 -курс студенті.

**ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Толеранттылық мәселесін елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халыққа жолдауында ерекше атап өтті: «*Біз әркімнің ар-ұжданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруымыз*» - деді. Қазіргі шетел сөздерінің сөздігінде толеранттық «*tolerantia*» деген латын терминінен алынған ұғым, біріншіден, ағзаның кез келген бір улы заттың қолайсыз жағдайына төзімділігі, екіншіден, біреуге, бір нәрсеге деген шыдамдылық, жұмсақтық деп көрсетілген. Испан тілінде *tolerancia* - «өз пікіріне қайшы келетін идеялар мен пікірлерді қабылдау қабілеті» деп көрсетілсе, немісше орысша сөздікте *tolerant* «*біеудің пікіріне шыдау*» дегенді білдіреді. Қытай тілінде толеранттық «*басқаларға кеңпейілділікпен қарау*» дегенді білдірсе, француз тілінде *tolerant* «*шыдамды, мейірбан*» ал, *tolerare* «*төзу қолдау көрсету*» дегенді білдіреді.

«Толеранттылық» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады. Қазақ тілінде «*төзім*» сөзі «*шыдам*», «*сабыр*», «*тағат*» мағынасында да қолданылады. Яғни, «*төзімді болу*» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

Ұлтаралық қақтығыстарды шешудің бір формасы ретінде П.З. Тобууов толеранттықты қарастырады. Осыған орай, ол төмендегідей жағдайларды атап көрсетеді:

*Біріншіден*, толеранттық бірін-бірі өзара байытатын, берік және жан-жақты этникааралық тәуелділіктердің болмауына қарамастан полиэтникалық мемлекеттегі ұлтаралық саясаттың негізгі қағидасы болып табылуы тиіс;

*Екіншіден*, толеранттықты қағида ретінде тану этностар арасындағы өзара қарым-қатынастың қажетті және күнделікті сақталып отыруына әкелуі тиіс;

*Үшіншіден*, толеранттық тұлға үшін мінез-құлық императивті болып табылуы тиіс;

*Төртіншіден*, этнос санасының оянуы жағдайында тұлғааралық және ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеу қажеттілігі туады. «Тұлғаның адамгершілік қасиетінің ажырамас бір бөлігі болып табылатын толеранттықты оның мәдени дамуының, мәдени қарым-қатынасының өлшемі деп есептеуге болады». Дәл осы жағдайда, яғни, толеранттық мәдениетпен біріккенде, ол ұлтаралық қақтығыстар сияқты қарама-қайшылықтарды шешудің тиімді құралы мен формасы бола алады.

*Толеранттық* – бұл шындыққа деген белсенді қатынас. Ол адамның универсиалды (жан – жақты) құқықтары мен еркіндіктерін қабылдау негізінде қалыптасады». Толеранттылықтың келесі типтері бар, олар:



*Гендерлік толеранттылық* – басқа жыныс өкілдеріне түсінушілік қарым-қатынас, бір жыныс өкілдері екінші жыныс өкілдерінен артық деген ойдың болмауы.

*Жасерекшелік толеранттылық* – адамның жасерекшелігімен байланысты (қарт адамдардың жастарды түсінбеу қасиеті, жастардың тәжірибесі мен білімінің жоқтығы және т.б.) «жетіспеушіліктеріне» түсінушілік қатынас. Жасерекшелік толеранттылық әрбір халықтардағы үлкендерді құрметтеу өсиетімен сәйкес келеді.

*Білім алу толеранттылығы* – білімді адамның білімі аз адамның жүріс-тұрысына шыдамдылық таныту қасиеті. Толеранттылықтың бұл типі күнделікті өмір сферасына қатысы бар.

*Ұлтаралық толеранттылық* – түрлі ұлт өкілдеріне қарым-қатынасы. Белгілі бір ұлт өкілінің теріс қасиеттерін сол ұлттың барлық өкілдеріне «іліп қою». Ұлтаралық интолеранттылықтың шеткі көріністері:

- этноцентризм – индивид немесе топтың тілдік және мәдени сипаты негізінде дискриминациялау. Бір мәдениеттің басқа мәдениеттен «артық» деген тұжырымына негізделеді.

- ксенофобия – басқа мәдениет өкілдері мен шетелдіктерді қабылдамау және қорқыныш сезімі: «өзгелік» зиян әкеледі деген тұжырымға негізделген.

- агрессивті национализм – бір нацияның екінші нацияның құқық жүзіндегі үстемдігі деген ой-пікір.

*Нәсілдік толеранттылық* – өзге нәсіл өкілдеріне теріс ұғымның жоқтығы. Нәсілдік интолеранттылықтың шеткі көрінісі – расизм – нәсілдік ұстаным бойынша адамдарды дискриминациялау.

*Діни толеранттылық* – ерекшеліктеріне, түрлі конфессия догматтарына сенуші және сенбеуші адамдар жағынан қарым-қатынасы. Конфессияаралық интолеранттылықтың экстремисттік формасы – діни фанатизм. Діни фанатизм – белгілі-бір сенімнің құндылықтарын, әдет-ғұрыптарын өзгелерге орнату. Діни фанатизм белгілі-бір сенімнің өзгелерге қарағанда ең дұрыс деген ой-пікірге негізделеді.

*Географиялық толеранттылық* – кішігірім және провинциальды қалашықтар, ауылдар және т.б. тұрғындарына үлкен қала тұрғындары жағынан және керісінше қарым-қатынасы.

*Классаралық толеранттылық* – байлардың кедейлерге, кедейлердің байларға деген төзімді қарым-қатынасы. Толеранттылықтың бұл типі әлеуметтік революция мен «пролетариат диктатурасы» тәжірибесі бар мемлекеттер үшін маңызды.

*Физиологиялық толеранттылық* – науқас, инвалид, физикалық олқылықтары бар және т.б. адамдарға қарым-қатынасы. Физиологиялық толеранттылық мектепке дейінгі және мектеп жасы балаларын зерттеу барысында маңызды болып саналады.

*Саяси толеранттылық* – түрлі партиялар мен бірлестіктердің қызметтеріне, олардың ой-пікірлеріне қарым-қатынас. Саяси интолеранттылықтың шеткі формалары: фашизм және саяси репрессия режимі. Фашизм идеологиясы дегеніміз – өз мемлекет тұрғындарының өмірін бақылау, расаның тазалығын сақтап қалу деген тұжырымға негізделеді. Сонымен *толеранттылық* дегеніміз – қайсы бір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмау мен бәсеңсуі, оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі. Ал толеранттықты бала бойында қалыптастыру білім берудегі үлкен өзгерістерді қажет етеді.

Балалардың бойындағы толеранттылықтың эффективтілігі ұлттық және ұлтаралық сферадағы мінез-құлықтық дағдының және сенімнің, білімнің қалыптасу тұрғысынан қаралуы керек. Толеранттылыққа тәрбиелеу үшін күрделілік деңгейіне қарай дәстүрлі және дәстүрлі емес формадағы жұмыс әдістері қолдануға болады, яғни, дөңгелек үстелдер, дебат, диспут, оқушылардың шығармашылық жұмыстарын көрсету, конкурстар, тренингтер өткізу. Толеранттылыққа тәрбиелеу *интеллектуалды, рухани-адамгершілік, эстетикалық, еңбек, патриоттық, құқықтық* т.б. бағыттарда да дамиды. Осыған орай ұлттық тәрбиені негізге ала отырып сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жоғары балаларды толеранттылыққа тәрбиелеуді іске асыруға болады. Осылайша, ұлттық тәрбие беру негізінде толеранттылыққа тәрбиелеу үшін өткізілетін іс-шаралар жүйелі

және кешенді түрде жүргізілсе, педагог-психолог пен сынып жетекшісі бірлесіп атсалысса, сондай-ақ оқушылар қызыға қатысқанда ғана тәрбие жұмыстары мақсатына жетіп, нәтижелі болады. Білім беру саласы өзінің педагогикалық әдістері арқылы толеранттыққа тәрбиелеу сияқты өзекті мәселені шешуде жүйелілікті ескермеу адам өркениетінің болашағына, оның физикалық және рухани дамуына кері әсерін тигізеді. Толеранттықты тәрбиелеудің өзіндік объективті қиыншылығы бар және олар нақты конструктивті әрекеттерді қажет етеді. Осындай күрделі мәселелерді шешу үшін келесі бағытпен жұмыс істеу тиімді болып келеді:

- Білім беру мен діннің өзіндік мақсаттарының өзгешеліктеріне қарамастан оларға сенім ұялатушы қызмет тән.

- Білім беру мен мәдениет тұтас, яғни білім беру саласы мәдениет диалогы идеясын белсенді түрде жақтауы тиіс.

- Білім беру саласы саясатпен өте тығыз байланыста. Сондықтан саяси доктриналарды біртіндеп біріктіру мен унификациялау өте маңызды.

- Білім беру саласы адамаралық қатынастардың тиімді формаларына акцент қоя отырып, оның дамуын қадағалауы тиіс.

- Қоғамның интеграциясына, оның толерантты әрекеттестігіне бағытталған әлемдік «идея банкі», өркениетті дамыту стратегиясын құру және әр түрлі философиялық доктриналардың интеграциялануы білім беру саласынсыз мүмкін емес.

- Жалпы адамзаттың және мемлекеттердің алдында тұрған күрделі және көп аспектілігі өзекті болжамдық мәселелер білікті бағалау инструментаріі мен әдістемелеріне жүгінуді талап етеді.

- Қоғам қызметінің құқықтық нормаларының мақсатты және бір ізді интеграциялануынсыз, адамдар және адамдар қауымдастығына қарсы глобальды заң бұзушылықтың алдын алуынсыз толеранттыққа тәрбиелеу мүмкін емес.

- Толеранттық идеяларының дамуына жүзеге асуына мәліметтер жүйесінің әлемдік дамуы септігін тигізеді.

Мектеп балалар үшін еркіндіктің, толеранттықтың орталығына айналуы керек. Сонымен қатар мектеп әлеуметтік табиғи және мәдени орталарда меңгеріп, оның тәрбиелік мүмкіндіктері мен оны балалық қажеттіліктеріне бұра отырып, кең тәрбиелік орталыққа айналдыру қажет.

#### **Әдебиеттер:**

1. Воспитание толерантной личности в поликультурном социуме. Сборник авторских и адаптированных программ. Под.ред. В.С. Кукушина. – Ростов – н/Д: ГинГо, 2004, 168 с.

2. Степанов П.В. Педагогические условия формирования толерантности у школьников-подростков. Автореферат дисс. на соискание звания к.пед.наук, 2002.

3. Асмолов А.Г. На пути к толерантному сознанию. - М.: Смысл, 2000.

*Р.Е. Каримова - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру  
бағдарламаларының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі  
С.Р. Бекзат, Б.Н. Бидахметова, Б.С. Қалдыбек, Д. Өмірбек - «5В010100-Мектепке дейінгі  
оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 4 курс студенттері*

### **БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Баланың мектепке дайындығы - бұл күрделі кешенді жағдай. Мектепке психологиялық дайындық бұл міндеттердің бір ғана аспектісі. Бірақ, бұл аспект өз

ішінде түрлі бағыттарға жіктеледі: *мектепке дейінгі баланың белгілі - бір дағдылары мен ептіліктерін, бала психикасын зерттеу және әрекет етуін анықтау*. Баланың мектепке дайындығы кезеңінде оның мінез – құлқында біршама өзгерістер пайда болады. Оның мәні баланың ересектер талаптары мен ережелеріне бағыну, орындау болып табылады.

К.Левиннің жалығу деңгейін анықтауға арналған әдістемесін пайдаланады. Әдістеме бойынша, көп мөлшердегі сіріңкені бір - жерден екінші жерге бір - бірлеп тасымалдау тапсырылады. Егер, бала мектепке баруға дайын болса, бұл істің жалықтырып жібергеніне, ересектердің болмауына қарамастан тапсырманы аяғына дейін орындап шығуы тиіс.

Соңғы кездері, мектепке оқуға деген дайындық мәселесіне шетел зерттеушілері де көп көңіл бөлуде. Бұл мәселені шешуде тек педоогтар немесе психологтар ғана емес, сонымен қатар дәрігерлер мен антропологтар да тасалысып, зерттеу - түзету шараларын жүргізуде. Олардың зерттеулері көбінесе дене және психикалық көрсеткіштерінің өзара байланысы мен бұл көрсеткіштердің оқу үлгеріміне әсерін анықтауға бағытталған. Баланың туған туыстарының дұрыс қарым – қатыасымен бала мектепке шыдамсыздана дайындала бастайды. Ең маңызды проблема – *мектепке бейімдеу*. Бейімделу жағдайы әрқашанда қобалжытады. Мектептің алдында кез - келген бала толқиды. Ол өзінің балабақшадағы достарымен салыстырғанда жаңа өмір бастайды. Мүмкін бала төменгі сыныптарда өз қалағанын істеуі мүмкін. Сондықтан да балаға осындай қиын сәттерде көмектесіп, жауапкершілікті үйрету керек.

Бала мектепке келе салысымен оның әлеуметтік жағдайы өзгереді. Бірақ, ол ішкі әлемінде мектеп жасыны дейінгі бала болып қалады. Оқу әрекетінің негізгі түрі болып сурет алу ойын құрау болып қалады. Оқу әрекетін әлі де дамыту керек. Баланың оқу әрекеті талап ететін *зейін* қою.

Баланың негізгі іс-әрекеті - *ойын*. Осы кезеңде бала *оқу* мен *ойын* әрекеттерінің айырмашылықтарын түсіне біледі. Оқу барысының бірінші күндерінде де баланың ойынға деген түрткісі қозғалуға әсер етіп тұрады. Мұндай жағдайда мұғалім түрткіні дұрыс ұйымдастырып отыруы керек. Бұл үшін бала, барлық адамдар оқиды, жаңашыл адам болу үшін оқу керек деп ойлауы керек. Бала алғаш мектепке келгенде оның түрткісі оқу әрекетінен бөлек жүреді. Ол мұғалім тапсырмасын анасынан бөлек орындайды. Яғни, ол тапсырма орындағанда өз бетімен шешеді. Біртіндеп отбасымен мұғалім баланың оқумен түрткісі бір - біріне сәйкес болу үшін жұмыс жасаулары керек. Баланың оқудағы іс-әрекеттерін қалыптастыру үшін оның іс-әрекет түрлеріне үйрету керек. Сабақ баланың қабылдауына зейініне қарап жасалуы керек. Бұл тапсырмаларды орындату үшін екі немесе одан да көп балаларды біріктіре отырып шешкізу керек. Мектепке дейінгі кезеңнің аяқ жағында көрнекі - бейнелік ойлау немесе көрнекі – схемалық ойлау қарқынды дамиды. Бұл деңгейде, қиындықтарды шешуге бала схемалық бейнелерді пайдалана алады. Психологтардың айтуы бойынша, көрнекі – бейнелік ойлау логикалық ойлаудың негізі болып табылады. Осылайша, 6 - 7 жасар бала проблемдік жағдайды 3 түрлі тәсіл арқылы шеше алады: көрнекі - іс - әрекеттік, көрнекі - бейнелік және логикалық ойлауды пайдалану арқылы іске асады.

Е.И. Роговтың айтуы бойынша, бұл шақта танымдық мотивацияның қарқынды дамуы жүреді, яғни жаңа ақпараттарды іздеу белсенді түрде жүзеге асады. А.В. Зопорожец, Я.З. Неверовичтердің айтуы бойынша 6 – 7 жаста ролдік – сюжеттік ойындар маңызды орында. Бұл ойындар әлеуметтік нормативтер мектебі іспеттес қызмет атқарады. Баланың ойынша белгілі - бір қағидалар мен тәртіп – ережелерді ол тек ересектерден аламын деп ойлайды, бірақ оның көзі өзі болуы да мүмкін. Бұл жағдайда оның белсенділігі тара түседі. Е.В.Субботинский, егер бала, белгілі - бір нормалар мен қағидаларды орындамаған жағдайда, өзі оған қатты қиналып күйзеледі дейді.

В.А. Аверин мәліметтеріне сүйене эмоционалды күйзеліс жағдайы, мына жағдайларға әкеп соғады:

- баланың психоматроикасына (баланың 82 пайызы осы әсерлерге ұшыраған);
- еріктік сфералар (80 пайызы бұзылуына);
- сөйлеудің бұзылуына;
- есте сақтаудың төмендеуіне (37 пайызы);

Осылайша, балалардың қалыпты оқу іс - әрекетінің басты шарты ол эмоциялық тұрақтылық болып табылады.

Баланың мектепке дайындығы кезеңінде оның мінез – құлқында біршама өзгерістер пайда болады. Оның мәні баланың ересектер талаптары мен ережелеріне бағыну, орындау болып табылады. Баланың оқудағы іс- әрекеттерін қалыптастыру үшін оның іс - әрекет түрлеріне үйрету керек. Мысалы, сурет салуға. Сабақ баланың қабылдауына зейініне қарап жасалуы керек. Бұл тапсырмаларды орындату үшін екі немесе одан да көп балаларды біріктіре отырып шешкізу керек. Оқу түрткісі бұл сабақты меңгеруге деген, білуге деген ұмтылыс. Бала оқу процесінде психологиялық түрде ене бастайды. Оқу барысында ойынды қолдануға болады. Бұл балаға сәл демалып алуына және оқу мен ойын арасында өзгешеліктер бар екендігін көрсетеді.

*Ойын* - тек балалар әрекеті ғана емес, бұл үлкендерге де қатысты құбылыс. Әдетте, бала ойынның мағынасын адамдардың әлеуметтік қарым - қатынасы ретінде түсіне бастайды. Сөйте тұра бала ойнауға құмар болып отырады. Баланың мектепке дайындығын анықтауға арналған зерттеулердің көпшілігі АҚШ – та жүргізілді.

Д.Б. Эванстың байқауы бойынша шетел әдебиеттерінде «*дайындық*» және «*кемелдену*» «*жетілу*» ұғымдарын шатастыра жүреді. Көптеген зерттеушілер түсінігі бойынша мектепке дайындық бала жасының жетуіне байланысты. Л.С. Выготский бала психикасының даму кезеңдерін қарастырды. 6 - 7 жасар балалардың дамуында әлеуметтік мотивтері мен эмоциялары, өзіндік бағалау, «*Мен*» бейнесінің қалыптасуы мен жеті жас дағдарысының психологиялық өзгерістері туралы заңдылықтарды ендірі. Сөйлеу ойлаумен, ақыл - оймен тығыз байланысты. Баланың сөйлеуі арқылы оның жалпы психикалық дамуын және логикалық ойлауын анықтай аламыз. Мектепке дейінгі кезеңнің аяқ жағында көрнекі - бейнелік ойлау немесе көрнекі – схемалық ойлау қарқынды дамиды. Бұл деңгейде, қиындықтарды шешуге бала схемалық бейнелерді пайдалана алады. Психологтардың айтуы бойынша, көрнекі – бейнелік ойлау логикалық ойлаудың негізі болып табылады. 6 - 7 жасар бала проблемалық жағдайды 3 түрлі тәсіл арқылы шеше алады: көрнекі - іс - әрекеттік, көрнекі - бейнелік және логикалық ойлауды пайдалану арқылы іске асады. *Логикалық ойлау* – логика заңдылықтарын пайдалана отырып, ой-пікірлерді тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі. Баланың логикасын дамыту ұғымдарын өсіру, оқу- тәрбие үрдісіндегі ұдайы жүргізілетін жұмыс.

Балалардың логикалық ойлауын – қабілеті арнайы құралдар, техника, ойындар және тұрақты жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Ойлаудағы қабілеттілік – баланың жинақталған бірнеше істі меңгеру шамасын байқататын бір қасиеті.

*Қабілет* – асыл мұра, бойға біткен зор қасиет. Әркімде бір ерекше көзге түсетін қасиет болады. Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналасындағы дүниені бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым қатынасқа түскенде ғана оның ойлау шеңбері кеңейетін болады.

*Әдебиеттер:*

1. Кравцова Е.Е. «Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе». Москва. 1991 г.
2. Венгер Л.А. Особенности психического развития детей 6 – 7 лет. М., 1988г.
3. Смирнов Е.О. Детская психология. М. Владос. 2003г. с. 390.

4. Нығыметова Қ.Н., Еремекбаева Л.К. «Баланың мектепке психологиялық даярлығын айқындау», Алматы. 2006 ж, - 132 б.

*С. А. Тукебаева*

*Абай атындағы ҚҰПУ -нің, Әлеуметтік ғылымдыр (Психология) білім беру бағдарламасының аға оқытушысы*

*Ш. Нұрбайызы*

*Абай атындағы ҚҰПУ -нің, Әлеуметтік ғылымдыр (Психология) білім беру бағдарламасының 4 курс студенті*

## **КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазір біздің елімізде бизнестің дамудың бұрын – соңды болмаған қолайлы ахуалы туып отыр. Бұған аталмыш салаға айрықша көңіл бөліп отыруы сол арқылы республикадағы банктердің оны қаржыландыруды жақсы жолға қоюы тікелей мұрындық болуда. Былай болатыны, мемлекет басшысы шағын және орта бизнестің кез келген елдің экономикалық жағынан өсуі мен өркендеуінің негізі екенін өте жақсы біледі. Ал бұл тектес кәсіпорындар өз ретінде орасан зор ақша айналымы мен жұмыс орындарын жасап қана қоймайды, сонымен қатар өндіріске жаңа технологияны бірінші енгізіп, бизнесті жүргізудің соңғы тәсілдеріне батыл қол создырады.

Кәсіпкер – француз тілінен енген сөз. Ол алғаш рет 1723 жылы қолданылды. Қазіргі таңда «кәсіпкер» жаңа кәсіпорынды басқару қабілетімен бастама және инновация енгізеді деп анықталады. Әйгілі экономист Роберт Рейчтің айтуы бойынша, тим-билдинг, көшбасшылық және басқару қабілет кәсіпкерге ең керек қабілеттер. Кәсіпкерлікті зерттеу тарихы XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында классикалық экономиканың құрылтайшылары Ричард Кантилион мен Адам Смиттің жүргізген зерттеулерінен басталады. XX ғасырдың 1930 жылдарында кәсіпкерлік терминін Йозеф Шумпетер зерттеген. Оған қоса, кәсіпкерліктің табиғатын түсіндіруге Людвиг Фон Мизес, Фридрих Август Фон Хайек және тағы басқа Австрияның экономика мектебінің өкілдері ат салысқан. Олар кәсіпкерлікті табиғи ресурстармен (жер, еңбек, капитал, ақпарат және уақыт) қатар эконимаканың маңызды ресурстарының бірі ретінде қарастырған. Кәсіпкерлік-мәміле бойынша, шығындарды азайту арқылы уақыт үнемдеуге көзделген [1].

Австриялық экономист Йозеф Шумпетер мынандай анықтама берді: кәсіпкер - бұл жаңа ойды немесе өнертабысты табысты жаңа енгізілімге айналадыратын адам. Нақтылай келсек, кәсіпкерлік – бұл нарыққа және өндіріске жаңа тауар мен кәсіпкерліктің моделін құрып әсер ететін шығармашылық орта. Сонымен атар, шығармашылық орта динамикалық және ұзақ мерзімді экономикалық өсуге алып келеді.

Кәсіпкерлікті дамыту кез-келген өркениетті қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты мен экономикалық тұрақтылығының қажетті шарттарының бірі болып табылады. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігі оның сәттілік деңгейімен, бұл осы жетістікке әкелетін психологиялық факторлардың болуын болжайды. Шетелдік зерттеулерде бұл аспект М.Вебер, П. Друкер, М. Кассон, А. Коул, М. Петерс, Ф. Тоссит, Ф. Хайек, Р. Хизрич, Дж. Шумпетер, Б.Карлофф және т. б. Кеңес психологиясында ресейлік кәсіпкерлік пен кәсіпкер сипаттамалары және оның проблемаларын Л. И.Абалкин, О. С. Дейнека, В. Н. Дружинин зерттеулері атап өтіледі[1].

Дәстүр бойынша кәсіпкерлікте үш негізгі деңгей ерекшеленеді - шағын кәсіпкерлік, орта кәсіпкерлік және ірі(үлкен) кәсіпкерлік. Кәсіпкерліктің психологиялық ерекшеліктеріне тоқталсақ, кәсіпкерлік қызметті дамытуға ынталандырудың бірі көбінесе жеке адамдардың тағдырына әсер ететін ситуациялық жағдайлар болып табылады, олар кәсіпкерлік жолына түсу арқылы өмірлік мәселелерін шешуге тырысады. Алайда

зерттеушілердің көпшілігі кәсіпкерлікті үйрету мүмкін емес деген пікірде. Қызметтің бұл түрі үшін ерекше қабілеттер қажет. Қабілеттілік арнайы және жалпы болып келеді және оны дамыту тұлғалық ерекшеліктерге тәуелді. Қабілеттерді дамытудың табиғи шарты-бейімділіктің болуымен жүйке жүйесінің туа біткен анатомиялық және физиологиялық сипаттамаларында, психолог В. А. Крутецкийдің ұстанымына сәйкес бейімділікке жүйке жүйесінің типологиялық қасиеттері, анализаторлардың табиғи қасиеттері және ми қыртысының жұмыс істеуінің жеке нұсқалары кіреді.

Қазіргі уақытта әлемнің бірде-бір елінде кәсіпкерлік кәсіп ретінде өмір сүрсе де, «кәсіпкер» мамандығы жоқ. Кәсіпкерлікті зерттеушілер арасында оны үйрету мүмкін емес деген пікір кең таралған. Кез-келген бизнесті бастаған адамдар қарапайым оқу процесінде алынған білімнің іс жүзінде пайдасыз екенін, кәсіпкердің іскерлік қасиеттері мен оның білімі арасында ешқандай байланыс жоқ екенін біледі. Алайда, Гарвард Бизнес мектебіне Мейерс – Бриггстің арнайы тесті бойынша кәсіпкерлікке бейімділігі бар адамдар қабылданады. Кәсіпкерлік қабілеттердің пайда болуына қандай бейімділіктер ықпал ететінін анықтау ұсынылған, содан кейін ерте жастан кәсіпкерлікке бейім адамдарды анықтаудың ерекше мүмкіндігі пайда болады[2].

Бизнеске мансапқа жету үшін жеке басыңыздың қасиеттері мен сыртқы ахуалға да нақты зерттеу жасаған жөн. Кәсіпкерлердің психологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін, қажетті негізгі сапаларына назар аудару қажет:

1. Жеке алғышарттар

- мықты денсаулық;
- бастамашылдық;
- эмоциялық тұрақтылық;
- өзіне және өз ісіне сенімділік;
- нарықтағы өзгерістерге икемділік және бейімделу дағдысы;
- өз ісін ұлғайтуға ұмтылыс;
- жігерлілік пен табандылық;
- тәуекелге бару қабілеті мен дағдысы;
- кездейсоқтық пен сәттілік.

2. Арнайы білім мен дағды

- білімділік және білім;
- өз ісін құруға ниеттенген саладағы белгілі құзырлылық;
- сауда-коммерциялық тәжірибелік білім;
- адамдармен қарым- қатынас;
- психологиялық климат.

3. Сыртқы шарттар

- жеке мүліктік жағдай;
- отбасы және қоршаған орта;
- серіктестік;
- құқықтық шектеулі шарттар;
- алғышарттар.

Әрине, мұндай қасиеттерге бірден ие бола қою мүмкін емес, дегенмен оларды дамытуға, болашақты болжауға кәсіби әрекет етуге дүниетанымдық бағдар қажет. Бұл неге маңызды? Адамның жұмыс барысында міндетті түрде кездесетін мәселелерді түйсінуді үшін өзіндік құндылықтар шкаласында басымдықтарды мүмкіндігінше шынайы орналастыру өте пайдалы болмақ. Нәтижесінде бұл шкалаларды қайта қарау немесе қайта құруда, бизнеспен айналысуға деген жігер мен ынта бірнеше есе арта түсуі мүмкін. Атап айтқанда:

- кәсіпкер әрқашан таңдаған бағытта қозғалуы керек және оның жолындағы кедергілерді жеңе білуі керек;
- мақсат қою - мақсаттарды дұрыс қою және оларға қысқа мерзімде және аз шығынмен жету алгоритмін жоспарлау мүмкіндігі;

- рационализм - іс-әрекеттің, ойлаудың рационалдылығы. Тіпті шығармашылықтың өзі ақылсыздыққа айналмас үшін ақыл-ойды талдаудан өтуі керек;
- логикалық ойлау - ойлау процесінде белгілі бір логикалық конструкцияларды қолдану; стресске тұрақтылық - жағымсыз сыртқы және ішкі факторларға қарсы тұру және психоэмоционалды күйді жоғалтпай қиын жағдайдан шығу мүмкіндігі;
- жұмыс жағдайларына тез бейімделу мүмкіндігі;
- тапқырлық - ең күрделі жағдайлардан шығудың жолын таба білу;
- жылдам оқыту - пайдалы ақпаратты тез және пайдалы қабылдау және қорыту мүмкіндігі;
- көшбасшылық бейімділік - бұл бөлім тек командада жұмыс істегісі келетіндерге қажет.
- прагматизм - теория тек негіз, ал практика бизнестің мәні екенін түсіну.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Нұрғалиев Ө. Кәсіпкерлік негіздері. Қарағанды, 2002, 9 бет.
2. Шарбатых Ю.В. Кәсіпкерлік және бизнес психологиясы. - Санкт-Петербург: Петр, 2008. - 304

*С.А.Тукебаева*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің, әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының аға оқытушысы*

*Е.М. Қунтаев*

*Шығыс –Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Садық Түкібаев атындағы Еңбек орта мектебінің педагог –психологы*

## **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Отбасы дегеніміз — кішкентай ғана әлеуметтік-психологиялық топ, оның мүшелері некелік немесе туысқандық қатынастармен, ортақ тұрмыспен және өзара моральдық жауапкершілікпен байланысқан, ал ондағы әлеуметтік қажеттілік қоғамның халықты нақты және рухани өсіріп-өндіруге деген қажеттілігінен туындайды.

Үлкен энциклопедиялық сөздікте мынадай анықтама берілген: «Отбасы — некеге немесе туысқандыққа негізделген шағын топ, оның мүшелері өзара ортақ тұрмыспен, өзара көмекпен, моральдық және құқықтық жауапкершілікпен байланысқан» [1].

С.И.Ожеговтың «Орыс тілі сөздігінде» бұл ұғымға келесідей анықтама беріледі: «Отбасы —бірге тұратын жақын туысқандар тобы. Ортақ мүдделермен топтасқан адамдардың бірлестігі» [2].

Әлеуметтанушылық тұрғыда «отбасы» ұғымы, әдетте, ортақ өмір, ортақ мүдде, өзара қамқорлық сипатындағы адамдардың неке, туыстық, тәрбиелеуге балаларды отбасына қабылдауы арқылы құрылған одағы деп қабылданады [3].

И.В.Злобинаның «отбасы» ұғымына деген көзқарасы да назар аударарлық, ол: «Отбасы дегеніміз ерлі-зайыптылықты, туыстықты, туғандықты, бірге өмір сүруді, ортақ шаруашылық жүргізуді, бірлесіп тәрбиелеуді, асырап-сақтауды қамтитын күрделі құқықтық ахуал болып табылады», дейді [4].

Осылайша, отбасы келесідей төрт сипаттамасы бар күрделі құрылым болып табылады, ол қоғамның шағын әлеуметтік тобы; жеке тұрмысты ұйымдастырудың аса маңызды түрі; ерлі- зайыптылық одақ; ерлі-зайыптылардың туыстармен, яғни бірге тұратын және ортақ шаруашылық жүргізетін ата-аналармен, аға-інілермен, әпке-

сіңділермен, ата-әжелермен және басқа да туыскандармен, көптарапты қарым-қатынастары.

Осы орай ғалым, Күләш Оразбекованың «Қазақ отбасы психологиясы» атты оқу құралында, адамзат құралының алтын діңгегі - отбасы - ошақ қасы десек, кімге болса да отбасы өмірінің қалыптасу заңдылығын білмейінше қоғамның белді мүшесі болуы қиын екендігін атап өткен [5].

Қазіргі таңда жастарды отбасылық өмірге бейімдеуге жаңа сипатта қарау басты міндеттердің бірі болып табылады. Себебі, қоғамда болып жатқан түбегейлі бетбұрыстар, ғылым мен техниканың жетістігі тұлға психикасына әсері күшті болып отырғаны белгілі.

Қазіргі заманда өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесінің маңызды бөлігі – жастарды болашақ отбасылық өмірге дайындау. Қоғам өмірінің әр саласындағы өзгерістер жастардың отбасылық өмірге арнайы дайындығының болуын талап етеді. Неке жасына жеткен заманауи жастар отбасын құруға асықпайды, олардың отбасылық ерлі-зайыптылық қарым-қатынас туралы мағлұматтары аз; жастар арасында еркін жыныстық қатынастар орын алып отыр; толық емес отбасылар саны өсе бастады; жұптардың неке серіктесіне талаптары арта баста - ды. Елде өткізілген әлеуметтанулық зерттеулер жастардың отбасылық қарым-қатынастар мәселелерінде сауатсыз екенін көрсетеді; жыныстық қатынастың ерте басталатынын көруге болады; жыныстық қатынастар салдарынан болатын аурулардың, репродуктивті денсаулықтың нашарлауы орын алып отыр. Әр адамның дамуының баға жетпес құндылығы бола отырып, отбасы мемлекет өмірінде өскелең жаңа ұрпақты тәрбиелеуде, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауын қамтамасыз етуінде, дамуында өте маңызды рөл атқарады. Қоғамдағы отбасының күйі бойынша және мемлекеттің оған қарасты көзқарасына байланысты елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының, халықтың әл-ауқатының деңгейін көруге болады. Отбасылық өмірдің өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі басты бағыт болуы үшін мемлекеттік отбасы саясаты саласындағы білім беруді, құндылық бағдарларды өзгерту қажет. Сондықтан да жастар арасында психологиялық-педагогикалық дайындықпен қатар, отбасылық қатынастар саласында саяси-құқықтық білім беру бірге жүргізілуі қажет.

Жалпы алғанда, жастарды отбасылық өмірге дайындау барысы көп аспектілі болып табылады және мынадай бағыттарды қамтиды:

- психологиялық, отбасы қарым-қатынасының психологиясы, сонымен қатар отбасылық құндылықтың оң көзқарастарын қалыптастырудағы тұлға, тұлға аралық қатынастар дамуының негізі;
- әлеуметтік, отбасылық қарым-қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты көр - сетеді; отбасына әлеуметтік-экономикалық қолдау көрсетеді;
- нормативті-құқықтық, соның ішінде неке туралы заңнамалардың негізі, отбасы құқығы туралы білу;
- адамгершілік, қалған отбасы мүшелеріне, некедегі ерлі-зайыптылардың бір-біріне жауап - кершілікпен қарауға тәрбиелеуге бағдарлану;
- физиологиялық, репродуктивті денсаулық, жыныстық тәрбие туралы мәліметтермен таныс болу;
- педагогикалық, балаларды тәрбиелеуде, отбасының ерекшелігін қалыптастырудағы отбасының рөлі.

Отбасы, әдетте, адамның жеке басының әлеуметтік маңызы бар құндылықтары мен көзқарастарын қалыптастырудағы және дамытудағы, оны әлеуметтендірудегі негізгі әлеуметтік институт болып қала береді. Қазіргі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі – отбасы институтының маңыздылығын түсіну проблемасы. Соңғы жылдары отбасылық және неке қатынастарының бұзылуы, отбасының материалдық жағдайының нашарлауы, толық емес отбасылар санының көбеюі, балалардың туылуының төмендеуі байқалады. Сондықтан қазіргі жағдайда отбасын әлеуметтендіру және жеке тұлғаны тәрбиелеу қажеттілігі туындады. Өскелең ұрпақты әлеуметтендіру және болашақ отбасылардың әл-ауқаты көбіне осы аспектіні жүзеге асыру сапасына байланысты. Кез келген мемлекеттің



басты құндылығы – отбасы Отбасының жағдайы, оның жағдайын сипаттайтын үрдістер – елдегі әл-ауқаттың көрсеткіші, оның халықаралық беделі. Сондықтан, жастарды отбасылық өмірге дайындау процесінің өзектілігі осы әлеуметтік топтың қоғамдағы және мемлекеттегі әлеуметтік өзгерістерге неғұрлым бейім болуымен байланысты.

Сонымен, жастарды отбасылық өмірге дайындаудағы қызметке ата-аналармен, педагогтармен, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу жиынтығы кіреді; нәтижесінде жастардың отбасылық өмірге дайындығымен байланысты отбасылық қарым-қатынастар туралы ілімдері қалыптасып, отбасылық өмір ерекшеліктері туралы көзқарастары дамиды. Білім беру мекемелерінде жастарды отбасылық өмірге дайындауда мынадай әдістемелер формаларын пайдалануға болады: дискуссия, тренинг, дәріс-әңгіме, дәріс-консультациялар, шығармашылық тапсырмалар, ойындар және т.с. Біз осы мәселені қарастыра отырып, тренинг бағдарламасын ұсынамыз

Кесте 1. Жастарды отбасылық өмірге дайындау мақсатындағы психологиялық тренинг бағдарламасы

№	Тақырыбы	сағ	мақсаты	Сипаттамасы
1	2	3	4	5
1	«Менің отбасым – қазір және ертең»	2	Өзінің отбасылық тәжірибесін түсіну және қабылдау; жыныстық –рольдік идентификация, қарама –қарсы жыныс өкілімен қарым – қатынас орнату іскерлігі, отбасындағы қарым –қатынас, отбасының болашағы жайлы түсінік қалыптастыру, салт-дәстүрлерді дәріптеу.	Өзінің отбасылық тәжірибесін түсіну және қабылдау. Өзінің отбасылық тәжірибесін түсіну мен қабылдау өмірін одан әрі дұрыс құруға қажет. Өзінің барлық уайымдауларын анықтай біліп, ата – аналарға деген қарама –қарсы сезімдерін айыра білу өте маңызды. Тренинг барысында қатысушылар төмендегілерді орындауы қажет: - отбасындағы өз бағытын анықтай отырып, өзіндік бақылау дағдыларын жетілдіру; -этностық өзіндік сананы арттыру; -отбасының жүйелік табиғатын түсіну; -дисфункционалды отбасындағы қатынастар динамикасы туралы түсінік алу; -өз отбасыларындағы қатынас динамикасы жайлы түсініктерін жетілдіру; -өз отбасындағы бұрын ескермеген қарым –қатынас ерекшеліктерін түсіну; -өзіндегі және отбасындағы мүмкіндіктерін өзгерту.
2	«Отбасын ойнайық» жаттығуы	2	Отбасылық рөлдік қарым-қатынас дағдыларын дамыту	Топ «отбасыларға» бөлінеді. Ішкі топтар бөлменің әртүрлі бөліктерінде орналасады. Қатысушылар міндеті –«отбасы» құрамын, отбасы мүшелерінің жас ерекшелігін, отбасылық рольдерді анықтайды. Әр қатысушы немен айналысатынын, қайда қызмет атқаратынын, қандай киім киеді, таңертеңгілік асқа не жегенді жақсы

			<p>көреді деген сияқты мәселелердің барлығын ойластырады. «Отбасы» мүшелері жай күн мен демалыс күндерді қалай өткізіетіні жайлы, отбасы міндеттерін қалай бөлетіні жайлы, қарым –қатынастары қандай, отбасы сұрақтарын коллегиялық түрде шешеді ма, әлде отбасының басты адамы бар ма деген сияқты мәселелерді шешеді. Отбасы өз тегін ойлап табады. «Отбасы» өз елтаңбасын жасап, девиз құрастырады, сонымен қатар қоршаған адамдарға айтпайтын отбасылық құпиясын ойластырады. Барлық ойластырулар қағаз бетіне жазбалар және суреттер түрінде тіркеледі. Суреттердің саны мен мазмұны әр отбасында жеке –немесе жалпы орындалады –ішкі топ өзі шешеді. Егер топта консультанттан басқа тағы да бір ересек болса, онда олар әртүрлі «отбасына» тарайды. Олар кіші балалардың рольдерін алуы қажет. Бұл жағдайда қатысушылар өз бетінше әрекет етуді және шығармашылық белсенділікті неғұрлым көп көрсетеді. Тапсырманы орындағаннан кейін әрбір ішкі топ кезекпен өз «отбасын» таныстырады, содан соң « отбасына» нақтылаушы сұрақтар қойылады.</p> <p>Бір маңыздысы, қатысушылар қандай отбасы құрамын таңдайтынын анықтау қажет: толық отбасы ма, әлде толық емес пе, отбасында балалар бар ма. Студенттер әдетте отбасының басты адамы ретінде әкесін таңдайды. Ол көбінесе фирмасы бар және жеткілікті түрде бай. Отбасында әдетте әжесі мен атасы бар, қатынастары жақсы, бір-бірімен ұрыспайды. Студенттерге отбасылық проблемалар туралы түсініктері аз болғандықтан, жетекші көмектеседі. Көптеген ұсыныстардан қатысушылар бас тартады, тек бұл мәселелер уақытша болса ғана оңай шешілетін болса ғана келіседі. Мысалы, ұлы жоғары оқу орнына түсе алмады, келесі жылы көреді. Ал науқастану, алкоголизм, кедейлік деген сияқты мәселелерден бас тартады.</p>
--	--	--	--

				Жаттығуды орындап болғаннан кейін, бірден келесіні жүргізу қажет. Өйткені отбасы қандай да бір уақыт құрылып, «өмір сүрді».
3	«Өзінің болашақ отбасы жайлы түсініктері» жаттығуы	2	Отбасы туралы жағымды елестерді дамыту	«Көздеріңізді жұмып, босаңсыңыз және барлықтарыңыз өзіңіздің ішкі кеңістігіңізге еніңіз. Сіз ересек адам екендігіңізді көз алдыңызға елестетіңіз. Міне сіз көшеде келе жатырсыз, өз үйіңізге жақындадыңыз, баспалдақпен көтеріліп келе жатырсыз, есікті өз кілтіңізбен ашасыз. Сіз не көріп тұрсыз, не істеп тұрсыз, қандай иістер сезесіз? Сіздің отбасыңыз сізді қуана қарсы алып жатыр немесе әркім өз ісімен айналысып жатыр? Сіз бөлмеге өттіңіз. Жақсылап қарап алыңыз, не көріп тұрсыз, онад кім бар екен?». Содан соң әрбір қатысушы не көргені жайлы айтып береді. Бұл жаттығуды топ қатысушыларының күйін анықтау үшін тренинг барысында бірнеше рет жүргізуге болады.
4	«Менің отбасым қазір және болашақта» жаттығуы	2	Болашаққа жоспар құру, отбасын құруға этностық құндылықтар негізінде дайындау	Қатысушыларға осы тақырыпқа екі коллаж жасау ұсынылады. Коллажбен жұмыс істеу картонның үлкен парақтары немесе ватман және әртүрлі қағаз, түрлі- түсті газеттер, журналдар, ашық хаттар, жарнамалық қағаздар, ескі кітаптар. Әдетте студенттерге коллаж жасаған ұнайды, бірақ ұсынылған тақырыптар кейде қиындық тудырады. Студент өзін жалғыз сезінуі мүмкін. Тек өзі ғана отбасын белгілейтіндей болып көрінеді. Бұл жағдайда жетекші студентке қолдау көрсетіп, оның назарын басқа жақын адамдарына аударуға ұмтылу қажет. Коллажде этностық құндылық элементтерін қосу сұралады. Коллаж жасап болғаннан кейін қатысушылар өз жұмыстары жайлы әңгімелеп бере алады. Немесе тағы бір нұсқаны қолдана алады «Біздің отбасы» тақырыбында жаттығу барысында құрылған отбасы мүшелері біріге отырып коллаж жасайды.
5	«Өзінің болашақ отбасы жайлы түсініктері» жаттығуы	2	Отбасы туралы жағымды елестерді дамыту	Көздеріңізді жұмып, босаңсыңыз және барлықтарыңыз өзіңіздің ішкі кеңістігіңізге еніңіз. Сіз ересек адам екендігіңізді көз алдыңызға елестетіңіз. Міне сіз көшеде келе жатырсыз, өз үйіңізге жақындадыңыз,

				<p>баспалдақпен көтеріліп келе жатырсыз, есікті өз кілтіңізбен ашасыз. Сіз не көріп тұрсыз, не істеп тұрсыз, қандай иістер сезесіз? Сіздің отбасыңыз сізді қуана қарсы алып жатыр немесе әркім өз ісімен айналысып жатыр? Сіз бөлмеге өттіңіз. Жақсылап қарап алыңыз, не көріп тұрсыз, онад кім бар екен?». Содан соң әрбір қатысушы не көргені жайлы айтып береді. Бұл жаттығуды топ қатысушыларының күйін анықтау үшін тренинг барысында бірнеше рет жүргізуге болады.</p>
6	"Құндылықтар" жаттығуы	2	<p>әр топтағы адамдардың құндылықтарын талқылау</p>	<p>1-тапсырма. Әр адамның өз өмірінде ерекше бағалайтын, терең мәнді түсініктері бар. Біреу үшін ол Құдай, ал екінші адам үшін ол тірі Жан, үшіншілерге- әр түрлі жетістік, отбасы т.с.с. Сіз үшін ең басты құндылық не болып табылады. Оның тізімін келесі кестеге жазып шығыңыз. Саны бестен кем болмасын.</p> <p>2-тапсырма. 5-6 адамнан топтарға бөлініп әр топтағы адамдардың құндылықтарын талқылау. Бір-біріне сәйкес келген құндылықтарды ортаға салыңыздар. Біреуіңіз сол ортақ құндылықтар туралы баяндап беріңіз. Ол сөзін аяқтағаннан соң топтың келесі мүшесі сөз сөйлейді.</p> <p>Қатысушыларға өтініш: баяндамашының сөзінен дұрыс, немесе қате жерін іздемеңіздер, бұл жерде көзқарасты кеңейту мен басқаларды тыңдап, оны түсінуге мән беріледі. Сондықтан бір-біріңізді мұқият және қызыға тыңдап, бір-біріңізге жылы шырай, мейірімділік білдіріңіздер.</p>
7	«Менің болашақтағы отбасым» жаттығуы	2	<p>Мақсаты: Өзінің отбасылық тәжірибесін түсіну және қабылдау; жыныстық –рольдік идентификация, қарама –қарсы жыныс өкілімен қарым – қатынас орнату іскерлігі, отбасындағы қарым –қатынас, отбасының болашағы жайлы түсінік қалыптастыру, салт-дәстүрлерді дәріптеу.</p>	<p>Өзінің отбасылық тәжірибесін түсіну және қабылдау. Өзінің отбасылық тәжірибесін түсіну мен қабылдау өмірін одан әрі дұрыс құруға қажет. Өзінің барлық уайымдауларын анықтай біліп, ата –аналарға деген қарама –қарсы сезімдерін айыра білу өте маңызды. Тренинг барысында қатысушылар төмендегілерді орындауы қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-отбасындағы өз бағытын анықтай отырып, өзіндік бақылау дағдыларын жетілдіру;</li> <li>-этностық өзіндік сананы арттыру;</li> <li>-отбасының жүйелік табиғатын</li> </ul>

				түсіну; -дисфункционалды отбасындағы қатынастар динамикасы туралы түсінік алу; -өз отбасыларындағы қатынас динамикасы жайлы түсініктерін жетілдіру; -өз отбасындағы бұрын ескермеген қарым –қатынас ерекшеліктерін түсіну; -өзіндегі және отбасындағы мүмкіндіктерін өзгерту.
8	«Біз бір қаннан жаралғанбыз» жаттығу.	2	жеке қызығушылықтары мен ұқсастықтарын анықтау	Олардың талғамдары, өзара қарым-қатынас, дағдылары, мінез-құлықтары арасында ортақтық бар және болашақта ортақ істері де көбейері сөзсіз. Бұл жаттығу жас жұбайлардың арасындағы қарым-қатынастарын нығайтуға, бір-бірлерін тереңірек білуге мүмкіндік береді, даму мен қызметтің түрлі бағыттарында оларды біртұтас етіп біріктіретін, ортақтықты табуға көмектеседі. Бұл жаттығу арқылы олар өзара түсіністік; өзара көмек тәрізді қасиеттердің түсінігі мен маңызын көре алады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Большой энциклопедический словарь / Под ред. А.М.Прохорова. — М.: Просвещение, 1997. — 1082 с.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. — М.: Изд-во «Азъ»,
3. Мысли и высказывания знаменитых людей о семье и браке, матери и материнстве, отцах и отцовстве, о семейном воспитании. — [ЭР]. Режим доступа: <http://vscolu.ru/articles/vyskazyvaniya-znamenitых-lyudej-o-seme.html>
4. Баймуканова М.Т. Социально-педагогическая работа с семьей: Учеб. пособие. — Қараганда: Изд-во КарГУ, 2004. — 115 с.
5. Оразбекова К.А. Қазақ отбасы психологиясы Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, Алматы 2016. -208б

*Р.Е. Каримова - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі*

*Е.М. Рахымова, А.А.Қоңырова, Н.Н. Қарқан - «5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 4-курс студенттері*

#### **БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ**

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы. Сондықтан да мектепке дейінгі білім - бұл бала тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Осыған сәйкес балаға белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдылары меңгертумен бірге, оларды тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы. [1, 12-

136] Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке психологиялық жағынан дайындау, бұл қазіргі таңда психология - педагогика ғылымдарындағы өзекті мәселелердің бірі. Яғни, баланы жан - жақты психологиялық тұрғыдан дайындау болып табылады. Баланы балабақшада ғана дайындап қоймай, ата – аналарын да кіріктірген жөн. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау өте ауқымды мәселе. Көптеген жұмысты талап етеді. Балабақшамен мектеп арасында өзара байланысты орнату. Көптеген ата - аналар баланың мектепке бару үшін тек әріптерді танып, санай алса болғаны деп тұжырымдайды. Әрине бұлда маңызды фактор. Баланың мектепке психологиялық жағынан дайындығына назар аудармайды. Бұл кезең балалар үшін өте ауыр. Яғни балабақшадан мектепке бару. Әрине, балабақшада да өзіндік әдіс - тәсілдерін қолданады, сабақтар өтіліп, психолог - педагогта балалармен жұмыс жүргізіп мектепке дайындайды. Мектепке дейінгілердің өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгеруі - өнегелі, жігерлі, дербестік, және табандылық сияқты қасиеттерін тәрбиелеудің тиімді жолы. Балаларды мектепке дайындау, мектепке бейімделуін және оқытудың жетістігін қамтамасыз ететін маңызды құрамы психологиялық дайындық компоненттері болып табылады. Баланың жеке тұлғасының даму мәселесін ойдағыдай шешу, оқытудың тиімділігін арттыру үшін балалардың мектепте оқуының дайындық деңгейін нақты ескере отырып, дұрыс бағытта жұмыс жасай білу керек. Балалардың мектепке даярлығы төмендегі параметрлер бойынша анықталады.

Олар:

1. Жоспарлау - бұл мақсатқа сәйкес өз іс - әрекетін ұйымдастыра білу іскерлігі: - баланың әрекеті мақсатпен сәйкес келмеуі - төменгі деңгей; - баланың әрекеті мақсаттың мазмұнына жартылай сәйкес келуі — орта деңгей; мақсаттың мазмұнына баланың әрекеті толығымен сәйкес келуі - жоғары деңгей.

2. Бақылау- қойылған мақсатпен өз әрекетінің нәтижесін салыстыру іскерлігі: - бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа мүлдем сәйкес келмеуі - төменгі деңгей (баланың өзі бұл сәйкессіздікті көрмейді); - бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа жартылай сәйкес келуі - орта деңгей (жартылай сәйкессіздікті бала өз бетінше көре алмайды); бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа толық сәйкес келуі, бала өз бетінше алған нәтижесі мен қойылған мақсатты салыстыра алуы - жоғары деңгей.

3. Оқу мотивациясы - бұл заттардың және қоршаған әлем заңдылықтарының жасырын қасиеттерін табуға, қолдану ұмтылуы: бала тек қана заттардың сезім мүшелеріне мүмкін болатын қасиеттеріне ғана бағытталса, онда ол - төменгі деңгей; бала қоршаған әлемнің кейбір жалпыланған қасиеттеріне бағытталуға және жалпылауларды табуға қолдануға тырысады; қоршаған әлемнің заңдылық қасиеттерін қабылдаудағы кұпияны табуға тырысудың айқын көрінуі және осы білімді өз іс - әрекетінде қолдануға деген кұштарлық - жоғары деңгей. Мұндай маңызды өзгерістерге уақытында дайындалу қажет. Бұл дайындықта балабақшаның рөлі ерекше. Бірақ, мектепке дейінгі балалардың көпшілігі балабақшаға бармай, мектеп табалдырығын аттайды. Оларды алдымен мектепке отбасы яғни ата – анасы дайындайды.

Баланың мектепке баруы оның өз-өзіне қызмет көрсетуге ұмтылуы, тұрмыстық және қоғамдық пайдалы еңбекке нақты күн тәртібі мен ретін сақтауға үйренуі, баланың жүйкелік сезімі мен әдетіне айналады. Мектепке қабылданар баланың психологиялық даярлық деңгейін тексеру; диагноз қою; дамыту жолдарын белгілеу – қысқа мерзімдік диагностикалық шара болып табылады. Осы даярлық диагностика мазмұнын үнемі жаңа ізденістермен жетілдіріп отыру – теорияның жемісі.

Мектепке 6 жастан балаларды қабылдаудағы диагностикалық жұмыстар жүргізілуді қажет етеді, ол баланың мектепке оқуға деген зор құлшынысын, құштарлығын, әрі интеллектуалдық, тұлғалық, әлеуметтік дайындықтарын, әрі денсаулық жағдайын анықтау болып табылды. Баланы мектепке дайындауда төмендегідей жұмыстар қамтылуы қажет екендігін, әрі төмендегідей жұмыстарды жүзеге асыру қажеттігін жоғарыда аталған еңбектерде атап көрсетілген, атап айтар болсақ: баланың жаза білу қабілетін анықтау; балаға қарапайым математикалық элементтерді үйрету; сөздік қорын молайту;

шығармашылық қабілетін арттыру; баланың қарым-қатынасын шындау мен өзін-өзі әлеуметтік ортада ұстай білуін машықтандыру; балаларды ұлттық салт – дәстүрімізді қадірлеу, қастерлеуге үйрету; баланың денсаулығына, физиологиялық тұрғыдан дені сау тұлға болуына көп көңіл бөлу; баланың психологиялық дұрыс дамуына да орасан зор көңіл бөлу [3].

6 – 7 жастағы балада әсерленгіш сезім басым болса да, бұрынғыдай сенгіштік пен аңқаулық болмайды. Әсемдікті, ұяттың не екенін, кінәлі сезімді, әділдікті біледі. Осы жаста әділетсіздікті, жаман сөзді, мазақ еткенді ұнатпайды. Өздері сөзге тапқыр, әзілге бейім болып, кейбір жағдайдың жасырын мағынасын да біле бастайды, яғни басқа адамның эмоциялық жағдайын білу және өз эмоциясын басқара білу үшін бала өз басынан кешкен сезімін түсіне біледі. Баланың мектепке психологиялық дайындығы диагностикалық жұмыстар арқылы анықтауды қажет етеді. Баланың зейіні, деңгейі, қабілеті және «Бала – бала»; «Бала – тәрбиеші»; «Бала – ата – ана», қарым – қатынасы анықталады. [4]. Ақыл – ойдың даярлығы Бұл мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігі . Кез келген бала жазып және санаумен ғана шектеліп қоймай, ең маңыздысы салыстырып, талдап, ойлап, өздігінен қорытынды жасай білуі тиіс. Сонымен бірге баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы және сөйлеген сөздің мағынасын түсініп, өзінің ойын жеткізе алуы қажет.

Бала өз бетімен сөйлем құрастырып, ұқсас дыбыс тіркестерін анық айта алуы маңызды. Әрбір бала әңгімені құрастырумен қатар заттарды, суреттерді, әрекеттерді бейнелеп және оның мазмұнын айтып беруі қажет. Яғни, баланың сөздік қорының мөлшері, таным үрдістерінің даму деңгейі, логикалық операцияларды орындай алуы, оның білімді табысты меңгеруінің негізі болып табылады.

Баланың қоршаған ортасын жалпы бағдарлай алуы және тұрмыс жағдайындағы білім қорын оң сұрақтық тест арқылы анықтауға болады. Әр дұрыс айтылған сұраққа бала 1 балл алады. Осы әдістеме арқылы дұрыс жауап болған жағдайда барынша көп 10 балл болып саналады. Әр сұраққа жауап беру үшін 30 секунд беріледі. Осы уақыттың ішінде бала жауап бермесе қосымша сұрақтар қоюға болады, бірақ ол сұрақтар көмекші болмауы керек. Сөздік – логикалық ойлауын бағалау тесті 20 сұрақтан тұрады. Жауаптарға сараптама жүргізгенде 15 – 16 сұраққа жеткілікті саналы, мағыналы жауап беруге баланың жоғары даму деңгейін көрсетеді. Нұсқауда дәл орындау іскерлігін анықтау үшін Д. Б. Элькониннің графикалық диктанты қолданылады. Жеткілікті жақсы нәтиже: екі нұсқасын да қате жібермей және өздік өрнекті жалғастырса; орташа деңгей: 1 -2 қате жіберсе; төмен деңгей: үш және одан да көп қате жібереді. Түсті қабылдауын анықтау. Балаға кемпіркосақты бояп, түстерін атау ұсынылады. Жауабы сәйкес пайызбен бағаланады. Зейіннің шоғырландыру. Балаға шатасқан суретті көрсетіп, бейнеленген заттарды атау ұсынылады. Аталған заттардың саны бағаланады. Барынша көп балл – 6. Ерікті зейінін анықтау. Кеңістікті қабылдауын анықтауда Н. И. Гуткиннің «Үйшік» әдістемесі қолданылады. Балаға үйшіктің суретін көшіріп салу ұсынылады. Суреттің дәлдігі бағаланады. Суреттің бір бөлшегі болмаса; жалпы суреттің мөлшері сақталып, бірақ кейбір бөлшектері екі еседен артық үлкен болса; сурет дұрыс бейнеленбесе; бөлшектері кері салынса; тік сызықтар 30 градусқа ауытқып кетсе, тұтас болатын сызықтар үзілген болса, қате деп саналады. Қиялды анықтау. Салынған алты шеңберді басқа зат болатындай толықтырып салу ұсынылады. Суреттің әр түрлілігі және ерекшелігі бағаланып, 10 баллмен есептеледі. Баланың мектепке деген қарым – қатынасы. Бұл әдістеме баланың оқуға деген қызығушылығын анықтайды. Әдістеме 10 сұрақтан тұрады. Баланың таным үрдісі жақсы дамып, үлкен адамдармен және балалармен дұрыс қарым – қатынас жасай алса да, баланы мектепке толық дайын деп айта алмаймыз. Себебі, баланың жаңа білім алуға, мектеп бағдарламасын алып кетуге дайын дағдылары болуы керек.

Баланы мектепке дайындау үш бағытта жүргізіледі: мектепке оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларының қалыптасуы; жас кезеңіне сәйкес психикасында

байқалатын өзгерістерді зерттеу; берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі.

Баланың оқуға қызығушылығы болмайтын жағдайлар: - Мектеп алдындағы қорқыныш. Көп жағдайда бұл қорқынышты үйде қалыптастырады, себебі ата – ана баланы бағындыру мақсатымен «Ертең мектепке барғанда көресің...», «Дұрыс отыра да алмайсың, мектепке мұғалімдерің ұрсады» деп, үйде бағындыруға тырысады: сабақтарда және қарым – қатынаста қиындыққа кезегуі, мұғалімге үйрене алмауы, мектепке кездескен қиыншылықтар негізінде оқуға деген жағымсыз қатынастың пайда болуы [5]. Осы кезде ата – ана баласына мектеп туралы, мұғалім туралы жағымды мағлұматтар айтса, оқуға деген жағымды қарым – қатынас қалыптастырып, баланың өзіне деген сенімділік сезімін дамытады. Ең бастысы баланы жолдастарымен қарым – қатынас жасай алуға, басқа баланың ойымен санасуға дағдыландырған жөн. Өз бетімен шешім қабылдай алатындай және еріктілікті дамытуға жағдайлар жасап, бастаған кез – келген істі аяғына дейін жеткізуге үйрету керек. Кеңістікті бағдарлай отырып, мұғалімнің тақтада түсіндірген материалын толық қабылдауға үлгеріп отырады. Қолының ұсақ моторикасын жақсы дамымаса, пластилинді илеу, құрастыруға, сурет сала алмаса жазуға икемі болмайды, жазу кезінде тез шаршап, қате көп жіберін болды. Кез – келген ата – ана баласын рухани және ақыл – ойы мен дене құрылысы жағынан жан – жақты даму дәрежесіне жеткізуге баулиды.

Ата – анаға баланың мектепте оқуға дайындығы біртіндеп қалыптасатын аса күрделі үрдіс екендігін психолог түсіндіреді және отбасы, балабақша болып бірігіп жасаған жұмыс нәтижесін береді. Сондықтан да мектепке психологиялық даярлықты анықтау мазмұнын теориялық ғылым, тәжірибелік іс-әрекет ретінде қарастырады. - мектеп жасына дейінгі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу. - мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық процестерінің деңгейлерінің диагностикасы. - баланы мектепке дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданудың психологиялық мүмкіндіктерін айқындау. Зерттеу әдістері-танымдық процестерді зерттеуге арналған стандартты әдістер комплексі: түрлі әңгіме әдістерін қолдану, шағын тестік тапсырмалар.

Мектепке алғаш бару – бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп – жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата – аналар балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеледі. Әрине баланың оқуға дайындығын ақылойының даярлығымен ғана шектеліп қоймай, оның оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық – қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Бұл қауырт кезеңде мектеп бірінші күннен бастап оқушыға бірнеше талаптар қойып және баланың ұқыптылық пен зейінділікке тәрбиелейді. Сондықтан да балалар оқу ісіне машықтануға, қимыл- әрекеттерінің ықтиярлы басқарылуы қабілетін, ақылой еңбегін, мақсаткерлігін, дағдысын қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасы білім заңында: «Балалардың үйелменде тәрбиеленуі білім беру мекемелеріндегі тәрбиемен етене ұштасып жатады. Үйелмен қалыптасып келе жатқан жеке адамның үйлесімді дамуына, жалпы адамзаттық қазыналардың нәр алуына жауапты» делінген [1].

Мектепке бару - бала өміріндегі үлкен жаңалық, шешуші кезең, өмір мен іс-әрекеттің жаңа күйіне, қоғамдағы жаңа орынға көшу және өсіп жетілуінің бір сатысы. Мектеп жасына дейінгілердің шұғылданатыны - ойын әрекеті. Ойын арқылы құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, алғашқы білім дағдыларына бой ұрады. Ал мектепке барысымен ол ұқыптылық пен зейінділікті талап ететін жүйелі оқу, еңбектену іс-әрекетін меңгеретін болады. Осындай елеулі өзгерістерге қиналмай, еркін іс-әрекеттер жасай білу үшін баланың мектепке алғашқы даярлығы болуы тиіс [2]. Мектепке келген күннен бастап баланың бүкіл өмір сүру салты мен іс-әрекеті өзгереді. Оқудың алғашқы жылы бала өмірінің қиын да өзгермелі кезеңдерінің бірі болып табылады, себебі эмоционалдық күйі, жұмысқа қабілеттілігі, денсаулық жағдайы, бастауыш мектептегі



және содан кейінгі жылдарындағы оқудағы жетістіктер мен сәттіліктер көпшілік жағдайда мектепке бейімделу мен дағдылануға тікелей байланысты.

Мектеп бала ағзасына жаңа, үлкен және жан-жақты талаптар қояды – интеллектуалды, физикалық және әлеуметтік. Мектепке келген бала өзіне бейтаныс ортаға түседі. Оның өмірі барлық жағынан өзгеріске түседі. Уайымсыз ойындардың орнына күнделікті сабақтар келеді. Олар күшті ақыл– ой еңбегін, зейіннің белсенділігін, сабақ үстінде зейіннің тұрақтылығы мен шоғырлануын, сонымен қатар, дене тыныштығын, дұрыс жұмыс жасау мен қимыл–қозғалысын ұстануды талап етеді. Ал балаға бұл жүктемені орындау өте қиын екені белгілі. Қозғалысқа деген қажеттілік көп емес мөлшерде қала береді. Балалардың көпшілігі интеллектуалдық даму деңгейі бойынша мектепте оқи алады, бірақ бұл жас ерекшелігінде балаларға мектептегі оқу міндеттейтін әлеуметтік–тұлғалық жүктемені алып жүруі өте қиын.

*Әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы //Егемен Қазақстан, 2007
2. Мухина В. С. Шестилетний ребенок в школе. – М., 1990. – 132 с
3. Давыдов В. В. Проблемы развивающего обучению. –М., 2007. –639
4. Божович Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М., 1987. – 325 с.
5. Орманова З.Қ. Қазіргі балаларды мектеп оқуына бейімдеу: псих. ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2001. -143 б.

*Шегебай Жания Уалиханқызы - Абай атындағы ҚазҰПУ  
1 - курс магистранты «Психолог-профориентолог»*

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕСІ**

Психология ғылымында психологиялық қолдау мәселесі тек кейінгі кезеңдерде ғана игеріле бастады. Психологиялық және әлеуметтік салаларды талдау нәтижесінде қолдаудың бірнеше түрін бөліп қарастырсақ болады: педагогикалық қолдау, әлеуметтік қолдау, психологиялық қолдау, отбасылық қолдау, ерлі-зайыптылық қолдау. Білім берудің гуманистік бағытына сәйкес, ресей зерттеушілерінде қолдау мәселесі – педагогикалық қолдаудың теориясы мен практикасында қарастырылған болатын. Осы жағдайда педагогикалық қолдау, превентивті және оперативті көмек көрсетуге бағытталған білім беру процесінің іс-әрекеті деп түсіндірілді. Ал психологиялық аспектісі, өмірлік өзіндік айқындалуға қарастырылу, дағдарыстық жағдайларда тандау жасауға дайындау, дамуына және өзін ашуға кедергі жасайтын субъективті кедергілерді алып тастау, психологиялық денсаулықты нығайту, және нақты психологиялық зақымдаушы ситуацияларда көмек беру.

«Қолдау» түсінігі кең қолданылатын, жалпы ұғым болып табылады. Ол – қолдауды қажет ететін адамдарға көмек көрсетіп, ол үшін бір жағдайларды шешіп немесе түзетуді көрсетеді. Семантикалық түсінікте «қолдау» клиенттің қалауынан туындайды. Қандай да бір басталып қойған жұмыс және өмірде бар зат қолдауға ие болады. Әдеби зерттеулер нәтижесінде қолдаудың осы түрлері көрсетілген:

- Қамқорлық түріндегі педагогикалық қолдау (педагогтардың оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына әсері);
- Әлеуметтік қолдау (көптеген туыс емес адамдардың қолдауы);
- Отбасылық қолдау (отбасы мүшелерінен алынатын қолдау);

Көбінесе ғылыми зерттеулерде психологиялық қолдау әлеуметтік, отбасылық, жұбайлар арасындағы қолдау және педагогикалық қолдаудың қажетті құраушысы ретінде

көрінеді. Сонымен психологиялық қолдауға деген қызығушылық арта түсуде. Көптеген дағдарыстар, соның ішінде материалдық және рухани дағдарыстармен қатар, адамның жеке басының дағдарысы да артып келеді. Адамның толыққанды өмірінің проблемасы ерекше орында тұрғандықтан, осылардың бәрі біздің алдымызға тұлғаны психологиялық қолдаудың әдістерін зерттеу жайлы мәселені қояды. Осы тұрғыдан алғанда психологиялық қолдау көрсетудің негізгі бағыттары төмендегідей болуы керек:

*Психологиялық профилактика* – адамның жеке басының толыққанды психологиялық жетілуіне мүмкіндік туғызу, кіші топ және ұжымдардың, тұлғалық және тұлғааралық проблемалар және әлеуметтік-психологиялық қақтығыстардың алдын- алу мен әлеуметтік-психологиялық жағдайларды жақсартуға арналған ұсыныстарды жасау;

*Психологиялық кеңес* - тұлғаның өзін-өзі тануына, адекватты бағалауына және нақты өмір жағдайына бейімделуіне, құндылықты мотивациялық сферасының қалыптасуына, дағдарыстық жағдайларды жеңу мен үздіксіз тұлғалық өсуге көмектесетін эмоциялық тұрақтылыққа жетуге, соның ішінде басшыларға отбасылық кеңес беру.

*Психологиялық коррекция* (түзету) тұлғамен тұлғааралық қатынастардың үйлесімділігі мен психикалық және жеке дамуындағы ауытқуларды жоюға бағытталған белсенді психологиялық-педагогикалық әсер.

*Психологиялық қолдау* – қазіргі қоғамда тұлғаның еркін және үйлесімді дамуы мен мүмкіндіктерін іске асыруды психологиялық қамтамасыз ету, адамдар психологиясындағы теріс (негативті) бетбұрыстар дамуының алдын алуға, тұлғалық дамудағы қиындықтарды жеңу, ауытқуы бар мінез-құлықты түзету, өзара қатынастардағы дау-дамайлық ситуацияларды дұрыс шешу мақсаттарында іске асырылады.

Психологиялық қолдаудың негізгі қағидалары:

- полисубъектілік, ынтымақтастық, қолдау қағидасы;
- тұлғалық бағдарлану қағидасы;
- психологиялық қолдауға мұқтаж субъектінің тұлғасын шартсыз қабылдау қағидасы;
- құпиялылық қағидасы;
- жеке тұлғаның тұтастай өмірлік кеңістігінде құқықтары мен қығушылықтарын қорғау қағидасы.

Психологиялық қолдаудың үлгісін құрастыру Л.С. Выготскийдің, О.С. Газман, А.В. Петровский, В.А. Петровский, Рубинштейн еңбектеріне негізделеді.

Психологиялық қолдау тұжырымдамасын дамыту үшін тұлғаның субъектілігі идеясы аса маңызды. Оның туындауы Л.С.Выготскийдің адамды түсінудегі іс- әрекеттік тұрғысы мен Рубинштейннің сана мен іс-әрекеттің біртұтастығы және де тұлға, бұл – ең бастысы субъект, өз белсенділігін алып жүруші деген еңбектерімен байланысты.

Н.Н. Загрядская зерттеуі жоғарғы сынып оқушыларын психологиялық қолдау проблемаларын шешуге арналған. Автордың айтуынша психологиялық қолдау мектеп психологы жұмысының маңызды бөлігі және ол топтық сипатта болуы мүмкін. П.Н. Загрядская, жоғарғы сынып оқушыларының өзін-өзі тануын және өзін-өзі түсінуін өмірге қажетті етіп қалыптастыруда психологиялық қолдау қажет – дейді. Автордың ойынша психологиялық қолдау жеке адамның дамуына бағытталуы қажет. Оның тұжырымдауынша, психологиялық қолдау экзистенциалды мәселелерді шешуге қажетті және ең бастысы жағымды өзіндік қатынасты, белсенділікті, жауаптылықты, дербестікті қалыптастыруға бағытталуы қажет [1].

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде бірнеше жылдан бері бірінші курс студенттерімен “Өзін-өзі тану” сабақтары өткізіліп отырғанын айта кетейік және де осы сабақтар, шын мәніндегі, психологиялық қолдау көрсету сабақтары да деген пікірдеміз.

И.Е. Лицентальдың зерттеуі техникалық университеттер білімгерлерінің бейімделуіне психологиялық қолдау көрсетуге арналған[2].

И.Е. Лилиенталь білімгерлерге психологиялық қолдау көрсетудің тиімділігі келесідей шарттарды орындауға байланысты болады деп көрсетеді: психологиялық қолдаудың жүйелілігі мен мақсаттылығы; полисубъектілік және психологиялық қолдаудың тұлғаға бағдарлылығы; бейімделу кезінде маңызды болып табылатын психологиялық қолдаудың тұлға дамуындағы жағдайларын қалыптастыруға және сол кезде маңызды болатын тұлға параметрлеріне бағыттылығы: интерналдық, жағымды өзіндік қатынас, рефлексия, дәмеленудің жоғары деңгейі, әлеуметтік-психологиялық күзiреттілік.

И.Е. Лилиенталь психологиялық қолдау көрсетудің мақсаты, жеке өмірінде кездесетін қиындықтар мен мәселелерін өз бетінше шешуге қабілетті білімгер тұлғасын дамытатын жағдайларды қалыптастыру – деп санайды.

Білімгерлерге психологиялық қолдау көрсету, олардың интериндивидті, метаиндивидті деңгейлерде өздерін көрсетулеріне көмектесу; олардың тұлғалық және кәсіби өсуіне мүмкіндік туғызатын өзара әрекеттерді ұйымдастыру, технологиялық жоспарда, автордың пайымдауынша, тұлғаға психологиялық қолдау көрсету, көмек берудің түрлі формасын қамтитын жүйе түрінде көрінеді.

А.А. Терсакованың алға қойған мәселесі педагогикалық жоғары оқу орындарындағы білімгердің тұлғалық дамуын психологиялық қолдау. Автордың айтуынша, жеке бас дамуының мәселесі, тұлғалық өзіндік айқындалу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі реттестіру, субъективтілігін ұғыну. Өзін-өзі бағалауды қалыптастыру проблемалары тұлғалық дамудың құраушысы болып табылады, өз өмірінің маңыздылығын түсіну, білімгердің тұлғалық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді[3].

Психологиялық қолдау білімгерлердің өздерінің қажетсінуімен байланысты. Психологиялық қолдау, негізінен оқытушы (психолог) және білімгерлердің өзара әрекеттесуінде іске асырылса, кейде жеке – көмек көрсетушілік сипатта болуы да мүмкін.

Н.Г. Щербанева зерттеуінің пәні, педагогикалық жоғары оқу орны білімгерлерінің кәсіптік дамуын психологиялық қызмет құралдарымен психологиялық қолдау болып табылады[4].

Зерттеудің талдауы, студент жана жоғарғы оқу орнының білім беру үрдісіне енгенде психологиялық қолдауды қажет ететінін көрсетеді. Оқудағы жақсы көрсеткіш көбінесе қоршаған ортаға бейімделуге байланысты екені белгілі. Бұл жағдай болашақ мамандарды дайындағанда көптеген әсерін тигізеді және білімгерлердің психологиялық және физикалық денсаулықтарына да үлкен қолдау көрсетеді. Білімгерлердің дамуы мен олардың алдында туындаған мәселелер, оларға психологиялық қолдау көрсету қажеттілігін көрсетеді. Жоғарғы оқу орындарының практикалық психология қызметінің мамандарының іс жүзінде курстағыларға көптеген қолдау көрсетуге, бейімделуін жеңілдетуге мүмкіндіктері бар. Олардың бағдарламаларында мынандай іс шараларды ұйымдастыруға болады:

- ЖОО-дағы негізгі оқу әдістеріне үйрету, конспектілеу, мәлімдемелер жасау, реферат жазулармен таныстыру, конференцияларға қатысу және тағы басқа;
- өз-өзін реттестіру әдістері, ауыртпалықпен күйзелістен арылу әдісімен, жұмыс істеу қабілетін орнына келтіру тәсілдеріне үйрету;
- жетістікке қол жеткізу мотивациясы тренингтері;
- коммуникативті құбылыстар тренингтері;
- шығармашылық ойлауды дамытуға арналған жаттығуларды қолдану практикумдары;
- студенттердің тұлғалық сферасында қорқыныш пен үрейді алып тастау тәсілдеріне үйрету.

**Н.Г. Щербаневаның есептеуінше, жоғарғы оқу орындарында психологиялық қолдаудың негізгі міндеттері:**

- студенттердің психикалық күйін түзету – кәсіптік дамудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін эмоциялық күйзелістен арылту;

- студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетіне әлеуметтік-психологиялық бейімделуі және оларда оң өмірлік перспективаны қалыптастыру;
- түрлі тұрмыстық және кәсіби сипаттағы ситуацияларда тиімді мінез-құлық іскерліктері мен дағдыларына үйрету;
- студенттерде табысты кәсіби-педагогикалық тұрғыдан қалыптасуына мүмкіндік туғызатын қасиеттерді дамыту және қалыптастыру: педагогикалық бағыттылық, педагогикалық білгірлік, эмоциялық және мінез - құлықтық икемділік.

Осы бағыттардың бәрінде психологиялық қолдау жүйесінің іске асырылуы мүмкін. Бұндай жүйе ретінде жоғары оқу орындарындағы практикалық психология қызметі болуы мүмкін.

И.Б. Котова, Е.Н. Шиянов және А.Г. Анохиналардың пікірінше, психологиялық қолдау – бағыттылығы мен іске асырылуының тәсілі – тұлғаның өзін-өзі дамытуы.

Л.А. Петровская психологиялық қолдауды былай деп есептейді: бұл – күрделі құрылым, адам оны субъективті қабылдайды.

Психологиялық қолдау П. Загрядская бойынша, тек қиын жағдайда ғана емес, сонымен қатар басқа да жауапкершілікті жағдайларда қажет болады.

А.Е. Айви және М.Б. Айви бойынша психологиялық көмек бұл адамға қолдау көрсету, көмек қолын созу. М. Аргайл түсінігі бойынша жақсы психологиялық қолдау адамның түрлі жағдайлардағы шешімінің тиімділігін жоғарылатады.

“Психологиялық қолдау” ұғымына байланысты түйінді мәселелердің жүргізілген талдауы, кеңес беру мен психотерапиядағы психологиялық қолдауды зерттеуге қызығушылықтың арта түскенін көрсетеді.

Психологиялық кеңес беру, бұл – жеке-даралықтар, бірегей тұлғалар арасындағы диалог. Диалог үшін әдеттегі қарым-қатынас тілі, әдеттегі сөздер жеткіліксіз. Әлемге деген түрлі көзқарастардың бірігуі, өзара түсіністік, ішкі әлемдерінің түйісуі қажет. Кеңес берушіні клиент таңдайды, ал диалог іске асады ма, әлде іске аспайды ма, оған негізінен кеңес беруші жауапты. Осындай күрделі процесте психологиялық қолдау көмекке келеді.

Психологиялық қолдау көбінесе клиентке деген гуманистік тұрғыға жақынырақ болады, өйткені оның белсенділігі және әртүрлі оң өзгерістерге деген құлшынысына байланысты. Осы психологиялық бағыттағы кеңес беруші мен психотерапевтер дәл осы мағынада бірігеді – деуге болады. Глэддингтің көрсетуінше, теоретиктер де, практиктер де кеңес беруде, оның әртүрлі кезеңдерінде, міндетті түрдегі маңызды элементі ретінде психологиялық қолдауды пайдалануы қажет.

Психологиялық қолдаудың маңызды компоненттері Р. Кочюнас бойынша мақұлдау және тыныштандыру болып табылады. Консультациялық байланысты құру мен күшейтуде осы техникалар өте маңызды. Клиент рухын келісім немесе түсінуді көрсететін қысқаша сөйлеммен, мәселен: “Жалғастырыңыз”, “Иә, түсінемін”, “Жарайды”, “Сонымен”, т.б. демеп отыру қажет. Клиентті психологиялық қолдаудың тағы бір маңызды компоненті клиентті тыныштандыру болып табылады. Бұл да консультанттың келісін көрсететін қысқа сөйлемдері: “Өте жақсы”, “Дұрыс айттыңыз”, “Бұл жеңіл емес”, “Білемін, ауыр болатынын, дегенмен сіз осыны жасауыңыз керек” және т.б.

К. Роджерс терапиялық ахуалды орнатудың ең маңызды элементтерінің бірі – шынайылық, адалдық деп санайды. Шынайылыққа үйренуге болмайды, дегенмен кеңесшінің клиенттің ішкі әлеміне кірулерін қауіп-қатер емес, қолдау деп қабылдауы керек.

К. Роджерс, сонымен қатар көмектік қатынастардың орнауы мен психологиялық қолдауға сенімінің мәніне де көңіл бөледі[5].

*Демек, кеңес беру мен психотерапияның бүкіл процестері психологиялық қолдау актілері болып табылады.*

*Психологиялық қолдаудың мақсаты - өзін-өзі оқытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуінің механизмдерін қалыптасыра отырып тұлғаның өзін-өзі нәтижелі дамытуына қажетті жағдайларды жасау. Осындай жағдайда әрбір адам өзіне -өзі психолог, өз тағдырының*

қожасы болады. Психологиялық қолдаудың маңызды құраушылары: мақұлдау және тыныштандыру, жылылық, қамқорлық, жоғары бағалау, қабылдау, сыйлау және түсіну, осылардың бәрі психотерапиялық ахуалды құрудың басты элементтері болып табылады.

Блохер психологиялық қолдау төмендегі жағдайларға әсер етеді деп санайды:

- мінез-құлықты өзгертуді жеңілдетуге;
- клиенттің қарым-қатынасты орнатып және қолдап отыру қабілетін жетілдіруге;
- клиенттің өнімділігін және қиындықтарды жеңу қабілетін өсіруге;
- шешім қабылдау процесіне көмектесуге.

Р. Кочюнас – кеңес беруде проблема туындағанда немесе клиентті қолдау, көмектесу қажет болғанда сезімдерге көңіл аудару қажет деп ойлайды, олардың арасында қорқыныш, мазасыздану, ашу-ыза, өшпенділік ерекше көрінеді.

Сонымен, ЖОО студенттеріне психологиялық қызмет аясында психологиялық қолдау көрсетілуі қажет деп ойлаймыз.

### *Әдебиеттер:*

1. Загрядская Н.Н. Психологическая поддержка старшекласников при решении ими экзистенциальных проблем: Дис. ... канд. психол. наук: Ростов на Дону, 1999. – 138 с.
2. Лициенталь И.В. Психологическая поддержка студентов в период адаптации к образовательному процессу вуза./ дис. к.п.н., Ставрополь, 2000. – 140 с.
3. Терсакова А.А. Психологическая поддержка личностного развития студента в педагогическом вузе: Дис. ... канд. психол. наук: Ставрополь, 2002. – 155 с.
4. Щербанева Н.Г. Психологическая поддержка проф. развития студентов педагогического вуза средствами психологической службы: Дис. ... канд. психол. наук: Армавир, 2003. – 144 с.
5. Роджерс К. Эмпатия – психология эмоций М.: Прогресс, 1984. - 230 с..

*А.К. Акишева*

*PhD докторы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы*

*А.Т. Кашенова*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ЖАНЖАЛДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН КЕЛІСПЕУШІЛІКТІҢ ТУЫНДАУЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ**

Адамзат өркениетінің даму тарихы әртүрлі кикілжіңдерге толы. Кикілжіңнің ең алғашқы концепциялары 19-20 ғ.ғ. аумағында пайда болған. Кикілжіңді шешудің бес негізгі стильдері бар. Олар Томас-Килменн әдісі бойынша: Белсенді әрекеттер, жеке әрекеттесу, бірігіп әрекеттесу, кикілжіңнен кетіп қалу стилі, бейімделу стилі.

Мектептегі жасөспірімдердің арасындағы туындайтын кикілжіңдерді түгелдей болдырмау мүмкін емес. Кикілжіңдердің алдын алу жолында маңызды роль алатын – тәртіп. Оқушылардың кикілжіңді қылықтарына мұғалімнің жеке тұлғасы үлкен әсерін тигізеді. Мұғалім оқушылар арасындағы болып жатқан кикілжіңдерге араласуға міндетті. Дұрыс тыңдай білмеу кикілжіңнің негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Жанжал тақырыбы өзекті тақырыптардың бірі. Бұл шегі жоқ мәселелердің бірі. Қоғамның дамуына байланысты, жанжал жағдайларына әкелетін даулар көбейе түсуде. Жанжал дегеніміз – бір-біріне қарсы бағытталған мақсаттар, мүдделер, көзқарастар мен пікірлер. Жанжал туындауы үшін келіспеушілікке әкелетін ортақ оқиға қажет. Жанжалдар

біздің өмірімізге табиғи түрде енеді. Өмір өзгерген сайын, жанжалдардың себептері мен түрлері өзгеруде. Жанжал бізді жаңа адамға немесе жаңа жағдайға кез болғанда күте алады. Жанжалдарды адам қызметінің кез-келген саласының ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Оларды болдырмау мүмкін емес, олар өсу үшін қажет, әйтпесе тоқырау пайда болады. Даму үрдісінде тұлғааралық қатынастар түзетуді, үйлестіруді қажет етеді. Бастауыш мектеп жасында жанжалдардың алдын алу мәселесі ерекше өзекті болып табылады. Осы кезеңде балалар ересек өмірге алғашқы қадамдар жасайды - олар топ ішінде араласып, өзара мәселелерді шешуді үйренеді. Сондықтан олар жанжалдарды шеше білу керек. Қазіргі уақытта білім беру үрдісінің өсіп келе жатқан талаптары мен бастауыш сынып оқушыларының қызметтік мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылық анықталды [1].

Оқушылар арасында да жанжалдар жиі кездеседі. Мұғалім бұл жағдайда бақылаушы ретінде әрекет етеді, ол даулы жағдайды шешуге көмектеседі. Бастауыш мектептегі агрессия жеткіліксіз әлеуметтенудің нәтижесі. Балалар әлі де басқа адамдарға қатысты не істеу керектігін түсінбейді, «мүмкін» және «жоқ» арасындағы айырмашылықты түсінбейді. Орта мектептегі жанжалдар саналы түрде жүреді. Оқушы жақсылық пен жамандықтың айырмашылығын түсінеді. Көп нәрсе тәрбиеге, мұғалімнің бақылаушы тарап ретіндегі беделіне байланысты. Келіспеушіліктің бірден себептері күрделене түсуде. Кәдімгі балалық шағымдармен қатар, топта көшбасшылық үшін күрес, топтар арасындағы күрес және жеке бақталастық пайда болады. Жанжалдың ең қауіпті түрлерінің бірі - бұл әлеуметтік. Толық емес отбасылардағы балалар көбінесе толық отбасындағы балаларымен қақтығысады. Нәтижесінде кез-келген жағынан бақыланбайтын агрессия немесе өзін жабу әрекеті болуы мүмкін. Мәселені уақтылы анықтау және оны оңтайлы шешу өте маңызды. Этникалық жанжалдар әртүрлі этникалық топтардың өкілдері сыныпта оқыған кезде де жиі кездеседі. Құзыретті мұғалім жанжалды оның одан әрі дамуын қоспағанда, бастапқы кезеңде шеше алады. Алдын алу шараларының бірі - балалар тобының барынша бірлігі. Мектептерде түрлі шаралар мен байқаулар ұйымдастырылады. Бұл жерде сыныпаралық қақтығыс болмауын қамтамасыз ету керек. Алайда, заманауи мектеп мұғалімі әрдайым оқушылар арасында жеткілікті беделге ие бола бермейді. Жанжал жағдайларын шешуде ата-аналар да рөл атқарады. Бұл жағдайда реттеу әдісі отбасындағы қарым-қатынасқа байланысты.

Оқушы- мұғалім. Оқушы мен мұғалімнің арасындағы жанжал мектеп жағдайында жиі кездеседі. Шартты түрде мұндай жағдайларды келесідей бөлуге болады: оқушының үлгерімі немесе нашар үлгерімі, сондай-ақ сабақтан тыс түрлі тапсырмаларды орындау кезінде туындайтын жанжалдар. Көбінесе бұл оқушылардың шаршауынан, тым қиын материалдан, мұғалімнің көмегінің болмауынан туындайды. Бүгінгі күні мұндай жағдайлар туындайды, оның ішінде мұғалім оқушыларға шамадан тыс талаптар қояды және пән бойынша бағаларды жазалау құралы ретінде қолданады. Оқу орнында және одан тыс жерлерде оқушылардың белгілі бір тәртіп ережелерін бұзуына мұғалімнің реакциясы. Көбіне мұғалімнің жағдайды бағалай алмауы және оқушының іс-әрекетін дұрыс талдамауы себеп болады. Нәтижесінде қате тұжырымдар пайда болады. Оқушы мұндай тұжырымдармен келіспейді, нәтижесінде жанжал жағдайы туындайды. Әдетте бұл мұғалімнің жеткіліксіз біліктілігі мен жанжал алдындағы жағдайларды дұрыс шешпеуінің салдары. Жанжалдың жалпы себептерінің арасында мыналарды анықтауға болады: мұғалімнің жанжал жағдайларын сауатты шешуге жауапкершіліктерінің жоқтығы. Проблемалық жағдайға қатысушылардың әр түрлі мәртебесі мен өмірлік тәжірибесі, олардың мінез-құлқын анықтайды. Көбінесе мұғаліммен жанжал оның дұрыс еместігінің салдары болып табылады. Оқушы енді ғана әлеуметтене бастайды, мұғалім белгілі бір жолмен келді: оқушыларға дауыс көтеруге рұқсат етілмейді. Бұл тек проблемалық жағдайдың шиеленісуіне әкелуі мүмкін. Оқушының эмоцияларды басқаратын кез-келген реакциясына тыныштықпен қарау керек. Оқушылармен ауыр психологиялық әңгімелерді мұқият қарастырған жөн. Егер сіз біреуді жазалауыңыз керек болса, мұны «көзге»

салмастан мүмкіндігінше дұрыс жасау керек. Егер жанжал көзі проблемалы оқушы болса, оны одан әрі ынталандыруға болады, мысалы, маңызды тапсырма беру арқылы [2].

Мұғалім - оқушының ата-анасы. Ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы жанжал - бұл жаңа құбылыс, бірақ қарқын алуда. Бұл өзара сенімсіздік пен балаға деген әртүрлі көзқарастарға байланысты туындайды.

А.И. Шипилов атап өткендей оқушылар арасында ең көп кездесетіні - екі-үш жетекшінің және олардың топтарының сыныпта беделге ие болу жолындағы күресін көрсететін көшбасшылық жанжалдары. Ортаңғы сыныптарда ұлдар мен қыздар тобы жиі жанжалдасады. Үш-төрт жасөспірімнің бүкіл сыныпты немесе бір оқушы мен сыныптың жанжалын белгілеуге болады. Мектеп оқушыларының агрессивті мінез-құлқының генезисі жеке тұлғаның әлеуметтенуіндегі кемшіліктермен байланысты. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардағы агрессивті әрекеттердің саны мен ата-аналардың қолданған жазаларының жиілігі арасында оң байланыс табылды (Р. Сире). Сонымен қатар, жанжалға қарсы ұлдарды, әдетте, оларға қарсы физикалық күш қолданған ата-аналар тәрбиелейтіні расталды (А. Бандура). Сондықтан бірқатар зерттеушілер жазаны жеке тұлғаның қайшылықты мінез-құлқының үлгісі деп санайды

Оқушылар қысқа ситуациялық жағдайларды оқиды және өздерінің реакцияларын жазып отырады немесе айтады. Мұнда олардың қылықтарының стратегиялары (проблеманы шешуі, конфронтация, медиация) және олардың қолданылатын рөлдері қарастырылады.

Оқушылар арасындағы кикілжіңді болдырмау үшін, оларға өздерімен жасты оқушылар көмектеседі, мұнда олар әдеттегідей үш мүмкіндіктерді қолданады. Мектептің әкімшілігінен көмек сұрау, төбелесу немесе даулы ситуациядан аяқ тарту.

Мектеп оқушылары арасындағы туындайтын кикілжіңнің түрлерін, туындау себептерін, алдын алу мәселелерін көрсете келе, мектеп оқушыларының кикілжің проблемасына жағдайында, оны шешу барысында делдалдық әрекеттесуді қолданудың маңыздылығы анықталды. Оқушылардың бұл иеленген делдалдық құнды дағдылары алдағы өмірлік қарым-қатынасында нәтижелі жетістіктерге жетуге көмектеседі.

Қазіргі уақытта білім беру үрдісінің өсіп келе жатқан талаптары мен бастауыш сынып оқушыларының қызметтік мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылық анықталды. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде жанжалдарды шешу дағдылары туралы нақты мәліметтер жоқ. Қиын қақтығыстық жағдайға тап болған балаларды олардың қалыпты психикалық дамуын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық және психологиялық оңалтудың негізгі стратегиясы әзірленбеген. Дегенмен, шешілмеген мәселер мен жанжалдар психикалық бұзылуларға ықпал ететіні белгілі. Осыған байланысты, бастауыш мектеп жасында, баланың жеке басының негізгі қасиеттері белсенді түрде қалыптаса бастағанда, жанжалдарды шешу қабілетін зерттеу ерекше маңызды болып табылады [3].

Оқу іс-әрекеті барысында бастауыш сынып оқушылары түрлі проблемалық жағдайларға тап болады, бірақ олар оны шешуге дайын емес. Балаларда жанжал жағдайлары психомоторлық дамудың кешеуілдеуі, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, назардың жеткіліксіздігі, сөйлеу қабілетінің дамымауы, яғни дененің жалпы функционалды резервтерінің төмендігі, бұл оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне және олардың білім алуының нәтижелеріне кері әсерін тигізеді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, бастауыш сынып оқушыларына жанжалдарды шешу қабілеттерін дамыту қажет екені анық. Осы тақырыпқа жақын зерттеулердің жеткіліксіздігінен жанжал көріністері сапалы зерттелмеген күйінде қалады. Қазіргі кездегі теориялық және эмпирикалық тәсілдердің анық еместігі бала кезіндегі жанжалды шешу мүмкіндігін негіздеуге мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты бұл мәселе нақты талдауды қажет етеді.

Жанжалдарды шешу қабілеті адамның әлеуметтік бейімделуінің бір көрінісі болып табылады және тұлғааралық өзара әрекеттестікте өнімділікті арттырады. Дәстүр бойынша,

жанжал көріністері депрессияға, ашулануға, белсенді әлеуметтік рөлден аулақ болудың пассивті нұсқаларына әкелетін әлеуметтік нормалардан ауытқу тұрғысынан қарастырылады. Бұл жағдайда бала жағдайларды шешуге қатыспайды және оларды тудыратын мәселелерді шешуге дайын еместігін көрсетеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларындағы жанжалдарды шешу мүмкіндігін зерттеу маңызды, бұл қоршаған ортамен өзара әрекеттесу үрдісінде көрінеді. Бұл өз кезегінде проблемаларды жеңуге және пайдалы өмірлік тәжірибе жинауға бағытталған іс-әрекеттерден көрінеді. Осыған байланысты жанжалдарды шешу қабілеті тұлғаның тұрақтылығының қалыптасуына қалай ықпал ететінін анықтау маңызды.

Белгілі ғылыми дереккөзде жанжалдар жалпы сипаттама тұрғысынан анықталады, онда ерекше назар өздігінен пайда болатын жағдайларға аударылады. Олар баланың басқалармен қарым-қатынасын көрсетеді. Алайда қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларының даму деңгейіне қатысты жанжалдарды талдау қажет емес. Балалардың дамуындағы қақтығыс көріністерінің маңыздылығын анықтайтын нақты деректер жоқ. Оларды бастауыш мектеп жасында тәрбиелеу, оқыту және дамыту үрдісінде тиімді пайдалану үшін қандай психологиялық жағдайлар қажет екенін болжауға болады [4].

Оқушылардың проблемалық жағдайларды, оның ішінде жанжалдарды шешуге дайын еместігі тұлғааралық байланыстарды қиындатады, балалар мен ересектердің өзара түсінушілігін қиындатады, өміршеңдігін төмендетеді және дамудың әртүрлі түрлерінде балалардың жетістікке жетуіне жол бермейді.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Конфликтология для XXI века: наука-образование-практика. Материалы Санкт-Петербургского международно. – М.: Философский факультет СПбГУ, 2015. – 772 с.
2. Панфилова М.Ф. Игротерапия общения [Текст]. / М.Ф. Панфилова -М.: ТОО «ИнтелТех», 2015. – 89 с.
3. Степанов, Е. И. Современная конфликтология: Общие подходы к моделированию, мониторингу и менеджменту социальных конфликтов [Текст] / Е.И. Степанов. - М.: ЛКИ, 2012. – 178 с
4. Анцупов, А. Я. Конфликтология. Учебник [Текст] / А.Я. Анцупов, А.И. Шипилов. - М.: Питер, 2015. – 528 с.

*А.К. Акишева*

*PhD докторы А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы*

*А.М. Кенжетай*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты*

### **ЕКІ ТІЛДІ ОРТАДАҒЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Білім беру жүйесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану қазіргі кезде ең негізгі заман талабы болып отыр. Бүгінгі күнде педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып табылады. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогикалық технология педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады, оның мәні, құрылымы айқындалады; педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздері оқып үйреніледі; педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі, педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының



қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1].

Білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен танысу. Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу. Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді [2].

Жалпы интеллект сөзінің мағынасын ашып көретін болсақ, интеллект (лат *intellectus*-таным, ұғыну, аңдау)-жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үдерістер кіреді. Жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Интеллект-адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект-ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. Интеллект – адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект – ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.

Ойынның баланың интеллектуалдық дамуына ықпал ету мүмкіндігі педагогика ғылымы саласында жан-жақты қарастырылып, ойын әрекеті оқу әрекетінің жетекші формасына айналған. Ойын, ойыншық сөздері ой сөзімен тікелей байланысты, сөйтіп, ойнау біруақытта ойлаумен әрекеттеседі. Ойын – бұл қарым-қатынас, өмірлік тәжірибе жинақтау құралы. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: “Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы мүмкін емес” – дейді. Өйткені кез келген адам бала кезінен өмір әлеміне ойын арқылы кіріп, дүниені ойын әрекетімен тани бастайды. Қоршаған дүние туралы түсінік ойын арқылы қалыптасады. Л.Выготский: «Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайында білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады – дейді. Бұл өмір тәжірибесінен алынған. Ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынмен өседі, оның жан-жақты дамуына тікелей ықпал етеді. Ол – баланың миын жаттықтыратын, әрі тынықтыратын негізгі жаттығу [3].

Мағжан Жұмабаев: «Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсе бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болуы керек, бақылау деген сөз – қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп, қарап тұр деген сөз емес, олай тұрсаң бала ойынына кірісуші болма!»- деп ескертеді. Ойнап отырған баланың назарын басқаға аудару оның ойын бөлгенің деп түсіну қажет. Бұл жөнінде ұлы педагог К.Ушинскийдің «Ойын баласын ойын үстінде үйрет» – дейді. Ойын қызметін зерттеуші С. Тарасовтың пікірінше: «Ойын – бұл еркін және ерікті іс-әрекет. Бұйрық бойынша ойын, бұл ойынға жатпайды. Ойын – бұл күнделікті өмірде бір уақыт аралығында әрікті іс-әрекетпен айналысуға арналған, өзіндік бағыты бар әрекет». Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С. Макаренко былай деп жазады: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін, еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады». А.М. Горький: «Ойын арқылы бала дүниені таниды» – десе, А.С.

Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» – дейді. Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин сияқты белгілі психолог ғалымдар: «Ойын баланың өзіндік өмірі» – деген ортақ тұжырым жасайды. Ал біздің халық даналығы: «Ойлы бала, ойыннан өседі» – дейді. Сондықтан ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойындардың педагогикалық мәні де осында. Ойын арқылы оқыту бұл ой көптеген оқытушылар мен тәрбиешілерді қызықтырады. Грузин педагогы Ш.А. Амановшили ойын арқылы балаларға өте қиын әлемдік танымды түсіндіре білді. Ол өз Балаларымен ойын ойнағанда өзін балалармен бірдей қоя отырып, олардың көңіліне, ойына, санасына пайдалы ұғымды беріп, өз ісіне сенімді болып, қиындықтарды жеңе білуге үйретті – баланың көздерінде білімге деген құштарлықты байқады. Сөйтіп ойын арқылы оқыту нәтижесінде белгілі бір тақырыптар бойынша топтастырылған дидактикалық ойын пайда болады. Берілген ойындарды қолдану іс-әрекеттерінің әсерлілігін арттырып, балалардың логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамытады. Бұл ойындарды тәрбиешінің шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда білімді тиянақтау кезінде іс-әрекеттердің мазмұнына сай пайдалануға болады. Сондықтан мұндай ойындар ойнау балалардың ойлау, қабылдау, еліктеу қабілеті және заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуін дамыта түсу үшін өте қажет [4].

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді. Мазмұнды-бейнелі ойында балалар ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін еңбектенеді, ал еңбек ұжымдық іс-әрекетке біріктіреді және шығармашылық іс-әрекетке бағдарлайды, балалардың өзара қарым-Біртіндеп заттармен жасалатын ойын қимылдары азая түседі, бала заттар туралы және олармен ақыл-ой тұрғысынан іс-әрекет жасауды ойлауды үйренеді. Қорыта айтқанда, ойын баланың жасына, қабылдауына, түсінігіне қарай күрделене түрлене отырып, оның ақыл-ойын дамытатын мақсатқа бағдарланады. Нәтижесінде баланың есею кезеңінде өзімен бірге дамитын интеллектуалды ойындар жүйесі құрылады. Мұндай ойындар адамдардың өмір тәжірибесінде үлкен маңызға ие. Ал бүгінгі заман талаптарынан туындаған, баланың интеллектісін дамытып, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға тікелей ықпал ететін ойындар әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып әзірленіп, олардың бірыңғай талаптарға негізделген жүйесі құрылуда. Оларды баланың жасына сәйкес ақыл-ойын дамытатын интеллектуалды ойындар кешені деп

атауға болады. Интеллектуалдық дамыту ойыны – баланың мектепке дейінгі жасынан бастап, танымдық қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының негізін қалайтын, білім алу және тәрбие процесіндегі жетекші іс-әрекеттің түрі, өмір құбылыстарының бірі, сондай-ақ баланың ақыл-ойын қалыптастыруға бағытталған әсерімен ерекшеленетін әрекет. Мұндай ойындар барысында:– әлеуметтік топта оның рөлі мен тәртіп ережесі игеріледі;– топтың, ұжымның, сондай-ақ баланың тұлғалық және жеке даму мүмкіндіктері қарастырылады. Интеллектуалдық ойындардан күтілетін нәтижелер:– баланың ақыл – ойы дамиды;– сөздік қоры молаяды, ойын еркін жеткізуге талпынады;– тілдік қарым-қатынасқа еркін араласады;– қоршаған ортаны танып білуге қызығушылығы артады;– ұжымдық іс-әрекетке бейімделеді;– еңбекке тәрбиеленеді;– бірлескен ұжымдық дағдылары жинақталады;– әр баланың ақыл-ой деңгейі, өзіндік мінез-құлқы қалыптасады;– бәсекелестікке, тапқырлыққа, төзімділікке, адамгершілікке тәрбиеленеді. Осы күтілетін нәтижелер баланың жас ерекшелігіне сәйкес және жеке даму кезеңдеріне қарай бөлінеді. Сәйкесінше интеллектуалдық дамыту ойындары баланың осы жүйе бойынша қабілетіне, қабылдауына қарай топталады, жинақталады, қарапайымнан күрделіге қарай жүйеленеді. Қорыта айтқанда, аталған ойындар кешені баланың қиялын, бейнелі ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытады. Құрбыларымен бірлесіп ойнауға, өзара қарым-қатынас жасауға үйренеді. Интеллектуалдық дамыту ойыны – әлеуметтік қызмет, ол – баланың жасына қарай, өзін қоршаған ортаны танып білуге, оны өзгертуге құштарлығын арттыратын құрал. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоршаған ортаны құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, оқу әрекетінің негіздері қаланады [5].

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты, 2012 ж (2016 жылы жаңартылған).
3. Аймауытов Ж. «Тәрбиеге жетекші», Қызылорда. – 1926 ж
5. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка дошкольное образование (Пр.). – 2005. – №5.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, 2016 ж.
5. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка дошкольное образование (Пр.). – 2005. – №5.

*А.К.Акишева*

*PhD докторы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің оқытушысы*

*А.Б.Кошегалдинова*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты*

### **КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗІН – ӨЗІ БАҒАЛАУМЕН БАЙЛАНЫСЫ**

Ұрпақ тәрбиесіне біздің халқымыз ешқашан бей – жай қараған емес. «Бала тәрбиесі – отбасынан басталады» деп дана халқымыз айтып кеткендей, отбасындағы тәрбие балаға берілетін ең алғашқы білім көзі, нәрі болып табылады. Қазіргі кездегі педагогикалық өзекті және күрделі мәселелердің бірі «Девиантты мінез-құлықты балалар» мәселесі. Баланың қиын тәрбиеленуі, қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауын ғылымда девиация деп атайды. «Девиация» латынның «deviatio» тыңдамау, ауытқу деген мағынаны береді.

Жалпы жас ұрпақ тәрбиесіне халқымыз да, асыл дініміз ислам діні де, бала тәрбиесі, отбасындағы қарым – қатынас, ата – ананың бала тәрбиесіндегі рөлі тағы басқадай тақырыптар жайлы маңызы зор, тәлімді де парасатты насихаттар айтуға жалыққан емес. Баланы тәрбиелеу ешқашан салғырт қарауды қаламайтын, күрделі де жауапты, маңызы зор іс. Ұлды өз Отанын сүйетін, ержүрек, халқына қызмет ете алатын, нағыз азамат қылып тәрбиелейтін де, қыз баланы ибалы, салмақты, ақылына көркі сай етіп тәрбиелейтін де ата – ана. Адамды адамгершілік қасиеттерге байытып, қалыпқа келтіретін де, дұрыс жолдан тайып, аздырып, тоздаратын да тәрбие жұмысы болып табылады. Балаға кішкентай кезінде әсер ететін құбылыстар сан алуан болғанымен, оларға тәрбие беріп, дұрыс жолға салатын әрине ата – ана. Кейде ата – аналар бала тәрбиесіне салғырт қарағандықтан, немесе баланы тым қатаң ұстағаннан, ата – әжелерінің «Ерке балалары» т.б. көптеген факторлар отбасында «Қиын баланың» болуына себебін тигізеді.

Девиантты мінез-құлықты балаларды түзету – күрделі, әрі қиын әрі ұзақ процесс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділік қажет. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады:– балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;– оның жағымды қасиеттеріне сүйену;– оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;– оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды тиімді пайдалану;– салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;– девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру. Бастауыш жастағы «девиантты мінез – құлықты балаларды» «Қиын бала» деген ұғыммен теңестірдік.

Отбасында «Қиын бала» қалай пайда болады? Алдымен «Қиын бала», «Тәрбиесі қиын бала» сөздерін дұрыс ажырата білгеніміз жөн. Педагогика бойынша, қарапайым нормаларға көнбейтін, педагогикалық назардан тыс қалған, адамгершілік қасиеттер дамуында ауытқушылық бар бала типі. Осындай сұрақтар ата – аналар мен педагогтарды, далпы қауымды алаңдатып, толғандыратын жиі сұрақтардың бірі. Және бұл сұраққа дәл дауап беру қиындық туғызады. Себебі, баланың «қиын» аталуы бұл аз уақыттың нәтижесі емес [1].

Тәртібі қиын оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту қазіргі уақытта әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде қарастырылады. Мұның өзі «тәртібі қиын» оқушылар санының жылдан жылға артып келе жатқандығын көрсетеді. Бұдан сәл ертерек уақытта «қиын оқушыларға» көбіне жасөспірімдерді жатқызсақ, қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы топқа жататындар аз емес екендігі байқалады. Сондықтан «қиын оқушыларды» ерте жастан бастауыш мектеп кезеңінен бастап қолға алып, олардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет. «Тәртібі қиын оқушыларды» тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесі маңызды орын алатыны белгілі. Мораль нормаларына жауап беретін айналадағы болмысқа жеке адам көзқарастарының сансалалығын ескере келгенде, адамгершілік тәрбиенің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі өте зор.

Ыбырай Алтынсариннің [2] педагогикалық қызметінде мұғалімдердің бала тәрбиесінде адамгершілік мәселесіне жоғары талап қоя білу байқалады. Ыбырай Алтынсарин досы Н.И. Ильминскийге 1861 жылы қаңтардың 19 жұлдызында жазған хатында: «Осы жылы қаңтардың 8 жұлдызында менің көптен күткен ісім орындалып, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірісіп кеттім. Кейін паракор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын», деп өзінің сүйікті ісіне белсене кіріскендігін зор қуанышпен жеткізді.

Ағартушы-педагогтың бұл пікірінен байқағанымыз, адамгершілікті оқу-тәрбие үрдісінің арқауы ете отырып, бала тәрбиесінде мұғалімнің рөлі ерекше екендігін

түсіндіреді. Әрине, бұл мәселе қазіргі уақытта да маңыздылығын жоғалпағандығы белгілі. Бірде бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің деңгейі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қасиеттерінен көрінетінін байқадық. Ол өз еңбегінде: «Мен балаларды жазалауды қалайтын қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсен, балалардың адамгершілік қасиетін жойып аласың», - деді.

«Тәрбие мақсаты баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, болашақ өз заманына лайық қылып шығару ғой» деп М. Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен байланыстырғысы келеді. Қазіргі таңда, ақпараттың дамыған заманында, бәсекеге бейімді ұрпақ тәрбиелеу оңай іс емес. Интернет желісімен санасын улап, психологиясы әлсіз, тынымсыз, шыдамсыз оқушыларды өмірдің алауан түрлі сынына дайындаудың қиындығын М. Жұмабаев болжап дұрыс айтқан [2].

Қиын бала мінез-құлқын ғалымдар жан-жақты қарастырғанына қарамастан, бұл мәселенің әлеуметтік педагогикалық мүмкіндіктері нақты көрсетілмеген. Балалардың қиын тәрбиеленуінің өзіне тән себептері бар, олар: отбасы, мектеп тәрбиесінің кемшіліктері, тұлғалық және биологиялық факторлар мен қоршаған қоғам ықпалы.

Қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізудің өзіндік топтары бар және олармен тәрбие жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл мәселенің басын шешу ата-анадан, қоғамнан бастау алатыны сөзсіз. Ол үшін отбасы ішіндегі мәселелерді орнықтыру бірінші орында болу керек.

Қазіргі жас ұрпақтың болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез-құлқын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып ұжымдық, шығармашылық істерге қатыстырудың тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарында ұстаз оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істегені абзал. Себебі мұғалім оқу-тәрбие саласында қандай жұмыс жүргізгенімен, сыныптағы оқушылардың мінез-құлқын жете білмесе, алға қойған мақсаттарына жете алмайды [3].

«Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек», - дейді белгілі педагог К. Ушинский. Мектепте педагогикалық тұрғыдан ойластырылып шешілген оқу-тәрбие үрдісін шебер жүзеге асыру үшін әрбір мұғалім, тәрбиеші, бүкіл мектеп ұжымы негізгі ұстанымдарды, яғни нақты сол істі басшылыққа алатын ғылыми негіздерді, табуы тиіс.

Отбасыда адамаралық қатынастар негізі қаланады, бүкіл өмірге жетер еңбектік және әлеуметтік бағыт-бағдар түзіледі. Отбасыда өз кезегімен қарапайым да жеңіл түрде шешіліп жататын көптеген мәселелер, ересек шақта шырғалаң күйге түсіп жататыны белгілі. Шынымен де, бар тәрбиенің бастауы бесікте, отбасында екені белгілі. Бесікте ананың сүтімен сусындап, бесік жырын тыңдап, отбасы мейірімін сезініп, еңбек қабілетін шыңдаған бала егемен еліміздің ертеңі.

Қазіргі экономикалық жүйеге байланысты отбасындағы тәрбие жоқтығының кейбір себептері ретінде келесі жағдайларды қарастыруға болады:

1. Көбінесе, көптеген еңбексүйгіш отбасыларда қаражат жағынан таршылық көруі.
2. Қоғамдық өмір мәдениетінің төмендігі.
3. Отбасы анасы, яғни әйел, мойнына артылған ауыртпалық.
4. Әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық себептерден болып жатқан ерлі-зайыптылардың ажырасуы.
5. Бала тәрбиесінде ерте заманнан қоғамдағы отбасындағы ер адам мен әйел адамның атқартын ролі.
6. Бірнеше отбасылар арасындағы жан-жалдардан туындаған бәсеке.
7. Мектеп пен отбасы арасындағы байланыстың төмендеуі.

Отбасы дағдарысын реттеу және оның тәрбиелік ықпалын көтеру бағытында педагогтар мен психологтардың беретін ұсыныстары мен ақылдары.

Бұл жағдайда педагогика ешқандай жаңалық ашып бере алмайды: тәрбиенің қоғамдық, экономикалық қатынастардың жалпы заңдылықтарына тәуелділігі объективті шындық.

Білім беру мекемелерінен балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлықтарының қиындауы, іс-қимылдарының алдын алуын және оны жеңу жолдарының тәрбиелік рөлін арттыру.

Мектептерде арнайы білім дәрежесінде дайындалған әлеуметтік педагогтар мен психологтар қызмет атқарады. Бұл мамандарға балалар мен жасөспірімдер оқу және тәрбие барысында сенім артады. Оқытушылардың қызметіндегі басты бағыт тәрбиеге беріледі. Педагогтардың педагогикалық қызметтеріндегі жіберген қателіктері мен кемшіліктері, олардың тәрбиеленушілеріне жағымсыз ықпал етеді.

Білім беру мекемелеріндегі тәрбиені жақсы жолға қою ретінде атқарылады:

- мұғалімдер дайындығының құрамдық сапасын және олардың жоғары педагогикалық мәдениетін арттырып қалыптастыру;
- білім мекемелерінде педагогикалық қызметке барынша жағымды жағдай тудыру;
- мұғалімдер құрамының өз бетінше білімдерін жетілдірулеріне мүмкіндік туғызу, педагогикалық шеберліктері мен мәдениетін жетілдіру;
- білім мекемелерінде әлеуметтік қызмет ұйымдастыру, девиантты іс-қимылды балалармен және жасөспірімдермен жеке жұмыс жүргізу, мұғалімдер мен ата-аналарға көмектесу;
- білім беру мекемелеріндегі сабақтан тыс тәрбие жұмысының жүйесін дамыту;
- ата-аналарды тәрбие жұмысына жұмылдыру олардың педагогикалық даярлығын жетілдіру.

Отбасы мен мектептің өзара мақсатты әрекеттесуі отбасының, мектеп пен тұрғылықты жердегі әкімшілік органдардың балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық, іс-қимылдарының алдын алу және оны жеңу жолдарын қарастыру.

Отбасы адамзат қоғамның ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру [4].

Халықтық педагогиканы, яғни этнопедагогиканы, оқыту үрдісінде пайдалана отырып, ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту оқушыларға қажет. Сол арқылы ұрпаққа ақыл-ой, еңбек, адалдық, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Бала туғаннан отбасы мұндай қасиеттерді бойына сіңіре беру керек. Сонымен қатар жасөспірімдерді нашакорлықтан, ұрлықтан арашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп ата-бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі-өнеге көрсеткен. Енді ғана тілі шығып келе жатқан балаға жас кезінен мақал-мәтелді, жаңылтпаштарды, ертегілерді сіңіріп өсірсе, «Бала біздің болашағымыз» деп санайтын әрбір ата-ана үшін дұрыс жол болып саналады. Ол дұрыс ұрпақ қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады [5].

Бүгінгі ХХІ ғасырдың басты мәселесі болып дұрыс ұрпақ қалыптастыру, болашаққа нық сенімді болу табылады. Ұрпақтың мәдениетті, ұлттық санасының жоғары болуын қалыптастыру мақсат етіледі. Осынау заманның сан-қилы мәселелерімен ата-ананың бала тәрбиелеудегі үлкен қиындықтарға тап болатыныны да белгілі. Негізінен, барлық мәселе ата-аналар тарапынан баланың бос уақытын дұрыс, орынды пайдаланбаудан, тұрмыстың нашарлығы мен отбасындағы келеңсіз жағдайлардан бастау

алатындығы да болады. Бала тәрбиесін жас ерекшеліктеріне қарай жүргізсе, баланың ынтасын дамыту арқылы әдіс-тәсілдерді жаңартып отырса, заман талабына сай мектеп пен ата-аналар дұрыс жолға қойылған тәрбиелік мазмұны жоғары жұмыстар атқарса іс нәтижелі болып жемісін беретіндігі сөзсіз [6].

Қазіргі көп мәдениетті қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына ауқымды әсерін тигізеді. Ст. Холл «бала толыққанды дамуы үшін өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет» деп санайды.

#### ***Әдебиеттер:***

1. Керімов Л.К. «Қиын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1991. 25-б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. 76, 77-б.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. 83, 84-б.
4. Қоянбаев Ж.Б. Отбасы балалар және жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990. – 234-б.
5. Ахметжанова Н. Мінез-құлқы қиын балалар // Ұлағат. № 1. 29-б.
6. Өтеген Қ. Қазақстан мектебі. № 7. 59, 60-б.

*А.К. Кулымбаева*

*Пс.магистрі, аға оқытушы. ҚазМемҚызПУ*

*С.Т.Бапаева*

*Туран университетінің «8D03101 Психология»*

*ББ I курс докторанты*

### **БЕЛГІСІЗДІККЕ ТӨЗІМДІЛІК ЖӘНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫН ЕҢСЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ РЕТІНДЕ**

Белгісіздік жағдайы қазіргі заманғы адамды өзгермелі, құбылмалы, болжауға болмайтын ортада тіршілік етуге мәжбүрлеуде. Өзгерістердің жылдамдығы, тереңдігі және алдын-ала болжанбауы жеке дамудың жаһандық проблемасына үнемі өзгеріп тұратын тіршілік ету ортасында сәтті бейімделу және өмір сүру үшін қажетті жеке өзгеріс көлемінің артуына әкелуде. Белгісіздікке төзімділік феномені біздің заманымыздың өзекті проблемаларымен тығыз байланысты. Ақпараттың үдемелі ағындары және өмір сүру қарқынының артуы адам өмірінің жаһандық белгісіздік проблемасын тудырды. Бұл адамның психологиялық әл-ауқатының проблемасын қалыптастыруда. Covid-19 таралуын бәсеңдетуге және тоқтатуға бағытталған бұрын-соңды болмаған шаралар елдерге уақытты үнемдеуге және денсаулық сақтау жүйелеріне ауыртпалықты азайтуға көмектескенімен әлеуметтік және экономикалық шығындар аз болды деп айта алмаймыз.

Жаңа covid-19 коронавирустық инфекциясы пандемиясының әлемнің көптеген елдеріне тез таралуы, физикалық қашықтық сақтау және оқшаулау шараларын енгізу, мектептер мен кәсіпорындардың жабылуы жағдайында адамдар қорқыныш, үрей, толқу мен мазасыздықты сезіне бастады. Карантин жағдайында адамдар бұрынғыдай қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды, қалаған жерге бара алмай, қалаған адамдармен бірге бола алмайды. Бұл жалпы халыққа да, азаматтардың жекелеген топтарына да қатысты, мысалы, егде жастағы адамдар, денсаулық сақтау қызметтерін көрсететін тұлғалар және денсаулығының кінәраты бар адамдар да жаппай шегуде.

Н.В.Круглованың пікірінше, белгісіздікке төзімді адам жоғары белгісіздік жағдайында да өзін жайлы сезінуі мүмкін. Ол бейтаныс ортада нәтижелі әрекет ете алады

және ақпараттың жетіспеушілігімен жиі жауапкершілікті өзіне алады, ұзақ күмәнсіз және сәтсіздіктен қорықпай шешім қабылдауға қабілетті келеді. Ерекше жағдайда ол өзінің қабілеттері мен дағдыларын дамыту және көрсету мүмкіндігін көре алады.

Егер адам белгісіздікке төзе алмаса, онда ол ерекше қиын жағдайларды жаңа мүмкіндік деуден гөрі қауіпті деп қабылдауға бейім болады. Ақпараттың жетіспеушілігі немесе оның түсінікті болмауы адамға ыңғайсыздық тудыруы мүмкін. Белгісіздікке төзбейтін адамдар таныс ортада өзін жақсы сезініп, нақты мақсаттар мен қарапайым міндеттерді орындауға жақын келеді. Белгісіздікке төзбеушіліктің негізгі көздері: мәселенің жаналығы, мәселенің күрделілігі және мәселенің шешілмеуі болуы мүмкін [2].

Әлденеге төзімділік әлдекімге төзімділіктен өзгеше екенін атап өту керек, бұл жағдайда белгісіздікке төзімділік толеранттылықтың әлеуметтік-мәдени, экономикалық контекстімен анықталады. Г. А. Асмоловтың пікірінше, толеранттылық терминінің семантикасы үш түрлі ұғымда айқындалады, олар:

1. Тұрақтылық, шыдамдылық (оның ішінде табиғи ортаның қолайсыз факторларына: суық, ыстық, шуыл, жарық режимінің, уақыт белдеулерінің өзгеруі және оның катаклизмдеріне, яғни күрт өзгерістерге: су тасқыны, құрғақшылық, жер сілкінісі);

2. Төзімділік;

3. Қол жетімді төзімділік. Ағылшын тіліндегі *tolerance* сөзінің аударма спектрі (адамның психологиялық жағдайы тұрғысынан) өте кең мағынада қолданылады: иеленген тұрақтылық, белгісіздікке төзімділік, этникалық тұрақтылық, адам тұрақтылығының шегі (төзімділік), стресске төзімділік, қақтығыстарға, мінез-құлық ауытқуларына төзімділік [3].

Бұл ретте эпидемияға қарсы шаралар және оған байланысты өзгерістердің әсерінен (бірінші кезекте, карантин және оқшаулану, адамдар үшін үйреншікті қызмет түрлерінде, күнделікті өмір тіршілігіне қажет қаражат көздеріне қатысты туындаған жағдайларда) жалғыздық, депрессия, ішімдікке әуес болу, өзіне және өзгелерге бағытталған агрессивтілік, суицидтік мінез-құлық сияқты жағдайлардың туындауына ықпал етуде.

COVID-19 жағдайына селқос қарай алмайтындықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлі де үміт беретін оң өзгерістер туралы хабарлауда. Дүниежүзі бойынша әр елде түрлі шаралар қабылданып, оптимизмді жоғалтпау, физикалық және психикалық денсаулықты сақтауға көңіл бөлуде. Бұндай шаралар психологиялық тұрақтылықтың кілті болғандықтан оны адамдардың біріге шешкені маңызды-ақ.

Адамдардың бір-біріне қамқорлық көрсетуі, әлеуметтік және эмоционалды қолдау білдіруі табиғатынан байқалатын маңызды сапаарпдың бірі. COVID-19 індеті әдеттегі өмір салтын бұзғанымен, кей адамдар үшін жаңа мүмкіндіктерді табыс етті десек, қателеспегеніміз болар. Адамдар бір-бірімен телефон және бейне байланыс арқылы тіл табыса алды, әр адамның өзіндік психологиялық қажеттіліктері бар екенін түсініп, жақындарымызға көбірек қамқорлық пен сезімталдық таныта білдік.

Бүкіл әлемді жайлаған осындай қысылтаяң кезеңде эмпатия, ынтымақтастық және эмоционалды интеллект білдірудің маңызы артып, іс жүзінде физикалық қашықтықты сақтай отырып, «ешбір жақынымызды назардан тыс қалдырмау» қағидатын ұстануға шақыруда.

Қазіргі психологияда эмоционалды интеллект ақыл-ойды зерттеу проблемалары аясында қарастырылып, тұлғаның басқа адамдардың және өздерінің эмоционалды жағдайының әртүрлі көріністерін түсіну қабілеті ретінде сипатталады. Белгісіздікке төзімділік адамның белгісіздікке, өзгергермелі жағдайға төзімділігін, субъективті тәжірибелерден, объективті оқиғалардан, болашақтан, басқа адамдармен қарым-қатынастан туындаған жанжал мен шиеленісті қабылдау қабілетін көрсететін эмоционалды және перцептивті жеке айнымалы ретінде түсініледі.

Эмоционалды интеллект - адамның өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіну және олардың эмоциялық күйіне бейімделу икемділігі. Интеллект (лат.*intellectus* — таным, ұғыну, аңдау) - жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным



әрекетімен байланысты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді.

Интеллект - адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект - ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті. Эмоционалды интеллект (ағылш. emotional intelligence) - адамның эмоцияларды тану, басқа адамдардың ниеттерін, уәждері мен тілектерін түсіну, сондай-ақ тәжірибелік мәселелерді шешу үшін өз эмоциялары мен басқа адамдардың эмоцияларын басқару қабілеті мен қабілеттерінің жиынтығы ретінде сипатталатын икемді дағдыларға жатады [4]. Эмоционалды (әлеуметтік) интеллект ұғымы дәстүрлі интеллект сынақтарының адамның мансап пен өмірдегі сәттілігін болжай алмауына реакция ретінде пайда болды. Эмоционалды интеллект идеясы Э. Торндаик, Дж. Гилфорд, Г. Айзенк сынды авторлар қалыптастырған әлеуметтік интеллект ұғымынан бастау алады. Х. Гарднер эмоционалды интеллект ұғымына жақынырақ ұғымды айқындап, өзінің бірнеше интеллект теориясы аясында тұлғашылық және тұлғааралық интеллектті сипаттайды. Осы ұғымдарға енгізілген қабілеттер эмоционалды интеллектімен тікелей байланысты. Осылайша, тұлғашылық интеллект адамның өзінің эмоционалдық өміріне, аффектілеріне, эмоцияларына қол жетімділік ретінде түсіндіріледі: сезімдерді ажырата білу, оларды атау, символдық код түріне айналдыру және өз мінез-құлқын түсіну, басқару құралы ретінде пайдалану мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Бұл ұғымның енгізілуіне екі негізден құралады: біріншісі "интеллект" ұғымының гетерогенділігі болса, екіншісі эмоциялармен интеллектуалды операцияларды орындауға қатысты болды.

1872 жылы Чарльз Дарвин «адамдар мен жануарлардағы эмоцияны білдіру» атты еңбегінде тірі қалу мен бейімделу үшін эмоциялардың сыртқы көріністерінің рөлі туралы атап өтті [5]. Психоанализдің негізін қалаушы Зигмунд Фрейд эмоциялар мен эмоцияларды бақылау мәселелерін тереңінен қарастырған ғалымдардың бірінен саналады [6]

Осы ретте эмоционалды сауаттылық терминінің эмоционалды интеллект терминімен қатар қолданылатындығын атап өту қажеттігі туындауда. Алайда олардың арасында маңызды айырмашылықтар бар екенін де атап өткіміз келеді. Эмоционалды сауаттылық 1970 жылдардың басында гуманистік білім беруді насихаттайтын жобаның бөлігі ретінде атап өтілді [7]. Бұл терминді алғаш рет Клод Штайнер қолданған болатын [8], Оның пікірінше «эмоционалды сауаттылық» эмоцияны түсіну, басқаларды тыңдау және олардың эмоцияларына жанашырлық, сонымен қатар эмоцияларды тиімді білдіру қабілетін білдіреді. Эмоционалды сауатты болу үшін адам өзінің және айналаңыздағы өмір сапасын жақсарту үшін эмоцияларды өңдей білуі керек. Эмоционалды сауаттылық қарым-қатынасты жақсартады, адамдар арасындағы сүйіспеншіліктің пайда болуына мүмкіндік береді, бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді және қауымдастық сезімін жеңілдетеді».

Штайнер эмоционалды сауаттылықты: өз сезімдерін түсіну, жан ашырлық таныту, эмоцияларды басқара алу, эмоционалды мәселелерді жеңу, жалпы: эмоционалды интерактивтілік деп 5 бөлікке бөледі.

Штайнердің пікірінше, эмоционалды сауаттылық-бұл адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдету үшін, оның ішінде диалог пен өзін-өзі бақылау арқылы өз сезімдері мен басқа адамдардың сезімдерін түсінуге саяды. Басқа адамдардың сезімдерін түсіну және қабылдау қабілеті басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, нәтижесінде қуатты эмоциялармен қатар жүретін жағдайларда ұтымды мінез-құлық дағдысы пайда болады. Штайнер бұл қабілетті «эмоционалды интерактивтілік» деп атайды. Сондықтан Штайнердің эмоционалды сауаттылығының моделі ең алдымен сенімді болашақты құруда кездесетін эмоционалды қиындықтарды сындарлы шешуден тұрады. Ол адамды әрекет ететін әлеуметтік ортаға емес, ішкі жан дүниеге үңілуге шақырады. Сол себепті қазіргі жағдайда эмоционалды интеллектінің дамуы әр адам үшін қажет сапа деуге саяды.

Н.А. Польская жоғары тұлғааралық интеллект белгісіздік шиеленісінен аулақ болуға және оның қарқындылығын төмендетуге мүмкіндік береді. Көп дәрежеде басқа адамдардың эмоцияларын түсіну қабілетіне байланысты. Автор тұлға аралық белгісіздікке төзімділік пен эмоционалды интеллект шкалалары арасындағы байланыстарға қатысты эмоцияны басқару, тұлғашішілік эмоционалды интеллект, адамның өз эмоцияларын түсінуі және экспрессиясын бақылауға алуы теріс сипатта екендігін айтады [9].

Сонымен, эмоционалды интеллект пен белгісіздікке төзімділік арасындағы қарым-қатынас сипатын элеуметтік-психологиялық коммуникациялық бағдарламаларды жасау барысында қолданған да тиімді болар еді. Қазіргі қалыптасқан жағдайда басқа адамдардың эмоционалды жағдайын түсіну қабілетін дамытуға және олардың эмоцияларын басқаруға ерекше назар аударса деп айтқымыз келеді.

Адамзат төзімділік, белгісіздік жағдайына толеранттылық сияқты сапаларды талап еткен сынақ жағдайын да жағдайда байсалдылық таныту, тепе-теңдік және белгісіздік деңгейі жоғары болған кезде тиімді болу қиын. Бұл тәжірибені ең аз шығынмен өмір сүру үшін эмоционалды реакцияларыңызды қадағалап, оларды басқаруды үйрену маңызды. Сол себепті эмоционалды күзіреттілік дәл қазіргі жағдайда барлық адамдар үшін соншалықты маңызды. Біз коронавирустық пандемияны басқара алмағанымызбен «эмоционалды вирустардың» таралуын тоқтатуда мүмкіндігіміз жеткілікті.

#### Әдебиеттер:

1. Вольвич Ю.К. Психологические ресурсы устойчивости личности к стрессу в организациях разных сфер и видов деятельности специальность. Диссертация кандидата психологических наук. Краснодар 2018.
2. Круглова Н.В. Актуализация толерантности к неопределенности в эпоху кризиса // «Известия ргпу им. А.И.Герцена» в 2009 г., июль, №110, с. 298 -304
3. На пути к толерантному сознанию/отв. Ред А.Г.Асмолов.- М.: «Смысл», 2000.- 255 с. Алешина А., Шабанов С. Эмоциональный интеллект. Москва, Манн-Иванов-Фербер, 2014
4. Андреева И. Н. Эмоциональный интеллект: исследование феномена // Вопросы психологии. 2006. № 3. С. 78—86.
6. Андреева И. Н. Предпосылки развития эмоционального интеллекта // Вопросы психологии. 2007. № 5. С. 57—65.
7. Кабаченко Т. С. Психология управления. — М.: Педагогическое общество России, 2000.
8. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ — М.: «Манн, Иванов и Фербер», 2013. — С. 560. — ISBN 978-5-91657-684-9
9. Н. А. Польская. Взаимосвязь эмоционального интеллекта и толерантности к неопределенности в группе вич-инфицированных осужденных. Известия Саратовского ун-та. Нов. серия. Сер. Философия. Психология. Педагогика. 2013. Т. 13. , вып. 4. С. 75-797 [https://www.sgu.ru/sites/default/files/journal/izvestia/pdf/2014/01/20/4-2013\\_75.pdf](https://www.sgu.ru/sites/default/files/journal/izvestia/pdf/2014/01/20/4-2013_75.pdf)

*А.Н.Сейдакметова*

*Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
Педагогика және психология ғылымдарының магистранты*

#### **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Қазіргі әлемдегі, елдегі әл-ауқат бізге қашықтықтан білім беруді алып келді. Мұғалімдер болмасын, оқушылар, ата-налар бұл жаңалыққа дайын болмады. Бірақ бұл

жасалған қадам тарихта, адам өмірінде үлкен өзгерістерге жетеледі. Бұның бәрі уақытша көрініс, уақытша қиындық. Балаларымыз смартфонды, компьютерді және интернет желісін жетік меңгере бастады, керегін интернеттен тауып, ізденістерін күшейтті. Бірақ та барлығына бірдей емес. Өз мәселесі өз ішінде болып, тұйықталып, ешкімнен көмек сұрай алмай өз-өзімен қалған оқушылар да аз емес. Жалпы психологияда әр тұлға индивид, әр қайсысына жекеше қатынас қажет. Бұрын оқытушы жеке қатынас жасап, болмай бара жатса психолог кабинетіне шақырып, сұхбат жасап, жүзбе-жүз оқушылармен кездесе алса, ал қазір олар бәрі онлайнда, үйлерінде болғандықтан тактиканы өзгерту керек болды. Ол үшін тұйықталған балаларды анықтау мақсатында топтық сауалнамалар жүргізіп, инстаграм желісіндегі психолог парақшасының жұмысы күшейтілді. Осындай парақшаның барлығын барлық оқушылар хабардар етілді. Психологиялық қолдауды әр адам қажет етет десем қателеспеймін. Өйткені өміріміз қолдаудан, қолпаштаудан және мотивациядан тұрады. Онсыз адам өмірден түңіліп кетуі де мүмкін. Мысалы жас бала алғаш қадам жасағанына бастап, оған «Жарайсың», «Алға», «Сенің қолыңнан келеді», деген сөздермен алға жетелейміз, талпындырамыз.

Психологиялық көмекке келсек, бала атаулының бойындағы біртіндеп қалыптасатын психологиялық ауыр өзгерістер мен невроздардың негізгі себептері, жалпы бала тәрбиесінен хабары шамалы, ал бала психологиясы дегенді естіп көрмеген ата-аналардың үкімді де, сорақылыққа толы қатыгездіктерінен екен. Олардың көпшілігі бала тәрбиесінің қиын да қызық сәттерін іздеп үйренудің орнына, тек жазалау, қорқытып-үркітумен ұстағанды білетіндіктерімен шектелетіндіктері белгілі. Тіршілік тартылыстарына енді келген сәбилер үшін, бұл аттап өте алмастай ауыр күйзелістерге апарды. Ең бірінші психологиялық көмектің бағдары – осындай жағдайларға тап болған балалардың ауруға шалдыға бастаған балалардың психикасын сауықтыру. [3, 312]. Бұл дегеніміз ата-аналарға роликтер, буклеттер көрсету, сауалнамалар жүргізу арқылы ата-аналар мен үлкендерден бала тәрбиесіндегі қатыгездіктен тыйылуын талап ету. Әрине бұның бәрі білместіктен болуы әбден мүмкін. Сол қателіктердің алдын алуға атсалысуымыз қажет. Мұғалім мектеп жүрегі бол, ал білім алушылар сол білім саласында қаланатын бір-бір кірпіш. Ал ата-аналар сол білім мен тәрбие ұштасқан екі тараптың ортасындағы байланыстырушы тұлға. Бұлар бір-бірімен тығыз байланыста болатын ажырамас бөліктер. Біреуі ақсаса тікелей бір жүйе істен шығады. Бала нәзік шыны тектес, ұстасаң қолыңның ізі қалады, батпақ шашыраса көрініп тұрады, сол сияқты балаға да аса мұқият болуымыз керек. Олар біздің болашағымыз, ата-ана мен мұғалім қалыптасқан тұлға болғандықтан, жас қалыптасып келе жатқан тұлғаны бағыттау басты міндетіміз болмақ.

Адамзаттың дамуы бірнеше кезеңге бөлінеді, олар: Нәрестелік кезең (туғаннан екі жас аралық), ерте балалық кезең (бір жастан үш жас аралық), мектеп жасына дейінгі кезең, балалардың мектепке дайындығы, кіші мектеп жасы, жасөспірімдік кезең, бозбала шақ, кемелдену кезеңі. Сонымен сегіз кезеңді атап өттік. Өзгеріс дамудың барлық кезеңінде жүзеге асады [4, 123]. Даму кезеңдеріне қарай қолдау көрсету де өз сатысымен болуы хақ. Мысалы бала туғанда оған тамақтануды, өз бетімен гаршокқа баруды, кейіннен қасық ұстауды, мектепке барғанда ручка ұстауды үйретсек. Ол балалар бала бақшада тәрбиешіден қосымша тәрбие алады, ал мектепке барғанда ұстаздармен 12 жыл қатынаста болады.

Мазмұны бойынша бұл орта эмоционалды, интеллектуалды, эстетикалық, тұрмыстық және т.б. болуы мүмкін. Бала өмірдің барлық жағына қатысты көптеген әртүрлі таңдаулар алдында болады: қалай оқу және ересектермен қандай қарым-қатынас құру, құрдастарымен қалай сөйлесу, қазіргі және өзге талаптарға, ережелерге қалай бағытталу, т.б. Көмекке өздерінің әлеуметтік, кәсіптік немесе жеке айқындамаларымен балаға әртүрлі қолдау бере алатын ересектер ұсынылады. Ең алдымен бұлар – педагог, ата-ана және психолог.

Сол себептен, психологиялық-педагогикалық қостау түсінігін ашу мақсатында өзара қарым-қатынас, әріптестік, жағдайлар құру, көмек, қызмет бағыты, объектімен жұмыс сияқты ұғымдар қолданылады.

*Психологиялық-педагогикалық қолдау* – әрбір баланың табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметті-психологиялық және педагогикалық жағдайлар құратын толық, жүйелі ұйымдастырылған қызмет.

Қызмет пәні – бала қатынасының жүйесі ретінде бала дамуының жағдайы:

- әлеммен;
- айналасындағылармен (ересектер, құрбылар);
- өзімен өзі.

Психологиялық-педагогикалық қолдауды бірнеше аспектілермен қарастыруға болады:

- балаға жеке білім беруде көмек пен қолдау көрсетуге қабілетті педагог-психологтың кәсіптік қызметі;
- білім беру міндеттерін шешу кезінде балаға рухани дербес таңдау жасауға көмектесетін мақсатқа бағытталған педагогикалық әрекеттер кешенін құрайтын үдеріс;
- жетекші мен жетеленушінің өзара іс-әрекеті;
- оқушылардың оқу жетістіктерін қамтамасыз етуде педагог, психолог, және т.б. мамандар әрекетінің дәйекті кезеңдерінің қатарын құрайтын технология;
- мақсатты, мазмұнды, үдерісті және нәтижелі элементтердің өзара қарым-қатынасын мінездейтін жүйе. [2, 84]

Қазіргі таңда Қазақстан мектептеріндегі ең бір өзекті мәселелерінің бірі-оқушылардың білім алуға деген құштарлығының төмендігі немесе оқуға деген мотивацияның жоқтығы. Оқушылардың оқуға деген мотивациясының жоқтығы көптеген себептермен түсіндіріледі. Соның ішінде : білім алуға деген жалқаулық, іш пыстырарлық мектептегі өмір, әлеуметтік –тұрмыстық жағдайы, ата-аналарымен және сыныптастар арасындағы түсінбеушілік т.б. Кейбір оқушылар мектепте білім алуды өздері үшін емес ата-анасының нұсқауымен немесе өмірінің міндетті бір бөлігі ретінде қарайды.

Бастауыш сыныпта оқушылар бір-бірімен бәсекелесіп ата-аналарының, мұғалімдерінің көзінше үздік болуға тырысса, орта буынға келгенде олардың оқуға деген ынтасы кеміп, мектепке тек ата-аналарының, мұғалімдердің ескертпелерінен қаймыққаннан және достарымен болу үшін келетін тәрізді. Және де қазіргі интернет, әлеуметтік желілер, компьютерлік ойындар тағы басқа да жағдайлар оқушының сабаққа деген ынтасын өздеріне аударып жатқаны белгілі. Осындай кезде оқушыға білімнің керек екенін және маңызы зор екенін жеткізу өте қиын. Ата-аналар балаларының оқуға деген ынтасының жоқтығына қиналу үстінде, әр ұстаздың басына «Оқушыларды білім алуға деген қызығушылығын қалай арттыруға, ынталандыруға болады?» - деген сұрақ туады. Бұл мәселенің шешімін оңай табады деп айтуға келмес. Оқушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын арттыру үшін бала психологиясын, баланың қоршаған ортасын жақсы білу керек деп ойлаймын.

Жақсы оқытушы ол жақсы психолог болуы шарт, өйткені ол алдында отырған балаларды, олардың мінезін, отбасын, қызығушылықтарын және т.б. білуі тиіс, тіптен кейде екінші анасы деп те аталады. Оның жүзіне қарап ақ ұғып тұруы керек. Нағыз педагог жан-жақты, өз оқушыларын ынталандырып, қызығушылықтарын арттыра алатын мотиватор болуы керек. Мейлі оның көңіл-күйі болмасын, мейлі үйінен шыққанда жанжалдасып шықсын, оны қоршаған орта оған кінәлі емес сондықтан өз міндетін мінсіз атқарып, ата-ананың, оқушының ағысын ала отырып, өз міндетін атқару. Негізі ұстаз оқушылармен тіл табысып, достық қарым-қатынас орнатса, қатынастарында гармония орнайды. Достық қарым-қатынаста болу білім алушылардың жан-дүниесін түсініп, мәселелерін анықтауға, оған кеңес беруге көп көмегі бар. Ең бастысы өзін-өзі бағалауға көметесу.

Кішкентай балалардың өзіндік санасы мен өзін-өзі бағалауы, әдетте, ата-анларын және басқа да беделді үлкендерден алған бағаны қайталайды. Бірақ бала неғұрлым есейген сайын оның мінез-құлқы бағалардан гөрі өзін-өзі бағалауға соғұрлым бағдар ала түседі. Алайда өз қасиеттерін, әсіресе батылдық, ерлік немесе принципшілдік секілді күрделі моральдық-психологиялық қасиеттерді ұғынудың өзінде-ақ эмоцианалдық бағалау мен әлеуметтік салыстыру сәттері қамтылады (өз ақылы немесе сұлулығын басқа біреумен салыстыру арқылы ғана бағалауға болады). Жасөспірім де жеткіншек секілді өзінің қандай екенін, қаншалықты құнды, қабілетті екенін барынша білгісі келеді. Өзін-өзі бағалаудың екі тәсілі бар. Біреу өз талаптарының деңгейін жеткен нәтижесімен өлшемдестіру («Қиын жағдайда саспаған болсам, қорқақ болмағаным; қиын міндетке кірісіп кетіп, орындап шықсам, қабілетті болғаным») [1,314]. Сонымен қатар жасөспірімдерде өзін асыра бағалау туындауы мүмкін, ол дегеніміз өзін ешкім ауыстыра алмайтындай сезініп, дандайсып кетуі ғажап емес. Оны жұлдыз ауруына жатқызуға болады. Олай болғаны да жаман өзін-өзі бағаламайтын адам өзін төмен ұстап, өз ойын ашық айта алмаса, өзін-өзі артық бағалайтын адам өзіне көп алып мұрынын шүйіріп, шамалыны менсінбей аспанда ұшып жүруі да ғажап емес. Ондай адамдар құлдырау, жеңілуді білмейді, ондай сөзді да қабылдай алмайды. Ондай жағдай орын алғын күннің өзінде өзін тастап жіберіп, күйзеліске түсіп кетуі мүмкін. Адам психологиясы керемет шытырман келеді. Психология ғылымын қанша зерттегеніңмен, тәжірибеде жағдай мүлдем басқаша өрбіп, басқаша нәтиже береді. Тәжірибе жылдар бойы жинаған мол тәжірибенің арқасында келеді. Әр тұлға жеке индевид, бір адамға қолданылған тәсіл екінші адамға жүрмейді. Адам санасы мен ойы сан қилы ойлар мен түсініктен тұрады.

Қазіргі адам баласы өркендеген заманда бала тәрбиесі, балаға білім беру, тәрбиенің барлық салаларынан хабардар етіп, қоғам өміріне сәйкес толыққанды адам етіп қалыптастыру – қоғамдағы ең жауапкершілікті, ең күрделі мәселе. Осы күрделі мәселенің нақ ортасында мектеп тұр. Мектеп сөзі аталғанда сонымен бірге ұстаз, оқушы балалар, ата-ана ұғымы қатар жүреді. Дәлереқ атасaq: мұғалім, оқушы, ата-ана. Қазіргі таңда мұғалім мектептің жүрегі болса, әрбір оқушы сол ғылым саласындағы - бір-бір кірпіш. Ал ата-аналар сол ғылым мен тәрбие саласындағы өз орыны мен үлесі бар бір-біріне тірек болып саналады. Бұлардың бірінің-бірінсіз күні жоқ. Осылардың арасына үйлесімділік (гармония) орнататын – психология саласы, психолог ұстаздар. Бүгінгі біздің мектептерде ең мықты психологтар кім? Сөз жоқ, оқушылар. Өйткені әрбір оқушы өзіне сабақ беретін барлық мұғалімдерге психологиялық мінездеме беру жағынан бір-бір маман деуге болады. Бұл бала табиғатының асқан сезімталдығында жатыр. Сонда мектептегі бір мұғалімге кемінде жиырма түрлі психолог қарап тұр деген сөз. Сонда сыныптағы әрбір баламен психологиялық үйлесімділік орнату, өзінің сабағын беру, ата-анамен жұмыс жасауда дұрыс қарым – қатынаста болу үшін ұстаз мамандығында жүрген адамдарға қанша жүйке, қанша қажыр-қайрат, қанша табандылық, қанша білім керек екендігін айтпаса да түсінікті. Әсіресе ғылым мен техниканың шарықтау шегіне жеткен, адам баласының өзі де сол техникалық құрамдардың бір бөлшегіне айналып кетуге жақын тұрған заманда адами, адамгершілік тәрбиесі тағы да кімнің мойнында? Әрине ұстаздың. Сол үшін де қазіргі психология ғылымының саласына үлкен жауапкершіліктер жүктелуде. Бұл дегеніміз психолог мамандарға иек арту емес, әрбір мұғалім өз дәрежесінде асқан психолог болуға тиіс.

Бүгінгі күннің талабына сай жабдықталған мектептердегі міндеттің үлкені оқушы мен мұғалімнің, мұғалім мен ата-ананың арасында дұрыс қарым-қатынас орнату болса, ал алдыда тұрған басты мақсат: сапалы-білім, саналы тәрбие беріп, қоғамда өз орны мен үлесі бар жеке тұлғаны қалыптастыру [5, 145].

Сөзімді қорыта келе қазіргі қоғамда ақыл-ойы кемел, шығармашылық жағынан қабілетті, іскер және білімді адам керектігі - әр ұстаздан талап етіледі. Сондықтан шаршамай, талмай жұмыс жасау әр кімнің өз міндетін мүлтіксіз орындауға жатпақ.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. К.Жұмасова, Л.Есенова «Психология», Астана-2017 жыл, 314 б.
2. Сәбит Бап-Баба «Жалпы психология» Оқулық, Алматы, Заң әдебиеті 2003 жыл
3. Совет-Хан Ғаббасов «Педагогика мен психология негіздері», Таймас баспа үйі, Алматы 2008 жыл, 448 бет (312-317 бб)
4. Ш.Сатиева «Даму психологиясы» (Теориялық және практикалық курс), Фолиант баспасы, 2012 жыл (123 б)
5. Дэвид Г.Майерс, Жан М. Туенж «Әлеуметтік психология» 12 басылым, Астана Ұлттық аударма бюросы КҚ, 2018 жыл, 559 бет,

*Г.К. Миркенова*

*Алматы техникалық университетінің лекторы*

## **ШЕТ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕГІ ТЕМПЕРАМЕНТТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

И.П.Павлов темперамент пен жүйке қызметінің типтерін бір-біріне балама құбылыс деп түсінді. Кейінгі зерттеулер жүйке қызметінің типтері темперамент типтерімен ылғи сәйкес келіп отырмайтындығын көрсетті. Шындығында да, темпераментке тек жүйке жүйесінің қасиеттері ғана емес, сондай-ақ жеке адамның соматикалық (дене) құрылымдары да әсер ететіндігі белгілі. Жүйке қызметінің типін темпераменттің нышаны ретінде ұғынған дұрыс. Мәселен бір зерттеуде, біркелкі ортада, жүйке жүйесінің әлсіз типіне жататын жануарлар мінез-құлқының енжар-қорғаныстық түрі, ал күшті, жүйке үрдістері тең емес организмдерде прогрессивті мінез-құлық байқалған.

Бұрын кейбір психологтар темперамент табиғатын адамның эмоциялық саласына байланысты түсіндіретін. Шындығында, темперамент тек эмоциялық жағдайлардан ғана байқалмайды, ол ақыл-ой және ерік үрдістерінен де көрініп жатады. Адам темпераментті туралы сөз болғанда жекеленген психикалық үрдістердің динамикасы жайлы айтылмайды, мұнда жеке адамның тұтас мінез-құлқы бар синдромы (жүйесі) жөнінде сөз болады.

Сөйтіп темперамент — адамның жүйке қызметінің қасиеттерінен көрінетін, мінез-құлқының импульсивті-динамикалық көрінісінің жалпылама сипаттамасы болып табылады.

**Холерик темпераменті.** Бұл типтің өкілі аса қозғыштығымен, соған орай мінез-құлқының ұшқалақтығымен көзге түседі. Холерик қарым-қатыста — күйгелек, бір беткей, шабуылға жаны құмар, іс-әрекетте — пысық. Холериктер жұмысты үзіп-үзіп істегенді ұнатады. Олар айналысқан ісіне жан-тәнімен беріледі. Осы жолда кездескен қиындықтың бәрін жеңуге даяр тұрады, кедергілерді жеңіп, мақсатына жетеді. Қайрат-жігері мұқалы, өз мүмкіндігіне сенімі кетсе, еңсесі түсіп, еш нәрсеге мойны жар бермей қояды. Осылайша, тек көңілі ауғанда істеушілік, оның жүйке қызметінің бір қалыпты тепе-тең еместігінен болады. Бұл жөнінде И.П. Павлов былай дейді: «Байсалдылығы жоқ қажырлы адам кез келген іске барлық күш жігерімен кіріседі де содан соң тез шаршап қалады, кейіннен зауқы аумақ қояды...» [1].

**Сангвиник темпераменті.** Бұл темпераменттің өкілін И.П.Павлов қызу қанды, іскер адам деп санайды. Бірақ ол ылғи қызықты іспен айналысқанда ғана осындай күйде болады. Мұндай іс жоқ кезде ол жабырқаңқы, сылбыр жүреді.

Сангвиникке қимыл қозғалыста – белсенділік, өмір жағдайының өзгеруіне жеңіл бейімдеушілік тән. Ол адамдармен тез тіл тауып, шүйіркелесе кетеді, жұртты жатырқамайды. Ұжым ішінде сангвиник көңілді ақ-жарқын, іске бар ықыласымен кірісетін, әуесқой адам. Осылайша жалындап тұрғанымен іске зауқы болмаса, яғни күнделікті күйбеңі, төзімділікпен ерінбей-жалықпай істеуді қажет ететін жұмыс тап болғанда суынып қалады [2].

Сангвиникте эмоция тез пайда болып, тез өзгереді. Бұл — оның көңіл күйінің қолайсыз түрінен тез арылып, өзін қызықтырған іске кіріскен кезде ақ жарқын, жаны жайсаң жағдайға түсе алатындығының белгісі. Мида жаңадан жасалатын уақытша байланыстардың тез өзгеріп, қайтадан өңделуі оның ақыл-ойының оңтайлылығын байқатады. Сангвиник ойға жүйрік, өткір тілді, жаңаны тез қабылдағыш, зейінді келеді. Әр түрлі, көп қырлы жұмысты нәтижелі атқарады. Бір қалыптылықты және шапшаңдықты тілейтін жұмыстар бұған өте қолайлы.

Флегматик темпераменті. И.П. Павловтың сипаттауынша, бұл барлық уақытта да байсалды, ұстамды бір қалыпты, табанды және төзімді, еңбекқор адам. Жүйке үрдістерінің тепе-теңдігі мен баяулығы флегматикке қандай жағдай да болмасын бір қалыпты тыныштықта болуға мүмкіндік береді.

Қозу үрдісін бәсеңдететін күшті тежелу оның ырықсыз қимыл-қозғалыстары болып, ұсақ-түйекке алаңдатпай жүйелі жұмыс істеуге, бір қалыпты өмір сүруге жағдай жасайды, флегматик ұзаққа созылатын, бірақ күшті сарқып алмайтындай жұмысты жақсы атқара (шыдамды, зейінді, орнықты). «Мінез-құлықтың қалыпты жүйесі, өмір ағысының біркелкілігі менің жұмысым мен демалуымның және қозу, тежелу үрдістерінің бір қалыптылығынан екендігі түсінікті нәрсе».

**Флегматик** — салмақты адам, ол күшін босқа сарп етпейді, бастаған істі аяғына жеткізеді. Ол бәспелікті сүймейді. Жұртпен қарым-қатынасы да бір сарынды жүріп жатады.

Баяулық пен селқостық — флегматиктің осал жағы. Оған ырғалып, жырғалуға, жиналып, қамдануға біраз уақыт қажет. Селқостық оның стереотиптерінің оралымсыздығынан мінез-құлқының оңтайлы еместігінен, жаңа жағдайға тез үйлесе қоймайтындығынан жақсы байқалады. Дегенмен, бұл қасиет мінездің тұрақтылығын көрсетеді, істі аспай-саспай тыңғылықты аяқтауға мүмкіндік береді. Флегматиктер ұзақ уақыт жұмыс істеуге сабырлық пен әрекет етуге төзімді болады.

**Меланхолик темпераменті** — бұл типтің өкілдері аса сезімтал соның салдарынан жаны тез жараланғыш келеді. Меланхоликтер тұйық, қиын жағдайлардан жол тауып шығуға олақ, адамдардан оқшау жүргенді ұнатады. Ол қауіпті жағдайлардан қорқады.

Қозу және тежелу үрдістерінің әлсіздігі бұлардың бір-бірімен тең келмеуі, кез келген күшті әсер -меланхоликтің қимыл қозғалысын баяулатып, онда шектен тыс тежелу туғызады. Меланхоликті әлсіз тітіркендіргіштер де мазалайды, одан да зор әсер алады, сондықтан да ол ұсақ-түйектің бәріне де қатты мұңаяды немесе қатты қуанады. Психологтар мұны меланхоликтердің күшті сезіне білу қабілетінен деп есептейді [3]. Үйреншікті жақсы, тату ұжым арасында меланхоликтер өзін жақсы ұстайды, жұртпен қарым-қатысқа түсіп, алған ісін нәтижелі орындай алады, кедергілерді жеңіп, табандылық көрсетеді. Темпераменттің негізгі төрт типінің өкілдері бір қалыпты жағдайдың өзінде өздерін түрліше ұстайды екен. Осылайша темперамент адамның белсенділік сипатынан, мінез-құлықтың түрлі қалпынан үнемі өзгерістегі сыртқы ортаға бейімделе алу жағдайынан көрініп отырады.

### **Әдебиеттер:**

1. Сәбет бап-Баба «Психология негіздері» Алматы 2007, 87-89бет;
2. Намазбаева Ж.И. «Психология» Алматы 2005, 248-256бет;
3. Немов Р.С. Психология: Учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2007.

**С.К. Ахметов**

Т.Қ. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы  
«Кескіндеме, мүсін және дизайн факультеті, көркем сурет» кафедрасының аға  
оқытушысы

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ СУРЕТ ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазіргі кезде жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асыру қабілетінің ерекшеліктері, яғни өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынас, мінез-құлық туралы мәселелер зерттелуде. Өзін-өзі жүзеге асыру - бұл жетілген өзіндік реттеу, өзіндік басқару негізінде пайда болатын, жақын ортада өзінің әлеуметтік статусын жоғарылату қажеттілігінен туынд өзін-өзі көрсету және өзін әлеуметтік тәжірибе ретінде өзін-өзі бекіту бойынша дербес, сараланған, арнайы әлеуметтік статусын жоғарылату қажеттілігінен туындаған, өзін-өзі көрсету және өзін әлеуметтік тәжірибе ретінде өзін-өзі бекіту бойынша дербес, сараланған, арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті.

Сурет терапиясын қолданудың негізгі мақсаты- баланың немесе ересек адамның қандай да бір қимылды таңдауына қарамастан, баланың өзін-өзі тануына және өз әлемінде өмір сүруіне демеу беру болып табылады. Сурет салу - ешқандай ересек адамның көмегінен ең күшті өзін таныту түрімен байланысты болады. Өзінің ішкі сезімі мен өзін теңестіруді көрсетуіне жол ашады. Балалардың сезімін сурет салу арқылы бейнелеу әдістері шектеусіз. Балалар бояуға қолын малып қағаз бетіне із қалдыруды жақсы көреді. Бала бояу түрін өзінің жай күйіне байланысты таңдайды.

Арт - терапия термині ағылшын тілінен аударғанда – өнер арқылы терапия жүргізу дегенді білдіреді. Бірақ практикалық тұрғыда арт-терапия қатаң түрде медициналық емдеумен сай келмейді. Дегенмен емдеу жұмыстарын жүргізе алады, яғни ол адамның жан дүниесіне, оның психикалық гармониясы мен түрлі әлеуметтік конфликтерді шешуге және басқада мақсаттарда қолданылады. Арт-терапия сөзі ғылыми тұрғыда ағылшын елдері, соның ішінде ең алғаш Великобритания мен АҚШ елдерінде еңген. Артерапия шектеусіз және психотерапияның барлық бағыттарында, педагогикада, әлеуметтік жұмыста т.б. қолданылады. Әр адам өзін, өз сезімін және өзінің жағдайын әуен, дыбыс, қимыл және сурет арқылы көрсете алады. Кейбір адамдар үшін бұл - әлемге өзі туралы өзінің шығармашыл адам екенін танытудың жалғыз ғана әдісі болып табылады. Графикалық қызмет адамдарды жақындастыратын ең күшті тәсілі болып табылады. Бейнелеу терапиясын қолданудың негізгі мақсаты- баланың немесе ересек адамның қандай да бір қимылды таңдауына қарамастан, баланың өзін-өзі тануына және өз әлемінде өмір сүруіне демеу беру болып табылады.

*Сурет салу* - ешқандай ересек адамның көмегінен ең күшті өзін таныту түрімен байланысты болады. Өзінің ішкі сезімі мен өзін теңестіруді көрсетуіне жол ашады. Балалардың сезімін сурет салу арқылы бейнелеу әдістері шектеусіз. Балалар бояуға қолын малып қағаз бетіне із қалдыруды жақсы көреді. Бала бояу түрін өзінің жай күйіне байланысты таңдайды. Бояудың түстері сезімнің жағдайына тең келеді.

*Саусақ живописі* - ешқандай құралдың көмегінен тек саусақпен бейнелеу. Ол үшін баланың әрбір саусағын әр түске матыру арқылы парақ бетіне әртүрлі сызықтар, нүктелер, саусақ ұшы таңбасының, алақанның көмегімен бейнелеу. Бұл әдіс артпедагогика мен арттерапияда белсенді қолданылады. Себебі баланың қателік жасаудың алдында, сәтсіздікке ұшырау алдындағы қорқынышты жеңу үшін қолданылады. Бейнелеу терапиясының түрлері: *поролон бөліктерімен сурет салу; сабынмен сурет салу; шеткамен сурет салу; майшаммен сурет салу* жатады.

*Сурет терапиясы* - адамға өзінің жан дүниесіндегі өз «Менін», өзін танытуға, өзіне өте маңызды, жан тебіренерлік және құпиясының ашылуына көмектеседі. Сурет терапиясы - оқушылардың бала кезінде негізгі қарама-қайшы тәртіп түрлері оған қауіпсіз түрдегі



рольдік қимыл-әрекеттің түрі, бейнелеме әлемге жолдауды қолдану арқылы анықтауға көмек көрсетеді. Жалпы *сурет терапиясы* сурет салуды пайдалану – агрессияны және жиналып қалған теріс эмоцияны қайтарудың қауіпсіз және әлеуметтік қолайлы тәсілі. Және де ол мынадай кездерде өз көмегін тигізеді:

- Ішкі күйзелістер мен соқыр сезімнің шиеленісуі көру бейнелерінің көмегімен жеңіл және ауыртпашылықсыз білінеді.

- Орасан зор ақпарат саны терапия үдерісі кезінде барлық диагностикалау жұмысын түсінуге негіз болып табылады.

- Адам өзі аңғара бермейтін ең терең сезімдерді білдіруге мүмкіндік береді, өйткені соқыр сезім шығармашылық үдеріске белсене қатысады.

- Эмпатияның топтануына, дамуына және терапиялық өзара әсердің нығаюына ықпал етеді.

- Шығармашылық үдеріс кезінде түрді, түсті және текстураны таңдау және пайдалану қажеттілігі белгілі бір шоғырлануды және ұйымдастырушылықты талап етеді және ішкі бақылауды қалыптастыруға көмектеседі.

Сурет терапиясы өзін, яғни өзінің менің түсінуге, ішкі жан дүниесін түсіне біліп, өзгерістер еңгізе алуына әсер етеді. Ол балалар мен ересектердің эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады деп есептеймін. Бұл терапияда адам өзінің қиялына және өз ойларына ерік бере отырып, ішкі жан дүниесін сурет арқылы сипаттайды. Американдық ғалым Линда Гантт арт-терапияны ішінде сурет терапиясын зерттеген. Ол адамдардың сурет салу барысындағы іс-әрекеттерін, мен мінез-құлқын, эмоциялық жай күйін бақылаған. Ол адамдар суретті қалай салады деген сұраққа жауап іздейді. Шығыс даналығы бойынша *«сурет мың сөзбен жеткізе алмайтынды жеткізеді»*. В.С.Мухина және басқа да зерттеушілердің айтуынша сурет бала үшін өнер емес, сөйлеу болып табылады. Суреттің әрбір сызығының, әрбір түсінің өзіндік сипаты, өзіндік көңіл-күйі бар. Олардың көмегімен бала өзінің ішкі әлемінде болып жатқан барлық дүниені жеткізеді. Мұның барлығы арт-терапияның баланың эмоциялық өрісінің дамуымен тығыз байланысты екендігін дәлелдейді. Бала сурет сала отырып, қуанышқа, өзара түсіністікке, табыстарға толы ғажайып ертегі әлеміне түседі.

Психолог Эдит Крамердің айтуынша арт-терапия – бұл адамның шығармашылық потенциалын ашумен және өзінің ішкі әлемін танумен байланысты әдіс. Бейнелеу іс-әрекеті - қол жеткізген жетістіктеріне қуану, шабыттану, құрбы-құрдастарын қолдау, өз жұмысының нәтижелеріне қанағаттану немесе қанағаттанбау сияқты эмоциялық әсерленулердің қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Бейнелеу тәсілдері бала іс-әрекетін түрткілендіреді, оның зейінін бағыттап, тұрақтандырады, сондай-ақ бала айрықша тәжірибе алады. Бейнелеу іс-әрекетінде бала өзін еркін көрсете алады. Бала үшін бастысы нәтиже емес, сурет салу үрдісі маңызды. Арт-терапия балалармен жұмыс жасауда осындай нәтижелерімен тиімді әрі пайдалы. Арт-терапияда қолданылатын бейнелеу іс-әрекеті:

- Баланың эмоциялық өрісі күйіне диагностика жасауға мүмкіндік береді;

- Сурет салу үрдісі баланың физикалық, психикалық және эмоциялық қасиеттерінің ішкі күйін теңестіре отырып, профилактикалық және терапевтік қызмет атқарады, бұл үрдісте бала «жетекші» болады;

- Сурет салу кезінде балада қол буындарының күрделі (соның ішінде, айналмалы) қимылы және тактильді сезгіштік (сипап сезу), өндірістік ойлау, көру-моторлық координация, көзбен өлшеу т.б. дами түседі;

- Сурет салу баланың сол жақ, бейнелі жарты шарының (бейнелі ойлаудың) дамуын арттырады;

- Өз жұмысының жемісін көрсету (мысалы, барлығы көру үшін қабырғана суретті іліп қою) баланың өз шығармашылығын, өз туындысының бірегейлігін ұғындыру, өзін автор ретінде сезіндіру арқылы жан дүниесін қуанышқа, жағымды сезімдерге толтырады.

Арт-терапия балада өзін-өзі жағымды бағалауының қалыптасуына, қоршаған ортаға ұнамды қатынастарының дамуына мүмкіндік береді, сенсорлық қабілеттерді шыңдайды, эстетикалық дамуға игі ықпалын тигізеді анық.

***Пайдаланған әдебиеттер тізімі:***

1. Ауталипова У.И., Бапаева С.Т. Практикалық психологияның теориялық-әдістемелік негіздері. Оқу құралы. –Алматы, 2006-160 б.
2. Копытин А.И. Тренинг коммуникации: Арт-терапия. М., 2006.
3. **Мукашева А.Б., Қасен Г.А., Сеилханова М.Е.** Развитие арт-педагогических и арт-терапевтических школ: мировой опыт // «Қазақ университеті» 2016 г.

*К.Л. Саутбекова*

*магистрант Жетысуского университета им. И.Жансугурова*

**ГОТОВНОСТЬ ВОСПИТАТЕЛЕЙ К РУКОВОДСТВУ РАЗВИТИЯ РЕЧИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕАТРАЛИЗОВАННОЙ ИГРЫ**

Аннотация: Жүйелі театр іс-әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балалар сөйлеу функцияларының әр түрлі түрлерін белсенді қолдана білу, ашық қарым-қатынас жасау және диалог құру, сөйлеу мен психикалық қиялдың дамуына әсер ететін қиялдың бейнелері мен тиімді тетіктерін құру қабілеттерін дамытады. Мұның бәрінде басты рөл мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісіне беріледі. Бұл мақалада театр ойындарының көмегімен мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеуді дамытуды басқаруға тәрбиешілердің дайындығын қалыптастыру бойынша нұсқаулықтар қарастырылады және ұсынылады.

**Тірек сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, театрландырылған ойын, сөйлеуді дамыту, мектепке дейінгі тәрбиеші, спектакль, ойын.**

Аннотация: При систематической театрализованной деятельности у дошкольников развивается умение активно использовать различные виды речевых функций, умение открыто общаться и строить диалоги, создавать образы и эффективные механизмы воображения, влияющие на развитие речи и психического воображения. Во всем этом главная роль отводится воспитателю дошкольного учреждения. В данной статье рассматриваются и предлагаются методические рекомендации по формированию готовности воспитателей к руководству развитием речи у дошкольников с помощью театрализованных игр.

**Ключевые слова: дети дошкольного возраста, театрализованная игра, развитие речи, воспитатель дошкольного образования, спектакль, игра.**

Annotation: With systematic theatrical activities, preschoolers develop the ability to actively use various types of speech functions, the ability to communicate openly and build dialogues, create images and effective mechanisms of imagination that affect the development of speech and mental imagination. In all this, the main role is assigned to the preschool teacher. This article discusses and offers methodological recommendations for the formation of teachers' readiness to guide the development of speech in preschoolers with the help of theatrical games.

**Keywords: preschool children, theatrical game, speech development, preschool teacher, performance, game.**

Театр играет особую роль в решении проблем, связанных с воспитанием и развитием детей дошкольного возраста. Театральные игры дают каждому ребенку неизгладимое впечатление радости, развивают его художественный вкус, подражание и воображение. Обычно личностные качества человека формируются к пяти годам, поэтому для всестороннего развития ребенка необходимо прививать ему хорошие и

положительные качества в дошкольные годы, когда ребенок увлечен каждой вещью, любопытен, стремится почувствовать изменения, прекрасные явления, происходящие вокруг него. Его такое всестороннее развитие, личностное воспитание и языковое развитие наилучшим образом можно улучшить с помощью театрализованных игр, потому что дети с удовольствием играют в театральные игры. Театрализованные игры – считаются игровыми постановками, где большое значение имеет превращение произведений искусства для детей в сценические постановки и вовлечение их в качестве персонажей. Разностороннее развитие личности ребенка, играющего на сцене в роли героя, пробуждает в нем страсть к литературе, культуре и искусству [1; 122]. Дети одновременного учатся общаться, красиво одеваться, эстетично двигаться и ходить, ладить со взрослыми и другими детьми, играя небольшие роли на сцене. Зрелый же диалог в процессе театральной игры побуждает детей высказывать свое мнение и тем самым совершенствовать свои речевые и психолого-умственные навыки.

В процессе театрализованной игры мышление и воображение ребенка развиваются, адаптируясь к игровой ситуации, полностью воспроизводя как первые, так и отдельные элементы процесса. Играя роль, ребенок не только представляет своего героя, но и чувствует его поведение и поступки. Такие эмоциональные состояния заставляют ребенка удивляться увиденному ранее, тренировать свои чувства через мимику и другие проявления. Театрализованные игры расширяют кругозор детей, побуждают детей вступать в разговор, рассказывать родителям и друзьям о спектакле [2; 45]. Все это в конечном результате способствует развитию как монологической, так и диалогической речи ребенка.

Развивая коммуникативные навыки посредством театральной игры, воспитатели прививают детям любовь к овладению языком. Таковы основные задачи воспитателя в этом процессе: всестороннее развитие творческих и умственных способностей дошкольника через театральные формы; воспитание бережного отношения к искусству речи; повышение уровня своих знаний; привитие красноречия; обогащение словарного запаса детей; обучение хорошему; воспитание антипатии к плохому; развитие театральной деятельности с использованием сказок, постановок и спектаклей.

Обязанности воспитателей в процессе развития речи дошкольников с использованием театрализованных игр: развитие детской речи, повышение культуры речи и мировоззрения; приобщение детей к нравственности, к остроумной речи, уравновешенному мышлению; развитие творческих способностей ребенка к запоминанию воображения; обучение рассказыванию историй из сказок и рассказов; создание условий для социально-эмоционального развития ребенка; формирование культуры отношения к окружающему миру, людям, сверстникам и самому себе с учетом индивидуальных художественно-творческих качеств каждого ребенка [3; 25-26]. Одним словом, чем правильнее организовано обучение детей художественному творчеству, тем успешнее развитие речи и психико-эстетического воспитания у дошкольников.

В своей деятельности воспитатели-педагоги используют различные виды театрализованных игр, ориентированных на развитие речи дошкольников, которые можно классифицировать следующим образом [4; 87]:

1) Ритмическая игра (ритмопластика) – данный вид театрализованной игры включает в себя сложные (комплексные) игры и упражнения на ритмичность, музыкальность, а также пластичность. Ритмопластика развивает эстетическую и психологическую способность детей осознавать контакт своего тела с внешней средой, развивает свободу движений тела, помогает правильно и красиво выражать свои чувства, добавляет эмоциональности, чувствительности и красноречия игровому процессу.

2) «Культура и техника слова». Игры и упражнения данного вида театрализованной игры направлены на овладение правильной артикуляцией, логикой и дикцией речи, свободное произношение и развитие дыхания. Этот раздел в основном включает в себя игры со словами (словесные игры). Развиваются зрительная речь и творческое

воображение. Дети с помощью воспитателей учатся составлять мини-историю и сказку. Все эти упражнения условно делятся на 3 части: дыхательная и артикуляционная системы; дикция и интонация; а также творческие игры со словами.

3) В драматизационной игре ребенок-артист, самостоятельно создает образ через интонацию, мимику, пантомиму, самостоятельно действует и играет роль. В уже созданной сценической постановке ребенок интерпретирует сюжет в своей игре-драматизации. Виды драматизации: игровые персонажи в образе животных и людей; информированный диалог по тексту, монолог, ролевые игры; художественная постановка. Драматизацию часто можно рассматривать как два типа игры: а) «инсценировка игры пальцами» – дети носят атрибуты на пальцах; произнося текст сказки, они шевелят пальцами и создают сюжет; б) спектакль-инсценировка с помощью кукол.

4) В режиссерской игре дети не выступают, а проявляют себя в роли режиссера и режиссера-постановщика, персонажами выступают «игрушки». Особое место в игре занимают интонация и мимика.

5) «Обучение театральной культуре». Здесь воспитатели стараются привить детям подлинное чувство театрального искусства. Основными темами раздела являются: особенности театрального искусства, виды театрального искусства, постановка пьесы, внешний и внутренний театр, культура зрителя. Обучая детей театральной культуре, воспитатели работают над постановкой театральной игры, которая в какой-то мере является авторской частью всего процесса. Таким образом, готовность воспитателя к руководству развития речи дошкольников с использованием театрализованных игр определяется следующими этапами: введение в производство; содержание, анализ и прославление произведения; подготовка необходимых инструментов для производства; сценография; дизайн сцены; подготовка; репетиция и конечное представление (финальное исполнение). Стоит отметить, что творчество детей проявляется не только в исполнении ролей, но и в изготовлении кукол и подготовке декораций. Поэтому коллективная работа детей дошкольного возраста и воспитателя по созданию ассортимента кукол, занавесок, украшений и декораций способствует сплочению и активности детей, развитию диалогической речи и процессу обсуждения между детьми [5; 59-61].

Как видим, театральная деятельность в детском саду способствует развитию воображения, всех видов памяти и видов детского творчества (художественно-речевого, музыкально-игрового, танцевально-сценического, и т.д.). Для успешного решения этих задач желательно иметь педагога-руководителя детского театра (режиссера), который бы не только проводил специальные театральные игры-занятия с детьми, но и корректировал действия всех воспитателей, решающих задачи в театральной деятельности. Такой педагог детского театра помогал бы воспитателям изменить традиционные подходы к организации театральной деятельности, привлекал бы их к активному участию в работе над театральными играми. Одним словом, его цель – не ограничиваться сценаристской, режиссерской и постановочной работой с детьми-актерами, но и способствовать формированию у детей умственно-речевых способностей через все виды деятельности.

Воспитатели, в свою очередь, должны уметь выразительно читать, рассказывать, смотреть и видеть, слушать и слышать, быть готовыми к любым преобразованиям, то есть владеть основами актерского и режиссерского мастерства. И одним из самых главных условий является эмоциональное отношение взрослого человека (воспитателя) ко всему происходящему, открытость и искренность чувств. Интонация голоса воспитателя – образец для подражания, поэтому, прежде чем предлагать детям какое-либо задание, следует несколько раз потренироваться самому. Воспитатель также должен быть чрезвычайно тактичен. Например, фиксация эмоциональных состояний ребенка должна происходить естественно, с максимальной доброжелательностью со стороны воспитателя и не превращаться в уроки мимики [6; 112].

Всегда важно помнить, что правильная организация театральной деятельности со стороны воспитателя способствует выбору основных направлений, форм и методов

работы с детьми, рациональному использованию человеческих ресурсов. Для этого важно обозначить основной круг обязанностей воспитателей в процессе развития речи дошкольников с использованием театрализованных игр:

- правильный речевой подбор сюжетов драматизации, ролей, атрибутов, костюмов и типов театра;
- знакомить детей с театральной культурой (знакомить их со структурой театра, с видами кукольных театров (би-ба-бо, стол, тень и др.), театральными жанрами и др.);
- обеспечить взаимосвязь театральной деятельности с другими видами (использование игры-драматизации на занятиях по развитию речи, музыки, художественного творчества, при чтении художественной литературы, организации сюжетно-ролевых игр и др);
- создавать условия для развития творческой активности детей в театральной деятельности;
- давать главные роли застенчивым детям, в том числе детям с речевыми трудностями в спектаклях, обеспечивать активное участие каждого ребенка в спектаклях;
- поощрять импровизацию с помощью мимики, пантомимы, выразительных движений и интонаций при передаче характерных черт персонажей, их эмоциональных состояний, переживаний;
- создание условий для совместной театральной деятельности детей и взрослых (спектакли с участием детей, родителей, сотрудников; организация выступлений детей старших групп перед малышами и др.) [7; 79-81].

Большую часть времени воспитатель должен посвящать речевым упражнениям, которые делают речь ребенка еще более яркой и ясной (рассказывание историй по картинкам, рассказывание сказок по схемам, т.д.). Подготовка к постановочной игре должна принимать постоянный и хорошо спланированный характер, состоящий из комплекса форм и приемов. Репетиционные работы должны быть направлены на развитие различных видов детского творчества: художественно-речевого, музыкально-игрового, танцевального, сценического и певческого. Большое внимание необходимо уделять созданию развивающей среды и совместной творческой деятельности детей и взрослых.

Как видим, театрализованные игры проводятся как «развлечение», которое происходит в основном по праздникам. Цель достижения хороших результатов заставляет воспитателей запоминать (заучивать) с детьми не только тексты, но и ритм голоса и движения во время большого количества индивидуальных и групповых упражнений. Воспитатель учит ребенка быть хорошим артистом. В результате игра сыграна и спектакль закончен, но навыки, приобретенные с детьми таким образом, не пройдут бесследно. В результате дети становятся более сплоченными и открытыми к общению, развита и диалогическая речь. Чтобы достичь такого положительного результата важно следовать некоторым указаниям. Вот основные методические рекомендации по организации театральных занятий в дошкольных учреждениях. Во время подготовок и театральных занятий воспитатель должен:

- внимательно слушать ответы и предложения детей;
- если они не отвечают, не требуют объяснений, переходить к действиям с персонажем;
- при знакомстве детей с персонажами произведений выделять время так, чтобы они могли действовать или разговаривать с ними;
- спрашивать, кто сделал это похожим и почему, а не кто сделал это лучше;
- постоянно вести диалог и спрашивать мнения детей [8; 157].

Таким образом, основные требования к организации театрализованных игр в детском саду [9; 105-107]:

- 1) Актуальное содержание и разнообразие тем.

2) Постоянное, ежедневное включение театральных игр как формы педагогического процесса, что делает их столь же необходимыми для детей, как и сюжетно-ролевые игры.

3) Максимальная активность детей на этапах подготовки и проведения игр.

4) Взаимодействие детей друг с другом и со взрослыми на всех этапах организации театрализованной игры.

5) Деятельность воспитателя всегда должна быть направлена на стимулирование интереса к творчеству и импровизации, что является важной частью работы с детьми.

6) Управляя театрализованной игрой и тем самым организуя жизнь детей в игре, воспитатель воздействует на все стороны развития личности ребенка, такие как чувства, сознание, воля и общее поведение.

7) Главное, привить интерес к инсценированным играм в процессе просмотра спектаклей мини-кукол, которые воспитатель показывает на основе содержания знакомых ребенку сказок и стихов. Затем важно стимулировать его желание участвовать в спектакле, дополняя отдельные фразы в диалогах персонажей, постоянные фразы начала и конца (важно помнить, что дети уделяют большое внимание тому моменту, когда куклы кивают и просят себя поблагодарить и аплодировать).

8) Важным аспектом деятельности воспитателя при развитии речи детей с помощью театрализованных игр является постепенное расширение игровой практики через овладение видами игр-инсценировок. Данная задача реализуется через систематическое усложнение игровых заданий и спектаклей, в которые ребенок вступает.

9) Работа воспитателя с детьми 4-5 лет должна заключаться в их приверженности интересу к театральным играм, дифференциации, определяемой выбором определенного вида игры (драматизации или режиссуры) и формировании мотивации к игровому интересу как средству самовыражения.

10) Воспитатель должен обратить внимание на повышение интереса ребенка к творчеству и импровизации в процессе придумывания содержания игры и реализации задуманного образа с использованием различных выразительных средств. Дискуссия является основой работы на этапе обсуждения способов реализации образа персонажей и анализа результатов театральной игры. Важно научить детей тому, что один и тот же персонаж, история и сюжет могут отличаться по-разному.

11) Необходимо выработать самостоятельные способы реализации плана, стимулировать желание играть в зависимости от понимания содержания текста, а не действовать на основе подражания взрослому или другому ребенку.

12) Поощрять проявление культурных поведенческих навыков и нравственных, доброжелательных, заботливых качеств в процессе выполнения предложенных ролей.

13) Наконец, театральная деятельность является наиболее распространенной формой детского творчества, поэтому одной из важнейших задач при развитии речевых навыков детей является совместное обучение, взаимопонимание, обсуждение и дискуссия.

#### *Литература:*

1. Алексеева М.М. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников / М.М. Алексеева, В.И. Яшина. – М. Академия, 2000. – 400с.
2. Реуцкая Н.А. Театрализованные игры дошкольников / Н. А. Реуцкая // Игра дошкольника / под ред. С. Л. Новоселова. - М.: Образование, 1999.- 268 с.
3. Мигунова Е.В. Организация театрализованной деятельности в детском саду: Учеб.-метод. пособие; НовГУ имени Ярослава Мудрого. – Великий Новгород, 2006. – 126 с.
4. Маханева М.Д. Занятия по театрализованной деятельности в детском саду. – М., 2009.
5. Маханева М.Д. Театральные занятия в детском саду: Пособие для работников дошкольных учреждений / М. Д. Маханева. - М.:Сфера - 2001. - 210 с.

6. Бородич А. М. Методика развития детской речи / А. М. Бородич. - М.: Образование, 2001. - 256с.
7. Артемова Л. В. Театрализованные игры дошкольников: Кн. для воспитателя дет. сада.—М.: Просвещение, 1991.— 127 с.
8. Чурилова Э.Г. Методика и организация театрализованной деятельности дошкольников и младших школьников.- М.: Владос, 2001.
9. Эчки Л. Театрально-игровая деятельность // Дошкольное воспитание. – 1991. - №7.

*Г.А. Момбиева*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,  
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының аға оқытушысы  
Э. Даулеткалиева*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының  
«Психология» мамандығының 3 курс студенті*

## **МЕКТЕПТЕГІ ОҚУҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

Мектепке дейінгі кезеңнің маңыздысы – мектепке оқуға психологиялық дайындығы. Бұл дегеніміз бұқаралық оқыту жағдайында мектеп бағдарламасын меңгеру үшін қажетті және жеткілікті психикалық даму деңгейі. Психологиялық дайындықтың бірнеше аспектілері бөлінеді. Жеке адамдық (мотивациялық), әлеуметтік, когнитивті.

Көптеген балалар рефлексияны меңгереді, соның негізінде - әрекет мотивтерін бағындыру пайда болады, «істеуім керек» мотиві, «маған керек» мотивінен басып озуы тиіс.

Жеке бастың дайындығының маңызды құрылымы еріктік дайындық осы мектепке дейінгі кезеңде баланың еріктік аумағының сипаты күрделенеді. Л.С.Выготский ерікті жеке өзіндік мінез-құлықты меңгеру кезеңі деп қарастырды. Ол еріктік мінез-құлықты әлеуметтік деп, ал балалар еркінің көзі деп баланың қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасы деп білді.

Екінші бір тұлғалық дайындықты құрайтын адамгершілік дайындығы Л.С.Выготский балада пайда болатын адамгершілік ұғымдары мен сезімдерін ішкі этикалық инстанциялар деп атады. Әлеуметтік дайындық сипаты болып, қарым-қатынастың пайда болуын айтты. Оны М.И.Лисина «ситуация деп тыс тұлғалық» деп атады. Әлеуметтік дайындыққа мұғалім талабы бірден қабылдау шеберлігі жатады.

Когнитивті дайындық объектілерді жалпылау, салыстыру, топтау, мәндік сипатын бөліп алудан, қорытынды жасау, мәліметті есте сақтаудан – яғни ойлау процесстерінің дамуымен байланысты. Мектепке оқуға психологиялық дайындықты өлшеуді мектеп психологы жүргізеді. эмоциональдық қарым-қатынасты зерттеу үшін М.Р.Гинзбургтың ерекше әдістемесі қолданылады. Балаға 2 қатар суреттер беріледі. Ал баланың психофизиологиялық пісіп-жетілуін бағдарланушы Керн-Йнеросектің тестісінен алуға болады. Әлеуметтік пісіп-жетілуді А.Л.Венгердің әдістемесі, Д.Б.Элькониннің «графикалық диктанты» және «үлгі мен ереже» әдістемелері арқылы анықтайды.

Ақыл-ойдың дамуының жалпы деңгейін өлшеу үшін және жалпылаушы түсініктерді игеру деңгейін анықтауда А.Р.Лурияның «пиктограмма» және Керн-Йнеросектің сауалнамасы қолданылады. ал кеңістіктік ойлауының дамуын зерттеу үшін А.Л.Венгердің «лабиринт» әдістемесі қолданылады. Сөз-логикалық ойлау деңгейін анықтау үшін «күрделі суреттерді түсіндіру» әдістемесі қолданылады.

Интеллектуалды дайындықсыздық бірнеше нұсқауларда көрінеді. Оның бірі – вербализм (қабылдау мен ойлаудың жеткіліксіз дамуындағы тілдік дамудың жоғары

деңгейі). Бұған қарама-қарсы интеллектуалды дайындықсыздық - әлсіз тілдік даму деп аталады.

Тәрбиенің негізі мақсаты жеке адамды қалыптастыру және жан-жақты толыққанды дамуын қамтамасыз етеді. Ал бұл міндеттердің табысты шешімін беру жеке адамның дамуы қалай өтетінін білумен байланысты. Адам дамуы дара. Даму мерзімге қарай күрделі ұйымдасатын құбылыс.

Л.Д.Столяренко және т.б. ғалымдар жас категориясы және адам дамуының өмірлік циклін төмендегідей бөліп көрсеткен:

- 3-6 жас деңгейі мектепке дейінгі жас (екінші балалық), жетекші іс-әрекеті: баланың тұлғалық және когнитивтік үрдістерінің дамуы.

Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин пікірлеріне сүйенетін болсақ, мектеп жасына дейінгі кезең 3-6 жас аралығы, жетекші іс-әрекеті: рөлдік ойын, психологиялық дамуы: ерікті мінез-құлық, әлеуметтік жағдайда дамуы: адамдар арасындағы өзара қарым – қатынас, әлеуметтік нормаларды меңгеру.

Ж. Пиаже теориясы бойынша, 3-6 жас кезеңі нақтылай операция жасау шағы деп аталады. Бұл жастағы балалар логикалық ойларды бастайды, объектілерді бірнеше белгілеріне қарай топтайды және математикалық ұғымдарды талдай бастайды. Бұл шақта балалар түсініп есте сақтауға қол жеткізеді. Даму процесінде бала белсенді әрекет жасайды, ол сыртқы ортаның әсерлеріне тек әсерленіп қана қоймайды.

Баланың өсіп жетілуінде оның иілгіш құрылымы сандық та, сапалық та өзгеріп отырады. Бала интеллектісі нақтылай биологиялық бейімделуге жатады. Олар екі қызметте инварианттық - ұйымдастырушылық және адаптацияны игерген. Бейімделу бірін- бірі толықтырып отыратын процестерді қамтиды: ал акомодация – сыртқы ортаның өзгерістерінің талаптарына жауап беруде өзінде бар құрылымдарды өзгертеді.

З.Фрейд теориясы боцынша: жеке адамның дамуы адамның психосексуалдық дамуымен сай келеді. Оның қозғаушы күші- тума энергиясы - либидо болып табылады. Адам дамуының әрбір жас кезеңінде, сол жасқа сай келетін эргондық аймақ арқылы өтіп отырады. Егер дамудың осы кезеңінде либидо өзін қанағаттандырып отырмаса немесе қанағаттандырылғанда да бірдей өтпесе, онда адамның дамуы осы сатыда тоқтайды және одан нақтылай мінез-құлық көрінеді. З.Фрейд дамудың бес сатысын бөліп көрсеткен, соның ішінде 2-5 жас аралығын – фалликалық саты деп атаған. Бала өз жыныс мүшесімен және басқаның жыныс мүшесімен қызыға бастайды. Ол ұл бала мен қыз баланың айырмашылығын ажыратумен басталады. Бұл кезеңде балаларда эпидтерінің комплексі мен қыздарда электрлеркомплексінің дамуынан көрінеді.

Эрик Эриксон теориясы бойынша, психоанализ теориясына сүйене отырып, адамның жеке бас тұлғасының дамуының қозғаушы күшіне өзгерістер енгізді. Сондықтан да Э.Эриксон Фрейд психоанализінен бас тартпады. Ол адамның өзіндік « Мен » ұғымындағы социумның рөлін дамыта түсті. Эриксон теориясы бойынша жеке адамның жас кезеңі бүкіл өмір бойы жалғасады және әрбір кезеңнің өзіне тән параметрлері болады да, ол жағымды және жағымсыз мәнге ие болып отырады.

Э.Эриксон өзіндік «Мен » дамуының сегіз кезеңін ерекшелік отырып, әлеуметтік даму теориясын құрды. Дамудың негізгі заңдылықтары – бұл « эпигенетикалық принцип». Әрбір жаңа кезеңде дамудың жаңа түрлері көрініп отырады. Бұл жаңа көрініс арқылы оны қабылдай отырып тұлғаның жаңа құрылымы мен дамуындағы, іс-әрекетіндегі психикалық және әлеуметтік өзгерістерінің болатынын ескеру қажет. Бұл өзгерістер баланың жас ерекшелік дамуының жаңа сатысына көтерілуіне тікелей байланысты болып отырады және ол баланың қоршаған ортасына, сыртқы және ішкі әлеміне, өміріне, осы сатыдағы дамуына өзгеріс әкеліп отырады. Әрбір жастағы дамудың екі бағыты болады, олар: қалыпты даму бағыты және қалыпсыз даму



(аномальді) бағыты. Егер жас ерекшелік кезеңінің бірінде дамудың белгілі бір негізгі түрі қалыптаспай қалса, мұның өзі баланы қалыпсыз даму бағытына апарды. Э.Эриксон бойынша : даму кезеңі 3-6 жас – ойын жасы . Әлеуметтік құндылығы мақсатқа жету ұмтылысы. Қалыпты бағыт: белсенділік, қозғалыс, инициативтілік. Ересектерге еліктеушілік. Жыныстық ерекшелікті сезіну мінез - құлық белгілері. Қалыпсыз бағыт: пассивтілік, өзін кінәлі сезінуі, инициативтіліктің болмауы. Жыныстық ерекшелікті сезіну мінез –құлық белгілерінің болмауы.

Жеке адамның әлеуметтенуі нақты әлеуметтік жағдайда қалыптасу процесі, әлеуметтік тәжірибені игеру процесі, қоғамда немесе өзі өмір сүретін ортадағы қабылданған нормаларды қабылдауы.

С.Л.Рубинштейн пікірінше, адамның дамуы « адамның өмір жолы » контекстінде жүріп отырады

Б.Г. Ананьев бойынша, адамның өмір жолы бұл жеке адамның белгілі бір ортада, белгілі бір кезеңге қарай әр –түрлі болады. Б.Г. Ананьев әлеуметтенуді 5кезеңге бөледі . Соның ішінде алғашқы әлеуметтену немесе бейімделу деңгейі : туғаннан жасөспірімдік шаққа дейін бала әлеуметтік ортаға бейімделіп, еліктейді, талпынады, тәжірибе жинақтайды.

Әлеуметтік рөл- өзара қарым-қатынас жүйесінде адамдардың қоғамдағы позициясына , статусына байланысты қабылданған нормаларға сәйкес келетін мінез-құлықтары. Жеке адамның рөлдік концепциясы американдық әлеуметтік психологияда 20 ғасырдың 30- жылдарында туындай бастайды ( Ч.Кули. Дж. Мид ) және ол әртүрлі әлеуметтік ағымдардағы өзара көптеген қарым-қатынастар негізінде құрылады деген. Осы өзара қарым-қатынас процесінде адамдар өзінің « Айнадағы Менін » шығарады. « айнадағы Мен » үш элементтен тұрады:

1. Біздің ойымызша басқа адамдар бізді қалай қабылдайды?
2. Біздің ойымызша басқалар көргендерін қалай қабылдайды?

3. Өзіміз қабылдаған шешімге өзгелердің реакциясын көре отырып, біз қалай жауап береміз? Бұл теория біздің ойымыздың қорытындылауға және басқа адамдардың сезімдеріне маңызды мағына береді.

Американ психологы Дж. Герберт Мид өз еңбектерінде біздегі « Мен » дамуы басқа адамдармен өзара қарым-қатынас негізінде құрылған әлеуметтік продукт деп қарады. Мид бойынша жеке адам құрылымы әртүрлі деңгейлерде болады.

- 1.Имитация. Балалар ересектердің іс-әрекетін түсінбесе де, көшірмесін жасайды.
2. Ойын деңгейі. Әрекеттің мән-мағынасын түсіне отырып, нақты рөлге кіре отырып, ойын процесінде осы рөлді шығарады ( мысалы: дәрігер, мұғалім, аспаз және т.б.).

Сенсомоторлық координациялардың жеке топтары түрінде түйсінулер мен қимылдар арасындағы байланыстармен құрылады. Мұнда бала өз қозғалысын материалдық заттар қасиетіне қатысты құруы керек, әрекет логикасы сыртқы заттар логикасына бағынады. Кейін сөздің дамуы әрекетті символикалық белгілеу арқылы түсініктер жоспарында реалды қозғалысқа бармай - ақ орындай бастайды.

Ж. Пиаже жұмыстарында бейнені ойлауды қалыптастыруда ең бастысы ойын мен еліктеу іс - әрекеті, бала осы іс -әрекеттер арқылы басқа затты түсінеді деп жазады.

Пиаженің концепциясын қорытындылай келе, оның жалпы теориялық -танымдық түсініктеріне тоқталу керек. Ж. Пиаже негізгі назарын субъект пен объектінің, субъект пен субъектінің, индивид пен қоғамның төңірегінде шоғырландырды. Ол субъект пен объектінің ажырамас бірлігін өз концепциясына негіз етіп алды. Интеллект дамуының сатыларында танымдық құрылымдарды Пиаже қатарлар құрылымы, топологиялық құрылымдар деп білді.

Интеллектінің дамуын сипаттайтын опирационалды интеллектуалды құрылымдардың жас ерекшелігіне қарай қайтымдылығы, субъектінің көзқарасына қатысты білімдерінің инварианттылығының өскенін көрсетеді.. Алайда Ж. Пиаженің

объективтіліктің белгісін инварианттылыққа апаруы оның гносеологиялық позициясының шектеулі екендігін шарттандырады.

Ж. Пиаженің концепциясы интеллект дамуын гносеологиялық, психологиялық, логикалық және әлеуметтік аспектілерін біріктірді. Ол өз зерттеулерінің индивидуалды психологиялық бағдарының осалдығын ұғынады. Ол ылғида соның шегінен шығуға тырысып, логикалық әлеуметтік және гносеологиялық мәселелерге қызықты. Алайда мұндай зерттеу бағыты психикалық дамуды өз табиғаты бойынша әлеуметтік процесс ретінде талдауға мүмкіндік беретін бара - бар тәсілдерді табуды қажет етті.

Алайда мұндай тәсіл Пиаже де болмады. Операциялы топтар аппараты оған тек талдаудың логикалық, әлеуметтік, психологиялық және гносеологиялық жоспардың тек кейбір инварианттық мазмұнын бөліп алуға мүмкіндік береді және бұл зерттеулер көптеген маңызды кезеңдерді ескермеді. Ж. Пиаже, әлеуметтендіру процесі - баланың интеллектуалды даму шарты деп қарастырған алғашқы ойын анықтап, қайта жасап, оның нәтижесінде бұл мәселені өзінің операциялы теориясының аясында шешуге талпынды. Ол өзінің зерттеу пәніне социология, гносеология, логика мен психологияның элементтерін қосқан күрделі құрылымдық өзгерулерді негізге алды. Женевалық психологиялық мектептің үлкен еңбеп сол, олардың жұмыстары осындай жүйелерді қанағаттандыратын талаптарды өрістетіп, таратты.

Ж. Пиаженің еңбектері, интеллектуалды процестердің дамуы жайлы ілімдері үлкен рөл атқаратыны сөзсіз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Габай Т.В. Педагогическая психология. М.: Академия, 2019. – 672с.
2. Электронный ресурс: <https://kapital.kz/tehnology/77003/chto-zhdet-tsifrovoy-kazakhstan.html>
3. Электронный ресурс: <https://www.un.org/ru/85374>
4. Электронный ресурс: <https://promopult.ru/library>

*Г.А. Момбиева*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,  
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының аға оқытушысы  
Б.Жаңабай –*

*Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының  
«Психология» мамандығының 2к (3-ж) курс студенті  
Б.Сейткасымова*

*«Психология» мамандығының 3к (3-ж) курс студенті*

### **БАЛАЛАР ҮЙІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІ БАЛАЛАРМЕН ПСИХОЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

«Эмоционалды күй» – балалар үйінде, мектеп-интернаттарда қызмет атқаратын практик-психологтардың, педагогтардың тәрбиешілердің жиі кездесетін өзекті мәселелерінің бірі.

А.М.Прихожан және Н.Н.Толстых пікірінше, балалар үйінде қызмет істейтін тәрбиешілердің жетім балалармен қарым-қатынасы зерігу, тітіркену, қозу сезімдерін тудырса, ал жұмысы – жеккөрушілік әкеледі.

Мұндай жағымсыз сезімдер жұмыс шегінен шығып, таныстарға, достарға, тіпті отбасы мүшелеріне де таралуы әбден мүмкін.

Авторлар «эмоционалды күй» пайда болуының себептерін атап көрсетті.

1. Ересектерде (педагогтарда, тәрбиешілерде, психологтарда) психологиялық немесе педагогикалық кәсіби қатынас тәсілдері қалыптаспаған. Ондай сезімдер қарым-

қатынастың тұрмыстық түрлерімен, нақта эмоционалды жағымен ауысады. «Эмоционалды күй» өзінің кәсіби міндеттеріне, балаларға берілген адамдарда жиі кездеседі.

2. Мұндай аса эмоционалды баланың шынайы, нақты мәселесін тауып, оған шешім іздеуге мүмкіндік бермейді.

3. Мұндай қарым-қатынас түрі ересектің тұлғалық дамуын қанағаттандырмайды, алайда, ересек пен бала арасындағы психологиялық жағымды қарым-қатынас екеуінде де қанағаттану сезімдері болуы шарт.

Карл Роджерс айтуынша, педагогтың, тәрбиешінің (немес ата-ананың) баламен тиімді қарым-қатынасқа түсуіне негізгі 3 шарттарды сақтау тиіс деген. Олар :

- Адамның мінез-құлқында ашық сезімдердің, адалдықтың көрінуі;
- Психологтың өзінің клиентінің жан-дүниесін толық түсініп, бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынаста болуы;

- Сөзсіз қабылдау; [1]

Өзің жұмыс істейтін балаларды, қандай болып туылса, дәл солай қабылдай білу. Бұл оңай емес кәсіби қабілеттілік. Психолог жалпы кәсіби ұстанымынан бөлек, көптеген аспаптық дағдыларға ие болуы шарт.

А.М.Прихожан мен Н.Н.Толстых бірқатар осындай дағдыларды бөліп көрсетті:

- Баламен әңгіме құра білу;
- Оны тыңдай білу;
- Бақылап, «көре» білу;
- Пайда болған кез-келген жағдайларда нақты диагностикалық, даму, түзету жұмыстар түрлерін ұйымдастыра білу қабілеттері;
- Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес мүмкіндіктерін қолдана білу [2].

Әлеуметтік-педагогикалық қолдаулары бар мекемелерде әртүрлі диагностикалық процедураларды қолдана білу, психологтың кәсіби және этикалық ұстанымдарына қойылатын ерекше талаптар болып табылады.

Атап көрсетсек:

- Негізгі кәсіби этика талаптарының бірі «Бүлдірме!» ұстанымы ерекше орынға ие. Себебі, мұнда тәрбиеленетін балалар қорғансыз, қамқорсыз болып келеді;

- Зерттеу жұмыстарына қатысқан балалар тобына, зерттеу мақсаты мен жүргізілетін әдістемелер жайында қысқаша мағлұмат беру. Алайда, аса көп мөлшерде берілген мәліметтер, жүргізілген әдістемелердің сенімділігі (валидтілігі) жойылуы мүмкін;

- Баланың зерттеу жұмыстарында қатысуы, ешбір жағдайда, оның өзіндік бағалауы мен жағымсыз сезімдердің пайда болуына кері әсерін тигізбеуі шарт;

- Құпиялылық тұжырымдамасын мүлтіксіз сақтау тиіс. Зерттеу жұмыстары барысында алынған мәліметтердің қажетті бөлігі ғана мұғалімдер мен тәрбиешілерге жеткізілуі керек. Ал, баланың тұлғалық ерекшеліктеріне жүргізілген психодиагностикалық мәліметтері талқыланбайды;

- Сонымен қатар, алынған мәліметтерді кеңінен талқыға салынуға жол берілмеуі тиіс. Жабық мекемелерде тәрбиеленетін жетім балалардың құқықтарына қол салудан аулақ болуы абзал.

- Осыған орай, әлеуметтік-педагогикалық мекемелердегі психологтың атқаратын қызметі ерекше рөлге ие. Психолог тұлғасына ерекше талаптар қойылады, бұл оның пайда болған қиындықтарға төтеп беруіне септігін тигізеді.

Жетім балаларға тәрбие беру саласындағы психологиялық қызметтің дамуын білім беру саласындағы психологиялық қызметтің дамуынан жекелей қарастыруға келмейді. Балалар үйі психологы мен білім беру саласындағы психолог әрекетінің негізгі бағыттары, принциптері, жұмыс жасау әдістері бір. Әйтсе де, балалар үйі психологының іс-әрекет мазмұны бала дамуының өзіндік ерекшеліктеріне сүйенеді. Ол:

- баланың жетімдер үйіне тап болу себебі;

- аталған мекемеге келген уақыты және осындай өмір сүру тәжірибесі;
- ата-аналарының құқығынан айырылуы не қаза болу себептері;
- баланың осы мекемеге отбасынан не көшеден келуі, т.б.

Осы келтірілген әр балалар тобы психологтың ерекше ұйымдастырылған жұмысын қалайды.

Психологиялық зерттеу нәтижелеріне (Д. Аллан, В.Оклендр, И.А.Фурманов, Т.И. Шульга, Л.Я. Олиференко т.б) сүйенсек, баланың өмірінде болған психологиялық жарақат негізінде мінез-құлық, жүріс-тұрыстың бұзылуы жеке адам дамуының барлық деңгейлерін (тұлғалық, тұлғааралық, әлеуметтік, физиологиялық, психологиялық, соматикалық т.б.) қамтиды. Болған қатерлі оқиға баланың санасына орнығып, үнемі қайта жаңғырып отырады. Оған бейнелер, ойлар, қайталанбалы қорқыныш түстері жатады және бұлар баланың физиологиялық күйіне әсер етеді (бас,асқазан ауруы, ұйықтай алмау т.б). Бұдан баланың мінез-құлық, жүріс-тұрысында ызақорлық, қозғыштық, агрессивтілік, өкпешілдік, қатарластарымен қақтығысты жандандыру байқалады.

Психологтың іс-әрекеті баланың осы мекемеде өмір сүру кезеңдерімен ере жүруі керек.

I. Баланың мекемеге бейімделу кезеңі (тобына кіруі, өзін қауіпсіз сезінуі, ережелермен танысуы, дос табу);

II. Педагогикалық ұжыммен жұмыс (педагог мамандарға психологиялық даярлық жасау);

III. Балалардың психикалық дамуымен жұмыс (арнайы психологтар тобын шақыру, ол: психотерапевт, сексопатолог, психоневролог т.б.);

IV. Балалар үйі ұжыммен жұмыс (семинар өткізу, біліктілікті арттыру т.б.).

Сонымен, балалар үйі жағдайындағы психологиялық іс-әрекетті ұйымдастыру тәжірибесін және тәрбиеленушілердің тұлғалық дамуын саралай келе, балалар үйі психологы өз іс-әрекетінде үш стратегияны ұстануын ұсынамыз:

- балалар үйінің барлық проблемаларына белсенді араласатын психолог әрекеті;
- балалар үйі психологының психологтар тобындағы жұмысы;
- психолог-эксперт.

### *Әдебиеттер*

1. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Психология сиротства. М, СПб: «Питер», 2005.-С.245-249.
2. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Лишенные родительского попечительства: Хрестоматия. -М, 1990.-С. 154-156.
3. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Работа психолога с учреждения интернатного типа для детей, оставшихся без попечения родителей // Рабочая книга школьного психолога. - М., 1995.-С.78.

*Ж.Садреймова*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,  
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының аға оқытушысы  
Н. Жұмақан., Д. Чайнурова*

*«Психология» мамандығының 3к (4-ж) курс студенті*

## **ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

«Бейімделу» дегеніміз – бұл тірі ағзаның қозғалмалы жүйесінің арқасында, жағдайдың өзгеруіне карамастан өзінің өмір сүруіне, дамуына, ұрпағына жалғастыруға қажетті тұрақтылықты ұстайтын қозғалмалы процесс /20,б.20/.

Көп жағдайда адам тағдыры оның кез келген жағдайда өмірінің туа біткен және қалыптасқан қабілеті, бейімделгіштігі мен анықталады. Жоғары, орташа, төмен бейімді адамдар болады. Бейімділіктің туа біткен негіздері – ол инстинктер, темперамент, дене құрылымы, эмоциялар, туа біткен интелектік талабы, ағзаның физикалық жағдайы және сыртқы көрсеткіштері болып табылады.

Сонымен психологиялық деңгейде – бейімделу нәтижелі шешім қабылдау ынтасының, ықыласының көрінуі мен жауапкершілікті қабылдау, ұсынылған әрекеттердің нәтижесінде жүзеге асады. Әлеуметтік бейімделу – бұл әлеуметтік орта мен нәтижелі өзара әрекет ету процесі. Ол әлеуметтену мен байланысты индивид әлеуметтік орта мен өзара әрекет ету процесі нәтижесінде әлеуметтік механизмдерін меңгеріп және оның бейімделу мәнділігі бар ережелерді үйренеді [1; 157].

Әлеуметтік ортаға бейімделу процесін міндетті түрде үш деңгейде қарастыру қажет:

1) қоғам (макроорта) – тұлғаның және әлеуметтік – экономикалық, саяси, рухани және қоғамның мәдени дамуына бейімделуі;

2) әлеуметтік топ (микроорта) – адамның бейімделуі немесе керісінше әлеуметтік топпен адамның қызығушылығының түйіспеуі;

3) индивидтің өзі (тұлға ішілік бейімделу) – үйлесімділікке талпыну, ішкі позициясы мен өзін бағалауын басқа индивидиум позициясы мен баланс жасау. Философиялық энциклопедиялық сөздікте бейімделу мәселесі былайша қарастырылады: «әлеуметтік бейімделу - әлеуметтік ортада әлеуметтік топ пен тұлғаның өзара әрекет ету түрі». «Психологиялық бейімделу – тұлғаның белсенділігі және аккомодация, ассимиляция бірлігі ретінде көрінеді. Орта тұлғаға немесе топқа әсер етеді. Осыдан бейімделу бір уақытта тұлғаның немесе топтың белсенділігін бейімдейді. Бейімделудің бұндай механизмі тұлғаның әлеуметтену процесінде құрылып, оның мінез-құлық және іс-әрекет негізі болып табылады.

Адамдағы бейімделуді зерттеуде оның психикалық деңгейін ескермеу мүмкін емес. Адамның психикалық дамуы қоғамдық процесте, ұжымда, табиғатта болып жатқандарды дұрыс түсінуге, ортаға икемделуіне әкеледі. Бейімделу мүмкіндігінің көлемі немесе мөлшері психикалық және психофизиологиялық бейімделудің пайда болуы мен байланысты. Соны мен бірге олардың өзгеруіне байланысты басқа биологиялық объектіге тән икемделу функциясы сақталады. Адамның бейімделуінің жануарлардан айырмашылығы тек ортаға икемделуіне байланысты ғана емес, ең алды мен ол өзінің қажеттілігіне сәйкес икемделуі. Белсенді қажеттілікті қанағаттандыру, бейімделу процесінің нәтижелілігінің маңыздысы критерийі болады. Бұдан психикалық бейімделуді – адамаға тән іс-әрекетті орындау барысында қоршаған орта мен тұлғаның үйлесімділігін орнату, индивидтің белсенді қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оны мен байланысты маңызды мақсат жүзеге асырылады және адамның іс-әрекеті оның мінез-құлығын орта талабы мен сәйкестігін қамтамасыз ететін процесс ретінде анықтауға болады.

Психикалық бейімделу толығымен мен процесс болып табылады, өзіндік психикалық бейімделу екі аспектіні қамтиды: индивидиумның орта мен үнемі өзара әсер етуін үйлесімді ету, психикалық және физиологиялық сипаттар арасында дәлме –дәл сәйкестігін орнату.

Әлеуметтік топтарда психикалық бейімделуді нәтижелі ететін маңызды фактор болып, әлеуметтік тұтастылық, тұлға аралық қарым-қатынас орната алу қабілеті болып табылады.

Адамның психикалық бейімделуі күрделі икемделу процесі болып табылады. Жағымсыз жағдайлардың әсерінде осы бейімделудің түрі ең бірінші өзгеріске ұшырайды және басқа бейімделу деңгейлерінің бұзылысына әкеледі. Психикалық жағдай және оны мен байланысты психикалық бейімделу жағымсыз әсерлердің бас миына бағытталуына байланысты бұзылуы мүмкін және ортаның психогенді әсерлерімен байланысты [2; 58 б].

Қазіргі кезде бейімделу жайлы түсінік И.П.Павлов, И.М.Сеченов, П.К.Анохин т.б. жұмыстарында негіз алған. Бейімделу феноменінің көптеген анықтамаларына қарамастан, объективті түрде оның негізгі көріністері бар, олар бейімделудің біріншіден – ағза қасиеті; екіншіден - өзгермелі орта жағдайына бейімделу процесі; үшіншіден – «адам – орта» жүйесі мен өзара әрекет ету нәтижесі; төртіншіден – ағзаның талпыну мақсаты ретінде бекітуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда бейімделу феноменін қарастыру да екі жалпы тұрғыны бөліп көрсетуге болады.

А) бейімделу оның сыртқы орта жағдайына тұрақтылығын қамтамасыз ететін кез келген тірі өзін реттеуші жүйе қасиеті ретінде қарастырылады;

Б) бейімделу динамикалық құрылым, сыртқы орта жағдайына тікелей бейімделу процесі ретінде қарастырылады.

Бейімделу тұлға мен әлеуметтік ортаның өзара әрекет ету түрі ретінде, олардың талап күтілімдері мен келісуі көбіне қоғамдық иерархия жүйесінде анықталатын индивидтің алғашқы, өзін бірегейлендіру жағдайына байланысты. Тұлғаның өзін бірегейлендіруі индивидтің өзі істейтін істі таңдауы мен тұлғаның өзін анықтауына сәйкес жүзеге асуы [3].

Тұлғаның әлеуметтік бейімделу құрылымында келесі компоненттерді бөлуге болады:

- тұлға іс-әрекетінен шығатын параметрлері;
- мұлғаның макро – микро орта мен интеграциялану деңгейі;
- эмоционалды көңіл күйі.

Осы көрсеткіштерді бейімделу түрінің қасиеті ретінде қолдану тұлғаның негізгі бейімделу деңгейін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: жоғары – үйлесімді, жоғары – артық, төмен, бейімделудің бұзылысы. Осыған байланысты А.Н.Жмыриков (1989) бейімделудің белгісі ретінде тек екі деңгейді көрсетеді: толық бейімделу және бейімделудің бұзылысы [4].

Енді бейімделу бұзылысына тоқтала кететін болсақ. Соны мен бейімделу бұзылысы дегеніміз – қоршаған орта мен өзара әрекет етуінің бұзылуы, мәселелі жағдайдың күрделенуі және тұлға аралық, тұлға ішілік қақтығыстардың болуы мен көрінетін процесс.

Тұлғаға әсер етуінің ұзақтығына байланысты уақытша, тұрақты жағдайлық және қалыпты тұрақты тұлғаның бейімделуінің бұзылысын көрсетеді. Уақытша бейімделудің бұзылысы – жаңа жаңдайға ену мен байланысты міндетті түрде бейімделуі керек (мектепке келу, жұмысқа тұру, баланың дүниеге келуі т.б.) жаңдай. Тұрақты жағдайлы бейімделудің бұзылысы – мәселені шешу барысында арнайы жағдайға бейімделудің қолайлы әдіс – тәсілдерін таба алмауы мен байланысты (кәсіби іс-әрекет жағдайында, жанұя қарым-қатынасы аймағында). Жалпы тұрақты бейімделудің бұзылысы қорғаныс механизімін белсендендіруде тұлғаның тұрақты икемделе алмау жағдайы.

Бейімделу бұзылысының пайда болу себептері болып:

1) созылмалы ауру мен кәсіби мәселелер, ажырасу мен т.б. шақырылған психо - әлеуметтік стресті басынан өткізуі.

2) Басынан өткізген экстремалды жағдайлар – жарақатты жағдайлар, яғни адамның қайғылы оқиғаларға тікелей өзінің қатысуы болған жағдай;

Жаңа әлеуметтік жағдайға сәтсіз, қолайлы емес енуі немесе топтағы өзара әрекет етуінің бұзылысы [4].

Баланың жеке басын жан-жақты дамыту мен мектепке, өмірге бейімделу ісі – бүгінгі таңда ағарту саласындағы аса маңызды шаралардың бірі болып отыр. Жалпы білім беретін мектептердің 1-сыныбына қабылданған балалар, мектептік оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарға ұшырайды. Олардың сәтсіздіктерінің басты себебі – психикалық дамудың кешеуілдеуінде, яғни мектептік оқуға бейім еместігінде. Оқуға баланың тек биологиялық жасына немесе дене дамуына сүйенбей, мектепке психологиялық даярлығының, бейімділігінің көрсеткіштерінің өлшемін жасап шығару – бүгінгі күн талабы екенін уақыт өзі көрсетіп отыр.

Мектептің өміріне бейімдеу, деңгейін анықтауда басшылыққа алынатыны – көбінесе, оқу және жазу іскерліктерінің шамасы. Ал, баланың жаңа ортаға түсуіне байланысты көңіл-күйінің сипаты; сынып-сабақтық жүйеге төзімін білдіретін еріктік қасиеттері; жазба білімдерді қабылдап, игеруге қажет таным процестерінің даму деңгейлері тексеріле бермейді. Бұдан шығар қорытынды – баланың мектептегі оқуға даярлық көлемінің педагогикалық тұрғыдан қарастырылатындығы.

Жеке адам тек білімділігімен ғана емес, жан-жақтылығымен, бүкіл адами қасиеттерінің жиынтығымен ерекшеленеді. Мектепке жаңа оқуға түскен бала даралық сапаларымен таныла отырып, бір ортаға бейімделіп, төселу кезеңін бастан кешіреді. Бұл жолдағы қиындықтар барлық бейімделу сатыларындағы қиындықтармен пара-пар. Яғни, баланың құрдастарымен қарым-қатынасы, мұғаліммен қарым-қатынасы; мектепке қатынасы, сыныбы қатынасы, сабаққа қатынасы; өзіндік сана-сезімі; тіл табысуы; сөйлеу ерекшелігі; түсіну, ұғыну деңгейлері – осының бәрі бала психикасына едәуір күш түсіреді. Мұғалімге оқушы жан күйін еппен бағдарлап, жаңа ортаға абайлап баулу үшін, алдындағы тәрбиеленушілерінің психикалық ерекшеліктері туралы алғашқы деректер қажет-ақ. Бұл деректер баланың мектептегі оқуға психологиялық тұрғыдан даярлығын анықтау барысында алынады. Ал психологиялық даярлықты анықтау ісін арнайы маман – психодиагност немесе психологтың біліктілігімен сынып ішілік іс-шаралар өткізіледі. Баланың мінезі оның отбасылық ортасын баланың қызығушылығын көрсетеді. Кеңес беруде мектепте үлкен орын алады. Кез-келген ата-ана мен педагог психологқа мәселемен баруға құғығы бар немесе балаға қатысты көмек сұраса да болады. Мектеп бала үшін әлеуметтік үйрену ортасы. Балалар мектепте жеке қатынастарда тәжірибе жинайды, білімін толықтырады және көптеген жағдайларды қабылдайды [3].

Психолог баланың іс-әрекетін меңгеру арқылы барлық тәжірибені меңгеруіне және балаға әлемді қабылдауын сезінуі кезінде өзіндік концепциясын құруға көмектеседі. Психологтың негізгі мақсаты мектеп оқушыларының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына, қабілеттері мен бейімділіктерінің дамуына көмектесу. Олардың психологиялық ерекшеліктерін терең зерттеу, оқушылардың психикалық дамуындағы ауытқушылықты болдырмаудың жолдарын іздеу, мұғалімдер ұжымында жағымды психологиялық сауаттандыру, білім беру сабақтарын ұйымдастыру. Көпшілік психологтар тек тестілеумен ғана айналысады, ал психолог сабақтары факультативті сабақ деңгейінде ғана өтеді және баланың білім алу үшін ешқандай құндылығы жоқ деп санайды. Психологтың басқа позициясы балалар үшін өмірлік жүйелі талаптарын жасау және осы жүйелерді таңдау болып табылады. Педагогтар ұжымымен психологтардың үйлесімді жұмысынан кейін балада тұлғалық позицияның түзілуіне қажетті талаптар құрылады (өзіндік, мен, өзіндік көзқарас, сенімділік). Психолог оқушылардың мүмкіндіктерімен қызығушылықтарын шешуге қажетті педагогтармен балалар арасындағы ұйымдастырушы топ болып табылады. Психолог баланың ортаға бейімделуін, бала бойында үлгермеушілік, кері тартпалық, бала бойындағы агрессиясының болу себептерін таба алады. Кейін баланың ата-анасымен жұмыс жасайды. Ата –ана, психолог, мұғалім табысты жұмыс жасау арқылы баланың ортаға бейімделуін, баланың өзін-өзі ұстауын, сабақ үлгеруіне себептігін тигізеді.

Мектептегі психологиялық қызмет ойдағыдай нәтиже беруі үшін:

- мектеп психологы мен педагогикалық ұжымының бірлесіп әрекет жасай білуіне, оқушылармен қарым-қатынас жасауда, оқу тәрбие процесінің күрделі мәселесін шешуде бірлесіп жұмыс жасау мүмкіндіктеріне тікелей байланысты;
- психологиялық қызмет өз жұмысын ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен, балаларды қамқорлыққа алған мекемелермен, жасы толмағандар мен жеткіншектер инспекциясы және дәрігерлік мекемелермен бірлесіп жүргізсе ғана тиімді нәтижеге қол жеткізеді;
- (психологтар) психологиялық қызметті арнаулы психолог мамандар немесе қайтадан психологиялық даярлықтан өткен адамдар жүргізуі керек;

- мектеп психологы психология ғылымдарының барлық салалары бойынша теориялық білім түрлерін меңгеріп оны (күрделендіріп) күнделікті өз тәжірибесін дұрыс қолдана алуы керек;

- мектептегі психологияның қызметі өз деңгейіне сай жүргізілуі үшін психологтар өздерінің міндеттері мен құқықтарын жақсы білу керек.

Психология ғылымының бейімделу теориялық сипаттамасында бала кез-келген жағдайда өзін жақсы сезіну үшін, әр түрлі жағдайларға икемделе, бейімделе алуы өте маңызды болып табылады деп қарастырылған.

Латын тілінен аударғанда «бейімделу» - икемделу, үйлесу деген мағынаны береді. Қазіргі уақытқа дейін «бейімделу» түсінігін нақты бір ашып түсіндіретін анықтамасы жоқ. Ағылшын ғалымы Проссердің айтуынша, оның көп мәнділігі сонша, әрбір зерттеуші өзінің зерттеуіне байланысты әр түрлі жауап қайтарады деген.

Бейімделу процесі аса динамикалы болып табылады. Оның жетістігі көбіне объективті, субъективті оқиғаға, функционалды жағдайға, әлеуметтік тәжірибеге, өмірлік бағдарға және т.б. байланысты.

Бейімделуге әр түрлі түсінік бергендердің ішінен бізге ең жақыны былай түсіндіргендер: біріншіден – бейімделу екі жақтың да объективті және субъективті сипаты өзгертін субъектінің жаңа әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу үрдісі, екіншіден – тиімді қоғамдық дамуды қамтамасыз ететін және жеке тұлға қажеттіліктерін жүзеге асыратын жеке адамның жаңа ортаға белсенді ену үрдісі. Бейімделу үрдісінің екі жақты маңыздылығы жөнінде түсініктерге сүйене отырып, бейімделуді жетілдіру жолдарын іздеу үшін үнемі бала – мұғалім – орта – қоғам жүйесіндегі қатынасты жетілдіру; жаңадан келген жас баланы мектеп болмаса келген ортаның жаңалықтары мен ережемен таныстырып, бейімделіп отырған жеке тұлғаның жақсы жаққа өзгеруін бақылап отыру керек.

*Әдебиеттер:*

1. Хухлаев О.В. «Основы психологического консультирования и психологической коррекции: /Учеб. Пособие для подростков высш.пед.учеб. заведений. – М.:Издательский центр «Академия», 2001 –с.208
2. Абрамова Г.С. Возрастная психология. / Абрамова Г.С. Екатеринбург: Деловая книга, 1999 –с.456
3. Обухова Л.Ф. Детская психология: Теория, факты, проблемы / Обухова Л.Ф. М., 1995 -с.264
4. Мухина В.К. Возрастная психология. Хрестоматия / В.К. Мухина –М., 1999. –с.384
5. Филип Ройс. Психология подросткового и юношеского возраста. М., 1999 –с.447

*Садреймова А.Ж., Қуанәлі М.А. - Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институты. Әлеуметтік ғылымдар: «Психология» білім беру бағдарламасы бөлімінің аға оқытушылары*

*Н.Қалиасқарова - Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының «Психология» мамандығының 3к (4-ж) курс студенті*

## **ОТБАСЫ-НЕКЕЛІК ӨМІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Отбасы-некелік өмірге дайындық немесе отбасы өмірін қоғамда әртүрлі ғылым салалары қарастырады: тарих, мәдениеттану, медицина, физиология, биология, педагогика, әлеуметтану, психология. Әр ғылым отбасы-некелік өмірді өздерінің мақсаттары мен міндеттеріне бағыттай қарастырады. Отбасы-некелік өмір ерекшеліктерін зерттеуге деген ғалымдар арасындағы қызығушылық ерте кезден басталды дегенмен, осы күнге дейін отбасы проблемалары өз шешімін түгел тапты деп айту қиын.



Бүгінгі күні «отбасы» ұғымының мәніне, мазмұны мен тарихына үнілсек, философиялық, педагогикалық, психологиялық және т.б. ғылым салалары тарапынан берілген анықтамалар оның қоғамның бір бөлігі ретінде дамуын қамтамасыз ететін негізгі буын екенін айқындайды. Мысалы, «отбасы» ұғымына Р.Н.Нұралиев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов, Ж.М.Әбділдин өздерінің философиялық сөздігінде «отбасы - әлеуметтік қауымдастықтың түрі, яғни ерлі-зайыпты одаққа және ері мен әйелінің, ата-аналар мен апа-қарындастардың, бірге тұрып, ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан-алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысты ұйымдастырудың маңызды формасы», - деп сипаттама береді [1;317-318 б], ал ғалымдар Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтар өздерінің педагогикалық сөздігінде «отбасы – бірге тұратын некеге негізделген қандас туыстар тобы», - деп анықтама берген [2].

Қ.А. Оразбекова «Қазақ отбасы психологиясы» атты оқу құралында, «отбасы тәрбиесінің ұлттық психологиясын» ерекше жаңа сипатта жан-жақты ұлттық психологиялық аспектілерімен негіздей отырып, «ата-бабамыздың жанды сөздерінің озығымен дәлелдеуге» тырысты [3;37б.]. Автор, отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның басты негізі екенін айта отырып, қазақ отбасы тәрбиесінің, ұлттық психологиясын «Әке- отбасы тірегі», «Анасыз үй-панасыз», «Бала-адамның бауыр еті», бөлімдерінде жалпы психологиялық мәселелермен байланыстыра түсіндереді [3;7б.].

Сонымен отбасы бірге тұрмыстық тіршілікте өмір сүретін ерлі-зайыптылық және туысқандық жақындығы бар (ер мен әйел, ата-ана мен бала, аға-іні, әпке-сіңілі) шағын әлеуметтік топ болып саналады.

Отбасының төмендегідей жалпы белгілері болады:

- отбасы мүшелері әруақытта бір-біріне тәуелді болып келеді, соған сәйкес отбасының бір мүшесінің мінез-құлқы өзгерсе, ол басқалардың да мінездерінің өзгеруіне әсер етеді;
- Қандай да бір отбасы болмасын, ол біртұтас, жеке болады және басқалармен байланысы шектеулі болады;
- отбасы – бейімделуші ұйым, ол өзін қоршаған ортада тепе-теңдікті сақтауға тырысады;
- отбасы дара бүтіндік ретінде сыртқы факторларға байланысты міндеттерді орындаумен бірге, әрбір отбасы өз мүшесінің талап-тілегін, мұң-мұқтажын орындауды қамтамасыз етеді.

Отбасының толық сипаты - оның қызметі, құрылымы және динамикасымен анықталады.

**Отбасы қызметі** – отбасы мен отбасы мүшелерінің белсенділігі мен тіршілік әрекетін құрылымдық ұйымдастыру және дамуымен тығыз байланысты. Мұндағы тәртіп ережесі сыртқы орта және отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынас сипатына да әсер етеді.

Отбасы қызметі негізі екі тұрғыда қарастырылады:

1. әлеуметтік ортада қосымша өкілеттік алған отбасы мүшелері қызметіндегі өзекті міндеттер.
2. Отбасында көрініс алатын мінез – құлық феномені және процестері.

Әлеуметтік ортада қосымша өкілеттік алған отбасы мүшелерінің басты қызметтері: сыртқы зиян келтіретін факторлардан отбасын қорғау, отбасы мүшелерінің бір – біріне көмек көрсетуі, сау қалуын қамтамасыз етуі, балаларды тәрбиелеу, отбасы мүшелерінің экономикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және дене жағынан жекелік дамуы үшін алғы шарттарын құру, бір – бірімен тығыз эмоционалды байланыста болуына қолдау көрсете отырып, өзара мінез-құлыққа әлеуметтік-психологиялық бақылау жасау.

Отбасы қызметі отбасы мүшелерінің өз қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алудан анықталады.Отбасы билік формасына қарай мынадай болып бөлінеді (**Антонов А.И., Медков В.М., 1996**):

- **Патриархалды отбасы** – отбасында биліктің әкесінің қолында болуы;
- **Матриархалды отбасы** – отбасында биліктің анасының қолында болуы;

- **Эгалитарлы отбасы** – белгілі бір адам басқармайды, билік ситуацияға байланысты әкесі мен анасының арасында белгіленеді.

Отбасының негізгі құрылымын қарастырсақ, олар:

**Нуклиарлы отбасы** - ол ата-ана мен бір баладан тұрады. Мұнда екі ұрпақ өкілдері қатысады, ата-ана және бала. Нуклиарлы отбасының екі түрі болады толық отбасы (ата-анасы мен баласы) және толық емес отбасы (ата-анасының біреуінің болмауы). Баласы жоқ отбасы да толық емес деп есептеледі.

**Кенейтілген отбасы** - екі ұрпақтан да көп қандас туыстардың бірігіп, ортақ үй шаруашылығын құру. Бұлардың көп кездесетіні ата-әжесі мен басқа да туысқандардың бірігіп тұратын отбасылар.

**Үлкен отбасы** - бұл әртүрлі ұрпақтардағы қандас туысқандардың бірге тұрып, бірақ шаруашылығын жеке-жеке құрған, патриархты немесе матриархты фигурамен басқарылатын отбасы. Мұндай отбасылар ауылдар, шағын қалалар мен қала аймығындағы елді мекендердің тұрғындарына тән. Бұған ата-анасының үйі және көрші есебінде үш-төрт үйде тұратын белгілі бір қарым-қатынасы бар балалары кіреді. Ата-ана патриарх ролін атқарады да, отбасылардың тіршілік етуіне ықпал жасап отырады, мұндай отбасы иерархиялық болып табылады.

**Ордалық отбасы** - топта қандас туыстар біріккенмен, бірге тұрмайды және олардың лидері де болмайды.

**Аулалық отбасы** - XVII-XIX ғасырларға тән және қазіргі таңда жаңа формада қалыптасып келеді. Мұндай отбасына бірнеше ұрпақ мүшелері және қандас туыс емес адамдар да кіреді (аула сыпырушы, ас пісіруші, үй тазалаушы).

*Отбасы құрылымының бұзылуы* – бұл оның қызметінің отбасымен орындалуына қиындық тудыратын және кедергі келтіретін құрылымдарының ерекшеліктері болып табылады. Мысалы, ері мен зайыбының арасындағы шаруашылық-тұрмыстық міндеттерінің тең бөлінбеуі өзара қарым-қатынас құрылымының бұзылу негізінде ілгері басады, яғни маңызды міндеткерлікті алған соң ерлі-зайыптылардың қажеттілік қатарының қанағаттануына кедергі жасайды: жеке күшті бұрынғы қалпына келтіру, рухани қажеттілікпен қанағаттандыру. Осы себептен, отбасындағы қарым-қатынас құрылымының бұзылуы оның түрлі қызметінің отбасымен орындалуына кедергі келтіретін отбасылық қақтығыстар болып табылады. Отбасы құрылымын қалпына келтіру екі бағытта іске асады:

- психологиялық емес бағыт (отбасының физикалық құрылымын қалпына келтіреді, танысу қызметі, балшы, астролог көмегі);

- психологиялық бағыт отбасындағы қарым-қатынас құрылымын қалпына келтіреді.

Отбасы жүйе ретінде екі заңдылыққа бағынады: гомеостаз заңы; даму заңы. Бұл екі заң да бірге қолданылып, бірге әрекет етеді. Гомеостаз заңы бойынша кез келген жүйе өз қалпын сақтап қалуға тырысады. Тіпті бұл заң функционалді отбасылар мен қатар дисфункционалды отбасыларында да жұмыс істейді. Отбасындағы жағдай қаншалықты ауыр болса да ол соны сақтап қалуға тырысады. Отбасын кез келген өзгерістер үрейлендіреді. Ол жаңа өзгерістер оның жағдайын бұдан бетер нашарлатады деп қорқады. Даму заңы бойынша кез келген ашық жүйе дамуға талпынып, өз жолын нөлден бастап аяқталғанға дейін жалғастырады. Отбасы деңгейінде даму заңы оның жүйе ретінде өзінің тіршілік циклін жүріп өтуімен көрінеді. Мұндағы негізгі құбылыстар сатылай жүріп отырады.

Адамның неке және отбасы құруға деген дайындығы оның ішкі мотивінен басталады. Болашақ жұбайлардың отбасылық қатынастың маңыздылығын, бір-бірінің алдында белгілі – отбасы жауапкершіліктерін алуын, отбасы мен балалар үшін жауапты болуы, тиісті отбасылық күйбең тіршіліктің болуын және еркіндіктің шектелуін өз еркімен қабылдап түсінуден басталады.

Отбасы динамикасын тіршілік кезеңінің 5 сатысымен көрсетуге болады:

- 1 – некеге отыру кезінен бірінші баланың тууына дейінгі отбасының пайда болуы;
- 2 – балаларды дүниеге әкелу және тәрбиелеу;
- 3 – отбасының тәрбиелеу қызметін орындауды тоқтатуы. Балаға еңбек етудің басталуынан ата-ана қамқорлығында балалардың бірде біреуінің қалмауына дейінгі кезеңді қамтиды;

4 – балалар ата-аналарымен тұрады, және тым болмағанда солардың ішіндегі біреуінің жеке отбасы жоқ.

5 - ерлі-зайыптылар жалғыз, не болмаса жеке отбасылары бар балаларымен тұрады.

Психологтар зерттеуінде отбасында балалары жоқ жастардың 85% жолдасымен қарым-қатынасына толық қанағаттанада да, ал отбасында бала пайда болған кезде бар назар балаға аударылатындықтан ер адамдардың 68%, әйел адамдардың 65% өз жолдастарының іс-әрекетіне көңілі толмайтын болып шықты [4]. Сондықтан жас ерлі-зайыптылардың отбасылық өмірдің бұл сатысына дайындықпен кіріскені жөн. Бала пайда болғаннан кейін әлеуметтік, психологиялық сезімі төмен болғандықтан, отбасылық өмірге қанағаттануда материалдық және тұрғын үй, балаларды тәрбиелеу жағдайы, үй шаруашылығындағы жауапкершілікті бөлу маңызды рөл атқарады. Баланы тәрбиелеудегі міндеттерді бөлу барысында әйел адамдардың көпшілігі өз наразылықтарын білдіреді. Баланың пайда болуы көп нәрсеге әсер етеді, әсіресе отбасылық конфликтерді шешуде өте маңызды. Бала пайда болғаннан кейін ер адамдарға үй жұмысына, балаға қарау көп уақыт талап еткенмен жалпылай алғанда әйелімен салыстырғанда олардың бос уақыты көп болады. Сондықтан, өз отбасылық өмірін жоспарлай білу некелік өмірде орын алып отыратын келіспеушіліктердің алдын алу, көптеген қиындық туғызатын мәселелерді болдырмай, үйлесімді қарым-қатынас құруға жетелейді.

Қ.А. Оразбекова «Қазақ отбасы психологиясы» атты еңбегінде, «отбасының берік негізі – рухани мүдденің бірлігінде. Оның бір тұтас тату болуы, береке бірлігі, ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, ... олардың ағайын, тума-туыс, жолдастарына қалай қарайтынында. ... соған қарай өзара көмек қарым-қатынасын, ерлі-зайыптылық және ата-аналық сезімін терең түсіне білулерінен көрінеді. Отбасының негізгі міндеті – баланы еңбекке, адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету», - деп тұжырымдайды [3; 216.]. Әрімен қарай, автор отбасындағы бала тәрбиесі бүгінгі таңда ғылым мен технологияның даму әсерінен өзгеріске ұшырап бара жатқаны белгілі. Бала ата-ана тәрбиесінен гөрі теледидар мен интернет тәрбиесін алып жатқанын көріп отырмыз. Сонда біз болашақ ұрпағымызды тәрбиелеуде нендей бағыт ұстануымыз қажет деген ой көкейге ұялайды», - деп болашақтағы ұлттың отбасылық тәрбиесіне ерекше назар аудартып, үлкен ой салып зерттеу бағытын негіздейді [3;194б.].

Олай болса, Қазақстанның қазіргі полиэтникалық кеңістігінде отбасы-некелік өмір ерекшеліктеріне қатысты зерттеудің ұлттық психологиялық аспектілерін жан-жақты зерттеуді керек екенін аңғаруға болады.

#### *Әдебиеттер:*

1. Нұралиев Р.Н., Ақмамбетов Ғ.Ғ., Әбділдин Ж.М. Философиялық сөздік. –Алматы, 1996. – Б. 317-318.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М.«Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2002. -167 б.
3. К.А. Оразбекова. Қазақ отбасы психологиясы. Тәуелсіздіктің 25-жылдық мерей тойына арналды. 2-басылым. Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, Алматы, 2016. - 208 б
4. Антонов А.И., Медков В.М. Студенческая семья: состояние, проблемы, перспективы. –Минск.: «Университетское», 1996. – 140 с

## 6. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ 6. ВКЛАД КАЗАХСТАНСКИХ ПСИХОЛОГОВ В МИРОВОЮ НАУКУ

*Б.Ә. Әмірова*

*Психология ғылымдарының докторы, профессор*

### АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ: кешесі, бүгіні, ертеңі

Қазіргі Қазақстандағы білім мен ғылымның қарқынды дамуы еліміздің өркендеуіне, ғылым мен білімнің жетілуіне көп мүмкіндіктер жасап отыр. Бұл тұрғыда, Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында ел мен қоғамның одан әрі дамуының негізі болып келетін білім мен ғылымды жетілдіруге байланысты көптеген мақсат, стратегиялық міндеттер белгілеген. Сонымен қатар, Қазақстан ғалымдарының әлемдік ғылыми орталықтармен байланысын одан да сапалы жүргізуді және «Жас ғалым» бағдарламасы аясында жас ғалымдардың жетілуіне мүмкіндік жасауды көрсеткен. Осыған орай, Қазақстандағы классикалық ғылым ордасының бірі – Қарағанды университетінің психология кафедрасының 30 жылдық білім мен ғылым саласындағы тарихын баяндауды жөн көрдім.

Өткен ХХ ғасырдың 60-жылдары психология ғылымының қайта дамуы мен қалыптасуы байқала бастады. Бұл жылдары Москва мен Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) университеттерінде психология факультетінің ашылуы мен А.Н. Леонтьевтің психология профессоры атағын алуы және (1966) жылы «Проблемы развития психики» кітабы үшін ең үлкен марапат, «Лениндік сыйлыққа» ие болуы ғылымның қайта өрлеуіне себепкер болды. Осы уақыттан кейін бұрынғы кеңестік кеңістікте (Киев, Саратов, Вильнюс, Ташкент, Тбилиси т.б.) психология бөлімдері мен жеке факультеттердің ашылуы қанат жая бастады.

Көптеген ғылыми қауымдастықтардың Қазақстан мемлекетінің бір жоо-нда психология ғылымын жандандыру жайлы ұсынысын ҚазССР-нің ЖОО министрлігі де, одақтық министрлік те қолдау көрсетпеді. Дегенмен де, орта және жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарында қосалқы пән ретінде жүргізіліп жүрді.

Ал, 1972 жылы, сол кездегі жоғары оқу орнының министрлігінің жетекшісі К. Айманов, ҚазССР-нің мемлекеттік жоспарындағы психологиялық мамандарының 1975-1980 ж.ж. 6-8 адамға дейін ғана қажеттігін көрсетіп, осы мамандықтарды жоо-нда ашу қажеттігі барлығын жоққа шығарды. Кейінде осы министр «Ленинская смена» (29.04.1977), баспадан шыққан «Её величество психология» мақаласына жауабында Қазақстанның жоо-нда психологтарды даярлау мәселесі - көңіл аударарлық мәселе екендігін көрсетті. Осыдан кейін(1978) психолог мамандарды жоо-нда даярлау жоспары мен нақтылы бағдарламалар жасауға тапсырма берілді. Біраз уақыттан кейін, мамандардың қажеттігі жеткіліксіз болғандығына орай, министрлік бұл істі қолдамағандығын хабарлады[1].

Қазақстан ғалымдары, психология ғылымын елімізде жандандыру қажеттігі жайлы мәселені жалықпай көпшілік алдында тікелей және баспа бетінде көтеруге жалықпады. Бұл тұрғыда көп еңбек сіңіргендер С. Балаубаев, Т. Тәжібаев., Қ. Жарықбаев, Ә. Алдамұратов, Б. Хамзин т.с.с. ғалымарды айтуға болады. Дегенмен де, ХХ-ғасырдың 40-жылдарының өзінде елімізде екі профессор (Т.Тәжібаев, И.Л. Стычинский) және бірнеше доценттер болды.

Сонымен, 1988 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің (ҚазҰУ) философия-экономика факультетінде психология мамандығы тек орыс бөлімі, тек 1991 жылы қазақ бөлімі ашылды[1].

Ал, 1990 жылы академик Е.А. Бөкетов атындағы мемлекеттік университетінің биология факультетінде сол кездегі ректор Айқожа Бегалиұлы Бегалиевтің бұйрығымен

15 сәуірдегі бұйрығы бойынша психология мамандығы – 0204 шифрымен қазақ, орыс тілінде ашылды. Бұл бөлімнің ашылуына мұрындық болған, 1987 жылы Москваның М.В. Ломоносов атындағы университетін тамамдап келген жас маман, психология ғылымдарының кандидаты, доцент Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов болды.

Сонымен, 1990 ж. 2 тамызындағы № 420 бұйрық бойынша, қабылдау комиссиясының шешімімен бірінші курстың орыс тобына 25 абитуриент Пс-42 тобына және қазақ бөліміне 25 абитуриент 41 тобына Қазақстанның түкпір-түкпірінен студенттер қатарына қабылданды[2].

Осыдан кейін, 1991-92 оқу жылының 2 тамызындағы № 365 бұйрық бойынша, қабылдау комиссиясының шешімімен тағы екі топ 50 адам қабылданды[3]. Осылайша, 1990-91 жылдан 1993 жылға дейін Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Биология факультетінде ашылған «Жалпы психология» кафедрасында Сатыбалды Мұқатайұлының басқаруымен бірлесіп қызмет етті. Ғалым, ұстаз, білікті көшбасшысы - Жақыпов Сатыбалды, Орталық Қазақстанда психология ғылымының қанат жаюын осылайша бастаған. Сол кездегі биология факультетінің декандары биология ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Ж. Жұмажанов және ауылшарушылық ғылымдарының кандидаты, Т.Қ. Шаушеков болды.

Кафедраның алғашқы аяққа тұратын қиын кезеңдерінде бірінші меңгеруші С.М. Жақыпов барынша ғалым мамандарын (психология ғылымдарының докторлары: В.Е. Ключко, О.М. Краснорядцева, әлеуметтанушы С.Н. Фролов) бейімдеп, кафедраның өсуіне, дамуына аз уақыттың ішінде біраз жетістіктерге жеттік.

1995 жылдан бастап философия ғылымдарының докторы, профессор Б.Е. Қолымбаевтың басшылығымен ашылған өзбетінше дербес факультет философия және психология деп аталып келеді.

Осы жылы біздің алғашқы түлектеріміз: Қожахметов Д.С., Тасымова С.Т., Абдрахманова А.С. Панченко А.В., Смиронов С.А. кафедраға оқытушылар қатарына алынды. Қазіргі кезде бұлар еліміздің әр қалаларында басшылық қызметін атқарып жүр.

Бұл уақыттар арасында ол кездегі аға оқытушы Б.Ә. Әмірова, О.Г. Блок, Никифорова О.В. кафедра меңгерушілері, С.М. Жақыповтың тәрбиесінен өткен шәкірті психология ғылымдарының кандидаты, кафедра доценті Гүлзада Байырбалдықызы Қапбасова (2005-2015 ж.ж.) кафедра меңгерушілері болды..

Ал, 2015 жылдан осы уақытқа дейін психология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ы. Намазбаеваның шәкірті М.В. Ломоносов атындағы Москва университетінің түлегі, психология ғылымдарының кандидаты, профессор Сабирова Райхан Шайхишевна кафедра меңгерушісі.

Кафедраның алғашқы құрылуында үлкен қиындықтар туындады: мамандар, оқулықтар, ғылыми әдебиеттер, дәрісханалар жоқтың қасы болатын. Орыс аудиториясында кафедра меңгерушісі, психология ғылымдарының кандидаты доцент Жақыпов С.М., психология ғылымдарының кандидаты доцент Бендас Т.В., оқытушылар: Блок О.Г., Аскомина Л.В. Қазақ бөлімінде: аға оқытушы Әмірова Б.Ә., Жақыпов С.М. оқу процессін жүзеге асырды. Бір-екі айдан соң ҚарПИ-дің педагогика және психология мамандығын бітірген жас маман Олар жас мамандар: Әлімбаева Р.Т. (бүгінде психология ғылымдарының кандидаты – ғалымның шәкірті), Ташибаева Р.Ф. Осыдан кейін Сатыбалды Мұқатайұлы Москва, Санкт-Петербург, Саратов университеттеріне іс-сапарға шығып, сонда оқып жатқан бітіруші психолог – мамандар: Кабакова М.П.(бүгінде психология ғылымдарының кандидаты, доцент ҚазҰУ- доценті), Акатаева Л.С., Баянқұлова С.О.(бүгінде психология ғылымдарының докторы, доцент), Құдайбердиев Т.К. (МГУ) бізге келуге шақырып, ұзақ жылдар қызмет етті. [4].

Ал, 1991 жылы Лазарева Е.А., 1992 жылы Петровская С.Л. Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетіндегі психология факультетінің түлектері оқытушылық қызметке келіп, күні бүгінге дейін психолог мамандарды даярлауда ат салысуда.

Осыдан кейін кафедра меңгерушісі Абай атындағы ҰПУ-іне, аль-Фараби атындағы ҚазМУ-іне оқу жоспарларымен, жалпы жұмыс үрдісімен танысуға іс-сапармен оқытушыларды жіберіліп, оқу процесіне қажетті құжаттар жинақтала бастады.. Сол кездегі психология ғылымдарының кандидаты, доцент «Жалпы психология» кафедрасының меңгерушісі С.М. Жақыпов кафедраның толық қанды жұмыс істеуі үшін компьютерлік класс және лаборатория құрумен айналысып, зерттеу лабораториясын ашты. Осы күнге дейін сол компьютерлік дәрісханалар жұмыс жасап, талай студенттер психологияның тәжірибелік-зерттеулік сырынан дәрістер жүргізілді.

Кафедраның оқу, ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік үрдістері Москвадағы ММУдің оқу типтік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылды. Осы құжат негізінде, кафедраның машықтану, тәжірибелену орындары белгіленіп, алғашқы жұмыстар Қарағанды металлургиялық заводындағы сол кездегі заводтың Әлеуметтік-психологиялық Орталығының жетекшісі З.К. Шаукенованың (қазіргі психол.ғ.д., профессор), ал медициналық машықтанулар медицина ғылымдарының кандидаты Л.С. Гурова және психиатриялық орталық қызметкері Мациевская Л.Л.(бүгінде м.ғ.д., проф.) жетекшіліктерімен жүргізілді.

Бүгінде әлеуметтік-өнеркәсіп салалары мен білім басқармалары, медициналық, әскери мекемелер, банк, спорт және төтенше жағдайлар департаменттерімен кәсіби байланыста тәжірибелік-психолог мамандар даярланып, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі, тіпті шет елдердеде сол салаларда қызмет етуде.

1990-91 оқу жылының желтоқсан айында әдеттегідей талапкерлерді студенттер қатарына алу рәсімі өтті. Сол кезде Сатыбалды Мұқатайұлы 25 желтоқсанды «Психологтар» күні деп өтейік деген ұсыныс айтып, біз бір ауыздан қабылдадық. Міне сол күн бүкіл қазақстан психологтарында тарай бастап, күні бүгінге дейін аталып өтуде. Кейінде Сатыбалды Мұқатайұлы бұл күннің жалпы психология ғылым үшін маңызды екендігін айтты. Себебі 1879 жылы Лейпцигте В.Вундтің лаборатриясы ашылған екен.

Психология кафедрасы Ғалымның басқаруымен 1991-92 оқу жылынан 1999-2000 жылдарға дейін «Оқыту процесіндегі студент тұлғасының танымдық іс-әрекетінің дамуы мәселелері» атты ғылыми тақырып бағытында оқу және ғылыми жұмыстар істелінді.

1991 жылдан бастап С.М. Жақыповтың жетекшілігімен психология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ғылыми ізденушілер (Б.Ә. Әмірова (1998) «Оқыту процесінде этностық жаңсақ нанымдардың өзгеруі», Т.Қ. Құдайбердиев (1999) «Кәсіби педагогикалық ойлаудың мотивациясы мен инициациясы», Р.Т. Әлімбаева (2001) «Оқыту процесіндегі төменгі мектеп жасындағы балалардың этникалық жаңсақ нанымдарын зерттеу», Г.Б. Қапбасова (2005) «Қашықтықтан оқыту жүйесіндегі психолог-студенттердің оқу іс-әрекеті мотивациясының қалыптасуы», С.О. Баянқұлова (2005) «Дамуында ауытқушылықтары бар бозбала мен бойжеткен қыздардың жеке адамдық өзін-өзі анықтау ерекшеліктері» тақырыптарында, ал Б.Ә. Әмірова (2007) жылы «Тұлғаның әлеуметтену процесіндегі этностық жаңсақ нанымдардың генезисі мен динамикасы» тақырыбында психология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін докторлық диссертация дайындалып, қорғалды.

Сонымен қатар, Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Психологиялық зерттеулер институтының директоры, профессор Ж. Ы. Намазбаевның жетекшілігімен психология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алуға Р. Ш. Сабирова (1998) «Заманауи жоо-ры студенттерінің тұлғалық өзіндік сана-сезімінің динамикасын зерттеу» тақырыбында қорғалды.

2002-04 жылдан бастап ғалымның басқаруымен психология мамандығы бойынша магистрлерді даярлау басталып, бүгінде жүздеген магистрлер даярланып (С. Бурленова, Ғ. Сатенова, Ж.А. Шырынбекова, А. Насырова, М. Константинови, А. Барикова, Е. Лазарева, З. Әбікенова, Г. Момынбекова, т.б.), оның 70%-ндайы кафедра оқытушылары болып қызмет етуде.

2007 жылдан ғылымдағы қайта құру кезеңіне дейін (2010) жылдарда кафедраның қалыптасуының екінші кезеңі басталып, «С.М. Жақыпов мектебінің» шәкірті психология ғылымдарының докторы, профессор Б.Ә. Әмірованың жетекшілігімен екі психология ғылымдарының кандидаттары Д.А. Жансерикова (2010) «Студенттердің танымдық іс-әрекеті мотивациясының жалпымағыналық қор құру мен жаңсақ нанымдардың әсер етуін зерттеу», А.Б. Төлебаева(2010) «Отбасында аддикцияның пайда болуына тәуелденушіліктің әсер етуі» тақырыбында қорғалып ғылыми дәрежелі оқытушылар қатары кеңейді. Қазір кафедра «Тұлғаның әлеуметтенуінің психологиялық мәселелері» тақырыбында жұмыс жасайды.

Бүгінгі таңда психология кафедрасы шетел ғалымдары: Канада, Румыния, Франция, Германия т.б. шетел ғалымдары мен және психология ғылымдарының докторы, профессорлар Суннатов Р.И., Кадыров Р.Б., Сафаев Н.С.(ТашГУ), Қырғызстан-Ресей академиясының ректоры, психология ғылымдарының докторы, профессор Шакеева Ч.А. сынды ғалымдармен тығыз байланысуда. Сонымен қатар, Қазақстаннан психология ғылымдарының докторы, профессорлар Жарықбаев Қ.Б., Намазбаева Ж.Б., Бердібаева С.Қ., Шериязданова Х.Т., Акажанова А.Т., Сангилбаев О.С., Перленбеков М.А., Мадалиева З.Б. тағы басқа да отандық ғалымдармен де байланыс жасалуда.

2019 жылы кафедраның 30 жылдық мерей тойы салтанатты түрде атап өтілді. Осы 30 жыл аралығында күндізгі және сырттай оқу бөлімдері, қашықтықтан оқыту бойынша жүзеге асуда. Қазірде психология ғылымдарының докторы, профессор Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов ірге тасын қалаған психология кафедрасы үш мыңға жуық түлектер (күндізгі және сырттай оқу бөлімдері) шығаруда.

Психология кафедрасының 30 жылдық қарсаңында кафедрада екі PhD докторлары, өз түлектеріміз қосылды. Олар: 2015 жылы психология ғылымдарының кандидаты, ҚазҰУ –нің доценті, М.П. Кабакованың жетекшілігімен «Социально-психологические факторы совладания с психологической травмой в ситуациях развода» тақырыбымен Сланбекова Гүлнар Қоблановна профессор, 2021 жылдың ЖОО-үздік оқытушысы, Қасымова Лаура Серікқызы психология ғылымдарының докторы, профессор Аймағанбетова Ольга Қабиджановнаның және шетел докторлары жетекшілігімен «Психологические аспекты ценностных ориентаций казахстанской молодёжи» тақырыбында осы жылы сәтті қорғады.

Бүгінде кафедра жанында екі атаулы дәрісханалар: профессор С. М. Жақыпов және доцент С. Балаубаев атында, білім беру қызметін психологиялық қолдау Орталығы, үш филиал: «Таңшолпан» отбасы типіндегі облыстық балалар үйі »КММ базасында; № 36 орта мектебінің базасында; Қарағанды қаласындағы №92 гимназия базасында өз жұмыстарын жалғастырып, мектеп басшылықтары мен оқытушыларға ғылыми-тәжірибелік және зерттеу жұмыстарын жүргізуге қолдау көрсетуде.

2019 жылдан бері педагогика факультетіндегі Педагогика және психология мамандықтары бойынша PhD философия докторларын даярлайтын докторантура жанынан, білім беру бағдарламасы негізінде «Білім беру психологиясы» психология мамандығы үшін ашылды. Қазір осы бағыт бойынша психология кафедрасынан докторантурада Альгожина А.Р., Умуркулова М.М., Мағзумова Н.Х., Рамазанова Г.М. дәріс алып жатыр. Ал, Біздің түлегіміз кафедраның аға оқытушысы Румыния университетінің докторанты, жұмыс тамадауда. Әліде көптеген жоспарлар жүзеге асырылуда.

Философия және психология факультеті, айта кету керек, Қазақстандағы «психология» факультеті мәртебесіндегі жалғыз психолог мамандар даярлайтын білім мен ғылым ордасына айналып отыр.

Алғашқы кафедра меңгерушісі, профессор С.М. Жақыпов марқұмның көрегендікпен айтқан: «Психология – ХХІ ғасырдың мамандығы болады» - деген болжамы заманауи қоғамда дәлелденіп отырғандығын қоғамның дамуы көрсетіп отыр.

### **Әдебиеттер**

1. Жарықбаев Қ.Б. Қазақстанда психолог мамаларды даярлаудағы «Тар жол, тайғақ кешулер» (1960-1990)//Мектептегі психология.- 2013.-№09(63). –Б.7-9.
2. Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-ге 1990 жылғы абитуриенттерді қабылдау жайлы бұйрықтан// -1990.02.08.
3. Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-ге 1990 жылғы абитуриенттерді қабылдау жайлы бұйрықтан// -1991.02.08.
4. Әмірова Б.Ә. Қазақстанның ғылыми психологиясының іргетасын қалаушысы ғалым-ұстаз // Мектептегі психология.- 2014.-№04(70). –Б.10-12.

*Ақажанова А.Т.  
п.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ  
Нурдаuletova З.Н.  
I курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

## **ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР ҰЛДАРЫ ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВПЕН СӘЛКЕН БАЛАУБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ**

XX ғасырдағы Кеңес одағы кезіндегі қазақтың көптеген зиялы қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдарының педагогикалық-психологиялық ой-пікірлері, еңбектері қазіргі заманғы педагогика, психология ғылымдарының дамуына арқау болғаны сөзсіз. Осы жылдар Қазақстанда ғылыми педагогикалық психологияның іргетасының қалануымен, өзіміздің төл тілімізде арнайы психологиялық-педагогикалық оқу-құралдардың, ғылыми еңбектердің жарыққа шығуымен, елімізде кеңестік білім беру жүйесінің орнауымен, оқыту, тәрбие беру салаларына барынша көңіл аударылуымен, тұңғыш жоғары оқу орындарының ашылуымен сипатталады.

«Жақсының – аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», – деген дана халқымыз. Осындай зиялы, көрнекті, еңбектерін халыққа арнаған педагог-психологтар Т. Тәжібаев пен С. Балаубаев туралы мәлімет.

Көрнекті ғалым, белгілі қайраткер, тамаша ұстаз, жоғары ғылыми атақтарға (доктор, профессор, академик) ие болған **Төлеген Тәжібаевтің (1910–1964 жж.)** Қазақстандағы психология ғылымының дамуына қосқан үлесі орасан зор.

Т. Тәжібаев 1938–1964 жылдары ҚазПИ мен ҚазМУ-де доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болды. Осы жылдар ішінде оның бірнеше монографиялары, жүзге жуық ғылыми мақалалары жарық көрді. Бұл еңбектерде психология мен педагогиканың теориясы мен тарихы, мораль, этика мәселелері, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің даму жолдары сөз болды. 1939–1940 жылдары «Халық мұғалімі» журналының беттеріндегі жарияланған мақалаларында сол кездердегі психология ғылымының көптеген көкейтесті мәселелері, классикалық психологияның тарихы, оның даму, қалыптасу жолдарын жан-жақты талдауға алды. Зерттеушілердің (Ж.Түрікпен) деректері бойынша, Т. Тәжібаев жиырмамыншы жылдары Шымкент педтехникумында Ж. Аймауытұлынан дәріс алған [1, 5-46].

1939 жылы Т.Тәжібаев «К.Д. Ушинский и педагогическая психология» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Бұл орыстың ұлы педагогі К.Д. Ушинскийдің қызметімен психологиялық көзқарасын зерттеуге арналған еңбек. Т.Тәжібаев мұғалімдердің кәсіптік білімі мен ұстаздық шеберлігін арттыруға көмегін тигізетін идеяларының сырын ашып көрсетті. Сөйтіп, оқырман қауым орыс педагогикасы классигінің озық ойы мен тәлім-тәрбие істерінің мақсаттылығымен таныстырылды.

Жастайынан қалыптасқан зор ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында 40-шы жылдары Т. Тәжібаев аса жауапты қоғамдық-мемлекеттік дипломатиялық қызметтер атқарды. 1944 жылдары Қазақ ССР Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. 1947 жылы



Қазақстандағы мемлекеттік университетте логика және психология мамандарын дайындайтын бөлім ашылды. Т.Тәжібаев 1947–1958 жылдарда өзінің негізгі қызметімен бірге осы бөлімге тікелей қамқорлық көрсетіп, студенттердің арнайы маман болуларына басшылық етті. Төлеген Тәжібаев 1949 жылы профессор, ал 1954 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды. 1962 жылдың желтоқсанында Ленинград пединститутының ғылыми кеңесінде «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық ой-пікірдің дамуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Т. Тәжібаев еңбектерінің біразы халқымыздың ғұлама перзенттері Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың психологиялық-педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналған. Абай Құнанбаевтың психологиялық көзқарасы туралы зерттеулерінде Т. Тәжібаев ұстаздық өнер, мұғалімге тән білімдарлық, ұстамдылық, әдеп, өзгелердің жан-дүниесінің сырын барлау, сыпайылық, еңбек сүйгіштік, сыйластық сезім – мұндай қасиеттердің бәрі де – ұстаз бойында болуы тиісті сапалар деп бағалады.

Осы тақырыптың төңірегінде екі үлкен монография жарық көрді. Соның бірі «Қазақстандағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы оқу-ағарту істері мен мектептері» атты көлемді еңбегінде мұғалімнің жеке басына тән игі қасиеттерге, шәкірттердің ақыл-ой деңгейін өрістетуге, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін айқын білу, әрбір оқушының өзіндік мүмкіндіктерін, қабілетін тану т.б. тақырыптарға ғалым ерекше көңіл бөлді. Сонымен қоса бұл еңбекте халқымыздың аса көрнекті ағартушы-демократы Ыбырай Алтынсаринның ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас, мұғалімнің тәлім-тәрбие әрекетін балалардың ақыл-ойы мен санасына қонымды ету жайын атап көрсетті. Монографиялық еңбекте ұлт балаларының орыс тілін жақсы меңгерулеріне барынша күш-жігер жұмсап оларды қадағалап отыру мұғалімдерге жүктелетін жауапты міндет екені педагогикалық тұрғыдан дәлелденеді. Әсіресе мұғалім қызметінің әлеуметтік өмірдегі тарихи рөлі, оның кәсіптік даярлығы, білім деңгейі, ұстаздық өнегесі сол дәуірдің талап- мұқтажына лайықты болуына айырықша назар аударылды. Автор мұғалімнің жеке басына тән игі қасиетіне – шәкірттердің ақыл-ой деңгейін өрістетуге, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін жеті білу әрбір оқушының өзіндік мүмкіндіктерін, қабілетін тану т.б. баса көңіл бөледі.

Академик Т. Тәжібаевтың оқу-ағарту істерін қамтитын барлық зерттеулері мен ғылыми еңбектерінде мұғалімнің бейнесі, оның мамандық ісі мен білімі, моральдық бейнесі мен іс-харекеті, тәлімгерлік өнегесі үнемі басты мәселе, өзекті проблема ретінде қамтылып, мән-жайы әр қырынан қарастырылады. Т.Тәжібаев ұлттық мінезбен этнопсихологияға, қазақ халқының мұрасына байланысты да қалам тартқан ғалым. Ғалымның жетекшілігімен онға жуық аспиранттар кандидаттық диссертация қорғады, өзі талай диссертанттардың ресми оппоненті болды. Белгілі психолог ғалымдардың оқу ағарту ісі мен педагогика ғылымы жүйесіндегі зерттеулері – халқымыздың мәдени және рухани өмірінің қарқынды дамуына қосқан үлесі елеулі. Елуінші жылдары Т. Тәжібаевтің ғылыми жетекшілігімен Е. Суфиев, М. Мұқанов, А. Темірбеков сияқты талапкерлер психология мамандығынан кандидаттық диссертация қорғап, Қазақстанның жоғары оқу орындарында жемісті қызмет атқарған.

Т. Тәжібаев өзінің жарқын өмірін Қазақстандағы оқу-ағарту ісі мен республика халқының мәдениетін өркендетуге арнады. Ол осы салада бірнеше ғылыми еңбек жазды. Тәжібаев ұстаздық өнері мен ғалымдық қабілетін қоғамдық-әкімшілік әлеуметтік және дипломатикалық қызметтерді атқарумен шебер ұштастырды. Есейген кезінен өмірінің ақырына дейін жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, педагогика және психология ғылымдары саласынан келелі зерттеу істерімен шұғылданады. Қазақстанда психология ғылымының өріс алуына айтарлықтай еңбек сіңірді. Т.Тәжібаевтің еңбектері Республикада психология ғылымының дамуына тиімді ықпал етіп, бұл саладағы ғылыми-зерттеу істерінің өрістеріне қолайлы жағдай туғызды [2,187-189].

Отызыншы жылдары психология ғылымының одан әрі қалыптасып дамуына үлес қосқан *Сәлкен Балаубаев (1901–1974 жж.)*. Ол қазіргі Қарағанды облысының бұрынғы Спасск зауытының төңірегінде дүниеге келген. 1929 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің

(Ташкент қаласы) педагогика факультетін бітірген, Қазақ педагогикалық училищесінде оқытушы, Орта Азия еңбек қорғау ғылыми зерттеу институтында лаборатория меңгерушісі. Сәлкен Балаубаев 1932-1937 жылдары Алматы, Орал, Қарағанды педагогикалық институттарының кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1932 жылы Қазақстан Жоғары Аттестациялық комиссиясы С.Балаубаевқа доцент атағын береді. Кейіннен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында, Қазақ АКСР Оқу халық комиссиариаты жанындағы әдістемелік кеңесте қызмет істейді. Балалар әдебиеті секциясының төрағасы қызметін қоса атқарады. Ол педагогтарды психологиялық даярлаудың бірегей жүйесінің авторы. Оның жалпы психология, тәжірибелік психология, педагогикалық психологияда салаларында жазған, оқыған еңбектерінің өзінде ұлттық танымды ескере отырып, ғылыми зерттеулер жасағандығын байқаймыз. Мәселен, «Естің дамуы», «Қабылдаудың дамуы», «Баланың жеке басының оқуда дамуы», «Бастауыш мектеп оқушыларының кеңістік пен уақытты қабылдауы», «Жеке адам» мәселелері туралы тұжырымдамалары қазіргі кезде ұлт өкілдеріне, келешек халық тұлғасын дамытуға үлкен үлес қосқаны. С. Балаубаевтың шығармаларына: өлеңдер жинағы, «Барона Мюнхгаузеннің саяхаты», К.А. Треневтің әңгімелері, М.Е. Салтыков-Щедриннің сатиралық ертегілері т.б. жатады. С.Балаубаев еңбектері қазақ психологиясының тарихынан елеулі орын алды. Мәселен: «Мектеп группаларын комплектеу» атты еңбегінде психология тұрғысынан класс ұжымын құру жайында ақыл кеңес береді. Автор оқушыларды бірыңғай бөлу қажет, өйткені әр баланың оқу қызметі шұбар болса группаның оң жұмысы қиынға соғады, олар ақыл жетілуі мен дене бітімі жағынан бірыңғай, жақын болуы тиіс, – дейді. «Бір группа, дене жетілісімен ұлылық-кішілік болып, үлкен баламен кіші баланың қатар отыруы, бала психологиясына орайласпайды, үлкендігі таудай баламен құлындай баланы қосып оқытуға болмайды», – дейді ол [3, 18-23].

Осы жылдары ол психология, педагогика ғылымдары саласында бірнеше еңбектер жазды. Мәселен Т.Барановпен бірлесіп «Мектеп группаларын комплектеу», (Алматы 1934), «Қиын бала», «Политехникалық мектеп» (1933). Осы еңбектерде психологиялық терминдердің қазақша баламасы көптеп кездеседі. С.Балаубаев Ш. Альжановпен бірлесіп бірқатар психологиялық терминдерді ұсынады. Мысалы, «қайрат» (воля), «ілік мектепші бала» (дошкольник), «әрекет» (действие), «итермелеуіш себеп» (мотив), «қылық» (поведение), «түстің қанықтығы» (насыщенность светов) т.б. осы күнгі қазақша психологиялық санынан орын алды [4, 170].

С.Балаубаев біраз жыл үзілістен кейін Қарағанды педагогикалық институтында көп жыл бойы ұстаздықпен айналысады, өмірінің соңғы сәтіне дейін творчестводан қол үзбеген. 1956 жылдан бастап ол Қарағанды педагогикалық институты мен университетінде психология кафедрасының доценті және педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеді, сонымен қатар аспиранттардың психология бойынша ғылыми жұмыстарына жетекшілік етті. Ғалымның жетекшілігімен Мейрам Иманбеков, Заманбек Ахмедин, Бақыт Орманбаева, Василий Иванович Верхов, Бахи Хамзин, Василий Иванович Щербина сияқты танымал адамдар кандидаттық диссертацияларын қорғалды.

1966 жылы психолог Абдулла Темірбековпен бірге педагогика институттары мен университет студенттері үшін «Психология» оқулығын құрастырып, педагогика саласына қатысты бірнеше мақалалары жарық көрді.

Сәлкен Балаубаевтың еңбектері қазіргі жағдайдағы психология және басқа заманауи психологияның салаларына (әлеуметтік психология, заң психологиясы, жасөспірім, отбасы психологияларының мәселелеріне) назар аударып, олардың ғылыми зерттеу нысандары болатынын байқатты. Мұндай ұстаз-ғалымның рухани байлығы психология, педагогика ғылымдарына қосқан үлесі орасан зор, еңбектері әрмен қарай зерттеуді қажет етеді.

#### *Әдебиеттер*

*1. Жақып М., Түркпенұлы Ж. Төлеген Тәжібаев. – Алматы: Қазақстан, 2008. – 248 б.*

2. Акажанова А.Т., Ж.Түркпенұлы. *Психология тарихы: Оқулық*. – Алматы: NURPRESS. – 2020. – 292 бет.

3. Әмірова Б.А. *Салкен Балаубаевтың өмір жолы мен психологиялық ой тұлғасырмдары// «10 – С. Балаубаев тағлымы». Студенттер, магистранттар мен оқытушылардың ғылыми еңбектер жинағы. Қарағанды: Форма плюс, 2018. – 272 б.*

4. Жарикбаев Қ. Б. *Психологическая наука Казахстана в XX веке. Учебник*. – Алматы: Эверо, 2006. – 429 бет.

А.Т. Акажанова  
д.п.с.н., профессор КазНПУ им. Абая

### ВКЛАД И ЗНАЧИМОСТЬ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ ЖУСУПБЕКА АЙМАУЫТОВА И МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА

Психолого-педагогические идеи, труды выдающихся ученых многих интеллигентных деятелей казахского народа первой половине XX века бесспорно оказали большое влияние на развитие современной педагогической и психологической науки, сегодня они получают объективную оценку.

**Жусупбек Аймауытов ((1889–1931))** родился в бедной крестьянской семье, в Кызылтауской волости Керекуского уезда, нынешней Павлодарской области. Окончил русско-казахскую школу, Семипалатинскую учительскую семинарию (1918). С 1917–1919 гг. он входил в состав национальной алашордынской организации. С первых дней после Октябрьского переворота он активно участвует в организации Советов в Казахстане. Аймауытов делегат учредительного съезда Советов.

Жусупек Аймауытов известен сегодня как писатель, поэт-переводчик, публицист. Но он в то же время является автором первых учебников и статей по проблемам педагогики и психологии. Основная цель, Ж. Аймауытов – оказать помощь учителям казахских школ, сотрудникам народного просвещения и вообще всем читателям, которые стремились повышать свои знания в области педагогики и психологии. Восстановление и изучение трудов ученых, репрессированных в 30-е годы, с каждым днем приобретает все большую актуальность, повышая роль историко-психологических исследований.

Особый интерес представляет его книга «Психология» (1926 г.), написанная в форме учебного пособия. В данной работе Ж. Аймауытов разносторонне и широко изучал проблемы, касающиеся человеческого организма, физиологических функций частей тела, подробно рассматривал проблему человеческого разума, нервной системы (мозг, нейрон, неврит, дендрит). Он изучал основы высшей нервной системы, учения физиолога И.П. Павлова, о возникновении и развитии сознания. Кроме того, поддерживая идеи немецкого ученого Гельмгольца, говорил о существовании элементов различающих три вида ощущения. Говоря о дальтонизме, об основных функциях органов чувств и влиянии их на душевное состояние человека, как «чувства тела – чувства жизни», Ж. Аймауытов приводит конкретные примеры. Ученый писал, что через посредство изучения функции органов разума, наука психология помогает определить характер человека по его поступкам и, что с помощью мимики, жестов, выражением глаз, движением губ можно понять внешние и внутренние проявления различных чувств.

Разные исследователи по-разному оценивают соотношение биологического и социального в развитии личности. Ж. Аймауытов отдавал предпочтение наследственности, считая, что человек вступает в мир как индивид, наделенный совокупностью природных свойств и задатков. Признавая активное воздействие обучения и воспитания на формирование способностей, он высказал следующее: «Учитель в первую очередь должен учитывать врожденные наследственные особенности ребенка; знать, какие ответные

реакции он может проявить на определенные действия, изменяя при этом воздействия, приспособлять к искусственным предметам» .

Значительное место в его работе занимают вопросы теории развития личности и ее активности в процессе обучения. Он пишет: «Если бы отсутствовала внутренняя активность самого ребенка, то не было бы опоры у учителя для дальнейшего указания верного пути. У англичан есть одна такая пословица: «Можно коня привести к водопою, но нельзя напоить его насильно». Также, если не будут предприняты определенные усилия для внутренней активности ребенка, то в ходе обучения его в школе невозможно добиться желаемого результата. Первые шаги в школе должен начинать сам ребенок. А в зависимости от его увлеченности, учитель сможет закинув крючок, расставить сети».

Восприятие детей дошкольного и младшего возраста обычно связано с практическим оперированием предметом, но развитию наблюдательности детей способствует организация этого процесса взрослыми. В «Психологии» Аймауытова мы читаем: «В зависимости от того насколько будут разнообразны предметы собственного восприятия ребенка, настолько будет понятен его чувству окружающий мир, таково будет познание. Взрослый человек, непонимающий природу детей, удивится тому, как может неустанно сидеть ребенок над одним предметом, то переверачивая, то разглядывая его. Как говорится «Куй железо пока горячо». Воспитание наблюдательности необходимо начинать с детского сада, когда ребенок начинает мастерить предметы своими руками. Это приучит его к рукоделию».

В отдельные периоды жизни детей возникают наиболее благоприятные условия, которые необходимо учитывать в процессе обучения и воспитания. Такие возрастные периоды называют сензитивными. Об этом Ж. Аймауытов пишет: «Само собой видно, раннее детство – внешнее выявление природных задатков и способностей: период, когда можно научить ребенка чему-либо или закрепить за ним полезные привычки. Если это так, то как только проявится особый интерес к одному делу, то нужно многократным повторением сделать это привычным занятием души. Это ли: быстрое решение, счет или разучивание, рисование или коллекционирование трав, короче, к чему стремление, то он и должен делать. В период такого яркого проявления (просветления) нужно другие дела отложить. Тогда вы выиграете во времени и закрепите способности ребенка. Большие возможности по использованию таких моментов имеют родители».

Воспитание личности школьника невозможно без действенных средств регулирования и стимулирования. Важную роль в этом процессе играет живое слово учителя и воспитателя. Метод словесного разъяснения, убеждения, по мнению Ж. Аймауытова, есть главное средство формирования правильных моральных представлений и понятий. «Постарайтесь задеть ученика за самолюбие, он здесь же воспрянет. Недовольство самим собой – хорошее человеческое качество. Если он сможет осилить трудные моменты жизни, то это явится основным орудием в становлении характера. Этим он сможет показать степень силы воли, что утвердит его в дальнейшем. Плох тот педагог, который не умеет воздействовать на детей» [1,118-121].

Педагогические взгляды Жусупбека Аймауытова начинаются с доверия к человеку и возможности его воспитания. В своей статье «Воспитание» говоря об отличии человека от животных, он делает вывод о том, что все отрицательные стороны в поведении человека происходят от недостаточности воспитания. По его мнению, человек должен быть рабом воспитания, а не природы. Ученый высоко оценивал роль воспитания в жизни человека. Глубоко осознавая необходимость повышения роли воспитания в государственном масштабе Ж.Аймауытов отмечал: «Воспитателю можно доверить будущее страны, потому что в результате воспитания станет больше разумных людей – это и есть защита, оплот Родины».

Педагог-психолог особое значение придавал таким понятиям, как «вежливость», считая ее как одной из составляющим психолого-педагогических проблем воспитания. Давая краткие сведения по отдельным отраслям воспитания (обычай и традиции,

распорядок и т.д.), говоря об их положительных проявлениях (терпимость, чувство удовлетворения, смелость и т.д.), на примере знаменитых людей доказывал, что «привычка – вторая натура человека». В связи с этим автор пришел к выводу: «если хочешь привить себе хорошие качества, первым делом необходимо обратиться к разуму» [2, 248-254].

Еще в 20-е годы Ж.Аймауытов понимал значимость профотбора и профориентации для становления молодой Казахской Республики. Он считал, что общество будет здоровым и сильным лишь тогда, когда каждая личность займет свое определенное место.

Небольшая по объему книга Ж. Аймауытова «Психология и выбор профессии» («Жан жүйесі және өнер таңдау») была издана в 1926 году в Москве арабским шрифтом; тираж 3000 экземпляров. Автор адресует свою работу практическим работникам школ, так как в ней подводятся итоги экспериментальных исследований зарубежных и отечественных ученых по вопросам профотбора и профориентации. Главная идея: как помочь молодежи в выборе профессии, т.е. «делай то, к чему способен» (Абай), чтобы быть полезным обществу.

Задачу психологии Аймауытов видел в изучении индивидуальных различий, создающих возможности разумного использования их в конкретной деятельности. Признавая исключительную роль наследственности, он писал: «Писательская работа, поэтическое мастерство – это врожденное дарование. Как бы ты не упражнялся, но любой желающий не может стать писателем».

Анкетные вопросы, приведенные Аймауытовым в 1909 году с обучающимися на физико-математическом факультете медресе, показали неопределенность ответов. Это и послужило основанием для написания вышеназванной книги. Хорошо понимая значение психологии как науки, способной помочь, как отдельному человеку, так и обществу в целом в его развитии, Ж. Аймауытов все свои усилия направил на освещение тех научно-экспериментальных данных, которые смогли бы помочь казахской молодежи занять свое достойное место в обществе.

Автор в своей книге использует лабораторные эксперименты Мюнстенберга по определению способностей девушек-телефонисток и вагоновожатых, применяя при этом различные приборы и приспособления, изобретенные самим исследователем (XVIII гл.). Приведены конкретные примеры из экспериментальной работы американского психолога, одного из основателей социальной психологии Джеймс Марк Болдуин (1861-1934 гг.) В XVI главе книги автором описано создание организации по профориентации в Бостоне (1908 г.), руководимой американским профессором Парсонсом. В Совет организации входили руководители школ, учителя, представители различных обществ, заинтересованные в результатах исследований. Эксперименты, тестирование, анкетирование, беседы с детьми и их родителями проводились непосредственно учителями, близко общающимися с ними. Сопоставляя сведения и подвергая их математической обработке, исследователи указывали на соответствие индивидуально-личностных качеств детей к той или иной профессии [3, 251-304].

На сегодня умение использовать математику в психологических исследованиях является актуальной, но ученый исследователь Ж. Аймауытов в начале XX века этой проблеме уделил особое внимание. Он дал научное объяснение таким терминам, как (хроноскоп, димограф, спигмограф, пневмограф) и показал способы их использования. Это облегчало как заботу родителей, так и детей по профессиональному определению. Быстро подхваченные психологами Англии, Германии, Шотландии экспериментальные методы скоро превратились в орудие легкого отбора в различные учебные заведения, роды войск, виды производства. Метод тестов широко использовался в педологии до выхода постановления ЦК ВКП (б) от 4 июля 1936 г. «О педологических извращениях в системе Наркомпросов». Данная наука была объявлена лженаукой, и дальнейшие исследования были прекращены. Советские психологи с этого периода отказались от

использования даже таких научно обоснованных тестов, которые получили широкое распространение в США и др. капиталистических странах. В последние годы тестирование, показательности и надежность которых выверена на большом количестве обследований, снова стало применяться в социально-психологических исследованиях.

Только сегодня мы осознаем, насколько были актуальны ссылки в работах Ж.Аймауытова на экспериментальные исследования выдающихся зарубежных психологов Джемса, Мюнстенберга, Штерна, Меймана и др. Важен не только профессиональный отбор, но и профориентация, т.е. определение для каждого человека такой сферы трудовой деятельности, которая соответствовала бы не только его интересам, но и его индивидуально-психологическим особенностям и возможностям.

Умение работать с людьми и управлять ими – важнейшее качество, которым должен обладать руководитель. В современных условиях рыночной системы его значение еще более возрастает. Многие руководители, и особенно молодые, сталкиваются с серьезными трудностями, связанными с этими вопросами. Отсюда и обостренная потребность у руководителей в психологических знаниях, с помощью которых можно разобраться в психологических знаниях, в сложном механизме человеческого поведения, в условиях, которые определяют чувства и мысли людей, влияют на их ценностные ориентации и мотивы действия. В этой связи автор, глубоко и детально останавливаясь на сущности профессиональной деятельности военного командира, указывает на личностные качества, которыми должен обладать любой руководитель коллектива и группы. Эти требования на сегодня входят в задачу такой отрасли психологической науки как психология менеджмента (Управленческая психология).

Говоря об использовании передовых достижений в области обучения и воспитания, особое значение он придавал учету этнической стороны, т.е. особенности поведения, соблюдению традиции и обычай воспитываемого человека. Останавливаясь на отдельных понятиях, проблемах социальной психологии (группа, коллектив, народ, общество), Жусупбек Аймауытов подвергал анализу познавательную деятельность индивидуума, придавая при этом большое значение исследованию таких сложнейших психологических процессов, каким являются сны и сновидения, влияния географической среды на формирование психически здоровой личности [4, 183-184].

В 20-30-х годах Ж.Аймауытов, подвергался различным необоснованным обвинениям. Так например, в газете «Советская степь» от 20 января 1928 года появилась статья некоего А.Михайлова «Об одном учебнике». В ней Ж.Аймауытов был назван носителем враждебных идеологических взглядов, обзывается «ослом в науке». С этим, конечно, нельзя согласиться. Ж.Аймауытов своими психолого-педагогическими работами внес весомый вклад не только в педагогику и психологию, но в том числе и в возрастную и педагогическую. Жертва сталинского произвола он был посмертно реабилитирован в 1988 году.

Одним из учебных материалов, использованных в 20-е годы была книга **Магжана Жумабаева (1893–1938)** «Педагогика» (Правила воспитания детей). Она была издана в 1923 году Туркестанским Госиздательством в Ташкенте. Во введении автор пишет, что работа была составлена на основании его лекций для учителей еще 3 года тому назад до выхода в свет. Для данного исторического периода учебник на казахском языке был очень необходим.

В процессе написания "Педагогика" М. Жумабаев использовал психологические труды М.М. Рубинштейна, А.А. Смирнова. До этого периода в Казахстане не было книг по педагогике, поэтому перевод педагогических терминов с русского на арабский шрифт (каз. язык) составил большое затруднение .

В психолого-педагогическом плане особый интерес представляют главы с четвертой по пятнадцатую. Автор в них раскрыл сущность предмета психологии, и роль познавательных процессов в различные возрастные периоды. Примечательно то, что

психологические явления прослеживаются через призму национальных традиций, обычаев и нравов казахского народа [5, 144-148].

М. Жумабаевым воспитание подразделяется на 4 основные раздела: физическое, умственное, эстетическое и воспитание хорошего поведения. По его мнению, если родители хотят видеть своего ребенка настоящим человеком (личностью), нужно учитывать эти составные части воспитания. Он пишет: «Если ребенок болезненный и неразвитый, то причина не в нем, а в воспитателях; не виноват ребенок, не умеющий наслаждаться прекрасным – это упущения в эстетическом воспитании. За недостойное поведение должен понести наказание воспитатель» .

Подробно останавливаясь на значении и роли познавательных процессов, как ощущение, восприятие, воображение, мышление в психическом развитии детей разного возраста, М. Жумабаев подчеркивает, что внимание является одним из основных условий успешной организации учебно-воспитательного процесса. Поэтому он предлагает учесть следующие моменты: 1) Чем сильнее воздействие, тем сосредоточеннее внимание. При записи на доске учитель должен говорить громко и писать разборчиво. Наглядные рисунки должны быть красочными и привлекательными. В момент восприятия какого-либо незнакомого предмета надо не ограничиваться описанием, необходимо показать его, попросить нарисовать его в тетради и даже слепить из глины. 2) Единичность внимания. Если перед нами только один предмет, то наше внимание направлено на него. При наличии разнообразных предметов в момент восприятия внимание рассеивается. Учитывая невозможность постоянного сосредоточения внимания детей на одном объекте, автор пишет: «Ребенок быстро переключает свое внимание с предмета на предмет. Во время урока не должно быть ничего лишнего, отвлекающего и не связанного с объясняемым материалом». Большое значение, по его мнению, в формировании произвольного внимания имеет четкая внешняя организация действия ребенка, первоначально создаваемая и направляемая взрослыми, особенно учителем .

Подробно характеризуя свойство памяти, Жумабаев указывает на ее диалектическую связь с мышлением. Об этом он пишет: «Чем обширнее, богаче память, тем глубже мышление». Вместе с тем, для процессов обучения – важно удержать в памяти наглядные образы. М. Жумабаев считает, что в условиях игры дети больше запоминают и припоминают. В зависимости от возрастных особенностей происходит качественное психологическое преобразование самих процессов памяти. В частности, у старшеклассников нарастает использование смысловой группировки материала, которая слабо представлена в младшем возрасте. Целесообразны в этом отношении суждения М. Жумабаева о процессах памяти в различные периоды возрастного развития: «В первоначальном развитии человеческая память слаба и забывчива. Особо сильной память бывает в возрасте 7-15 лет, в период, когда возникает благоприятная возможность участия памяти в усвоении научных знаний. Подчеркивая жизненную значимость слухового органа, получающего разнообразную информацию о состоянии внешней и внутренней среды, М. Жумабаев в то же время говорит о необходимости воспитания слуховой чувствительности. Для этого он считает, что ребенок должен постоянно слышать разнообразные звуки окружающей действительности. Интересны высказывания М. Жумабаева о влиянии звуков живой и неживой природы на психику ребенка: «Звуки шума, шуршание шелка, шелест травы, звон железа, а также звуки живых существ, как ржание лошади, бляение овец, мяукание кошки, щебетание птиц – все это должны постоянно слышать дети... Разве не сидит перед тобой неподвижно ребенок, прислушиваясь к звуку домбры?!» [1, 126-128].

Таким образом, становление и развитие возрастной и педагогической психологии бесспорно связано с именами славных сыновей казахского народа, какими являлись в начале XX века Ж. Аймауытов и М. Жумабаев.

*Использованная литература*

1. Акажанова А.Т. Возрастная и педагогическая психология Казахстана. Монография – Алматы: Альманах, 2017. – 246 с.
2. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Қазақтың психологиялық ой пікірлері. – 10 том. – Алматы: Таймас, 2006. – 480 б.
3. Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
4. Акажанова А.Т., Түркпенұлы Ж. Психология тарихы: Оқулық. – Алматы: NURPRESS, 2020. – 292 б.
5. Жарикбаев Қ.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке. Учебник. – Алматы: Эверо, 2006. – 429 бет.

*Нурхожаева А.К. 1 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ  
Қорғамбекова Ж.Ж. 1 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

### **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазақстанда психология саласында жазылған ең алғашқы ғылыми еңбек Жүсіпбек Аймауытовтың «Психологиясы» екені айдай анық. Бұл еңбек 1926 жылы жарық көрген. Осы тұста психология ғылымы жайлы Жүсіпбек Аймауытовтан ертерек сөз қозғап, психикалық процесстерге ғылыми анықтама берілген еңбек - Мағжан Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік баспасында жарық көрген «Педагогика» еңбегі екенін айтып кету жөн.

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім» дей бастап, мұғалімнің маңыздылығын ескере сөз бастаған «Педагогика» еңбегін Мағжан мұғалімдерге тарту еткен. «Педагогика» екі ғылымның басын қауыштырған еңбек. Алғашқы бөлімінде жалпы педагогика жайлы сөз қозғалса, екінші бөлімінде психологиялық көзқарастар келтірілген. Психологияны автор педагогикаға көмекші пән ретінде көрсеткенмен, мұнда психология ғылымы бойынша ақпарат көбірек жазылып, басымырақ көңіл бөлінген.

Психологияға Мағжан «жан тілі» деген екінші атауды берген. Мұнда «Адамға қымбат нәрсе де, жұмбақ нәрсе де - жан» дей тілге тиек етіп, жанды зерттеудің маңыздылығын көрсетті. «Жан» ұғымына анықтама беруде ол үш философиялық ойды тізеді: алғашқысы, жан – денеден бөлек, өз алдымен бір нәрсе екіншісі, ол дене іскерлігінің, әсіресе нерв жүйесі мен ми іскерлігінің бір түрі. Соңғысы, жан деген жан көріністерінің жиынтығы. Яғни жан деген ойлау, сезу хәм барлық жан көріністерінің жалпы атауы. [1, 3].

Үш түрлі философиялық ойды тізген автор, енді жан көріністері мен дене көріністері арасындағы айырмашылықтар мен байланыстар мәселесіне тоқталды. Айырмашылықтарды сипаттауда үш факт келтірді: бірінші дәйек - сыртқы дүние заттары белгілі бір орын алады, ал жан көріністері орын алмайды, олар уақытпен өлшенетін құбылыстар. Екінші айырмашылық - сыртқы дүние заттарын сезім мүшелері арқылы білсек, жан көріністерін сезім мүшелері арқылы білуге болмайды. Үшінші айырмашылық - сыртқы дүниеде бірнеше зат бір уақытта орын алса, ішкі көріністерде олар бір мезгілде емес, рет-ретпен бірінің артынан бірі орын алады. Байланыстарға келетін болсақ, мұнда автор екеуінің арасында айтарлықтай ерекшеліктер болған мен, олардың бір-бірінің күні жоқ, тығыз байланысқан тұтас жүйе екенін айтқан [1].

Психология бөліміндегі қаралатын келесі мәселе - жан көріністерінің үйрену жолдары. Мұнда өзін бақылау мен, бақылауды алды. Бұл үйрену жолдары деп отырғаны, қазіргі ғылыми тілмен айтқанда психологияның зерттеу әдістері. Автордың мұнда жеткізгісі келіп отырған негізгі ойы өзінді және басқаны бақылау арқылы зерттей отырып өзінді жан-жақты тануға жол ашу және өзінді дамыту.

Автор психологиялық денсаулыққа да көңіл бөліп өткен. Бұл мәселе бойынша «Жан тұрмысының түзу болу шарттары деген» бөлімінде қарастырған. Бұл жерде нерв



системасының маңыздылығын көрсеткен. Мұнда мидың зақымданбауына көңіл бөлу керектігін тайға таңба басқандай етіп көрсеткен. Егер ми зақымданса - адамның жан дүниесіне де зақым келіп, дұрыс болмайды. Ал нерв системасын өсіріп дамыту үшін балаға сыртқы сезімдерін ұлғайтатын және дене мүшелерін көп қозғалтатын жұмыстар істету керек. Дегенмен, егер миға артық салмақ түсетін болса, ол адамға кері әсерін тигізетіндігі де көрсетілген.

«Жан көріністерін тап-тапқа бөлу» деп аталатын бөлімінде автор жан көріністерін үш тапқа бөлуге болатынын көрсетті. Олар: ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері және қайрат көріністері. Олар өзара тығыз байланысқан. Олар іс-әрекетте бірге қосылады. Ақыл көріністеріне жататындар: әсерлену, іскерлік, суреттеу, ес (зейін), қиял, ойлау, хүкім, ой шығару, тіл.

Автордың пайымы бойынша жан білімді ең бірінші әсерлену арқылы алады. «**Әсерлену**» деп отырғаны қазіргі ғылыми тілмен айтқанда түйсік процесі.

Жанда әсерлену көрінісінің болу шарттары: *әсерлену күшінің болуы*, екінші әсерленуге өту арасында белгілі уақыттың өтуі, әсер миға жетсін және жан оған іскерлігін жұмсасын. Әсерленудің іші, күші және тоны болатынын көрсеткен. Іші деп отырғанымыз оның сын-сипаты, күші дегені-көріну дәрежесі, ал тоны-оның жағымды немесе жағымсыз болуы. Әсерлену олда нервте, мида және жұлында болады. Ал әсерленуді туғызған затты немесе себепті табуды *перцепция*; оны бұрынғы тәжірибемен толтыруды *апперцепция*, әсерленуді бұрынғы болған тәжірибенің жеңуінен туатын сезім алдауын *иллюзия* деп атады. Бұл әсерлену түрлерінің бәрін де бала айыра алмайды деп, бала мен ересек адамның түйсігінің арасындағы айырмашылықты атап өткен. Осы тұста автор әсерленуді жіктеп, жалпы және сыртқы деп екіге бөлген. Жалпы сезім немесе дене әсерленулерін ет, нерв әсерленулері, тамақтану һәм қан жұту, дем алу және жылулық, суықтық әсерленулері деп *бес* түрге бөлген. Автор дене әсерленулерінің адам өміріне, тұрмысына қажеттілігін оның әсерін айтады. Ал, сыртқы әсерленулерді алтыға бөлді. Олар: көру, есту, иіскеу, тату, сипау, ет сезімі. Осылай жіктеген автор, олардың әрқайсысына жеке анықтама беріп, оларды тәрбиелеу жолдарын да көрсетуді жөн санаған. Бұлар жан тұрмысымен қатар дене тұрмысына да қызмет қылады. Ал оны дұрыс қалыптасыру үшін бұл сезімдерді жақсы тәрбие қылу қажет [1].

Ақыл көріністерінің екінші түрі іскерлік. «Іскерлік сыртқы дүниедегі бір затқа яки ішіміздегі бір жан көрінісімізге, ойға, ішкі сезімге, қайратқа жанның төнуі, нүктеленуі деген сөз. Іскерлік болмаса, біз сыртқы заттардан әсер алып, олармен таныса алмаймыз. Ойымыздың дұрыс, ашық болуы, ішкі сезімдеріміздің жанды болуы, қайратымыздың түзу бет алуы осы іскерлікке байлаулы». Автор іскерлікті де әр-түрлі сипатына қарай жіктеп, оның тәрбиелеу жолдарын жазып өтті. Мұндағы іскерлік деп отырғаны қызығушылық болса керек. Себебі, іскерлікті ояту үшін әсердің күшіне, оның ерекшелігіне, жаңалығына және алдыңғысымен байланысты болсын деп көрсеткен. Ал егер бұл шарттар орындалмайтын болса, адам іскер болмайды деп өткен.

*Суреттеу* - бір заттан немесе көріністен туатын әсерлену. Бұл қазіргі ғылыми тілдегі қабылдау болса керек. Нақты анықтамасы сай келмеген мен мұнда қабылдауды сипаттауда кездесетін ассоциация және галлюцинация ұғымдарын қолданып, соларға анықтама берген.

**Ес (зейін).** Суреттеулерді жанның жоғалтпай сақтай білуі ес деп аталады. Адамның есін *көру есі, есту есі, қозғалу есі* - деп үш топқа жіктеген. Ал егер ес болмаса адамның білімі артпай, адам адам болмас еді деп, естің маңыздылығын көрсетіп өткен. Жас ерекшеліктерге де байланысты, ес өзгерістерге ұшырайтынын, сол есті дамытудың 4 жолын көрсеткен болатын. Олар: *әсердің күштілігі, сыртқы сезімдердің көбінің қатынасуы, жаңа білімді бұрынғы біліммен байлау мен пысықтау*. Осы аталған шарттарда естің өркендеуі адам үшін оның білімін шыңдауға, дұрыс ойлауға, ойының тереңдігіне септігін тигізетін автор атап көрсеткен.

**Қиял.** Жанның өзінде бұрыннан бар суреттеулерден жаңа суреттеулер жасай алуы қиял деп аталады. Осы тұста қиялдың ерікті және еріксіз деп бөліп өтіп, оның жасалу жолдарын қарастырды. Егер фантазия болмайтын болса, адам өмірі үнсіз, түссіз түнекке айналады дей келе, оның адамның ақылын кеңейтетіндігін айтып көрсеткен.

**Ойлау.** Әсерлену, суреттеу, еске түсіру, қиял арқылы біз бір затты жан-жақты білсек, ойлау арқылы оларды біріктіріп, арасындағы ұқсастық-айырмашылықтарды таба аламыз. Ал ол ұғым, хүкім және ой Түзуді құрайды деген. *Ұғым* деп екі түрлі заттың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды жіктеу арқылы туатын ойды айтқан. *Хүкім* деп екі заттың арасындағы байланыс немесе айырманы табу. Ұғымнан айырмашылығы ұғым жалпылама туса, хүкім жеке қасиеттерге байланысты айтылған. Оны анализ (шешетін хүкім) және синтез (қосатын хүкім) деп жасалу жолына байланысты бөлсе; жалпы хүкім, дербес және жалқы хүкім деп санына қарай үшке, ал сынына қарай бекітетін және бекітпейтін деп бөлген.

*Ой шығару* екі хүкімді салыстыру арқылы хүкім шығару. Оны дидукция, сиологизм, индукция, аналогия, гипотеза деп тағы бөлген.

**Тіл.** Автор жанның жайын және сырын жарыққа шығаратын екі құралды айтып өткен. Бірі мимика болса, екіншісі – сөз. Жалпы тілді - адам жанының тілмашы дей келе, егер ол болмаса адамның жанындағы сезімдер мен ойлар жарық көрмей қор болар еді деп өткен [1].

Жан көрінісінің екінші түрі – ішкі сезімдер. Ішкі сезім – таза жан көрінісі. Адам бір нәрседен әсер алып, сол нәрсемен таныс болғанда, адамның жанында жағымды иа болмаса жағымсыз күй болу толқынын ішкі сезім деп атайды. Адамның бақытты, бақытсыз болуы да осы ішкі сезімдермен байланысты. Кітапта ішкі сезімдердің жасалу жолдарын, ішкі сезімнің адамның сыртқы бейнесіне, денесіне әсер ететіндігі туралы жазылған. Ішкі сезімдерді мінезге қарай екіге бөлген: ол *жағымды және жағымсыз* деп, ал күшіне қарап ішкі сезімдер: *жанның күйі-сезімнің ұзақ болуы мен аффект жан күйі-кенет* болатын сезім деп қарастырған. Одан бөлек ішкі сезімдер: *өзімілдік (эгоизм)* – біздің әлсіз немесе күштілігімізді көрсететін сезім және *көпшілдік (альтруизм)* – басқа адамдар немесе жаратылыс үшін болатын сезім болып екіге бөлінеді.

Автор, Ішкі сезімдерді тәрбие қылу үшін, баланы жас кезінен бастап пайдалы нәрседен ләззат алуға, пайдасы жоқ нәрседен жирену қажет екендігін атап кеткен. Бұл мақсатқа жеткізетін жолдар: дұрыс ішкі сезімдердің көп болуына, нашарлардың болмауына жәрдем көрсету керек және қасындағы адам дұрыс мінезді болу керек.

Жан көріністерінің үшінші түрі – қайрат. Қайрат-жанның бір нәрсені істеуге саналы ұмтылу. Жанның қайрат күші арқылы жасалатын іс-әрекеті ерікті іс деп атап, оның еріксіз түрі де болатынын көрсеткен. Олар: импульс іс-мақсатсыз істеу; рефлекс іс-адам денесінің реакцияға автоматты жауап беруі, соқыр сезім (инстинкт) іс-адамның аңын қатыстырмай істейтін ісі. Жалпы, автор қайраттың үш түрі олатынын көрсеткен. Олар: тартылу, ұмтылу және тілеу. Қайрат әрқашан ашық болмай, кейде адам еш мақсатсыз бір нәрмеге тартылатынын айтып өткен.

Келесі қарастырған мәселесі қайраттың жасалу жолы. Оны былай көрсеткен: адамда қандай да бір тілек болады, сол тілектің жүзеге асуы керектігін көрсететін мотив туындайды, мотивтер негізінде адам бір бағытты тізгіндейді, ол бекіту деп аталады, кейінгі қалам бекітуді іске асыру. Бұл жерде автор табандылық туралы да айтып өткен. Іске асыру барысында қандай да бір қиындық туады. Табанды адам ғана қиындықты жеңіп нәтижеге жете алады.

Жалпы автор қайраттың өте қажет екенін айрықша айтып өткен. Себебі, қайрат барлық іс-әрекеттерді, амалдарды іске қосушы болып табылады деген. Солай екен, қайратты өркендету жолдарын ұсынып, бұл тұста баланы тәрбиелеушінің рөлінің маңыздылығын көрсетіп өткен.

«Педагогика» еңбегінде қарастырылған ең соңғы мәселе мінез болып табылады. Бір адамның барлық ісін басқа адамдардың істерінен айыратын сипаттар мінез деп аталады

Автор мінезді қайратқа бағынышты дей келе, қайрат дәрежесіне қарай мінезді былай бөледі: Егер бір адамның қайраты күшті болса, сөзінен бір айрылмайтын, екеуі екі бөлек жайылмайтын болса, ондай адамның мінезі қатты мінез, күшті мінез, берік мінез деп аталады. Егерде сөзбен, оймен іс бір-біріне қабыспайтын болса, ауыз айтқанда, қол істей алмаса, ондай адамның мінезі жұмсақ мінез деп аталады.

Автор мінез жаратылысына қарай тума және сыртқы себептер негізінен пайда болады дейді. Тума мінезді темперамент деп атады. Оның төр түрі бар екенін көрсетті: сонгиник, холерик, флегматик және меланхолик. Оларға жеке анықтама бере отырып олардың адам бойында таза кездеспейтінін, аралас жүретінін, бірақ бірінің үстем болатынын айтып өткен. Мінез мәселесі бойынша қарастырған келесі мәселе-мінез тәрбиесі болды. Мінез дұрыс әрі берік болу үшін екі шарттың орындалуы керектігін айтты олар: 1) Баланың өз қолынан келетін іске балаға толық ерік беру; 2) Баланы тәртіпке (дисциплинаға) үйрету. Осы екі бағыттан ауытқып кетпеу үшін тәрбиеші балаға бір нәрсе істе деп айтарда бақырмай, жай сөзбен айтуы және оның себебін түсіндіріп отыру керек деді [1].

Осы тұрғыдан келгенде, М. Жұмабайұлының еңбектерін зерттеген ғалымдар біршама, соның бірі психология ғылымдарының докторы – А.Т. Акажанова. М.Жұмабайұлы өз кітабында тәрбиеге байланысты негізгі тұжырымдамасын келесі ой – пікірлерінен байқауға болады: «Адамды оның ұлтын, тіпті бүкіл адамзатты бақытты ету, егер ұлт өкілі – әрбір адам – бақытты болса, онда бүкіл адамзат та бақытты болады» деген. Осы ойға байланысты тәрбиенің мақсаты адамның адам болып аталып қалуында емес, ол оның сәйкес білімді меңгеруінде жатыр. Осы еңбегінде М. Жұмабайұлы тұлғаны тәрбиенің объектісі және субъектісі ретінде қарастырады және өсіп келе жатқан жас буынның адами қасиеттерін күшейту, рухани байлығын қалыптастырудағы педагогикалық-психологиялық ой-пікірі мен тұжырымдары «Педагогика» оқулығының ғылыми өзектілігі қазіргі кезде де құнды екенін көрсетеді – деп А.Т. Акажанова өзінің «Психология тарихы» атты кітабында айтып кеткен [1, 2]. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде жазған тәрбиелік идеялары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпаған. «Баланы заманына лайық етіп отырып, тәрбиелеу керек», – деген болатын. Автордың пікірінше, білім – ең маңызды адамзат құндылығы болып саналады. Мағжан Жұмабаев ұстанған гуманизм мен ағартушылық идеялары қазіргі ұрпақ үшін ерекше өзекті және маңызды болып табылады. Мағжан Жұмабаев – еліміздің мәдени мұрасының маңызды тұлғаларының бірі.

*Әбиеттер:*

1. Жұмабаев М. Педагогика (баланы тәрбие қылу жолдары), - Алматы: : «Рауан» 1992. – 112 бет.
2. Акажанова А.Т., Түрікпенұлы Ж. Психология тарихы: Оқулық. – Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2019. – 292 бет.
3. Жарықбаев Қ.Б. Құғындалған қазақ психологиясы: Х.Досмұхамедұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы. - Алматы: Арыс, 2017. – 336 б

*Х.Т. Наубаева -психология ғылымдарының докторы, профессор*

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

*М.С.Туманбаева - Педагогика және психология мамандығының I курс магистранты, Талдықорған қаласы, Қазақстан*

## **ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ РУХАНИ ДАМУЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ**

### **АНДАТПА (АННОТАЦИЯ)**

Мақалада қазақ жастарының рухани дамуындағы рөлі, ұлттық психология рухани мәдениетте, сезімдерде, әдет-ғұрыпта, тілде, адамгершілік әдептік салада ұлттық мінездің көптеген психологиялық көріністері мен этностық белгілері қамтылады.

**КІЛТ СӨЗДЕР:** ұлттық психология, мінез-құлық, рухани құндылық, жас ұрпақ, этностық рух, жаһандану, тәрбие.

Ұлттық психология — белгілі бір ұлт өкілдеріне тән, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын мінез-құлық пен психологиялық қарекет ерекшеліктері. Ұлттық психология рухани мәдениетте, сезімдерде, әдет-ғұрыпта, тілде, адамгершілік әдептік салада ұлттық мінездің көптеген психологиялық көріністері мен этностық белгілерін қамтиды. Ұлттық психология — тіпті әр түрлі таптарға жататын адамдардағы мінез-құлықтың орнықты негіздерінің бірі. Алайда қоғамда болып жатқан өзгерістерге тәуелді ол да өзгеріп отырады.

Ұлттық психология — философиялық және социологиялық әдебиетте көп талқыланып, зерттеліп келе жатқан категориялардың бірі. Бұл өте күрделі, әлі де толық зерттеліп, шешімін таппай келе жатқан мәселе. Осы жәйтті жақсы аңғарған Н.Назарбаев былай деді: «Менің ойымша, қазақтардың қайталанбас этикалық, психологиялық әлемі әлі жете зерттелмей, зерделенбей жатқан тылсым дүние» [1; 26].

Психологиялық тұрғыдан «бірауызды» болып қауымдасқан жандар үнемі өздерінің рулық одағына етене сіңіскен салттар мен дәстүрлері ұстанады. Осыған орай көшпелі тұрмыс теліміне лайықталған бата беру, ант ішіп ақталу, айтысқа, дау дамайға төрелік айту сияқты этностық таптаурындар (стереотип) кең өріс алды. Әрине, осы топтық санамен бірге әркімнің жеке басының әлеуметтік және биосфералық факторларға орайлас жеке дара, жас, жыныс ерекшеліктерінің де болатындығы еске алынды. Мәселен, көшпелі халық қыз баланы ерекше қадірлеп, қастерлеп, әлпештейді. Оның әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен іңкәрліктің символы деп, ал мінезі жайсаң, әдепті жігітті «қыз мінезді жігіт екен» дейтін болды.

Ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән, адами қадір-қасиет, халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. [2; 90]

Қоғам өмірінде қазіргі кезде жүріп жатқан терең саяси экономикалық өзгерістер халқымыздың баға жетпес рухани байлықтары: тіл мен ділі, діні мен тарихы, өнері мен әдебиеті, табиғи ортасы, күн көрісі мен шаруашылығына (қолөнері, киім кешегі, ою-өрнегі, әуез аспаптары, үй жиһазы, т.б.) байланысты небір асылдарды, қысқасы, ұлттың бүкіл болмыс-бітімін (менталитетін) жаңартып, жаңа мазмұнмен байытуда. Әрине, еліміз бен жеріміздің түпкілікті иегері-қазіргі қазақтардың психологиясына осы этносқа ғана тән біртұтас ұлттық ерекшелік бар деп айту қиын, өйткені, қазақ этносының қазіргі бүкіл тыныс-тіршілігінде, отбасындағы әдет-ғұрпы мен салт дәстүр, жөн-жосық, жол жоралғысында кең байтақ өлкемізді біраздан бері мекен етіп келе жатқан басқа этностар мінездерінің элементтері де көрініс беріп жүр. Десе де, «біз біреулер айтып жүргендей, біз жылқы мінезділіктен айрылған, қой мінезді момын, жуас, намысы жаншылған халық емеспіз» -деп жазды Ж.Аймауытов пен М.Әуезов «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында-қазақ елі ұйымшыл, әрі жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы ірі, бітімді, қайратты, сауықшыл ел болған екен. [3; 137] Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен», -дейді. Қанымызға әбден «сіңіп» кеткен жағымпаздық пен жалтақтық, даңғазалық пен ұраншылдық, күдікшілдік пен күншілдік, арызқойлық пен жалақорлық, бойкүйездік пен салғырттық, жалқаулық пен шалағайлық, т.б. осы келеңсіз қасиеттері әлі күнге дейін алдымызға оралып, заман талабына бейімделуге бөгет жасауда. Әсіресе, Кенес өкіметі жылдарында ұлттық мінезімізге дінсіздік, спирттік ішімдікке өуестік, келеңсіз тіршілікке құмарлық, бақталастық, т.б. (бұлар бұрын-соңды қазақтың түсіне де кірмеген мерез қасиеттер еді) осы секілді

жағымсыз қасиеттер келіп қосылды. Бізде бұдан басқа еліктеп-солықтаулар (батысшылдық, ермелік, еліктеушілік, желөкпелік, т.б.) жетіп артылады. Бұл жәйіт еңсемізді көтертпей, құлдық психологияның шырмауынан шығуға кесірін тигізіп-ақ келе жатқанның естен шығармауымыз қажет. Қазақ халқы сонау есте жоқ ескі заманнан өзінің қадір-қасиеттерін қызғыштай қорғап, көздің қарашығындай сақтап, бұған шаң жуытпай, өз ұрпағын ауыздандырып келген ел. Сондықтан да қазіргі ұрпақ осынау ұлттық қасиеттерімізді ерекше қастерлеп, мақтан тұтып, жас өскіндер осы рухта тәрбиеленулері тиіс.

Жаман мінез – рухани кесел. Бұл кеселді жою үшін түбіріне балта шабу керек. «Баланы жастан» деген мақал бар, оның түпкі мәні, адам бойындағы жағымды мінез-құлық, жақсы қасиеттер бала кезден бастап қалыптасады дегенге саяды. М. Әуезов «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген ұлағатты сөзі арқылы ұрпақ тәрбиесі бесіктен басталатынын, ұзақ, үздіксіз үрдіс екенін ескерткен. Өзгермейтін, түзелмейтін мінез болмайды. Әр адам өз мінезіне өзі жауапты.

Ұлы Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген екен. Күндер, жылдар зымырап өтіп жатыр. Бірақ, мінездегі келеңсіз көріністердің азаятын түрі жоқ. Әрине, мұның әр түрлі себеп-салдары да бар. «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі» деген ұлы Абай.

Т. Молдағалиев жырлағандай, адам әрқашан өз бойындағы кемшілігін түзетіп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, «болмасанда ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеңіз» дегендей өзін-өзі тәрбиелеуі қажет. Ақиық ақын М. Мақатаев «мінездің міндерін» өрелі оймен өткір сынаған.

Бүкіл халық ұстанатын тәлім – тәрбиелік нормаларды жан жүйесі тұрғысынан баяндау – барлық адамзатқа ортақ халықтық психологияның зерттеу нысанасы болып табылады. Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт – сана, әдет – ғұрып ұрпақтан ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл – ой, эстетикалық, еңбек, ден, т.б. тәрбие түрлеріне қатысты таптауырынды нормалар мен принциптер, яғни белгілі бір этностың, жалпы мінез – құлқы, іс – әрекетінің ішкі астарлары сөз болады.

Халықтық психология – психика мен мінез – құлықтың қанға «сіңген», тез өзгеріп, не не жоғалып кетпейтін ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің жемісі. Халықтық психология – адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі [4; 182]. Бұл – адам мінез – құлқының көптеген жақтарын қамтып, белгілі этностың өзіне тән психикасы жөнінде біршама мәнді мағлұматтар беретін ілім – білімдердің жүйесі. Әйтсе де, бұлар арнайы ғылыми жүйеге негізделмегендіктен, жеке тұлғамен этнос психологиясын ажыратуға жөнді жарай бермейді. Мұндай жағдайда біз тек ғылыми психологияның деректеріне сүйенеміз.

Педагогикалық психологияға қатысты Шоқанның әртүрлі этностың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, этникалық ерекшеліктері туралы оның бақылау күнделігінен қызықты мәліметтерді кездестіруге болады. Ғалым көптеген халықтардың (қырғыздар, түрікпендер, өзбектер, қытайлар, т. б.) психологиялық ерекшеліктерін, олардың әрқайсысына тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін де өте білгірлікпен көрсете келіп, бұларды ерекше дәріптемей, психологиялық жағынан бір-бірімен тең түсіп отыратындығын айта келе, ұлттық томаға-тұйықтық көзқарасқа да соққы беріп отырады.

Шоқан аталған халықтардың экономикасы мен мәдениетіндегі артта қалушылықты, әсіресе туған халқы – қазақтардың бұл арадағы кешеуілдеген жағдайын баса айтып, одан шығудың жолдарын көрсеткісі де келді. Мәселен, ол халқымыздың басты-басты психологиялық ерекшеліктерін (қонақ жайлылық, үлкенді сыйлау, т. б.) дұрыс көрсете келіп, осы ұлттық мінезде кейбір өзгермейтін, тіпті тұқым қуалайтын жақтары да бар деген пікір айтты [5; 57].

Зерттеуші ғалымның ойынша, білім-ғылымнан кенже, тәжірибесі аз адамның табиғатпен күрестегі енжарлығы, оған тәулді болуы – діни мен сенімдердің пайда болуының көзі. Екінші бір көзі адамның жан-дүниесінің, оның сана-сезімінің кейбір ерекшеліктерінен туындайды. Дүниедегі ерекше бір керемет – ол адамның өзі, оның жаны, қабілеті, ойлайтын және бәрін білгісі келетін рухани өмірінің зерттелуі аса қиын нәрсе.

Ұлттық психология – белгілі бір ұлттық қауымдастыққа тән орнықты сезімдік, эмоциялық қасиеттердің, әлемді ұғыну әдістері мен оғау әсер-ықпал нысандарының тарихи тұрғыда қалыптасқан жинақтамасы. Психикалық күйініш-сүйініштер, көңіл-күйлері, "тарихи жад" ретінде жаңа ұрпақтарға тәрбие арқылы беріледі. Олар жаңа ұрпақтарға халық өмірінің елеулі-елеулі оқиғаларының бәрін сіңірген мәдениет арқылы, халық шығармашылығы, эпсаналар мен аңыздар, сәулет пен саз, әдебиет пен поэзия, тарих арқылы дариды. Бұл мағынада ұлттық психология әрбір адамның психологиясымен, оның психологиялық құрылымының ерекшеліктерімен байланысты. Ал ұлттық психологиялық тұрпат дегеніміз – ұлтқа тән әдет-ғұрып, таным-сенім, сезім, мінез ерекшеліктерінің жиынтығы [6].

Қазақстан Республикасының “Білім туралы заңында”, білім беру ісінде жаңа рухани-мәдени құндылықтарды игеруге, ұлттық сананың қалыптасып өсуіне жағдай жасау, кәсіби білім берудің сапасын көтеруге кең жол ашу талап етіледі [7; 123]. Бүгінгі білім саласында Республикалық білім кеңістігін әлемдік деңгейге жеткізуге ұмтылыс барысында оқушыларға педагогикалық - психологиялық дайындықтың қажет екендігі мәлім. Қазір қоғам алдындағы негізгі міндеттердің бірі - заман сұранысына сай оқу-ағарту, тәрбие мәселелерін жоғарғы деңгейде орындау.

Дегенмен, сараптай келе ауыл және кейбір қала мектептерінде педагог-психолог қызметін сағат саны жетпей қалған пән мұғалімдері мен басқа сала мамандары атқаратындығы белгілі. Бұл мамандар педагог-психолог қызметін өз деңгейінде атқара алмайтыны кімге болса да мәлім. Осындай себептерден кейін оқушылармен педагогикалық-психологиялық жұмыс жасайтын, психологиялық кеңес беретін, тұлғалық, адами құндылық қасиеттерін қалыптастыруда мектепте педагог-психолог маманның қажеттілігі туындап, штаттар мен арнайы бөлмелер ашыла бастады. Психологиялық қызмет көрсетуге қажеттілік әлеуметтік ортада өмір сүруге қиналып жүрген адамдарға сүйеніш болу жолдарын іздеуден басталады.

Қазіргі кезде де, жетім және тастанды балалар аз емес. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет алғашқы кезде балалар үйінде және мектеп интернаттарда тәрбиеленетін балаларға психологиялық көмек көрсетуден басталған. Өйткені өкімет үйлерінде тәрбиеленушілер ата-ананың мейіріміне бөлене алмай, жетімсіреу жағдайынан шығаруға көмек көрсететін адам бұл мекемелерде өте қажет екені анық. Біз құрып отырған қоғамда педагог-психолог маманы өте маңызды орынға ие. Қоғам болғандықтан ол бірнеше компоненттерден құралады: ұжым, топ, ұйым және т.б. Аталған компоненттердің мүшесімен және мүшесіне тән мәдени, шығармашылық-рухани дүниесі, коммуникативтілігі, әлеуметтік міндетін, этикалық және эстетикалық талғамдардың болуын қазіргі заманға сай қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Психолог қоғамдағы тұлғаның биологиялық және әлеуметтік дамуына көңіл бөледі. Биологиялық тұрғыдан морфологиялық, физиологиялық, биохимиялық жетілуі болса, әлеуметтік дамуына психикалық, рухани, интеллектуалдық жағдайлары жатады. Демек, психолог маманын адам баласы өмірге келгеннен оң мен солды, ақ пен қараны ажырата алғаннан бастап, келешек толыққанды азамат және тұлға болып, оның әрі қарай жетілуіне әсерін тигізеді. Психолог – отбасында ана, мектепте мұғалім, балабақшада тәрбиеші, жоғары оқу орнында оқытушы, жұмыста қызметкер, өз ісіне жауапты маман. Психолог адамдардың рухани-моральдық нормаларын бала бойына сіңіре біледі [8; 92].

Қазақ қоғамында жастарға ежелден ерекше сеніммен қараған. Бүгінгі жастың – ертеңгі ел ағасы болатынын естен шығармаған аға буын өкілдері, тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлген. «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» деген дана халқымыз бала

тәрбиесінің бесіктен басталатынын меңзесе керек. Өмірге жаңа келген нәрестеге бесік жырын айтып ұйықтатудың өзі, бала тәрбиесіндегі алғашқы қадамдар болып есептелген.

Соңғы 15-20 жыл аралығында қоғамда болып жатқан жаһандану сипатындағы өзгерістер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі рухани ұстанымдарды әлсіретіп, ананың сүтімен беріліп, салт-дәстүрмен орныққан ұлттық құндылықтарды өзгеріске ұшырата бастады. Ертеректе қазақ қоғамы қабылдамайтын жағымсыз көріністер, бүгінгі күні үйреншікті нәрсеге айналуда.

Жастарды рухани және имандылық тұрғысынан дамыту, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды реттеу мәселелері «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285 Заңында нақты көрсетілген.

Жастарды кешенді қолдау мақсатында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 13 қарашадағы №784 Жарлығымен 2019 жыл «Жастар жылы» деп жарияланды. Еліміздің болашақ дамуына үлес қосуға қабілетті және жауапты, белсенді өмірлік көзқарасы бар жастарды тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, олардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту үлкен еңбекті қажет етеді.

Осыған сәйкес, жастар тәрбиесіндегі басым бағыттардың бірі – тарихымыздың тереңінен, бүгінгі күнге дейін жеткен ұлтымыздың рухани құндылықтарын негізге алу болып табылады. Отанын сүйетін, тарихымен мақтана алатын, тілі мен мәдениетіне құрметпен қарайтын, дәстүрін сыйлайтын жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Тек сонда ғана, ертеңгі күні еліне қорған болатын, жаһандану заманында ұлтының шырағын сөндірмейтін, тілінің құрып кетуіне жол бермейтін, жасампаз елінің жаңа тарихын жасайтын ұлт көшбасшыларының шығары сөзсіз.

Әрбір ата-ана, мемлекеттік қызметкерлер мен қоғам мүшелері, бүгінгі балалар және жастар тәрбиесінің жауапкершілігін түсініп, оған ертеңгі мемлекеттілігіміздің берік іргетасы ретінде қарауы керек. Осы мақсатта баланы жас кезінен ұлттық құндылықтарға сәйкес, болашақ тұлға ретінде тәрбиелеу үшін қолда бар құралдар мен мүмкіндіктерді тиімді пайдаланған дұрыс.

Атап айтқанда, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғаламтор желісіндегі өзге зиянды ақпараттардан назарын бұру мақсатында олардың қызығушылығын туғызатын пайдалы бейнероликтер, танымдық ойындар мен бағдарламаларды ұсынатын интернет-ресурстарын жасақтау қажет. Себебі, бүгінгі күні ғаламтор желісіндегі күмәнді ресурстар балалар мен жасөспірімдердің санасына кері әсерін тигізуде. Алдына қойған айқын мақсаты жоқ, өмір сүруге құлықсыз, ештеңеге қызықпайтын кейбір жастар өкілдерінің арасында түрлі қылмыс жасау мен өз-өзіне қол салу фактілерінің жиі кездесетіні рас[9; 77].

ҚР ПМ мәліметіне сәйкес соңғы кездері әлеуметтік желілерде суицид идеяларын насихаттайтын және оны жасаудың жолдарын көрсететін топтар көбеюде. Ал жастардың еліктегіш келетінін ескерсек, олардың назарының ауып, аталған топтардың тұзағына ілініп қалу қаупі алаңдатады. Аталған мәселелер жастар тәрбиесіндегі дәстүрлі рухани құндылықтардың жетіспейтіндігін көрсетеді. Ата-ана мен қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне жете көңіл бөлінбеуде және тәрбие жұмысында дәстүрлі ұлттық құндылықтар тиісті деңгейде қолданылмайды.

Қазақ халқының да бала тәрбиесі жөнінде ежелден жиып-терген мол тәжірибесі, заңдылықтары бар. Халқымыз өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, оның бойына сіңіріп отырған. Ендеше, осы тәрбие – денсаулық көзі. Адамның жан тыныштығы, жан саулығы – денсаулық кепілі. Баланың дені сау болып ер жету үшін – адамгершілік, руханилық, имандылық ауадай қажет. Бұл бесік жырынан басталады.

Тәрбиенің асыл көзі – көнеден келе жатқан, ғасырлардан шыңдала жеткен бабалар ұлағатынан екенін ғұлама Платон да айтқан. Көп ұлтты Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес,

мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

«Жастар – қоғамның тұтқасы» дейміз. Сондықтан дін жастарға әсер етпей қоймайды. Жалпы, дін қоғам психологиясына күшті әсер етеді. Жастарға олардың психологиясына әсер ету арқылы ғана имандылыққа, әдептілікке тәрбиелеуге болады. Жастырымыз иманды болса, ел де иманды болады. Ал иманды ел – инабатты ел. Сонда иманды елде қылмыс кеміп, ар мен ұят үстемдік құрады.

Ал адамзаттың түпкі мақсаты – соған біртіндеп жол салып, жету болып табылады. Егер, жастардың жадында пайғамбарымыздың хадистерінен ғылымға, білімге үндейтін сөздері сақталса, нұр үстіне нұр болар еді. Мысалы: «Адамның адамгершілігі білім деңгейімен өлшенеді», «Ғалымның өлімі – ғаламның қирауы», «Надан тірісінде де өліммен тең, ал ғалым өлгеннен кейін де өмір сүреді», «Өз еңбегімен тапқан тағамнан дәмді асты тіршілікте ешкім ішіп көрген емес», «Құдайға құлшылық қылудың ең үлкені – білім қуу», «Кісінің имандылығы кісі сыйлауынан көрінеді», «Адамның ақыл-парасаты мәдениеті мен мінез – құлқынан байқалмақ» - деген хадистерінен ғылымға, білімге, имандылыққа, еңбекке тәрбиелейтін идеяларды қабылдай алатын еді.

Ел Президентінің “Қазақстан – 2030” бағдарламасында айтылғандай, озық жетістіктерге негізделген білім нәрімен қатар, ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар ғана ұлт тағдырын тереңінен таразылап, болашағын барынша болжайтын тұлға ретінде танылатыны анық[10; 74].

Қорыта келгенде, жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастыру және халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтары негізінде тәрбиелеу – бүгінгі күннің талабы болып табылады. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру жастар бойындағы сана-сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын патриот-азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі және мемлекет тарапынан осы бағытта үлкен жұмыстар жүргізіліп жатқаны қуантады.

#### *Әдебиеттер:*

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы” Жарлығы. 2006 жыл 10 қазан.
2. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан - 2030» бағдарламасы.
3. Оразбекова.К. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында». Алматы, 2000
4. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары.- Алматы, 2000.
5. Тәжібаев Т. Жалпы психология.- 2000. 985б.
6. Валиханов Ч.Ч. Общая история // Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. – 5 т. – Алма-Аты: Китап. – Т. 2, 1985.
7. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/44612/>
8. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. /Егемен Қазақстан: жариял. – Алматы, 19 наурыз, 2007. –Б.3-4.
9. Ғаббасов С. Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері. – Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2005.
10. Сақтағанова Т.С. Өркениетті білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет // Мектептегі психология, 2006.



## **ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Жаңашылдық, Батыс мәдениеті т.б. деп жүріп өзіміздің теңдесі жоқ, тәлімдік салмағы мың батпан халық педагогикасы материалдарын естен шығарып алғанымыз болмас. Мәселе олардың заманауилығында болуы себепті соның бір пұшпағын ашып көрейік.

Әлеуметтік-педагогикалық мәселелер қазақтың әдеби мұрасындағы бізге жеткен ауыз әдебиетінде, УІ ғасырда тасқа ойып жазылған сына жазуда/руника-бұйра жазу/, одан кейінгі жазу ескерткіштерінде, ақын-жыраулар шығармаларында, жыр-дастандар, ертектер мен өтірік өлең т.б. орын тепкен. Оларда бала тәрбиесіне қатысты ойлар мен қоса әлеуметтік-педагогикалық ауытқулармен оларды түзету жолдары-әдіс, амал, тәсілдер мен тетіктері, шарттары мен амалдары айтылады.

Бүгінгі **мәселе** соларды әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарда пайдалану жолдарын, түрлері мен әдістерін іріктеп алып практикаға ендіру. Халық шығармаларындағы, жазу әдебиеттеріндегі әлеуметтік-педагогикалық ойлар ұшан теңіз болуы себепті оларды жіктеп, зерттеп пайдалану жолдарын қарастыру маңызды. Біз даярлап жатқан әлеуметтік педагогтар негізінен мектеп және басқа да тәлім-тәрбие ұйымдары мен мекемелеріне, соның ішінде балаларға арналғандықтан мәселені баланы әлеуметтендіру тұрғысынан қарастырамыз.

Халық педагогикасының тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін Т.Тәжібаев[1], Қ.Жарықбаев пен С.Қалиев[2], С.А.Ұзақбаева[3], Ж.Әбиев[4], М.Құрсабаев[5], Қ.Бөлеев[6] т.б., халық педагогикасының әлеуметтік-педагогикалық тұстарын Ғ.Қабекенов[7], Абай мұраларының әлеуметтік-педагогика практикасындағы мүмкіндіктерін И.Р.Халитова[8] зерттеп келеді.

Алдымен халқымыздың мақалдары мен мәтел сөздеріне тоқталамыз. Себебі олар қысқа да-нұсқа айтылып, дереу есте қалады, сол себепті ұрымтал. Өзіміздің бала кезде ересектерден естіген мақал, мәтелдеріміз әлі есте. Өсе келе соларға назар аударып, ойға алған сәттеріміз де болған еді.

Балаға көп сөйлегеннен гөрі бірауыз мақал не мәтел айтып-ақ тәрбиелеген. Халқымыздың мәтел сөзі «бес саусақ бірдей емес» дегеннің өзі ақ әлеуметтік-педагогикалық мәнде санаға салсақ, адамдардың барлығы бірдей болмайтынына жаңсап тұр. Осы мәтел сөздің астарында, адамдардың психикасы, физиологиясының әр түрлі болуына байланысты қабылдауының да әр қалай болатынына жаңсап тұр, б.а. психофизиологиялық көтерген жүгі салмақты.

Әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда қарасақ, біреуге қолданған амал-тәсілдің екінші біреуге тура келмейтінін ескертеді. Қазабалайтын болсақ мақал адамдардың туа біткен қасиет, қабілет сапаларының әр түрлі болуы себепті қабылдауылары да түрліше, айталық бір балаға ақылман айтылған сөз қонымды, екіншісіне қатаңдау айту керек, ал үшіншісіне басқа тәсіл қолдану керек. Үлкендердің «мынаның таяқ жегісі келіп қалыпты» немесе айтқанды тыңдамай тұрған балаға «немене, арқаң қышып тұр ма» дегендерді талай естіген едік. Әрине қаталдық тәрбиенің ең нашар тәсілі десек те кейде солай болуы да керек шығар, бұған А.С.Макаренконың айтқаны мысал.

Әлеуметтік педагогиканың пәні адам бойындағы кемшіліктер мен ауытқулар болса, халық педагогикасы материалдарынан оған қатысты пікірлерді көптеп кездестіруге болады. Мысалы, «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ», «Ашуы тездің ақылы қысқа», «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді», «Екі жаман ауыл болмас, ауыл болса да қауым болмас», «Еркені түйе үсітінде ит қабады», «Баланы басынан», «Баланы қойсаң еркіне, далаға барып отырып келер бөркіне», «Жаман менен жолдас болсаң қаласың ұятқа, жақсы менен жолдас болсаң жетерсің мұратқа» деген секілді мақалдар мен мәтілдер көп-ақ.

Ауыз әдебиетінің қомақты бір бөлімі жұмбақтар, жаңылтпаштар, мазақтамалар.

Жұмбақтар қай жастағы баланы болсын ойлауға, тапқан ойын сөзбен айтып жеткізуге, дұрыс болмай қалса тағы ой жүргізіп ізденуге үйретеді. Жұмбақтар сөйлей алатын ең кіші жастағылардан бастап ересек адамдарға дейінгі аралықты қамтиды. Мысалы, «Ай далада ақ отау, аузы мұрны жоқ отау», «Ти десем тимейді, тиме десем тиеді», ересектерге арналған «Ізі бар, адымы жоқ аяғының, тимейді ұшы жерге таяғының, қолдарын хайыуанға артып алып, әніне салады екен баяғының» т.с.с. Жаңылтпаштар ой мен тілді ұштастырады және тілдің икемділігін дамытады, тілінде кемістігі бар балалардың тіл мүкісін жоюға үйретеді. Мазақтамаларды балалар арасындағы сын деуге болады, сол арқылы мінезі, жүріс-тұрысында кемшілігі бар балаларды түзету, кемшілігін көзінше айту десе де болады. Олардың санасы таза болуы себепті пікірлерін мазақтамалар арқылы айта салады. Мысалы, «Асыбай жылайды, ақ тауығым тумайды», «Еркенің көзі жасты, бармағын бұзау басчты», «Жалқаудың ұйқысы тәтті, сабағын оқымай қапты» т.б.

Халқымыздың ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі өтірік өлең болса, оның қазіргі заманғы оқыту мен тәрбиедегі мәні мен маңызы әлі күнге ашылған жоқ. Бір ғана нәрсені айта кетейін, біздер жаңа жеп жүрген «миға шабуыл» әдісі, ертеден –ақ халқымызда қолданылған. Мысалы, мына өтірік өлең соған мысал:

Міндім де шегірге сона кудым,

Үш күн түнеп жете алмай қона кудым.

Енді жеттім дегенде белі үзіліп,

Шегірге мінбеске тоба қылдым.

Ертеректегі балалар сона, шегіртке, белі үзіліп дегендерді жақсы түсінетін де, олар ойлана келе, шегірге міну мүмкін емес, смонану шегіркемен қуып жету мүмкін емес деген секілділер арқылы ой жүргізіп, талдай алатын. Ертегілерде «Алдар көсе», «Газша бала» т.б. балаларды ойлауға, жақсы- жаманды ажыратуға үйрететін. Оларда балалардың жақсы жақтары мен жаман жақтарын талдап ойлау арқылы ұғынуына көмектесеті.

Көне түркі жазба ескерткіштеріне YI ғасырдан YIII ғасырға дейінгі аралықты қамтитын және ежелгі түрік тектес халықтар мекендеген өңірлерден табылған әр түрлі балбал тастар, арнайы жасалған тас ескерткіштер, жартастар мен табиғат қойнауындағы үңгір, сай-салада ойып, кертіп, қашап түсірген жазулар кіреді. Зерттеуші ғалымдар оларды Енисей ескерткіштері(YI-YII ғғ.) деп атаған. Олар көлемі жағынан шағын, екі- үштен 10 - 15 жолдан аспайтындығы зерттеушілер тарапынан айтылған. Талас жазба ескерткіштері, осы өзен бойынан табылған онда YIII ғасырдағы кейбір ахуалдар мен ой-пікірлерден мәлімет береді;

Ескерткіштегі тәлімдік ойлар жайлы Қ.Жарықбаев «халық жадында сақталған ежелгі бабаларымыздың ерлік істерін, тұрмыс салтын жұртқа паш еткен...» дей келе осы құлпы таста «жас жеткіншектерді елін, халқын сүйуге, жақсы, ұнамды әдеп- ғұрптарға баулу, үлкенді силау, зеректік пен ойшылдыққа батылдық пен тапқырлыққа үйретіп, тәрбиелеу жайындағы мәселелер сөз болады» деп педагогикалық маңызын ашып көрсеткен. Монғолияның Онгин өзені бойынан табылған Орхан ең көне жазу ескерткішінен болып саналатын «Күлтегін» тас жазуының мазмұнынан Ілтеріс қаған мен оның жұбайы Ілбілге қатын жайлы мәлімет айтылған. Ескерткішті орнатып, оған ата –бабасы Бумын қаған мен Ілтеріс қаған жайлы айта келіп туысқан інісі Күлтегін батырдың ерлігін мәңгілік жаднама еткен ақын Иоллоғтегін осыған орай «мен мәңгі тас орнаттым. Табғаш қағаннан шебер келтірдім, өрнектеттім...Бұл жазуды жаздырған – тегін Иоллғ туысы»-дейді.

Күлтегін жазу ескерткіші «Кіші жазу» және «Үлкен жазу» деген екі бөлімнен тұрады. Оны зерттеуші ғалымдар мынадай сегіз бөлімге топтастырады:

- 1) қағанның өз халқына айтқан үндеуі;
- 2) жер жағдайының сипаттамасы;
- 3) түркілердің әскери жорықтары жайлы мәліметтер;
- 4) табғаш халқының зымияндық, қастандығы;
- 5) табғаштармен жақын қарым-қатынас пен сенгіштіктің зияны жайлы;

- 6) түркі халқының болашақты болжамай, береке – бірлікке келмеуінің себептері;
- 7) Білге қағанның ерлік іс-әрекеті және оны мадақтау;
- 8) осы ескерткіш жырдың жазылуы жайлы баяндама.

Соғыс бұл екі тараптың келісе алмауы не болмаса жаулап алу әрекеттерін жүзеге асыруды көздейді. Кезкелген соғыс әрекеті халыққа апат әкелетіні, өлім және қиыншылық алдында үрей туғызатыны, жалпы қоғамдық не болмаса жалпы халықтық қорқыныш олардың әдеттегі психологиясын өзгертіп жан сақтау қамы үшін не нәрседен болмасын тайынбайтын ахуалға алып келетіні. Соғыс жағдайының педагогикалық маңызына келетін болсақ бұл дастанда, ел бірлігі мен Отаншылдық, өзара береке - бірліктің маңызы, елге, жерге, халқына деген сүйіспеншіліктің жырланатыны ерекше мәнді.

Күлтегін ескерткішінде, Қаған Ілтеріс өзі басқарып отырған елге «ілгері күн шығыста оң жақта күн ортасында, кейін күн батсыта, сол жақта түн ортасында...халықтың көбі маған бағынды... Түркі қағаны Өткен қойнауында отырса, елде мұң жоқ» дей келе өзінің жауынгершілігі туралы айта келіп Тибетке таяу жерден Өз елі, өз жұртында отырып бұндай жағдайға душар болудың өзі жалпы елді ішкі күйзеліске ұшыратады, ал бұл өз кезегінде жас ұрпақтың азғындауына алып келетіні әлемдік тарихи тәжірибеден белгілі. Өйткені жаулап алу тәсілінің өзі әділетсіздік, ал қулықтың өзі ақыл, парасатқа, адамгершілікке қайшы қылық болғандықтан адамды, адамдар тобының ішкі жандүниесінің күйзелуіне, дағдарысқа ұшырауына себеп болады. Алайда халық арасында бұндай алдау мен арбауға көне қойматындардың да болатыны және елді құтқаруда солардың әрекетінің маңызды екені де анық.

Түркі халқының бұндай жағдайға түсуінің бір себебі сол сенгіштігі болса, тағы бір себебі береке бірлігінің болмауы, білгендердің ақылына қосылмауы «...көтерілдің, қағаныңның тілін алмадың, жер-жерге бардың...алқындың, арыдың...қаңғып, өлі-тірі боп жүрдің»- деген жолдыр осының дәлелі. Бұл жағдайдан елін құтқару үшін істеген әрекетін «Қаған болып, ештеңесі жоқ, жарлы халықты көп көтердім. Жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым»- деп жазылған. Күлтегін жазуындағы басты тәрбиелік-тәлімдік ойлар, патриоттық сипатта және береке бірлікке, адалдық пен әділдікке, елдің рухын әлчірететін, хал жағдайын нашарлататын соғыс ахуалынан аулақ болу; білген адамның тілін алып, айтқанын тыңдау; жастарға жақсы үлгі-өнеге көрсету.

**Қорқыт** атаның қай дәуірде, қай жерде өмір сүргені, шыққан тегі жөнінде осы кезге дейін әр түрлі пікірлер айтылып келеді. Ол жайлы қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов: "Қорқыттан жеті ғасыр кейін шыққан атақты Асан ата XV ғасырда қазақ ұлысын біріктіру мәселесін қолына алған даланың ойшыл данасы", - дейді. Бұл дерек бойынша Қорқыт ата шамамен сегізінші ғасырда өмір сүрген болады.

"Қорқыт ата кітабы" 12 аңыздан тұрады. Бұлар XV ғасырда жинастырылып, хатқа түсірілген. Аңызда орта ғасырдағы әзербайжан және кавказ әлемі айқын және көріп тұрғандай негізде суреттелген"- деген ой білдіреді.

Қорқыт ата жазбаларының жас ұрпақ тәрбиесіндегі алатын орны педагогиканың тарихына қатысты кейінгі кездегі еңбектерде айтылып келеді. Қорқыт ата айтыпты деген мұралардың бізге келіп жеткендері «Қорқыт ата» кітабында топтастырылған. 1999 ж. «Қорқыт ата» атты энциклопедиялық жинақ жарық көрді. Оның нақыл сөздерін тәрбиелік-тәлімдік тұрғыда топтастырылған:

1. Діни наным-сенімдер, құран сөздерімен байланысты;
2. Қоғамдағы әлеуметтік ахуал, адамдардың ондағы орны жайлы;
3. Адамдардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасы жайлы ойлар;
4. Жекелеген адамдардың мінез-құлқындағы келеңсіздіктерге қатысты;
5. Отбасы қарым-қатынасындағы жаңсақтықтар;

Қорқыт атаның дін туралы пікірлеріне қарағанда ол діни нанымдарды адам тәрбиесінің негізгі құрал, қайнар көзі ретінде қарастырған. Ол «Алла, Алла демейінше, іс түзелмес; Тәңірі бермейінше ер байымас; Әзелде жазылмаса құл басына қаза келмес; ажал уақыты жетпейінше ешкім де өлмес; өлген адам тірілмес, шыққан жан кері келмес;

тәкапарлықты Тәңірі сүймес...ауызымды ашып тілге келтірген көктегі Тәңірі көрікті...»- деген сөздерінен өмірдің мәні тек өлімді ғана күту емес, демек тіршілік ету керек дегенді білдіреді. Адам мінезіндегі ең нашар құлықты тәккапарлық деп танитын діни ұғымды қарапайым да ұғынықты етіп қысқа қайырып жеткізген. Бұның педагогикалық мәні, нашар мінез адамның өзіне ғана емес төңірегіндегілерге де теріс ықпал ететіні, тіпті кейбір жағдайларда бүкіл бір қоғамға әсері болатыны.

Отбасы қарым-қатынасы мен ондағы тәлім тәрбиеге байланысты ол «қыз анадан көрмейінше өнеге алмас, ұл атадан көрмейінше сапар шекпес, дәулетті ұлың болса ошағынның қоры (қазынасы) болар, дәулетсіз ұлың болса, атаның көрі болар, жат баланы қанша сақтасаң да ұл болмас...қонақ келмеген үйдің құлағаны артық...тізесін бүгіп отырған инабатты әйел көрікті; жанашыр ағайын-туған көрікті..үлкен шаңырақ үйдің қасына тігілген келіннің отау үйі көрікті..өнегелі бала көрікті» деген. Мұнда отбасы тәрбиесінің ондағы әр мүшесіне байланысты екені бір айтылса екінші бір жақтан ондағы тәлім –тәрбие көзі-үлгі, өнеге екені тағы айтылған.

Қорқыт ата жекелеген адамдардың мінезіне байланысты бірқатар пікірлер айтқан. Ол әйелдердің мынадай төрт түрлі мінезін атап көрсеткен: бірі- кепкен ағаш секілді, бірі- үрген қарын секілді, енді бірі-үйдің тіреуі, төртіншісі- қанша айтсаң да бәз баяғысындай мелшиген қырсық әйел.

«Оғызнама» дастаны. Бұл туралы Қазақстан энциклопедиясында «Оғызнама» дастаны «түркі халықтарының ежелгі шежіресін генеалогиялық аңыздар негізінде баяндайтын эпостық дастан» делінген Қазақ ұлттық энциклопедиясында. «Оғызнама» дастанында ата-аналары балаларын жауынгерлікке тәрбиелеудегі аса маңызды тәсілі атқа міну және ат үстінде садақ ату, найза, сүңгі, қылыш, айбалта, семсер, қанжар пайдалану, бес қаруды: қылыш, найза, шоқпар, садақ, айбалта меңгерту, осы қаруларды қолдану өнерін алдымен аңшылықта сынап көру секілді тәрбие түрлері ер балаларға байланысты айтылады.

Халқымыздың арманы дүниеге келген баланың жылдам өсуі жай ғана өсуі емес, оның қайратты болғанын аңсағанын осы балаға берілген сипаттамалар байқатады: «осы ұлдың аяғы өгіз аяғындай, белі бөрі беліндей, кеудесі аю кеудесіндей...денесін түгел түк басқан еді» деген. Білектің күші аса бағалы сол заманда ұл баланың қайратты, айралы, соғыс қаруларын жете меңгерген батыр да батыл болуының халық үшін маңызы зор еді.

Ол дәуірдегі адамдар халықтың тыныш та бай өмір сүруін батыр да ақылды ұлдарымен тығыз байланыстырған. Аңызда Оғыз баланың тәрбиеленуі айтылады:

Малдарды күтіп жүретін болды,  
Аттарға мініп жүретін болды,  
Аң-құс аулап жүретін болды  
Оғыздың қаған болуы және өз халқының белгісін Таңба деп атап ұранын «Көк бөрі» деуі олардың ел болып біріккенін көрсетті:

Мен сендерге болдым қаған!

Алалық жай, тағы қалқан!

Тамға бізге болсын бұян

Көк бөрі болсын ұран!

- деп ел болып құралғанын жариялады.

Аңызда түрік тектес халықтардың пайда болуы, атауы, ел болып бірігуі мен қоса ер жігітті тәрбиелеу дәстүрінен мәлімет берілген. Дастандағы басты тәлімдік пікір хандар мен бектердің тақ, билікке құмарлығынан басқаларға соғыс ашуының салдарынан халықтың зардап шегетіні, балаларды сол заман талабына сай жауынгерлікке үйретіп, өз дәуірінің алдыңғы тәлім-тәрбие үлгісінде бағып өсіруге ынталы болғаны.

### *Әдебиеттер:*

1.Тәжибаев Т. Жалпы психология.-Алматы.-1993.-236б.

2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы.-1995, 83б
3. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. Алматы: Білім, 1995.-232б.
4. Әбиев Ж. Педагогика тарихы.-Алматы.-Алматы,
5. Құрсабаев М. «Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани-танымдық бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың этнопедагогикалық-этнопсихологиялық мәселелері. –Алматы, 1993. -110б.
6. Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие. –Алматы: Нұрлы Әлем, 2000. - 116б.
7. Қабекенов Ғ. Әлеуметтік педагогиканың тарихы.-Алматы, 2012
8. Халитова И.Р. Абай (Ибраһим) Құнанбаев мұралары әлеуметтік-педагогикалық жұмыс практикасында.-Алматы.-2016

*Оңғарбай З.,*

*Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистранты,*

*Көкшетау қ-сы.,*

*Зубайраева З.А Педагогика ғылымдарның кандидаты, доцент міндетін атқарушы*

## ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДА БАЛА ТӘРБИЕСІ

Баланы ұлша тәрбиелесең -- ұл, құлша тәрбиелесең -- құл болмақшы.

А. Байтұрсынұлы.

Педагогика термині грек тілінен шыққан, баланы жетектеп мектепке апарушы, балаларды ертіп жүруші деген мағынаны білдіреді. Нақтыласақ, педагогика термині гректің екі сөзінен: пайс- балалар және эгейн- баланы бағу, басқару, жетектеу, тәрбиелеу, ұғымдарынан шыққан. Педагогика жер бетінде адам пайда болғанымен қатар келе жатқан ғылым деуге болады. Педагогика –бала тәрбиесі жайындағы ғылым, олай болса адам ұрпағы үнемі өзгеріп, жаңарып отыратындықтан, педагогика ғылымы да үнемі өзгеріп отырады.

Адамзат пайда болғаннан кейін адамдар қауымдастығының ерекше түрі- ұлттар пайда болуымен қатар әр ұлттың өз ұрпағын тәрбиелеуде өзіндік ерекшеліктері қалыптаса бастады. Яғни әр ұлт ғасырлар бойы бала тәрбиелеу тәжірибелерін жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып келеді. Халық педагогикасы – Халықтың ұрпақ тәрбиелеу тәжірибесін зерттеп, ғылыми жүйеге келтіретін педагогика ғылымының саласы. Адамның белгілі бір ұлтқа тән қасиеті сәби кезінен қалыптасады. Бала өмірінде отбасы тәрбиесі басты рөл атқарады. Отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, бір-біріне көзқарасы, ойлау жүйесі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы – ұлттың бөлінбес бөлшегі. Ұлттық мінез-құлықтың отбасы қалыптасуында ұлттық тәлім-тәрбие шешуші рөл атқарады. [1]

Қазақтың ұлттық педагогикасын алғаш зерттеп, жинақтаған Әбубәкір Диваев (1855-1933). Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, бастыру мәселелері ХІХ-ғ. мен ХХ-ғ. Басында бір топ орыс ғалымдары айналысты. Олардың ішінде Сырдария генерал-губернаторы Н.И.Гродековтың 1884 ж. қазақ, өзбек, қырғыз халқы ауыз әдебиетін жинауды қолға алып, бұл жұмысты жергілікті халықтың тілін, салт-дәстүрін жетік білетін Орынбор кадет корпусінің түлегі Ә.Диваевқа тапсырды. Ол араб, парсы тілдерімен қоса қазақ, өзбек, тәжік тілдерін де жетік білетін еді.

Ә.Диваев белгілі түркітанушы В.Н.Наливкинмен, тарихшы, этнограф, филолог А.Н.Вышнеглядскиймен жүздесіп, ақыл-кеңес ала отырып, зерттеу жұмысының жоспарын жасады. Ел аузындағы ертек, аңыз-әңгіме, батырлар жырын жетік білетін қариялармен пікірлесіп, олардың білгендерін жазып алып жіберіп отыратын мұғалім-молдаларды бұл іске тартты. Өзі жинаған материалдардың бір тобын Ресей география қоғамының

Қазандағы бөлімшесіне жіберіп отырды. Сондай-ақ 1886 ж. Ташкентте шыға бастаған “Түркістан уалаяты” газетінде жариялады. Диваев біріншіден қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін келешек ұрпақ үшін, тарих үшін қажетті дүние деп қараса, екіншіден жиналған материалдарды орыс тіліне аударып, бастыру арқылы қазақтың көне мәдени мұрасымен орыс, батыс халық өкілдеріне таныстыруды көздеді. 1896 ж. Қазан университеті жанындағы археология, тарих және этнография қоғамы Ө.Диваевқа хат жолдап, аталған қоғамға мүшелікке алғанын хабарлайды. А.Диваев 100-ге тарта ғылыми еңбек қалдырды. Ол жинаған қазақтың батырлар жыры 1922-23 ж.ж. Ташкентте тұңғыш 9 том болып басылды. 1924 ж. Ташкентте қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінен құрастырған “Тарту” атты жинақ, ал 1926 ж. Қызылордада “Балаларға тарту” жинағы шықты. Ол “Алпамыс”, “Қамбар батыр” жырларының бірнеше варианттарын, “Тазша бала” ертегісінің үш нұсқасын салыстыра зерттеп, олардың ішіндегі ең толығын және ең көркем дегендерін баспа арқылы шығарып отырған. Диваевтың 1920 жылы Жетісу, Сырдария бойына ұйымдастырған экспедициясы орасан мол материал әкелген. Олардың ішінде аңыз да, жұмбақ та тақпақ та, мақал-мәтелдер де, айтыс өлеңдер де бар. Ө.Диваев қазақ ойындары мен ойыншықтарының мән-мағынасына да талдау жасайды. Жарты ғасыр өмірін қазақтың мәдени мұрасын жинауға, зерттеуге арнаған Ө.Диваевтың еңбегі туралы кезінде М.Дулатов, М.Жұмабаевтар өлең, мақала жазып, жоғары бағалаған. [2].

Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931). Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы әрі ақын, әрі жазушы, аудармашы, философ, шежіреші әмбебап ғалым. Ол жастайынан өнер-білімге, әдебиет пен тілге (араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білген) бейімділік көрсетіп, көп ізденіп, шығыс, батыс классиктерінің еңбектерін оқып үйренген. 1905-1906 ж. Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне мүше болған. 1905-1906 ж.ж. Меккеге сапар шегіп Стамбул кітапханасындағы бай мәдени мұрамен танысқан. Қайтып келе жатып, Ясная полянадағы Л.Н.Толстоймен кездесіп пікірлескен. [3]. Ол халық аңыздары негізінде “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек” дастандарын жазып, қазақтың әдет-ғұрыптары туралы мол мәліметтер береді. 1911 ж. “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” атты еңбегін жазады. Ол Толстойдың қысқа әңгімелерін, Физулидің “Ләйлі-Мәжнүн” поэмасын, Пушкиннің “Дубровский” атты поэмаларын аударды. 1918 жылы. “Абай” журналына Қожа Хафиз шығармаларын аударып бастырады. Шәкәрімнің дүниенің жаратылысы, философиялық-геологиялық көзқарасы “Үш анық”, “Қазақ айнасы”, “Анық пен танық”, “Мұсылмандық шарттары” атты еңбектерінен көрініс тапқан. Ол бұл еңбектерді жазбас бұрын батыс, шығыстың атақты ғалымдары: Пифагор, Маско, Эпиур, Демокрит, Аббас, Ньютон, Линней, Гасанди, Мұхаммед, Исус Христос, Дарвин т.б. еңбектерін оқып шығып үлкен дайындықпен келген. Олардың пікірлерімен терең танысқан Шәкәрім дүниенің негізі атомдардың қосындысынан тұрады, жаңа туып, өсіп-өніп, өліп-өшіп үнемі жаңаруда, өзгерістерде болады дегенді қуаттайды. “Кетті, келді, толды, семді, өзгеленді бұл ғалам. Туды, өлді, жанды, сөнді, өршіп, өнді қайтадан” дей келіп: “Іздем, таптым, анығын. Тастадым ескі танығын” – деп ой түйеді. Дүние сырын білу, нану, ұғыну, тану – бәрі ақыл ісі. Ол мида қорытылып түсінік, ой, сезім болып көрініс береді дейді. [3]

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) Бүкіл саналы өмірін қазақ халқының бақытты, берекелі, бірлікшіл ел болуын аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен ақын, аудармашы, тілші, ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов қазақ елін отырықшылыққа, мектеп ашып білім алуға шақырған ағартушы. Ол бірнеше оқулықтардың авторы: (“Әліпби”, “Тіл құралы”, “Баяншы”, “Әдебиет танытқыш” т.б.) Ол И.А.Крыловтың бірнеше мысал өлеңдерін аударып, 1909 ж. Петербургте “Қырық мысал” деген атпен бастырып шығарды. А.Байтұрсынов М.Дулатовпен бірігіп 1913-1917 ж.ж. Орынборда “Қазақ” газетін шығарды. Онда мектеп, оқу-ағарту ісі, отырықшылық, сауда, ел билеу ісі, Мемлекеттік Думаға қатынас мәселелерін сөз етті. Алдыңғы қатарлы елдерді үлгі етті. Надандықтан құтылудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлауды көтерді. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады.



Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көреді. “Оқыту жайында” атты мақаласында “Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге.

Оқу ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелілік жасалған оқу бағдарламасы болуы керек. Сол бағдарламаға негіздей жазылған оқулық болуы тиіс. Оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек дегендерді көтереді. Сондай-ақ А.Байтұрсынов білім негізі бастауыш сыныпта салынады деп қарады. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетіп берді. Байтұрсынов осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. Өзі бастауыш мектепке арнап “әліппе” кітабын жазды. Сондай-ақ оның “Тіл жұмсар” деген атпен екі бөлімді грамматикасы кітабы (1925) шықты. Ал М.Дулатов бастауыш мектепке арнап “есеп” кітабы мен қирағат (ана тілі оқу) кітабын жазды. А.Байтұрсынов пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928 ж. “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланға “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың “Үйрету әдістері туралы” деген еңбегіне талдау жасай отырып, “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деп ойын тұжырымдайды. [4]

Ұлттық білім мен тәрбие мазмұны жинақтала келе бүгінгі ғаламдасуға бет алған тұста жергілікті халықтың мәдениетіне басымдылық беру қажет. Себебі, қазақ халқының мәдениетін дамытатын қазақ жерінен басқа Отаны жоқ. Қазақтың тілі, өнері, мәдениеті, әдебиеті, тарихы өз жерінде ғана лайықты дәріптеледі. Еліміз көп ұлтты мемлекет және жаһандану жағдайында барлық халықтар мен ұлттардың дәстүрлі мәдениетін сақтай отырып ұлтаралық қатынастардың үндесуіне ықпал етіп отыр. Бұл тұрғыдан алып қарағанда қазақтың ұлттық педагогикасының танымдық және тәрбиелік мәні зор. Өкінішке орай бұл жеткілікті дәрежеде насихаттауды қажет етеді.

Ұлттық педагогика ұлтқа деген қызығушылықты, патриотизмді гуманистік идеяларды насихаттайды.

Жалпы білім беру ісінде ұлттық мәдениеттің қайнар көзі тіл, халықтық педагогика ең маңызды рол атқарады. Қазақ халқының аса бай мұраларының бірі - халық педагогикасы. Өкінішке орай, бұрынғы озбыр саясаттың арқасында көптеген жылдар бойы осы асыл мұраны жас ұрпақтың тәрбиесіне пайдалана алмадық. Қазіргі тәуелсіздік жағдайында осы кемшіліктерден арылып, жас ұрпақтарымызды ғасырлар бойы жинаған гуманистік, демократиялық, киелі салттар мен дәстүрлер рухында тәрбиелеу қазіргі басты міндет. Қазақ халық педагогикасында бала тәрбиесіне арналған өте құнды, өте пайдалы өсиеттер, мақал-мәтелдер, қағидалар мен пікірлер көп. Біз оларды отбасында, балабақшада, мектептерде кеңінен пайдалануымызға болады. Жас жеткеншектерді халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық тәрбие ерекшеліктерін терең білуге, құрметтеуге, үйретуге міндеттіміз. Халқымыздың атадан балаға қалдырған халықтық педагогикасында, ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесінде бала, ұрпақ, жастар арасындағы тәрбие мақсаттары жатыр. Мыңжылдық тарихы бар қазақ халқы өз ұрпағын өмірде, тұрмыс-тіршілікте батырлық пен батылдық, әділдік пен адамдыққа, махаббат пен ізгілікке, инабаттылық пен имандылыққа үздіксіз тәрбиелеп отырған. Еңбекке, төзімділікке, ептілікке, шеберлікке, шыншылдыққа, ар-ұят, әдеп, үлкенді сыйлау секілді қасиеттерді үй ішілік қарым-қатынастарда, тұрмыста ұрпақ зердесіне сіңіре білген бабаларымыз. «Сіз-деген сыпайылық, біз-деген көмек», «Сыйға –сый, сыраға бал», «Жаным десе жан семірет» деген мақал мәтелдер арқалы игілікті істерге бастаған. Қай заманда болсын есті де еңбексүйгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеуді парыз санаған.

Қорыта келгенде Халық педагогикасының негізіне ұлттық рухани, [мәдени мұралар](#) (ою-өрнек, қол өнері, ән-күй, өлең-жыр, т.б.), салт-дәстүрлер, [әлеуметтік мінез-құлық нормалары](#) кіреді. Ауыз әдебиетінің үлгілері, оның ішінде мақал-мәтел, өлең-

толғау, термелер, жұмбақтар – ақыл-ойды жетілдірудің, [батырлар жыры](#), [ән-күй](#), терме-такпақ – эстетикалық және ерлік рухта тәрбиелеудің, ертегілер мен аңыздар – адамгершілік мінез-құлықтар мен қарым-қатынасты қалыптастырудың құралы ретінде пайдаланылады. Ұлттық педагогика түрлерінен халықтық идеялар көрініс табады, оның мазмұнын айқындайды. Сөйтіп жастардың бойына ізгілік, қайырымдылық, достық, батырлық, адалдық, шыншылдық, бауырмалдық, т. б. қасиеттерді сіңіреді.

*Әдебиеттер:*

- 1 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: [Педагогика](#) / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. [2006](#). - 482 б.
- 2 Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. А; "Санат" 1995 ж.
3. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары А; "Жазушы" 1991 ж.
4. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. А; "Санат" 2001 ж.
5. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. "Этнопедагогика" Астана. 2005 ж.

*Р.Е. Жанғалиева*

*магистрант 1 года обучения, специальности 7М01101 – Педагогика и психология,  
НАО "Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова"*

*К. М. Нағымжанова*

*доктор педагогических наук, профессор университета Туран, г.Нур-Султан*

## **К ПРОБЛЕМЕ ВЛИЯНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ НА ПСИХИЧЕСКОЕ И ФИЗИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ ДЕТЕЙ И ФОРМИРОВАНИЮ ЗАВИСИМОСТИ**

XXI век – век всемирной глобальной сети Интернет, а также компьютерных и цифровых технологий. Это стало необходимой мерой, когда весь мир перешёл на цифровые технологии, мы вынуждены были идти в ногу со всеми развитыми странами.

В связи с чем, в Казахстане разработана программа «Цифровой Казахстан», которая должна стать основой быстрого роста технологий в республике и переориентации на электронный формат оказания всех видов услуг. [1; 1]

Ко всему этому, пандемия вынудила глобальное академическое и школьное сообщество обратиться к новым методам обучения, включая дистанционное и онлайн-обучение. [2; 1]

Сегодня каждая компания, каждая школа и ВУЗ, каждая семья вынуждена провести в свой дом и офис Интернет и локальные сети, а подрастающие дети спешат скорее зайти в виртуальный мир социальных сетей. Да с одной стороны это необходимость, диктуемая временем, а с другой стороны такое ощущение, что на нас проводят крупнейший поведенческий эксперимент за всю историю – контроль сознания. Человеку одиноко – он проверяет телефон, ему тревожно, и он опять проверяет телефон. Дать ребенку мобильный телефон - это как дать кокаин. Люди глобально подсели на мобильные телефоны, а именно на социальные сети, потому что весь Мир на кончиках наших пальцев.

Актуальность нашего исследования мы видим в том, что в современном мире получившие широкое распространение социальные сети и цифровые технологии могут негативно влиять на психическое и физическое здоровье подрастающего поколения. Эти технологии и все услуги в ней, такие как электронная почта, Messenger, WhatsApp, Facebook, Instagram, Yahoo, конференции и форумы при отсутствии контроля и самоконтроля могут негативно воздействовать на психическое и физическое здоровье подрастающих детей.



Вышеперечисленные социальные сети, заменяют живое общение и являются альтернативными способами виртуального общения. С каждым годом данные способы общения прогрессируют, если раньше модно и в диковинку было общаться через Skype, чаты и форумы, то сейчас на сцене доминируют социальные сети которые делают людей зависимыми от них.

Целью нашей статьи является проанализировать влияние цифровых технологий и социальных сетей на психическое и физическое здоровье обучающихся детей.

Согласно толковому словарю, социальная сеть (от англ. *social networks*) — это интернет-площадка, сайт, который позволяет зарегистрированным на нем пользователям размещать информацию о себе и коммуницировать между собой, устанавливая социальные связи. Контент на этой площадке создается непосредственно самими пользователями.

Немного из истории. Первая социальная сеть появилась в 1995 году — портал Classmates.com, на котором можно было найти своих одноклассников, однокурсников или сослуживцев. Кстати, сеть существует и сегодня.

2003–2004 годы — отправная точка роста популярности соцсетей. Именно тогда были запущены LinkedIn, MySpace и Facebook.

В 2006 году появились российские соцсети — «Одноклассники» и «ВКонтакте». В это же время появился и Twitter.

Популярные социальные сети сейчас.

На август 2018 года в списке 15 самых популярных соцсетей мира лидируют 3 соцсети:

Facebook — 2,2 млрд активных пользователей в месяц.

YouTube — 1,9 млрд активных пользователей.

Instagram — 1 млрд активных пользователей.

«ВКонтакте» и «Одноклассники» разместились на 13–14 местах с аудиторией в 97 и 71 млн активных пользователей в месяц соответственно. [3; 1]

Калифорния родина техногигантов перевернувших нашу жизнь. Наши телефоны способны на удивительные вещи, они объединили нас, и весь мир теперь у нас на кончиках пальцев, но если взглянуть на нас со стороны, то мы полностью поглощены ими и социальными сетями.

Программа Рамзес с искусственным интеллектом, которая помогает приложениям формировать привычки, в ее основе лежит эксперимент Б.Скиннера, который был проведен в 50-е годы. Ученый тогда увлекался социальной инженерией. Он хотел знать можно ли моделировать поведение людей. В так называемом ящике Скиннера голуби учились работать за награду. Скиннер совершил открытие, если награду давать лишь иногда, неожиданно то голуби клевали куда чаще. В приложениях социальных сетей мы то и дело получаем лайки, ретвиты и сердечки. Бихевиористы говорят, что все это может выступать нашей непредсказуемой наградой. И поскольку мы не знаем сколько общественного одобрения нам придет, то мы как голуби стараемся изо всех сил.

То, что цифровые технологии и социальные сети есть в нашей жизни, это не страшно. Страшно то, что от этого страдают дети. Уже практически у каждого шестилетнего ребенка имеется смартфон и в придачу планшет. Современные подростки заглядывают в свои телефоны в среднем 90 раз в день!

Кнопка Like формирует привычку. Ведь открыв приложение, мы можем не всегда, но иногда обнаруживать Like. И именно это притягивает нас, тот факт, что мы не знаем ждет ли нас сюрприз. Мы этого даже не осознаем. Тут задействованы более глубокие, древние части нашего подсознания, участвовавшего в мотивированном поведении. Это поведение регулируется дофамином химическим веществом в мозге от которого зависит цикл награда-мотивация-зависимость. Дофамин всего лишь дает мозгу сигнал: «То, что ты сейчас сделал было неожиданно круто. Пожалуй, стоит сделать снова».

Вся индустрия азартных игр построена на неожиданном вознаграждении. Но связано ли это с приложениями на наших смартфонах. Непредсказуемые награды

активизируют дофаминовую систему. Часть элементов дизайна приложений смартфонов похожа на некоторые игровые автоматы, и если смартфон задействует как-то дофаминовую систему тем же образом что и игровые азартные автоматы, то это может означать, что смартфоны способны вызывать зависимость подобно наркотикам. Вся мишура в казино огоньки, музыка, мелодии, звук монет — это как сок для нашего мозга. В наших смартфонах он тоже есть: мигающие огоньки, звуковые сигналы, цвета, мелодии.

Был проведен эксперимент на крысах в целях изучения вызывают ли свет и звук компульсивное поведение. В результате было установлено, что сочетание сахарных шариков с мигающими огоньками и короткими мелодиями побуждают животных принимать более рискованные решения, и они начинают вести себя как заядлые игроки. Если вспомнить некоторые приложения которые мы запускаем в смартфонах возможно вся эта звенящая музыка не так уж и безобидна.

Все свое время дети проводят в своих мобильных телефонах и просматривают мультипликационные и анимационные фильмы, играют в компьютерные игры, а также общаются с друзьями через социальные сети и компьютерные виртуальные игры. Все это не идет им на пользу, так как многие мультипликационные и анимационные фильмы агрессивные, а компьютерные игры оказывают сильное влияние на неокрепшую психику детей. Нет полноценного психологически здорового развития: дети не играют на улице, не бегают, не прыгают, самое ужасное не общаются друг с другом в живую, более того родители не общаются с детьми. Дети растут нервными, агрессивными, не контактными и уже с минусовым зрением. Если в Советское время ребенок в очках это был единичный случай, то сейчас стабильно в каждом учебном классе начиная с КПП сидят за партой от 2 до 4 учеников с различными проблемами зрения. В век компьютеризации, цифровых технологий, социальных сетей зрение Казахстанских учеников катастрофически падает, растет поколение очкариков. Отсюда можно сделать вывод, что из сегодняшних учеников вырастит целое молодое поколение с разными офтальмологическими патологиями.

Статистика уже сейчас выглядит просто устрашающе - из 100 процентов детей с хорошим зрением, приходящих в первые классы, к выпускным классам лишь 20-30 процентов школьников сохраняют его. А у 70-80 процентов школьников наблюдаются различные нарушения зрительной системы и прежде всего близорукость. В школах дети проводят большую часть дня, изучая насыщенную программу, которая с каждым годом все усложняется, а увлечение гаджетами в свободное от уроков время только усугубляет картину. В новом веке в офтальмологии даже появились новые диагнозы, вызванные пристрастием к компьютерам, планшетами и смартфонам, например, "компьютерный зрительный синдром". [4; 2]

Еще одна глобальная проблема в развитии детей - это проблемы логопедического характера. Дети идут в школу с дефектами речи, не выговаривают буквы и звуки. Оказывается, такие детки не могут владеть и управлять своим языком. Язык не гибкий. Это мы говорим в тех случаях, когда нет патологии и медицинского диагноза. Учащийся, чтобы выговорить букву «С» не понимает, как нужно это сделать и не может заставить свой язык слушаться, и поместить его за нижними зубами. Проблема не владения языком на прямую связана с неумением владения своим телом. Дети мало играют на свежем воздухе и не играют по-настоящему в детские игры. Учащиеся 1-4 классов не умеют прыгать на скакалке, прыгать в классики, прыгать через мяч и в «резиночки», не умеют крутить обруч. А как раз эти простые игры помогают ребенку овладеть своим телом, а через тело и своим языком. Чем гибче тело, тем гибче и послушнее язык.

Дав детям в руки смартфоны и введя их в мир цифровых технологий и социальных сетей, многие родители к сожалению, не учат своих детей, как правильно искать информацию и пользоваться Интернетом. Зачастую дети не знают, как верно искать необходимую информацию, а зачастую та информация которую дети воспринимают из мира цифровых технологий и социальных сетей она вводит в заблуждение, делает мир иллюзорным. Все это способствует тому, что дети начинают путать реальный мир с

виртуальным. Отсюда и высокая статистика по суициду среди несовершеннолетних у нас в Казахстане.

В институте бихевиористики провели эксперимент. У испытуемого попросили его смартфон и положили его на стол, который стоял за спиной испытуемого. За тем испытуемого подключили к компьютеру при помощи датчиков и попросили внимательно посмотреть фильм, посвященный теоретической физике. Не предупредив испытуемого экспериментатор начала интенсивно отправлять текстовые сообщения на смартфон испытуемого. Когда фильм закончился профессор экспериментатор объяснила в чем суть эксперимента. В ходе эксперимента изучали реакцию испытуемого на звуковые сигналы смартфона, измеряли повышение физиологического тонуса вызванного гормонами стресса, которые выпустили надпочечники испытуемого. Результат показал скачек уровня стресса при каждом звуковом сигнале. Отсюда вывод: такая реакция происходит с каждым человеком в течении дня, когда ему на смартфон приходят звуковые уведомления. Человек испытывает тревогу даже если не осознает этого. Наша реакция очень напоминает реакцию наркомана, у которого нет следующей дозы. Человеку кажется, что он что-то упустил и мозг начинает вырабатывать гормон как в ситуации бей или беги.

По данному эксперименту сложно определить есть ли у испытуемого зависимость от смартфона. Для этого необходимо понаблюдать за человеком весь день, то есть отвлекается ли человек на телефон будучи занятым другими делами, смотрит ли в него будучи за рулем, берет ли его с собой в постель.

В Великобритании подростки проводят в телефоне в среднем 18 часов в неделю в основном они зависают в социальных сетях. В школах пользоваться телефонами на занятиях запрещено, но вне школы дети погружены в социальные сети даже когда делают уроки. Если не получается решить сложную задачу, то пишут в чат друзьям о помощи. Социальные сети произвели революцию во взаимодействии подростков с миром. Но когда ты растешь в цифровом обществе у тебя появляются новые проблемы. Подросток в социальных сетях видя, что у кого-то больше лайков чем у него или меньше автоматически начинает себя сравнивать с ним. Заглядываешь в Instagram и видишь в выходные они делали то-то, а почему меня не позвали? Аха, они в свободное время занимаются тем-то, начинаешь сравнивать их жизнь со своей. Британские семьи каждый день сталкиваются у себя дома с последствиями того, что дети чрезмерно увлечены социальными сетями. Крайняя раздражительность, вспышки гнева, мама и папа против социальных сетей, угадайте кто победит? Как думаете?

Использование социальных сетей приносит столько вреда. Люди впадают в зависимость от Like. Мы знаем, что одна из базовых потребностей по А.Маслоу - это стремление принадлежать к группе. От неудовлетворенности данной потребности к психотерапевтам на прием попадают с расстройствами пищевого поведения, с синдромом аутоагрессии. У больных наблюдается тревожность, стресс, депрессия. Эти симптомы возникают в результате борьбы за принадлежность к виртуальному сообществу.

И что же ждет нас в ближайшем будущем? Неужели компьютеры станут нашими лучшими друзьями? Заменит ли «виртуальная реальность» реальную жизнь? [5; 1]

Обучающиеся и социальная сеть в период дистанционного и онлайн обучения – это та реальность, которая есть в нашем обществе. При таком формате обучения подросток вынужден целыми днями работать в компьютере и использовать цифровые технологии и интернет вместе с социальными сетями. Мы знаем, что социализация человека происходит в процессе воспитания в семье посредством живого общения и под значительным влиянием окружающей среды, институтов социализации. Сейчас все изменилось, сейчас наиболее сильное влияние на этот процесс оказывает Интернет.

Нынешние подростки общаются совсем иначе чем мы в нашей юности. Жизнь стала для них подобием видеоигры, лишенной живого человеческого контакта. Очень важно чтобы дети сами осознали наличие данной проблемы, что их вынуждают выглядеть определенным образом, иметь определенное количество друзей и подписчиков, и это все

вызывает огромный стресс, и легко почувствовать себя никчемным, недостойным если цифры недостаточно высоки.

Влияние гигантов социальных сетей возможно даже больше чем у многих правительств. Они хотят наше время, наше внимание, и получают их. Последствия неизмеримы. Это контроль сознания. Эти технологии влекут за собой огромные последствия для общества. Контроль над двумя миллиардами умов. Представим себе муравейник с двумя миллиардами особей и вот вы ставите им смартфон в который все муравьи смотрят. Будь вы дизайнер одной из таких компаний, вы можете заставить их все идти в определенном направлении. Вот почему это важно.

То, что на индивидуальном уровне ощущается как небольшая зависимость от гаджета, на самом деле это часть процесса затягивания нас в куда более глобальную сеть.

#### *Список литературы:*

5. Электронный ресурс: <https://kapital.kz/tehnology/77003/chto-zhdet-tsifrovoy-kazakhstan.html>
6. Электронный ресурс: <https://www.un.org/ru/85374>
7. Электронный ресурс: <https://promopult.ru/library>
8. Акимбеков Султан, Электронный ресурс: <https://tengrinews.kz/article/pokolenie-ochkarikov-325/>
9. Электронный ресурс: <https://nsportal.ru/ap/library/drugoe/2014/06/13/tema-sotsialnye-seti-i-ikh-vliyanie-na-psikhologicheskoe-sostoyanie>

*А.С.Таженова*

*п.г.м., аға оқытушы*

*Абай атындағы ҚазҰПУ*

### **СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛЫ**

1933 жылы Американдық жаңашыл педагог Джон Дьюи "Адамды ойлауға үйрету" білім беру жүйесінің басты міндеті болып табылады. Сонымен қатар, дұрыс ойлау қажеттілігі – бұл тек бір сәнді әуестену, тыртық текшесімен, ұзын шашпен және шалбармен-кешпен болған сияқты, ол тез арада ұмытылады[1].

Шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына тоқталатын болсақ, академиялық пән ретінде психология, когнитивті психология, соңғы 20 жылда ғылыми психологияда, яғни ойлау және білім табиғатын зерттейтін психология саласы үстем рөл атқарады. Когнитивті психологтар өз алдына міндеттерді шешу, пайымдауларды құру және шешім қабылдау кезінде қолданылатын техника мен стратегияны зерттеу міндетін қояды. Сондай-ақ, оларды осы қабілеттер интеллектке қалай байланысты деп қызықтырады. Бұл ой процестеріне деген қызығушылық когнитивті процестерге үйрету деп аталатын жаңа психология саласының өмірін берді.

Оның міндеті –адамдардың ойлау қабілетін жақсартуға көмектесу үшін адами ойлаудың процестері мен механизмдері туралы жинақталған білімдерді қолдану болып табылады. Мысалы, әр түрлі жағдайларда адамның дұрыс және дұрыс емес әрекеттерін зерттей отырып, психологтар көптеген адамдардың түрлі проблемаларды шешуге кездейсоқ және интуитивті көзқарас жиі қате екенін анықтады.

Сын тұрғысынан ойлау дағдыларына оқу сабақтары кезінде үйренуге және оларды кейіннен әртүрлі жағдайларда пайдалануға болатын дәлелдерді растайтын кейбір фактілердің қысқаша тізімін былай анықтаған[2]:

1. Венесуэлада ойлау дағдыларын оқытудың жалпыұлттық бағдарламасының талдауы ойлау техникасын оқыту бойынша сабақтарға қатысқан оқушылар салыстыру жүргізілген бақылау тобының оқушыларына қарағанда ауызша пікірталастарда және жазбаша шығармаларда жоғары нәтижелерді көрсетті. Бұл зерттеу әсіресе таңқаларлық, себебі шығармалар мен ауызша жауаптар "соқыр" деп бағаланған, яғни бағаланған оқушылар ойлау дағдыларына оқытудан өткенін білмеген, немесе олар бақылау тобына кіреді[3]. Бұл бағдарламаның нәтижелері оқушылардың өздері үшін күтпеген тақырыптар ұсынғанда, алынған ойлау дағдыларын тиісті қолдануға алғанын куәландырады.

2. Колледж студенттерінің өз пікірлері бойынша олардың көпшілігі сыни ойлау қабілеті ойлау дағдыларына оқыту курсынан өткеннен кейін айтарлықтай өскеніне сенімді. Студенттер өзін-өзі бағалау шкаласының тұтас қатары бойынша жоғары бағалай бастады, оған пікірді шығарудан асықпай, қарама-қайшы тұжырымдарды бағалау қабілеті, ықтималдық бағалауды қолдану және белгісіздік факторын есепке алу қабілеті кіреді. Сондай-ақ, олар есептерді шешу кезінде әртүрлі эвристикалық тәсілдерді қолдануды үйренді, олар "қарсы" әдісі, артық деректерді алып тастау және ақпарат көзінің сенімділігін бағалау[3]. Әрине, сыни ойлаудың өзіндік қабілеті өсті деп санауға болады — бұл қабілеттілікті жақсартуды іс жүзінде көрсету сияқты емес, бірақ студенттердің өзіндік бағалары басқа деректермен анықталғаны көрсетілді.

3. М. Ф.Рубинштейн өз тұжырымында сын тұрғысынан ойлау курсы оқыған колледж студенттері стандартты интеллект сынақтарында әлдеқайда жоғары нәтижелерді көрсетті[4]. Адам интеллектінің бірнеше сабақтан кейін өскені туралы кез келген тұжырымға күмәнмен қарауға болады, бұл деректер сыни ойлауға оқыту курстарының оң нәтиже беретіндігінің қосымша дәлелі болып табылады.

4. Зерттеушілер Фокс пен Маршал Грандалл, колледж бағдарламасына сәйкес деңгей бойынша сыни ойлауға оқыту курсы ересек адамдардың когнитивті мүмкіндіктерінің өсуіне ықпал еткенін анықтады. Когнитивті даму белгілі психолог Жан Пиаже әзірлеген әдіс бойынша және когнитивті өсуді талдау кезінде эталонды болып саналатын әдіс бойынша бағаланды. МакКиннон мен Реннер ұйғарымының негізінде Пиаж ұсынған көрсеткіштер бойынша бағалауда бірінші курс студенттерінің 25-50 % дерексіз және логикалық ойлау үшін қажетті дағдыларға ие екендігі анықталды[5].

5. Ойлаудағы өзгерістерді зерттеудегі жемісті тәсіл адам санасында білімнің қалай көрсетілгенін зерттеу болып табылады. Осы әдістеменің теориялық негіздемесі осы кітап шеңберінен шығып тұрса да, зерттеудің нәтижелерін бағалау қиын емес. Шенфельд және Херманн мысалы, колледж студенттерін жалпы ойлау дағдыларына үйреткен кезде, олар дәстүрлі бағдарлама бойынша оқыған студенттерден әлдеқайда жақсы тапсырмаларды орындады[5]. Сонымен қатар, бұл студенттер, бақылау тобының студенттерінен айырмашылығы, олар ұсынған материалды әдетте мамандар қалай жасайды деген оймен таныстыруды ұйымдастырды.

6. Осыған ұқсас әдістемелерді пайдалана отырып, Фачионе колледж студенттері сын тұрғысынан ойлау курсы тыңдап, жауаптың бір нұсқасын таңдау қажет болған тестіде осындай дайындықты алмаған студенттерден жоғары нәтижелер көрсеткенін анықтады[8]. Сондай-ақ, осындай тесттердегі жетістіктер колледждің соңғы курс студенттерінің Леман, Лемперт және Нисбетт атап өтілді[9]. Олар ойлаудың жалпы "ережелері" берілетін дайындық кезінде алынған білім қызметтің басқа салаларына ауыстырылуы мүмкін деген қорытындыға келді. Осыған ұқсас қорытындылар Фонг, Кранц және Нисбетт және Фонг және Нисбетт жасалды, олар өз зерттеулерін мынадай түрде қорытындылады: "бірқатар тәжірибе көрсеткендей, ойлау қабілеті формальды оқыту жолымен жақсаруы мүмкін" [5].

7. Ересек студенттердің ойлау дағдыларын меңгеру және оларды тәжірибеде қолдану қабілетін тексеру үшін Леман және Нисбетт студенттер алған білімдерін оқу аудиториясынан тыс жерлерде қаншалықты жақсы қолдана алатынын зерттеді[6]. Олар

курстағы оқуды аяқтағаннан кейін бірнеше айдан кейін студенттерге үйге қоңырау шалып, қоғамдық пікірді сұрау арқылы сұрақтар қойды.

8. Нисбетта редакциясымен жақында шыққан кітаптың 16-тарауында логика, статистика, дедукция және бағалау талдауының дағдылары студенттер әртүрлі жағдайларда қолданатын жолмен егілуі мүмкін екенін айқын көрсететін көптеген мәліметтер келтіріледі [7]. Сын тұрғысынан ойлауға оқытудың оң нәтижелерін көрсеткен тағы бір зерттеу сериясы Бруерде сипатталған. Осыған ұқсас қорытынды әдебиеттің тәуелсіз шолуында жасалады.

Ғалымдардың зерттеген әр түрлі материалдары осындай қорытындыға келтіреді: колледж студенттерін, егер олармен осы міндетке бағынатын сабақтар өткізсе, сыни ойлауға үйретуге болады. Сын тұрғысынан ойлаудың әртүрлі әдістерін оқытуға колледждегі әрбір сабаққа көңіл бөлуге және студенттер алған дағдыларды кез келген жағдайда қолдануды үйренуге ұмтылу керек. Оқушылардың бірнеше топтарын салыстыру жүргізілген зерттеулерді бағалау, алайда, оқыту курсы тек қана сыни ойлауды дамытуға бағытталған кезде нәтижелер неғұрлым айқын болады деп болжауға негіз болады. Сыни ойлау кейбір салада әдеттегі оқытудың жанама нәтижесі түрінде автоматты түрде пайда болмайды. Күтілетін нәтижеге жету үшін ойлауды жетілдіру бойынша жүйелі күш салу қажет. Оқушылар өз ойлау қабілеттерін жақсартуға толық және саналы түрде назар аудару үшін және алынған дағдыларды қолдану саласын кеңейте алу үшін сыни ойлауға үйрету өмірдің түрлі салаларынан көптеген мысалдар қамтуы тиіс.

Сын тұрғысынан ойлауды оқытудың тиімділігін растаған жоғарыда аталған зерттеулерде сын тұрғысынан ойлау дағдыларын әмбебаптандыру зерттелді. Ойлауды жақсарту бойынша кез келген оқытудың шынайы мақсаты — алынған дағдыларды тәжірибеде қолдану негізделеді. Тәжірибеде қолдану ретінде мен әртүрлі жағдайларда сыни ойлау дағдыларын пайдалануды түсінемін. Ең дұрысы, сыни ойлау дағдылары өздері дәлелдерге, дұрыс емес ықтималдық бағалауларға, әлсіз дәлелдерге немесе таза риторикалық құрылыстарға мұқтаж орындалмайтын сайлау алдындағы уәделерді, дәлелдерді тану үшін пайдаланылуы тиіс. Бұл дағдылар, бұдан басқа, ұзақ мерзімді әсерге ие болуы және біздің көпшілігіміз алда болатын сыни ойлаудың онжылдығы ішінде пайдалы болуы тиіс. Бұл міндеттер дерексіз емес. Олар өте нақты және өзекті. Мен айтып отырған практикада қолдануды қамтамасыз етудің ең жақсы жолы-мұны сіз түрлі жағдайларда оқитын дағдыларды саналы және ойластырылған пайдалану арқылы жасау. Оқушылар сын тұрғысынан ойлауды талап ететін мысалдар іздеп, оларды қолдана отырып, осы қолдану саласын кеңейте алады.

Осы ғылыми зерттеулер жинақталып ұсынылған тапсырмалар мен жаттығулар осы қолданудың практикада түсінікті көрсетілген. Жинақта әртүрлі тақырыптарға арналған көптеген есептер түрлері келтірілген. Осы міндеттерді шеше отырып, сіз тез есіңізге түсіресіз және қажет болған жағдайда, ғылыми зерттеулер ойлау дағдыларын өмір сүру жағдайларында пайдаланасыз. Сіз бір білім саласында алынған ойлау дағдыларын қолдану ықтималдығы қаншалықты жоғары анықтау көптеген факторлар бар — басқа, бірақ біз, әрине, бұл мүмкін және орындалуы мүмкін екенін білеміз [8].

Қазіргі психологиялық ғылымда (Б. Г. Ананьев, Л. И. Анцыферова, Л. И. Божович, А. Н. Леонтьев, А. В. Петровский, С. Л. Рубинштейн, Е. В. Шорохова және т. б.) жеке тұлғаны анықтаудың әр түрлі тәсілдерінде және оның даму ерекшеліктерінде жеке тұлға ерекше жүйелі болып табылатынын көрсеткен.

А. Н. Леонтьев жеке тұлға әртүрлі әлеуметтік қатынастарда пайда болатын «сезімтал сапа» деген анықтама береді, ол жеке тұлға ретінде өз қызметіне кіріседі. Бұл сапаның тасымалдаушысы оның барлық туысқан және пайда болған қасиеттерімен толық сезімтал, дене индивидуі болып табылады, ол индивидуінің үлесіне түсетін өмірдің сыртқы жағдайлары мен мән-жайлары сияқты жеке тұлғаны қалыптастырудың алғышарттарын құрайды [15; 385], тәрбие міндеттерінің контекстінде жеке тұлғаның дамуын жеке адамның нақты жүйелік сапасының қалыптасу және қанығу дәрежесімен сипатталатын



процесс ретінде қарастыруға болады, онда оның әлеуметтік жетілу деңгейі, адамның қоғамдық мәнін біріктіру және өрістетуге.

Бұл, әсіресе, тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс процесінде алынған деректердің әлеуметтік даму интеллектуалды дамуды ғана емес, оның алдында, ең бастысы, барлық өсу аралық өткелдерде (яғни психикалық даму процесінің өзгермелі сәттерінде) өсіп келе жатқан адамның әлеуметтік жетілуінің жаңа деңгейі бастапқы болып табылады, ол онтогенездің әрбір келесі сатысына өту мүмкіндігін анықтайды. Әрине, бұл процесс балалардың жеке ерекшеліктеріне, сондай-ақ қоғамның даму сипатына, тәрбиелік ықпал ету жүйесіне байланысты ғана вариативті болып табылады.

### Әдебиеттер:

1. Дьюи Дж. От ребёнка — к миру, от мира — к ребёнку (Сб. статей). — М.: Карапуз, 2009. — 352 с. ISBN 978-5-8403-1539-2. Составитель и вступит. статья Г. Б. Корнетова.
2. Herrnstein R. J., Nickerson R. S., Sanchez M., Swets J. A. (1986). Teaching thinking skills. *American Psychologist*, 41, 1279–1289.
3. Block RA. (1985). Education and thinking skills reconsidered. *American Psychologist*, 40, 574–575.
4. Rubinstein J., Slife B. D. (1982). Taking sides: Clashing views on controversial psychological issues. Guilford, CT: Dushkin.
5. Fox L. S., Marsh G., Crandall Jr., J. C (1983, April 30). The effect of college classroom experiences on formal operational thinking. Paper presented at the 1983 Annual Convention of the Western Psychological Association, San Francisco.
6. McKinnon J. W., Renner J. W. (1971). Are colleges concerned with intellectual development? *American Journal of Psychology*. 39, 1047-1052
7. Schoenfeld A. H., Herrmann D. J. (1982). Problem perception and knowledge structure in expert and novice mathematical problem solvers. *Journal of Experimental Psychology: Learning, Memory, and Cognition*, 5, 484–494. (Facione, 1991)
8. Lehman D. R., Lempert R. O., Nisbett R. E. (1988). The effects of graduate training on reasoning: Formal discipline and thinking about everyday-life events. *American Psychologist*, pp. 431–442.

*М.Д. Мұрзагулова - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі*

*Әнуарбек А.Ф.- педагогика және психология мамандығының 4курс студенті*

## **Ы. АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ**

XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократ - Ыбырай Алтынсариннің Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ағартушы – ұстаз. Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялылығының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, сөйтіп халық игілігі үшін жан алмай еңбек етудің үлгісін көрсеткен.

Ы. Алтынсарин - қазақ мектептерін және ондағы оқытудың дидактикалық негіздерін дүние жүзі педагогикасының қол жеткен алдыңғы қатарлы деңгейінде құра білген ұлы ұстаз. Орталық бұғауға түскен қазақ халқын мәдени қиындықтан құтқаратын жол - ағартушылық деп білген Ыбырай, патша үкіметінің „Қайырымдылығына“ орай және бұқара көпшіліктің қаржысымен ашылатын мектептерді және ондағы білім мен тәрбие беру, оқыту принциптерінің негізгі компоненттерін өміршең мәнде дәлді белгілей білді. Қазақ балаларына тән білуге құмарлық, тапқырлық, дарындылық, қасиеттеріне мән берген ол: “... мені өте таңқалдырған нәрсе- бұл балалар үш айдың ішінде ғана орысша, татарша оқуды, тіпті жазуды да үйренді,” – деп шәкірттердің зейінділігі мен іждағаттылығына ризалықпен қарады.

*Адамгершілік тәрбиесі* - тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырып, этикалық білімді, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы және руханилықтың басқалармен қарым-қатынаста көрініс беретін нормалары болмақ. Жалпы адамгершілік тәрбие үш түрлі функционалдық-элеуметтік, теориялық және практикалық - салада қарастырылады. Адамгершілік тәрбиенің элеуметтік қызметті жеткіншек ұрпаққа жинақталған тәжірибені жеткізуден көрінеді.

*Құндылықтар* - идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой сана арқылы қабылданады. Рухани адамгершілік тәрбие беру-қазіргі жоғары мектептердің ең маңызды мәселелерінің бірі, өйткені олар қоғам өміріндегі белсенді қозғаушы күш болып табылады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің мақсаты студенттердің белсенді Өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. Адамға ең бірінші керегі – тәрбие.

Ыбырай Алтынсариннің рухани құндылықтары мен тәлім – тәрбие тағылымдары қазіргі күнгі біздің тәрбиемізде де өзінің мағынасын жойған жоқ. Ыбырай атамның есімі біздің тарихымызда қазақ әліпбиінің негізін қалаған және тұңғыш қазақ балаларына арнап мектеп ашқан ұлы тұлға, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде белгілі.

Ыбырай атамның әңгімелері мәні мен мазмұны жағынан «Қара батыр», «Байұлы», «Жиренше шешен», «Тазша бала туралы ертегі», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Әке мен бала» сынды тәлімдік мәні зор әңгімелерінің негізінде жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке және т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Сонымен қатар, көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына негіздеп, әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп, оны жақсы, өнегелі істерге үйрететін мықты құрал деп атап көрсетті. Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Ы. Алтынсарин «адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата – ана үлгісі» дейді. Ыбырай шығармалары мазмұны жағынан бірінші кезекте еңбек тақырыбына негізделеді. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы: «Өрмекші», «Жаман жолдас», «Құмырсқа», «Қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан хакім» және т.б. шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Осы шығармалары арқылы еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат тұтты.



Ы. Алтынсарин жастарды еңбек сүйгіштікке баулыды, уақытты босқа өткізуден және жалқаулыққа салынудан сақтануға шақырды. Адамгершілікке тәрбиелеу құралы - еңбек пен ата-ана үлгісі екенін айтады. Адамгершілік - адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Міне, осы бағыттағы еңбектерінің орны бір төбе. Көркем әдебиеттің күрделі жанры болып саналатын әңгіме жазуда оның түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізудегі шеберлігін талай зерттеушілер дәлелдеп қойған. Өзінің озық идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді. Ол туралы белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: «Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысынын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар» - деп жазды. Демократ ағартушы Ыбырай Алтынсарин дін туралы, тәрбие, білім туралы өзіндік көзқарастарын көрсете білген және осы салада қыруар еңбек еткен. Ол ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, қайырымдылық, имандылық қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздеп қарауды көздеген.

Ұлы педагог Ыбырай Алтынсаринның заманында діни кітаптардың барлығы араб тілінде болғандықтан, оның мазмұнына не молда, не шәкірт түсінбеген, тек құрғақ жаттаумен қанағаттанған. «...Діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар дін-шариғат қағидаларын өздерінше бұрмалап, теріс түсініктер беретін», деп дінді емес, дінді бұрмалаған дүмше, сауатсыз молдаларды сынаған. Сонымен қатар, Ыбырай: «Иманның екі мағынасы бар: бірі тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз - әркім тілмен айтып растамақ», ал екіншісі – сенім. Бұл сенім, демек иман, адам баласының бойында үш түрлі болады деп жазды. Оның біріншісі «иман тахқиқы», деп атайды. Бұл дегеніміз ақиқаттығын бекіту иманы (сенімі) деп көрсетті. Екіншісі – иман «*истидләли*» – шешімге келу иманы. Үшіншісі – иман «тақлиди» – дәстүрлі иман, әлсіз иман, деп жіктеді.

«Бірінші иман – кәміл иман, Құдай тағала қасында зор мәртебелі адамдардың иманындай; Екінші түрі – истидләли деген. Құдай тәбәрәк уа тағала барлығын һәм бірлігін дәлелменен, ақылмен ойлап рас тұтуды айтады. Яғни бұл көк пен жер, ай мен күн, теңіздер... мұны жаратушы ешкімге теңдесі жоқ бір ие болса керек. Үшінші түрі – иман тақлиди. Бұл иман өз ақылымен Құдайды танымайынша, ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой деп иман келтіргендердің иманы болар» – деген тұжырым жасаған.

Ыбырай Алтынсарин құрандағы жақсы, жаман мінездерге тоқталып, «Афғал хамида (ұнамды іс-әрекет) деген көркем мінездердің әуелі – иман» деп ұнамды іс-әрекеттің алғашқысы – иман деп көрсетеді. Иманы бар адам дәулетке жетеді, ал «Ғылым, білім, күш те, қуат та, хакімдік те – бәрі де дәулетке қосылады» дей отырып, осының бәрі имандылыққа, ізгілікке бастайды деп тұжырымдайды. Адамдарға, дүниеде ешкімнің мәңгі тұрмайтындығын ескерте отырып, жақсылық жасауға шақырады.

Ыбырай Алтынсаринның иман, имандылық туралы ойларын зерттей отырып, Ыбырай қандай да бір ізгі, жақсы қасиеттің барлығы сеніммен ұштасуға тиіс, сенімі, иманы болмаған адам жақсылық жасаған кезде де күдіктене қарайды, сондықтан да ең алдымен иманды болу қажет деген пікірлерді қостайды. Имандылық қасиетіне Ыбырай, «Сырқаулардың көңілін сұрамақты, жасы үлкен һәм білімі артық ғалымдарға арнайы сәлем үшін бару һәм насихат сөздерін тыңдау, шақырғанға қонаққа баруды, жолаушыға меймандос болуды, әркіммен жұмсақ, жылы шыраймен һәм көңілге тимей сөйлеуді жатқызады. Ауырған адамның халін сұрау, адамдармен сөйлескенде әдепті болу, әсіресе, ғылым, білімі бар адамдардан үйрену және оларға әдейілеп сәлем беру, біздіңше асқан имандылық. Сонымен қатар, халқымыздың алыстан «алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» – деген ұлағатты сөзімен де ұштасып жатқандай. Көрнекті ағартушы,

иманды адамның ары-ұяты бар, міскіндерге, әл-ауқаты төмен адамдарды ренжітпей оларға көмек көрсетеді деген ой түйіндейді. Мысалы:

«Иманды ер құдайынан ұялады  
Ұялып иесінен сый алады.

Ренжітпе бенде болсаң бейшараны,

Кәріп көңілі бір сынғақ бияла-ды» -

деген өлең шумақтарынан да байқауға болады. Немесе «әрбір жақсы істің асыл түбі иманнан» – деген тұжырымынан да иманды болу – жақсы іс істеу, адамға пайда келтіру деген ойды аңғартады.

### *Әдебиеттер:*

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Ғылым, 1994
2. Табылды Ә.. Этнопедагогикалық оқылымдар – Алматы «Білім», 2005,-285 б
3. Асанов Н.А., Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б., Жұмабекова Қ.Б. Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2018.-143 б

*А.Т. Утебаева, А. Желдибаева, Б.С. Бейсенбаева  
Шымкент университеті, Қазақстан, Шымкент қаласы*

## **АКАДЕМИК Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ОЙ- ШҚІРЛЕРІ**

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық болмысын, сана сезімін сақтап қалуда одан әрі дамытуда ұлттық интеллигенция реакциялық саясатқа мүмкіндігінше қарсы тұрып, қолдарынан келген істі алға бастыруға барынша тырысқан белгілі тұлғалардың бірі - Т. Тәжібаев. Төлеген Тажібайұлы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қараспан ауылында дүниеге келген. 1917 жылы бүкіл мемлекетте төңкеріс ушығып жатқан кезде, Тажібаевтардың отбасы тұрған Сыр-Дария облысында жаппай аштық жүріп жатты, әсіресе кедей қазақ елді мекендерде. Осы бүкіл халықтың бақытсыздық кезеңінде Тажібаевтар отбасының әкесі, анасы және төрт баласы қайтыс болды. 1917 жылы ауыр халден аштықтан өлейін деп жатқан жеті жасар қазақ баласын тауып алдық. Медициналық көмек көрсетілгеннен кейін, тамақ берілгеннен кейін, баланың аты Төлеген екенін білдік. «Әкем шаруашылықта бір нәрсе жасаса, Төлеген бір минутқа да оның қасынан кетпейтін, бір көмегін көрсеткісі келетін, дегенмен ештеңе қолынан келмесе де тырысатын, өйткені ол әлі кішкентай, әрі әлсіз болатын. Бірінші біз оған барлығымыз білетін қазақ тілінде түсіндіретінбіз. Кейін Төлеген орысша сөйлеп үйренді. Содан бастап мен оны орысша әліппеге үйреттім», -деп К.И. Кабанов есіне алады. Т. Тәжібаевтың ғылыми-педагогикалық әрекеті 1938 жылы Алматы жоғары оқу орындарында бастау алады. Басында Абай атындағы педагогикалық институтта психология пәні оқытушысы болып, кейіннен педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1940-1957 жылдары аралығында ол түрлі мемлекеттік қызметтерді атқарды.

Т.Тәжібаев 1950 жылдардан бастап–ақ Қазақстандағы педагогикалық ой–пікірдің, оқу – ағарту ісінің дамуы мен мектептер тарихын зерттей бастады. Өзінің монографиялық еңбегінде 19–шы ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы ағарту ісін, мектептер тарихын, педагогикалық ой–пікірдің даму проблемасын сарайлайды. Сондай–ақ, Шоқан Уалихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастарына арнап бірнеше ғылыми мақалалар жазды.

Кең ауқымды ғылыми зерттеулерінде Қазақстандағы мектептер жүйесі дамуының өзіне тән жақтары, түрлі аймақтар мен оқу орындарына бағынған оқу–тәрбие мекемелерінің ерекшеліктері жан–жақты көрсетілген. Сол кездегі бүкіл россиялық мектептер жүйесінің бір тармағы болғанын жан–жақты дәлелденген. Сонымен бірге 19–шы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ арасындағы ағарту ісі қазақ дамығанын, оған орыс ғалымдары қаншалықты әсер етіп, оқу ісі қалай жүргізілгені айтылған.

1957 жылы «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары», ал арада бір жыл өткен соң «19 ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен мектебінің дамуы» деген еңбегі көпшіліктің қолына тиді.

Профессор Төлеген Тәжібайұлы мол білімін, ақыл–ойын, бай тәжірибесін шәкірттеріне оқыған дәрістерінде де шебер пайдаланған. Сондықтан профессор М.Балақаев «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деген еңбегінде: «М.О. Әуезов, Т.Т. Тәжібаев лекция оқығанда, студенттер қит етпей отырып, сүйсіне, ынтыға отырып тыңдайтын, олай тыңдаушыларын жалықтырмай, қызықтыра, еліктіре сөйлеуге білім керек, шеберлік керек» деп орынды ескерткен. Төлеген Тәжібаевтың ғылыми мұрасын республика жұртшылығына насихаттай бастағанымызға 60-жылдай болыпты. 1959 жылы сол кезде мен қызмет істейтін Шымкент педагогикалық институтында өткен студенттердің дәстүрлі ғылыми конференциясында менің жетекшілігіммен физика-математика факультетінің студенті Қаратаев Т.Тәжібаевтың 1952 жылы «Халық мұғалімі» журналының 3,4 сандарында жарияланған «Абайдың психологиялық көзқарастары» атты мақаласына сүйеніп, ұлы Абаймен қоса Т.Тәжібаевты да психолог ретінде ұстаздар мен студенттер қауымына танытқан еді. Менің Төкеңді студенттер арасында насихаттауым осылайша жалғаса берді. 1962 жылы Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасынан шыққан «Психология» атты оқу құралында ол кісінің еңбектерін 7 рет келтіріппін. Бұдан кейінгі жылдарда, әртүрлі басылымдарда Т.Тәжібаевқа арналған материалдарым жарық көріп тұрды. Сондайлардың алғашқыларының бірі - Мәскеуден шығатын «Педагогикалық экспедициядағы» «Тәжібаев Тулеген Тәжібаевич» атты мақалам Киевтегі Украин Совет энциклопедиясындағы осы аттас мақала еді.

ҚазМУ-дегі студенттік жылдарымда ол кісімен кездесудің сәті түспей қойды. Өйткені, Т.Т.Тәжібаев университет ректоры және үлкен мемлекеттік қызметтерде болғандықтан оны сирек көріп жүрдім. 50-жылдары кандидаттық тақырып сұрап, оның алдына барғанымда ғалымның маған бастауыш сынып оқушыларының ойлау ерекшеліктерін зерттеңіз деген ұсынысы да есімде. Соңғы рет ол кісімен 1964 жылдың март айында Алматыда өткен Қазақстан психологтарының республикалық ғылыми конференциясында (қайтыс боларынан үш ай бұрын) кездескен едім. Марқұм осы жиында мені «Республикалық психология қоғамының» президиум мүшелігіне ұсынған болатын. Мен - психология саласында 60- жылдан астам уақыт қызмет істеп келе жатқан Т. Тәжібаев шәкірттерінің бірімін. Өзім ол кісі ұйымдастырған 1951 жылы ҚазМУ-нің логика және психология бөлімін бітіргеннен кейін Қызылорда, Шымкент қалаларында 26 жыл психологиядан сабақ беріп, 1977 жылдың жазында өзімнің ұшқан ұям С.М. Киров атындағы Қазақ университетіне келіп, осындағы педагогика және психология кафедрасына доцент болып орналастым. Т.Т.Тәжібаев жөнінде әрқилы мақалаларымды да (барлығы 30-дан астам), 2000 жылы «Қазақ университеті» баспасынан шыққан. Профессор Төлеген Тәжібайұлы мол білімін, ақыл-ойын, бай тәжірибесін шәкірттеріне оқыған дәрістерінде де шебер пайдаланған. Сондықтан профессор М. Балақаев «қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деген еңбегінде: «М.О. Әуезов, Т.Т. Тәжібаев лекция оқығанда, студенттер қит етпей отырып, сүйсіне, ынтыға отырып тыңдайтын, олай тыңдаушыларын жалықтырмай, қызықтыра, еліктіре сөйлеуге білім керек, шеберлік керек» деп орынды айтқан. Т.Тәжібаев монографиясының барлық бөлімшелерінің ішінде діни мектептерге қатысты жағдайлар, ересектерді оқыту мәселелері бірінші бөлімге кіреді, онда Қазақстандағы мектеп білімінің жүйесіне қатысты мәселелер сөз болады. Осылайша

Т.Тәжібаев алғаш рет мектеп білімінің құрылуына қатысты оның бейнесін толығымен құрастырады, сонымен қатар мектеп саясатының қарама-қайшы сипатын ашып көрсетеді. Ол ең алдымен қазақ халқының өсіп ер жетіп келе жатқан ұрпақтың классификациясына бағыттады. Қазақстанда сол кездері болған барлық мектеп түрлеріне анықтама бере отырып, қазақ педагогикасының дамуына өзіндік үлес қосты.

### **Әдебиеттер:**

1. Жақып Мадияр, Түрікпенұлы Жолмұхан. Төлеген Тәжібаев (ғұмырнамалық деректер хикаяты). - Алматы: Қазақстан. 2008,-248б.
2. Жантеева З.У. Традиции Т.Тажібаева и современное развитие кафедры педагогики // актуальные проблемы психолого-педагогической наука казахстана 1.вып8. материалы республиканской научно теоретической конференции. Посвященной летию со дня рождения акад. Т.Тажібаева. -Алматы, //Қазақ университеті.-2000. 3 июня.

*Г.А.Жапабаева*

*А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
гуманитарлық-педагогикалық факультеті  
педагогика және психология мамандығының 1-курс магистранты*

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ**

Педагогикалық технологияларды ғалымдар әр түрлі бағыттарда қарайды: педагогикалық процесті ұйымдастыруда қолданылатын психологиялық педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы ретінде, педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған құрал, әдіс, тәсіл ретінде, шеберлік, өнер, жүйелі әдіс, мұғалім мен оқушылардың біріккен қызметін ұйымдастырудың үлгісі ретінде қарастырады.

Қазіргі уақытта педагогикалық ғылым мен тәжірибеде педагогикалық технологиялар туралы кең мәліметтер жинақталған:

— Педагогикалық барыстың жеке тұлғалық бейімделу негізіндегі педагогикалық технологиялар (бірлесіп еңбектену педагогикасы, Ш.А. Амонашвилидің адамгершілік-жеке тұлғалық технологиясы, Е.Н.Ильиннің -әдебиетті адамды қалыптастырушы пән ретінде оқыту жүйесі).

— Оқушылар іс-әрекетінің белсенділігін арттыру және күшейту негізіндегі педагогикалық технологиялар (ойын технологиясы, мәселелік оқыту, шеттілді ортада коммуникативті оқыту технологиясы (Е. И. Пассов).)

— Оқу барысын басқарудың және ұйымдастырудың тиімділігі негізіндегі педагогикалық технологиялар (В. Ф. Шаталовтың технологиялары: оқу жадығатының схемалық және белгілік үлгілері, С. Н. Лысенкованың түсініктемелік басқарумен) бірге схемаларды, деңгейлік саралау технологиясын пайдаланып, келешекті озық оқыту, балалардың ынтасы бойынша сараптамалық оқытудың мәдени тәрбиелеуші технологиясы (И. Н. Закалова), оқытуды жекешелендіру технологиясы (Инге Унт, А. С. Границкая, В. Д. Шадриков), бағдарламалы оқыту технологиясы, оқытудың ұжымдық тәсілі (А. Т. Ривин, В. К. Дьяченко, Т. Құсайынов), топтық технологиялар, оқытудың компьютерлік технологиясы).

— Дидактикалық жетілдіру және жадығаттарды қайта құру негізіндегі педагогикалық технологиялар: "Экология және диалектика"

(Л. В. Тарасов), "Мәдениет әңгімесі диалог" (В. С. Библер, С. Ю. Курпанов), дидактикалық бірліктердің іріленуі ДБІ-УДЕ (П. М. Эрдниев, ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру (Гальперин, Тальзина).

Жеке пәндік педагогикалық технологиялар: сауаттылыққа ерте және үдемелі оқыту (Н. А. Зайцев), тапсырмаларды шешу негізінде математиканы оқыту (Р. Г. Хазанкин), физиканы кезеңді оқыту жүйесі (Н. Ы. Палтышев).

— Баламалық технологиялар: Вальдорф педагогикасы (Р. Штайнер), еркін еңбек технологиясы (С. Френс), мүмкіндікті білім технологиясы (А. М. Лобок), шеберханалар технологиясы.

— Табиғи сәйкестілік технологиялары: Сауаттылықтың табиғи сәйкестілік тәрбиесі (А. М. Кушнир), өзін-өзі дамыту технологиясы (М. Монтессори).

— Дамытушы білім беру технологиялары (Л. В. Занков, Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов), тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағытталған дамытушы білім беру жүйесі (И. А. Водков, Т. С. Альтшуллер, И. П. Иванов), жеке тұлғалық-бағыттамалық дамытушы білім беру (И. С. Якиманская), өзін-өзі дамытушы білім беру (Т. К. Селевко).

— Авторлық мектептердің педагогикалық технологиялары: бейімделуші педагогика мектебі (Е. А. Ямбург, Б. А. Бройде), "Орыс мектебі" үлгісі, өзін-өзі анықтау авторлық Мектебінің технологиясы (А. Н. Тубельский), парк-Мектеп (М. А. Балабан), Агромектеп (А. А. Католиков), Ертеңгі Күн Мектебі (Д. Ховард).

Қазақстан Республикасында әр алуан педагогикалық технологиялар сыннан өткізілетін авторлық мектептер, эксперименталдық алаңдар дамуда.

Сөз жоқ, бұл технологиядардың барлығы да жалпы балаларды да, дарынды балаларды да оқыту тиімділігінің күшеюіне ықпал етеді.

Дарынды балалар мен жастарды айқындау және қолдау үшін мынадай тенденцияларды жүзеге асырудың маңызы аз емес:

— білім беруді саралау - мектептерді түрлендіруге талпыну (лицейлер, гимназиялар, колледждер),

— мемлекеттік стандарттарды енгізу және оқушының жеке қабілетіне сәйкес оқытуды саралау,

- оқушыларға қоршаған орта туралы тұтас түсінік беруге бағытталған білім беруді интеграциялау,

- интегративті ойлау қабілетін қалыптастыру,

- қоғамды бұқарашыландыру және білім беруді басқаруды децентрациялау мектептер мен мұғалімдерге әралуан бағдарламалар мен оқулықтар бойынша, сондай-ақ өздерінің де (авторлық) жұмыс жүргізулеріне мүмкіндік береді.

Қабілетті оқушыларды тандаған мамандығы бойынша ары қарай оқыту үшін орта және жоғары мектептер арасындағы үзілген қарым-қатынасты жалғау үрдесінің (дайындық курстары, жоғары оқу орындары жанындағы күндізгі және сырттай оқу мектептері, "мектеп-жоо" орамды жүйесін құрау, тек жоғарғы оқу орындарында ғана емес, мектептерде де өткізілетін алдын-ала қабылдау емтихандары, мектептерде оқушыларды нақты жоғары оқу орындарына дайындайтын, ерекше сыныптар ұйымдастыру (7-8 сыныптан бастап), тікелей университеттер жанынан лицейлер ашу және т.б.) өзекті мәселе болып табылуда.

Басқа да педагогикалық технологияларды тікелей мектептер мен сыныптарда жүзеге асыруда дарынды балалармен жұмыс жүргізуге ынталы мұғалімдер үшін білім жетілдіру орталықтарының арнаулы үлгісін жасау қажет. Бұл жағдайда бірқатар интегралды

сипаттамалары бар білім беру технологияларын құрудың мыиандаіі ұстанымдарына сүйенген жөн:

- оқушының барлық сабақтардағы ерекше зеректігі. Ол — іс әрекет субъектісі, оқу барысына қатысушы басты тұлға, сондықтан "іс-әрекеттік тәсілдің" теориясы мен тәжірибесі қазіргі көп технологиялардың негізін құрайды;
- оқудың әр кезеңінде нақты оқу жадығатын оқып білуді міндетті түрде анықтауды айқын жүргізу;
- оқушының жеке ерекшеліктерін есепке алу (тұқым-қуалаушы анатомиялық-физиологиялық қасиеті, ықылас ерекшеліктері, ерік және темперамент). Баланың табиғи қасиеті дамуының өте маңызды шарты "Мен-тұжырымдамасының" ерте құрылуы, яғни өзі туралы көзқарас жүйссінің қалыптасуы, және сол негізде басқа адамдармен жасаған қарым-қатынасының маңызы зор;
- оқу барысының жоғары қарқындылығы. Ғалымдар бұл қағиданы жүзеге асыруда оқушылар оқып-үйренудің 80% деңгейіне көтерілетіндігін дәлелдеді;
  - оқу жұмысының фронтальды, топтық және жеке түрлерінің үйлесімді қабысуы;
  - оқытудың белсенді, зерттеушілік әдістерін қолдану; тәжірибелер, жобаларды дайындау, рөлдік оқу ойындарды, "миға шабуылдауды" пайдалану және т. б.;
  - бағалау, бірін-бірі бағалау және өзін-өзі бағалау жүйесін анағұрлым тиімді қолдану;
  - оқытуда жағымды "табыс атмосферасын" қалыптастыру.

Жас дарынның дамып келе жатқан ерекше қасиетін жетілдіру мен қалыптастыру көбіне-көп ұстазға, оның эрудициясына, бала дарындылығының мәні туралы біліміне, оқушылармен оң демократиялық қарым-қатынасына байланысты.

Дамып келе жатқан білім беру ортасы "зерттеу мектебін", "жобалау мектебін", "шығармашылық мектебін" құруға жағдай жасайды. Ол үшін мектеп оқушыларына ой еңбегі мәдениетін, ғылыми таным әдістерін үйрету керек. "Зерттеу жұмыстарының алғышарттары", "Шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру" сияқты курстарды оқытудың маңызы өте зор.

Дамып келе жатқан білім беру ортасын қалыптастырумен қатар дарынды балалар үшін арнайы бағдарламалар жасау қажет. Дарынды балалар үшін жасалатын мұндай бағдарламалар жылдамдыққа, жеделдікке негізделуі шарт. Оқу бағдарламаларының жеделдетіп жүргізілуі бала қабілетін сондай-ақ басқа да ерекше жеке қасиеттерін дамытудың бірден-бір жолы, себебі баланың ой күшін толық іске қосу оның жылдам ойлап барынша күрделі бағдарламаларды жедел игеруіне ықпал етсді. Дарынды оқушылар үшін жасалатын бағдарламалардың ендігі бір мақсаты тиімді кәсіби бағыт-бағдар беру, сөйтіп кәсіби бағытта дамытуға жағдай жасау.

Ұстаздың дарынды баланы оқытуға дайындығы арнайы ғылыми зерттеуді қажет етеді. Бүгінгі күннің өзінде ондай дайындықтың негізгі бағыт-бағдары айқындала бастады.

Сонымен, балалар дарындылығын қалыптастыру үшін:

- дарындылық нышандары бар оқушыларды таңдап алу, айқындау қажет;
- дарынды балалармен жүргізілетін әдіс-тәсілдерді, дарындылықты қалыптастыру жолдарын анықтау керек;
- дарынды балалармен жұмыс істейтін ұстаздарды іріктеп алу және арнайы дайындықтан өткізу қажет;
- дарынды оқушылармен жұмыс істеуге арналған мемлекеттік тұжырымдаманы басшылыққа алу қажет.

Оқушылардың дарындылығын ары қарай жетілдіруде, қалыптастыруда мұғалім-ұстаздардың рөлі ерекше болып табылады. Төменде осындай ұстаздардың ерекшеліктері және олардың іс-тәжірибесі келтірілген. Ұстаздың дарынды баланы оқытуға дайындығын анықтағанда оның білімділігіне, дарындылығына, педагогикалық өрісінің жан-жақтылығына — педагогикалық өре-деңгейіне талдау жасау керек. Ұстаздың дарынды баланы оқытуға дайындығы жеке интегралды білімді яғни, дәлелдік мазмұндық іс-әрекеттен тұратын жиынтықты білімді талап етеді. Әңгіме етіп отырған дайындықтың дәлелдік бөлігі мынандай жиынтықтан тұрады: мұғалімнің республиканың интеллектуалды әлеуетін дайындау жолындағы дарынды балалармен жұмыс жасаудың маңыздылығын айқын түсінуі; ең маңызды қасиет балаға деген махаббат, дарынды балаға деген оң көзқарас, олардың ерекше жағдайларына түсінікпен қарау, дарындармен жұмыста биік көрсеткіштерге жетуге талпыныс.

### **Әдебиеттер**

1. Юркевич В. С. Одаренный ребенок. Иллюзии и реальность. Москва, Просвещение, 1996 год.
2. Лейтес Н. С. "Психология одаренности детей и подростков". М. Асаіеті А, 1996.
3. Лейтес Н. С. "Способности и одаренности в детские года". М., 1984.
4. Матюшкин А. М., Яковлева Е. Л. "Учитель для одаренных", М., 1991.

*Жапабаева Г.А.*

*А. Мырзахметов атындағы Көкішетау университеті  
гуманитарлық-педагогикалық факультеті  
педагогика және психология мамандығының 1-курс магистранты*

## **ЖАСӨСПІРІМДІК ШАҚҚА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМА**

Жеткіншек шақта және жасөспірім кезеңінде де ересек жастағы сияқты адам өзінің ішкі әлемін дамыған рефлексивті қабілеттері арқылы ашады. Бұл сезім мен ой – тылсымдарын тануға бағытталған. Өзінің жеке өзара қайталанбас өмір жолын субъективті сипаттап өткере келе, адам баласы жас кезеңдік даму заңдылығының ықпалына міндетті түрде тап болады. Жас сәби өз деңгейінде жеткіншек, жасөспірім өзінің дәрежесінде қоршаған әлемді адамның жасаған тарихи негіздерімен ашады: заттық және табиғи болмысты, әлеуметтік кеңістік жағдайларын, олардың заңдарын, ережелері мен міндеттерін, жалпы адам іс-әрекетінің әр түрлілігін таниды.

Жасөспірім шақта адам өзінің өмір сүруіндегі мәнділікті іздейді, өзінің біртұтастылығын игеруге талпынады, басқалар арасында өз орнын табуға тырысады [1].

Жасөспірім кезеңі 15-16, 21-25 жас аралыққа дейінгі жас мөлшерін қамтиды. Бұл кезең адамның сенімсіздік пен жүйесіздік кезеңінен шынайы ер жету шағы. Жасөспірім өмір құндылықтарын таңдау мәселесі пайда болады.

Жасөспірім өзіне деген ішкі қарым-қатынасын қалыптастыруға (мен қандай болғым келеді?) басқа адамдарға деген қарым-қатынасқа, және де моральдық құндылықтарға талпынады. Нақ осы жасөспірім кезеңінде адам өзінің жақсылық пен жамандық категориялары арасында саналы түрде өз орнын табады. «Намыс», «адамгершілік», «құқық», «міндет» сияқты тұлғаның сипатын басқа да ұғымдар толғандырады. Жасөспірім кезеңінде адам жақсылық пен зұлымдықтың диапазонының шектелген шекарасына дейін таниды. Сондай-ақ, ол өзінің ақылы мен жанының кереметтей шарықтаудың мейірбандылықтан зұлымдыққа, адамгершіліктен жауыздыққа дейінгі диапазон аралығын басынан өткереді. Арбаулар мен шарықтауда, күресте және

бастан өткеруде, жығылуда және қайта тұруда жасөспірім сезіп білуге ұмтылады. Ішкі позицияны таңдау өте күрделі рухани жұмыс.

Жалпы адам құндылықтарының икемділігімен, құнды бағыт – бағдарының құрылымымен талдамасын тануға ұмтылған адамға, өзінің іс-әрекетін балалық және ересек жаста анықтайтын, тарихи бекітілген нормативтермен құндылықтарды саналы түрде бұзуға, қабылдауға тура келеді. Ол өзінің бейімделген және бейімделмеген өмір позициясының жағдайы, сонымен қатар оның ойынша, бұл таңдаған позиция, ол үшін ең негізгі, ең қажетті, ең таңдаулы болуы тиіс.

Алайда жасөспірім шақта табиғи берілген басқа жынысқа деген талпыныс қозғады. Жасөспірімдік кезең адам өзінің рефлексивті жаттығуларын бағалайтын кезең. Ал бұл рефлексивті жаттығулар ішінен ол өзі, досы, барлық адамзат кіреді. Жасөспірім өзінің тұрақты рефлексияны арқылы өзінің негізін, мәнін ашады. Ол нәзік жанды, тез уайымдауға, сәтсіздікке берілгіш болады. Қандай болмасын ерекше бөгде көз-қарас, әсерлі сөз, ерекше әсерлі болып оны жолынан тайдыруы мүмкін [2].

Л.Ф. Обухова психологиялық зерттеулерінде жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры, жеткіншек жаста қалыптасып қойған туындысы болып табылады. Өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтың күшейуі, сыншылдықтың көрінуі – бұлардың барлығы ерте жеткіншек жаста сақталады, бірақ, олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік дамуында болады. Оның айрықша ерекшелігі болып, өзіндік рефлексияның күштілігі табылады. Яғни, өзін-өзі тануға, бағалауға, өз мүмкіншіліктері мен қабілеттерін білуге талпынысы жатады.

«Мен кіммен?», «Мен қандаймын?», «Менің қабілеттерім қандай?», «Менің өмірлік идеалым қандай?», «Мен кім болғым келеді?» - міне осы сияқты сұрақтар жасөспірім жастағыларға өте қатты әсер етеді [3].

В.С.Мухина теориясы бойынша жасөспірім ерте жастық шақ және ересек жас арасындағы антогенетикалық нақтыланған адам өмірінің кезеңі, бұл кезеңде адам тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Адамның қашанда болмасын онтогенетикалық күрделі жолдан өтуімен және оның нәтижесінде тұлғаның әлеуметтік мәнді қасиеті уайымы ортақтасуда қабілеттілігі ісінде белсенді, адамгершілік қатынасқа өзіне және табиғатқа сондай-ақ конвенциялық рольге нормаға қоғамдағы тәртіп ережелеріне тағы басқа қасиеттерді меңгеруді болып табылады. Осы шақта идентификация даму механизімі қалыптасады [4].

Ф.Роистың «Психология подросткового и юношеского возраста» - атты оқулығында: жасөспірімдердің өзінің уайым қайғылары ойлары, сезімдері мен қызығушылықтары, арман тілектері мен талпыныстары нақты зерттеу мен зейін салу мәніне айналады дейді. Бұл кезеңде оқушы өзінің ішкі әлемін енді ашады, субъективті уайымдарына «Өзіндік меніне» қызығушылық таныта бастайды. Өз тұлғасына қызығушылығына төмен жеткіншектерге қарағанда, жасөспірімдердің өзін-өзі тануы, өзіндік сана-сезімі белсенді және өз тұлғасын өз өзіне бағындыруы туа бастайды [5].

«Жасөспірім» - сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірім шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана – сезімінің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы қатынас бұзылады. Жасөспірімнің жеке басындағы басты және діни тән жаңа құрылымын оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы орын алады. Ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады [6].

Осы жастағы өзгешелік психолог А.Г.Ковалев биологиялық әсері туралы сұрақты ашып тастамай, соның ішінде психикалық сферадағы жыныстық жетілу жасөспірімнің эмоциялық қалпына беттесуін біз тұтас деп айтсақ, онда оның психикалық кескінін биологиялық фактормен анықтаймын [7].



В.Г.Асеева бойынша мектеп жасындағы жетілу немесе басқа сөзбен айтқанда ерте жетілу – адамның туғаннан бастап физиологиялық психологиялық және азаматтық ересектік жетілу кезеңі.

Психолог В.А.Крутецкийдің бекітуі бойынша жасөспірімдердің жетілуі жеткіншектерге қарағанда жоғары деңгейде. Жеткіншектердің айқын сезімін сырттан қарағанда ересек адамдарға келеді. Оларға қарағанда жасөспірімдердің ортаны бөлек олардың басқаға ұқсамауы және құрбыластармен ересек адамдардың арасында ерекше болуы, әр түрлі бағытта өз - өзін көрсетуі және өзінің өзіндігін бекітуі тән [6]. Жасөспірім кезеңі жалпы тұлға болып дамуындағы маңызды фаза. Жасөспірімнің жеке бас дамуының аса маңызды факторы – оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі. Ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзінің жеке басы мен өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалау бағытталады [6].

Мектеп оқушыларының өміріндегі ересектену (14-15 жастан бастап 17-18 жас аралығында) өте құнды кезең. Осы жаста жасөспірімдердің мектептен оқу процесі аяқталады. Физиологиялық жетілуі баяулап, жыныстық оқдасы ерте жетіледі. Осының арқасында физиологиялық қызметі реттеледі және қан айналымы жақсарады т.с.с. Жасөспірімдердің даму кезеңінде қан тамырларының қан айналу жүйесі күшейіп, сол кезде жүрек ауруы, бас айналуы, қан қысымының көтерілуі жойылады.

Жасөспірімдердің ерте жетілуі кезеңдерінде орталық жүйке жүйесі ересек адамдікімен теңеледі. Мидың салмағы мен көлемі және функционалды белсенділігі ересек адамдардың ойлауынан қарағанда айырмашылығы болмайды. Сонымен қатар функционалды жетілу жалғасып, осы кезеңде мидың жетілуі ерекше морфологиялық және функционалды дамуымен анықталады .

Л.И.Божович мектеп оқушыларынан жасқспірімдерді бөліп көрсеткен. Ол тұлғаның мотивациялық сферасының дамуына көңіл бөлген. Ішкі жан дүниесінің позициясы мен өміріндегі жасөспірімнің алатын орнын, дүниетанымының қалыптасуын, оның танымдық әрекетке әсерін, моральдық және өзіндік сана сезімін анықтайды /10,б. 159/.

Жасөспірім – барлық қатынас жағынан ересек адам деп қарастырады М.Ю.Красовицкий. Бірақ оларды толығымен жетілген адам деп айта алмаймыз, сондай ақ нақты осы жасөспірім шақта тұлғаның әлеуметтік бейімделуі белсенді жүреді. Мектеп пен ата-аналардың жасөспірімдерді, жұмысқа, оқу-танымдық және қоғамдық – саяси іс-әрекеттерге, жанұя жағдайына, азаматтық борышты өтеуге тәрбиелеуде үлкен маңызды мәні жатыр [7]. Көбіне жасөспірімдер осы кезеңде белсенді түрде ғылымға, спортқа, өнерге тұрақты қызығушылық пайда бола бастайды. М.И.Шардаков бойынша жасөспірімдік кезең адамның тұрмыстық құндылықтары ретіндегі заттық дүниеге психологиялық тұрғыда тәуелді болып қалады. Жасөспірім осы өмірге ой жүгірте бастайды. Соның арқасында ол жасөспірімдік ортаға кіреді. Әр затпен дүниеге таңдау жасау арқылы жасөспірім тұтынушыға айналады. Өз иелігіне заттарды жинай отырып әртүрлі құндылықтарды жинайды. Олар ақыл – ой, адамгершілік әлеуметтік жағынан есейеді [8]. А.В.Мудрик жасөспірім кезеңінің ең басты жағдайын ашып көрсетеді. Ол екіжақтылық пен қарама-қайшылық деген. Педагогикада жасөспірімді өскен адам, бірақ ересек адам емес ақпаратталған бірақ әлі жетік білмейді деп пайымдайды [9]. Ст. Холл ең алғаш бірнеше негізгі қарама-қайшылықтарды бөліп көрсете отырып, жасөспірім мінезіндегі амбиваленттілік пен пародаксальдылықты сипаттаған. Жасөспірімдерде шектен тыс белсенділік – аяқ шалысқа шектен тыс көңілділік – уайым, өзіне сенімділік – ұялшақтық пен қорқыныш жоғарғы деңгейдегі адамгершілік талпыныстарының күрт төмендеуі ашық қарым-қатынастық, өте нәзік сезімталдық апатияға, өткір құштарлық – бірбеткейлікке оқуға деген ынта белгісіздікке, бақылау мен әуестілік сияқты талқылаулар болады. Ол бұл кезеңді «Боран мен тегеурін» кезең деп атайды. Ст.Холл жасөспірім кезеңнің мазмұнын «өзіндік сана – сезім» кризисі деп сипаттайды. Тек осыны басынан өткіріп ғана жеке даралы сезіміне ие болады.

Келесі жасөспірім шақты зерттеуші неміс философы мен психологы Э.Шпрангер болды. Ол 1924 жылы жасөспірім кезең психологиясы деген еңбекті басылымға береді. Ол еңбегі бүгінге дейін қолданылып келеді. Э.Шпангер жасөспірім кезеңін толық қарастыра отырып, жас кезеңді қыз балаларды 13-19 жас, ұл балаларды 14 – 21 жас деп қарастырды. Ол тәуелділік – еркіндік мазмұны болып табылатын «кризиспен» сипатталады. Э.Шпангер жасөспірім кезеңнің мәдени – психологиялық концепциясын жасады. Э.Шпангер бойынша жасөспірімдік кезең мәдениет деңгейіне өсу жасы. Ол психикалық даму жеке даралық психиканың осы дәуірде объективті және нормативті рухқа өсуі деп жазады. Ст. Холл, Э. Шпрангер айтқан тұжырымдарын талқылай келе, жасөспірімдердің даму деңгейінің үш типін бөліп көрсетеді:

1) Өткір ашулы кризистік уақытпен сипатталады. Ол қайта дүниеге келген адамдай уайым – қайғыға түседі, түп тамырында оның жаңа өзіндік «мені» пайда болады.

2) Өте баяу, ақырын, жайбасар тұлға. Жасөспірім ересектік өмірге өзінің жеке тұлғасының ешқандай өзгеріс енгізбей аяқ басумен сипатталады.

3) Жасөспірім белсенді және саналы түрде өзін тәрбиелейді, өзін-өзі қалыптастырады. Өзінің ерік – жігерінің күшімен ішкі кризистерімен мазасыздығын жеңеді, бұл өзіндік бақылау мен өзіндік мінез-құлқы жоғары деңгейдегі адамға тән. Бұл жастағы ең басты жаңа құрылым – Э.Шпрангер бойынша, «өзіндік менінің» ашылуы рефлексияның пайда болуы. Психологияның ең негізгі міндеті «тұлғаның ішкі әлемін тану» деген қағиданы ескерсек, оның мәдениетпен және тарихпен тығыз байланысты екенін айтып кеткен жөн болар.

#### *Әдебиеттер*

1. Хухлаев О.В. «Основы психологического консультирования и психологической коррекции: /Учеб. Пособие для подростков высш.пед.учеб. заведений. –М.:Издательский центр «Академия», 2001 –с.208

2. Абрамова Г.С. Возрастная психология. / Абрамова Г.С. Екатеринбург: Деловая книга, 1999 –с.456

3. Обухова Л.Ф. Детская психология: Теория, факты, проблемы / Обухова Л.Ф. М., 1995 -с.264

4. Мухина В.К. Возрастная психология. Хрестоматия / В.К. Мухина –М., 1999. –с.384

5. Филип Ройс. Психология подросткового и юношеского возраста. М., 1999 –с.447

6. Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников. – М.; Просвещение, 1976. –с 129

7. Возрастная и педагогическая психология / Под ред. А.В.Петровского. – 2-е изд. – М.: Просвещение, 1979. –с.316

8. Кулагина И.А. Возрастная психология: Развитие ребенка от рождения до 17 лет / И.А.Кулагина. М., 1998. –с.128

9. Асеев В.Г. Возрастная психология. Учебное пособие. В.Г.Асеев –Иркутск. 1989. – с.358

*Ж.Ж.Бейсенова психол.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

*С.М.Сейткали - «БВ03106-Ұйымдастырушылық психология» мамандығының студенті*

*Каспий университеті, Алматы қ.*

### **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ**

XIX ғасырдың басым дидактикалық жүйесінің бірі- денсаулықты сақтау педагогикасы. Оның технологиялық негізі оқытудың денсаулықты сақтау технологияларын пайдалану және денсаулыққа зиян келтірмей оқытуды ұйымдастырудың

тәсіл, форма, әдістерінің жиынтығы болып айқындалады. Адам өз өмірінің көп уақытын білім беру мекемелерінде өткізеді, сондықтан оқушының денсаулықты құндылық қатынас ретінде ұғынуы үшін педагогтың рөлі зор болып табылады. Денсаулықты сақтау технологиялары оқушының психикалық денсаулығын қамтамасыз етуге арналған және сыныптың ерекшелігін есепке алу, сабақтағы қолайлы жағдайды қалыптастыру, оқу материалына деген қызығушылықты сақтап отыру, гиподинамияның алдын алу, іс-әрекеттің әр түрін орындау, оқытудағы сәттілікті арттыру [1].

Әлеуметтік бейімдеу және тұлғалық даму технологиясы (САЛРТ) – оқушының денсаулығын қалыптастыру, тұлғаны психологиялық қалыптастыру.

«Психологиялық денсаулық» терминін И.В.Дубровина енгізді, ол психологиялық денсаулықты психикалық денсаулықтың психологиялық аспектісі ретінде, яғни тұлғаның рухани дамуымен көрінуіне байланысты түсіндіреді [2].

Психологиялық денсаулық:

·Адамның жас ерекшелік, әлеуметтік, мәдени (бала немесе ересек, мұғалім немесе менеджер, қазақ немесе араб) рольдерді адекватты орындауы;

·Адамның үздіксіз даму мүмкіншілігін қамтамасыз ету;

Психологиялық денсаулықтың құрылымы.

·Аксиологиялық;

·Инструменталдық;

·Қажеттілік-мотивациялық.

Аксиологиялық – адамның өзінің және өзгелердің құндылығын ұғынуы (өзін қабылдауы және жынысына, жасына, мәдени ерекшелігіне қарамастан өзгені де қабылдай алуы)

Инструменталдық – рефлексияны өзін-өзі тану құралы ретінде өзінің жан дүниесін және өзгелермен қатынасын ұғыну қабілеті ретінде игеруі. (өзінің және өзгелердің эмоционалдық жағдайын, мінез-құлқының ерекшелігін ұғынуы). Қажеттілік-мотивациялық – өзіндік дамуды қажетсіну (өзін дамытуға деген жауапкершілікті сезіне білу). Психологиялық қолдау көрсету формасын айқындау үшін норма және психологиялық денсаулық көрсеткішін қарастыруымыз қажет. Норма адамның қоршаған ортаға бейімделуімен және оны өз қажеттілігіне сәйкес бейімдей алу іскерлігімен айқындалады. Осы жоғарыдағы норма ұғымының анықтамасына сәйкес психологиялық денсаулық деңгейі былай айқындалады.

· Жоғары деңгейі – креативтілік тұлғаның психологиялық көмекті қажет етпеуі. (ортаға тұрақты бейімделе алуы, стрестік жағдаяттардан шыға алуы, қоршаған әлемге белсенді, шығармашылық қатынасының болуы)

· Орташа деңгей – бейімделу алдын-алу, дамыту бағытындағы топтық жұмысты ұйымдастыру. (социумге бейімделе алуы, үрейленудің басым болуы).

·Төменгі деңгей – бейімделеалмаушылық мінез-құлықтың ассимилятивтік-аккомодативтік стилінде индивидуалдық психологиялық көмекті қажетсінудің (мінез-құлықтың ассимилятивтік стилі өз қажеттілігі мен мүмкіншілігіне залал тудыра отырып қоршаған ортаға бейімделуге тырысуы, мінез-құлықтың аккомодативтік стилі – өзгелерді бағындыруға тырысуы) маңызды болуы;

Мектептегі оқушылардың күші мен қуаты сабақ барысында әлсірейді, сондықтан психолог эмоциялық қалыпты реттеуге үнемі көмектесуі керек.

Психолог төмендегі мәселелерді шешуі қажет, олар:

– Психоэмоциялық және соматикалық тынышталуына, қиналысты жоюға, жан дүниесінің, жүйке жүйесінің, психикасының қызметінің ретке келуіне мүмкіндік беру;

– Тұлғаның қарым-қатынасындағы проблемаларды шешуге көмектесу;

– Эмоциялық, ақпараттық, оқу, физиологиялық стресті жою техникаларын пайдалану;

– Тұлғаның өзіне жағымды қатынасты қалыптастыру;

– Еңбекке қабілеттілікті қолдау және оны сақтауға үйрету;

- Тұлғаның өзіндік рефлексиясын дамыту;
- Тұлғаның лидерлік қасиетін дамыту ;
- Қызметте сәттілікке жетуді үйрету;
- Қызметте эмоцияны сақтауды үйрету;
- Тұлғаның ұйымдастырушылық қабілетін дамыту;
- Мінездің іскерлік жағын дамыту;
- Өзінің және өзгенің эмоциялық жағдайын ұғыну мен қабылдау іскерлігін дамыту;
- «Бодифлекс» әдісі пайдалану арқылы оқушылардың күш қуатын арттыру және ақыл- ой іс-әрекетін белсендіру;
- Сумен шынықтыру тәсілдерін үйрету;
- Тыныс алу жаттығуларын үйрету .

Тау етегінде, орманда, су жағалауында теріс иондар – аэроиондар өте көп, оларды біз «ауа дәрумендері» деп атаймыз. Денсаулықты нығайту үшін олармен тыныстай білуге үйрету. Психологиялық денсаулық бөлмесін ұйымдастыру қажет, өйткені ол адамның психологиялық және физиологиялық жағдайына ықпал ететін ерекше орын. Қазіргі таңда әр адамның соматикалық және психикалық денсаулығына негативті ықпалдар әсер етіп, оны дағдарыстық жағдаятқа түсіруде, ал психологиялық денсаулық бөлмесі эмоциялық қалыпты реттеп, психологиялық үйлесімділіктің дамуына жағдай туғызады.

-Бұл бөлмені кез-келген білім беру мекемесінде ашу қажет, өйткені мұғалім, оқытушы мен қызметкерлерді басқару көптеген күш-қуаттың жұмсалыуына алып келеді. Мұғалімдер, оқытушылар мен қызметкерлер өзгелерге қолайсыздық туғызбай-ақ өзінің ашуы мен ызасын сыртқа шығарып, көңіл-күйін, эмоциялық жағдайын жақсарты алады.

-Ең бірінші бұл бөлмеде музыка үнемі ойнап тұруы қажет және ол жағдаятқа байланысты өзгеріп отырғаны абзал ( табиғат үнін, құстың сайрағанын тыңдау ). Ауадағы көбікті түтікшелер көңіл- күйді жақсартыады, ал түрлі-түсті проекторлардан шыққан түрлі-түсті толқындар адам жағдайына позитивті ықпал етеді.

-Бір-екі кресло және бірнеше орындықтар, сонымен қатар топтық сеанстар үшін кілемде төселінуі қажет[3].

-Оқушының психологиялық денсаулығын қалыптастыруда мектептегі психологиялық кабинеттің де маңызы зор .

·Мектептегі психологиялық кабинет психологиялық стресті әлсіретіп, қолайсыз жағдаяттарға қарсы тұрып, позитивті қуатты игеруге, психокоррекция мен психологиялық кеңес беруге арналған болып табылады және релаксациялық музыка кітапханасын жинақтау, ауадағы көбікті түтікшелерді және арнаулы оң әсер ететін жарық құрылымын орналастыру қажет. Оқушылардың психологиялық денсаулығын қалыптастыру үшін педагогикалық үдерісте төмендегідей жұмыстар жүруі қажет:

- Сергіту сәті және қозғалыстық ойындар
- «тыныштық сәті»
- Гимнастика түрлері ( емдік гимнастика, тыныс алу)
- Массаж
- Психогимнастика
- Тренингтер
- Фитотерапия, ароматерапия, витаминотерапия
- Мектептегі фитобарлардың болуы
- Физиотерапия кабинеті
- Педагог пен оқушылар үшін денсаулық сақтау тренингтері
- Тақырыптық мерекелер.

Мысалы мектептегі оқушылардың күші мен қуаты сабақ барысында әлсірейді, сондықтан психолог эмоциялық қалыпты реттеуге үнемі көмектесуі керек.

Психолог төмендегі мәселелерді шешуі қажет, олар:

- Психоэмоциялық және соматикалық тынышталуына , қиналысты жоюға, жан дүниесінің, жүйке жүйесінің, психикасының қызметінің ретке келуіне мүмкіндік беру;
- Тұлғаның қарым-қатынасындағы проблемаларды шешуге көмектесу;
- Эмоциялық, ақпараттық, оқу, физиологиялық стресті жою техникаларын пайдалану;
- Тұлғаның өзіне жағымды қатынасты қалыптастыру;
- Еңбекке қабілеттілікті қолдау және оны сақтауға үйрету;
- Тұлғаның өзіндік рефлексиясын дамыту;
- Тұлғаның лидерлік қасиетін дамыту ;
- Қызметте сәттілікке жетуді үйрету;
- Қызметте эмоцияны сақтауды үйрету;
- Тұлғаның ұйымдастырушылық қабілетін дамыту;
- Мінездің іскерлік жағын дамыту;
- Өзінің және өзгенің эмоциялық жағдайын ұғыну мен қабылдау іскерлігін дамыту;
- «Бодифлекс» әдісі пайдалану арқылы оқушылардың күш қуатын арттыру және ақыл- ой іс-әрекетін белсендіру;
- Сумен шынықтыру тәсілдерін үйрету;
- Тыныс алу жаттығуларын үйрету .

Тау етегінде, орманда, су жағалауында теріс иондар – аэроиондар өте көп, оларды біз «ауа дәрумендері» деп атаймыз.

Денсаулықты нығайту үшін олармен тыныстай білуге үйрету. Психологиялық денсаулық бөлмесін ұйымдастыру қажет, өйткені ол адамның психологиялық және физиологиялық жағдайына ықпал ететін ерекше орын. Қазіргі таңда әр адамның соматикалық және психикалық денсаулығына негативті ықпалдар әсер етіп, оны дағдарыстық жағдаятқа түсіруде, ал психологиялық денсаулық бөлмесі эмоциялық қалыпты реттеп, психологиялық үйлесімділіктің дамуына жағдай туғызады.

-Бұл бөлмені кез-келген білім беру мекемесінде ашу қажет, өйткені мұғалім, оқытушы мен қызметкерлерді басқару көптеген күш-қуаттың жұмсалыуына алып келеді. Мұғалімдер, оқытушылар мен қызметкерлер өзгелерге қолайсыздық туғызбай-ақ өзінің ашуы мен ызасын сыртқа шығарып, көңіл-күйін, эмоциялық жағдайын жақсарты алады.

-Ең бірінші бұл бөлмеде музыка үнемі ойнап тұруы қажет және ол жағдаятқа байланысты өзгеріп отырғаны абзал ( табиғат үнін, құстың сайрағанын тыңдау ). Ауадағы көбікті түтікшелер көңіл- күйді жақсартыады, ал түрлі-түсті проекторлардан шыққан түрлі-түсті толқындар адам жағдайына позитивті ықпал етеді.

-Бір-екі кресло және бірнеше орындықтар, сонымен қатар топтық сеанстар үшін кілемде төселінуі қажет [3].

Сонымен тұлғаның психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту қазіргі заманның әлі толық шешімін таппаған мәселелерінің бірі. Оны жүзеге асыру тәсілдері де жетілдіру үстінде.

### **Әдебиеттер:**

- 1.Васильева О.С.,Филатов Ф.Р. Психология здоровья человека: эталоны, представления,установки: Учеб.пособие.-М.: «Академия»,2001.-352с.
- 2.Психолого-педагогическая и социальная поддержка подростков:программы, групповые занятия, проектная деятельность.-Волгоград:2008. – 123с.
- 3.Новейшие технологии нейтрализации стрессов и оздоровления школьника – М.: 2008.-15с.
4. Имангалиева Ш. Д. Психологиялық денсаулықты қалыптастыруда жаңа технологияларды пайдалану [Текст] / Ш. Д. Имангалиева, Г. А. Амзеева, А. С. Шеримова // Молодой ученый. — 2015. — №8.2. — С. 29-31.

*Ж.Ж. Бейсенова*  
*психол.ғ.к., қауымдастырылған профессор*  
*А.Б. Суыкбаева*  
*«6B03106-Ұйымдастырушылық психология» мамандығының студенті*  
*Каспий университеті, Алматы қ.*

## **ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ УНИВЕРСИТЕТКЕ БЕЙІМДЕЛУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРДІҢ РӨЛІ**

Қазіргі таңда білім беру - әрбір тұлғаның даралығын ашу, жеке тұлға ретінде дамыту, бейімділігін қалыптастыруға бағытталса, сол жаңа жүйенің негізі бүгін көрініс тауып, қазірден нәтижесін беруі қажет. Сондықтан әрбір педагог өз қызметінің мазмұнын инновациялауы шартты. Ол үшін жаңа мазмұнды жұмыс жоспарын жасап, барлық үдеріс нәтижеге бағытталып ұйымдастыруы міндетті.

Ғылым мен техниканың даму қарқыны білім беру саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етіп отыр. Яғни, білім беру саласындағы ақпарат алмасу, электрондық пошта, телеконференция, бейнеконференция, интерактивті сабақтар педагогтардың кәсіби білімінің жоғары деңгейі арқасында жүргізіліп жатқаны рас. Оқыту үдерісіне бұндай ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы нәтижелерге жетіп, бірқатар мәселелер оң шешімін табуға. Атап айтсақ:

- оқу материалын студенттің терең түсінуіне
- студенттің оқуға деген қызығушылығының артуына
- алған білімнің ұзақ уақыт сақталуына
- студент және оқытушы арасындағы қарым – қатынастың орнауына
- студенттің белсенді әрекетінің болуына
- ең бастысы, студенттің сабақтан тыс уақытта өз бетінше жұмысты жалғастыруына
- отбасы, студент, жоғарғы оқу орны арасында байланыстың болуына.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев[1]: «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі»- деп атап көрсеткен. Сондай – ақ, Біріккен Ұлттар ұйымының шешімімен ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры деп аталады. Олай болса, әрбір педагогтың ақпараттар ағымына ілсіп, бәсекеге қабілетті құзырлы болуы – басты міндет және парыз.

Бәсекеге қабілетті құзырлы болу үшін, әрине, үздіксіз іздену, кәсіби білімді жетілдіру, тәжірибе алмасу, шығармашыл болу, жұмыс мазмұнын инновациялау қажет екені белгілі. Мен өз тәжірибемде кеңнен пайдаланып жүрген және менің әріптестерімнің де тәжірибесіне толық еніп, нәтижесін беріп келе жатқан технологияның бірі – тренингтік технологияның тиімділігіне тоқталғым келеді.

Білім беру салаларында кәсіби міндеттерін дербес, әрі шығармашылық тұрғыдан шеше алатын, кәсіби қызметінің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсіне білетін, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын меңгерген, кәсіби және бәсекеге қабілетті мамандар жұмыс істеуі тиіс.

Осыдан келіп, Қазақстанды білім беру жүйесіндегі негізгі мәселе мемлекетті қажетті мамандармен қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін қазіргі кезде білім беру саласындағы мамандандырылған дайындықтар негізінде болашақ мамандарды қазіргі заманғы инновациялық технологияларды қолдану арқылы дайындап, оларды мамандандырылған мәселелер мен қызметтердің шешімін табуға үйретеді. Ал бұл қызметтерді орындау үшін адам белгілі бір білім мен біліктілігі, инновациялық технология саласын меңгерген болуы керек.

Студенттердің кәсіби бағыттылығы қазіргі заман талаптарына сай жоғарғы оқу орындарындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы болашақ маманға сапалы білім беру мақсаттарын жүзеге асырудың бірден бір жолы.

Бітіру жұмысында психологиялық тренингтер негізіндегі студенттердің кәсіби бағыттылығы мәселесінің зерттелу деңгейі, ғылыми әдіснамалық негізі, қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады.

Студенттердің ЖОО-ға бейімделуінің бағыттылығының қалыптасу ерекшелігі қазіргі заман талабына сай жүзеге асады. Жалпы студенттердің кәсіби шеберлігінің қалыптасуы оқу процесінің ұйымдастырылу деңгейіне, оқытушының іскерлігіне, студенттердің ғылыми жұмысының ұйымдастырылуына тәуелді. Ал оқу процесінде қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдер кәсіби маман ретінде біртіндеп ЖОО-на студенттердің бейімделу жолдарының бірі психологиялық тренингтер арқылы жетілудің бірден бір жолы болып табылады.

Сондай-ақ оқыту процесін белсенділендірудің тәсілі ретінде психологиялық тренингтердің де маңызы зор. Білім беру технологияларында психологиялық тренингтерді пайдаланудың тиімділігі оқытушының кәсіби іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты екендігі белгілі.

Бүгінгі таңда педагогикалық іс-әрекеттің қыр-сырын әртүрлі салада қарастырған ауқымды зерттеу еңбектері баршылық. Жұмыстың теориялық бөлімі кәсіби жетілу мәселесінің психологиялық ғылыми әдебиеттерде алатын орнын талдаумен сипатталады.

Студенттерді кәсіби жетілдіруде қолданылған психологиялық тренингтерді мамандар даярлаудағы инновациялық әдіс-тәсілдер ретінде жоғары оқу орындарының білім беру үрдісінде қолдануға болады.

«Тренинг» термині – ағылшын сөзі, оқыту. Тәрбиелеу, жаттықтыру, үйрету сияқты бірқатар мағынаға ие. Тренинг адам бойында қалыптасқан мінез – құлық пен іс - әрекеттерді басқару модельдерін қайтадан қалыптастыру тәсілі ретінде қолданылады[2].

Тренинг түрлерінің ішіндегі - элеуметтік – психологиялық тренингтің психологтар үшін тиімділігі жоғары екенін баса айтқым келеді. Себебі бұл әдіс балалармен, ата – аналармен, элеуметтік топтар мамандарымен тағы басқа қажетті объектілермен белсенді жұмыс жүргізуге қолайлы. Осыған орай ресей ғалымдары мен зерттеушілері - Ю.Н.Емельяновтың, В.П.Захарованың, Г.А.Ковалеваның, Х.Микинаның еңбектеріндегі негізгі ойларымен ұштасады.

Психологиялық тренингтің мақсаты – қатынастағы тиімділікті арттыру, адамның перцептивті қабілеттілігін, жеке тұлғаның қатынас жүйесін шындай түсу.

Тренинг жұмысының нәтижелі болуы – оқыту, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда шешімін табуы тиіс міндеттерге тренинг жүргізушінің ықпал ете алуы.

Тренингтік технологияның тиімділігі –тренингке қатысушылар арасында қарым – қатынас құзыреттілігінің қалыптасуы.

Психологтің негізгі қызметтерінде ата – аналармен педагогикалық – психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу, тәрбиенің жекелеген мәселелері бойынша тәрбиелік іс – шаралар ұйымдастыру, жеке және топтық педагогикалық – психологиялық кеңестер беру сияқты үдерісте тренингтік технологияларды пайдаланып келемін. Әрине, тренинг жүргізер алдында түрлі бағыттағы бақылау қорытындыларының да болуы маңызды. Мысалы,:

- студенті тәртібі мен үлгірімін сабақта және сабақтан тыс уақытта бақылау
- студенттің қызметіне талдау жасау (әр пән бойынша білім деңгейіне, жұмыс дәптерлеріне, жазған шығармаларына т.б)
- студентпен жеке байланыс жасау (сұхбаттасу, пікір алысу, тест алу, эссе жаздыру, сурет салдыру, хат жаздыру
- достарымен кездесу, пікірлесу, кездесуге шақыру
- ата – анасымен байланыс ( қызметі, отбасы тәрбиесі, өскен ортасы)

Бірақ бала бойында бүгін байқалмаған қасиет ертең көрінуі де мүмкін. Сондықтан бақылау нәтижелері маңызды болғандықтан күнделік жүргізуді де жүйелі жолға қою керек деп есептеймін.

Жалпы тренингтік технологиямен жұмыс жасау барысында бірқатар принциптерді басшылыққа алсақ, еңбегіміз нәтижелірек болмақ. Олар:

-Белсенділік принципін қолдануда, тренинг барысында тренингке қатысушылар арнайы талқыланған іс - әрекетке белсенді қатысуы қажет. Неғұрлым қатысушыларды белсенділігі жоғары болса, тренинг соғұрлым нәтижелі болмақ. Сондықтан тренинг алдында қатысушылардың психологиясына әсер етіп, тиімділігіне назар аудартып, қызығушылығын арттырып алу керек. Қажет болған жағдайда өмірден жанды мысалдар келтіру де тренингтің нәтижелі болуына әсер етпей қалмайды. Бұл принцип адам естігенінің 10 пайызын, көргенінің 50 пайызын игерді деген қағидаға сүйенеді [2]

Сонымен қатар, зерттеушілік принципінде бұл ұстанымның маңыздылығы – тренинг барысында қатысушылар психологиялық ойларды зерттейді, талдайды және өз бойындағы жеке мүмкіндіктер және ерекшеліктермен салыстырады, қорытынды шығаруға мүмкінді болады. Бұл принципті жүзеге асыру барысында қатысушылар арасында түрлі қарсы пікірлер болуы мүмкін. Тренинг соңында біржақты пікірлер талданып, ортақ пікір ортасы қалыптасуы керек.

Мінез – құлықты нысаналау принципі

Бұл принцип, тренинг жүргізуші топта екі жақты байланысты орната алса ғана тиімдірек болады. Себебі, екі жақты байланыс мінез – құлықты нысаналаудың негізгі құралы болмақ.

Әріптестік қатынас принципі

Бұнда ең бастысы, қатысушылардың әрекетке деген қызығушылығын тудыру. Егер тренингке қатысушылар өз мінез – құлықтарын жасырмай, аша түссе тиімдірек болады.

Бұл айтылған психологиялық ұстанымдар әлеуметтік – психологиялық тренинг жұмысының тиімді болуы үшін алғышарты іспеттес.

ЖОО-да жүргізілген психологиялық тренингтер студенттердің жоғарғы оқу-орындарына бейімделуін аса қажет. Осыған орай, тұлғаның бейімделуі немесе бейімделе алмауының сипаты мен деңгейі көбінесе адамның биологиялық, физиологиялық, психикалық қасиеттеріне және оның әлеуметтік дамуына байланысты екенін байқауға болады.

Тұлғаның әлеуметтік бейімделуі ережелерді қайта орнатуға, әлеуметтік пайдалы қарым-қатынас, мінез-құлық, іс-әрекеттің өзгеруіне бағытталған. Психологиялық бейімделу - әлеуметтік қажетті құндылық бағдар және мінез-құлықты меңгеру, әлеуметтік ортаның күтілімдері мен тұлғаның бағыттылығын, бағдарын жақындаттыру. Бейімделудің әлеуметтік және психологиялық жақтары бір – бірі мен үздіксіз байланыста.

Қорыта келгенде, өмір бойы барлық тірі ағза, соның ішінде адам үздіксіз – климатқа, қоректенуге, қоршаған адамдарға тіпті кәсіби зияндылықтарға және стресске икемделеді. Яғни барлығы қоршаған ортамен үйлесімді болуға тырысады. Ортаның талабына біртіндеп бейімделеді.

Бейімделу процесі барлық тірі ағзаға тән деп айтып кеттік, бірақ адамның бейімделу ерекшелігі ол тек ортаға икемделуіне байланысты емес, сондай-ақ ең алдымен ол өзін қажеттілігіне сәйкес икемдей алуына байланысты болып табылады.

Кез келген тірі ағзаға белгілі ортада өмір сүреді, ол сыртқы ортадан міндетті түрде өмірге қажетті компоненттерді үнемі алуға мәжбүрлі. Тірі ағзаны сыртқы ортадан шектеу, оның өлуіне әкеледі. Сондықтан тірі ағза ішкі теңдікке жетуге талпынуда, ол бір уақытта тұрған орта жағдайына бейімделуі керек. Осы құбылыс «бейімделу» түсінігінің сипатын анықтайды. К. Бернар жұмысынан бастап бейімделуді теңсіз жүйелер аралығындағы қатынас ретінде қозғалмалы құрылудың жиынтығы деп қарастырылады.



### *Әдебиеттер:*

1. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын жария ету кезінде сөйлеген сөзі // Ана тілі. - 2007. - 8-14 наурыз (№10)
2. Педагогика және психология сөздігі.-Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002.-256 бет.

*Ж.Ж. Бейсенова -*

*психол.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

*А.О. Серікбаева -*

*«БВ03106-Ұйымдастырушылық психология» мамандығының студенті*

*Каспий университеті, Алматы қ.*

### **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ МЕН МАЗАСЫЗДАНУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Психология ғылымында жасөспірімдік жастың жетекші іс-әрекеті құрбы-құрдастармен тұлғалық қарым-қатынас деп қарастырылады. Сондықтан жасөспірімдер мектепке көбінесе оқу үшін емес, ал құрдастарымен қарым-қатынас жасау үшін, яғни өздерінің коммуникативтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін келеді. Әрине оқу іс-әрекеті де бұл жаста басты орында. Алайда олардың жастық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты оқу екінші орынға кетеді де, бірінші орында қарым-қатынас болады. Сонымен қатар, жасөспірімнің тұлғалық дамуының аса маңызды факторы – оның оның ауқымды әлеуметтік белсенділігі; ол белгілі-бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен өзін қанағаттанарлық қарым-қатынас орнатуға бағытталады.

Жасөспірімдердің құрбы-құрдастармен, ата-аналармен, мұғалімдермен қарым-қатынасы мен өзара әрекетінің психологиялық ерекшеліктері және олардың тиімділігін арттыру мәселесі психологтар мен педагогтар үшін маңызды мәселелердің қатарына жатады. Жасөспірімдік шақтағы қарым-қатынас мәселесі қоғамның түрлі даму кезеңдерінде әлі де көкейтестілігін жоғалтқан жоқ және ғалымдардың қызығушылығын тудыратыны бәрімізге мәлім.

Қарым-қатынассыз адамның өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі көрсетуі және өзін-өзі бекіту ұмтылысымен байланысты жеке қажеттіліктерінің қанағаттануы мүмкін емес.

Жасөспірімдердің негізгі психологиялық жаңа құрылымы – ересектену сезімі. Бірақ та олар әлі материалдық және әлеуметтік тұрғыдан ата-анасынан тәуелді, кәмелетке толмаған жасөспірімдер болып табылады. Сондықтан оларда еркін әрекет ететіндей көп құқықтары болмайды. Жасөспірімдік шаққа аяқ басқан баланың жеке басының қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімінің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы бұрынғы қатынас бұзылады. Жасөспірімнің жеке басындағы басты және өзіне тән жаңа құрылым оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы болады, ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады. Ересектік сезімі деп аталған бұл ерекшеліктің өзіне тән белгісі жасөспірім өзін балалар қатарынан шықтым деп санайды, бірақ төңірегіндегілер менің ересек болға-нымды таныса, деген қажетсіну бар болғанымен, онда шынайы, толық ересектікті сезіну әлі болмайды.

Жасөспірімдер мінез-құлқы жағынан да ересектерге көп ұқсамайды: олар әлі де көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып, тентектіктер жасайды, өз дегендерін істеп, тыным

таппайды, қызу да шамданғыш, әр түрлі салада белсенді, көбінесе ұшқалақ, ынта білдіріп, ден қоюы да, біреуді жақсы көруі, қарым-қатынасы да тұрақсыз, басқаның ықпалына оңай көнгіш болып келеді. Алайда балалығы қаз-қалпында болып көрінетін сырт көрініс алдамшы болады да, оның сыртында психологиялық жаңақұрылымдар қалыптасуының маңызды процестері жүріп жатады: жасөспірімдер көп жағынан әлі бала болып жүріп, елеусіз

есейеді. Ересектіктің қалыптасу процесі көзге бірден түспейді. Оның көріністері мен нышандары әрі сипатты сан алуан.

Жасөспірімнің өзіне тән әлеуметтік белсенділігі ересектер дүниесіндегі және олардың қарым-қатынас-тарындағы бар нормаларды, құндылықтар мен мінез-құлық тәсілдерін меңгеру алғыр-лығы болып табылады.

Бала өз жолдастарымен және ересектермен арасындағы қарым-қатынасты белгілі-бір дәрежеде құруға, әлеуметтік болмыстың түрлі жақтарымен таны-суға, белсене ұмтылатын жасөспірімдік шақта дамыған қоғамдық пайдалы қызметті қалыптастыруға жағдай жасайды.

Жасөспірімдермен қарым-қатынас жасауда кездесетін қиыншылықтар осы жастың психологиялық ерекшеліктерімен байланысты: қозудың жоғары болуы, нерв жүйесінің тұрақсыздығы, организмде болып жатқан өзгерістердің жылдамдығы, талап дәрежесінің, өзін-өзі бағалауының жоғары болуы, өзіне сенімділігін т.б.

Жасөспірімдердің бір-бірімен қарым-қатынасында мына жағдайлар дамиды:

- идентификация (ұқсату);
- бір-бірін түсіну қабілеті;
- бір-біріне қажет екендігін сезіну.

Бір-бірімен қарым-қатынас орнату келесі қажеттіліктерді жүзеге асыруға ықпал етеді:

- өзін таныта білу (ересектер өміріне қатынасып сезіну, өзіне сенімділігі);
- өзімен-өзі қатынас орнату (нақты «мен» және қиялдағы «мен»);
- жауапкершілік;
- сезімді қорғаныс.

Жасөспірімдердің өз құрдастарымен қарым-қатынас жасау мотивтері де өзгереді:

- 4 сыныпта өз құрдастарымен бірге болу ықыласы пайда болады (мысалы, бірге ойнау, бірге бір нәрсені орындау, жасау...);
- 5-6 сыныптарда қарым-қатынас мотиві - өз құрдастарының арасында ар-найы орын табу болып табылады;
- 7-8 сыныптарда негізгі мотив жасөспірімнің құрдастарының тобында дер-бес болуға ұмтылуы (өзінің бағалы екен-дігін мойындауға ұмтылыс).

Жасөспірімдер мына жағдайларды меңгереді:

- 5-6 сыныптағы жасөспірімдер – ересектерді сыйлау ептілігі, бағыну ептілігі (айтқанды орындау);
- 7-8 сыныптағы жасөспірімдер - кішілерге қамқорлық жасау, ілтипаттылық, лидер болуға ұмтылыс [1].

Жасөспірімдер сенімді қарым-қатынасты мұқтажданады, содан кейбір қыздар күнделік арнай бастайды. Зертеу-лерге қарағанда, күнделік жазу стрессті түсіруге ықпал етеді, эмоциялық дис-комфорттан құтылуға көмектеседі.

Жасөспірім жасындағы жаңа құрылым бұл өзін-өзі бағалауы. Адамның өз дене күшін, ақыл-ой қабілетін, іс-әрекет мотивтері мен мақсатын, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасын сезінуі өзін-дік бағалау арқылы жүзеге асырылады. Өзіндік бағалаудың ерекшелігі көптеген сезімдердің ерекшеліктеріне, жеке тұлғаны тәрбиелеу қарым-қатынасы мен талаптану деңгейіне тәуелді.

Жеке адамның дұрыс қалыптасуы үшін жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы дұрыс болуы қажет.

Өзін-өзі бағалаудың пайда болуы және оның қалыптасуы жасөспірімнің басқа адамдармен қарым-қатынасында көрініс береді. Басқа адамдармен қатынас жасауда

жасөспірім өзін басқалармен салыстырады, осының негізінде өзін таниды. Басқалармен қатынаста жасөспірім бағаланады. Басқа-лардың бағалауы, өзін-өзі бағалауды қалыптастырады.

Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы құрдастарының пікірінің, олармен қарым-қатынас қасиеттерінің негізінде қалып-тасады. Жасөспірімтердің өзін-өзі бағалау-ының дамуы былайша көрініс береді:

- өзін тану - өзінің ішкі дүниесіне деген қызығушылықтың нәтижесі;
- өзіне анализ жасау (ол кім, кім болғым келеді);
- өзін тануға жақын адамдардың көмектесуі (жолдастары, жақын туыстары);
- жасөспірімдік рефлексия («мен» бейнесінің пайда болуы – сыртқы пішіні, қабілеті, ақыл, мінезі, қарым-қатынас деңгейі).

Адамды тұлға ететін ол, ең алдымен – қарым-қатынас. Тұлғаның әлеуметтік ортада дамып-жетілуі көбінесе қарым-қатынас пен іс-әрекет барысында жүзеге асады. Д.Б. Элькониннің анықтауынша, жасөспірімдік кезеңдегі негізгі жетекші іс-әрекет - ол құрбы-құрдастарымен жеке-тұлғалық қарым-қатынас [2].

Кез-келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түсуді қажетсінеді. Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. Әрине, қарым-қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шеңбері аса кең, бұл көп қырлы ұғым. Өмірдегі сан алуан тыныс-тіршілікте адамдар бір-бірімен тікелей, жүзбе-жүз не жанама (хат жүзінде, радио, теледидар арқылы), не біреу арқылы қарым-қатынасқа түседі. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады. Тұлғааралық қатынас дегеніміз – қарапайым да күрделі мәселе. Осындай қарым-қатынастың мән-мағынасы, олардың түрлі көріністері жеке адамдармен топтық ұйымдардың тіршілігінен жақсы байқалып отырады /1/.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы, әдетте олардың бірін-бірі қабылдай алуы, түсінуі және бағалануына байланысты, яғни тілдесу нәтижесінде бір адамның екіншісінің образы жөнінде топшалаған ой-пікірі. Екінші адамның тұлғалық образын оның сырт пішіні мен психологиясын және әрекет – қылығын байланыстыра, салыстырып тануға болады. Ал психологиялық бейне әр адамның қажетсінуінен, қылық мотивтерінен, мінез бітістерінен, әртүрлі өмірлік жағдайлардағы көңіл-күй толғаныстары мен әрекеттерінен көрінеді /2/.

Қарым-қатынастағы кез келген қажеттілік тұлға белсенділігінің қайнар көзі болып табылады. Қарым-қатынастағы қажеттілік – күрделі құрылымдық жиын болып табылады. Бізді оның екі құрылымы қызықтырды: эмоциялық байланыстағы қажеттілік және танымдық қажеттілік.

Тұлғалық белсенділік адамдардың басқалармен қарым-қатынас процесінде айқын көрінеді. Сондықтан қарым-қатынас іс-әрекеттік тұрғысынан, С.М. Жақыпов көрсеткендей, бұл - бірлескен іс-әрекетке деген қажеттіліктен туындайтын және ақпарат алмасуды, өзара әрекеттің, басқа адамды қабылдау мен түсінудің ортақ стратегиясын өндіруді қамтитын, адамдар арасында байланыс орнату мен дамытудың күрделі, көп жақты процесі болса, кез келген қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетке қатысушылардың өзара әрекеттесу, ынтымақтастық формасы.

Ресейлік әдебиеттерде мазасыздану мәселесіне арналған зерттеулер аз. Олар фрагменттік сипатта. Бұл көбіне әлеуметтік себептерге байланысты. Сонымен қатар ресей психологиясында бұл мәселенің жете зерттелмеуінің себебі батыстың психология және психиатрия ғылымдарында психоанализ, экзистенциалды бағыттардың өріс алып дамуы әсер етуде. Соңғы он жылдықта ресей психологтарының мазасыздану мәселесін зерттеуге деген қызығушылықтары қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты күрт арта түсті. Сонымен қатар, қазіргі заманда Ресей елінде мазасыздану нақты колданбалы

мәселелер шегінде зерттелетінін ескерген жөн. (емтихан, жарыс алдындағы мазасыздану, психиатриядағы мазасыздану, спортшылардың, ұшқыштардың мазасыздануы). Мазасыздану мәселелерін зерттеудегі мұндай жағдайдың себебі Ресейдің психологиялық ғылымдарының даму логикасымен байланысты. Онда эмоция және эмоциялық күйлерді зерттеу психофизиологиялық деңгейде жүргізіледі.

Мазасыздану жалпы мағынасында қауіпті сезінумен байланысты жағымсыз эмоция. Мазасыздану құбылысына тән қауіпті алдын-ала сезіну ерекшелігі, оның басқа эмоциялық құбылыстар арасындағы маңыздылығын көрсетеді. Мұны гештальттерапияның негізін қалаушы Ф. Перлз бейнелеп көрсетті. "...Мазасызданудың формуласы ете қарапайым. Мазасыздық қазіргі мен бұрынғы арасындағы шығын" [Перлз Ф.С., 1994 стр.145].

Мазасыздануды эмоциялық күй (жағдайлық мазасыздану) ретінде және үнемі мазасыздық күйге бейімділіктен көрінетін жеке психикалық ерекшелік, тұрақты қасиет ретінде беліп қарастырады. Психикалық деңгейде мазасыздану күштену, уайым басу, тынымсыздану невроздық, жалғыздық, шешім қабылдай алмаушылық байқалады. Физиологиялық деңгейде мазасыздану ерекше реакциялық жағдай. Мазасыздану кезінде жүрек қағысы, тыныс алу жиілеп, қан қысымы көтеріледі, жалпы қозу күшейеді. Кез-келген сферадағы (тестік тұлға аралық, экологиялық) тұрақты мазасыздануды — генерализацияланған мазасыздану деп атау қалыптасқан. Ол адам өміріндегі маңыздылығының өзгеруіне байланысты еркін түрде объект ісін өзгертеді. Мазасыздану қауіпті жағдайда сигнал ретінде, мүмкін болатын қиындықтар мен мақсатқа жетудегі кедергіліктерді жеңу үшін бар күшті жұмылдырып, жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан мазасызданудың қалыпты (оптимальды) деңгейі ақиқат жағдайына нәтижелі бейімделу үшін қажет болып табылады, ал мазасызданудың жоғарғы деңгейі керісінше дезадаптивтік реакция ретінде қарастырылады.

Мазасыздану мәселесін зерттеуде, қалыпты бейімделуге кедергі келтіретін құбылыс ретінде мазасызданудың тіптен жоқ болуы және іс-әрекеттің өнімділігімен қалыпты дамуына кедергі келтіретін тұрақты мазасыздану қарастырылады.

Мазасызданудың тұлға дамуына әсері әлі де нақты анықталмаған, дегенмен мұны ең алғаш айтқан С. Кьеркегор болды. Оның пікірінше мазасыздану адамзат өмірінің тарихын анықтаушы негізгі фактор. Кейінен бұл көзқарас экзистенциалистердің философиялық жұмыстарында, психоаналитикалық зерттеулерде дами бастады.

Мазасызданудың тұлға дамуына әсері жөнінде қазіргі замандық пікірлер негізінен клиникалық зерттеулердің мәліметтеріне сүйенеді. Сонымен қатар, осылайша эмпирикалық зерттеулерде орныққан мазасыздану және тұлғаның ерекшеліктері, мысалы: мазасыздану және талаптану деңгейі [Рейковский Я., 1979], мазасыздану және акцентуация типтері [Захаров Л.Н., 1994] арасындағы байланыстар талданады.

Бұл мәселені зерттеуде тұрақты мазасызданудың себептері туралы сұрақтар басым болып табылады. Бұл сұраққа жауап мазасыздану қай аспектіде қарастырылуына байланысты болып табылады.

Мазасыздануды темперамент қасиеті ретінде (В.С. Мерлин терминологиясы бойынша психодинамикалық мазасыздану) ұғынған жағдайда — жүйке жүйесі процестерінің қасиеттерінің алғы шарттары негізін фактор ретінде көрініс табады. (Данилова Н.Н., 1992; Мерлин В.С., 1986; Рейковский Я., 1979; Стреляу., 1982; және тағы басқалар). В.С.Мерлин мектебінде психодинамикалық мазасыздану мен әлеуметтік қарым-қатынастағы мазасыздануды салыстыратын зерттеулер қатарында бұл сұрақ мазасыздық күйді тудыратын себепті және себепсіз факторлардың екі типін қарастыру арқылы шешіледі. (Мусина И.А., 1993; Рейковский Я., 1979;). Белгіленген фактор типтері көрініс тапқан жағдайдың немесе уақиғаның бірнеше рет қайталануы мазасызданудың тұрақты қасиеті ретінде орнығуына әкеледі. (Ч.Д. Спилбергер жіктемесі бойынша мазасыздану қасиеті ретінде).Басқаша бағыттың негізін қалаған Р.Б.Кеттел және оның серіктестері болды, олар бұл

мәселені математикалық модельді қолдану арқылы шешуге тырысты. Мазасызданудың себептерін түсінудегі басты мәселелерінің бірі — оның қайнар көзі болып табылатын себепін табу. Қазіргі уақытта тұрақты мазасызданудың себепінің 2 типі айтылып жүр: біріншісі, үрейлік күйді жиі бастан кешіру нәтижесінде пайда болған ұзақ мерзімді сыртқы стрестік жағдай (Ю.Л.Ханин, Ч.Д. Спилберг тағы басқа) ал екіншісі ішкі психологиялық жағдай. Осындай әртүрлі себептердің әсерінен мазасызданудың да әр түрлі типтері бола ма? деген сұрақтың қазіргі уақытқа дейін нақты шешімі жоқ.

Жасөспірімдік шақта мазасыздану әсіресе қарым-қатынаста байқалады. Кейбір авторлар мысалы А. Фрейд себептерге байланысты мазасызданудың әртүрлі типтерін айта отырса да феноменалды деңгейде бұл типтерді бөлудің мүмкін еместігін ескертті. И.А. Мусина (1993), С.Я. Рубинштейннің "сыртқының ішкі арқылы әрекеті туралы танымал ой желісіне сүйене отырып, мазасызданудың пайда болу себептері әртүрлі болатындығына байланысты мазасыздану типтері де әртүрлі деген пікірді қолдай отырып "ішкі" және "сыртқы" тұлғалық мазасыздану деген терминдерді енгізуді ұсынды. Қажеттіліктің қанағаттандырылмауының тұлға аралық сенімсіздіктегі басты рөлі К.Хорнидің жұмыстарында көрсетілген. Баланың негізгі қажеттіліктерінің қанағаттандырылу мүмкіндігі қоршаған адамдарға тәуелді.

Баланың белгілі бір тұлға аралық қажеттіліктері бар: қамқорлыққа, махаббат, басқалардың мақұлдауына деген қажеттілік. Егер бұл қажеттіліктер ерте балалық тәжірибеде қарастырылса, егер бала қоршағандардан махаббат, қолдауды сезінсе онда балада өзіне деген сенім, қауіпсіздікті сезінеді. Бірақ көбіне баланың ең жақын адамының өзі бала үшін ондай атмосфера жасай алмайды. Нәтижесінде балада "бзді" сезіну емес сенімсіздік, күйзеліс сезімі дамиды. Мұны түсіндіру үшін Хорни К "базистік мазасыздану" ұғымын қолданады. Бала қоршаған ортада әлсіздік, қорғансыздық, бөлектенгендігін сезінеді, қоршаған ортаны өштес ретінде қабылдайды. Мазасыз бала қоршаған ортаға қиындықпен бейімделеді, ал бұл оның қалыпты даму мүмкіндігін шектейді. Мазасыз тұлға оқшаулану және қорғансыздық сезімімен күресудің стратегияларын дамыта бастайды. Тұлға сезіміндегі кемшіліктерді компенсациялау үшін шынайы емес, идеалды өзінің бейнесін қалыптастырады.

"Идеалды-менді" жүзеге асыруға тырысу эгоцентриалық құрылымды құра отырып, ішкі дау-жанжалды, невротикалық қажеттіліктерді күшейтіп соның нәтижесінде мазасыздану деңгейін күшейтеді.

Г.С. Салливанның алғашқы мазасыздануы мен К. Хорнидің "базистік мазасыздану" түсініктері ерте балалық шақтан көрініс табатын, тұлғаның келешек дамуына әсер ете отырып, сақталатын сезім прототипі ол қоршаған ортадағы адамдардың қарым-қатынасынан қайта көрініс табады.

К. Хорни мен Г.С. Салливанның тұлға психологиясы мен мазасыздануды психикалық зерттеуге қосқан үлестері орасан зор. Ал олардың мазасыздануға байланысты ұсынған концепцияларына келетін болсақ, бұл концепцияларда мазасызданудың пайда болу және мазасыз тұлға типінің қалыптасу процестері дәл баяндалған.

Мұндағы ең маңыздысы алдымен балалар үшін тұлға аралық қауіпсіздік, сенім қажеттііііі» қанағаттандырылмауы - мазасызданудың негізгі себебі ретінде көрінуі.

Мұндай көзқарасты жалпы формасында Э. Флоремда ұстанды. Оның айтуынша мазасызданудың негізгі себебі адамның жеке тұлға ретіндегі жатырқаушылық сезімін және осыған байланысты табиғат пен қоғам күштері алдында өзін әлсіз сезінуі Э. Фромм мұны жеңудің негізгі жолы адамдар арасындағы махаббаттың түрлі формалары деп білді. Өзінің "Искусство любить" атты еңбегінің бірінші бөлімін "Махаббат-адам өміріндегі мәселелердің шешімі" деп текке атамаған.

Отандық және шетелдік зерттеушілер мазасызданудың пайда болуы мен орнығуындағы қарым-қатынас тәжірибесінің маңыздылығын қолдайды. Мазасыздану

балаға мазасыз анадан беріледі немесе мазасыздану бала ата-анасының оған деген махаббатына, қолдауына сенімсіздік танытқан жағдайда пайда болады деген пікірді ұстанады.

Ресейдің танымаё психиатры және психиатерапевті А.И. Захаров "Әйелдің жүктілік кезінде мазасыздануы нәрестенің мазасыздануының алғашқы тәжірибесі болып табылады. Жүктіліктің екінші кезеңінде нәрестенің кан тамырлар жүйесі қарқынды дамиды және нәресте плацента арқылы ананың мазасыздануының белгілі бір бөлігін сезінеді. Ананың мазасыздануы нәрестенің сәйкес реакциясын туғызады.

Сонымен қатар мазасыздықтың анадан балаға берілу жөніндегі түсініктің қазіргі уақытта кең таралуына қарамастан бұл түсініктің теориялық концепциялар мен клиникалық бақылауларға сүйенетіндіктен жеткілікті түрде дәлелді бола алмайтындығын ескерген жөн.

#### **Әдебиеттер:**

1. Панин Л.Е., Соколов В.П. Психосоматические взаимоотношения при храническом эмоциональном напряжении. - Новосибирск, 2012
2. Левитов Н.Д. Психическое состояние беспокойства тревоги // Вопр,псих. – 1998. № 8.
3. Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения - М. Педагогика 2014
4. Морган И.П., Эниксон К.А. Ситуативная тревога и результативность деятельности // вопросы психологии 1990. № 3
5. Волков Б.С. Психология подростка. - М., 2001.

*М.Д. Жақауов - Абай атындағы ҚазҰПУ*

*Жастар ісі жөнінен ректор кеңесшісі, саясаттанушы*

*Д.И. Ордагулова - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының аға оқытушысы  
Алматы қ.,*

*К.К. Тусубекова - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының  
аға оқытушысы, п.ғ.к.*

### **ТҮЛҒАНЫҢ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ**

Жеке адамның психологиялық саулығына әсер етуші ықпалдарды зерттеудегі бүгінгі күні орын алып жатқан жұмыстар оларды жағымды тұрғыда өзгертудің неғұрлым дұрыс жолын анықтауға, ықпал етудің қолайлы әдістері мен тиімді технологияларын таңдап алуға, жеке адамның психологиялық саулығына әсер етуші әртүрлі жастағы балалар мен жанұялардың алуан түрлі дәрежелеріне қатысты дара тұрғыдан қарауды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Денсаулық психологиясы өзінің қалыптасуы барысында гуманистік психология көздеген, психология ғылымының дамуындағы ұстанымы бөлек жолды - «адам және адами бет-әлпет психологиясы» деген жаңа ғылымның қалыптасуы жолын жалғастыруда. Дәл осы гуманистік психология ғана денсаулыққа бір тұтастық көзқараспен қарайды. Ол физикалық және психологиялық денсаулықты адамның мақсаты мен, қажеттілігімен және бағалы құндылықтарымен байланыстыра отырып қарастырады. Денсаулық психологиясының тұрақты болуы адамның мінез-құлқын терең талдаумен қатар, әрбір жеке адамның алатын биіктігін зерттеумен де анықталуы мүмкін.

Н.Водопьянова, Н.В. Ходырев тың пікірінше, «денсаулық психологиясы-бұл аурудың себептері туралы психологиялық білімнің пәнаралық саласы; денсаулыққа қолайлы факторлар және адамның өмір бойы жекебасының даму шарттары» деп қарастырған [1].

В. А. Ананьевтың пікірінше, денсаулық психологиясы-денсаулықтың психологиялық себептері, оны сақтау, нығайту және дамыту әдістері мен құралдары туралы ғылым деп түсіндіреді. Автор денсаулық психологиясы адамның денсаулығын оның туғаннан ақырғы ғұмырына дейін сақтау тәжірибесін қамтиды. Оның белгілі бір шартты үлесі бар нысаны - "сау", бірақ "ауру" емес деп қарастырады [2].

Г. С. Никифоров өз еңбектерінде, қазіргі практикалық психология қажеттілікті түсінуге жақындады және өмір бойы адамды психологиялық қолдау мәселелерін шешуге дайын. Осындай басты міндеттердің бірі-адам денсаулығы. Сондықтан, жоғарыда айтылғандарды жалғастыра отырып, денсаулық психологиясын өмір бойы адам денсаулығын психологиялық қамтамасыз ету ғылымы ретінде анықтауға болады деп сипатайды [3] (*Никифоров Г. С. Психология здоровья: Учебное пособие. — СПб., 2002.*). Денсаулық психологиясы саласындағы соңғы жиырма жылдағы шетелдік монографиялық басылымдарды талдағаннан кейін, И. Н. Гурвич [4] (*Гурвич И. Н. Социальная психология здоровья. — СПб., 1999.*) олардың таңғажайып тақырыптық әртүрлілігі туралы қорытынды жасайды. Сондықтан, ол қазіргі уақытта денсаулық психологиясының нақты пәндік саласын оқшаулау өте қиын деп санайды. Соған қарамастан, автор денсаулық психологиясының қазіргі жағдайына ең сәйкес келеді деп санайды, яғни теориялық және эмпирикалық зерттеулер тақырыбын құрайтын негізгі тақырыптардың тізімін ашу арқылы, оны дәл пәндік сала ретінде анықтау керек деп есептейді. Автор толық қамтуды талап етпестен, денсаулық психологиясының мүдделеріне кіретін зерттеулердің негізгі міндеттерін атап өтуге тырысады. Осылайша, И. Н. Гурвич денсаулық психологиясына анықтама береді, автордың пікірінше, денсаулық-медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік және басқа да аспектілерді қамтитын кешенді көп аспектілі феномен деп тұжырымдайды [4].

"Психикалық денсаулық" терминін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы енгізген. ДДҰ сарапшылар комитетінің "балалардың психикалық денсаулығы және психоәлеуметтік дамуы" (1979) баяндамасында баланың денсаулығындағы психикалық дамудың ерекше рөлі атап өтілді. Дәл осы денсаулық аспектісі психологтар мен мұғалімдердің назарында. ДДҰ мамандары балалардың психикалық денсаулығын психикалық әл-ауқат жағдайы ретінде қарастырады, ауыр психикалық құбылыстардың болмауымен сипатталады және қоршаған шындық жағдайларына мінез-құлықпен іс-әрекеттің тиісті реттелуін қамтамасыз етеді. Психикалық денсаулықтың бұзылуы соматикалық ауруларға немесе физикалық дамудың ақауларына, сондай-ақ балалар психикасына әсер ететін және олардың өмірінің әлеуметтік жағдайларына байланысты әртүрлі қолайсыз факторлар мен стресстерге байланысты болуы мүмкін. ДДҰ сарапшылары психикалық денсаулық проблемалары балалық шақтағы қоршаған ортамен тікелей байланысты екендігіне ерекше назар аударды. Психикалық денсаулықтың негізі онтогенездің барлық кезеңдерінде адамның толық психикалық дамуы болып табылады. Бұл психикалық денсаулықты қамтамасыз ететін жоғары психикалық функциялардың дамуы. Неліктен? Әр жас кезеңінде баланың іс-әрекетке, қарым-қатынасқа, білімге, түсінуге және әлемді эмоционалды қабылдауға белгілі бір қажеттіліктері бар. Дамымаған психикалық функциялар баланың адамдар әлемімен, мәдениетімен, табиғаты мен толық қарым-қатынас жасауына, осы әлемді білуге, сезінуге және түсінуге мүмкіндік бермейді. Баланың қажеттіліктерінің бұзылуы нәтижесінде психологиялық нығайтудың пайда болады, ол депрессия жағдайын тудырады және соның салдарынан психикалық денсаулықтың бұзылуы (қорқыныш, мазасыздық, психикалық стресс, кешендер, жағымсыз тәжірибелер, жеткіліксіз реакциялар және т.б.). Балалардың бір немесе бірнеше қажеттіліктерінің бұзылуы психосоматикалық генездің әртүрлі аурулары (бронх демікпесі, құсу, бас ауруы және т.б.) түрінде көрінетін мектеп невроздары деп аталады.

Мұның бәрі психикалық дамудың және жеке тұлғаның қалыптасуының оң жолын тежейді, бұрмалайды. Оқушылардың сау психикалық дамуы үшін жағдайлар - бұл заманауи білім беру, әлеуметтік және мәдени контекстіне кіретін біртұтас меди-циналық психологиялық-педагогикалық жүйе.

Денсаулыққа қатысты көзқарас адамдардың денсаулығына ықпал ететін немесе қауіп төндіретін қоршаған ортаның, әсіресе отбасын дағы алуан түрлі құбылыстар мен тұлғаның жекелеген, таңдамалы байланыстарынан құралған жүйені, сондай-ақ жеке адамның өзіндік психикалық және физикалық күйін белгілі бір дәрежеде бағалауын білдіреді.

С.Т.Исалиева, А.Т.Искакованың мақалаларында «...отбасылық құндылықтармен салауатты өмір салтында негізден баланың салауатты тұлғасын қалыптастыру өзекті аспектілері қаралған. Мақалада отбасылық өмір қарым-қатынастардың әлемдік тәжірибені және өскелең ұрпақтың тиісті тәрбие мәселелерін талдау тұрғысында Қазақстан дағы отбасы тарихына назар аударылады [5].

«...На основе анализа трудов разных авторов мы попытались дать собственное понимание психологического здоровья и представить модель психологически здоровой личности: Психологическое здоровье – это субъективное благополучие, обеспечивающее развитие личности, создающее условия для реализации собственного потенциала, благо приятного взаимодействия с социальной средой и обществом. Психологически здоровая личность—это личность, в первую очередь, полноценно развитая психически, не имеющая психических отклонений, эмоционально стабильная, способная к деятельности, заинтересованная в собственном развитии (потенциал и самоактуализация), имеющая собственные ценности, эстетические чувства, адаптивная, стрессоустойчивая, активно участвующая в семейной, социальной, профессиональной жизни, «здорово-мыслящая», умеющая оценивать ситуацию, с адекватной самооценкой, обеспечивающая собственную безопасность, склонная к самовоспитанию, управляющая своим поведением в соответствии с социальными нормами, удовлетворенная собственной жизнью, ставящая цели и ищущая пути их реализации» деп денсаулық психологиясы туралы авторлық анықтамалары мен тұжырымдамаларын ұсынған [7].

Ю.А. Долинный, А.П. Глобаның мақаласында арнайы медициналық топтардың оқушыларының психологиялық және дене тәрбиесіндегі денсаулық сақтау технологиялары қарастырылған. Заманауи өмір қарқыны стрессті жиі тудырады, бұл өз кезегінде әр түрлі аурулардың пайда болуына және дамуына ықпал етеді. Сондықтан балалардың психофизикалық денсаулығын сақтау, жалпы орта білім тұжырымдамасына баса назар аударатын, негізгі білім беру міндеттерінің бірі болып табылады деп атап көрсеткен [8]. Мақалада оқу үрдісінде жасөспірімдердің денсаулық сақтау технологияларын енгізудің психологиялық-педагогикалық жүйесі ұсынылған; денсаулықты сақтау, нығайту және қалыптастыру қағидаттары негізделген; теория мен практиканың тығыз байланысы студенттерді өзін-өзі тануға, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі дамытуға бағытталғандығы туралы қарастырған. Авторлар оқу үрдісіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу білім сапасын арттыруға көмектеседі деп тұжырымдайды. Жүйенің практикалық маңыздылығы оны барлық типтегі оқу орындарының нақты тәжірибесінде қолдануға болатындығы, сонымен қатар, оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға негіз болатындығы туралы айтылады.

Ф.Ә. Сахиева, С.Т. Мамадалиев, А.А. Акимбаев аталмыш мақалаларында қоғамның заманауи даму жағдайында жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық дамуы мен психологиялық денсаулығы мәселесі қарастырылған. Айналадағы қоршаған әлеуметтік ортаның, заманауи қоғамдағы елеулі өзгерістердің жасөспірімдер мен өскелең ұрпақтың психоәлеуметтік дамуына, іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының қалыптасуына тікелей ықпалы мен әсері атап көрсетілген [9].

Денсаулыққа қол жеткізетін жеке бағытын құрастыру үшін денсаулыққа қатысты психологиялық құзырды дамыту қажет және де өзіндік өмір сүру сапасын – субъективтік қабылдау барысын дағы психологиялық, эмоциялық және физикалық сипаттағы шектік



көрсеткіштерді түбегейлі өзгету мүмкін. Өмір сүру сапасының маңызды көрсеткіші болып адамның маңайындағы әлеуметтік жағдайға қатысты жеке уайымдары болып саналады [5].

Зерттеу барысында әліде болса, денсаулықты сақтауға қажетті өмір сүру сапасының субъективтік бағалануының маңыздылығын анықтап, тұлғаның мәдениет контекстінде психологиялық денсаулықты жан-жақты зерттеуді керек етеді.

### *Әдебиеттер:*

1. Водопьянова Н. Ф., Ходырева Н. В. Психология здоровья // Вестник ЛГУ Сер. 6. - 1991. Вып. 4.
2. Ананьев В. А. Введение в психологию здоровья: Учебное пособие. — СПб., 1998.
3. Никифоров Г. С. Психология здоровья: Учебное пособие. — СПб., 2002.
4. Гурвич И. Н. Социальная психология здоровья. — СПб., 1999.
5. Исалиева С.Т., Искакова А.Т. Баланың салауатты тұлғасын қалыптас тыру өзекті аспектілері //Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология №1 (30), 2017.
6. Фролова Ю.Г. Психология здоровья: Учебное пособие. — «Высшая школа», 2014. — 25 с
7. Маткаримова А.И., Кабакова М.П. Теоретический анализ проблемы психологического здоровья //КазНПУ им. Абая. ВЕСТНИК Серия «Психология», №1(62), 2020. —С. 138-143
8. Долинный Ю.А., Глоба А.П. Здоровье сберегающие технологии в психофизическом воспитании школьников специальных медицинских групп //КазНПУ им. Абая. Вестник Серия «Психология», №2(63), 2020.— С. 9-16
9. Сахиева Ф.Ә., Мамадалиев С.Т., Акимбаев А.А. Жасөспірімдердің психологиялық денсаулығы мен психоәлеуметтік дамуы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Психология» сериясы, №2(63), 2020. Б. -170-174

*Салмеке Салтанат Аманқызы*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,*

*Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының оқытушысы,  
психология магистрі*

*Сердали Д.С., Мейірбекова Ш.У.*

*6B03105 -«Практикалық психологты даярлау» мамандығыныңы 1-курс  
студенттері*

### **ПСИХОЛОГИЯДА ТҮЛҒАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Тұлға мазмұны – оның ішкі өмірі, әлемі, индивидуальді санасы және өзін - өзі бақылауы, идеялары, көзқарасы, пікірі, түсінігі.

Тұлғалық психодиагностиканың орталық және универсальді ұғымы «психикалық құрылым». Құрылым – бұл заттың түрлілігі мен басқа заттармен байланысын және қатынасын көрсететін философиялық категория құрылымдар интенсивтілігі мен өлшемдеріне орай топталады. Осыған орай құрылымның үш негізгі түрі ерекшеленеді:

- Жыныстық (ер және әйел)
- Сызықты бір өлшемді құрылымдар
- Көпсызықты.

Тұлға бейнесін белгілі бір әрекетке орай орналасуының тұрақты мотиві мен қызығушылығы деп түсінеміз.

Бейнелер түрлері мен олардың арақатынасы. Өзінің жүйесінде бейнелер бумасы «тұлға профилін» құрады. Анықталған бейненің даму деңгейіне анықталған және

нормативті нәтиженің индивидті жетістігі тәуелді болады. Егер бейнелер деңгейі нәтиже жетістігіне әсер етпесе, онда сөз стильді бейнеде болғаны. Стильді бейне біртұтастығы әрекет пен іс әректің индивидті стильін анықтайды. Іс әрекетке бағытталған бейнелер мотиві деп аталады. Психикалық құрылымдар көріністер, ауыспалы, тұрақсыздар психикалық күйді құрайды[1].

Осы жолмен психологиядағы диагностика бағытталған жасырын факторлар қабілеттер немесе стильдік немесе мотивті немесе психикалық күй болып табылады.

Психологияда психикалық күйлер мен олардың факторларының байланысын түсіндіретін көптеген, теориялар бар. Әрбір психодиагностикалық әдістеме сүйенетін диагностикалық концепция бұл - бір-біріне іс әрекетті жүзеге асыруға бағытталған психикалық құрылымдардың теориялық жүйесі. Жалпы және жеке көріністер арасындағы айырма жалпы және жекелік психодиагностикалық әдістемелердің айырмашылығын қамтамасыз етеді.

Тұлғаның сансыз және әртүрлі көріністер оның құрлымымен толықтырады. Психологиялық құрылым түсінігі маңызды теориялық және практикалық мағынаға ие. Сонымен қатар, тұлғаның психологиялық құрылымы нақты адамның индивидті психологиялық ерекшеліктерін жүйелі және нақты нақты түрде игерудің кестесі болып есептеледі.

Тұлғаның жаңашыл теориялары фактілер және элементі жағынан үлкен айырмашылықпен сипатталады. Жеке адам анықталған әлеуметтік қоғамның өкілі, әлеуметтік сапаға ие, тұлғалық ерекшеліктері бар адам.

Тұлға – homo sapiens түсінігіндегі өкіл, тұлғалық көріністерге ие адам.

Бірінші деңгейге адамның мінезі жатады:

- Физикалық ерекшелігі (бойы, сүйек тығыздығы, күші)
- Биохимиялық ерекшелігі (биохимиялық процестің жүруі)
- Соматикалық ерекшелігі.

Тұлға деңгейіне жататын айырмашылықтар:

Алғашқы «тұлғалық» сапалар: жастық, жыныстық;

Екіншілік «тұлғалық» сапалар: темперамент пен ерік;

Үшіншілік «тұлғалық» сапалар: характер, қабілет, қажеттілік және тәжірибе.

Ең көп таралған тұлғалық сұрақтарға: сұрақтар тобы мен бірнеше жауабы бар тесттер жатады. Қабілет тесттерінен айырмашылығы оларда объективті дұрыс және дұрыс емес жауаптар жоқ, бірақ әрбір сұрақ бөліміне, әрбір бейнені анықтап береді. Бейне түсінігінің астарынан үзілісті береді. Бейне түсінігінің астарынан үзілісті көре аламыз. Бейне мен көріністің үш түрі бар: конституциональді, организм құрылымымен байланысты және жағдайлардың шектеуіне шек қояды; индивидті, іс әрекет тәжірибесімен толықтырылған; тұлғалық немесе рефлекті жағдайлық өзіндік әрекеттің саналығымен байланысқан [2].

Психологияда тұлғаны зерттеудің келесі бағыттарын бөліп қарайды:

L- мәліметтер (Life record date)	Адам туралы мәлімет күнделікті өмір әрекетінен алынуы мүмкін.
Q – мәліметтер (questionnaire date)	Адам туралы мәлімет сұрақ немесе өзін - өзі бағалаудың басқа да әдістері арқылы алынуы мүмкін.
T – мәліметтер (Tests date)	адам туралы мәлімет объективті тесттер көмегімен алынуы мүмкін.

Конституциональді диспозициялар психодиагностикасы Стелаяу және Русалов тесттері арқылы жүзеге асырылады. «Экстрроверсия-интерверсия», «нейротизм-эмоциялық тұрақтылық» атты екі базистік тұлға параметрін Айзенканың сұрақтар жүйесімен

жүргізеді. Ал басқа базистік параметрлерді Майерс-Бриге және Киерси арқылы жүргізеді және келесі негіздерге сүйеніп адамның психологиялық типін анықтайды:

«экстроверсия интроверсия»;

«Түйсік интуиция»;

«ойлау эмоциялық»;

«жоспарлық, пікір импульсивтілік»

16PF сұрақ жинағының екіншілік факторларының деңгейі берілген сұрақ жинағының категорияларына қатысты болады. «Экстроверсия» мен «нейротизм» рационалдылық -эмоциялылық» факторларымен толықтырылады.

Ең көп таралған әдіс келесі бейнелерді анықтайтын «Үлкен бестік» әдісі:

«өзіне сену мен сенімсіздік»;

«достық сезім мен қастық»;

«саналылық пен импульсивтілік»;

«эмоциялық тұрақтылық пен қорқыныш»;

«интеллектуальді қаттылық пен ригидтілік».

Бұл әдіс концепциясы көптеген авторлармен (У.Нарман, Л.Гольдберг, П.Коста, Р.Мак -Крей, Д.Дигман, Б де Раад) зерттелді. Көрсетілген, «бестік» адамның жалпы бейнесін сипаттайды.

Бұл тәріздес сұрақтар топтамасына патохарактерлік сұрақ жинағының негізгі бөлігін жатқызуға болады. Сонымен, К.Леонгардт бойынша тұлға акцентуациясы Г.Шлишектің жинағына негіз болды.

Сонымен қоса, ПДО (А.Е. Личко жасаған), ММРІ т.б. сұрақтар жинақтар бар.

Қызығушылық диагностикалары сұрақ жинақтарын ерекше атап өту керек. Қызығушылық мәселесіне қызығушылық таныту, кеңес беру жұмысының дамуымен байланыста жүзеге асырылады. Жұмысшының да, жұмыс берушінің де позициясы практикалық мағынаға ие. Бірақ, болашақ мамандыққа және анықталған өмір барысына байланысты қойылған сұрақтар адекватты бола бермейді. Оның мотивациясының қалыптасуын жатқызады. Бұндағы мәселе, адам бір – біріне мамандық іс әрекетіне, оған белсенділік танытпай кірісе кетуі мүмкін емес. Сондықтан, көптеген сұрақ жинақтары мамандық таңдау жағына бағытталады. Ең көп тараған жинақтар: Стронг-Кэмпбеллдің және Дж Холланд жинағы, Кьюндер, Дж Роттер, М.Рокич т.б. жинағы.

Мотивация диагностикасы мотивацияның әр түрлі типімен құралған, бір бірімен іс әрекет формасын анықтаушы. Жинақ көмегімен мотивті өлшеу адекваттылық деңгейінің төмендеуімен байланысты. Бірақ, бұл минимизация кезінде жинақ мотивтері біршама сенімді және валидті. Ең көп таралғаны: «Жекелік пікір тізімі» А.Эдвардса мен «Тұлғаны зерттеу формасы» Д.Джексонның жинақтары.

А.Мехрабиан және Р.Нигараның, Т.Тьесменнің жинақтары жетістікке жету мен жолы болмаушылықтан қашу мотивтерін көрсетті.

Субъективті шкалалаудың әдістемесі объект мінездемесінің сандық қатынасын және анықталған сандық жүйесін зерттеуге негізделген. Осымен қоса, эмпирикалық объектілердің жоспарлануы, шкала бойынша шектен тыс болады. Бұл жоспардағы ерекше әдістеме семантикалық дифференциалдың осгудтың жалпы топтары болып табылады.

Ең көп тараған жинақ Кеттельдің 16PF рейтинг формасы. Бірақ бұл түрдегі әдістемені қолдану мәселесі барлық адамның жеңіл және қарапайым бағалай алмауы.

Индивидті сананың ерекшеліктерін анализдейтін репертуарлы торлы техника ерекше орын алады. Психодиагностикалық әдістердің барлығына тән номонтетикалық жолын игере отырып, репертуарлы торлы техника немесе жекелік құрылымның тесті адамның ішкі дүниесін өз сөзімен сипаттай алу заңдылығын береді. Репертуарлы торлы техниканы әр түрлі мақсатта қолданылады: «Мен» концепциясының ерекшеліктерін анықтауға; адамның өзі және қоршаған орта, кризистік жағдай, элемент туралы көзқарасын ашуға, басқа адамдарды қабылдаудағы ерекшеліктерді білуге.

Олардың жалпы санвы 300-ден асады.

Бұл тестер қағаз бен қаламның көмегімен орындалады. Адамның жеке басының әртүрлі жақтарын берілген тұжырымдар жиынтығымен «келісуі» немесе «келіспеуі» арқылы анықтаймыз. Бұлардың ішіндегі ең кең тараған түрі – Миннесот штатының университетінде жасалған ММРІ сұрақтамасы.

ММРІ сұрақтамасы адамның жеке басының көрінісінің әртүрлі салаларын қамтитын (семьялық өмір, кәсіптік белсенділік, жыныстық әдеттер, әлеуметтік және діни әрекеттер) 550 пункттен тұрады. Тест адам бағасын психотерапияда сипатталған патологиялық категориялармен сәйкес, 10 анықталған өлшемде қарастырылады. Бұл өлшемдердің әрқайсысына, сол бағытта психикалық ауытқушылығы бар адамдардан тұратын, бақылау тобы таңдалып алынған [3]. Осылайша, адамның депрессияға немесе паранойяға бейімділігі – оның реакциясы мен психиатриялық клиникада депрессия мен паранойяның анық диагнозы қойылған адамның реакциясын салыстыру жолымен бағаланады, нәтижесінде сынақтан өткен әр адамның жауаптарын бақылау тобындағы адамның жауаптарымен салыстыра отырып, нормадан тыс ерекшеліктерді табуға болады.

#### *Әдебиеттер*

1. Основы психодиагностики (А.Г.Шмелев ред.) – Ростов-на-Дону, 1996
2. Психодиагностика, коррекция и развитие личности. М., 1998
3. Психологическая диагностика: проблемы и исследования. М., 1981

*Керімбай Алтынай Жүріснбайқызы  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының оқытушысы  
Бейсен Гулзира  
6B03105 -«Практикалық психологты даярлау»  
мамандығының 1-курс студенті*

## **ПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЛЫПТЫ ОЙЫН ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ӘДІС**

Ойын – адам әрекетінің ерекше түрі. Психологияда ойынға детерминотты ішкі факторларға тұлғаның жеке және қасиеттілігіне байланысты қарастырады. Ойын ересек адамдарға да қажетті спонтанды қажеттіліктерін қуаныш, бақыт алуға ынталандырады. Ойынға қажетілерін әрбір дені сау ересек неесе бала болсын қажет етеді. Бұл қасиет жануарларға да тән. Жануарлар ата анасы ме, баласы мен, заттармен ойнайды, сонымен қатар жабайы аңдар да. Ойын әрекетінде кейбір элементтер мақсат, мотив, ойын әрекеттері болады. Ойын әрекетінде тұлғаның барлық экстривертті қасиеті көрінеді. Ойын түрлі көріністе болуы мүмкін. «Ойын» сөзі түрлі түсініктерде қолданыс тапқан, атап айтқанда философия, педагогика, кибернетика, өнертану ғылым салаларында. Стратегиялық басқару балалар ойыны, актер ойыны, психокоррекциялық ойындар, қияли ойындар мүлдем басқаша түсінікте. Атақты педагог, психолог П.П.Блонскийдің тұжырымдауынша «ойын» абстрактілі категория жоқ, жеке бөлім ойындар болады. Дәл осы негізде оқу процесінде ойынның қолдану мақсаты, мазмұнын түсініп болмайды (А.А.Вербицкий). Педагогикалық системада ойын, оқу процессінің бөлігі ғана. Мұндай педагогикалық ситемалар белгілі контекстті оқыту негізінде оқыту, оқу әрекеті концепциясын құрауғы болады. Бұл А.А.Вербицкийдің еңбегінде зерттеліп, оқу нәтижелері мен жоғарғы оқу орындарында қолданыста. Жоғарғы оқу орнының студентті бірінші біліктілік деңгейі, екінші кәсіби дағдыларын дамытады [1,2].

Алдыңғы айтылған ойындарды екі классқа бөлуге болады.

- Оқу
- Жұмыс

Кез келген ойын С.А.Шмакованың пікірінше келесілері мен ерекшеленеді;

- Ойын бұл нәтижеге қарамай адамның қиялын еркін дамытатын , іс-әрекеті арқылы қаанағаттандырады.
- Ойын активті шығармашылық процес
- Ойын эмоционалды күй жағдай
- Ойынның құрамдас бөлігі ретінде қатысады, тұрақтылықты қажет етеді.

Нақты және қосымша ерекшеліктерден тұратын ойын- оқу қабілеттілігі мен біліктілікті меңгерудің негізі. Педагогикалық тұрғыда ойын – студенттердің өзіндік менін табуға, өзін-өзі дамытуға ақпараттарды талапкер ретінде талап етуге негізделеді. Ойынның бірнешеуіне тоқталайық

Түсінікті терминологиялық ойын. Кез-келген ойын курсындағы түсіктермен сипатталады.

Ойынның мақсаты: Белгілі бір тақырып бойынша жалпы түсінікті қатаң меңгере білуге үйрету.(мысалы: Зейін).

Ойынның технологиясы.Құрал жабдықтар, терминдардің картасы, анықтамалық әдебиеттер.

Ойын сценарийі: Топ 3-4 адам болып топтарға бөлінеді.Ойынды жүргізу 5 этаптан тұрады:

Тапсырмаға байланысты бірнеше қиын терминдер мағанасын түсінуге уақыт алады. Дайындалып біткен соң біреуі аяқталғанын білдіреді. Өзге топтың адамдары да болғанын немесе болмағаны туралы дауыс береді. Жылдамдығына байланысты ескертулер және нәтиже айтады.

Өтілген тақырып бойынша терминдік карта алынды.Терминдік карта бірдей 10-12 терминдерден тұрады. Терминдерді жылдам түсіну үшін анықтамалардың әдебиеттерін қолдануға болады.

Аралық құндылықтарды меңгеру топтар1-2 деп бөлінеді. Біріншілері экзеенатор, екіншілері экзменнен өтетіндер болады. Екіншілерге бір терминдіөз түсінігі бойынша айту ұсынылады. Экземенаторлар оларға сұрақ қоюға, қортындылауға құқы бар.

Әр топ өздерінің терминологиялық тестін құрайды. Тақырыпты қамтитын немесе жалпы өтілген тақырыптарды қамту қажет. Ол әңгіме, дәріс үзінділері, адам мінез-құлқы, ертегі т.б. болуы мүмкін. Кейін топта бір адам текстті оқиды.

Бағалау және орын беру. Терминдік тексттерді 1-5 балл аралығында бағалайды. Құндылықтарды ескеру мұғалім еншісінде.

Әдістемелік кемшіліктер. Бұл ойынды 1 курста өтеді. Студенттер психологияны қалай оқыту базалы психологиялық түсініктерді түсіндіреді.

Топтағы жұмыс өзіндікбілім алу, меңгеру ғылыми әдебиетпен жұмыс жасауды, ақпаратты пайдаланудың әдістерін үйренеді. Терминдік тест басқаша болуы да мүмкін. Терминдер орнына диагностикалық әңгімелер, классификациялық элементтер, атақты психологтар есімдері болуы мүмкін. Ал бұл ойынды кез келген курсқа өткізуге болады [2].

### **«Фигуралар » ойыны.**

Мақсаты: кішкене топ , құрылу процесі, структура және ұйымдастырылуы.

Сценарий: 7-9 адамнан тұратын команда құрылады.2 адам күзетіп тұрады.

Құрал жабдықтар: форматты қағаз, 9 фигура салынады.


1 топтағылар 2 топтағыларға суретін көрсетеді де, ол есте сақтап сөзде айтады. Есте сақтауға 3-5 минут беріледі. Суретті көрсететін адам аудиториядан тыс адам болады. Күзетушілер бірінші топқа өз тапсырмаларын орындауды, инструкцияны қайта құрастырады. Екінші топ тапсырмаларды, 1 топтан 3 топқа сөз апаратын жеткізеді. 3 топтағылар инструкция бойынша жұмыс жасайды. 1 және 2 топтағылар күзетеді.

Жалпы топқа орындау ережесі. Әрбір топ ақпаратты естеріне сақтап, келесі топқа айтады. Анық және жылдам сақтап қалған топ ұтады.

Нәтиже және жеңімпаздар: ойынның нақты мақсаты жарияланады. бақылаушылар өз пікірін ортаға салып, әр топқа өз бағасын береді, 5 баллдық система бойынша бағалайды.

Бақылаушыға инструкция:

1. жұмыс процесіндегі, әрбір топ мүшесінің жүріс- тұрысын, өзін -өзі ұстауы, топқа бағыныштылығы.

2. топтағы топ мүшелерінің міндеттері

3. лидерлерін таңдау

4. барлық топ мүшелерінің жоғарғы дәрежелі тәртібі.

Зерттеуші жеңімпаздарды жариялайды. Топтың интеллектуалды дамуын айту пайдалы. Ойынның қиындығы ойынның мақсатын ашады.

**Психологиялық консультациялар:**

- Конфликт ситуациясына консультант шешім қабылдайды.

- Консультациялық процесс иллюстрацияны мегерудің этаптары.

- Отбасылық жанжал ситуациясы, конструктивті және конуструктивті емес жанжалдар.

**Рөлдік ойындар:**

Рөлдік ойында тұлға 2 жоспарда: реалді және шартты түрде болады. студент рөлді әлуметтік және кәсіби қатынаста өзіндік пікірін айтады. Практик психолог мамандығы бойынша келесі ойындар.

консултант қабылдауында- рөлде клиент, консултант.

отбасылық сеанс психотерапиясы – рөлде отбасы құрамы.

жұмысқа қабылдау- рөлде психолог, әртүрлі қызыметтік борыш.

Үйірме және факультативті сабақтарды ұйымдастыру – оқу формаында дәстүрлі сабақта өтілетін оқу материалының қызық және аз өтуіне байланысты қосымша түрде қайта талқыланады. Мұндай сабақтар мектептерде өтілетін болса, онда олардың жас ерекшелігіне байланысты тақырып таңдалуы керек. Төменгі сынып оқушысының психикалық құпиялығы, жануарлар арқылы туралы тыңдағанды жақсы көреді. Жасөспірімдерге тұлғааралық қатынас, жеке тұлғаның қалыптасуы еркін мінез-құлқы сияқты сұрақтар проблемді болып келеді да, оларды осы тақырып қызықтырады.

Кішігірім экспериментті зерттеулер. Мұндай демонстрация әдісі және студенттердің көмегімен лекциялық және практикалық сабақтарды тәжірибеде көрсетуге болады. Мектеп психологына мектеп кемінде диагностикалық зерттеулер болады. Жоғары сынып оқушылары психологпен салыстырмалы түрде студенттерге өзін өзі бағалауды диагностика жасауға болады. Психолог әдебиеттер тізімін көріп, оған түзілген жоспарды тексеріп, қажетті жағдайда дайындалу керек.

Психологиялық газеттер.- психологиялық факультатив, үйірме. Қабырға газеттері жоғары оқу орындарында, мектептерде кең қолданыста. Оқу орнында газеттің безендірілуіне, көрінісіне мән беру керек. Келтірілген мәліменттер көптірлі, мазмұны жағанан қысқа әрі нұсқа болуы керек.

Психологтар аптасы. Соңғы кездері әсіресе мектептерде апталықтар кең тараған. Психологтар апталығы жеке ғылым ретінде қолданылады. Бұл апталық барлық топтарда таңдамалы лекция, әңгіме, демонстрация, ғылыми конференция, кездесулер кештер арқылы өтеді. Қорытындыда КВН ұйымдастыруға болады.

*Әдебиеттер*

1. Овчарова Р.Д. Технология практического психолога образования. – М.,
2. Бердібаева С.К. Тұлға психологиясы. – Алматы, 2013

*Райс Гүлдана Мадиярқызы  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Әлеуметтік ғылымдар (Психология) білім беру бағдарламасының оқытушысы,  
Ануарбек Ж.А., Сапақ А.А., Кушербаева Д.М.  
6В03105 -«Практикалық психология даярлау»  
мамандығының 1-курс студенттері*

### **КИКІЛЖІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ**

Алдымен кикілжіңнің динамикасы мен құрылымына тоқталайық.

Кикілжіңдердің құрылымы – басқа әлеуметтік құбылыстармен салыстырғанда оның тұтастығын қамтамасыз ететін кикілжіңнің тұрақты байланыстарының жиынтығы.

Кикілжіңнің құрылымы:

1. кикілжің объектісі;
2. кикілжің мәселесі;
3. кикілжіңге қатысушы жақтар;
4. пайда болатын ішкі жағдайлар;
5. кикілжіңді жағдайдың бейнесі;
6. мүмкін болатын кикілжіңді іс-әрекеттер мен оның нәтижелері.

Кикілжіңнің объектісі – соқтығысудың мәселесі, яғни материалдық, рухани, әлеуметтік құндылықтар арқылы кикілжіңге баратын екі жақтың қарама-қайшылық мәселелсі.

Кикілжіңнің мәселелсі – екі жақтың қарама-қайшылығының қайнар көзі болып табылатын объективті және субъективті мәселелер.

Кикілжіңге баратын жақтар – қатысушылар, яғни негізінен адамдар жеке, ресми, заңды тұлғалар болып кикілжіңге барады.

Ішкі жағдайлардың бірнеше түрлері бар:

1. кеңістіктік-уақытша - пайда болатын қарама-қайшылықтың орны мен уақыты;
2. әлеуметтік-психологиялық – топтағы психологиялық ахуал, олардың қарым-қатынастарының типі мен деңгейі;
3. әлеуметтік - әртүрлі әлеуметтік топтардың қызығушылықтарының қарама-қайшылыққа ұшырауы;

Кикілжіңді жағдайдың бейнесі мынадай элементтерден тұрады:

1. қатысушылардың өздері туралы ойлары – қажеттіліктері, құндылықтары, мүмкіндіктері, мақсаттары;
2. қарама қарсы жақ туралы пікірлері, кикілжіңді жағдайлар болған орта туралы ойлары.

Бұл бейнелер әрдайым шынайы бола бермейді.

Кикілжіңді іс-әрекеттер қарама-қарсы жақтың мақсаттары мен қызығушылықтарының жетістіктерін қоршауға бағытталады. Кикілжіңді іс-әрекеттердің нәтижелері – кикілжіңнің нәтижелері болып табылады [1,2].

Кез келген кикілжің динамикалық процесс болып табылады және оның дамуының бірнеше кезеңдері болады.

1. объективті кикілжіңді жағдайдың белгілі бір мәселе бойынша пайда болуы;
2. Бұл кезең «потенциалды кикілжің кезеңі» деп аталады.

3. объективті кикілжінді жағдайды кикілжіңге қатысушылар өз мақсаттарын қарама-қарсы жақтың мақсаттарына сай еместігін түсінген кезде пайда болады.

4. кикілжінді мінез-құлыққа өту, яғни өз мақсаттарына жетуге белсенді іс-әрекетке көшу.

Осы кезеңде 5 типті атауға болады:

1. бәсекелестік типі;

2. кикілжінді елемеу, шеттету;

3. бейімделу, ыңғайлану;

4. келісімге келу, ымыраға келу;

5. ынтымақтастық. Біз төмендегі осы типтер туралы толығыр айтамыз.

Мінез – құлық моделі-адамның эмоцияларың, әрекеттерді, көзқарастың, іс-әрекеттердің және индивидуумның принципті ұстанымдарының үлгілері болып табылатын мінез-құлықтың тұтас құндылық-нормативтік кешені. Мінез-құлық моделі қалай және қайда көрінеді? Өмірде кейбіреулер өз позициясын ойлауға және талдауға қабілетті екенін байқадыңыз ба? Ал олардың "қарама-қайшылықтары" тек қана тобырдың әсеріне сүйенеді және кез келген шешім қабылдауда айқын пассивтілікке ие болады. Бұл-қоғамдағы адамның мінез-құлқының үлгісі. Біз өзімізді әртүрлі жағдайларда басқаша ұстаймыз. Біреу рухпен күшті, тіпті агрессивті болуы мүмкін, бірақ қандай да бір әлсіздіктерге қатысты, сол адам аддиктивті жасөспірімге айналады, ол өзінің ұстанымдары туралы ұмытады. Қарама – қарсы мысалдар бар-пассивті және тыныш, бір қарағанда, әйел, өз баласын қорғай отырып, нағыз сүйексіз аңға айналуы мүмкін. Осының барлығы бір нәрсе туралы айтады: мінез-құлық моделі адамның тұрақты функциясы болып табылмайды және өмір ағымымен және белгілі бір жағдайлардың әсерінен айтарлықтай түрі өзгеруі мүмкін. Психологиялық әдебиетте жанжалда индивидуумның пайда болуының бірнеше негізгі үлгілерін көрсетеді.

Дау-дамайды талдап, осы қақтығысты басқарудың барабар шешімдерін тандағанда, жанжалдың өзара іс-қимылының жеке субъектілерінің мінез-құлық типтерін ескеру қажет.

Әдебиеттерде жанжал жағдайындағы тұлға мінез-құлқының үш негізгі моделі бар: конструктивті, деструктивті және конформист. Осы модельдердің әрқайсысы қақтығыс субъектісі, қақтығыс жағдайының бейнесі, тұлғааралық қатынастардың құндылығы және қақтығыс әрекеті субъектілерінің жеке психологиялық сипаттамалары бойынша анықталады. Мінез-құлық үлгілері жанжалға қатысушылардың оның динамикасы мен оны шешу әдісіне қатынасын Жоғарыда келтірілген мінез-құлық үлгілеріне жалпы баға бере отырып, қалаулы және қажетті модель конструктивті болып табылады. Деструктивті мінез-құлықтың үлгісі ақтала алмайды. Ол конструктивті қақтығысты деструктивті етіп айналдыра алады [3].

### Кесте 5.1 - Қақтығыстағы тұлғаның мінез-құлқының негізгі модельдері

№		
1	Конструктивті	Жанжалды тоқтатуға талпыныс, қарсыласқа деген мейірімді көзқарас, өзін ұстауға бейім. Ашық және шынайы, аз сөйлейтін, қарым-қатынаста өз орнын білетін адам. <b>Конструктивті тұлға</b> ешқашан өзінің қарсыласын осалдауға, оның қадір-қасиетін кемсітуге, оның қателіктерін көрсетпейді. Ол өте тыныш, этикетті сақтайды. Өзінің қарсыласына өте мейірімді қарым-қатынасымен ерекшеленеді. Күнделікті қарым-қатынаста осы типтегі өкілдер сәлемдеседі, көбінесе



		экстраверттер мен альтруисттер. "Конструктив" екі тарап үшін қолайлы шешім шығаруға тырысады
2	Деструктивті	Қарым-қатынас этикасының бұзылуы, ымырадан бас тарту және т. б.? Мінез-құлықтың деструктивті моделі ешқашан ақталмауы мүмкін, өйткені ол қарым-қатынасты бұзатын аспектілерді көтереді. Қауіпті конформизм-қақтығыстағы мінез-құлықтың ең қауіпті үлгісі. Егер "деструктив" оңай тыныштандыруға болады, оның "жалғыз дұрыс" пікірімен келіссеңіз!
3	Конформист	«Конформизм» латын тіліндегі ұқсастық, сәйкестік, біркелкілікке ұмтылу, ойластыру дегенді білдіреді. Әлеуметтік-психологиялық категория ретінде, конформизмді сәйкестік тұжырымдамасынан ажырату керек - адамның іс-әрекетін осы адамды қамтитын топтың ортақ құндылықтардың танылған немесе талап етілетін стандарттарына сәйкестігі.  Конформизм - бұл көпшіліктің қысымымен адамның мінез-құлқы мен көзқарасын өзгертуге деген даярлығы. Конформизм сөзінің синонимдері - оппортунизм, келісу, пассивті қабылдау, болжам. Конформизмге бейімділік сәйкестік деп аталады. Конформист - көпшіліктің пікірін беруге дайын адам. Егер конформист ұжымның ұстанымына қайшы келсе немесе оның жеке пікірі болмаса, өз позициясынан бас тартады.

Мінез-құлықтың конформистік моделінің қауіптілігі ол қарсыластың агрессивтілігіне ықпал етеді, ал кейде оны арандатады. Әйтпесе, бұл үлгі шын мәнінде деструктивті, тек қарама-қарсы белгі болып табылады. Бірақ конформистік модель оң рөл атқара алады. Егер қақтығысты тудырған қайшылықтар елеулі сипатқа ие болса, онда конформистік мінез-құлық мұндай қақтығыстың тез шешілуіне алып келеді.

#### Әдебиеттер

1. Майерс Д. "Психология" / пер. с англ. И.А. Карпиков, В.А. Старовойтова. – 4-е изд. - Минск: "Попурри", 2009. – 848 с.
2. Джакупов С.М. Теоретические и прикладные проблемы социализации личности. Межвуз. сб. науч. труд. А., КазНУ, 2017 г
3. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. А., 2015 г.  
*К.К. Тусубекова - Әлеуметтік ғылымдар: «Психология»  
білім беру бағдарламасы бөлімінің п.ғ.к.,  
аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

### ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дарынды балаларды қоғамның ғылыми келешегі ретінде қарап, танып-білу үрдісі өте ертеден басталады. Ал XX-шы ғасырдың басында дарындылық пен оны зерттеу әдістеріне арналған алғашқы ғылыми еңбектер пайда болды. Қазіргі уақытта дүниежүзілік тәжірибе балалар дарындылығын зерттеу және қолдау тәжірибесін жеткілікті мөлшерде жинақтаған.

Дарынды балалармен практикалық жұмыс көбіне "дарындылық", "дарынды бала" ұғымдарының мазмұнын дұрыс түсінуге байланысты. "Дарындылық" термині "дарын" сөзінен шыққан, дамудың ерекше қолайлы ішкі алғышарты дегенді білдіреді. Әйтседе қолда бар әдебиеттердің ауқымына қарамастан, әлі күнге дейін дарындылықтың тура анықтамасы жоқ екендігін айту керек.

Әзірге құрдастарына қарағанда, оқуға деген жоғары зеректігі, анық байқалатын ерекше шығармашылық қабілеті бар бала дарынды бала деп саналады. Педагогикалық энциклопедияда мынадай анықтама берілген: "Дарындылық — іс-әрекеттің белгілі бір саласында ерекше жетістікке жетуге жағдай жасайтын, адам қабілеті дамуының жоғарғы дәрежесі".

"Дарындылық" ұғымы "қабілеттілік" ұғымына өте жақын. Фило-софиялық энциклопедиялық сөздіктерге қабілеттілік — тұлғаның жеке ерекшелігі, іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай іске асырудың субъективті шарты болып табылады, — деп көрсетілген. Қабілеттілік жеке тұлғаның білімімен, шеберлігімен, дағдысымен ғана шектелмейді. Ол, бәрінен бұрын, кейбір іс-әрекет тәсілдері мен әдістерін жылдам, терең, әрі берік қабылдаудан байқалады, сөйтіп оларға ие болу мүмкіндігіне қатысты ішкі психологиялық реттегіш болып табылады.

Кеңес психологиясында дарындылық мәселесі 40-50 жылдары қабілеттілік психологиясы ретінде қарастырыла бастады. С.Л.Рубинштейн-нің, Б.М.Тепловтың еңбектерінде қабілеттілік, дарындылық және талант ұғымдары бір негіз бойынша- іс-әрекет табыстылығына қарай топтастырылған:

- қабілеттілік — (адамдардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері) іс-әрекетке бейімділік негізінде қаланатын, бір адамды екінші адамнан ерекшелейтін іс-әрекет табыстылығын айқындайтын, жеке дара психологиялық ерекшелік;

- арнайы дарындылық — іс-әрекеттің белгілі бір түрінде табысқа жетуге мүмкіндік жасайтын, қабілеттіліктің өзіндік ерекше үйлесімі;

- жалпы дарындылық — іс-әрекеттің кең өрісіндегі қабілеттілік.

Б.М.Теплов қызметті жемісті атқару мүмкіндігін жасайтын қабілеттіліктің өзіндік сапалы үйлесімін дарындылық деп атайды. Кейін Б. М. Теплов дарындылық ұғымында белгілі бір іске табиғи бейімділікті қолдайды.

Сол кездегі оқулықтар мен оқу құралдарының авторлары да осы пікірді қолдап отырды. Л. А. Рудин "дарындылық" терминін қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік беретін туа біткен ерекшеліктері деп ұғады, ал П.И.Иванов — дами келе қабілеттілікке айналатын жаратылысында біткен ерекшелік десе, Н. Д. Левитов анатомиялық-физиологиялық болып саналатын қабілеттіліктің табиғи қоры дейді.

В. Д. Шадриков осы ойларды ары қарай дамытып, дарындылықты қабілеттің іс-әрекетте тұтастай байқалуы ретінде, қабілеттіктер жиынтығындағы интегралданған іс-әрекеттің жалпы қасиеті ретінде сипаттайды.

80-жылдары орыс ғалымдары (А. Матюшкин, Н. Шумакова) дарындылықтың теориялық тұжырымдамасын жасады, ол бойынша дарындылықтың негізін баланың шығармашылық мүмкіндігі құрайды. А. М. Матюшкиннің жоғары қабілетті тек интеллектуалдық қабілет деп қарамайтын (қазіргі психологияда "дарындылық" терминін көбінесе когнитивті (танымдық) қабілетке жатқызса, "талант" термині дамудың жалпы түрін сипаттайды) шығармашылық дарындылық тұжырымдамасы бойынша дарындылықтың психологиялық құрылымы шығармашылық пен адамның шығарма-шылық дамуын сипаттайтын негізгі құрылымдық элементтермен сәйкес келеді және оған төмендегідей құрылымдық компоненттер енеді:

- танымдық мотивацияның басылымдылығы;
- шығармашылық зерттеу белсенділігі (жаңаны табу, мәселені қоя білу және оны шешу);
- ерекше, қалыптан тыс шешімдерге жету мүмкіндігі;
- болжам жасау және таңдандыру мүмкіндігі;

- жоғары эстетикалық, адамгершілік және интеллектуалдық бағалауды қамтамасыз ететін, мүлтіксіз эталондарды жасау қабілеті.

Шығармашылық дарындылықтың тұжырымдамасы дарындылықты кез-келген кәсіпте, ғылымда және өнерде шығармашылықтың жалпы алғышарты ретінде, шығармашыл тұлғаның дамуы мен қалыптасуының алғышарты ретінде ашуға жағдай жасайды.

Н. С. Лейтес дарынды балалар ақыл-ойының дамуын зерттей отырып, оны қарапайым оқушылардың жас ерекшеліктерімен салыстыра отырып, жалпы дарындылық жалпы қабілеттіліктің жиынтығын білдіреді деген шешімге келген. Жалпы қабілеттілік деп адамның ақыл-ой қабілеттілігі аталады (арнайы қабілеттіліктен бөлек, мысалы, музыкаға, бейнелеу өнеріне), себебі олар іс-әрекеттің өралуан түрлерінде кең байқалады да осы мағынада бәріне ортақ болады.

Сондықтан автордың ойынша, ақыл-ой қабілеттілігі (немесе жай қабілеттілік) жас нормаларынан артықшылығы бар интеллектуалды даму деңгейі болып сипатталады. Осы ретте Н. С. Лейтес "дарынды бала" термині жетімсіз, өйткені мұнда туа біткен "табиғи дарын" деген мағына басым көрінеді, дарындылықтың дамуында "анатомиялық-физиологиялық"

ерекшеліктерден гөрі оның, қалыптасуына, дамуына әлеуметтік орта көп әсер етеді — деп атап көрсетеді. Біз негізінен осы көзқарасты басшылыққа алдық.

Шет елдерде, ең алдымен, АҚШ-та және бір қатар Еуропа елдерінде балалар дарындылығын зерттеу қарқынды жүргізілуде.

1972-ші жылы АҚШ-тың білім беру Комитеті қазірге дейін американдық мамандар пайдаланып жүрген дарындылықтың келесі анықтамасын жариялады: тәжірибелі мамандардың бағасы бойынша, дарынды және талантты балалар деп керемет қабілеттілігі арқасында төменде келтірілген іс-әрекеттердің бір немесе бірнешеуі аясында жоғары жетістіктерге жеткендер (немесе әлеуметті мүмкіндігі бар) саналады:

- *интеллектуалды;*
- *академиялық;*
- *шығармашылық немесе нәтижелі ойлау қабілеті;*
- *сұхбаттасу және лидерлік;*
- *көркемөнер;*
- *психомоторлық.*

Американдық педагог Дж. Рензулли дарындылықтың мынандай анықтамасын ұсынады: дарындылық — үш түрлі қасиет үйлесімінің нәтижесі: орта деңгейден асатын ақыл-ой қабілеттілігі, шығармашылық жол табу, жоғары мотивация мен табандылық. Бұл қасиеттер естияр дарынды адамдарда байқалған. Бірақ естияр адам дарындылығы көбіне балалық шақ тәжірибесімен байланысты (дегенмен бұл байланыстың табиғаты осы күйге дейін түсініксіз).

Дарындылық феноменіне қатысты қазіргі Ресей психолог-ғалымдарының көзқарасы мынандай: "Дарындылық — басқа адамдармен салыстырғанда іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде аса жоғары (әдеттен тыс, сирек кездесетін) жетістіктерге жету мүмкіндігін анықтайтын, жүйелі, өмір бойы дамидын, адам психологиясының сипаты".

Дарындылық анықтамасына деген осы түрлі көзқарастардың бірқатар айырмашылықтарға қарамастан ұқсас тұсы: бұл феноменнің негізінде адамға іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде жоғары жетістікке жетуге мүмкіндік беретін — қабілеттілік (олардың сапалы үйлесімі) жатыр.

Бүгінгі күні психологтардың көпшілігі дарындылық дамуының деңгейі, сапалық өзіндігі және сипаты — мұрагерлік (табиғи қабілет) пен бала іс-әрекетімен байланыстырылған (ойын, оқу, еңбек) әлеуметтік ортаның күрделі әрекеттестігінің нәтижесі екендігін мойындайды.

Сондай-ақ, жеке дарындылықтың қалыптасуы және іске асырылуы негізінде жатқан тұлғаның өзін-өзі дамытуының психологиялық меха-низмдері мәнін де ескермеуге болмайды. А. Шведел мен Р. Стоунбернер дарындылықты "адам-орта" контекстінде бірте-бірте туындайтын қасиет деп түсінеді. Өкінішке орай, бұл әрекеттестіктің өзіне-тән ерекшелігі әлі ашылмаған, ал егер дарындылық тууы мен байқалуының негізі тұлға мен оны қоршаған орта арасындағы әрекеттестік десек, онда бұл заңдылықтың дарынды балалармен жұмысқа тікелей қатысы бар деген сөз.

Балалар дарындылығын дамытуда оның байқалу жиілігі, сонымен бірге өсу кезеңі өте қиын мәселе болып табылады. Дарындылықтың байқалуына екі түрлі көзқарас бар: "барлық балалар дарынды" және "дарынды балалар өте сирек кездеседі". Психологтар мұндай жағдайда мына бағытты ұсынады: іс-әрекеттің әралуан түрлеріне байланысты әлеуетті дарындылық көптеген балаларға тән, ал асқан дарындылықты балалардың аз бөлігі ғана көрсете алады.

Балалар өз дарынын іс-әрекеттің алуан түрлерінде немесе біреуінде ғана көрсете алады. Тіпті іс-әрекеттің тек бір түрінде ғана дарындылық әралуан аспектіде танылуы мүмкін. Дарындылықтың көптеген түрлері мен нысандары бар, себебі баланың психикалық мүмкіндіктері оның жас дамуының әр түрлі кезеңінде құбылмалы болуына, одан басқа жоғарыда көрсетілгендей, баланың қандай ортаға түсетіндігіне байланысты.

Кез-келген дарындылық түрінің байқалмау себептері мынадай болуы мүмкін: қажетті білімнің, шеберліктің, дағдының жетіспеушілігі, бала дамуындағы кейбір қиындықтар (мысалы, тұтығу, жоғары әсерленгіштік, тіл табысу өзгешелігі және т.б.), маман педагогтардың жоқтығы, дарынды балаларды іріктеген кезде істің қандай түрінде болмасын балалардың ойдағыдай жетістіктерге әлеуетті мүмкіндігін танып білудің орайы келмейтіндігін ескеру қажет.

Бала өміріндегі қолайлы жағдайлардың нәтижесі болып табылатын оқымыстылықты дарындылықтан айыру әрдайым мүмкін емес. Сондықтан ауқатты отбасынан шыққан бала қабілеті бірдей болса да, арнайы жағдай жасалынбаған балаға қарағанда аса жоғары жетістіктерді жиірек көрсетеді.

Дарынды балалармен жұмыс жүргізгенде баланың өсуіне қарай дарындылық нышанының ғайып болу жағдайын ескеру қажет. Сондықтан дарынды деген мәртебе тағуда аса сақ болу керек, себебі жеткіншектің мамандандырылған оқу орнында білім алу кезінде жанға бататын жағдайлар туындауы мүмкін. Осыған орай, ресейлік ғалымдар дарынды балалармен тәжірибелік жұмыс үстінде "дарынды бала" ұғымының орнына "бала дарындылығы белгісі" деген терминді (немесе "дарындылық белгісі бар бала" ұғымын) пайдалануды ұсынады.

Дарындылық белгілері — бұл дарынды баланың нақты іс-әрекетінде байқалатын ерекшеліктер және ол бала іс-әрекетінің сипатын бақылау жолымен бағалануы мүмкін.

Ғылыми әдебиеттерде дарынды балалар белгілері әртүрлі пара-метрлермен сипатталады. Ресей психолог-ғалымдары дарындылық белгілерін түсіндіруде екі аспекті бөліп көрсетеді; инструменталдық және мотивациялық. Біріншісі — іс-әрекет тәсілдерін, екіншісі — баланың қандай да бір іс-әрекетке, сонымен қатар өзінің ісіне деген қатынасын сипаттайды. Балалар дарындылығы белгілерін талдауда американдық ғалымдар мен тәжірибешілер дарындылықты анықтауға мүмкіндік беретін, бір-бірімен тығыз байланыстағы үш параметрге көп көңіл бөледі: танымның озық дамуы, психикалық дамуы, дене күші көрсеткіштері.

Дарынды бала портретін сипаттауға бірнеше тәсілді біріктіріп, осы топтағы балаларды "қарапайым" балалардың арасынан айрықша етіп көрсететін ерекшеліктерді топтастыруға болады. Дарындылықтың сыртқы белгілері сан алуан. Мектепке дейінгі жаста олар сөйлеу мен ойлау қабілетінің жедел дамуында (өз жасымен салыстырғанда екі жасқа ілгері) байқалады. Атап айтқанда, сөйлеу қабілетінің дамуы мынадай ерекшеліктермен сипатталады:

— *сөйлеу қабілетінің ерте дамуы (1-1,5 жас);*

- *курделі синтаксистік конструкциялар бар бай сөздік қор;*
- *сұрақ қоя білу;*
- *сөздік ассоциациялардың ерекшелігі мен жылдамдығы;*
- *шешендік, өзін-өзі ұстай білу;*
- *жылдам оқу (минутына 100-2000 сөз).*

Ойлау қабілеті мынадай қасиеттермен сипатталады:

- *ақыл-ой дамуының деңгейі бойынша (ең алдымен, ақыл-ой рефлексиясы дамуының деңгейі бойынша) дарынды балалар тек өз құрдастарынан ғана емес (шамамен екі жас), ересектерден де асып түседі;*
- *мәселені шешуде қалыптан тыс, ешкімге ұқсамайтын, айрықша ойлау қабілетін танытады, жауапты жылдам табады;*
- *ақыл-ой операцияларын нақты және тез орындайды;*
- *жинақталған білімін қолдана отырып, ақпарат пен тәжірибені топтай біледі.*

Дарынды балаларды айрықша оқшауландыратын ерекшеліктер — ақыл-ой еңбегіне бейімділік, жоғары зерттеушілік қабілеті мен танымдық мотивация, білімді, жаңа хабарды ұдайы қабылдауға ұмтылыс, яғни танымдық қажеттілік. Бақылау көрсеткендей, жоғары танымдық қажеттілік баланың өз талпынысымен болады. Дарынды балалар қиын тапсырмаларды құштарлықпен оңай орындайды, дайын жауаптарды ұнатпайды. Дарындылық белгілерінің ең маңыздылары — *оқу бағдарламасын табысты меңгеру және шығармашылық қабілет*. Осы ерекшеліктеріне байланысты сұрақтардың, түсініктердің, мәселелердің, күдіктердің туындауы сияқты тағы басқа белгілер де — дарынды бала сипаты. Дарынды балаларға, табандылық және үлкен еңбек сүйгіштікпен бірге жүретін сурет салу, музыка, техника және т.б. арнаулы сабақтармен ерте әуестену тән. Балалар дарындылығының психоәлеуметтік аспектілері: жақсы дамыған әділдік сезімнен, негізінен айналасындағылармен әділ қарым-қатынасқа бағытталған жеке құндылықтарымен, көбіне шындыққа сай келмейтін көтеріңкі фантазиямен сипатталады; кейбір дарынды балаларға телепатия, көріпкелдік, жақсы дамыған әзіл-оспақ сезімі тән. Балалардың өздері сияқты дарындылықтың физикалық сипаттамасы да әралуан. Әйтсе де оларды жоғары энергетикалық деңгей, ақыл-ойдың, тіпті өмірлік қуаттың көтеріңкі әлеуеті, ұйқы ұзақтығының төмендігі сипаттайды. Тұтастай алғанда, олар мықты денсаулығымен, дене күшінің жақсы дамуымен ерекшеленеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Теплов М. Б. Избранные труды. В 2-х т., (т.1.) М., 1971 г.
2. Лейтес Н. С. Умственные способности и возраст. -М.: «Педагогика», 1971.- 380 с.
3. Формирование творческих способностей: сущность, условия, эффективность. //Сб. науч. тр. Свердловск. - СМПИМ, 1990 г.-355 с

**Б.С.Сейдахметов** - Педагогика және психология институты,  
*педагогикалық цикл пәндер бөлімінің профессоры, п.ғ.к*

**К.Б.Малдыбаев** - «Арнай педагогика» бойынша кәсіби даярлау бөлімінің аға оқытушысы,  
*п.ғ.м. Абай атындағы Қаз ҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОО-НЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ КЕҢІСТІГІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИДЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ**

### *Аңдатпа*

Мақаланың мақсаты педагогикалық ЖОО-ның оқу-тәрбие кеңістігінде студенттердің лидерлік әлеуетін дамытудың маңыздылығын көрсету. Автордың мақсаты болашақ маман үшін лидерлік әлеуетті дамытудың кәсіби маман болып қалыптасуына берер ықпалын

ашып көрсету. Мақалада лидер, лидерлік әлеует, лидерлік сапа сияқты мәселелердің төңірегінде зерттелген отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың көзқарастарына талдау жасалған. Мақаланың негізгі тірек ұғымы әлеуетке әртүрлі сөздіктерден анықтама берілген. Автор «білімділік» тәсіл бойынша білім алатын жастардың көпшілігі, оқуды аяқтағаннан кейін қазіргі қоғамда өз бетімен өмір сүруге дайын емес деген пайымдау жасай отырып, лидер болуы үшін меңгеруі тиіс бірқатар сапалар мен қабілеттер, іскерліктің түрлеріне сипаттама жасаған. Сондай-ақ, автор оқырманды лидерлікті дамытуға тиімділігі жоғары оқыту әдістеріне сипаттама жасаған.

**Кілттік сөздер:** заманауи маман, әлеует, лидер, лидерлік әлеует, өз-өзіне сенімділік, бастамашылық, жетекшілік.

#### *Аннотация*

Цель статьи-показать важность развития лидерского потенциала студентов в учебно-воспитательном пространстве педагогических вузов. Цель автора раскрыть влияние развития лидерского потенциала для будущего специалиста на формирование профессионального специалиста. В статье проанализированы взгляды отечественных и зарубежных ученых-исследователей, исследованных в рамках таких проблем как лидер, лидерский потенциал, лидерское качество. Основное понятие статьи в потенциале дано определение из разных словарей. Автор охарактеризовал ряд качеств и способностей, видов умений, которые должны обладать для того, чтобы стать лидером, создавая мнение о том, что большинство молодежи, обучающейся по методу» образованность", после окончания обучения не готовы к самостоятельной жизни в современном обществе. Автор также охарактеризовал методы высокоэффективного обучения для развития лидерства читателя.

**Ключевые слова:** современный специалист, потенциал, лидер, лидер, лидерский потенциал, уверенность в себе, инициативность, руководство.

#### *Abstract*

The purpose of the article is to show the importance of developing the leadership potential of students in the educational space of pedagogical universities. The aim of the author is to reveal the influence of the development of leadership potential for the future specialist on the formation of a professional specialist. The article analyzes the views of domestic and foreign scientists and researchers studied in the framework of such problems as leader, leadership potential, leadership quality. The main concept of the article in the potential given definition from different dictionaries. The author characterized a number of qualities and abilities, types of skills that must have in order to become a leader, creating an opinion that the majority of young people studying by the method of "education", after graduation are not ready for independent life in modern society. The author also described the methods of highly effective training for the development of reader leadership. Key words: modern specialist, potential

**Keywords:** *modern specialist, potential, leader, leader, leadership potential, self-confidence, initiative, leadership.*

Лидерлік азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамытудың маңызды факторы болып табылатын әлеуметтік құбылыс ретінде зерттелінді. Қоғамда әрдайым ұлт мүддесіне, адамзат өркениетіне адал қызмет етушілер «зиялылардың» лидерлер болғаны тарихтан белгілі. Сондықтан қазіргі кезде кәсіби мамандарды даярлау мәселесі заманауи маманның белгілі бір салада дипломат, аналитик немесе кәсіпкерлік құзыреттіліктерге ие адам болғанын қажет етеді. Дәлірек айтқанда ол өзінің ұқыптылығымен, тиянақтылығымен, жауапкершілік сезімі жоғарылығымен, мақсатына жетуге талпынысымен көзге түсетін, болашағын болжай алатын, өз-өзіне сенімді, табанды, кез келген жағдайда лайықты сәтті күте білетін, сәтсіздік болған жағдайда келесі жаңа қадамдар мен әрекеттерді жасауға қабілетті, ұйымшыл, мақсатқа ұмтылғыш, басқаларды ынталандыру қабілеті жоғары мотивацияға ие, әрқашаншындықты айтатын адалдығымен ерекшеленеді. Іс жүзінде ЖОО-да қайта құрылған біліктілік стандарты шеңберінде «білімділік» тәсіл бойынша білім алатын жастардың көпшілігі, оқуды аяқтағаннан кейін қазіргі қоғамда өз бетімен өмір сүруге дайын еместігін көрсетеді, олар өз-өзіне сенімсіз және әлеуметтік мәдени жағдайды дұрыс емес деп бағалайды. Қоғамның және еңбек нарығында белгілі бір құндылықтар жүйесі бар, өмірлік ұстанымдары айқын, лидердің нышандары бар жаңа формациядағы мамандарға деген қажеттілігі және педагогикалық ғылымның теориясы мен практикасында осы сапаларды оқыту үдерісінде жас ұрпақтың бойына қалыптастырудың жеткіліксіз зерттелуінің арасында қарама-қайшылық туындайды.

Біздің зерттеуіміздің негізгі мәселесі оқу процесінде студенттердің өмірде өзін-өзі бекітуіне қажетті сапаларды олардың бойында қалай қалыптастыруға болады деген сұраққа жауап іздеу. Бұл сапалардың жиынтығын білім алушылардың «әлеуеті» деп белгілейік.

Зерттеу жұмысымызда қарастырылатын негізгі тірек сөздердің бірі «әлеует» категориясы педагогика үшін аса маңызды жалпығылыми әдіснамалық ұғым болып табылады. Адамға қатысты айтылатын бұл ұғымның философиялық сөздіктегі түсіндірмесі адамның бойындағы «күш-жігер», «қайрат» деген сөздерімен мағыналас екендігін көрсетеді. Басқаша айтсақ, адамның белгілі бір мәселені шешу, нәтижеге жету үшін жұмсайтын қор, ішкі мүмкіндіктер көзі. Ұғымды ең алғаш тұрмыста қол жеткен нәтижелер мен болашақты екі бөліп қарастыру үшін қолданысқа Аристотель енгізген.

Ал, әлеуметтік педагогикалық сөздікте әлеует (потенциал) «потенциал» сөзі (potentia латын тілінен шыққан – күш деген мағынаны білдіреді) – белгілі бір міндеттерді шешу, қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдалануға болатын мүмкіндіктер, көздер, қаражат, қорлар және т. б. жиынтығы: жеке адамның, қоғамның, белгілі бір саладағы мемлекеттік меншіктің (әскери, экономикалық, шығармашылық, өмірлік) мүмкіндіктері деп түсіндіріледі [1, 2156].

Адамның «әлеуетін» зерттеуде бірқатар психологиялық және әлеуметтік еңбектерді талдау жұмысы (В. Н. Маркова, Б. М. Теплова, Н. С. Лейтес, С. Л. Рубинштейна, Р. Л. Кричевский, Т. И. Артемьева, Е. В. Кудряшов, Б. Д. Парыгина, В. И. Добренькова және т. б.)

И. А. Дрыгина студенттің лидерлік әлеуетінің негізгі базалық элементтері ретінде мынандай сапаларды бөліп шығарады [2]:

1) лидерлік қажеттіліктерін – дербестендіру, дамыту, мойындау, ықпал ету, жету, сыйлау, қарым-қатынас, сондай-ақ жетекшілік атқаруға ұмтылу;

2) лидерлік мүмкіндіктер - басқару қабілеті, ұйымдастыру, талдау, ықпал ету және т. б.;

3) лидерлік құндылықтар – білім беру процесінің субъектілері арасындағы оң қарым-қатынастар, конструктивтік топтық қатынастар, танымдық-кәсіби мақсаттарға қол жеткізу және т. б.;

4) кұралдар – (әлеуметтік - педагогикалық) ЖОО-ның білім беру ортасының жағдайы, студент тұлғасының лидерлік әлеуетін өрістетуге объективті ықпал етеді.

Ғылыми әдебиетте әртүрлі «әлеует» түрлерін бөліп көрсетеді: лидерлік, шығармашылық, ғылыми, зерттеу, білім беру және т.б. Осы тұрғыда Б.А.Тұрғынбаева біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту жайында көлемді еңбек жұмысын жасағанын ескерткіміз келеді [3].

Жас маман үшін қажетті сапаларға орала отырып, біздің зерттеу аясында «лидерлік әлеуеттің» дамуы ерекше қызығушылық тудырады. «Лидер» ұғымының анықтамасы, сондай-ақ лидердің және басшының ерекше белгілері кеңес дәуірі кезеңінде ресми түрде Б. Д. Парыгинмен бекітілген. Ол лидер нақты бір міндетті шешу кезінде топты ұйымдастыру үшін топ мүшелерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде алға шығарылатын кіші топтың мүшесі болып табылады. Ол осы міндетті шешу кезінде топтың басқа мүшелеріне қарағанда жоғары белсенділік танытады, басқаларына ықпалы жоғары. Осылайша, лидер өзіне белгілі бір қызметтерді қабылдай отырып, нақты жағдайға алға шығарылады. Топтың қалған мүшелері лидерлікті қабылдайды, яғни лидер жетектейді ал қалғандары соның ізінен жүреді деген қарым-қатынас құрайды. Лидерлікті топтық құбылыс ретінде қарастыру қажет: лидержалғыз болуы мүмкін емес, ол әрқашан топтық құрылымның элементі ретінде беріледі, ал лидерлік жүйе бұл құрылымдағы қарым-қатынастардың жүйесі болып табылады. Сондықтан лидерлік феномені кіші топтың динамикалық үдерістеріне жатады. Бұл үдеріс жеткілікті түрде қарама-қайшы болуы мүмкін: лидердің талап ету шарасы және топтың басқа мүшелерінің оның жетекші рөлін қабылдауға дайындық шарасы сәйкес келмеуі мүмкін» [4]. Бүгінде лидерлік әлеуетті дамыту мәселесі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып жатыр. Мәселен, Б.М. Баймуханбетов «Лидер белгілі бір топты жарқын болашаққа, игі істерге жетелеу және тәуекелге бел буу мен батыл әрекет жасауға әзір болу іскерлігіне ие топ мүшесі», ал «Лидерлік – топ мүшелеріне мәнді ықпал ететін, басшылықты қолына ала алатын, тұлғалық бағалауға, өзгеріс жасауға бейімді әлеуметтік психологиялық құбылыс» деп анықтады [5, 64б]. Психолог Ж.Ы. Намазбаева Лидер – топ мүшелерінің мақсаттарын қамтитын және топтық іс-әрекеттің сипаты мен бағытын айқындайтын, жауапты шешімдерді қабылдауға құқықты екенін топтың қалған барлық

мүшелері мойындаған тұлға. Сонымен, неғұрлым беделді тұлға бола отырып, лидер бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда және топтағы арақатынастарды реттеуде шынайы басты рөлді атқарады. Топта, ұжымда әдетте жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады [6, 97б]-деп түйіндейді. Р.С.Немов, лидер ұғымын келесідей үлгіде қарастырады - бұл әлеуметтік топтың мүшесі, оның беделін, билігін және өкілеттігін осы топтың басқа мүшелері сөзсіз мойындайды, оның психологиялық ықпалында болады және оның ізімен жүруге дайын [7, 483б]. Т.И. Артемьева: лидерді алдында айқын, қол жетімді мақсаты бар және бұл мақсатқа жету үшін басқалардың қызметін үйлестіре алатын, белгілі бір қоғамдастықтың беделді мүшесі ретінде көрсетеді [8, 121б.]. Е. В. Кудряшова лидерді жетекшімен салыстыра отырып, біріншісін тұрақтылығы аз және көбінесе топтағы көңіл-күйге тәуелді деп есептейді. Бағыныштыларға басшылық ету лидердің қолында жоқ, белгілі бір жүйенің және әртүрлі санкциялардың жүйесімен қамтамасыздандырылады ал, жетекшінің шешім қабылдау процесі күрделі және көп жағдайлармен осы топта міндетті түрде байырғы мән-жайлардың болуы қажет емес, ал көшбасшы тікелей өзі шешім қабылдайды [9, 98б]. Осылайша, аталған зерттеушілердің лидерлік мәселесіне арналған жұмыстарын талдау бізге көшбасшы деген ұғымға қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Лидер – бұл жоғары социометриялық мәртебесі бар топтың беделді тұлғасы, топтық



шешімдер қабылдау және бірлескен қызметті ұйымдастыру кезінде басты рөлде мойындалатын топ мүшесі.

Бұл тұрғыда «көшбасшылық әлеуетті» біз тұлғаның жеке және іскерлік ресурстары арқылы қол астындағылардың беделіне қол жеткізу мақсатында нақты объективті жағдайларда қызметін жүзеге асырудың тиімділігін қамтамасыз ететін және айқындайтын ерекше сапа ретінде қарастырамыз. Алайда, шетелдік зерттеушілердің (П. Друкер, Р. Дилтс, Р. Перо, Дж. Рон, Х. Сильва, М. Фишер, А. Залезник, Ф.Р.Манфред, Э.Коно, Д.Фокс және т.б.) қазіргі заманғы лидердің әлеуметтік портретіне арналған көптеген жұмыстары, бізді лидер «басқаларды ол қалаған нәрсесін жасауға мәжбүр етіп қана қоймай, олардың оны жасауға ниеттеніп отырғанына сендіреді» және де өз таланттары мен қабілеттерін барынша жоғары деңгейде ашуға ұмтылып, үнемі өзін-өзі жетілдіре отырып, бәрінде бірінші болуға ұмтылады деп дәлелдейді.

У. Дисней, Г. Форд, Б. Гейтс, М. Бауэр, Дж.Уэлч, М. Делли және т.б. кәсіпкерлердің өмірі мен табыстарын, жетістіктерін талдай келе, жоғарыда аталған авторлар лидер деп «өзін өзі жасаған адамды» атайды. Американдық философ Джим Рон былай деп жазады: «нағыз лидерлер отбасында немесе жұмыста оларда бар талантпен, тәжірибемен және мүмкіндіктерімен көрінеді. Лидер болып қалыптасады егер сіз қаласаңыз ғана болады, біреу мұны байқай отырып, сізді көтермелейді, сізге өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді, демек, сіз өз қабілеттеріңізді іске асыра аласыз».

Сондай-ақ, осы шетелдік авторлардың еңбектерін талдай отырып, біз барлық салаларда әрдайым табысты болуы үшін лидерге меңгеруі тиіс бірқатар сапалар мен қабілеттер, іскерліктің түрлерін табамыз. Олар: харизма, мақсаткерлік, ынта, ізденімпаздық, тапқырлық, шешендік, амбициоздық, өзара сыйластық, батылдық, өз күштеріне сенім, адалдық, әзіл, достық, ұқыптылық, сыпайылық, өзін-өзі сыншылдық, өз уәделерін әрдайым орындау қабілеті, тиімді және әсерлі қарым-қатынас жасау қабілеті, ымыраға келу және әріптестерін ынталандыру қабілеті, кез келген ортаға бейімделе білу қабілеті, болашақ перспективаларды алдын ала көру қабілеті, ақпараттық ағындардан қажетті мәліметтерді ала білу қабілеті, өз идеяларын, жоспарларын объективті өлшей білу, киімде мінсіз мәнерлер мен стильді көрсете білу. Осылайша, ресейлік және шетелдік зерттеулерді талдау «лидер» ұғымын әртүрлі елдердің зерттеушілері әрқалай қарастыратынын көрсетті. Ресей зерттеушілері кеңес дәуірінің тәжірибесіне сүйене отырып, бұрынғысынша лидерді кіші топтың ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Шетелдік зерттеушілер лидерді табысты, үнемі өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға ұмтылған адам және оның жағымды қасиеттері көп деп көреді. Қазіргі заманғы маманның осындай түрі бүгінде еліміздің еңбек нарығында сұранысқа ие.

Лидерлер – қарапайымдылық жетістікке жетудің басты принципі деп есептейді. Ол барлық қызметкерлерін өз әрекеттерін қарапайым тәсілмен атқаруға үйретуге тырысады. Ол өзінің ізбасарларына жоғары мақсаттарды меңзей отырып ерекше назар аударады. Пайда төмендегенде немесе төменгі нәтижелерді көрсеткенде осы жағдаяттан шығу жолын ұсыну үшін көмек қолын ұйым мүшелеріне, топтарына созады.

Лидерлер–өз қателерін мойындайды және оларды шешу үшін қажетті шараларды ашық түрде қолданудан қорықпайды. Олар өз жұмыскерлеріне сыйластықпен қарайды, оларды бағалайды, сенімдерін үнемі қорғайды. Ал өз кезегінде жұмысшылар лидерге адал және тіпті олар үшін жанын қиюға дайын болады.

Лидерлер–қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам лидер ретінде танылады.

Ол тұлғаға деген адал және сыйластық қарым-қатынас, жоғары мақсатқа жетудегі қайсарлық мынадай құндылықтарға ие.

Лидерлер – адамның және оның әрекеттерінің үнемі жоғары сатыға көтерілуі үшін жағдай жасайды және олар өз қызметкерлерінің жетістікке жеткен жұмысын мойындап марапаттайды.

Лидерлер – өзіне пікірлес, сыбайластар іздейді. Басшылардың, лидерлердің жеке қасиеттеріне байланысты тұжырымдар қалыптасқан:

1. Харизматикалық (харизма - грек тілінен charisma- қабілет, талап деген мағына береді) – өзіне баурап алатындай қасиеттерінің болуы.

2. Айрықшалық - жоғары зияттылық; жан-жақты білімділік; өз-өзіне сенімділік; бастамашылық сияқты қасиеттердің жинақталуы.

Е.Кричевскийдің құндылықтар алмасу теориясы бойынша, топтың құндылықтарын толық іске асыра алатын адамдар ғана лидер бола алатындығын айтады [10].

Осылайша, лидерде болатын сапалардың артықшылығын саралаудың негізінде біз бүгінгі күндегі жас заманауи маманның бойында оның лидерлік сапалары болуы тиіс деп санаймыз. Осы ойлар отандық педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерде де көрініс тапқан. Соның ішінде ғалым Ұ.М.Әбдіғапбарова, Б.Б.Баймұханбетов, Б.А.Байкуловалардың еңбектерінде лидерлік пен басшылық арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар салыстырылып көрсетілген. Олар басшының билік тұрғысынан, әкімшілік тарапынан тағайындалғанымен, оның бойында лидерлік сапалардың болуы қажеттігін көрсетеді [11].

Сонымен бірге, қазіргі заманғы баспасөз беттерін талдау көрсеткендей, көптеген ұйымдар өз қызметінің тиімділігін арттыруға көбірек көңіл бөле отырып, қазір басқа елдердің мамандарын тартады, олар өздерімен бірге жетіспейтін білім мен дағдыларды алып қана қоймай, сонымен қатар ұйымның жұмысын қайта құруға және лидерлікті дамытуға өз үлесін қосады. Осыған байланысты, біздің зерттеуде айтылған мәселелерді шешу жолдарының бірі-білім беру процесінде студенттердің ары қарай өмірде өзін-өзі бекіту үшін қажетті қасиеттерді дамытуға ықпал ететін әдістерді, тәсілдерді және құралдарды әзірлеу және қолдану болып табылады. Мұндай әдістерге: коучинг, тренинг, семинар, дискуссиялық дәрістер, іскерлік ойындар және өзін-өзі дамыту немес өз бетімен білім алу жатады.

Біз тәжірибелік-эксперименталды тексеруге студенттердің субъектілік белсенділігінің қағидасына негізделген оқытудың интерактивті моделінің тиімділігі туралы гипотеза жатады деп ойлаймыз. Бұл оқыту үдерісі оқытушы мен студент арасындағы «ересек-ересек» қарым-қатынас қағидасына және білім беру үдерісі субъектілерінің кері байланыс принципіне негізделетін болады. Аталған интерактивті оқыту үлгісі жоғары курс студенттері оқу үрдісінде студенттердің лидерлік әлеуетін дамытуға бағытталған.

### **Әдебиеттер**

1. Мардахаев Л.В. *Словарь по социальной педагогике*. М., Академия, 2002.
2. Дрыгина И.В. *Активизация лидерского потенциала личности студента в образовательном процессе вуза : дис. ... канд. пед. наук. Красн о-ярск, 2004*
3. Тұрғынбаева Б.А. *Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында*. – Алматы, 2012. –211 б.
4. Парыгин Б.Д. *Основы социально-психологической теории*. М.: Мысль, 1971. 348 с.
5. Баймұханбетов Б.М. *Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру. (PhD диссерт) Алматы, 2014-159б*
6. Намазбаева Ж.Б. *Жалпы психология: оқулық ҚР білім және ғылым министрлігі*. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Психология институты, 2006. – 296 б.
7. Немов Р. С. *Психология. Учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений. В2 кн. Кн.2 Психология образования*. М.: Просвещение: Владос, 1994. 496 с.
8. Артемьева Т.И. *Методологический аспект проблемы способностей*. АН СССР, Ин-т психоло-гии. М.: Наука, 1977. 184 с.

9. Кудряшова Е.В. *Лидер и лидерство (Исследования лидерства в современной западной общественно-политической мысли)*. Архангельск: Изд-во Поморского межд-го педагогического ун-та им. М.В.Ломоносова, 1996. 145 с.

10. Кричевский Р.Л. *О функции и механизме идентификации во внутригрупповом межличностном общении // Психология межличностного познания.* – М., 1981. – С. 96-99

11. Әбдігапбарова Ұ.М., Баймұханбетов Б.Б., Байкулова Б.А. *Оқушылардың лидерлікке даярлығын тәрбиелеудегі әдістемелік, диагностикалық құралдар: оқу-әдістемелік құралы.* - Тараз, 2017. – 50 б.

*А.Е. Оспаналиева.*

практик-психолог, Нұр-Сұлтан қ.

## **ҚАЗІРГІ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық психологияны зерттеу үлкен маңызға ие болуа. Себебі қазіргі әлемге ортақ ғаламтор делісі, бәріне жетімді ақпарат әлем елдерінің бірегейленіп бара жатуына ықпал етуде. Осындай адамзаттық ғаламдық үрдісте қазақ хадқының ұлттық мінез-құдқы мен психикасын, ұлттық сана-сезімі мен әдет-ғұрпын сақтау, оған әрі жаңғырту қажет деп есептеймін.

Көне заманнан қалыптасқан халқымыздың ұлттық ерекшеліктерін қазіргі замандағы қазақ ұлты өкілдерінің ерекшеліктерімен салыстыра зерттеу бүгінгі күнгі этнопсихология ғылымы үшін аса құнды мәселе болып табылады.

Ұлтымызға сай ұлттық мінез, темперамент, танымдық процестер, ерік-жігер ерекшеліктері, мотивациялық және эмоционалдық аумақ өз зерттелуін қажет етуде.

Соңғы уақыттарда этнопсихологиялық ақпаратқа деген қажеттілік айрықша мәнге ие болуда. Бұл Қазақстанның көпұлтты мемлекет ретінде қазіргі жағдайда дамуында ұлт аралық келісімді қамтамасыз ету, ұлттар бірлігін нығайту және этнос аралық қатынастарды кеңейтумен байланысты. Этнос аралық қатынастардың қоғам өміріндегі адамзат факторының белсенділігіне қажеттілігімен байланысты атқаратын қызметтерінің заңдылықтарын зерттейтін мәселелер өзекті болып табылады. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы қоғам санасының элементтерінсіз мүмкін емес. Тұлғаның қалыптасуына мәдени – психологиялық ықпал әлеуметтену процесінде өтетін этностық құндылықтарға белсенді қатысумен байланысты. Бұл заңдылықтарды жеткіліксіз бағалау ұлт аралық қатынастар аясындағы негативті құбылыстарға соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты этнопсихологияның дамуына қажеттілік туындайды. Көп ұлтты Қазақстан үшін әрбір ұлттың, халықтың, этностық бірлестіктер мен қалың бұқараның түрлі әлеуметтік топтардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу аса маңызды және өзекті мәселе.

Сондықтан да елімізде этнопсихология ғылымының зерттеулеріне назар аударсақ, алдыңғы қатарлы дамығын өркениетті елдердің сатысына көтерілеріміз хақ. Мәселенің зерттелу өзектілігі екі негізгі себеппен анықталады: Қазақстан Республикасындағы қазіргі этностық процестерді ұғыну қажеттілігімен, сонымен қатар психологиялық білімдердің қазіргі жүйесінің дамуы.

Ұлттардың мінез- құлқы олардың тарихи өмірінің нәтижесі болып табылғандықтан, оны зерттеуде қазақ халқының қалыптасуының тарихи генезисін терең де, жан-жақты зерттеген маңызды.

Ұлттық мінез – құлық қоғамдық ортада, белгілі бір оқиғаларға, қоғамдық өндірістік т.б. объективті құбылыстарға сәйкес қалыптасатын болды. Қоғам ұлттардан, ұлт таптардан құралады, сондықтан да ұлттық мінез-құлықты таптық процестен бөлек қарауға болмайды [1].

Адамдардың этностық тиістілігіне байланысты психика мен мінез-құлық ерекшеліктері биологиялық және әлеуметтік-мәдени құрамдас бөліктерді қалыптастырады. Этнопсихологиялық зерттеулердің аясына барлық психикалық функциялардың ерекшеліктері кіреді, әрі олар онтогенез бен филогенезде қалыптасады. Ал бұл этнопсихологиялық проблематикаға психиканың дамуындағы жалпы психологиялық мәселелердің тікелей байланысы бар екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар адам әлеуметтенуінің факторы ретінде этностың рөлін елемеуге, сонымен қатар, абсолюттендіруге де болмайды. Тұлға мен ұлт өзара диалектикалы байланысты және бір – бірін жоққа шығармайды. Осыны ескере отырып, белгілі бір ұлтқа кірмейтін адамдар болмайтынын түсіну керек. Тұлға өзінің қалыптасуы мен даму процесінде өз ұлтының рухани бейнесінің этностық ерекшеліктерінің әсерін сезінеді. Ұлттық өмір тек мәдениеттің ерекшеліктерінде ғана емес, басқа да кезеңдерде байқалады. Ұлт өзінің психологиясының барлық элементтерімен тұлғаның қалыптасуы мен даму процесі жүзеге асатын спецификалы орта болып табылады. Адам мінез-құлқын оның белгілі бір ұлтқа немесе мәдениетке тиістілігіне қарай анықтап түсіну ертедегі Гиппократ кезеңінен бері қарастырылса да, тек бертін келе ғана ғалымдар қоғамдағы маңызды зерттеулердің барлығында этномәдени спецификаны ескеру қажеттілігін мойындады.

Халықтар психологиясы проблемасы бойынша, анығында, жиырмасыншы ғасырдың алғашқы бөлігіндегі ғылыми жұмыстарды талдау әртүрлі этностық топтардағы адамдарға тән психикалық ерекшеліктер биологиялық инстинктермен (О. Бауэр, У. Мак Дауголл), климаттық (Н. Фулье, И. И. Янжуль, К. Каутский) және әлеуметтік жағдайлармен (Г. Брандес, Л. Крижевский, Г. Лебон, К. Леонтьев, Г. Шпет) шартталған қасиеттер ретінде түсіндірілгенін көрсетті. В. Вундттың жұмыстарында халықтар психологиясының ішкі әсерлер мен тарихи дамудың процестеріне тәуелділігі баса айтылады. Адамдардың этностық ерекшеліктерінің психологиялық негізделуінің айқындалуына Ш. Уалиханов пен А. А. Потебнидің жұмыстары үлкен қызығушылық танытады [2].

Әлемдік ғылымда олар тұңғыш рет, адамдардың этностық ерекшеліктері қоғамның объективті тарихи дамуымен шартталған деген тезисті дамыта отырып, тарих позициясынан көрінді. А. Р. Лурия өткен ғасырдың отызыншы жылдарында болмыстың тарихи және әлеуметтік жағдайларымен шартталған субъект іс – әрекетінің мотивтерін, мәдени даму деңгейін және танымдық процестерін эксперименталды зерттеуді жүзеге асырды.

Психологтардың назарын ана тілі мен екінші тілдің функцияларымен байланысты (М. М. Мұқанов) және халық ауыз шығармашылығының адамның интеллектуалды іс – әрекетіне ықпалы (К. А. Нұрғалиев) жайындағы мәселелер аударып бастады. В. С. Мухинаның жетекшілігімен әлемнің түрлі елінен жас ғалымдардың жинақтаған эмпирикалық материалдарының негізінде, ұлттық және діни принциптер, мифтер мен табу баланың тұлғалық қалыптасуына үлкен әсер етеді деген біржақты қорытынды жасалды.

Қазіргі кезде қазақстандық этнопсихология ғылымының теориялық және әдістемелік негіздерін еліміздің бірқатар ғалымдары қарастыруда. Қ.Б. Жарықбаев қазақ халқының этнопедагогикалық және психологиялық ой-пікірлерін зерттей келіп, қазақтың ұлттық мінез мәселесін көтерген. С.М. Жақыповтың этнопсихологиялық зерттеулері оның бірлескен диалогты танымдық іс-әрекет теориясы шеңберінде қарастырылған.

Ғалым осы тұрғысында, полиэтностық білімі беру ортасында оқитын жастардың танымдық іс-әрекеттерін тиімдендіру жолы ретінде олардың әрекеттерінің өзіндік этностық ерекшеліктерімен себептенетін, ортақ мағыналық қор жүйесі қалыптасуының маңыздылығын атап көрсеткен. С.Қ. Бердібаева өзінің докторлық диссертациясында адамның творчестволық іс-әрекетінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін халқымыздың ұлттық мұрасы – айтыс мысалында дәлелдеп, ғылыми тұжырымдаған. Д.Д. Дүйсенбеков этностық өзіндік сана құрылымына байланысты қазақтардың әртүрлі мәдени типтерін ұсынған. Б.Ә. Әмірова, Р. Әлімбаевалардың зерттеулерінде оқыту процесіндегі оқушылардың этностық жаңсақ нанымдары өзгеруінің танымдық іс-әрекет тиімділігіне

әсері көрсетілген. З. М. Балғымбаева ұйғыр этносы мысалында халықтардың жыныстық этностық жаңсақ нанымдарының пайда болуына отбасы факторының рөлін көрсеткен. Л. К. Көмекбаева мұғалімдердің этностық өзіндік санасының жасөспірімдердің этностық өзіндік санасы қалыптасуына әсерін зерттеді. И. Қ. Аманова тұлғаның өзін-өзі таныту ұғымының психологиялық мазмұнын анықтап және әр түрлі этнос өкілдерінің өзін-өзі таныту ерекшеліктерінің оларда қалыптасқан этномәдени сәйкестілік типіне тәуелділігін қарастырған [3].

Сонымен қатар Қ. Т. Шериязданова, Ж. Ы. Намазбаева, Ж. Т. Түрікпенұлы, Н. А. Логинова, А. М. Ким, О. Х. Аймағамбетова т. б. белгілі ғалымдардың зерттеулері жоғары құндылықтарға ие және этнопсихологияның теориялық – эксперименттік негізін дамытуға үлестерін тигізеді.

Жалпы алғанда, ұлттық психологияның әсер ету спецификасын талдаудың түрлі: мотивациялық, интеллектуалды-танымдық, эмоционалды-еріктік және коммуникативті-мінез-құлықтық деңгейлерінде қарастыру қажет.

Ұлттық психологияның құрылымдық элементтерінің күрделі әрі маңыздыларының бірі **ұлттық мінез-құлық** болып саналады. Ұлттық мінез-құлықты халықтардың өзі жасаған тарихтағы материалдық және рухани тіршілігінің бейнеленген көрінісі деп түсінеміз. Тарихи жағдай мен географиялық орта мәңгілік нәрсе емес, сондықтан ұлттық мінез-құлық та белгілі өзгерістерге ұшырап отырады [4].

Үстем тап өкілдерінің мінез-құлықтары әлеуметтік жағдайларына сай қалыптасады. Мысалы, өз уақытысында қазақтың демократ ақыны Абай Құнанбаев бай мансаптардың, ата мінерлердің, болыс билердің мінез-құлықтарын өткір сынаған. Оларға тән жаны ашымаушылық, қатыгездік, сараңдық тәрізді қасиеттерді аяусыз мінеп отырған болатын.

Ұлттық мінез-құлықты кейбір зерттеушілер адамдардың темпераментімен шатастырады. И.И. Павловтың іліміне сәйкес темпераменттің/сангвиниктік, флегматиктік, холериктік және меланхоликтік типтерді адамдардың жоғарғы жүйке системасының жұмысына байланысты болатындығы белгілі. Ал ұлттық мінез-құлық тарихи жағдайлардың, объективті процестердің себептерінен әрі тәрбиенің ықпалымен қалыптасады.

Ұлттық мінез-құлықты сақтаушы және алып жүретін халық, еңбекші бұқара. Халықтан тыс ұлттық мінез-құлық жойыла бастайды. Кез келген халықтың өкілі өзінің туған халқымен / эмиграция т.б. болып / байланысын үзсе, онда, алдымен өзі араласқан жергілікті халықтың тілін үйренеді, содан соң халықтың мінез-құлқының қасиеттерін бойына сіңіріп, қабылдай бастайды.

Сонымен **ұлттық мінез-құлық** дегеніміз халықтың қоғамдық-өндірістік тәжірибесі арқылы тарихи тұрғыда қалыптасқан машығы мен әдетінің жиынтығы, әрі жалпы барлық халыққа тән / және ерекше қасиеттердің бірлігі.

Ұлттық тілдің көмегімен ұлттық ой-сезімді, мінез –құлық пен көңіл-күйді білдіріп, эмоциялық халді жеткізе аламыз. Әрбір халықтың өз теңдеулері, метафорлары, марал-мәтелдері бар. Олар сол халыққа тән, оның тарихи дамуының жолдары мен өміріне, табиғатына және өздері дағдыланған тұрмыстық жағдайларына байланысты шыққан.

Ұлттық мінез-құлықтың байқалатын белгілерінің бірі – ұлттық көзқарас. Көзқарастар мен нанымдардың жүйесі ұлттардың мінез-құлықтарының идеологиялық және дүние танымдық жақтары болып саналады.

Ұлттық психологияның өзіндік маңызы бар және өте күрделі құрылымдық элементтерінің бірі **ұлттық – сезім** болып есептеледі. Ұлттық сезім халықтардың өмірінде ерекше маңызды орын алады. Әсіресе, адамдардың рухани келбетін қалыптастыруда және дамытуда, интернационалдық тәрбиелеуде зор маңызы бар [5].

Ұлттық сезім әлеуметтік-психологиялық күрделі құрылым бола тұра, ол негізінен таптардың экономикалық жағдайы мен материалдық мүдделері арқылы дамиды.

Ұлттық психологияның құрылымдық күрделі элементтерінің бірі – **ұлттық сана – сезім**. Ұлттық сана – сезім дегеніміз өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік жанашырлық, халық мұраларын, мақтанышын бағалай білу.

Ұлттардың сана-сезімдерінің қалыптасуына рухани-мәдени шығармалар, ұлттық рухани мұралар алкен роль атқарады. Ондай шығармаларда халықтың сана-сезімінің жетілуіне ерекше әсер ететін көңіл-күй, оқиғалар бейнеленеді. Мәдениеттің белгілі қайраткерлері өз халықтарының тарихына үніле отырып, ондай шығармаларды өздері дүниеге келтіреді. Ұлттар өміріндегі ұлттық психологиямен тығыз байланысты көкейтесті мәселенің бірі – ол ұлттық әдет ғұрыптар, дәстүрлер болып саналады. Ұлттық психологияның ерекшеліктері мәдениетте, тұрмыста, сондай-ақ ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерде де айқын көрінеді. Әрбір халық өздерінің әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін салт-жораларын ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырады әрі сақтайды. Олардың ұлттық мәдениетінде, тұрмысында бөлінбестей болып қалыптасады. Әрине, халықтар өмірінің деңгейі өзгеруіне сәйкес дәстүрлер де ауысады, дамиды.

Қорыта келгенде, қазіргі заманда ұлттық психология мәселелерін зерттеудің маңыздылығы мына себептермен анықталады:

Біріншіден, әлемдегі жаһандану үрдісінің жағымсыз әсерін болдырмау үшін.

Екіншіден, ұлт болмысының мәні, ұлттық қатынастардың астары ұлттық келешегі сияқты мәселелер көне заманнан бері адамзатты ойландырып келеді.

Үшіншіден, жер бетінде саяси-әлеуметтік жағдайлардың шиеленесуі, жеке ұлттардың тарихтағы өз орнын табуға ұмтылуы, ұлттық сананың өсуі жалпы ұлт болмысына жаңа қырынан қарауға көз салуға мүмкіндік туғызды. Ендеше ұлттық психология теориясын терең зерттеп, оның ұсыныстарын күнделікті өмірде қолдану уақыт және заман талабынан туындаса керек. Адам дамуының негізгі ерекшеліктері ХХ ғасырдың екінші жартысындағы «этникалық ренессанс» процесін әлеуметтік ғылымның дамуын отандық және шетелдік өкілдері зерттеді. Одақ кезінде ұлттар мен халықтың жақындасу процесі болып, социалистік санадағы жаңа тарихи қоғам тұтас кеңес халқы қалыптасты. Бірақ мұның көлеңкелі жақтары болмай қалған жоқ.

#### **Әдебиеттер:**

1. Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003. – 226 б.
2. Амирова Б.А. Тұлғаның әлеуметтену және этностық-әлеуметтену процесінің кейбір мәселелері // «Шоқан тағылымы -14». – ғыл.-практ. конф. матер. — Көкшетау, 2009. – 107-111 бб.
3. Аманова И.Қ. Тұлғаның өзін-өзі таныту ерекшеліктерінің этномәдени сәйкестілікке тәуелділігі: Психол. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 2004. - 154 б.
4. Жукеш Н. Ұлттық психологияның сипаты. – Алматы: Респ. баспа каб., 1993.
5. Сәдуақасұлы Ә. Қазақтың ұлттық психологиясының қалыптасуы // «Қазақстандағы білім проблемалары: бүгіні мен болашағы» атты конф. матер. — Алматы, 1993. – 13-15 бб.

## 7. ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ОТАНДЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

### 7. ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

*Асимов Марат Абубакриевич*

*Республика Казахстана, г. Алматы, КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, проф.*

*Багиярова Фатима Арыстановна*

*г. Алматы, КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, зав. каф. «Коммуникативных навыков  
и психологии здоровья»*

#### **САМОСОВЛАДАНИЕ - СОВРЕМЕННАЯ ПСИХОТЕХНОЛОГИЯ В ПРАКТИЧЕСКОЙ И ПРИКЛАДНОЙ ПСИХОЛОГИИ**

Современная психология и психотерапия в настоящем проявляется рождением большого количества методов, которые являются интеграцией признанных школ или направлений. Каждая новая техника или метод претендует на свою значимость в прикладном и практическом применении. Популярность этих методов зависит, зачастую от «агрессивности» их подачи, стремлении проникнуть в сознание специалистов и потребителей.

Предлагаемая нами методика, по существу, ничем не отличается от таких же новых по своей сути - интегрированным и желаемой признания. Что касается научной достоверности данной методике, то исследования продолжаются, а уже имеющие данные опубликованы в научных статьях и Руководстве оп Самосовладанию.

Теперь о самом методе Самосовладание (СС). Важно отметить, что не существует в русском языке такого слова. Данное слово использовано (по предложению одного из соавторов Татьяной Фоминой), для того чтобы подчеркнуть крайнее утверждение СС: «только ты, а не кто другой является причиной твоих проблем, и только ты ответственен за решение их, а не психологи или психотерапевты». В казахском языке мы используем - «Озін-озін билей алу».

Теоретическими основами методике СС являются:

1. Теория интроспекции. Этот метод больше оперирует понятиями аналитической интроспекции Э.Титченера, расчленением на составные элементы, не связанные с внешними раздражителями [1]. Этими составными элементами в самосовладании являются: чувства, ощущения и образы.

2. Теория психологических защит. Борьба внутреннего Я с не желаемыми переживаниями методом вытеснения, по З.Фрейду [2]. Самосовладание, также объясняет причины проблем, вытеснением и накоплением («складированием») не желаемых переживаний.

3. Теория Эмоционального интеллекта [3]. СС утверждает, что нет положительных или отрицательных. Чувства есть энергия которой надо пользоваться, а не бороться – подавлять.

4. Когнитивная психология. Такие основные теории когнитивной психологии, как введение для построения моделей конкретных понятий, как память, восприятие, язык и др.; дуальные процессы обучения, а именно перцептивная готовность (при столкновении с новым, человеку нужно осмыслить или создать новые категории; детермированный биокомпьютер – моделирование обучения, запоминания, чтение и др). В СС модель конкретного понятия, это «состояния, чувства, ощущения и образы»; при столкновении с собственным переживанием, категория - вызванное состояние, необходимо проследить, выявить новое состояние – новую категорию; **смысл СС - обучение управлению.** [4]

5. Психолингвистика. Один из постулатов - обозначение элементов психики конкретным смысловым содержанием – словами, является обоснованием механизма в осознании и управлении при СС. Неосознаваемое есть следствие неправильного обозначения психического явления словом. Эти постулаты психолингвистики легли в теоретическую основу СС. Фрейд (по А. Леонтьеву), в самосовладании есть состояние психики, которое можно описать триадой – чувство, ощущение и образ на данный момент. Используемые данные категории есть система языка – состояние, чувство, ощущение и образ, а процесс их взаимозависимости и изменчивости – языковой способностью [5].

6. Поведенческая психология. Основное утверждение поведенческой психологии – поведение человека управляемо, если использовать определенные психологические закономерности. Психологические закономерности построены на теориях научения. Самосовладание это метод предполагающий обучения техникам для разрешения психологических проблем, профилактику психических невротических расстройств и личную психогигиену. Обучение техникам основывается на теориях научения. Оперантное научение, по Э. Торндайку: проблемная ситуация, как стимул, реакция как поиск выхода успешных и неуспешных, подкреплять повторяемое действие. В СС – проблемная ситуация, это есть внешний раздражитель; реакция – чувства, ощущения и образы, в образах прослеживание успешных и неуспешных форм поведения, возможность осознанного выбора более эффективной модели поведения. По Б. Скиннеру – стимулы или внутренние причины, ответственные за их появление не могут быть известны, а это значит, что они возникают спонтанно. В СС мы утверждаем, что реакция и стимулы или внутренние механизмы могут иметь объяснение через понимания конкретного чувства, ощущения и образа. Образ есть причина данных чувств и ощущений. Образы могут быть интерпретированы, самим человеком. Но они возникают спонтанно, как понятные, так и непонятные, но возникающие чувства и ощущения не спонтанно возникают, они соответствуют образам или образу. [6]

В практической своей части СС интегрировала техники и методы следующих школ:

1. Практика гештальтпсихологии – феноменологическую интроспекцию. В отличие СС использует следующие феномены: состояние души, чувства (конкретно предлагаемый набор), ощущение (конкретно предлагаемый набор) и образы (разделяя их на понятные и непонятные). Также СС, как и многие направления, использует технику «пустого стула». В отличие, в СС этот прием используется при «пробуксовке», т.е. когда клиент в процессе проживания своего проблемного состояния, застревают и повторяются одни и те же образы, чувства или/и ощущения. В данной методике упражнением «диалог» (разработаны три формы диалога) клиент «выходит из пробуксовки». [7]

2. Символодрамы (кататимно-имагинативная психотерапия) стандартные мотивы, как «Река», «Гора», «Луг» и Болото. В отличие от символ-драмы эти мотивы используются в указанной последовательности и вкладывается следующий смысл:

2.1 «Река или речка». Научиться последовательному процессу интроспекции.

2.2 «Гора или горы». Научиться интроспекции при котором, в психическом состоянии постоянно нагнетающееся напряжение, сменяется расслаблением, в образах при подъеме и спуске с горы, как в жизни требуется напряжение и расслабление, в соответствующих ситуациях.

2.3 «Поле или луг». Научиться в образах горизонта видеть перспективу и идти дальше при интроспекции, как необходимое в жизни для развития.

2.4 «Болото». Научиться видеть непонятные образы (темнота, пустота или серое, белое – как туман) и проходить через эти образы, как в жизни учиться справляться с проблемными состояниями.

2.5 В СС клиент сам интерпретирует свои образы, учится этому. Причем он интерпретирует, как понятные, так и непонятные в их взаимосвязи с чувствами и



ощущениями. Психолог только призывает к интерпретации, поиску спонтанных ассоциаций с его (клиента) жизнью.

3. Вербализация. Н. Witkin отмечал высокую степень зависимости коммуникативной эмоциональности от контроля когнитивной артикулированности [9]. В описание техники «непосредственной вербализации» Титова Л.Г., описывает способ вербализации собственного эмоционально состояния, такими прилагательными, как – взволновало, тревожит, радует, беспокоит и др. [10].

В отличие СС для вербализации своих чувств, предлагает конкретный перечень, а также предлагает вербализировать не только чувства, но и ощущения с конкретным набором. Для осознания состояния и дальнейшего управления, предлагается связать чувства и ощущения с образами, которые также важно вербализировать.

СС представляет собой пять ступеней обучения, как при психотерапии, так и при личной психогигиене. При психотерапии ступени следуют спонтанно, согласно психотерапевтическому процессу. При обучении личной психогигиене ступени идут последовательно.

I ступень - **Дифференциация состояния:** формирование общих понятий о составных психического состояния (души): чувства, ощущения и образы.

II ступень - **Наведенные образы при закрытых глазах:** последовательное наблюдение психического состояния через работу с наведенными образами с закрытыми глазами клиента.

III ступень - **Спонтанные образы при закрытых глазах:** последовательное наблюдение изменения психического состояния через работу со спонтанными образами при закрытых глазах клиента.

IV ступень – **Свободные образы при открытых глазах:** последовательное наблюдение психического состояния через работу со свободными образами при открытых глазах клиента.

V ступень - **Экологичное поведение:** как результат управления психическим состоянием (выражение мыслей и чувств) взаимодействие с окружающим, коммуникации с другими людьми.

Прикладное значение метода Самосовладание, как краткосрочного и эффективного метода психокоррекции или/и психотерапии, личной психогигиены. Школьные психологи и медицинские психологи, в своей работе по профилактике, личной психогигиене, коррекции расстройств, ограничены выбором краткосрочных технологий. Поэтому полезно психологам обучение этой методикой для практического его применения.

В заключении считаем важным представить короткий отчет о проведенной работе по внедрении Самосовладания для практического применения среди школьных психологов РК и показательных семинарах-тренингах среди обучающихся школ и интернатов.

1. С 17 по 18 декабря 2018 года в Областном Центре формирования здорового образа жизни Туркестанской области семинар-тренинг для школьных психологов, заместителей директоров школ по воспитательной работе, методистов областного отдела образования Туркестанской области 50 человек.

2. С 19 по 21 декабря 2018 года в школе № 66 имени Толыбай батыра г.Сарыагаш семинар-тренинг для школьных психологов, заместителей директоров школ по воспитательной работе, методистов областного отдела образования Туркестанской области 45 человек.

3. 13 сентября 2019 года в г.Талдыкорган, в Общеобразовательном учреждении № 25. Участники психологи, медицинские и социальные работники общеобразовательных школ Алматинской области, прошли обучение 200 специалистов.

4. В рамках социально-значимых проектов по профилактике суицида и девиантного поведения в 2019г, при поддержке Государственного Учреждения «Управления здравоохранения Мангистауской области», «Ассоциацией специалистов

формирования здорового образа жизни» реализован и проведен социально-значимый проект «Профилактика бытового насилия и суицида среди подростков». Проведены: обучающие тренинги среди учащихся по разрешению конфликтов, развитие стрессовой устойчивости и коммуникативных качеств учащихся в образовательных школах и ССУЗах г.Актау, где участвовало более 1000 человек.

5. Проведены семинары-тренинги для психологов, медицинских и социальных работников общеобразовательных школ Мангистауской области, в участие приняло 56 человек.

6. В 2020г. проведены обучающие 2-х дневные семинары-тренинги для психологов, педагогов, медицинских и социальных работников общеобразовательных школ Мангистауской области, охвачено 100 человек.

7. Проведены обучающие тренинги по разрешению конфликтов, развитию стрессовой устойчивости и коммуникативных качеств учащихся среди подростков ГУ "Областной детской деревни семейного типа" г. Актау, с охватом 30 человек.

В заключении повторимся: метод самосовладание является научно обоснованным методом в практическом и теоретическом аспекте. Имеет определенный опыт психокоррекционной, психотерапевтической работы с различными состояниями у пациентов и клиентов. Опыт обучения школьных психологов, учащихся средних и старших классов, позволяет утверждать, что данный метод успешно можно использовать в школах, для профилактики нарушения поведения и как метод личной психогигиены.

### *Литература*

1. Мещеряков Б.Г., Зинченко В.П., Большой психологический словарь. 3-е издание. М., 2002, с.186-187
2. Методические рекомендации / Сост. проф. В.В. Деларю. – Волгоград: ВолгГАСА, 2004, с.7
3. Гоуман Д. - Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ – М., 2013.
4. Солсо Р. Когнитивная психология. – 6-е изд. – СПб. Питер., 2006, с.38-41.
5. Леонтьев А.А. - Основы психолингвистики, 4-е издание 1997. С.18-22.
6. Ромек В.Г. Поведенческая психотерапия. – Ростов-на-Дону, 2001. – с.41-44.
7. Перлз Ф., Гудмен П., Хефферлин Р. – «Практикум по гештальт-терапии»; Институт Психотерапии – 2001.
8. Обухов Я.Л. – Символ-драма. Кататимно-имагинативная психотерапия детей и подростков
9. Семяшкин А.А. Вестник ЯГУ, 2009, том 6, №4, «Влияние гендера и мотивации достижения на соотношения когнитивных стилей и психодинамических свойств личности», с.100
10. Титова Л.Г. Деловое общение, Москва – Юнити, 2013.

*Р.Б. Абдрахманова - психол.ғыл.кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Педагогика және психология кафедрасының доценті*  
*Қашқын Ә.Ж. - ҚазҰПУ-дың «Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты*

### **МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ ФЕНОМЕНІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Қазіргі уақытта адамның кәсіби өзін-өзі анықтау және қалыптасу, мамандықта өзін-өзі тану мәселелері ерекше мәнге ие болып отыр. Өйткені заман өзгерген сайын, қоғам адамға жаңа талаптар қояды.

Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болып, қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыс, сәйкесінше, түрлі мамандық келе бастады, әлі де олардың

шегі көрінер емес. Дегенмен саны бар, сапасы болмаса оның елімізге, өзімізге не пайдасы бар?!

Мамандық таңдау деген — өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, тұлғаның араласқысы келетін ортаны да таңдау.

Мамандық – өмір сүру мен тіршілік етудің көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біреулер үшін – ол асқақтаған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге — әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң жоғары білім туралы диплом алу [1].

Психологиялық аспектілерін қарастыратын болсақ, мамандық таңдау – ол адамның өз болашақ тағдырын таңдауы. Кейін өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл — өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Өз-өзіне «Мен кімін?», «Осы өмірдегі менің орным мен миссиям қандай?», «Қандай өмір жолын таңдаймын?» деген сұрақ қоюы керек. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек.

Осылайша, адам белгілі бір кәсіпке жарамды болуы үшін, ол оны өз тұлғалық, психологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне және қызығушылықтарына сәйкес таңдауы қажет.

Мамандықты таңдау адамның өмір жолын анықтайтын маңызды оқиғалардың бірі болып табылатындықтан, бұл процесті ғылыми тұрғыдан түсіну мәселесі барған сайын өзекті болып келеді.

"Мамандықты таңдау және қабылдау әрқашан жеке тұлғаның дамуындағы маңызды сәт болып табылады. Бұл процесс жеке және әлеуметтік қажеттіліктер арасындағы дамып келе жатқан қарсылыққа негізделген қарама-қайшылықтар кешенін шешумен байланысты", - деп жазады Ю.П.Поваренков [2].

Белгілі украин ғалымы Е. Головаха «Мамандық таңдау - бұл адамның өмір жолының әртүрлі кезеңдерінде жасауға мәжбүр болатын дәйекті өмірлік таңдау тізбегіндегі алғашқы буын» екенін айтады. Кәсіби таңдау - "бұл мектеп оқушысының өміріндегі ең жақын перспективаға ғана әсер ететін шешім" [3]

Мамандық таңдау мәселесі тұрғысынан жеке тұлғаны қалыптастырудың жас ерекшеліктерін зерттеуді көптеген психологтар қарастырады (Л.И.Божович, И.С. Кон және т.б.). Атап айтқанда, жоғары сынып оқушыларында өзін-өзі анықтау қажеттілігі жетекші болып табылады. Бұл кәсіби таңдауды жүзеге асыруда және кәсіби өзін-өзі анықтау процесінде басты тұлғалық маңызды детерминантқа айналады. Бұл еңбектерде "кәсіби өзін-өзі анықтау", "кәсіби қалыптасу" және "мамандық таңдау" сияқты ұғымдар синоним ретінде қолданылады.

Айта кету керек, мамандық таңдау феноменін зерттеуде, оның мәнін түсінуде шетелді, ресейлік және отандық психологияда нақты, бәріне ортақ көзқарастар жоқ.

Төменгі сынып оқушыларының қиялын дамыту олардың эстетикалық сезімдерін оятады. Мәселен, көркем әдебиет кітаптарын оқу, музейлер мен галереяларға бару, кино көру, ұйымдасып музыка тыңдау, бала қиялын жаңа мазмұнға толтыра түседі. Оқушылардың жас, дара ерекшеліктерін ескеріп отырып, қиялы күшті дамыған балалармен дербес жұмыс жүргізу, табиғатқа, өндіріс орындарына экскурсиялар жасау, түрлі тапсырмаларды оқушыларға дербес орындатып отырғызу, оқу барысында кездескен қиыншылықтарды жеңе алуға баулу т.б. осындай әдістер бала қиялын дамытудың түрлері болып табылады [5.241].

Ә. Алдамұратов қиял туралы былай дейді: «Қиял дегеніміз - бізді қоршаған сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың образдарын жаңғыртып, оларды өңдеп бейнелеуден тұратын, тек адамға тән психикалық процесс». Ол қиялды ерекшеліктеріне қарай мынадай етіп топтастырады:

а) әрбір адамның қиялы оның жеке басының қызығуы мен ерекшелігіне, алдына қойған мақсат-мүддесіне байланысты болып отырады.

ә) қиялдың мазмұн-мәнісі, түр-сипаты адамның жас ерекшеліктеріне байланысты.

б) қиял адамның барлық психикалық құбылыстарымен тығыз ұштасып жатады.

в) адамның қиялы еңбек процесінде іс-әрекет үстінде дамып отырады [6.125].

Сонымен қатар Т. Тәжібаевтың сөзіне сүйенетін болсақ, қиял деп бұрынғы қабылдаған елес бейнелерін өгертіп бір-біріне қосып, өңдеп, қайтадан бейнелеуді айтады. Дүниедегі заттар мен құбылыстардың, сезімдерге келтіретін тікелей әсері арқылы пайда болатын қабылдаулар, олардан пайда болатын елестеулер бір қалыпта тұрмайды ақыл - ой елегінен өтіп, өзгеріп, бір - біріне қосылудың нәтежесінде бейнелеудің тағы бірі - қиял пайда болып отырады. Ол қиялдың басты екі функциясын атап көрсетеді. Бірі – оның әрбір шығармашылық іске керектігі, екіншісі-оның

мұқтаждықтарымен, сезімдерімен және барлық рухани әрекеттерімен байланысты туып отыруы [7.113].

Адам не істейтінін ерте бастан ой, қиял арқылы ойламаса, келешекті болжамаса, онда адамның ешбір әрекеттері әдебиетте болсын, ғылымда болсын бір орында тұрып, алға қарай жылжымас еді. Қиялды пайда болу сипаттарына қарай белсенді және енжар қиял деп екіге бөлуге болады. Егер алдымызға ешбір мақсат қоймай, жәй нiрсенi ойлап, кездейсоқ қиял бейнелерін тудыратын болсақ - бұл қиял енжар қиял болады. Егер әдейлеп еркімізді, жігерімізді жұмсап алдымызға мақсат қойып қиялданатын болсақ, мұндай қиял белсенді қиял болады.

Біз бұрын қабылдаған заттар мен құбылыстардың образына сүйене отырып ешуақытта көрмеген нәрселерді де санамызда бейнелей аламыз. Мәселен, өткен заманда болған оқиғаларды суреттейтін материалды оқып отырғанда, не өзіміз көрмеген алыстағы елдер туралы әңгіме тыңдағанда, не кітап оқығанда бізде түрлі жаңа елестеулер пайда болады. Бұл қиял процесінің жемісі болып саналады. Қиял дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өңдеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс.

Адамдардың қиялына тән кейбір ерекшеліктерді төмендегіше топтастыруға болады:

1. Әр адамның қиял ерекшеліктері оның жеке қызығулары мен қасиеттеріне, алдына қойған мақсатына байланысты болып келеді.

2. Қиялдың мазмұны мен формасы адамның жас және дара ерекшеліктеріне де, білім тәжірибесіне де байланысты. Мәселен, көргені де, түйгені де көп, өмір тәжірибесі мол, әр тарапта білімі бар ересек адамның қиялы мен енді ғана өмірге аяқ басайын деп тұрған жеткіншектің қиялын бір өлшемге салуға болмайды.

3. Қиял – адамның барлық психикалық құбылыстармен ұштасып жататын процесс. Мәселен, алған мақсат, оны жоспарлап, жүзеге асырудың жолдарын іздестіру қиялсыз мүмкін емес. Бұл – қиялдың ерікпен байланысына жақсы мысал. Өйткені ойлау белсенділігі адамды творчестволық әрекетке жетелейді. Ал творчестволық әрекет қиялдың өте күшті дамуын қажет етеді.

4. Адамның қиялы еңбек процесінде, іс-әрекет үстінде жарыққа шығып, дамып отырады. Мұндағы негізгі шарт: саналы мақсаттың болуы, болашақты болжай алуы, істейтін еңбектің нәтижесін күні бұрын көре білу, яғни оны өңдеп, өзгертіп, елестете алу – адам қиялына тән негізгі белгілер [8.165].

Қиялдың мазмұны – бізді қоршаған объективтік шындық. Тіпті қиялдың ғажап фантазиялық продуктылары да өмірде бар нәрселерден құрастырылып жасалынады [9.65].

Мәселен, су перісінің (жартылай әйел, жартылай ат) мифологиялық тұлғасын жасау ат пен балықты ешқашанда көрмеген жағдайда болмаған болар еді.

Қиял процесінің адам әрекетінің қандай саласында болмасын зор маңызы бар. Қиялдың өзі осы әрекет арқылы өзгеріп, дамып отырады. Тіпті бала қиялындағы фантастикалық образдардың өзі де оның танымын кеңейтетіндігі қоғамдық тәжірибені меңгеруге жағдай жасайтыны, мұның өзі баланың психологиясына қатты әсер ететіні байқалады. А.П.Чехов «Үйде» деген әңгімесінде осы жайды өте жақсы көрсеткен.

Қиялдың адам қажетіне асуы, оның шындық пен байланысты болып келуі адамға ерекше қанат бітіріп, оны ілгері өрлеуге себепші болады. Халық «Қыран жетпеген жерге қиял жетеді» деп өте тауып айтқан.

Қиял түрлері елестеулердің өзгеріп, өңделуінің арқасында жасалып отырады. Қиялда *анализ, синтез* әдістері, *агглютинация, схематизация* түрлі *схемалар* мен суреттердің *акцентировка* (образдың типтік басты белгілерін

жасау) тәсілдері жиі қолданылады. Қиялдағы елестерді топтастырудың қарапайым түрі *агглютинация* деп аталады. Осы әдіс арқылы мифологиялық бейнелер (кентавр, сфинкс, жез тырнақ) мен түрлі механизмдердің, машиналардың конструкциялары (судан өте алатын жеңіл танк, аэрошана – суға қонып, ұша алатын самолёт) құрастырылады.

Бейнелер арқасында адам уақыт пен кеңістік аясындағы нақты болмыстан шығып, шексіздік әлеміне есік ашады. Адам тәжірибесін түрлендіруші және өзгеріске келтіруші тосын бейнелер қиялдың негізгі сипатын құрайды. Әдетте, күнделікті өмірдегі қиял не фантазия мәні ғылымдағы осы сөздермен берілетін ұғымдардан басқашалау. Тұрмыста біз шындыққа сай келмейтін, практикалық маңыз-мағынаға ие болмағанның бәрін қиял не фантазия деп атай саламыз. Ал, шынында, қиял әрқандай шығармашылық іс-әрекеттің негізі ретінде көркем-өнер, ғылыми және техникалық ой туындыларына арқау болумен мәдени өмірдің барша салаларында



көрінеді. Бұл тұрғыдан табиғаттың бергенінен өзгеше адам қолынан өнген өнер, мәдениет әлемінің бәрі дерлік қиял мен осы қиялға негізделген шығармашылықтың жемісі. Алайда, қиял қандай түрде көрніс бермесін, (жеке адам қиялы, не ұжымдық қиял) өздік ерекшелігін жоймайды әрі тек өзіне тән ерекше мазмұнға ие. Қиял бейнелерінің естегі суреттемелерден негізгі айырмашылығы – олардың нақты болмысқа байланысты қатынасынан туындайды. Ес бейнелері - өткен тәжірибенің қайта жаңғыруы, сондықтан да естің негізгі қызметі өткен тәжірибе нәтижелерін мүмкіндігінше өзгермеген формада сақтау, ал қиял процесінде қай бейне болмасын, өзгеріске түседі, осынысымен де қиял әрқандай шығармашылық ұмтылыстың міндетті шартын құрайды. К.Д.Ушинский: «Мықты, кемелденген қиял – ақылдылықтың нышаны», - деген. Сонымен, қиял – алда күтілген проблемдік жағдайлар анық болмаған кездерде оқиғаның соңғы нәтижесін күні бұрын болжастырумен түзеуге жәрдемдесетін психикалық процесс. Қиялдың барлық сипаты оның еркіндігінен, яғни қиялды алға қойылған міндетке ойыстырып, қажетті нәтижеге жеткізу үшін пайдалана білу. Жоғары кемелденген қиял иелері ойға келген бейнелердің әр түрлігіне қарамастан, негізгі бағыттан алшақтамай, оларды қажетті байланыстарға келтіріп, бір идея төңірегіне орайластыру қабілетіне ие. И.А.Гончаров өз шығармашылық ісіне орай келесідей ой топшылайды: «Менің алға жетелейтін бір бейнем мен басты ниетім болады, ал жол-жөнекей кездейсоқ қолға ілінгендерді негізгі бейнеге қатысы болса, тере барам».

Ой түйіні кем қиял фантазиялық бағдарлаушы міндеті болмаған, байланыссыз желек ойлар төңірегіндегі арманшылдыққа өтеді. Әр қилы адамдар қиялы олардың кәсіби қызметімен байланысып, негізгі қажеттіктеріне тәуелді келеді. Жеке адам бағыты оның жоғары сезімталдығын көтеріп, осыған орай жарқын және сан-алуан қияли елестерді туындатады. Жеке адамның даралық ерекшелігі оның оның аса көп қолданымдағы елестету типіне де байланысты келеді, мысалы көз елестері, қозғалыс не есту елестері.

Шығармашылық қиялдың көрінісі осы процестің тұрақтылығына да тәуелді. Шығармашылық – ауытқуы мол, үздіксіз әрекет. Оның шарықтауы, тоқырауы және құлдырауы алмасып отырады. Шығармашылықтың ең жоғарғы деңгейі – шабыт. Шабыттың сипаты - көңіл күйі шарықтауы, ой жарқындығы мен дәлдігі, қарқындылығы мен жеке күйзеліс кемдігі. П.И.Чайковский өзінің шығармашылық кейпі жөнінде төмендегіні жазады: «Кейбірде ойда жоқ дербес жаңа күй әуені аян болады. Оның қайдан келетіні – ашылмас сыр».

М.Горький сөзімен айтар болсақ, халық қиялы сан алуан мифтік образдарды ойлап шығарып, солар арқылы табиғат сырын, өмір мақсатын танып білуге тырысады [9.104].

Біз баланың қиялын дамыту жөнінде сөз етіп отырмыз, ал даму дегеніміз не?

Дамыту – алдыңғыдан кейінгінің, алғы сөзден кейінгі сөздің, алдыңғы ой-пікірден соңғы лебіздің, әдепкі құбылыстан екінші құбылыстың күшейіп, өсіп отыруы [10.7].

Даму–индивидтің тұқым қуалау арқылы берілген және өмір барысында қалыптасқан қасиеттерінің сандық және сапалы өзгерестерге ұшырау процесі-өсу процесінен, организмнің физиологиялық жетілуінен және адамның рухани дамып, әлеуметтік жар ретінде қалыптасуынан тұрады [11.66].

Оқушының танымдық, шығармашылық қабілетінің ресурс ретінде дамытылуы үшін мұғалімнің өзі де шығармашылық жұмыспен айналысуы тиіс.

### **Әдебиеттер:**

1. Атамеке бағдарламасы бойынша жұмыс істеу // Қазақстан мектебі. 1993, № 11.-256.
2. Сухомлинский В.А., Балаларға жүрек жылуы.- Алматы, 1976.
3. Мұхамбетова С.Қ., Қожаева С.Қ. Тәрбие теориясы. - Астана, 2005.
4. Садуақасов Ә.Қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасы дәстүрлерін пайдалануды ұйымдастыру шарттары: Алматы, 2004.-24-б.
5. Әлімбаев М. Халық-ғажап тәлімгер.- Рауан, 1994.
6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі.-Алматы: Санат, 1995.
7. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі.- Мектеп, 1987.
8. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі Қазақстан, 1995.
9. Пакулова В.М, Кузнецова В.И. Методика преподавания природоведения.- Москва: Просвещение, 1990.- С. 12
10. Әбиев Ж. Педагогика,- Алматы: Дарын, 2004.
11. Тұрғанбаева Б.А. Шығармашыл қабілеттер және дамыта оқыту.-Алматы, 1999 -63-б.

*Т.И.Шакирова*

*ст.преподаватель русского языка и литературы кафедры языков и литературы САИУ  
г.Шымкент, Казахстан. к.ф.н.,*

*С.М.Маралбаева*

*ст.преподаватель кафедры русского языка  
Международный университет SILK WAY, г.Шымкент, Казахстан.*

*Т.И.Сматова*

*учительница русского языка и литературы СШ№ 43 им.Ж.Махамбетова, г.Кызылорда,  
Казахстан*

## **АНТРОПОНИМИЧЕСКАЯ КОНЦЕПТУАЛИЗАЦИЯ МИФОЛОГИЧЕСКИХ ПЕРСОНАЖЕЙ КАЗАХСКОГО ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА**

Түйін

Бұл мақалада қазақ батырлар эпосындағы мифологиялық кейіпкерлерді суреттеу, оларды анықтау және антропонимиялық концептуализациясындағы негізгі ерекшеліктеріне сипаттама беру туралы айтылады

Резюме

В данной статье рассматриваются основные особенности антропонимической концептуализации мифологических персонажей казахского героического эпоса.

Summary

This article examines the image of mythological heroes in the kazakh batyrs' epos, their definition and description of the main features of anthroponimical conceptualization.

Языковая картина мира тех или иных произведений казахского героического эпоса многослойна, т.е. стадияльно и диахронически обусловлена, сложена из разновременных этноментальных культурно-генетических стратов и слоев. В антропонимическом эпическом концепте самым ранним слоем является мифологический культурно-генетический страт, раскрывающий древнейшие архаические представления человека об окружающем его мире.

Соотнесенность фольклора и мифологии обусловлено тем, что фольклор развивается из мифологии обусловлено тем, что фольклор развивается из мифологии и обязательно содержит в том или ином виде мифологические элементы; в архаических социумах фольклор, как и мифология, носит коллективный характер, т.е. принадлежит сознанию всех членов определенного социума. Исходя из этих позиций, можно считать, что в языковой (антропонимической) картине мира текстов казахского героического эпоса содержатся в глубинной семантике антропонимических концептов мифологические представления и системы взглядов, обусловленных религиозно-мифологическим сознанием. Следует заметить, что этноментальный мифологический подслон обнаруживается в эпических антропонимических концептах, репрезентирующих в текстах эпического фольклора батыров и других действующих лиц эпоса. Мифологические представления, связанные с культом святых и культом предков, обнаруживаются также в антропонимических концептах, мифологических персонажей эпоса.

О.Нурмухамедова во вступительной статье к тексту «Кобланды батыр» писала: «Естественно, что в эпической поэме, этой своеобразной энциклопедии жизни народа, создавшийся на протяжении веков и отразившей идеологию ее создателей, в содержании особенно в художественно-образной системе прослеживаются как отголоски древних верований, суеверий и обрядности (культ животных, жертвоприношения, культ предков), так и позднего влияния ислама, который с XVIII в. Проникал, хотя и с трудом в среду

кочевников, по духу мало религиозных, Проявления доверия казахов (полушаманистского, полумагоментского) выразилось в том, что часто в поэтических обращениях герои призывают на помощь то духов предков и покровителей животных, то Аллаха и мусульманских пророков и святых. Отражение мусульманских представлений в поэме (как и в эпосе многих народов Средней Азии), повествующей о событиях тех эпох, когда кочевые племена еще не знали ислама, могло быть связано с влиянием на фольклор книжных мусульманских легенд о деяниях библейских пророков (в кораническом толковании) и исламских святых (аулие) в период распространения ислама в кочевой степи в XIX в. В частности, легенд о пророках Сулеймане (олицетворение мудрости) и Хизре (прорицатель, исцелитель, спаситель), имена которых зачастую упоминаются в поэме рядом с другими святыми и пророками. Наряду с ними в зачинах монологов героев по древней эпической традиции упоминаются также имена мифических героев. Что отражает отголоски домусульманских религиозных представлений, связанных с многовожием.»

В тексте «Алпамыс батыр» и в тексте «Кобланды батыр» присутствует один и тот же типовой фреймовый сценарий, когда престарелые родители будущих эпических батыров совершают поломничество (зиорат) к святым местам и выпрашивают у Бога и святых единственного ребенка.

В типовом фреймовом сценарии информативными в плане лингвокогнитивной семантики являются: 1) обращение к высшим силам (Богу и святым) с просьбой о ниспослании ребенка; 2) образы самих святых – пиров-покровителей и др., к которым обращены просьбы бездетных родителей. Текстовая (синхронная) семантика лингвокогнитивного объема казахских эпических имен мифологических персонажей эпоса формируется из имплицитных этноментальных данных «дотекстового» контекста и текстовых данных эпоса.

Так, мифологический образ святого *Баба түкті шашты әзіз* встречается в роли духа (пира) - покровителя не только в текстах казахского героического, но лирического эпоса, в обрядовом (заклинательном) фольклоре в различных формах.

Академик В.М.Журмунский дает следующие сведения об этом эпическом персонаже: «Святой Баба-Туклас» известен в казахском фольклоре как повелитель различных героев богатырского эпоса. Культ его приурочен к району древнего города Кумкента на северном склоне Каратау, где находится и легендарный источник этого святого. Его мазар упоминается также как Тукла Шашли Азиз (волосатый святой) в смысле «шашский» (т.е. ташкентский) святой». Это объяснение вызывает законные сомнения, но может быть, связано с позднейшей этимологизацией. Как указал Мелиоранский, в некоторых рукописях «Идиге» Баба–Туклас отождествляется с православленным среднеазиатским мистиком и чудотворцем Ахмеда Ясави-Нурали называет себя «сыном», т.е. потомком Хаджи Ахмеда Баба-Тукли Шашли Баркана».

Широкое проникновение образа этого святого в различные жанры тюркского (казахского) фольклора говорит о древности генезиса данного мифологического персонажа. В этноментальном сознании многих поколений создателей и пользователей произведений эпического фольклора этот образ был широко известен, и только в настоящее время для раскрытия и «прочтения» данного образа используются специальные историко-филологические и мифологические разыскания.

С.Кондыбай в словарной статье «Баба-Тукти Шашты-азиз» пишет: «*Баба-Түкті Шашты әзіз*». В казахском фольклоре – аулие – святой, считающийся главой всех святых или святейшим из святых (әулиелердің әулиесі). Он покровитель воинов, путников, вообще мужчин, ему молятся, ночуют у его могилы, у него просят потомство.

По одной исламинизированной родословной, он сын святого Керемет-Азиза, по другой он сам, Баба Туклас, является пятнадцатым сыном небезизвестного Абубакира, правившего, согласно легенде, в святейшем городе Мекке.

Некоторые исследователи считают, что Баба Тукши или Баба-Туклас – второе имя легендарного распространителя ислама Ыклас-Ата, жившего в VIII в., но он не имеет никакого отношения ни к имени, ни к образу Баба-Тукти Шашты-азиза.

Баба-Тукти - имя или прозвище древнетюркского мифического божества и первопредка доисламского периода. Проповедники ислама суфийского и ханафистского толков позднее адаптировали его образ к требованиям новой религии.

Сохранились три основных варианта образа Баба-Тукти. В одном варианте он мусульманский пир-покровитель, во-втором – он сын эпического героя Аншибая и отец эпического героя Парпария, а также его эпических потомков. В-третьих – он сын Баба-Омара, отец легендарного Едиге батыра. В четвертых – сказочный персонаж, принимающий облик диваны каракуса-ворона или орла. Сохранился фрагмент легенды, где Баба-Тукти Шашты-азиз проходит через огонь, чтобы доказать свою святость».

С.А.Каскабасов считает, что героический эпос образа Баба-Тукти Шашты-азиза проник из волшебных сказок и легенд, где образ правителя-святого функционально был расширен, а из защитника он превратился в пира, способность дарить потомство и влиять на судьбы людей – он стал мусульманским святым и пиром-покровителем батыров и в этой ипостасе превратился в один из устойчивых батыров сказки.

С.Кондыбай приводит этимологию данного мифологического агиоантропонима основанного на концепции солярного и лунарного культов; Имя - новосочетание Баба-Тукти Шашты-азиза буквально переводится так: Баба – предок, тукти – ворсистый, шашты – волосатый, азиз – уважаемый. Общий смысл имени передается как Ворсистоволосатый уважаемый предок. Ворсистость и волосатость - характерная черта солнечного божества. А плешивость и лысость - лунного, поэтому предполагается, что Баба-Тукти Шашты-азиз из древних сохранившихся эпитетов солнечного божества – казахстанского варианта Митры. Кроме того, в эпосе крымского цикла «Едиге» сохранился румитет предэпоса, где содержится глухой намек на двойственность мифической природы Баба-Тукти Шашты-азиза, представляющего как два человека в одном лице - близнецы. Солярные братья близнецы, выступающие под общим именем как ашвины, диаскуры, алгдан – свойственны и казахскому мифопониманию. Тем более, его роль отца или предка главного героя (отец Парпарии или Едиге, стоящих во главе целой героической династии) соответствует роли солярных близнецов (Алгдан или Алатан – отец Аншибая или Адая или Жанибека, стоящих во главе героических династий).

Кроме того допускается, что Баба-Тукти Шашты-азиз – это одно из имен или эпитетов легендарного Заратустры, Заратуштры, Зароатра, собственное имя которого передается как «Владелец желтого верблюда»

Языковая объективная или антропонимическая актуализация сверхъестественных и магических сил, поддерживающих и оберегающих эпических героев, происходит на основе синтагматического употребления в эпических текстах мифологических агиантропонимов *Биббаршима, Карашаш, қыяс (найгамбар), Илияс, (найгамбар), Ықылас атты Шашты Әзіз, Қамбар, Ғали, Омар, Осман*. Имена семи покровителей – пиров не названы – они даны под одним названием «жеті пір».

В текстах казахского геоического эпоса неоднократно встречаются фреймовые сценарии, когда кого-либо из эпических героев (персонажей) поручают (тапсырдым), вверяют пирам-покровителям, основными функциями которых являются защита, покровительство и оберег тех лиц, которые «вверены» им.

Как мы видим, пиры – покровители имеют разные категориальные признаки и дифференцированы в зависимости от рода занятий, профессии людей, видов животных, патронами которых они являются. Так, Кобланды свою мать Аналық поручает *Биби батиме*.

В народном мифопонимании, которое отражено в текстах казахского устного народного творчества, Биби батима является заступницей женщин, матерей и материнства и имя дочери пророка Мухаммеда выступает в фольклорных текстах в различных формах:

**Батпа, Бибі батима, Бибі батпа, Бибі бәтима и др.** Функцию покровительницы рожениц, деторождения и материнства в доисламское время выполняла богиня **Ұмай**.

Один из основоположников казахского осознания К.Жубанов писал о том, что хотя ислам несколько вытеснил образ богини Умай, но поклонение ей, хотя и в остаточной форме, осталось у казахов: «Мұсылман діні қазақтарда Ұмайға табынуға орын қалдырмады. Бірақ, Ұмайға сыйыну сонда да болса қалып қойған жоқ. Әйелдер босанар кезде майға от күйіп, «От ана! Май ана! Жарылқа!» - деген сөздермен ұмыт қалған құдайларына жалбарынады. Олар мұндай құдайды біле бермейді. Сібір халықтарына қарағанда қазақтар бұл құдайдың атын басқаша айтады, яғни алдындағы «у» дауыссыз дыбысын қалдыра отырып, «май» дейді. Асыраушы аналардың қорғаушыларының аты әйел-ананың, сондай-ақ, оның аналық органдарының атауы болуы да мүмкін дейді».[7,]

Исследователь проказахской мифологии С. Қондыбай считает, что **Ұмай** – одно из имен Великой Богини – Матери в прототюркской мифологии, которая являлась защитницей и покровительницей рожениц и женских ремесел, и обращение к ней позже сменилось обращением к Бибатме (Биби Фатиме): «Ұмай – деген түркілік мифологиядағы Ұлы Ана есімдерінің бірі. Кейінгі қазақ, қырғыз тілінде оның есімі «Май-ене» түрінде сақталған, қазақ, қырғыз келтіріміндегі Ұмай (Май-ене) жас босанатын келіншектердің босану процесінің жалпы алғанда әйелдер мен жас нәрестелердің қамқоршысы болып есептелген. Сонымен қатар ол үй (әйел) шаруасының да (әйел қолөнерінің де) қамқоршысы болып есептелген. Бүгінгі қазақтағы «Менің қолым емес, Бибатпаның қолы (Бибі Фатиманың қолы «деген сөз бір кездері «менің қолым емес, Май-ененің қолы» деп атаған». [8]

Батыр Кобланды поручает свою жену Куртку богатырской деве – «палуан қызға тапсырдым». В эпическом сознании создателей и сказителей героического эпоса видимо существовал образ «богатырской девы», берущий свои истоки с супружеской пары - первых людей. Эпоха первых людей была эпохой исполинов и физическая мощь перволюдей и культурных героев стала характерной чертой преэволюционности (генетически связанных с ними) образов эпических героев, персонажей богатырских и волшебных сказок и наконец, богатырской девы – воительницы Дариги – покровительницы девушек. Отголоски культа «богатырской девы» ощущаются в образах сказочных дев – воительниц, состязающихся со своими женихами в богатырских играх, в описании физическо силы и мужества Барчин (Баршын), которая в узбекской версии «Алпамыса» названа «али-кыз» - «богатырской девы». В. Журмунский пишет: «Недаром Фазыл (узбекский сказитель эпоса «Алпамыш») называет свою героиню «богатырской девой» («али-кыз»); в этом он, несомненно, следует древней традиции, как и в эпизодическом описании физического облика степной красавицы: когда она «достигла совершеннолетия, каждое плечо ее было шириной в пятнадцать аршин». Калмыцким богатырям, угрожающим взять ее силой, Барчин отвечает, что она сильнее их. Когда насильник Кукаман хватает ее за волосы, она берет его за горло, приподымает, подбрасывает в воздух и повалив на землю, коленом наступая на грудь, так что у него изо рта и носа хлещет кровь»[6.]

Мифический образ воина, верного рыцаря Аллаха, возник в среде суфитской и шилтской, а затем проник в фольклор тюркских народов, проповедующих исламскую религию. В казахской мифопоэтике его образ дополнен чертами доисламских местных мифологических образов. Его имя часто заменяет собственно казахские представления, не что иное, как водоизмененный вариант древнего мифологического названия священной горы Алаг-алаг- Тау-алатау-Алитау-Галитау.

В текстах казахского эпического фольклора функционируют имена мифологических персонажей, образы которых связаны с культом святых. Данный этноментальный слой, репрезентированные эпическими агиоантропонимическими концептами, представляет один из аспектов или лингвокогнитивных структур антропонимической, а если шире – языковой картины мира тех или иных текстов казахского героического эпоса.

В казахском фольклоре фигурируют различные категории святых, генезис и характерные признаки которых могут отличаться друг от друга. Так, исследователь народного ислама Р. Мустафина считает, что можно выделить следующие категории святых:

1. Святые, образы которых связаны с ранней историей ислама – первыми халифами, сподвижниками и преемниками пророка Мухаммеда, членами их семей; к этому же ряду относятся святые, образы которых заимствованы из коранической традиции;
2. Святые – средневековые суфии, основатели и руководители школ и орденов, их сподвижники и последователи; святые – суфии, принадлежащие к местным династиям, известность которых не выходила за пределы определенных районов;
3. Святые – родоначальники родов и племен, генезис которых тесно связан с культом предков;
4. Святые, образы которых характеризуются неопределенностью, отсутствием каких-либо «житий» святые покровители местности;
5. Святые, образы которых хранят черты доисламского культа природы;
6. Святые – покровители профессиональных занятий;
7. Представители местной аристократии, правители, представители их семей, места захоронения которых почитались благодаря тому, что располагались с мазартами популярных святых.[9]

Рассмотрение основных особенностей антропонимической концептуализации мифологических персонажей казахского героического эпоса показывает, что в этноментальном пространстве текстов казахского эпического фольклора имплицитно содержатся, эксплицированы и имеют вербальную реализацию множества различных культурно-генетических представлений, воззрений, знаний, характеризующие структурированный духовно-познавательный опыт многих поколений создателей и сказителей казахского эпического фольклора.

#### *Литература*

1. Кобланды Батыр. Казахский героический эпос. – Москва: Главная редакция Восточной литературы, 1975г.
2. Журмунский В.М. Вопросы генезиса и истории эпического создания об «Алпамыше» об эпосе «Алпамыш». Материалы по обсуждению «Алпамыш». – Ташкент: АН Уз.ССР, 1959 – с.197-202.
3. Кондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. – Алматы: Издательство «Нұрлы әлем», 2005-272с.
4. Каскабасов С.А. Казахская сказочная проза. – Алма-Ата. Наука 1990-240с.
5. Журмунский В.М. Народный героический эпос. – Л.,1962г.
6. Журмунский В.М. Тюркский героический эпос. Избранные труды – Л., Наука. 1974-724с.
7. Жубанов К. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым 1999-с. 419
8. Кондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы. Дайк-Пресс, 2004-407с
9. Мустафина Р. Представления, культы, образы у казахов. – Алма-Ата. 1992г.

*K. K. Tusubekova*

### **THE PROBLEM OF STRESS IN UNIVERSITY TEACHERS' PROFESSIONAL ACTIVITIES**

Occupational stress is a debilitating situation that happens when a person is subject to emotional negative and extreme stimuli related to his professional activity.

In the field of psychological research and practice, the issue of tension in university teachers' professional activities is important. Teaching is regarded as one of the most mentally

and emotionally demanding occupations, and it falls under the category of professions with a high number of stressors.

Environmental, transactional, and regulatory approaches to workplace stress analysis are the three major approaches. Environmental stress is defined as the product of an individual's relationship with the environment; transactional stress is defined as an individual's adaptive response to a situation's complication; regulatory stress is defined as a particular class of states that reflects the process of activity control under troublesome circumstances.

The importance of work, personal responsibility for the quality of the educational process, conflicts or tense situations with students, lack of time, a variety of pedagogical loads, organizational deficiencies, low wages for labor, and other situations lead to chronic everyday stress, emotional fatigue, depersonalization, and motivational burnout. Teachers who are tired, physically "exhausted," and energetically drained become restless, irritable, unrestrained, and lose confidence in their own talents and competence, leading to "inner burnout." Specialists' emotional, physical, and social welfare suffer as a result of a loss of mental and social capital, as well as subjective well-being. According to Formanyuk, "burnout syndrome" is a type of occupational disorder that affects people specialists. Based on A.S. Toffler's description of occupations. T.V. Shafranova, who classified "high-level occupations" as those that include regular extracurricular work on the subject and themselves (doctors, architects, responsible trade union members, experts in the arts and education), Teachers, psychologists, physicians, and other artistic professionals are among those that are vulnerable to occupational burnout, according to Formanyuk.

The onset, exacerbation, or complication of psychosomatic conditions is influenced by negative impulses, thoughts, and states (for example, frustration, irritability, exhaustion, and fatigue) associated with psychotraumatic circumstances (psoriasis, neurodermatitis, gastrointestinal disorders, diseases of the cardiovascular system). Landenslager stressed that in a distressed condition, the body releases the hormone cortisol, which, on the one hand, stimulates the appearance of excess energy (due to protein breakdown) and regulates blood pressure, but weakens the immune system, making individuals in a state of stress or after it vulnerable to infectious diseases [1]. There is already ample scientific proof of the effect of mental factors on a person's somatic domain. A., a well-known Russian doctor and psychologist "The brain cries, and tears - in the throat, in the heart, in the liver...", wrote R. Luria figuratively. Burnout syndrome is classified as Z73 in the International Classification of Diseases (ICD-10), which means "stress combined with difficulty in maintaining a normal lifestyle."

The phenomenon of "emotional burnout" is used to characterize the strength of a teacher's work behavior, allowing them to pay attention to their energy reserves. Lowen claims that if an individual has enough energy reserves, which he manifests by action and feelings, he will deal with issues more efficiently [2]. The teacher's psychophysiological reserves, which allow him to function in difficult circumstances, must be mobilized due to the content and conditions of professional activities.

The intensity and phenomenology of stress experiences in university teachers are influenced by emotional and personal traits, professional knowledge, and the context of community and organizational relationships in the instructional process. Resistance to work-related pressures is a critical component of job performance and dependability. Characteristics of a teacher such as mental volatility, timidity, mistrust, soft-heartedness, a propensity to feel bad, conservatism, impulsivity, aggressiveness, among others play an important role in the production of professional burnout. I.P., a Russian physiologist, According to Pavlov, neuroses are caused by an unrestrained form of higher nervous function that is mostly sluggish and partly powerful.

V Boyko separates professional burnout from different types of mental rigidity caused by organic factors such as nervous system properties, emotional mobility, and psychosomatic conditions. He claims that "emotional burnout" is a psychological self-defense process that involves neutralizing or reducing the painful energy effect of unpleasant emotions involved with a stressful situation.

To preserve health and professional performance, a rigorous program of prevention and correction of the "emotional burnout" syndrome among university professors is needed. Teachers must pay attention to their psychophysiological state and, if necessary, use effective methods of psychophysical self-regulation such as relaxation (psycho-muscular, respiratory, and progressive), training (ideomotor, visual-motor, and autogenous), meditation, biofeedback, positive thinking, and the technique of visualizing images (for example) to properly overcome the stressful state.

Domestic and international studies indicate that professional tension can lead to exhaustion, from which some teachers seek relief in the wrong places (alcohol, nicotine, tranquilizers, narcotic drugs, suicide, etc.), ignoring that such means of stimulation are only transient and have adverse side effects on the psyche and body. It is important for university professors to seek the advice of experts in difficult circumstances (psychologists, psychotherapists, psychiatrists, etc.).

Some colleges also provide a psychological support program, which allows students to receive prompt, free assistance from experts. Specialists will guide you to the best solution for the situation, provide appropriate strategies for correcting negative psychophysiological symptoms, and assist teachers in developing clinical stress tolerance. "Stress can not be avoided," G. Selye concluded, "and total relief from stress is death." The ability to cope with stress and its negative effects has a significant impact on a person's psychophysiological wellbeing. In the event of a stressful situation, it is necessary to follow a program consisting of basic steps: taking B vitamins, which are quickly depleted during stress; physical exercises, which help to remove the stress enzyme (lactate), which builds up in the muscles of the body like poison; and the support of friendly friends and specialists (psychologists, psychotherapists, and psychiatrists).

Teachers must use psychotechnologies within the context of therapeutic self-help to get out of a traumatic condition, since they enable them to control their emotional states during tough life circumstances. For example, you should take an optimistic attitude about the present critical situation, identify the positive aspects, and plan how to get out of it. It has been experimentally shown that only thinking about loss or failure will result in a negative behavior outcome [3]. The strategy of positive thinking, in which the instructor constructs a positive model of his behavior and psychologically "plays" an abstract picture, is useful in the battle against negative obsessive thoughts. The presence of such a technique improves the effectiveness of professional practice dramatically.

Psychophysiological self-regulation boosts vitality and gives you the courage you need to tackle the dilemma. It's crucial to note that using psychological self-defense and compensation processes consciously (denial, inhibition, rationalization, response development, projection, intellectualization, replacement, and so on) will help you ease mental discomfort and resolve a depressive emotional condition, maintaining your psychosomatic wellbeing. As a result, university teachers' educational activities are synonymous with large-group contact and challenging environments, which, on the one hand, harden and, on the other hand, contribute to psychosomatic disorders. As a result, teaching tasks will influence the onset and progression of burnout syndrome. Teachers should use a clinically validated, but easy, efficient, and reliable stress management technology that provides techniques for diagnosing and improving stress tolerance, enabling them to deal with stressful circumstances, knowing that stress has a negative impact on professional performance and mental health. It is important to develop your own anti-stress support system and to actively monitor your emotional condition, which affects your mental, physical, and spiritual health.

#### **References:**

1. Ильин Е. П. Психофизиология состояний человека / Е. П. Ильин. – СПб. : Питер, 2005. – 412 с.



2. Rossokhin A. V. Personality in altered states of consciousness in psychoanalysis and psychotherapy / A. V. Rossokhin, V. L. Izmagurova. - М.: Smysl, 2004. -- 544 p.
3. Психология здоровья : учеб. для вузов / под ред. Г. С. Никифорова. – СПб. : Питер, 2003. – 607 с.

*М.А. Амирбекова., А.О.Сангилбаева*  
*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ-ЕРІК СФЕРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Өмір сүру барысында дамыған тұлғаның ерекшеліктері, меңгерген білімінің көлемі мен сипаты, қызығушылығы, эмоциялық-ерік сфераларының ерекшеліктері, адамгершілік қасиеті осылардың барлығы адамның белгілі бір жағдайларға еркін жауап қайтаруына, оның жағымсыз психикалық факторларға бейімделуіне белсенді және мақсатты түрде әсер етеді.

Студент тұлғасының эмоциялық-ерік сфераларын зерттеу студенттің оқуда, еңбекте, қоғамдық өмірде белсенділігін дамыту жолдарын ашуға мүмкіндік береді.

Біздің қоғамның болашағы болашақ педагогтарды, психологтарды, өндіріс және ғылым басшыларын, т.б. мамандарды тек қана сауаттылыққа ғана емес, сонымен қатар белсенділікке, алдына қойған мақсат-міндеттеріне қызығушылықпен қарауға тәрбиелеумен байланысты. Соның негізінде тұлғалық позициясы белсенді, өзінің күшіне сенімді, орындалатын іс-әрекетке шығармашылықпен қарайтын тұлға қалыптасады. Студенттің білім сапасын арттыру тұлғаның қасиеттерінің дамуымен тығыз байланысты. Студенттердің ерік сапаларының дұрыс дамуын ұйымдастыру және жағымды эмоциялардың туындауына жағдай жасау оқу процесін нәтижелі меңгеруге жетелейді.

Бұл мәселені психология ғылымы тарапынан бүгінгі күн талабына сай шешу үшін психологиялық ой-пікірлер саласында жинақталған барлық құнды идеяларды зерттеп, пайдаланудың маңызы зор екені анық.

Қажеттіліктердің пайда болуы – эмоцияның пайда болуының бірден-бір шарты, бірақ ол жеткілікті емес. Осыған байланысты П.В.Симонов эмоцияның информациялық теориясын ұсынды. Джеймс-Ланге эмоцияның «перифериялық» теориясын ұсынды.

Ерік - бұл сыртқы және ішкі қиындықтарды мақсатқа бағытталған әрекеттер арқылы жоя білуден көрініс табатын адамның әрекеттерін немесе іс-әрекеттерін саналы түрде реттеуі.

Ерік адам психикасының маңызды компоненті болып табылады, ол тұлғаның мотивациялық сферасымен, танымдық және эмоциялық процестерімен үздіксіз байланысты. Еріктің ең басты қызметі - мотивацияны күшейту және соның негізінде әрекеттің саналы реттелуін дамыту.

Жоғары мектептің маңызды бір міндеттерінің бірі - студент жастардың ақыл-ой іс-әрекетінің мүмкіндіктерін барынша жүзеге асыруларына жағдай жасау.

Студенттер-жоғары білім беру институтымен бірлесіп ұйымдастырылған жастардың ерекше әлеуметтік категориясы.

Студенттер - бұл ерекше әлеуметтік категория, білімді және кәсіби біліктерді мақсатты түрде жүйелі меңгеретін және оқу еңбегімен айналысатын алдыңғы қатарлы топ.

Бүгінгі студент озық ақпараттық білгірлікті, қажетті іс-әрекеттік дағды-іскерлікті игеріп ғана қоймай, оларды танымдық әрекет нәтижесі ретінде дамытуы керек.

Адамның сыртқы дүниесінің байлығы біріншіден, оның білімділігімен, дүниетанымымен, мұратымен, мақсатымен, өмірлік

жоспарымен, қоғамдағы рухани өмірдің негізгі құндылықтарын орынды пайдалана білуімен байланысты. Адам өмірі үлкен мақсатқа бағытталған жағдайда ғана мазмұнды бола түседі. Осы мақсат адамды толыққанды, әдемі, үйлесімді етеді.

Ол біз адам бойынан жоғары бағалайтын шексіз энергияны, батылдықты, өз күшіне деген сенімділікті тудырады. Және осы мақсат адам өмірінен қаншалықты маңызды орын алса, ол соншалықты ерік сапаларын ынталандыра түседі.

Студенттердің ерік сапаларының дұрыс дамуын ұйымдастыру оқу процесін нәтижелі меңгеруге жетелейді.

Оқу материалдарын жоғары дәрежеде қабылдау студенттің қуаттылығымен, табандылығымен, шыдамдылығы және т.б. ерік сапаларымен тығыз байланысты. Студент бойындағы осы ерік сапалары олардың алдарына қойған мақсаттары - жоғары дәрежелі маман иесі болуларын қамтамасыз етеді .

Студенттердің жеткілікті, жақсы білім алуы көптеген факторларға байланысты. Оның ішінде маңызды орын алатындары: интеллект - ақыл-ой іс әрекетінің көрсеткіші ретінде, зейін - танымдық іс әрекеттің реттеуші қызметін атқарушы, эмоциялық-еріктік сфера - студенттердің іс әрекетін реттеуші ретінде қызмет атқарады.

Студент өз болашағын өзі жасаушы, өзінің алған білімін, ерік-жігері мен шығармашылық белсенділігін, эмоцияларын іс әрекеттің белгілі бір түрін меңгеруге жұмылдырып, өмір ағысына икемделе білген, ертеңіне үмітпен,

сеніммен қарайтын жеке тұлға. Өз бойындағы дарын мен қабілетті, мүмкіндік

пен бейімділікті заман талабына сай қалыптастыру, оны дамыту, ұйымдастыру, өзін өмір бойы оқуға, ғылымға, еңбек етуге баулу, алған білімін үздіксіз жоғарылатып отыру студенттен жоғары деңгейлі ерік сапаларының болуын талап етеді .

Ерік студенттің ішкі және сыртқы қайшылықтарды жеңуімен байланысты және өзінің мінез-құлықтары мен іс-әрекетін меңгере білу қабілетіне байланысты. Ерік процесі эмоциямен тығыз байланысты. Осы тығыз байланыс және оның студенттің іс-әрекет барысында өзінің психикалық күйлерін басқаруға тигізер әсері эмоциялық-ерік сфера ұғымында қарастырылады. Ерік эмоцияның іс-әрекетке тигізер жағымды әсерін реттеуші және түзетуші құрал ретінде көрінеді. Эмоция ерік күшіне субъективті тон беріп, оның потенциалын жоғарылатуға қатысады. Яғни олар шынайы әрекетте бөлінбес процестер болып табылады. Ерік, Р.С.Немовтың берген анықтамасы бойынша, адамның өзінің психикасы мен іс әрекетін саналы түрде басқара білу қабілетінен көрінетін қасиет. Бұл қасиет тұлғаның мақсатқа жету жолында кездесетін қайшылықтармен күресуінен көрініс береді. Зерттеулердің көрсетуі бойынша, студенттердің белсенділіктері мен оқу үлгерімдері неғұрлым жоғары болса, ерік сапаларының жоғары деңгейде болуы соғұрлым ықтимал. Оқу үлгерімінің жоғары болуы сабақта, құрбы-құрдастарының арасында өздерін еркін сезінулеріне, алға қойған саналы мақсатқа жетуде шыдамдылық танытуға мүмкіндік береді. Олай болса, студенттердің эмоциялық-ерік сфераларының дамып, қалыптасуы ақыл-ой деңгейімен байланысты. Ерік сапаларымен қатар әрине эмоциялар мақсат қоюдан бастап, нәтижеге жетуге дейін адамның барлық іс әрекет процесіне қатысады .

Адам дүниеге келгенде белгілі бір ерік сапаларымен дүниеге келмейді, ерік өмір сүру барысында қалыптасады. Ерік сапаларының дамуы сыртқы және ішкі қайшылықтармен күресумен байланысты. Күнделікті қайшылықтарды адам алдына өмірдің өзі қояды. Сыртқы қайшылықтарға жұмыс жағдайы, өзге адамдар тудырған қиындықтар жатса, ішкі қайшылықтарға жалқаулық, шаршау, тәжірибе мен білімнің кемшілігі жатады. Осы қиындықтарды жеңе отырып, біз ерік күштерін нығайтамыз.

Қандай да бір іс-әрекетті орындау барысында адам бір нәрсені қабылдауы, есте қалдыруы, ойлауы, оған зейін аударуы қажет; әрекет желісінде оның қандай

да көңіл-күй шарпулары (эмоция) туындап, ерік сапалары іске қосылады .

Студенттердің ерік сапалары олардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарындағы белсенділіктеріне негіз болады. Ерік сапаларының жоғары дәрежесі болашақ маманның кәсіби білімді меңгеру іс-әрекетінің тиімді болуына, оның сапалық деңгейінің артуына, күткендей нәтиже алуына жағдай жасайды.

Студенттік шақта эмоциялық сфера жасөспірімдік қарқынды дамудан кейін «басыла отырып» тұрақтана бастаған күйге түсе бастайды. Тұлғалық дамуы артта қалған, инфантильді студенттерде қарқынды дамудың белгілі бір белгілері қалып қояды. Оларда өмірге абстрактілі қанағатсыздану байқалуы мүмкін.

Студенттің өмірі мен іс-әрекетінде эмоциялар шындықтың санадағы объективті бейнесі ретінде маңызды роль атқарады. Кейбір жағдайда эмоциялар студенттердің шығармашылық және ақыл-ой іс-әрекеттерін ынталандыра отырып, жағымды ықпал етсе (жағымды эмоциялар), келесі жағдайда зиянды ықпалын тигізуі мүмкін (жағымсыз эмоциялар) .

Сонымен қатар, қалыптасқан сезімдер, яғни жағымды эмоциялар студенттердің адамгершілік және тұлғааралық мәселелерге кездеспеуіне мүмкіндік тудырады. Егер студенттердің эмоциялық тұрақтылықтары жоғары болса, олардың өздерін басқару деңгейлері соғұрлым жоғары бола түседі .

Сонымен қатар жағымды эмоциялар мен жоғары деңгейлі ерік сапалары студенттердің оқу іс әрекетіндегі қиындықтарды жеңулеріне мүмкіндік береді. Жағымды эмоциялар мен ерік сапалары өз кезегінде студенттердің достарымен, оқытушылармен қарым-қатынастарын жеңілдетеді және жеке өміріндегі қиындықтарды жеңулеріне көмектеседі. Студенттің эмоциялық өмірімен барлық психикалық процестер байланысты. Студенттің эмоциялық-ерік сферасы ертеден психиканың маңызды бір құбылысы ретінде есептеліп келеді.

Ал керісінше, мазасыздану деңгейлері жоғары студенттер емтихан кезінде сәтсіздіктерге ұшырайды, бұл сәтсіздіктерге олар қабілеттіліктің, білім, білік, дағдының жетіспеуінен емес, осы уақытта пайда болған стрестік күйдің салдарынан ұшырайды. Сынақ туралы хабар оларда мазасыздану тудырады, ол қалыпты ойлауға кедергі келтіреді, аффективті сипаттағы ой туады, зейіннің шоғырлануына мүмкіндік болмайды, ұзақ мерзімді естен мәліметтер алу қиындайды. Мұндай студенттер әдетте емтиханды өздерінің Мәніне төнген қауіп деп түсінеді, өздеріне күманданады, шектен тыс эмоциялық күйзелісте болады, әрине осылардың салдары кері нәтижеге әкеліп соқтырады. Дәл осы жерде айта кететін ұсыныс, мазасыздану деңгейлері жоғары студенттер өзіне деген сенімділік деңгейлерін қалыптастырулары керек. Ал мазасыздану деңгейлері төмен студенттер белсенділіктерін жоғарылатып, іс-әрекеттің мотивациялық компоненттеріне көңіл аударулары керек, жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеулері керек .

Студент өзінің эмоциялық-ерік сфераларының ерекшеліктеріне байланысты белгілі бір әрекет таңдайды. Студенттің айналысатын іс әрекеті, яғни оқу үлгерімінің ерекшелігі олардың эмоциялық-ерік сфераларының қалыптасуына тікелей әсер ететіндігін біз жоғарыда атап өткен болатынбыз. Оқу үлгерімінің ерекшелігі өзінің мүмкіндігіне, шешімділігіне, ерік сапаларының деңгейін бағалауларына мүмкіндік береді. Студенттердің жоғары деңгейлі эмоциялық-ерік сфералары әр түрлі тұлғалық қасиеттердің жиынтығынан тұрады: қарым-қатынасқа бейімдік, тұрақтылық, беделге сын көзбен қараушылық, эмоциялық өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейде болуы, ұстамдылық т.б. Сонымен қатар эмоциялық-ерік сфералары жеткілікті қалыптаспаған студенттер де кездеседі, оларға келесідей ерекшеліктер тән: эмоциялық тұрақсыздық, топқа тәуелділік, өзін басқарудың әлсіздігі, шыдамсыздық т.б.

Адамда қаншалықты қажеттілік күші, тілегі айқындалса, эмоциялық тұрақтылығы жоғары болса, адамгершілік қасиеті қаншалықты дамыса, соған байланысты ерік

күшінің дәрежесі байқалады. Эмоция және ерік сапаларын тәрбиелеу әр курста әр түрлі бағытта жүреді. Егер эмоция және ерік сапаларын тәрбиелеу жағына келетін болсақ, бірінші курс студенттерінде ол оқуда жетістіктерге жетумен байланысты, ал жоғарғы курстарда мамандығын меңгеру деңгейімен байланысты. Ерекшеліктеріне келсек, бірінші курс студенттерінің эмоциялық-ерік сфералары жоғары курс студенттерінің эмоциялық-ерік сфераларына қарағанда әлдеқайда төмен. Оның себебі, бірінші курс студенті көптеген қиындықтармен кездеседі, мектептік әдеттерді жоюға тырысады, жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеруіне тура келеді. Бірінші курс барысында студенттік ұжым пайда болады, ақыл-ой іс-әрекетін рационалды ұйымдастырудың дағдылары мен біліктіліктері қалыптасады. Таңдаған мамандығын саналы түсінеді.

Зерттеулердің көрсетулерінше, бірінші курс студенттерінің оқу үлгерімдерінің төмендіктері орта мектепте алған дайындықтарына байланысты емес, оларда оқуға дайындықтың; өз бетімен оқу біліктілігінің, өзін басқару мен бағалаудың, өзінің танымдық іс-әрекетінің дербес ерекшеліктерін пайдалана алмаушылықтың; өзінің жұмыс уақытын рационалды бөле алмаушылықтың қалыптаспауымен байланысты.

Студенттің ерігі мен ерік сапалары оның іс-әрекетінен айқын көрінеді, әсіресе оқудағы қиындықтармен күресу үстінде, емтихан тапсырудағы, дипломдық жұмыс немесе өзгелерді жазу барысындағы пайда болған күрделі ситуациялармен күресу үстінде көрініс береді. Студенттің ерігі мен ерік сапаларында оның тұлғасының белсенділігі, өзін-өзі реттеуге, саналы ұйымдастырылған күш пен өз әрекеттерін басқара білуге деген қабілеті көрінеді. Сонымен қатар онда студенттің тәжірибесі, білімі, дағдысы мен жеке ерекшеліктері де көрініс береді. Барлық ерік сапалары бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірін толықтырып отырады, заң бойынша бірі екіншісін күшейтіп отырады. Олар студенттің эмоциялық-еріктік тұрақтылығының: кері ықпалдарға (ішкі және сыртқы) берілмеуінің, қиын жағдайларда іс-әрекеттің тиімділігін сақтаудың шешуші жағдайы ретінде көрініс береді. Ерік сапаларының мықтылығы мен оның құндылығы студенттердің идеялық бағыттылығының деңгейіне, дүниетанымына және оның іс-әрекетінің мазмұнына байланысты.

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Столяренко Л.Д. Основы психологии, Ростов н/Д., Феникс, 2003.
2. Елюбаева Ж.Е. Особенности формирования учебной активности студентов. Усть-Кам., 2004.
3. Селиванов В.И. Воля и ее воспитание.-М, 1976.
4. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психология высшей школы. Минск, БГУ, 1981.
5. Турарова Г.У. Студенттерде көрінетін ерік сапаларының психологиялық сипаттамасы. Материалы Междунар.научно-прак.конф. «Аманжоловские чтения – 2005».

*Б. Т. Набиева*

*А.Мырзахметов атындағы Көкшетау Университеті*

*1-курс магистрі*

## **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Әлемдегі экономикалық, саяси, технологиялық өзгерістер, білім беру жүйелеріндегі елеулі оқиғалардың негізін қалыптастырды. Білім беру жүйесіне түбегейлі әсер ететін өзгерістер әлемдік және ұлттық білім беру процесін ұйымдастыруға ықпал

